

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University**

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

**«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы
Серия «Исторические и социально-политические науки»
Series «Historical and socio-political sciences»**

№4(87), 2025

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University**

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

**«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы
Серия «Исторические и социально-политические науки»
Series «Historical and socio-political sciences»**

№4(87), 2025

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті

ХАБАРШЫ

«Тарих және саяси-әлеуметтік
ғылымдар» сериясы,
№4(87), 2025

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады

Бас редактор
т.ғ.д. Ғ.Қ. КЕНЖЕБАЕВ

Редакция алқасы:
т.ғ.д., проф. М.Қ. Қойгелдиев
(бас ред. орынбасары),
т.ғ.к., доц. Р.Р. Оспанова
(жауапты хатшы),
магистр оқытушы:
А.Ж. Берікболова
(техникалық хатшы),
т.ғ.д., проф. Х.М. Әбжанов,
т.ғ.к., проф. Б.С. Жұмағұлов,
PhD, проф. Вирджиния Мартин (АҚШ),
PhD, проф. Клаудиа Чанг (АҚШ),
т.ғ.д., проф. Қара Әбдіуақап (Түркия),
т.ғ.д., проф. О.Д. Осмонов
(Қырғыз Республикасы),
т.ғ.д., проф. В.М. Козьменко
(Ресей Федерациясы),
т.ғ.д., проф. Қ.Т. Жұмағұлов,
проф. М.Майер (Германия),
т.ғ.д., проф. А.Б. Соколов
(Ресей Федерациясы),
т.ғ.д. Томохико Уяма (Жапония),
т.ғ.д., проф. Т.Ходжаоглы (Түркия),
т.ғ.д., проф. Ғ.М. Қарасаев,
PhD, доцент К.С. Каримов
(Өзбекстан Республикасы)

© Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті, 2025

Қазақстан Республикасының
мәдениет және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген
№10102 - Ж

Басуға 22.12.2025 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 57.75 е.б.т.
Тапсырыс 556.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
«Ұлагат» баспасы

М а з м ұ н ы С о д е р ж а н и е C o n t e n t

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ SOCIAL AND ECONOMIC HISTORY

- Қойгелдиев М.Қ., Қасқабасова А.А., Мырзатаева З.Б.**
Сыртқы дуандардың құрылуына қарсы ұлт-азаттық
күрестер тарихы (1822-1837 жж.)..... 7
- Koigeldyev M.K., Kaskabasova A.A., Myrzataeva Z.B.**
History of the national liberation struggle against the
establishment of district orders (okruzhnye prikazy) in 1822-1837
- Сактаганова З.Г.** Женский и детский контингенты
Карлага: о медико-санитарном обслуживании в 1930-е –
начале 1940-х гг. 19
- Saktaganova Z.G.** Women's and children's contingents in
Karlag: medical and sanitary care in the 1930s – early 1940s
- Салқынбек Д.И., Ксенжик Г.Н.** XVIII-XX ғасырдың бас
кезеңіндегі Қазақстанның шекарасының қалыптасуы және
шекаралық өңірдегі қазақтардың өміріндегі өзгерістер..... 31
- Salkynbek D.I., Ksenzhik G.N.** Formation of Kazakhstan's
borders in the 18th – early 20th century and changes in the lives
of kazakhs in border regions
- Жумагулов Б.С., Сарсенов А.С., Абдулов А.Д.**
Қазақстанның батыс өңіріндегі әскери комиссариаттардың
қызметі (1918-1945)..... 43
- Zhumagulov B.S., Sarsenov A.S., Abdulov A.D.** Activities of
military registration offices in the western region of Kazakhstan
(1918-1945)
- Нурманова А.К., Жаулин К.М., Едилханова С.А.**
Кеңестік әлеуметтік-экономикалық трансформацияның
Маңғыстаудағы ерекшеліктері..... 60
- Nurmanova A.K., Zhaulin K.M., Edilkhanova S.A.** Features
of the soviet socio-economic transformation in Mangystau
- Жанганатова К.Н., Тулентаева К.А.** Қазақстан спорты:
соғыс жылдарында (1941-1945)..... 73
- Zhanganatova K.N., Tulentaeva K.A.** Sports of kazakhstan:
the great patriotic war (1941-1945)

Казахский национальный
педагогический
университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Исторические
и социально-политические науки»,
№4(87), 2025

Выходит с 2000 года.
Периодичность – 4 номера в год

Главный редактор
д.и.н. Г.К. КЕНЖЕБАЕВ

Редакционная коллегия:
д.и.н., проф. М.К. Койгелдиев
(зам. гл. редактора),
к.и.н., доц. Р.Р. Оспанова
(ответ. секретарь),
преп. магистр: Берикболова А.Ж.
(тех. секретарь),
д.и.н., проф. Х.М. Абжанов,
к.и.н., проф. Б.С. Жумагулов,
PhD, проф. Вирджиния Мартин (США),
PhD, проф. Клаудия Чанг (США),
д.и.н., проф. Кара Абдиукап (Турция),
д.и.н., проф. О.Д. Осмонов
(Кыргызская Республика),
д.и.н., проф. В.М. Козьменко
(Российская Федерация),
д.и.н., проф. К.Т. Жумагулов,
проф. М.Майер (Германия),
д.и.н., проф. А.Б. Соколов
(Российская Федерация),
д.и.н., Томохико Уяма (Япония),
д.и.н., проф. Т.Ходжаоглы (Турция),
д.и.н., проф. Г.М. Карасаев,
PhD, доцент К.С. Каримов
(г. Коканд, Республика Узбекистан)

© Казахский национальный
педагогический университет
имени Абая, 2025

Зарегистрировано в Министерстве
культуры и информации
Республики Казахстан
8 мая 2009 г. №10102-Ж

Подписано в печать 22.12.2025.
Формат 60x84 1/8.
Объем 57.75 уч.-изд.л.
Заказ 556.

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»
Казахского национального
педагогического
университета имени Абая

ЖАЛПЫ ТАРИХ ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ GENERAL HISTORY

Асанов Т. (Республика Кыргызстан) Институт биев в
государственном устройстве кыргызов в XVI-XVIII вв. 85
Asanov T. (Kyrgyz Republic) The institute of bii in the state
structure of the kyrgyz in the tian-shan region in the XVI-XVIII
centuries

Амирбек А., Гиритлиоглу М. XX ғасырдың 60-шы
жылдарындағы Түркия-АҚШ қатынастарын тарихи талдау 95
Amirbek A., Giritlioglu M. Historical analyses of Turkey-
USA relations in the 1960s of the XX century

Erkinbek Д., Kydyr Т. Integrating sharia norms into the legal
system during the mamluk-kipchak era..... 109
Еркінбек Д., Қыдыр Т. Мәмлүк-қыпшақ дәуірінде
шариғат нормаларын құқықтық жүйеге интеграциялау

Dossymova M.K. Attempts by soviet Russia to spread
socialism among turks through the education system (1918-
1922)..... 125
Досымова М.К. 1918-1922 жылдар аралығында кеңестік
Ресейдің түріктерге білім беру арқылы социализмді тарату
әрекеттері

САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТАРИХ ПОЛИТИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ ИСТОРИЯ POLITICAL AND SOCIAL HISTORY

Джакипова Т.У., Болатова К.Б. Шығыс аймаққа
депортацияланған халықтардың саяси, әлеуметтік жағдайы
(1940-1955 жж.) 136
Dzhakipova T.U., Bolatova B.K. Political and social situation
of people deported to the Eastern region (1940-1955)

Aldasheva A.A-G., Pazylkhayr B.M. Formation and
development of international tourism in Kazakhstan (1989 –
early 2000s)..... 151
Алдашева А.А-Г., Пазылхайыр Б.М. Халықаралық
туризмнің Қазақстандағы қалыптасуы мен дамуы (1989-
2000-жылдардың басы)

Сұлтанғазы Г.Ж., Нұрбаев Ж.Е., Ерменбаева Г.К.
Отаршылдық капитализм құрылымдарындағы байлардың
әлеуметтік және экономикалық жағдайы..... 164
Sultangazy G.Zh., Nurbayev Zh.Ye., Yermenbayeva G.K.
Social and economic representation of bais in the structures of
colonial capitalism

Abay Kazakh National Pedagogical University

BULLETIN

**Series «Historical and socio-political sciences»
№4(87), 2025**

**Periodic – 4 issues/year
Published since 2000**

Editor-in-chief:
doctor of historical sciences
G.K. KENZHEBAYEV

Editorial staff:

Koigeldiyev M.K. *doctor of historical sciences, professor (editorial-in-chief's assistant),*

Ospanova R.R. *candidate of historical sciences, associate professor (responsible secretar),*

Berikbolova A.Zh. *master teacher (technical secretary),*

Abzhanov Kh.M. *doctor of historical sciences, professor,*

Zhumagulov B.S. *candidate of historical sciences, professor,*

Virginia Martin. *professor, PhD (USA),*

Claudia Chang *professor, PhD (USA),*

Kara Abdiyap *doctor of historical sciences, professor (Turkey),*

Osmonov O.D. *doctor of historical sciences, professor (Kirgistan),*

Kozmenko B.M. *doctor of historical sciences, professor (Russian Federation),*

Zhumagulov K.T. *doctor of historical sciences, professor,*

Mayer M. *doctor of historical sciences, professor (Germany),*

Sokolov A.B. *doctor of historical sciences, professor (Russian Federation),*

Tomokhiko Uyama *doctor of historical sciences (Japan),*

Khodjaogly T. *doctor of historical sciences, professor (Turkey)*

Karasayev G.M. *doctor of historical sciences, professor*

Karimov K.S. *PhD associate Professor, (Republic of Uzbekistan)*

Abai Kazakh National Pedagogical University, 2025

Registered in the Ministry of culture and information of the Republic of Kazakhstan, May, 8, 2009 №10102-Zh

Signed for print 22.12.2025
Format 60x84 1/8.

Volume 57.75 уч.-изд.л. Order 556.

050010, Almaty
Abai KazNPU, 13 Dostyk av.

«Ulagat» publishing house
Abai Kazakh National Pedagogical University

Базарбаев К.К., Мукашева А.О. Орталық Азиядағы түркі халықтарын ұлттық-мемлекеттік межелеу саясаты; себептері мен салдары..... 182

Bazarbayev K.K., Mukasheva A.O. Policy of national-state determination of turkish peoples in Central Asia; causes and consequences

Джуншеев Р.Е., Идрисова Г.Б., Байгапанова А.Б. XXI ғасыр адамының ұлттық және мәдени өзіндік ерекшелігін сақтау..... 198

Zhunsheev R.E., Idrisova G.B., Baigapanova A.B. Preserving the national and cultural identity of the 21st century individual

Бертоло Ф.Т. (Италия), Сафронова Л.В., Муратказин М.М. Переход казахского языка на латиницу: исторический и социокультурный вектор..... 212

Bertolo F.T. (Italy), Safronova L.V., Muratkazin M.M. Transition of the kazakh language to latin: historical and socio-cultural vector

Нурпеисова Д.Г., Бекебаева А.Д., Еңсенов Қ.А. Ғылым саласындағы гендерлік стереотиптер: институционалдық кедергілер және оларды еңсеру стратегиялары..... 234

Nurpeissova D.G., Bekebaeva A.D., Yensenov, K.A. Gender stereotypes in science: institutional barriers and strategies for overcoming them

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ SOURCE AND HISTORIOGRAPHY

Тұлеубаева С.А., Сабитов Ж.М., Ташкараева А.М. 1260-жылдардағы Хулагу Елханның өмірін зерттеудегі «Зубдат әл-фикра» еңбегінің деректемелік маңызы..... 250

Tuleubayeva S.A., Sabitov Zh.M., Tashkarayeva A.M. The source-critical significance of the work “Zubdat al-fikra” for the study of the life and reign of Hulagu Ilkhan in the 1260s

Нұрымбетова Г.Р. Тарихи тұлға келбеті архив құжаттарында 267
Nurymbetova G.R. The image of a historical figure in archival documents

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ ARCHAEOLOGY AND ETHNOLOGY

Koshymova A.O., Nogaibaeva M.S. The settlement area of the Oghuz and their toponyms..... 284

Кошымова А.О., Ногайбаева М.С. Оғыздардың орналасу ареалы және жер-су атаулары

- Сыдығалиев С.М., Раздыков С.З.** К вопросу интеграции кандасов в Казахстане..... 302
Sydygaliev S.M., Razdykov S.Z. On the issue of the integration of the kandases in Kazakhstan

- Әзімхан Б.Ү., Джунусбаева А.М., Досекеева К.А.** Түркі-моңғол дәстүріндегі құрылтай институты: ұйымдастырылуы және тарихи маңызы..... 321
Azimkhan B.U., Dzhunusbaeva A.M., Dosekeeva K.A. The kurultai institution in the turkic-mongolian tradition: organization and historical significance

ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ TEACHING HISTORY

- Сенгирбаева З.Ж., Найманбаев Б.Р.** ОҚО әлеуметтік-экономикалық дамуындағы арнайы қоныс аударушылар тарихын оқытудағы құндылықтар..... 336
Sengirbayeva Z.G., Naimanbayev B.R. Values in teaching the history of special settlers in the socio-economic development of South Kazakhstan region

- Бейсембаев Е.Ж., Шорманова А.К.** Тарих сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру..... 350
Beysembayev E.Zh., Shormanova A.K. Improving the functional literacy of students in history lessons

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ПЕРСОНАЛИИ PERSONALITY

- Issabek B.K.** Scientific heritage of R.B. Suleimenov: analysis of the issues of education, science, art and the intelligentsia..... 363
Исабек Б.Қ. Р.Б.Сүлейменовтің ғылыми мұрасы: білім, ғылым, өнер және интеллигенция мәселелерін талдауы

- Өскембай Ә.А., Шуршитбай Б.** С.Аманжоловтың түркі халықтарының шығу тарихына арналған еңбектері..... 378
Oskembay A.A., Shurshitbay B. S.Amanzholov's works on the history of the origin of the turkic peoples

- Kabuldinov Z.E., Zhumatay S.** Ybray Altynsarin's Educational Activity: History and Contemporary..... 391
Қабылдинов З.Е., Жұматай С. Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық қызметі: тарихы және қазіргі сабақтастығы

**ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ
ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ
RESEARCH OF YOUNG SCIENTISTS**

- Әуелбеков М.Б.** Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін сақтаудағы халықаралық ұйымдардың рөлі..... 400
Auelbekov M.B. The role of international organizations in the preservation of monuments of historical and cultural heritage
- Janysbai T.S.** The People's commissariat of education of the Kazakh ASSR in 1930–1936: historiographical and bibliographical analysis..... 409
Жанысбай Т.С. 1930–1936 жылдардағы ҚазАССР оқу-ағарту Халық комиссариаты: тарихнамалық және библиографиялық талдау
- Рамазан Ә.Б.** Ресей империясының отарлық әкімшілік реформаларының Батыс Сібір қазақтарының дәстүрлі басқару жүйесіне әсері..... 425
Ramazan A.B. The impact of the russian empire's colonial administrative reforms on the traditional governance system of the kazakhs of Western Siberia
- Отыншиева Г.Т.** Кеңес билігі үшін күмәнді болған Мұхтар Әуезов және Қайым Мұхамедханұлының шығармашылығы 437
Otynshieva G. The works of Mukhtar Auezov and Kayyim Mukhametkhanuly, who were skeptics of soviet power
- Құндызбай Д.Қ.** 1928-1933 жылдардағы қазақтардың жаппай шетелге босуы, босқындардың тағдыры куәгерлер көзімен..... 446
Kundyzbay D.K. The mass exodus of kazakhs to foreign countries in 1928-1933 and the fate of refugees through the testimony of eyewitnesses

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршы журналының «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілді (2021 жылғы 9 қыркүйектегі №739 бұйрығы).

Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Исторические и социально-политические науки» внесен в список для публикации основных результатов научных деятельности по историческим наукам издании рекомендуемых Комитетом по обеспечению качества в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан (приказ №739 от 9 сентября 2021 года).

The bulletin Abai KazNPU, the series «Historical and socio-political Sciences» is included in the list for the publication of the main results of scientific activities in historical sciences of publications recommended by the Committee for Quality Assurance in Education and Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (Order No. 739 dated September 9, 2021).

**ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ
СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ
SOCIAL AND ECONOMIC HISTORY**

FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20

ӘӨЖ/УДК/ UDC: 93

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2025.87.4.001>

М.Қ. Қойгелдиев ¹, А.А. Қасқабасова ², З.Б. Мырзатаева ³

¹*Абай атындағы ҚазҰПУ,*

Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, т.ғ.д.,

Алматы қ., Қазақстан Республикасы,

E-mail: mkoigeldiev@mail.ru

²*Торайғыров университеті, Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы,*

Павлодар қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: kaa80alt@mail.ru

³*Абай атындағы ҚазҰПУ,*

«Айтылған тарих» ғылыми лабораториясының жетекшісі, т.ғ.к.

Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: zabyra73@mail.ru

**СЫРТҚЫ ДУАНДАРДЫҢ ҚҰРЫЛУЫНА ҚАРСЫ
ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕСТЕР ТАРИХЫ
(1822-1837 жж.)**

Аңдатпа

Мақалада, 1822 ж. «Сібір қырғыздары туралы жарғының» іске асырылуына қарсы Арқа даласындағы азаттық күрес тарихы баяндалады. Ресей империясы енгізген бұл отарлық реформа орта жүзде хандықты жойып, қазақтардың бұрынғы еркіндігінен айырды. Тұтас хандықты дуандарға бөлу, оның тұрғындарына түрлі салықтар салу, сондай-ақ, жер асты мен жер үстінің қазына байлығы бұдан былай қарай империя меншігі деп танылу сияқты «жаңалықтар» орын алды. Бұл халықтың жаппай наразылығын тудырды, яғни Марал Құрманов, Ғұбайдолла Уәлиханұлы, Саржан Қасымұлы, Сартай Шыңғысұлы ж.б. осы сияқты ержүрек сұлтан-батырлар бастаған қазақ сарбаздары мұздай қаруланған патша әскерімен бетпе-бет келді. Қарулы күші тең емес шайқастар реформаның жарияланған күнінен басталып, ол Кенесары Қасымұлы бастаған он жылға созылған (1837-1847) ұлт-азаттық көтеріліске ұласты.

Алайда архивтік құжаттардың басым бөлігі империялық идеология аясында, яғни «қазақтар дуан құруды өздері қалады» деген сияқты пікір қалыптастыруға бағытталған. Шын мәнінде XIX 20-30 жылдарындағы қиян-кескі ұрыс-шайқастар бұл жымсық саясаттың бет-пердесін аша түсетіні белгілі еді. Мақала авторлары дуан құруға қазақтардың қарсылығын жаңа фактілік материалдар негізімен баяндайды.

Кілт сөздер: Хандық билік, 1822 ж. «Жарғы», сыртқы дуандар, Сарыарқа, қарсылықтар, патша отаршылдығы.

Жұмыс ҚР БҒМ ІРН АР23487874 «Ресей империясының Солтүстік-Шығыс Қазақстанда ресми саясатын қалыптастыру және іске асыру бағытындағы Сібір комитетінің қызметі: деректерді талдау және контекст» атты жоба аясында орындалды.

М.К. Койгелдиев¹, **А.А. Каскабасова²**, **З.Б. Мырзатаева³**

¹ доктор исторических наук, профессор кафедры истории Казахстана
КазНПУ имени Абая
г.Алматы, Республика Казахстан,
E-mail: mkoigeldiev@mail.ru

² старший преподаватель кафедры истории Казахстана, Торайгыров университет
г.Павлодар, Республика Казахстан
E-mail: kaa80alt@mail.ru

³ КазНПУ имени Абая,
³ Руководитель научной лаборатории «Айтылган тарих», кандидат исторических наук
г.Алматы, Республика Казахстан,
E-mail: zabyra73@mail.ru

ИСТОРИЯ НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНОЙ БОРЬБЫ ПРОТИВ ОБРАЗОВАНИЯ ОКРУЖНЫХ ПРИКАЗОВ (1822-1837 гг.)

Аннотация

В данной статье рассматривается история освободительной борьбы в степях Арка, направленной против введения «Устава о сибирских киргизах» 1822 года. Эта внедренная Российской империей колониальная реформа упразднила ханскую власть в Среднем жузе и лишила казахов прежней независимости. Были введены такие «новшества», как разделение всего ханства на дуаны, обложение его жителей различными налогами, а недра и природные богатства отныне объявлялись собственностью империи. Всё это вызвало массовое недовольство народа: казахские сарбазы под предводительством таких отважных султанов и батыров, как Марал Курманов, Губайдулла Валиханов, Саржан Касымов, Сартай Шынгысов и др., вступили в открытое столкновение с вооружёнными до зубов царскими войсками. Эти неравные сражения начались сразу после обнародования реформы и в дальнейшем переросли в широкое национально-освободительное восстание под руководством Кенесары Касымова.

Однако большинство архивных документов являются отражением имперской идеологии, и направлены на формирование мнения, будто «казахи сами хотели образования дуанов». На самом деле, ожесточённые бои 1820-1830-х годов раскрывают истинную суть этой коварной политики. Авторы статьи на основе новых фактологических материалов освещают сопротивление казахов созданию дуанов.

Кілт сөздер: Внешние приказы, «Реформа» 1822 г., сопротивление, реформа, ханская власть, Сарыарка, царский колониализм.

Работа выполнена в рамках проекта ИРН АР23487874 МОН РК «Деятельность Сибирского Комитета по формированию и реализации официальной политики Российской империи в Северо-Восточном Казахстане: анализ данных и контекст».

M.K. Koigeldyev ¹, **A.A. Kaskabasova** ^{*2}, **Z.B. Myrzataeva** ³

¹ Doctor of Historical Sciences, Research Professor at the Department of History of Kazakhstan,
KazNPU named after Abai,
Almaty, Republic of Kazakhstan,
E-mail: mkoigeldiev@mail.ru

² Senior Lecturer at the Department of History of Kazakhstan,
Toraigyrov University
Pavlodar, Republic of Kazakhstan
E-mail: kaa80alt@mail.ru

³ Head of the scientific laboratory «Aitylgan Tarikh», Candidate of Historical Sciences,
KazNPU named after Abai,
Almaty, Republic of Kazakhstan,
E-mail: zabyra73@mail.ru

HISTORY OF THE NATIONAL LIBERATION STRUGGLE AGAINST THE ESTABLISHMENT OF DISTRICT ORDERS (OKRUZHNYE PRIKAZY) IN 1822-1837

Annotation

The article examines the history of the liberation struggle in the Arka steppes, aimed against the introduction of the 1822 «Charter on the Siberian Kirghiz» This colonial reform, implemented by the Russian Empire, abolished the khanate in the Middle Zhuz and stripped the Kazakhs of their former independence. Among the so-called “innovations” were the division of the entire khanate into duans, the imposition of various taxes on the population, and the declaration of subsoil and natural resources as imperial property. All of this provoked widespread public discontent: Kazakh warriors, led by such courageous sultans and batyrs as Maral Kurmanov, Gubaidulla Valikhanov, Sarzhan Kasymov, Sartai Shyngysov, and others, engaged in open confrontation with the heavily armed tsarist army. These unequal battles began immediately after the reform was announced and eventually escalated into the well-known national liberation uprising led by Kenesary Kasymov.

However, the majority of archival documents reflect the imperial ideology and are aimed at shaping the narrative that “the Kazakhs themselves wanted the creation of duans.” In reality, the fierce fighting of the 1820s-1830s reveals the true face of this insidious policy. Drawing on new factual material, the authors highlight Kazakh resistance to the establishment of duans.

Keywords: External duans, the “Reform” of 1822, resistance, reform, khan’s authority, Saryarka, Tsarist colonialism.

The work was carried out within the framework of the project IRN AP23487874 MES RK ‘Activities of the Siberian Committee on the formation and implementation of the official policy of the Russian Empire in North-Eastern Kazakhstan: data analysis and context’.

Кіріспе. Отандық тарихнамада қайта қарауды қажет ететін тақырыптардың бірі – 1822 ж. «Сібір қырғыздары жарғысының»¹ іске асырылуына бағытталған азаттық күрес мәселесі. XIX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Арқа даласын дүбірлеткен азаттық күрес тарихы бүгінде өз деңгейінде бағасын алмай келеді. Шын мәнінде патшалық билік табиғи ресурстарға бай Сарыарқаны империя мүддесіне пайдалануды көздеп, оны басып алуда пәрменді күш салғаны белгілі. Соған орай халықтың қарсылығы да күшті болды. Теңсіз шайқастарда орын алған адам шығынында есеп болмады. Патша канцеляриесінде даярланып, яғни Арқа жерінде жүргізілген

¹ 1822 ж. «Сібір қазақтарының жарғысы» – бұдан былай 1822 ж. «Жарғы»

бұл реформалық шаралар халық өміріне өзгерістер әкелген «жаңалық» есебінде көрсетілді, ол жөніндегі халықтың шын мәніндегі көңіл-күйі ашық көрсетілмейді. Сондықтан аталған мәселе әлі де болса терең әрі, жан-жақты талдауды қажет етеді.

Материалдар мен әдістер. Қазақ даласы І Петрдің айтқанындай барша Азия елдеріне апарар кілт пен қақпа болып, Түркия, Иран, Ауғанстан, Индия, Қытайда «Шығыс саясатын» жүзеге асыруға мүмкіндік беретін үлкен плацдарм болып саналды. «Бұл көзделген мақсат, орыстарды ежелден қызықтырды. Әсіресе, Орта Азияға тиіп тұрған Қазақстанның екі аймағы арқылы (Батыс Сібір және Орынбор өлкесі арқылы) отарлау қимылын жасаудың тиімділігі зор» [1] болды. Сондықтан, Қазақстанда отарлық қыспаққа алу орыс әкімшілігі үшін бірінші кезектегі «міндетке» айналған-ды. Өлкенің стратегиялық маңызымен бірге, экономикалық тұрғыдан да, яғни жер қойнауындағы кен-қазба байлықтар, жер үстіндегі (мыңғырған мал, орман-тау, өзен-көл) табиғат байлықтары отаршылдарды ерекше қызықтырды. Өлкетанушы ғалым И.Завалишиннің сөзімен айтсақ, қазақ даласы кімге болса да таптырмайтын өте бай олжа [2] еді.

Патшалық биліктің саясаты жөнінде ағылшын тарихшысы Краусс «Ресейдің азиялық отарларындағы жүргізіп отырған саясаты – барып тұрған басқыншылық империализм саясаты болды. Ресей басқа елдерді тек жаулап алып халқын құртып, орыстандырып жіберуді мақсат тұтты» [3, 133 б.] деп ашық көрсетсе, профессор Григорьев «қай еуропалық мемлекет тарихшысы болсын, мұны көзге елестете алмас еді. Мәжбүрлікпен Ресей қол астына енген халықтарды бұл империя (Ресей. авт.) күшті әскери бекіністермен қоршап, отарлық езгінің астына салды [4] деген баға береді. Расында, патшалықтың тағылық әрекеттерін өз көзімен көрген француз саяхатшысы және әдебиетшісі Маркиз де Кюстин «Ресей атты түрмеде еш тыным жоқ. Қандай билік жүйесі болмасын, Еуропаның басқа елдеріндегі халықтар өзінің табиғи бостандығын сезіну үшін, Ресейге барып қайтқан соң білер еді. Патшалық Ресеймен жақын танысқан әрбір еуропалық, қандай болса да басқа жерде тұрғанына қатты қуанады» [5] деп жазды.

Отан тарихнамасында «Жарғыға» қарсы бағытталған азаттық күрес тарихы терең қарастырылмаған, зерттеушілер басым жағдайда біріншіден, «Жарғының» отарлық сипатын заң ғылымы [6] саласынан ашуға тырысса, екіншіден «Жарғы» бекіткен ережелердің іске асырылуына назар аударды.

1822 ж. «Жарғы» патшалықтың Арқа даласына орыс заңдылықтарын енгізуді көздеген реформа болып табылады, яғни осыдан былай қазақтың даласы патша меншігі саналды. Бұл әрине, жергілікті халықтың пікірімен санаспай, өктемдікке салған империялық шаралар-тын. Соған сәйкес мынадай фактіге назар аударуды жөн көрдік. 1855 жылы Двамиш тайпасының көсемі Сиэттлдің жерді сатып алуға ұсыныс жасаған Пирс президентіне жазған хатынан үзінді. Хат: «Вашингтон Президенті бізден жерімізді сатып алмақшы екен. Табиғаттың жаратылысын көк аспанды, жер жылуын қалай сатып алуға болады?» [7] деп басталады. Сиэттл жердің өңір тұрғындарына ғана тән екенін, өсіп тұрған ағаштар мен өсімдіктер нәрі - ата-бабаларының жаны, аң-құстар мен жәндіктер – ата-бабаларының үні, жылғалардан сылдырлап аққан су – ата-бабаларының қан тамыры ғой деп көрсетеді. Соның бәрі олардың жеткізген мұрасы, ал өздерін осы жердің бір бөлшегі екендігін айтады, табиғаттың әрбір тасының оларға қымбат екенін, егер жерлерін сатуға келіспесе, ақ адамдардың күшпен алатынын да білетіндігін айтады. Біз бұдан шарасыздықтан құлазыған, дәрменсіз адамның күйін көреміз. Сиэттлдің бұл хаты әлемнің ондаған елдерінің тіліне аударылып кең тарап кетті. Ал ендеше Ресей империясы да қазақ жерін жаулап алуда содан кем түскен жоқ еді. XIX ғасырдың 20-жылдарында Арқа даласындағы орыс станицаларының жойылуын талап еткен Қасым сұлтанның хатынан да осы ойларды көре аламыз: «1824 жыл 17 тамыз. Әкем хан Абылайдың уақытынан бергі көшіп-қонып отырған жерлерімізге бүгінде болыстықтар құрылып, өзен-көл суларына қақпан (күзетшілер) қойылып отыр. Белгіленген шептен шығып, біздің иеліктеріміздегі жерлерге болыс, дуан дегендердің құрылуына бұл жер халықтары қарсы... жер байлығы тұзды неге қазақ

өздері пайдалана алмайды?...» [8], – делінсе, Кенесары хан Ресейдің түрлі әкімшілік орындарына (І Николай патшаға, Орынбор генерал-губернаторлары В.А. Перовскийге, В.А.Обручевке, Сібір генерал-губернаторы П.Д. Горчаковке): «Күн сайын жерімізге баса-көктеп кіріп, бекіністер салып, халықтың зығырданын қайнатып отырсыздар. Бұл біздің болашағымыз үшін ғана емес, бүгінгі тірлігіміз үшін де қатерлі. Менің тілегім - екі жақтың да халқы мизамшуақ өмір сүруі» [9], – деп жазды.

Талқылау. Сонымен М.М.Сперанский даярлаған реформа² жобалары Сібір комитетінде 1821 жылы талқыланып қабылданғанымен, Александр І оны тек 1822 жылы 26 қаңтарда қарады. Содан, 1822 жылдың 22 маусымында құжат ресми заң күшіне енді. Ал 22 шілдеде «Сібір қырғыздары туралы Жарғыны» іс жүзіне асыру туралы жарлық шықты. Жарлықта, М.Сперанскийдің бұл құжаты империя мүддесіне толық сай деген бағасын алды. Соған сәйкес бұдан былай Сібір басқармалары мынадай ретпен қайта құрылатын болды. Біріншіден: Сібір Батыс және Шығыс болып екіге бөлініп басқарылатын болды. Екіншіден: Томбы, Тобыл, Омбы облыстары (Облыстық басқарма Омскіде орналастырылады) Батыс Сібірдің бас басқармасына қаратылса; Үшіншіден: Шығыс Сібірдің бас басқармасына Иркутск, жаңадан құрылған Енисей губерниясы және Якутск губерниясы қаратылды... 6) Сібірдің әр бөлігінің бас басқармасы генерал-губернаторлардың құзырына өтті. Оның бірі Тобольскіде, екіншісі Иркутскіден орын алды; 7) Генерал-губернаторлар өздеріне бөлінген губернияларды 1805 жылғы ерекше наказ және жалпы губерндік мекеме ретінде басқаратын болды [...] бұдан өзге 8 түрлі Шығыс Сібірді басқару тәртібі баяндалады. Жарлық соңынан Александр І өз мөрін қойып бекітеді [10].

Сөйтіп, Ресей империясы ХІХ ғасырдың 20 жылдарында хандық билікті түбегейлі жоя отырып, жаңа отарлау саясатын жүргізетін жаңа басқару аппаратын Омбы қаласында құра бастады. М.М. Сперанский «Сібір қырғыздары туралы Жарғыда» төмендегідей отарлық шараларға аса көңіл бөлді: 1) Сібір қазақтары даласына болыстардан құралған сыртқы округтер ашу; 2) Шекараға 100 шақырым жерден бастап шапқыншылықтарға жол бермеу; 3) Хан билігін жою; 4) Шеп ішінде көшіп-қонған қазақтарды орыс-казак ауылдарынан әрмен қарай ығыстыру; 5) Омбы облысы атты шекара басқармасын құру.

Міне осылайша, қазақтың өмірімен жете таныс барон Услардың тура айтқанындай «1822 жылғы Сібір қазақтарын басқару жөніндегі Жарғы қазақ даласында қалыптасқан еркіндіктің түп тамырына балта шапты. Оның бүкіл халық өміріне тигізген салдары ауыр болды» [11].

Хандық билік жүйесін жоюға қарсы қолды хан мирасқоры Ғұбайдолла төремен қатар ишан Марал Құрманұлы да басқарды. Сөйтіп, ХІХ ғасырдың 20-жылдарында Сарыарқа жақтан барлық күш-жігері жеткенше Ғұбайдолла қарсылық көрсетсе, Бұхардан бастап Торғайға дейін қамтыған қалың қазақ қолын Марал Құрманов (1769-1841) басқарды [12]. Ендеше Марал Құрманов деген кім және оның 1822 «Жарғының» іске асырылуына қарсы қимыл-әрекеті қандай болды, соған тоқталсақ. Марал ишан Кенесары Қасымұлының туған нағашы ағасы, он сегіз жасынан Орталық Азияға әйгілі ілім орталығы – Бұқар шаһарларындағы діни медреселерінен білім алған кісі. Ал кейін Марал ишан Құрманұлы Батыс-Сібірдің бас имамы дәрежесіне дейін көтеріледі. Кенесары ханның ұлт-азаттық көтерілісін қолдаған. Көтеріліс жеңіліске ұшырағаннан кейін ол Қызылорда облысы Қармақшы ауданында өмір сүрген.

Марал ишан 1821 жылы бірнеше үйлі жанмен, сондай-ақ, орыс қашқындарының жанұясымен Торғайға келіп тоқтайды. 1822 ж. «Жарғы» жөнінде алдын-ала білген ол бұл жер тұрғындарын елге дендеп еніп келе жатқан орыс станицаларына шабуыл жасауды ұйымдастырған. Халықты орыстарға қосылмауға үгіттеп, патша әскеріне қарсы 10 мыңға жуық қол басқарған [12, 4-6 бб.]. Сарбаздарды басқарған ол орыс-казактарының бекініс, бекет, станицаларын талқандайды. Марал Құрмановтың патшалыққа бұлайша ашық қыр көрсетуі

² «Сібір қырғыздары туралы Жарғы»

әкімшілікті кәдімгідей мазасыз күйге түсіреді. Олар өзара жазысқан ресми құжаттарында Марал Құрмановты «сауатсыз», «алаяқ» біреу секілді етіп көрсетуге тырысқанын байқауға болады. Сондықтан қалай да болсын, Марал ишанды ұстауға әрекеттенді. Алайда мұрағат құжаттарынан оны тұтқындау ісі 1821 жылдан 1823 жылға дейін созылып нәтижесіз аяқталғаны байқалады [12, 1-35 бб.]. І казак полкінің командирі майор Набоков өзіне осындай арнайы жүктелген тапсырманы орындау барысында Маралдың тіпті жүрген орнын анықтау мүмкін болмағанын жазған [12, 35 б.]. Маралдың бұлайша жүрген жерінің ізін де байқатпауы оның ел ішіндегі беделінің жоғары болғанын аңғартса керек.

Ал, Сібір Шекара әкімшілігі, бәрінен бұрын Уәли ханның тікелей мұрагері Ғұбайдолланы, «қауіпті жау» қатарынан көрді. Ғұбайдолла бастаған қозғалыстарға Сартай Шыңғысұлы, Саржан Қасымұлы және басқа тұлғалар зор атсалысты.

XIX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Сарыарқа даласындағы көтерілістер бытыраңқы күйде жүргізілгендіктен әрдайым сәтсіз аяқталып отырды. Дегенмен, бұл кезеңдегі жеңілістер, 30-40 жылдардағы бұрын-соңды болып көрмеген Кенесары Қасымұлының бастаған көтерілістеріне мықты даярлық іспеттес еді.

XIX ғасырдың 20-30 жылдарында қазақ даласының батысында Сырым, Қайып, Исатай, Жоламан бастаған көтерілістер бұрқ еткен болса, шығысында Қасым, Ғұбайдолла, Саржан, Сартай, Кенесары бастаған қозғалыстар кең қанат жайды. Көтерілісшілер, әсіресе, орыс керуендерінің жолын бөгеп тастады. 1825 жылы хиуалықтармен бірігіп 625 адамы бар және 2 зеңбірекпен қаруланған керуенді Жаңа-дария өткелінде талқандап, 547-600 сомдық тауарын тартып алып, 200 орыс адамын қолға түсірді [13]. Ал Сібір әкімшілігі жағынан шыққан керуендерге Арқа сарбаздары тосқауыл қойды. Мәселен, 1839 жылы Құдайменді-Ғазин 64781 сомдық тауары бар керуенді қолға түсірген [14].

Арқа даласында дуан құрылған бойда (1825-1826 ж.ж.) Саржан Қасымов бастаған сарбаздар орыстарға қарсы шабуылын ерекше үдете түсті. Сондықтан да, патша әкімшілігі жазалаушы орыс-казак әскерінің басым күшін Саржан ауылына бағыттады. 1825 жылы қыркүйек айында 7-Сібір полкының командирі Карбышев 200 қолмен Саналы өзеніне жетіп, таңғы уақытта, бейқам жатқан халықты оқ астына алды, 150 қазақ сарбаздарын қырып салды, 200-ге дейінін жаралы етіп, 30 адамды тұтқынға алып кетті. Сонымен қатар, жендет Карбышев Саржан ауылынан 2000 жылқы, 200 түйені тартып алды. Осы кескілескен қанқұйлы қақтығыста Саржан 50 майдандас жолдасынан айрылып Қара-Торғай өзеніне қарай шегінді. Ал, Карбышев бастаған орыс-казак отряды кейін қайтар жолында 4188 ауылдан құралған 698 болысты Қарқаралы приказына қарулы күшпен еріксіз айдап әкетті [15].

Кенесары Қасымұлының, орыс шенеуніктерінің бірі Генске жазған хаттарының бірінде осы жылы тағы да, Саржан ауылының «атқамінер» сұлтан Жамантай Бөкеевтің сатқындығымен қиратылғаны айтылады. Хатта Карбышевтің 300 орыс-казак әскерімен 64 қазақ сарбаздарын өлтіріп, елден қыруар мал айдап әкеткені жазылады [16, 1 п.]. Жазалаушы отряд бейбіт қазақ ауылдарын тонап-талады. Орыс-казактарының мұндай басбұзарлық әрекеті халықтың ашу-ызасын одан әрі күшейтті.

Саржан Қасымұлы көтерілістері сәтсіздіктерге қарамастан, қарсыласу әрекетін тоқтатқан жоқ. Әсіресе, 1825-1826 жылдар аралығында Көкшетау және Қарқаралы сарбаздарын отаршылдыққа қарсы үндеу жүргізіп, жер қайысқан сап түзеді. Броневскийдің 1828 жылғы жазбасында: «Саржан жасағы күннен-күнге күшейіп, тым қауіпті болып барады» [17, 3 п.] – деуі, орыс әкімшілігінің шындап қорқа бастағанын аңғартады. 1826 жылы Саржан сұлтан 1500 сарбаздарымен ашық күреске шықты. Ол, таңғы уақытта 7 шілдеде Қарқаралы приказын талқандау үшін, 30 шақырым жердегі, Бұғыл тауының маңына жиналды. Броневскийдің атап көрсеткеніндей, қазақтар, «ту-ту» деген ұранмен приказға басып кіріп келген, бұл – сарбаздардың нағыз дұшпан санаған жауларына қарсы шыққанда айтылатын ұраны болатын [17, 3 п.]. Бұл күнгі, кескілескен ұрыс күн ұзаққа созылды. Күштің тең болмауы Саржан жасағының жеңіліске ұшырауына алып келді. Әйтсе де, орыс жендеттерінің Саржанды

тұтқындау әрекеті іске асқан жоқ. Ұрыс аяқталған соң, қолға түскен Саржан сарбаздары 27 адам еді, олардан 22 қару, 5 қылыш, 5 қанжар және 87 жылқы тартып алынды. Тұтқынға түскен қазақтарды тергеу барысында приказ чиновниктері Саржан әскерінің толық саны жөнінде мардымды жауап ала алмаса да, Саржан жасағының төрт ту астына біріккені белгілі болды: «бірінші туды Саржан өзі бастады, екінші ту астына жиналған сарбаздарға Саржанның ағасы Есенгелді басшылық еткен, үшінші туды сарбаздар Жолды Даировтың қарамағында болды. Төртінші ту Есенәлі биге қарады» [17, 8 п.].

Сәтсіздіктерден кейін, ашу-ызаға булыққан Саржан Ресейдің қазақ даласы арқылы өтетін көпестерін талқандаумен болды. Төменде көрсетілетін мәліметтер Саржанның орыс саудагерлерін қанша шығынға ұшыратқанын көрсетеді: 3-ші дәрежелі (гильдий) Арск көпесінің баласы Архандий Ахмир Усмановтан – 13765 сом 25 т; 3-ші дәрежелі Арск көпесі Шарафутдин Хамитовтан 20 000 сом; Казанск губерниясының Царево Коктайск уезінің қызметшісі татар Исмаил Ишмухаметовтен 11380 сом; 3-ші дәрежелі Арск көпесі Абдолла Гумировтан және Царева Коктайск уезінің приказчигі татар Оразқұл Фактуллиннен 1609 сом; Қазан приказчигі Абдулла Гумияровтан және татар Исхан Забировтан 922 сом; Арск көпесі Хамид Амировтан, приказчик және Қазан татары Маслитовтан 1255 сом; Большоев көпесі, Костром губерниясының татары Якуб Мухаметовтан 4537 сом 75 т.; аға сұлтан Тұрсын Шыңғысов пен Айдағұл Молдановтан 1985 сом ақша олжалаған. Жалпы сомасы 55454 сом» [18, 12 п.].

Ғұбайдолла соңынан ерген ержүрек сұлтан – Сартай Шыңғысов. Ол да көтерілген бұқара халыққа басшылық етіп, патша шенеуніктеріне қарсы талмай-қажымай күрес жүргізді. Батыс-Сібір генерал-губернаторы Капцевичтің сыртқы істер министрі граф Нессельродеге жолдаған хатында, айтылғандай Сартай орыс әкімшілігіне приказдарды жою, қазақ даласынан әскерлерді әкетіп, қазақтарға бұрынғы еркіндіктерін қайтару секілді табанды талаптарын қойғандығы баяндалады [19, 1 п.].

Сартайдың хатының түпнұсқасын таба алмадық, дегенмен, патша әкімшілігінің өзара жазған хаттардағы мәліметтер оның ерекше қайсарлық танытқанын көрсетеді. Бұл хаттарда «сұлтан Сартай Шыңғысұлы Көкшетау сыртқы округының ашылуы кезінен-ақ, 1822 ж. «Жарғы» заңдылықтарына бірден қарсы болды. Ол Петропавловск комендантынан қазақ жеріндегі құрылыстарды тоқтатып, орыстардың бұл жерден тайып тұруын талап етті, яғни Сартайдың мұндай әрекеті өзге қазақтардың көзқарасын өзгертуі мүмкін. Сондықтан оны қолға түсіріп, дереу арада қамауға алу керек. Сол себепті, төртінші казак полкының командирі Чириков 22 казакпен Жақсылық-Қарауыл болысына аттандырылды [19, 2 п.], – деп жазады.

Бұйрықты орындауға кіріскен Чириков отряды Қарқаралыға, түн ішінде, бейқам жатқан Сартай ауылын шабады. Тұтқиылдан жасалынған шабуылға Сартайдың 150 серігі төтеп береді, Чириковтың өзін және оның екі адамын жаралайды [19, 2 п.]. Алайда, орыс шенеуніктері Сартайды тұтқынға түсіріп, қатаң күзетпен Омскіге әкетеді. Осыдан соң, Батыс-Сібір генерал-губернаторы Капцевичтің бұйрығымен ол Сібірге – Березовқа айдалды. Онда көп ұстамай, граф Нессельроденің табанды бұйрығымен Тобольскіге әкелінеді, сонан-соң, Санкт-Петербургте қамауға алынды [15, 133 б.].

Тарихи құжаттарда, Сартайдың қамаудан босатылған мерзімі көрсетілмеген. Бірақ, архивтегі, 1830-жылдарға қатысты құжаттарда, отарлық езгіге қарсы көтерілген батырлар ішінен Сартай есімін жиі кездестіруге болады. Демек, ол, 30-жылдары тұтқыннан босатылғаннан кейін де азаттық күреске қайта шыққан болу керек.

Сартай тұтқынға түскеннен кейін, ержүрек Саржан Оңтүстік аймақтағы болыстықтардан тұратын елді (Байбөрі болысы) Шу өзені мен Балқаш көлінен әрі Түркістанға қарай көш бастайды [20, 37 б.] [12, 37 б.]. Бұл, Байбөрі болысын қайтаруға 1827 жылы 10 шілдеде, сегізінші полк бастығы Кудрявцев бастаған отряд (13 казак 1 урядник) сондарына түседі. Бірақ, отряд жеңіліске ұшырап, келесі күні-ақ кейін шегінеді. Осы қақтығыста 7 орыс-казагы, 1 урядник ауыр жарақаттанады [20, 1-3 п.п.]. Патша әкімшілігі, Байбөрі болысын кейін

қайтаруға 500 казак, 2 атты артиллериядан құралған жаңа отрядты қайта аттандырады. Мұны әскери старшын Лукин бастайды [21]. Старшын Лукин бұл жорықта байбөріліктерді орасан зор адам шығынына ұшыратты. Отряд құрамындағы әскери шенділердің санын көрсетер болсақ: 11 обер-офицер, 472 урядник-казактар, 2 унтер-офицер, 25 саптағы казактар, Железинск горнизонының 1 батальоны, екі атты казак артиллериясы, зеңбірегі болды. Патшалықтың бұл қалың қолы қарысылық танытқан казактарды аямастан қырып-жоюға аттанды. Әскер 1827 жылы 15 қыркүйек айында Қарқаралы сыртқы округіне қарай, (Семиярск станциясынан) беталды [22, 2 п.]. Сөйтіп, 25 қыркүйекте Қарқаралыдан өтіп, одан әрі, Шу өзеніне қарай шықты. Ал қарашаның басында, Бетпақдалаға тоқтаған Байбөрі болысы казактарын қуып жетті. 1822 ж. «Жарғы» заңдылықтарына қарсылық білдіріп, көшіп кеткен болыс казактарын жазалаушы отряд аямастан қанға бөктірді. Жан сауғалайтын жер таппай сенделген халықты орыс-казак жендеттері оқ астына алды, қиян-кескі қақтығыста қанша адамның мерт болғаны белгісіз. Осы болған қайғылы оқиғаға байланысты деректерде: «Байбөрі болысының казактары Бетпақ даладағы ұрыста орасан зор адамдарынан айрылды, күннің ыстығы бар, аштық бар, оның үстіне қиян-кескі ұрыс – халықтың дегбірін қашырды. Ен далада қарт-қария, әйелдер мен балалар жазықсыз қырылып қалды [15, 1 б.] [7, 1 п.], – делінсе, ал бір деректе коллеж ассессоры Путинцев «орыс-казактар Бетпақдалада байбөріліктерді аямай оқ пен қылыштың астына алды», - деп жазды, ал Катанаев болса «содан, осы жыртқыштықтарымен орыс-казактары 65 күн бойы ұшы-қиыры жоқ шексіз дала мен Шу аралығын адамдар мен жануарлар өлігіне толтырып тастады [20, 37 б.], – дейді. Көріп отырғанымыздай патша әкімшілігінің казак даласындағы округтар ашу саясаты «той-думанмен» емес, халықтың асқан қарсылығына қарамастан күшпен іске асырды.

Сонымен, Орта жүз казактары орыс үстемдігінің орнатылуына үзілді-кесілді қарсылық білдірді. Казак даласында орыс-казак «жазалаушы отрядтары» қатыгездікпен жиі-жиі рейд жүргізіп тұратын болды, ал бірақ та қайсар, еркіндікке ұмтылған халық наразылығы тоқтаған жоқ. 1827-1830 жылдар аралығында, жерінен айырылған казактар елдің ішкі аудандарына көше берді. Мысалы, Тарақты Қарсақ болыстарының 1926 киіз үйлі казактары Актаудың арғы жағына қоныс аударды [23, 37 б.].

Бұл казак аудандарын қайтару патша әкімшілігінің келесі бір жендеті полковник Шубинге тапсырылды. Жәй жүрмеген орыс-казак отрядтары бейбіт ауылдарға шабуыл жасап, казактарды одан әрі ызаландыра түсті. Бұл жазалаушы отряд құрамында подполковник Қоңырқұлжа Құдаймендин де болды [24, 104 б.].

Бұл шиеленісті әлі де болса, бейбіт келісіммен шешуге үміттенген Ғұбайдолла сұлтан, 1828 жылы бірнеше би-сұлтандарға басшы етіп үлкен ұлы Болатты Санкт-Петербургке аттандырады. Делегацияның қойған талаптары – Ғұбайдоллаға хандық дәрежесін қайтару; Сарыарқадағы жаңа заңдылықтардың іске асырылуын тоқтату; ашылған округтерді жою. Алайда, елшілердің ұсыныстары бұл жолы да, қанағаттандырылмады. Оларға сыртқы істер министрлігі мынадай жауап қайтарды: «Ғұбайдолла талабы өкімет бекіткен тәртіпке қайшы. Бұл талаптардың орындалуы мүмкін емес. Ашылған округтерді жабу, 1822 жылғы «Жарғыға» қарсы тұру деген сөз. Сондықтан, өтініштеріңіздің біреуі де орындалмайды. Округтерге қайтуларыңызды сұраймын. Егерде, елге жеткен соң бүлік шығаратын болсаңыздар заңның ең қатал үкімімен жазаланасыздар» [25, 5 п.] деген өктем жауап қайтарылды. Осыдан кейін 1828 жылдың қыркүйек айында Ғұбайдолла, Болатты 28 би-сұлтанмен әскери көмек сұрап және орта жүз жеріндегі хандық билікті қайтару ниетімен Қытайға аттандырады. Бірақ, өкінішке орай, елшілер, шекарада орыстардың бекінісінен ұсталып тұтқынға түседі. Тұтқында көп ұсталмай артынша босатылып, дуанға қайтарылады [26, 3 п.].

Бұрынғы шекарадан емін-еркін өту тәуелсіздігінен айырылған казактар шекара әкімшілігінің тізгіндеп ұстау «қақпанында» қалды. Сондықтан, казактар ендігі жерде бекіністерді талқандауға, тікелей ашық шабуылға көшті. Осындай шабуыл 1830 ж. шілдеде Пресногорьковск бекінісіне жасалды. Қарсылық күшейген сайын бекіністер де әскери күшпен

толықтырылып отырды, мысалы подполковник Набоков Пресногорьковскіні 50 казакпен күшейтті [27, 481 п.].

XIX ғасырдың 20-30 жылдарда көтерілісшілердің әбден нығайып күшіне енген орыстың бекініс-қамалдарын бұзып-жаруға шамасы жетпеді.

Орыс-казак содырларынан қысым көрген Арқа халқы, елдің ішкі аудандарына толассыз көшумен болды. Орыс-казактарына өштескен халықтың бас қосқан негізгі ошағы – Шу өңірі мен Балқаш болды, 1833 ж. бұл аймаққа Тарақты болысынан 85 үй, Аман-Сүйіндік пен Аягөздің 36 үй; Сапық би, Тоғанлы Қарамырза, Базар Жаманбай бастаған 102 үй; Қарқаралы бұйрығының 393 үй; Жағалбайлылардан 480 т.б. қосқанда барлығы 1033 үй жиналды [28, 183 п.].

Саржан, Сартай, Ғұбайдолла осылайша, ел ішінде бытыраңқы күйде, бірақ, табанды түрде ұзақ уақыт қажымай-талмай күрес жүргізе берді. 1832 жылдары шабуылдардың сәтсіздіктерге ұшырауы себепті, Саржан Ташкент күшбегімен бірлесуге мәжбүр болды.

Сібір әкімшілігі 1826 жылдан 1832 жылдар аралығында қазақ, ауылдарындағы 758 адамды [29, 35 б.] қырып салған еді.

1832 жылы Саржанның ташкенттіктермен бірлесуге бет алуы патша өкіметін «мазалай» бастады. Есаул Симанов бастаған отряд осы жылдың 23 маусымында Қарағаш шатқалынан (бұл, Жаман-қорған бекінісі мен Ақмола аралығында жатқан Құлан-өтпес өзенінің жоғарғы ағысында) Қарақорым шатқалына Саржан ауылын бақылауға алу үшін Сарыасу өзені бойына екі бекініс салып үлгерген болатын. Симанов Сарыасу өзені бойындағы Саржанның ауылынан болыстық ашу мақсатымен, 2 казак взводы, оның ішінде Хорунжий Попов жүзбасы Карбышевтің қатысуымен бейбіт халыққа қарсы аттанды.

Отрядтың ауыл сыртынан көрінісімен болыс халқы Сарыасу өзені бойындағы Қоқан бекіністеріне қарай қаша жөнелді. Халықтың соңында қалған 4000 жылқы, 300 түйе, 40000-ға жуық қойды олжалап, 23 шілдеде осы өзен бойында салынған, Төрт-құлан шатқалынан 160 шақырым жердегі қоқандықтардың бекінісін басып алды. Әрі қарай бұл отряд Белеут өзеніне беттеді. Мұнда, Саржанның Шұбыртпалы, Ошақты-Үйсін руларынан құралған қазақтар яғни, Қарқаралы-Көкшетау сыртқы округтерінен қашып келіп қоныстанған-тын. Симанов 40 казактан тұратын отрядымен бұл болыс қазақтарын ізбе-із қуғынға алып, 350 жылқы, 278 түйесін тартып алды. Және 13 биді тұтқындады. Саржан сарбаздары тұтқындағы билер мен мал-мүлкін қайтарып алуға әрекеттенді. Бірақ, бұл әрекеттер сәтсіздікпен аяқталды.

Сәтсіздікке басты себеп, күреске тек Қарқаралы мен Көкшетау болыстарынан жиналған сарбаздар қатысқан еді. Міне, сондықтан да, өкімет бытыраңқы түрдегі қозғалыстардың жеке ошақтарын тез арада басып тастап отырды. Саржанның ташкенттіктермен біріге күресуі ұзаққа созылмады. 1834 жылғы Ташкент құсбегінің көмегі, Саржан үшін ешқандай табысты болмады. Ресейдің әскери қуатынан сескенген құсбегі, патшалыққа қарсы шығудан бас тартты [23, 210 б.]. Сондықтан Саржан жаңа, ірі көтерілістерге дайындық жасап, ұлы жүз қазақтарының басын біріктіруге тырысты. Ташкент қол астындағы ұлы жүздің бір бөлігін Саржанның өзіне тартуы, ташкент құсбегінің мүддесіне сай емес еді, сол себепті, 1836 ж. өзбектер Саржанды және оның балаларын азаппен өлтірді [23, 210 б.].

Дуандар ашылуына қарсы көтерілген күрестердің келесі бір ошағы Аягөз округі. Патша өкіметіне қарсы бұрқ еткен көтерілісті мұнда, Сыбанқұл Ханхожин бастады. Сыбанқұл 1841 жылы 15 маусымда патша отаршылдарына қарсы күресте тұтқындалып, Сібірде айдауда жүргенде қаза тапты [14, 50 б.].

Нәтижелер

1822 ж. «Сібір қырғыздары туралы Жарғының» іске асырылуының нәтижесінде округ құрылған бойда-ақ, бұйрық құрамына іліккен болыстардың көпшілігі Қытайға қарай ағылды. Аягөз округі тұрғындарының Қытайға бет бұру себебі, аумақ Қытаймен шекаралас еді.

Батыс-Сібір генерал-губернаторына жіберілген бір құжатта, осы округ қазақтарының қозғалысы жөнінде мәліметтер келтірілген. Онда 1835 жылы 23 сәуірде би Төлеміс Базаровтың 450 үйлі жанмен Қытай шекарасынан өтіп кеткені, бүкіл халықты Сыбанқұл Ханхожин мен Бегалы Жанбөбеков 540 қарулы адаммен хорунжий Масловтың әскерінен

қорғап, қарулы қақтығыс барысында болыс қазақтарын сәтті көшіріп әкете алғаны, бұл қарсылықтарды тоқтатуға Масловтың 25 орыс-казакты дереу көмекке жіберуін сұрағаны туралы баяндалады [30, 18 п.].

XIX ғасырдың I жартысында, 1822 жылғы «Жарғының» салдарынан Арқа даласы халқының тынышы кетті. Бірі Балқашқа көшсе, бірі Шуға, бірі Ташкентке көшсе, бірі Қытайға босты. Елдегі «Жаңа закунмен» адамдар жазықсыз қамауға алынды, жөн-жосықсыз мал-мүлік тартып алынды, бәрінен ауыры әйел адамдары қорлық көрді, ел ішінен қыз ұрланды. Осындай, берекесі кеткен болыс қазақтары: «егер осыншама жәбірленбесек, біз өзіміз мекендеген ата-қоныс, туған жер, суымыздан көшер ме едік» [23] – деп елдің көшудегі себебін анықтауға келген, тілмаштарға ызалана жауап берген. Қоқан-лоққылықпен, ел ішінен ұрланған адамдар тағдыры тіпті, хабар-ошарсыз қалып жатты. «Үрей туғызу азияттармен келіссөз жүргізгенде табысқа жетудің маңызды тәсілі» [23, 248 б.] – деген Горчаковтың сөзі билік басындағылардың шын мәніндегі ұстаным бағытын көрсететін еді.

Қорытынды

Міне, осындай сорақы жолдармен, елді бағындыруға, жаулап-басып алуға бағытталған патшалық өкіметтің реформасын елге мәдениет пен прогресс әкелуі мүмкін де емес еді.

1822 жылғы «Жарғының» іске асырылуын тоқтатуды орыс әкімшілігіне шын берілген Абылай Ғаббасов пен Тұрсын Шыңғысов та талап етті. Алғашында адасқан олар орыс басқыншыларының жауыздықтарын өз көздерімен көрді. Олар Азия департаментіне: жер, су, орманға иелік ету Көкшетау сыртқы округы қазақтарының иелігіне мәңгі және шексіз берілсін. Жерлер бөлінбесін. Барлық округтарға бекініс, ағаш үйлер салынбасын, ахундар мен діни қызметкерлер тағайындалмасын, қазақтардың өз молдалары жетеді, сұлтан балаларын солдаттыққа алу тоқтатылсын. Өзара ішкі жанжалдарды шешу, бұрынғыдай сұлтандар мен билердің шешіміне қалдырылсын. Ресей тәртібінің бізге қажеті жоқ. Уставта белгіленген жөндеу салығына 100 жылқыдан алынатын 1 жылқыға мін тағылмай қабылданатын болсын және салық ретінде 5 жасар жылқы берілуге рұқсат етілсін. 100 сиырға – 5 жасар өгіз қабылдансын, 100 жылқыға салық ретінде 2 жасар қой алынатын болсын. Әрбір қойға ақшалай төлем-салық талап етілмесін» [31, 11-12 бб.] деген талап қойды.

Азия департаменті, жоғарыда қойылған талаптар бойынша қанағаттардырарлық жауап бермегені түсінікті. Сұлтандардың талаптарының біреуін де орындау мүмкін емес» дейді. 1829 жылы Көкшетауда 70 казак семьясының «жайлы» өмір сүріп жатқанын, жаңа казак пикеттерінің бой көтергендігін, ал, Қарқаралыда 48 казак семьясының тұратынын, Коряковск форпостынан приказға дейінгі аралыққа 4520 шақырымнан 8 пикет тұрғызылғанын масаттана баяндайды. Сөйтіп, өз еркімен көшіп келген орыс-казак семьяларын осында келіп тұрғаны үшін марапаттау керек деген ойын білдіреді. Ол тіпті, қазақ жеріне орыс-казактарды көшіріп әкелумен шектелмей, Сібір линиясынан жаяу батальондарды да әкелу қажет дейді [31, 11-12 бб.]. Бұл, әрине, отарлау ісінің қарқынды жүргізіле бастағанын көрсетеді.

Өкінішке орай қазақ сұлтандарының ұстанымы әр түрлі болды. Мысалы аға-сұлтан Тұрсын Шыңғысов (1837 жылғы 9 наурыздағы Омбы облысының басқармасы бастығына жолдаған құжатында) Өлтеке-Сарымов қазақтарының көктем шығысымен, Бетпақдалаға көшкелі жатқан ниеттерін және олардың казак-орыстардың «жазалаушы» әскерінің өзін талқандауға бел буғандарын (қазақтардың) хабарлайды, сол үшін ол өзіне қосымша орыс-казак отрядын жіберуін сұранады. Нәтижесінде, Қарқаралыға Есаул Карбышевтің 12 офицер, 4 унт. офицер, 50 қатардағы жаяу казак әскері және 7-сібір линиясының батальоны жетіп келген [32, 11-12 бб.]. Олар бейбіт болыс қазақтарын аямастан жазалаған.

2. Saktaganova Z.G., Gladysheva A.G. *Deti Karlaga: usloviya sodержaniia po materialam arkhivov i vospominanii* // Vestnik Karagandinskogo Universiteta. Seriya «Istoriya». – 2022. – №3(107). – S. 182-192; Saktaganova Z.G., Abdrakhmanova K.K., Mazhitova Zh.S., Uderbayeva S.K. *On the History of the Formation of Orphanages in Kazakhstan in the 1930s* // Bylye Gody. – 2024. – 19(2). – R. 965-975; Saktaganova Z.G., Gladysheva A.G. *Smertnost i zaboлеваemost detei v Karlage v 1941 godu: deti materei-zakliuchennykh i volnonaemnykh* // Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya «Istoriya. Filosofiya». – 2024. – №3(115). – S.170-182; Saktaganova Z.G., Allaniiazov T.K., Tobylov A.S. *K istoriografii problemy «Deti v kazakhstanskikh lageriakh GULAGa»* // Vestnik Karagandinskogo Universiteta. Seriya «Istoriya. Filosofiya». – 2022. – №4(108). – S. 227-238; Allaniiazov T.K., Saktaganova Z.G. *Detskie uchrezhdeniia v Karlage* // Vestnik Karagandinskogo Universiteta. Seriya «Istoriya. Filosofiya». – 2023. – №1(109). – S. 127-143; Abdrakhmanova K.K., Saktaganova Z.G. *Repressivnaia politika sovetskoii vlasti v otnoshenii nesovershennoletnikh v 1918-1941 gg.: analiz normativno-pravovoi bazy (1 i 2 etapy)* // Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya «Istoriya. Filosofiya». – 2023. – №3(111). – S. 14-27; Abdrakhmanova K.K., Saktaganova Z.G. *Gosudarstvennaia repressivnaia politika sovetskoii vlasti v otnoshenii nesovershennoletnikh v 1941-1958 gg.: analiz normativno-pravovoi bazy (3, 4, i 5 etapy)* // Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya «Istoriya. Filosofiya». – 2023. – №4(112). – S.111-123 i dr.
3. *Deti kazakhstanskikh lagerei GULAGa i spetsposelenii. 1930-e – 1950-e gg. Sbornik arkhivnykh dokumentov i materialov. Tom I. Tom II.* Sostav. Z.G. Saktaganova, K.K. Abdrakhmanova, S.V. Eleukhanova. Otv. redaktor Z.G. Saktaganova. – Karaganda: Print, 2024. – 392 s. – 360s .; *Deti kazakhstanskikh lagerei GULAGa i spetsposelenii. 1930-e-1950-e gg.: kollektivnaia monografiya* / Saktaganova Z.G., Abdrakhmanova K.K., Allaniiazov T.K., Eleukhanova S.V. Pod obshch. red. Z.G. Saktaganovoi. – Karaganda: Print, 2024. – 511 s.
4. Nakhapetov B. A. *Ocherki istorii sanitarnoi sluzhby GULAGa.* – M.: ROSSPEN; Fond Pervogo Prezidenta Rossii B. N. Eltsina, 2009. – 191 s.
5. *Istoriya stalinskogo Gulaga. Konets 1920-kh - pervaiia polovina 1950-kh godov. Sbornik dokumentov v 7 tomakh. Tom 1. Massovye repressii v SSSR.* Otv. red. i sost. N. Vert. S.V.Mironenko. Otv. sost. I.A. Ziuzina. – M.: Rossiiskaia politicheskaiia entsiklopediia (ROSSPEN), 2004. – S. 277-281.
6. *Uznitsy«Alzhira».* Spisok zhenshchin-zakliuchennykh Akmolinskogo i drugikh otdelenii Karlaga. – M.: Zvenia. 2003. – 567 s.
7. Stark M. *Gulag-Kinder. Die Vergessenen Opfer.* – Berlin, Metropole. 2013. – 488 p.8.
8. *Gosudarstvennyi arkhiv Rossiiskoi Federatsii GARF.* – F.R-R-9414. – Op.1. – D.2767.
9. *Deti Karlaga.* – Karaganda: Tsentr pravovoi statistiki i informatsii pri prokurature Karagandinskoi oblasti, 1999. – 59 s.
10. GARF. – F.R-9414. – Op.16. – D.1140. – L.140-141.
11. GARF. – F.R-9414. – Op.1. – D.2753. – L.1-181.
12. *Arkhir Upravleniya Komiteta pravovoi statistiki i spetsialnym uchetam Generalnoi Prokuratury Respubliki Kazakhstan po Karagandinskoi oblasti (Arkhir UKPSi SU GP RK po Karagandinskoi oblasti).* – F.16. – D.157. – L.69.
13. *Arkhir UKPSi SU GP RK po Karagandinskoi oblasti.* – F.16. – Sv.7. – D.62. – L.4-8.

14. Alaniiazov T.K., Saktaganova Z.G. Detskie uchrezhdeniia v Karlage / Alaniiazov T.K., Saktaganova Z.G. // Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya «Istoriya. Filosofiya». – 2023. – №1(109). – S. 127-143.
15. GARF. – F.R-9414. – Op.1. – D.42. – L.87-88.
16. Arkhiv UKPS i SU GP RK po Karagandinskoi oblasti. – F.16. – Sv.10. – D.81. – L.79-80.
17. GARF. – F.R-9414. – Op.1. – D.31. – L.2, 27-27ob, 115, 153-153ob.
18. Saktaganova Z.G. Meditsinskoe obsluzhivanie v Karlage //Deti kazakhstanskikh lagerei GULAGa i spetsposelenii. 1930-e – 1950-e gg.: kollektivnaia monografiia / Saktaganova Z.G., Abdrakhmanova K.K., Allaniiazov T.K., Eleukhanova S.V. Pod obshch. red. Z.G. Saktaganovoi.– Karaganda: Print, 2024. – 521 s.
19. Arkhiv UKPS i SU GP RK po Karagandinskoi oblasti. – F.16. – Sv.24. – D.387. – L.192-193.
20. Arkhiv UKPS i SU GP RK po Karagandinskoi oblasti. – F.16. – Sv.2. – D.13. – L.59.

FTAXP/ МРНТИ / IRSTI: 03.20
ӘӨЖ/УДК/ UDC 94(574)

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2025.87.4.003>

Д.И. Салқынбек¹, Г.Н. Ксенжик²

¹Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-нің профессоры,
тарих ғылымдарының кандидаты
Қазақстан, Алматы қаласы.
E-mail: salkynbek.dosaly@mail.ru

²тарих ғылымдарының докторы, профессор
Қазақстан, Алматы қаласы.
E-mail: migkz@ya.ru

ХVIII-XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЕКАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ШЕКАРАЛЫҚ ӨНІРДЕГІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ӨМІРІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

Аңдатпа

Мақалада ХVIII-XX ғасырдың басындағы Ресей империясының саяси, әскери және мәдени экспансиясы нәтижесінде Қазақ хандығының шекараларының қалай өзгеріске ұшырағанын және бұл өзгерістердің қазақтардың өмір салтына қалай әсер еткені талданады. Автор қазақ даласының Ресей империясының отарлық ықпалына ұшырау үдерісін зерттеумен қатар жазбаша тарихи деректер мен көрнекі деректерге сүйене отырып, бұл кеңістіктің әлеуметтік, саяси және мәдени мәнін ашуға тырысады. Шекаралық кеңістік, сонымен қатар тоғысу, қарсыласу және бейімделу аймағы ретінде талданады.

XVIII-XX ғасырдың бас кезеңіндегі Қазақ жерлерінің Ресей империясының құрамына біртіндеп енуі барысындағы шекаралық кеңістікте өмір сүріп жатқан қазақтардың өміріндегі аса ауыр жағдайлар мен жаңа өзгерістерге қазақтардың бейімделуі олардың кәсібі, шаруашылығы, сауда-саттық саласы арқылы ашылып баяндалады.

Ресей империясының Қазақ жерлерін басып алғаннан кейін, Қазақ жерінде жүргізілген әкімшілік-аумақтық реформалардың зардаптарын ашумен қатар, бұл саяси экономикалық өзгерістердің шекаралық кеңістік аймағындағы қазақ халқының дәстүрлі өмір салтына, шаруашылығына, рухани дүниетанымына түбегейлі әсер етіп, жаңа тарихи өмірдің қалыптасқандығы жан-жақты талданады.

Кілт сөздер: империялық саясат, отарлық қанау, шекаралық кеңістік, шекаралық өзгерістер, жаңа өмірге бейімделу, қарсылық, қақтығыстар.

Алғыс. Мақала AP23485574 гранты аясында жүзеге асырылып жатқан «Фронтир» - Қазақстан тарихындағы XVIII-XX ғасырдың басындағы кеңістік құбылысы (көрнекі және жазбаша деректер негізінде) жобасы шеңберінде дайындалды. Мақала Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржыландыруымен орындалды.

Салкынбек Д.И. ^{*1}, Ксенжик Г.Н. ^{*2}

¹профессор КазНИТУ им.К.И.Сатпаева, кандидат исторических наук

Казахстан, город Алматы

E-mail: salkynbek.dosaly@mail.ru

²доктор исторических наук, профессор

Казахстан, город Алматы

E-mail: miqkz@ya.ru

ФОРМИРОВАНИЕ ГРАНИЦ КАЗАХСТАНА В XVIII – НАЧАЛЕ XX ВЕКА И ИЗМЕНЕНИЯ В ЖИЗНИ КАЗАХОВ В ПРИГРАНИЧНЫХ РЕГИОНАХ

Аннотация

В статье рассматривается, как изменялись границы Казахского ханства под влиянием политической, военной и культурной экспансии Российской империи в XVIII – начале XX века, а также как эти изменения отразились на образе жизни казахов. Автор, опираясь на письменные исторические источники и визуальные материалы, исследует процесс колониального влияния России на казахскую степь, раскрывая социальное, политическое и культурное значение приграничного пространства. Приграничье анализируется как зона пересечения, сопротивления и адаптации.

Постепенное вхождение казахских земель в состав Российской империи в указанный период сопровождалось серьезными изменениями в жизни казахов, проживавших в приграничных регионах. Адаптация к новым условиям раскрывается через изменения в хозяйстве, ремесле и торговле.

Помимо этого, в статье подробно анализируются последствия административно-территориальных реформ, проведенных Россией после захвата казахских территорий, а также политико-экономические изменения, оказавшие глубокое влияние на традиционный уклад жизни, хозяйство и духовный мир казахского народа. Всё это привело к формированию новой исторической реальности.

Ключевые слова: имперская политика, колониальная эксплуатация, приграничное пространство, изменения границ, адаптация к новой жизни, сопротивление, конфликты.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации гранта AP23485574 «Фронтир» как пространственное явление в истории Казахстана XVIII – начала XX вв. (на основе визуальных и письменных источников). Работа выполнена при финансовой поддержке Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан.

Salkynbek D.I. ¹, Ksenzhik G.N. ^{*2}

¹Professor at Satbayev University, Candidate of Historical Sciences
Kazakhstan, Almaty

E-mail: salkynbek.dosaly@mail.ru

²Doctor of Historical Sciences, Professor

Kazakhstan, Almaty

E-mail: migkz@ya.ru

FORMATION OF KAZAKHSTAN'S BORDERS IN THE 18TH – EARLY 20TH CENTURY AND CHANGES IN THE LIVES OF KAZAKHS IN BORDER REGIONS

Abstract

This article explores how the borders of the Kazakh Khanate were transformed as a result of the political, military, and cultural expansion of the Russian Empire during the 18th to early 20th centuries. It analyzes the impact of these changes on the traditional lifestyle of the Kazakh people. Relying on written historical sources and visual materials, the author examines the process of Russian colonial influence on the Kazakh steppe, aiming to uncover the social, political, and cultural significance of the borderland. The border space is analyzed as an area of intersection, resistance, and adaptation.

The gradual incorporation of Kazakh lands into the Russian Empire during this period led to profound changes in the lives of Kazakhs living in the frontier regions. The article illustrates how the Kazakhs adapted to these new conditions through their occupations, economy, and trade.

Additionally, it thoroughly analyzes the consequences of administrative-territorial reforms implemented by the Russian Empire after the occupation of Kazakh territories. The study shows how these political and economic changes radically affected the traditional way of life, economic practices, and spiritual worldview of the Kazakh people, ultimately leading to the emergence of a new historical reality.

Keywords: imperial policy, colonial exploitation, borderland, border changes, adaptation to new life, resistance, conflict.

Acknowledgment. *This article was prepared within the framework of the AP23485574 grant project titled "Frontier" as a Spatial Phenomenon in the History of Kazakhstan in the 18th – Early 20th Centuries (Based on Visual and Written Sources). The work was carried out with the financial support of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.*

Кіріспе. XVIII ғасырдың алғашқы ширегі Қазақ мемлекетінің сыртқы жағдайының аса күрделілігімен ерекшеленеді. Қазақ мемлекетінің солтүстігі мен батысынан Ресей империясының, шығысынан Жоңғар мемлекетінің, оңтүстігінен Орта Азия хандықтарының қауіп туғызуы оның сыртқы жағдайының аса ауыр болғанын көрсетеді. Осы кезеңдегі Қазақ хандығының сыртқы жағдайын суреттеген Ш.Уәлиханов: «XVIII ғасырдың алғашқы онжылдығы қырғыз(қазақ) халқының өміріндегі сұмдық уақыт болды. Олардың ұлыстарын жоңғарлар, еділ қалмақтары, жайық казактары және башқұрттар әр жақтан талқандады, малын айдап әкетіп, тұтас әулеттерді тұтқын етіп алып кетті» - деп суреттеген еді [1]. Қазақ хандығының сыртқы және ішкі жағдайының аса ауыр кезеңін тиімді пайдаланған Ресей империясы шығысқа қарай ұмтылып, өзінің шекарасын ұлғайту мақсатында кең көлемдегі шараларға көшті. Қазақ жерлерінің Ресей империясының құрамына тұтастай бір мезгілде кірмегені белгілі. Ресми құжаттар бойынша 1731 жылдан басталған процесс 1860 жылдары аяқталып, Ресей империясының қазақ жерін жаулап алуына 130 жылдай уақыт кетті. Осы жылдар аралығында Ресей империясы қазақ жерлерін жаулап алудың әртүрлі тәсілдерін

пайдаланды. Қазақстанның батыс аймағынан басталған бұл процестің барысында қазақ мемлекетінің шекарасы да тарылып, елеулі өзгеріске ұшырай бастады. Шекараның өзгеруі де өз кезегінде халықтың әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси тұрмысына да өзгерістер енгізді. Халқымыздың XVIII ғасырдан бергі кезеңдегі тарихының денін орыс тарихшыларының, саяхатшыларының және тағы да басқа зерттеушілерінің еңбектері құрайтыны белгілі. Яғни, XVIII ғасырдың алғашқы жартысынан бастап, Қазақ жерлерінің шекарасын айқындауда саяхатшылардың жазбалары, дипломаттардың ресми хаттары, ресей үкіметінің жіберген арнайы экспедицияларының жазбалары, арнайы тапсырмаларды орындау барысындағы орыс офицерлерінің баяндаттары, әскери соғыс карталары, орыс географиялық қоғамның жазбалары жазбаша мәлімет ретінде үлкен деректерді толықтырса, Ресей империясының қазақ жерлерін жаулап алуы барысында жасалған карталар, әскери бекіністер, салынған форттар мен шептер, әскери жорықтардың картасы да аталған мерзімдегі қазақ жерлерінің шекарасын анықтауда және Ресей әскерлерінің қазақ жеріне ішкерлей енуі барысындағы шекаралық өзгерістерді айқындауда маңызды мәліметтер береді.

Материалдар мен әдістер. Мақаланың деректік негізін XVIII-XX ғасырдың бас кезеңіндегі қазақ жерінің шекарасын және оны саяси, экономикалық, мәдени-рухани тұрғыдан Ресей империясының жаулап алуы барысындағы отаршылдық саясаттың өлке халқына тигізген әсерін, шекаралық кеңістіктегі өзгерістерді және оның зардаптарын зерттеген Ресей және Қазақстандық ғалымдардың еңбектері құрайды.

Мақаланы жазуда тарихи объективтілік, салыстырмалы талдау, жүйелеу, сипаттау және тағы басқа жалпы ғылыми әдістер қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар. XVIII ғасырдың бас кезінен бастап, Ресей империясы қазақ жерлерінің аумағын, қазақ жүздерінің орналасуын, қазақ хандығының ішкі жағдайын, жүздік, рулық құрылымын, әлеуметтік-саяси дамуы мен экономикасын, этнографиясы мен тарихын жан-жақты зерттеуге кірісті. Осы кезеңдегі Қазақ мемлекетінің шекарасын анықтауда Ресей үкіметі жіберген арнайы зерттеу экспедицияларының мәліметтері маңызды. Ресей үкіметі бекіткен бұл экспедициялардың міндеті ретіндегі арнайы нұсқауда: «...экспедиция құрамында жерді, өзен-суды қағазға жақсы түсіре алатын әскери маман болуы керек, бұл жұмыстар жергілікті адамдарға сездіртпей, халықтың ашу-ызасын келтіріп алмай, өте сақ жасырын жүргізілуі тиіс» делінген тапсырмалар болды[2]. Қазақ хандығының шекарасы, географиялық жағдайын зерттеу мақсатында жіберілген экспедицияның құрамында болған зерттеуші И.Г.Георги былай деп жазады: «Қазақтардың далалары батыста Орал өзеніне дейін, солтүстікте Уя мен жаңа Сібір немесе Есіл шебіне, одан әрі Тобылдан Ертіске дейін, шығыста Суразы өзіне, Хиуа, Түркістан және одан әрі, оңтүстік-шығыста және оңтүстікте Сырдария өзені және Арал мен Каспий теңізіне дейін созылып жатыр. Бұл кең байтақ дала, батыс пен оңтүстік-батыс кіші, шығысы мен солтүстігін Орта орда иеленген, көбісіне құмды және сорлы ашық және құрғақ алқаптардан тұрады, шығымды егіндік жерлер аз, ал орманды жерлер одан да аз. Ішімдік таза сулары да тапшы. Көптеген өзендері шамалы немесе өте тұзға бай, ішімдік таза суы бар өзендер аз. Шекаралық өзендерден басқа атақты өзендері мыналар: Ертіске құйылатын Тобыл және Есіл, сонымен қатар Ембі, Ырғыз және Торғай, біріншісі Каспий теңізіне, қалғандары – Ақсақал өзеніне құяды»[3]. Саяхатшы И.Г.Георгийдің жазбалары бойынша жасалатын негізгі тұжырым ол сол кезеңдегі қазақ жерлерінің шекарасын айқын сипаттай отырып толық қамтылғандығы.

Орыс зерттеушілері Қазақ халқының шекарасын айқындауда, қазақ жүздерінің орналасқан аймағын анықтау арқылы, тұтас қазақ жерлеріне сипаттама жасады. XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақтардың үш жүзінің алып жатқан аумағы мен шекарасына кеңінен сипаттама берген орыс зерттеуші И.К.Кирилов болатын. Ол, Ұлы жүздің қыстауларына Балқаш өзенінің оңтүстік жағалауын, Мойынқұм, Талас, Шу және Іле өзендерінің жазықтарын, жазғы жайлауы Тянь-Шань тауларының сілемдері мен Қаратау тауларының жоталарында орналасқандығын, ал Оңтүстіктегі Ұлы жүздің орналасқан аймағы Шыршық және Арыс өзендері бойымен, Ферғана даласының солтүстік-батысына дейін барып, Ташкент қаласымен қоса Сырдария

өзені бойымен Бұқар хандығының шекарасына дейін жеткендігін атап көрсетеді. И.К.Кириловтың сипаттамасы бойынша Орта жүз қазақтары Солтүстік-Шығыс, Орталық, Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның кең байтақ жерлерін алып жатқан. Кіші жүздің жерлері Батыс Қазақстанды қамтыған. Кіші жүздің жазғы жайылымдары Үстірттің кеңістігімен қоса, Ор, Орал, Елек, Ембі, Темір өзендеріне құятын кішігірім өзендер және Мұғаджар тауларының ауданында орналасты, қыстаулары Ырғыз өзені мен Сырдарияның төменгі ағысы, Арал теңізіне дейін, батыста Маңғыстау жарты аралын, Атыраудың алқаптарын, Нарынның құмдарын қамтыған [4, б.б. 226-235].

Орыс зерттеушілерінің ішінде XVIII ғасырдағы халқымыздың үш жүзінің аумағын, ішкі және сыртқы шекарасын, қоныстары мен жайылымдарына толық сипаттама берген әкелі-бала П.Н.Рычков пен Н.П.Рычковтар болды. П.Н.Рычков 1730-1750 жылдар аралығында Ресей үкіметінің қазақ билеушілерімен арадағы қарым-қатынас іс қағаздарын жүргізген жауапты тұлға болды. Соның негізінде жазылған «Орынбор тарихы» еңбегінде Орынбор шекаралық шебінің құрылу тарихымен қоса, сол кезеңдегі бұл өлкенің тарихи географиясын қамтып шығады. Қазақ өлкесін зерттеу жөніндегі әкесінің ісін одан әрі жалғастырған Н.П.Рычков «Капитан жазбалары» еңбегінде Қазақ жерінің жер аумағын, ондағы өзен-көлдер мен таулардың атауларын келтіре отырып, қазақтар қойған әрбір атауға түсініктеме беру арқылы қазақ өлкесінің жер аумақ тарихын одан әрі аша түсті[5].

XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезеңіндегі Орыс зерттеушілерінің еңбектерінен Қазақ жерлерінің орналасқан аймағына берілген сипаттамалық мәліметтер кездеседі. Мәселен, этнограф Н.А.Аристов: «Түркі тайпалары мен халықтарының этникалық құрамы және олардың саны туралы жазбалар» атты еңбегінде: «Бұл халық саны бойынша Түрік халықтарының арасында екінші орын алады, ал жерлерінің кеңістігі бойынша бірінші орында тұр, себебі олардың жерлері Монғол Алтайынан – Амударияның сағасы мен Каспий теңізіне дейін созылып жатыр» деп жазып, халқымыздың саны мен жер аумағын толық сипаттап жазған болса[6, б.21], XX ғасырдың бас кезіндегі орыс тарихшысы К.К.Абаза: «Европалық Ресейдің тең жартысына теңелген, Волганың төменші ағысының жағасынан Тарым өзеніне дейін және Сырдарияның сағасынан Ертіс өзеніне дейін созылған байтақ алқап жерлерін, бұнда бұрынғы уақыттан бері орналасқан қырғыздардың (қазақтардың) қоныстары алып жатыр» деп, халқымыздың тарихи ата қонысы туралы бұрынғы жазбаларды одан әрі байытты[7, б.22].

Жалпы, Ресей империясының Қазақ жерлерін жаулап алу барысындағы қазақ хандығының шекарасына қатысты орыс зерттеушілерінің біз тоқталып кеткен еңбектерден басқа да еңбектер бар. Біз тек негізгі деген еңбектерге ғана шолу жасап өттік. Сонымен қатар, қазақ хандығының шекарасына қатысты көрнекті деректердің ішінде Ресей империясының қазақ жерлерін жаулап алу мақсатында ішкерлей еніп салған әскери бекіністері мемлекеттік шекарамыздың көрінісін айқын ашып береді. Және бұл бекіністердің кезең-кезеңімен салынып орналасуы қазақ мемлекетінің мемлекеттік шекарасын үлкен өзгерістерге ұшыратты.

XVIII ғасырдың бас кезінде салына бастаған Сібір бекінісі белдеуінің жалғасы ретінде 1717 жылы Омбы, Железинск, Ямышев бекіністері 1718 жылы Семей бекінісі тұрғызылған болса 1720 жылы Өскемен бекінісі тұрғызылды. Бұл қазақ жерін тікелей отарлап кірудің бастамасы болды. Осы әскери бекіністерге тоқталып өтейік. Орынбор бекінісі шебі 1730-1740 жылдары Жайық өзені бойында салынды. Орынбор бекінісі шебінің жалпы ұзындығы Звериноголовск бекінісінен Гурев бекінісіне дейін созылып 2500 шақырымға созылды. Бекіністер аралығында форпостар, күзет мұнаралары, қорғаныс оқпандары болды. XVIII ғасырдың 50-ші жылдарынан бастап Ресей империясы әскери-инженерлік шараларды іске асыру үшін Қазақ жерінің солтүстік және шығыс өңірін қоршап, арнайы шеп құрудың жоспарын жасап, қазақ жерін әскери күшпен отарлауға жүйелі түрде көшті. Әскери бекіністер салу арқылы әскери отарлауды «табысты» жүргізіп дәнiккен Ресей билігі 1745 жылы бұрынғы «Старо Ишимская» шебін одан әрі кеңейтіп, 1752 жылы Ертіс өзенінің бойындағы Қызылжар деген жерге бекініс салып, оған Петр және Павел әулиелерінің атауын берді. 1734 жылы

жоғарғы Жайық шебінің незігі қаланды. Шептің ұзындығы: Қазіргі Атырау қаласынан басталып, Алабұға (қазіргі СҚО жері) шебіне дейін ұзындығы-1780 шақырымды құрады. XVIII ғасырдың 30-40-шы жылдары жоғарғы жайық қамалынан Звериноголовски қамалына дейін 770 шақырымға созылған Үй шебі құрылды. XVIII ғасырдың 50-ші жылдары ұзындығы 930 шақырым Ертіс шебін салу аяқталды. Ұзындығы 1684 верст қашықтықты қамтыған бұл шеп Омбыдан оңтүстік-шығысқа қарай Ертісті жағалай, Қытаймен шекарадағы Урыльск селосына дейін жалғасып жатты. Сонымен қатар, Тобол өзенінің бойында орналасқан шекаралық пункт Звериноголовск редутынан Омбы бекінісіне дейін аралықта тағы бір шеп құрылып, оған 33 редут, 32 маяк орнатылып, оны «Есіл шебі» деп атады. Сібір редутынан Омбыға 5 дейін ұзындығы 553 верст шеп құрылды. Бұл шеп қазақтардың байырғы қонысын көктей өтіп, 250 шақырымға ішкері енді. Ор мен Ертіс бойын жалғастырған «Қасірет белдеуі» осылай құрылған болатын.

1752 жылы 26 наурызда Ресей санатының шешімімен ұзындығы 548 верст болатын, 9 қамал мен 53 редуттан тұратын Ново-Ишим шебін салу аяқталды. Бұл шеп 540 шақырымға созылған Уйск шебін Ертіс шебімен жалғастырды. XVIII ғасырдың 50 жылдары ұзындығы 930 шақырым Ертіс шеп-белдеуін жасақтау аяқталып, Өскемен-Кузнецк аралықта 723 шақырым «Колывановская белдеуінің» құрылысы басталды. Бұл шеп Өскемен бекінісінен бастап, Алтай тауларын жағалай, Колыван зауыттарын басып өтіп, Кузнецк шебімен жалғасты. Бұл шеп-бекіністерге көп әскер шоғырландырып, «орыс-казак қоныстарын салу керек» деген желеумен қазақтардың ата-мекен жері тартып алынды. Сондай-ақ, қазақтардың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі көшіп-қону жолдары бұзылды[8, б.10].

Әскери бекіністер салу арқылы Қазақ жеріне ішкерлей еніп, оның біраз бөлігін XVIII ғасырдың өзінде-ақ бағындырған Ресей империясы XIX ғасырда оны одан әрі жалғастырды. Мәселен 1847-1854 жылдары аралығында жаңа Сібір бекіністері салынды. Семей бекінісінен басталып, Сергиопол, Қапал, Верный бекіністерімен ұласып, қазақ жерлерінің оңтүстік-шығыс бөлігін бағындырса, 1855-1864 жылдары Сырдария бекіністер шебі, оған Түркістан, Перовск, Қазалы, Арал бекіністерін салу арқылы бүкіл Қазақ жерлерін отарлауды аяқтады. Бекіністер салу арқылы Қазақ жеріне бекінді деп айтуымызға болады.

XVIII ғасыр мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ жерлерінің шекарасын анықтауда орыс ғалымдары дайындаған арнайы карталардың да алар орны ерекше. Ол карталарда: қазақ жерінде орналасқан өзендер мен көлдердің, елді мекендердің, қазақ жүздерінің орналасқан аумағы, молалар орындары, су құдықтары, әскери бекіністер, пайдалы қазбалар орындары, экспедиция бағыттары, шекаралық бекеттер, қыстақтардың орындары, орманды алқаптар және қазақ жерлері ресей империясының құрамына қосылғаннан кейінгі облыс, уезд, округтер мен болыстардың әкімшілік аумағы көрініс тапты.

XVIII ғасырдың бас кезінде Ресей империясында аймақтардың географиялық картасын жасау ісі қолға алынды. 1741 жылы Орынбор комиссиясы жанынан географиялық департамент құрылып, осы департамент қызметкерлері Орынбор губерниясының атлас картасын жасап шығарды. Қазақ хандығының шекарасын айқындау, ісінде мол мағлұматтар беретін бұл Орыс географ ғалымдары мен геодезистерінің ісі одан кейінгі жылдары өз жалғасын тапты. XVIII ғасырдың бас кезеңінен бастап, қазақ жерлерін картаға түсіру С.У.Ремезовтың «Книга большого чертежу» еңбегінен бастау алады. Еңбекте XVI-XVIII ғасырларда Ресей империясының Сібір, Алтай, Қазақ жерлеріне басып кіруде негіз болған Ертіс, Ишим, Тобыл өзендерінің төменгі бойындағы әскери бекіністерге толық сипаттама берілген. Қазақстанның тарихи картографиясы мен географиясын зерттеуде орыс тарихшысы А.И.Левшиннің «Описание киргиз-казацких или киргиз-кайсацких орд и степей» атты еңбегінің маңызы зор. А.И.Левшин топограф А.К.Тимофеевпен бірлесе дайындаған «Қырғыз-кайсақ даласы және Түркістан» деген қолжазба картасында Қазақ жеріндегі барлық орыс бекіністер шебі, саяси-әкімшілік бөліністер, қазақ жүздерінің шекарасы, негізгі сауда жолдары бейнеленген. А.И.Левшин Қазақ жерлерінің шекарасы жөнінде: «Оның солтүстік шекарасын, ең алдымен, Алтай тауларының бір бөлігі құрайды, содан кейін Ертіс өзені, Ертістен Тобылға

дейін немесе Звериноголов бекінісіне дейін, яғни Сібір шебі, Звериноголав бекінісінен Үй өзенінің сағасына дейін – Тобыл өзені, әрі қарай Үй өзені және одан кейін Спасск форпостынан бастап Орынборға дейін, дәлірек айтсақ, Нежин форпостына дейінгі Орал өзені, ол жерден шекара Бердянка өзенімен жоғары қарай өтеді, әрі қарай Бурал және Ілек өзендерімен оның сағасына дейін, ақырында тағы да Орал өзенімен өтеді. Батыстағы шекарасы-сол Орал өзені мен Каспий теңізінің бір бөлігі. Оңтүстігінде қырғыз-қазақтар Каспий теңізінің шығыс жағалауында көшіп-қонып жүрген түркмендермен, Арал теңізіне дейін шектеседі», - деп жазып, бүкіл қазақ жерлерінің алып жатқан шекарасына толық сипаттама берді[9, б.20].

XVIII ғасырдан бастап, XX ғасырдың бас кезеңіне дейінгі орыс ғалымдары мен басқа да зерттеушілердің қазақ хандығының шекарасы жөніндегі еңбектеріне шолу жасаудағы басты мақсат, осы кезеңдегі қазақтардың ата-мекеніне сипаттама бере отырып, Ресей империясының жаулап алуы нәтижесінде қазақ жерлерінің біртіндеп шекарасының өзгеріске ұшырауы және сол өзгерістердің қазақ халқының дәстүрлі өмір салтына, шаруашылығына, рухани дүниетанымына түбегейлі әсер етуін ғылыми тұрғыдан сараптау болып табылады.

Қарастырып отырған кезеңдегі Қазақ, Ресей қарым-қатынастары, шекараның қалыптасуы, Қазақстанның Ресей құрамына кіруі жөнінде айтқанда, бірінші кезекте Ресей империясының қазақ жерін әскери күшпен жаулап алғандығын ашып айтамыз. Ресей империясы тарихының білгірі профессор В.О.Ключевский: «Ресей тарихы – бұл отарлаушы елдің тарихы. Ондағы отарлау аймағы мемлекеттің аумағымен бірге кеңейіп отырды. Кейде бәсеңдеп, кейде қарқын алып отырған бұл ғасырлар бойғы қозғалыс бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді» - дей отырып, Ресей империясының жаулап алушы, отарлаушы тарихына шынайы баға береді[10]. XVIII ғасырдың бас кезінен бастап, Қазақ жерлерінің Ресей империясының құрамына кіре бастауына байланысты, қазақтардың шаруашылығында күрделі өзгерістер жүрді. Отаршылдықтың әкімшілік құрсауы салдарынан кең дала тарылып, ежелден малға жайылым болып келген байырғы Қазақ жерлері, орманды алқаптар, қамысы мен құрағы мол жерлер келімсектердің табанының астына түсіп, қазақ халқы суы тапшы, шөлейт жерлерге қарай ығыстырылды. Ресей үкіметінің отаршылдық саясаты салдарынан ежелден келе жатқан көші-қон жолдары бұзылды. Ең бастысы, қазақ халқының шұрайлы жерлері тартылып алынды. Қазақ жерлерін әскери күшпен тартып алу кіші жүз ресми түрде Ресей империясының құрамына кіргеннен кейін-ақ, басталған болатын. Мәселен, 1742 жылы 19 қазанда Орынбор губернаторы И.И.Неплюев қазақтардың байырғы мекені Жайық өзені маңына көшіп-қонуға тыйым салу туралы жарлыққа қол қойды. Онда: «Жарлықта көрсетілгендей барлық қырғыз-қайсақ хандарына, сұлтандарға, старшындар мен барлық халықтарға жар саламын, бұдан былай осы жарлық алғаннан кейін қамал маңында және Жайық өзеннің арғы бетіне көшіп-қонуға тыйым салынады. Егер ол бұзылатын болса, онда қатаң жаза қолданылады» - деген қоқан-лоққы ескерту бар болатын[11,б.47]. Ресей империясы қазақ жерлерін жаулап алу барысында және аймақты бағындырып ұстап тұруда, шекараны күзетуде казактардың әскери күшіне иек артты. «Айлакер, шапшаң әрі өжет жау – қырғыздарға(қазақтарға) қарсы табысты әрекет ете алған тек казактар ғана болды, тұрақты әскер-солдаттар мен тіпті драгундар да ол өңірде казактардан әлдеқайда әлсіз болып шықты», деп, Қазақ жерін отарлауда бірінші кезекте казактарға жүктелгенін орыс зерттеушілерінің өздері де мойындап жазды[12]. Кешегі ұры-қаралардан, қылмыскерлерден құралған топтың қолына қару беріп, қазақ жерін жаулап алуға аттандырған Ресей империясы басып алған жерлердің, ең шұрайлы бөлігін соларға берді. Атап айтқанда: Көкшетау, Атбасар, Ақмола, Қарқаралы, Баянауыл және Зайсан көлінің аймағындағы Сібір казак әскерлері 5 миллион десятина жерді тартып алып иелік етті. Оған қоса, 1904 жылы екі аралықтағы белдеу ретінде бұрын қалдырылған Ертістің сол жағалауындағы он шақырымдық өңірде Сібір казактарына берілді. Ал, Жетісу казак әскерлері Жетісу облысындағы 600 мың десятина құнарлы жерді иеленді[13].

Ресей империясы Қазақстан мен Орта Азияны басып алғаннан кейін, осы үлкен аймақты ұстап тұру үшін казактардың әскери күші жеткіліксіз екенін түсінді. Сондықтан, 1860 жылдары Қазақ жерін толық жаулап алғаннан кейін бұл аймақтағы орыстардың санын көбейту

кең көлемде мемлекеттік дәрежеде қолға алынды. Арнайы қоныс аудару басқармалары құрылып, бұл басқармалар Ресейдің ішкі аудандарынан қазақ жеріне орыс шаруаларын кезең-кезеңімен қоныс аудару ісімен айналысты. Бұл істердің ұқыпты іске асырылғаны соншалық, қоныс аударушылар үшін арнайы мемлекет қаржысы бөлініп, қоныс аударушылардың жолында арнайы тұрақтар ұйымдастырылды. Онда қоныс аударушыларға дәрігерлік көмек көрсетіліп, қаржы-қаражат берілді, азық-түлікпен қамтамасыз ету ұйымдастырылды. Міне сондықтан, Ресей империясының қазақ жерін отарлау саясатының нәтижесінде жүргізілген жұмыстар өз «жемісін» беріп, XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанның кейбір аймақтарында жергілікті тұрғындардан келімсек қоныстанушылардың саны артты. Мәселен, XX ғасырдың бас кезінде Ақмола облысындағы халықтың 58% келімсек орыс шаруалары құрады. Келімсектердің екінші ірі шоғырланған жері Торғай облысы болды. 1897 жылы ондағы орыстардың саны 35.028 адам болса, 1911 жылы 235.480 адамға өсті. Яғни 14 жылдың ішінде 7 есеге өскен[14].

XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың бас кезінде Ресейден қазақ жеріне қоныс аударушылардың егі толастамауына байланысты, бұнда басы бос жерлер азайып, жер иесі қазақтар мен орыс қоныс аударушылары арасында жер үшін талас күшейіп, оның арты ұлтаралық қақтығыстардың жиілеуін күшейтті. Ресей үкіметі қоныс аударушылар үшін «артық» жерлерді анықтау мақсатында арнайы экспедициялар ұйымдастырды. Ф.А.Щербина экспедициясының құрамында Қазақстандағы артық жерлерді анықтау онда қоныс аударушыларды орналастыру жолында үлкен «еңбек сіңірген» және қоныс аударудың жай-жапсары жөнінде бірнеше еңбектер жазған профессор А.А.Кауфмен 1905 жылы «Қоныс аудару және отарлау» деген еңбегінде: «1905 жылға дейін шаруалар отарлауы үшін бөлінген 3 миллион десятина жер сияқты көлемде жерді енді дала аймақтары ешқашан да бере алмайды деп айтсам, қателеспеймін деп ойлаймын» - деп жаза отырып, қазақ жерінің шамадан тыс көп тартып алынғанын мойындайды және қазақ даласын орыстардың отарлауы аяқталды деп есептеу керек деген қортынды жасайды[15]. Қазақ жерлерін тартып алу А.Кауфман қортындысымен аяқталған жоқ. Жерді тартып алу одан кейінгі жылдары да жалғасып 1906-1916 жылдар аралығында тағы да 17 миллион десятина жер тартып алынса, тартып алынған жерлердің жалпы көлемі 45 миллион десятинаға жетті. Жерінен айрылған қазақтар қатты күйзеліске ұшырап, кедейленді. Қазақтардан, кешегі өзінің ата қонысын жалға алып пайдаланғаны үшін салық төлеп тұруға мәжбүр болды.

Ресей империясының қазақ жерлерін жаулап алып, ішкерлей енуіне байланысты шекараға жақын аумақтардағы Қазақ рулары жаңа экономикалық жағдайға және әлеуметтік формаларға бейімделе бастады. Қазақтардың көшпелі шаруашылығы қозғалу еркіндігі маусымдық көші-қонға тікелей тәуелді болды. Бірақ шекаралар мен тұрақты әскери бекіністердің пайда болуымен бұл еркіндік шектеле бастады. Шептерге жақын өмір сүрген қазақ рулары басқа аймақтарға қарағанда бейімделуге көбірек мәжбүр болды. Жартылай отырықшы өмір салтына көшу, саудамен айналысу, әскери әкімшіліктермен ынтымақтасу шекаралық кеңістікте өмір сүріп жатқан қазақтардың өміріндегі басты ерекшеліктер болды.

XVIII-XX ғасырдың бас кезіндегі шекаралық кеңістіктегі халқымыздың тұрмыс-тіршілігіндегі елеулі өзгерістерді бейнелейтін саланың бірі сауда-саттық. Қазақ жерлерінің Ресей империясы құрамына қосыла бастауына байланысты Кіші жүз жерлерінің бір бөлігін кейіннен Қазақстанның басқа да аймақтарын империяның шаруашылық, сауда-саттық дамуы жүйесіне біртіндеп тарту, Ресей мануфактуралық өндірісінің өнімін өткізетін арзан, қолайлы және жақын рыноктар іздеу, ішкі-сыртқы сауданың дамуы үшін қолайлы жағдай қалыптастырды. Алғашқы кезде әскери-тірек пункттері ретінде құрылған Орск, Орынбор, Петропавл, Семей, Өскемен бекіністері мен басқа да қоныстар, көшпелі қазақ халқы мен казак қоныстарының тұрғындары арасындағы шаруашылық қатынастарда маңызды рөл атқарса кейінгі жылдары Ресейдің Қазақстанмен, Орта Азия аумағымен, Цин империясымен және Орталық Азияның басқа да елдерімен сауда байланыстарын кеңейтуде алдыңғы қатарға шықты.

XVIII-XIX ғасырларда Қазақстанның батыс аймағын мекендеген қазақтар мен көрші жатқан Ресей халықтарының арасындағы сауда-саттықтың дамуына Троицк, Орынбор қалалары басты рөл атқарған. Бұл жөнде капитан Н.Рычков «1771 жылы Қазақ даласына жорығының күнделік жазбалары» атты еңбегінде былай деп жазады: «Қаракөл қамалынан шыққан жол қыратты жермен өрлеп, бұл қыраттың жоталары осы қамалдан 53 шақырым аралықтағы Троицк қамалына дейін жалғасады. Троицк қамалы үй өзеніне келіп құятын Увелки өзенінің сағасына жақын салынған. Ол – Орынбор губерниясының бүкіл жеріндегі барлық елді мекендердің ішіндегі ең атақтысы. Өйткені Ресей көпестері мен Оңтүстік Азияның іргелес жерін мекендейтін көптеген қыр халықтарының арасындағы сауда осында өтеді. Бұл арадағы саудаға түсетін дүние мүліктің ең бастылары – көрші қазақтар айдап әкелетін мал, бұхарлықтар, қашқарлықтар, түрікмендер, хиуалықтар әкелетін мақта және басқа да көптеген азиялық тауарлар»[16, б.104].

Шекаралық аймақтардағы сауда-саттықтың өрістеуі туралы айтқанда оның әу бастан-ақ таза сауда-саттыққа негізделмегенін, бұл сауда барысында да Ресей үкіметі тарапынан отаршылдық саясат иісі аңқып тұрғанын бағамдауға болады. Өйткені, қазақ жерін отарлау саясатының бір тармағы сауда-саттықта жатты. Ресей саудасы халықты талап-тонаудың тағы бір мәдениетті тетігіне айналды. Ресей саудагерлері қазақтың қолындағы мал өнімдерін шикізат ретінде су тегін бағаға алып, қымбатқа өткізді. Бұлармен бірге, қазақ даласында алдап-арбау, тонаушылық қатар өрістеді. Осылайша қазақ халқының қалыптасқан тұрмыстық жүйелі өмірін Ресейдің капиталистік қоғамы бұзды. Көшпелі өмірді бастан кешіріп, бейбіт өмір сүріп жатқан қазақтарға салық салу басталды. Сібір өлкесін зерттеуші Н.М.Ядринцевтің жазуынша «...әскери және мемлекеттік отарлаудан кейін өнеркәсіптік, сауда отарлау жалғастырылды» [17]. Ресей империясының экономикалық сауда арқылы отарлау саясаты жөнінде академик С.Зиманов өзінің «XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақтардың қоғамдық құрылысы» деген еңбегінде: «Орыс көпестері мен капиталистер қазақтардан малдың жүні мен терісін өте төмен бағаға сатып алып, орталық Ресейдің сапасы төмен арзан тауарларын жоғары бағаға өткізіп, қазақтарды қанау арқылы пайдаға кенелді», - деп сол кезеңдегі сауда-саттықтың отарлаушылық сипатын айқын ашты[18].

Ресей көпестері арзан сауданы қыздыра түсу үшін қазақтармен шектескен шекаралық аймақтарда «Меновой двор» атты сауда нүктелерін ашты. Осы нүктелер Орынбор, Троицк, Қызылжар, Омбы, Семей, Өскеменде, одан кейін Ақтөбе, Ырғыз, Атбасар, Қоянды, Шу бойында пайда болды. Орыс саудагерлері Ресейдің жеңіл өнеркәсіп тауарларының құнын бірнеше есе қосып, қазақтарға сатты. Қазақтар мәжбірліктен ол заттарды малға айырбастап алып отырды. XX ғасырдың бас кезінде Ақмола уезінде айырбас саудадан орыс көпестері 63 млн сомның, Орынбор базарында жүн саудасынан 1 млн, 778 мың сомның пайдасын тапқан [19].

Қазақтар мен Ресейліктер орналасқан шекараның аймақтардағы халықтар арасындағы сауда-саттықтың оң ықпалы болғанын да айтуға тиіспіз. Қазақ даласының шебіне келіп қоныстанған шаруалар өз өнімдерін қазақтарға сатып, айырбас жасады. Әсіресе, астық өнімдері қатты өтті. Сондықтан да, орыс шаруалары астықты көп өндіріп, оны табын-табын сиырға айырбастады. Орынбор өлкесіндегі айырбас сауданың негізгі түрі мал мен астық болды. 1745-1759 жылдар аралығында қазақтар Орынборға 49697 жылқы мен құлын, 238 өгіз, 195447 қой, 774 ешкі әкелді. Зерттеуші Н.Н.Рычковтың деректеріне қарағанда, айырбастау үшін қазақтар жыл сайын 30000-нан 50000-ға дейін қой, 10-15мың жылқы айдап апарып отырған[20, с.279]. Қазақтар малға, мал терісі мен аң терісін айырбастап барқыт, мәуіті, камқа, жібек маталар, орамалдар, кенеп, астық алған. Айырбас сауда жылына екі рет күзде және қыста өткізілді. Жылдың бұл мезгілдерінде Жайықтың сол жағалауындағы Гурьев қаласындағы айырбас ауласына қазақтар малдарын айдап келетін болған. Ал орыс саудагерлері дала қазақтарына қажетті – нан, шәй, табак және әртүрлі маталар әкелді. 1743 жылы күзде Астрахан губернаторы В.И.Татищев кіші жүздің ханы Әбілхайырға: «қазақ саудагерлері барғысы келсе, Гурьев қалашығына жіберіңіз, онда сауда жасайтын орын бар және онда жан-жақтан барған саудагерлердің бәрі дән риза» деп жазған болатын[21]. 1748 жылы 30 қаңтарда Гурьев

қалашығының коменданты капитан Ф.Ботарикин өзінің Астрахан губерниялық канцелериясына жазған баянатында жүзге жуық қазақ түтіні сауда жасау мақсатында қалаға келгенін, қазақтардың орыс тауарларына жылқыларын, қойларын, жүн, киіздерін айырбас жасағанын баяндаумен қатар: «Олар айырбасты ақшаға жасамайды. Және қазақтар бізге орыстарға, қалмақтарға ешқандайда кесірін тигізген жоқ» - деп хабарлаған еді [22].

Гурьев(Атырау) қаласындағы айырбас сауда алаңдарында Қазақтармен сауда-саттық қатынастарды Гурьевтік саудагерлер Е.Хохлачев, ағайынды Василий мен Алексей Ванюшиндер, казактар Е.Гудаков, Д.Хохлачев, қазандық татар саудагерлері С.Ахметов, И.Кушаев және ірі мал саудасымен айналысушы қазақ Т.Еділбаевтар және тағы басқалар жүргізді. Гурьевтік саудагерлер қазақ даласына ірі көлемдегі тауарлардың түрлерін апарды. Гурьев қаласындағы және Жайықтың төменгі бойындағы Қазақ саудагерлері де Қазақ ауылдарына сауда тауарларын апарған. Қазақ саудагері Т.Еділбаев 1865 жылы 4 қазанда таможня бекетінде әр басын 10 рубльден 120 түйе сатқанын хабараған. 1867 жылы күзде таможня бекетінде қазақтардың құны 3085 рубльге бағаланатын түйелерді сатқаны хабарланады[23].

XVIII ғасырдан бастап, шекаралық аймақтарда өмір сүрген қазақтардың негізгі кәсіпшіліктерінің бірі – балық кәсіпшілігі болды. Балық аулау кәсіпшілігіндегі жұмыс қолының дені орыс шаруаларымен қатар, қазақтар болған. Қазақтар орыстардан балық аулаудың өнімді әдістерін үйреніп, шеберлігін шыңдай түсті. Алғашында қазақтар олардан ау, қайық сатып алып, кейіннен өздері де ау тоқып, қайық жасауды үйренді. Ал ежелден бері теңіз, өзен жағасында балық аулауды кәсіп еткен қазақтардың кейбір қарапайым тәжірибесін орыстар да үйренген болатын. Мәселен, қазақтар қысты күні теңіз үстінде мұз ойып қармақ салғанда шананың үстіне жылқының үрілген үлкен қарнын қоятын. Әлде қалай мұз жарылып кеткен жағдайда үрген қарын шананы суға батырмайтын. Міне, осы тәсілді орыстар да жиі қолданатын болды. Солтүстік Каспийдің Жайық өзені құятын қолтығында бұрын-соңды болмаған қазына қақпағы ашылды. Сөйтіп бұл өңірде мемлекеттік сауданың негізін салушы шикізат қатарына балық пен тұз берік орын алды. 1718 жылы наурыз-қыркүйек айларындағы науқандық аулау кездерінде 8144 дана қызыл балық ауланса, осы кезгі жазғы кеме қатынасы кзғалысының кіріс-шығыс кітапшасының тіркеуінде Ресей билігі сарайына 4870 қорытпа балығы, 3441 бекіре, 16900 шоқыр, 115 күбі жаншылған қара уылдырық және басқа да балық түрлері ауланып жөнелтілгені айтылады[24].

Ресей империясы Қазақ жеріне шеп-белдеулер линиясын құрып, олардың ұзын бойына қорғаныс-бекіністер салып, оған әскери күштік құрылым орыс-казак әскерлерін қоныстырып алған соң Қазақ жерлерін әкімшілік отарлау әрекетіне көшті. Ол үшін: халқымыздың хандық басқару жүйесін бұзу, ел басшыларын отарлаушы үкіметтің өздері тағайындауы, қазақтың барлық заң нормаларын, сот-үкімін өзгерту, ресейлік сот жүйесін енгізу істерін жүргізді. Қазақтардағы хандық билікті әлсірету жолындағы және жою жолындағы Ресей империясының алғашқы қадамы кіші жүзде 1783-1797 жылдары аралығында болған Сырым Датұлының көтерілісі кезеңінде іске асырылды. Орынбор өлкесінің губернаторы барон О.Игельстром, Кіші жүзде хандық билікті жоюға тырысып, қазақтардың ішкі бірлігін ыдыратуға кірісті. Оның жобасы бойынша Кіші жүзде хандық билік жойылып, әкімшілік билік шекаралық сот империя шенеуніктерінен және жергілікті топ өкілдерінен құралуы көзделді. Шекаралық сот тікелей генерал-губернаторға бағындырылды. Кіші жүзде құрылған әкімшілік басқарудың ауылдық буындары шекаралық сотқа бағынуға тиіс болды. Ресей империясы өзінің отаршылдық саясатын одан әрі тереңдете түсу үшін XIX ғасырда жаулап алынған шекаралық аймақтарда әкімшілік-аумақтық реформаларды жүзеге асырды. 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғы» мен 1824 жылғы «Орынбор қырғыздары туралы жарғы» қазақ руларының саяси билігін жойып, оларды империялық әкімшілікке тікелей бағындырды. Ендігі кезекте фронтир енді тек әскери ғана емес, әкімшілік және мәдени шекараға айналды. XIX ғасырдың екінші жартысында, 1867-1868 жылдардағы реформалардан кейін Ресей империясы қазақ жерлерін толық басып алғаннан кейін, Қазақстан аумағын үш генерал-губернаторлыққа

бөлді: Орынбор, Батыс Сібір және Түркістан. Шекаралар әкімшілік тұрғыдан анықталып, уездер мен болыстар құрылды, Ресей үкіметіне бағынатын ауыл старшындары институты енгізілді. Бұл реформалардың басты мақсаты тек әкімшілік бағындыру ғана емес, сонымен қатар мәдени трансформация болды: орыс-қазақ мектептері ашылды, миссионерлік қоғамдар құрылды, көшпелі экономикаға қайшы салықтар енгізілді. Фронтир кеңістігі бір мезгілде ассимиляция мен қарсылық аймағына айналды. Фронтир тек бейбіт өмір сүру аймағы болған жоқ. Әр кезеңде шекара маңында көтерілістер болып тұрды (Мәселен, 1783-1797 жылдардағы Сырым Датұлының басшылығындағы ұлт-азаттық көтеріліс, 1836-1838 жылдардағы Исатай Тайманұлының басшылығындағы шаруалар көтерілісі, 1837-1847 жылдардағы Кенесары Қасымұлының басшылығындағы ұлт-азаттық көтеріліс және тағы басқа көтерілістер). XVIII ғасырдан басталған, XX ғасырдың бас кезеңіне дейінгі ұлт-азаттық көтерілістердің барлығы да шекаралық қысым мен отарлық басқаруға қарсы күрестің айқын көрінісі болды. Бұл көтерілістер жердің тартып алынуы, салық-қысымы, күштеп христиан дініне енгізу және дәстүрлі өмір салтының бұзылуынан туындаған болатын. Осылайша, шекаралық кеңістік дүниетанымдар мен мүдделердің қақтығыс алаңына айналды. Ресей империясы үшін бұл – «өркениеттік миссия» аймағы болса, қазақтар үшін – тәуелсіздігі мен мәдени ерекшеліктерін сақтау жолындағы күрес алаңы болды.

Қорытынды. Халқымыздың тарихындағы XVIII-XX ғасыр аралығы – кеңістік ұғымының күрт өзгеріске ұшыраған кезеңі болды. Қазақтардың өздерінің тарихи ата-мекеніндегі ашық кеңістігі өмір салты отарлық шекаралармен шектелді. Империялық қысыммен қатар, жергілікті бастамалар жағдайында қазақ қоғамы бейімделіп, қарсы тұрып, өмірдің жаңа формаларын меңгерді. Бұл шекаралық кеңістік тек саяси ғана емес, сонымен қатар мәдени, экономикалық және рухани өзгерістерге толы күрделі құбылысты бастан кешті. Осылайша, Қазақстан шекараларының қалыптасуы XVIII-XX ғасырдың басында күрделі әрі көп кезеңді үдеріс болды. Бұл үдеріс ерікті түрде бірігуді де, отарлық саясаттың күштеу әдістерін де қамтыды. Қазақ шекара кеңістігін зерттеу Орталық Азиядағы отарлық үдерістің ерекшелігін ғана емес, сонымен бірге дала қоғамының ішкі динамикасын да тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в 5-ти томах, т.1.А., 1961. - 426 стр.
2. Полное собрание законов России. т. IX, №6571. - с. 324
3. Георги И.Г. Описание всех обитающих в Российском государстве народов, также их житейских обрядов, вер, обыкновений жилищ, одежд и прочих достопамятностей. – СПб, 1799. – 4т. С. 144
4. Кирилов И.К. Цветущее состояние Всероссийского государства. М., 1977. - 235 с.
5. Рычков П.И., Рычков Н.П. Капитан жазбалары (жолжазда очерктер). Аударған Р.Шәймерденов. Астана: Аударма, 2002. – 144 бет
6. Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. Живая старина. Вып III и IV. с.76
7. Абаза К. Завоевание Туркстана: рассказы из военной истории, очерки природы, быта и нравов туземцев в общедоступном изложении. - СПб., 1902. - IV, 310 с.
8. Мұқанов М. Қазақ жерінің тарихы. –Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994, -80 бет
9. Левишин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. –Алматы: Санат, 1996. -656 стр.
10. Ключевский. Курс русской истории. Москва, 1911. ч.1. с.24
11. Қайратұлы Б. Қазақия қалай отарланды? Астана: Жарыс, 2016. -400 бет
12. Азиатская Россия. С.Петербург. 1914. т.1 с.30
13. Азиатская Россия. С.Петербург. 1914. т.1 с.382-383
14. Азиатская Россия. С.Петербург. 1914. т.1 с.69
15. Кауфман А.А. Переселение и колонизация. СПб. 1905. с.231

16. Рычков П.И., Рычков Н.П. *Капитан жазбалары*. Алматы: Ана тілі, 1995. - 141 бет.
17. Ядринцев Н.М. *Сибирские инорьдцы, их бытъ и современное положение*. Этнографическая и статистическая исследования с приложениями статистических таблиц. СПб., 1981. с.132
18. Зиманов С.З. *Общественный строй казахов первой половине 19 века*. А., 1958. - 293 стр.
19. Мұқанов С. *Халық мұрасы*. Алматы: Жазушы, 2005. – 305 бет.
20. Рычков П.И. *Топография Оренбургской губернии*. Оренбург, 1887. - 406 стр
21. Витевский В.Н., И.И.Неплюев и Оренбургский край в прежнем его состава до 1758г., т.III – Казан: 1897, с.692
22. РФ АОМА, 394 қор, 1 т., 1388 іс, 86 п
23. *Материалы по истории Казахской ССР*. т.IV - М.Л.:1940, с.26
24. Крафт И.И. *Сборник узаконений о киргизах степных областей*. –Оренбург, 1889, - с. 103.

References:

1. Valihanov Ch.Ch. *Sobr. soch. v 5-ti tomah*, t.1.A., 1961. - 426 str.
2. *Polnoe sobranie zakonov Rossii*. t. IX, №6571. s. 324
3. Georgi I.G. *Opisanie vseh obitatıyih v Rossiyskom gosydarstve narodov, takje ih jitejskih obriadov, ver, obyknoveni jılı, odejd i prochih dostopamiatnostei*. –SPB, 1799. – 4t. S. 144
4. Kirilov I.K. *Tsvetıyee sostoianie Vserossiyskogo gosydarstva*. M., 1977. -235 s.
5. Rychkov P.I., Rychkov N.P. *Kapitan jazbalary (joljazda ocherkter)*. Aıdarǵan R.Sháımerdenov. Astana: Aıdarma, 2002. – 144 bet
6. Aristov N.A. *Zametki ob etnicheskom sostave tıyrkskih plemeni i narodnostei i svedeniua ob ih chislennosti*. Jivaia starina. Vyp III i IV. s.76
7. Abaza K. *Zavoevanie Tıyrkystana: rasskazy iz voennoi istorii, ocherki prirody, byta i nraov tıyzemtsev v obedostıpnom izlojenii*. - SPb., 1902. - IV, 310 s.
8. Muqanov M. *Qazaq jeriniń tarihy*. –Almaty: Atamura-Qazaqstan, 1994, -80 bet
9. Levshin A.I. *Opisanie kirgiz-kazachih ili kirgiz-kaisatskih ord i stepei*. –Almaty: Sanat, 1996. -656 str.
10. Kliúchevskii. *Kırs rısskoi istorii*. Moskva, 1911. ch.1. s.24
11. Qairatuly B. *Qazaquia qalai otarlandy?* Astana: Jarys, 2016. -400 bet
12. *Aziatskaia Rossia*. S.Peterbırg. 1914. t.1 s.30
13. *Aziatskaia Rossia*. S.Peterbırg. 1914. t.1 s.382-383
14. *Aziatskaia Rossia*. S.Peterbırg. 1914. t.1 s.69
15. Kaıfman A.A. *Pereselenie i kolonizatsiua*. SPB. 1905. s.231
16. Rychkov P.I., Rychkov N.P. *Kapitan jazbalary*. Almaty: Ana tili, 1995. - 141 bet.
17. Iadrıntsev N.M. *Sibirskie inordtsy, ih byt i sovremennoe polojenie*. *Etnograficheskaiia i statisticheskaiia issledovaniia s prilozheniuiami statisticheskikh tablits*. SPB., 1981. s.132
18. Zimanov S.Z. *Obestvennyi stroi kazahov pervoi polovine 19 veka*. А., 1958. - 293 str.
19. Muqanov S. *Halyq murasy*. Almaty: Jazýshy, 2005. – 305 бет.
20. Rychkov P.I. *Topografiua Orenbırgskoi gybernii*. Orenbırg, 1887. - 406 str
21. Vitevskii V.N., I.I.Nepliıev i Orenbırgskii krai v prejnem ego sostava do 1758g., t.III – Kазan: 1897, s.692
22. РФ АОМА, 394 қор, 1 т., 1388 іс, 86 п
23. *Materialy po istorii Kazahskoi SSR*. t.IV - M.L.:1940, s.26
24. Kraft I.I. *Sbornik ýzakonenu o kirgizah stepnyh oblastei*. –Orenbırg, 1889, s.103

FTAXP/ МРНТИ / IRSTI: 03.20

ӘӨЖ/УДК/ UDC 94(574).01

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2025.87.4.004>

Жумагулов Б.С. ^{*1}, Сарсенов А.С. ², Абдулов А.Д. ³

^{1*}*т.ғ.к., профессор-зерттеуші, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы. E-mail: jumagulov-bolat@mail.ru*

²*т.ғ.д., Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры, Атырау, Қазақстан Республикасы. E-mail: A.Sarsenov@asu.edu.kz,*

³*гуманитарлық ғылымдар магистрі, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан Республикасы.
E-mail: aisad12@mail.ru*

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС Өңіріндегі Әскери Комиссариаттардың қызметі (1918-1945)

Аңдатпа

Мақалада Батыс Қазақстандағы құрылған әскери комиссариаттардың құрылу тарихы мен қызметі және Отан қорғауды ұйымдастырудағы рөлі туралы мәселе жаңа архив деректерінің негізінде қарастырылған.

Мемлекеттердің тарихында елі мен жерінің бостандығын қорғау үшін жанкешті соғыстардың, қарулы қақтығыстардың болып тұратындығы баршаға мәлім. Мұндай жағдайда әрине, қарулы күштердің, яғни әскердің рөлі маңызды болып табылады. Жақсы ұйымдасқан, әскери жабдығы талапқа сай әскердің арқасында жаңа жерлер жауланып, немесе елі мен жеріне сыртқы жаудың шабуылына тойтарыс берілген. Әрине, елдің қорғаныс қабілетін нығайтудағы әскери құрылымдардың, оның құрамындағы жауынгерлер мен әскери қолбасшылардың еңбегінің ерекше екендігі ешқандай дау тудырмайды. Солардың өшпес ерлігінің арқасында осы күнгі тәуелсіз мемлекетте өмір сүріп отырмыз.

Бірақ, әскер қатарына мобилизациялауға дайындық жүргізу, оны жүзеге асыру, қарулы күштер үшін адам мен халық шаруашылығының мүмкіндігін есепке алып, жастарды әскери қызметке даярлап, әскер қатарына шақыруды ұйымдастыратын және осы сала бойынша тағы да басқа жұмыстармен шұғылданатын әскери мекеме – Әскери комиссариаттар туралы мәселеге толық назар аударылмай келеді. Осы ғылыми мақалада Әскери комиссариаттардың құрылу тарихы мен қызметі ғана емес оның елдің бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауды ұйымдастыру жолындағы қызыметіне және оның тарихи маңыздылығына тоқталғанды жөн көрдік.

Кілт сөздер: Әскери комиссариат, қарулы күштер, мобилизация, әскери қызмет, ұлттық әскери құрамалар, Қызыл армия, атқыштар полкі.

Алғыс айту: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Қазақстанның батыс өңірінің әскери тарихы (XVIII-XX ғғ.)» (тіркеу нөмірі: AP19679667) гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру аясында дайындалған.

Жумагулов Б.С. ¹, Сарсенов А.С. ² Абдулов А.Д. ³

¹*к.и.н., профессор-исследователь, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Республика Казахстан. E-mail: jumagulov-bolat@mail.ru,

²д.и.н., профессор Атырауского университета им. Х.Досмухамедова, Атырау, Республика Казахстан.

E-mail: A.Sarsenov@asu.edu.kz

³магистр гуманитарных наук, Атырауский университет им. Х.Досмухамедова, Атырау, Республика Казахстан.

E-mail: aisad12@mail.ru

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ВОЕННЫХ КОМИССАРИАТОВ В ЗАПАДНОЙ РЕГИОНЕ КАЗАХСТАНА (1918-1945)

Аннотация

В статье рассматривается история и деятельность военных комиссариатов, созданных в Западном Казахстане, и их роль в организации обороны Отечества на основе новых архивных данных.

Общеизвестно, что в истории государств часто происходят смертоносные войны и вооруженные конфликты для защиты свободы своей страны и земли. В таких случаях, конечно, важна роль вооруженных сил, то есть армии. Благодаря хорошо организованной армии с соответствующей военной техникой, завоевывались новые земли или отражалось нападение на страну и землю внешнего врага. Конечно, нет сомнений, что военные соединения, солдаты и военачальники в их составе сыграли особую роль в укреплении обороноспособности страны. Благодаря их немеркнущему мужеству мы сегодня живем в независимом государстве.

Однако недостаточно внимания уделяется вопросу о Военных комиссариатах – военном учреждении, которое готовит и осуществляет мобилизацию в вооруженные силы, организует набор молодежи на военную службу, учитывает кадровый и экономический потенциал вооруженных сил и занимается другой работой в этой области. В данной научной статье мы решили остановиться не только на истории и деятельности Военных комиссариатов, но и на их роли в организации защиты свободы и независимости страны, их историческом значении.

Ключевые слова: Военный комиссариат, вооруженные силы, мобилизация, военная служба, национальные воинские формирования, Красная Армия, стрелковый полк.

Благодарность: Статья подготовлена в рамках выполнения грантового научного проекта «Военная история Западного региона Казахстана (XVIII-XX вв.)» Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (регистрационный номер: AP19679667).

Zhumagulov B.S.¹, Sarsenov A.S.², Abdulov A.D.³

¹candidate of historical sciences, research professor, Kazakh National Pedagogical University named after. Abay, Almaty, Republic of Kazakhstan.

E-mail: jumagulov-bolat@mail.ru

² Doctor of History, Professor, Atyrau University. H. Dosmukhamedova, Atyrau, Republic of Kazakhstan. E-mail: A.Sarsenov@asu.edu.kz

³Master of Humanities, Atyrau University named after Kh.Dosmukhamedov, Atyrau, Republic of Kazakhstan.

E-mail: aisad12@mail.ru

ACTIVITIES OF MILITARY REGISTRATION OFFICES IN THE WESTERN REGION OF KAZAKHSTAN (1918-1945)

Abstract

The article examines the history and activities of military commissariats created in Western Kazakhstan and their role in organizing the defense of the Fatherland based on new archival data. It is well known that in the history of states, deadly wars and armed conflicts often occur to protect the freedom of their country and land. In such cases, of course, the role of the armed forces, that is, the army, is important. Thanks to a well-organized army with appropriate military equipment, new lands were conquered or an attack on the country and land by an external enemy was repelled. Of course, there is no doubt that military units, soldiers and military leaders in their composition played a special role in strengthening the country's defense capability. Thanks to their unfading courage, today we live in an independent state.

However, not enough attention is paid to the issue of Military Commissariats – a military institution that prepares and carries out mobilization into the armed forces, organizes the recruitment of young people for military service, takes into account the personnel and economic potential of the armed forces and is engaged in other work in this area. In this scientific article, we decided to focus not only on the history and activities of the Military Commissariats, but also on their role in organizing the protection of freedom and independence of the country, their historical significance.

Key words: Military Commissariat, armed forces, mobilization, military service, national military formations, Red Army, rifle regiment.

Acknowledgments: The article was prepared as part of the grant scientific project "Military History of the Western Region of Kazakhstan (XVIII-XX centuries)" of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (registration number: AP19679667).

Кіріспе. Әскери қызметкерлердің қайсысы болмасын, олардың армияға деген алғашқы қадамы бұрынғы кездегі әскери комиссариаттан, яғни қазіргі күндегі қорғаныс істері жөніндегі мемлекеттік мекемеден бастау алатындығын барлығымыз білеміз.

Осы мекемеден жас жеткіншектер әскери есепке тұрады, сол жерден әскер қатарында отан алдындағы борышын өтеуге аттанады немесе әскери оқуға түсуге жолдама алады. Отан алдындағы борышын өтегеннен кейін осы жерде запасқа шыққан әскери қызметші ретінде тіркеуге тұрады.

Әскери комиссариаттардың құрылу тарихына келсек, ол сонау тереңнен, атап айтқанда 1918 жылы әскери комиссариат құру туралы декреттің қабылданған күнінен бастау алады. Сол жылы 8 сәуірде Халық Комиссарлар Кеңесі жоғарғы әскери кеңес жасап шығарған «Әскери істер бойынша болыстық, уездік, губерниялық және округтік комиссариаттарды құру туралы» [1] декретті қабылдады. Ол болыстық, үйездік, губерниялық және округтік комиссариаттарға

бөлінді. 22 сәуірде ол Бүкілодақтық орталық атқару комитетінің (БОАК) отырысында бекітілді. Декретте әскери істер бойынша комиссариаттардың (кейін әскери комиссариаттар деп аталды) негізгі міндеттері айқындалды. Ол бұрынғы әскери бөлімдердің қызметінен анағұрлым ауқымды еді. Атап айтқанда әскери қызметке жарамды тұрғындарды есепке алу, әскерге шақыру, Ресей Кеңес Республикасының қарулы күштерін құруға белсене қатысу, барлық жұмысшыларды, қанаушы топқа қатысы жоқ шаруаларды әскери іске үйрету, әскердің материалдық талаптарын қанағаттандыру т.б. Болыстық, уездік, губерниялық комиссариаттарды құру жергілікті жұмысшы, шаруа депутаттары советінің құзіретінде, ал округтік комиссариаттарды әскери істер халық комиссариаты тағайындады.

Негізгі мақсаты әскерге жарамды тұрғындарды есепке алу, Қарулы күштерді құру, жұмысшы-шаруаларды әскери іске үйрету болды. Сол кезден бастап осы аты аталған мемлекеттік мекемеде қаншама қыруар іс-шаралар атқарылып, қаншама жетістіктерге жеткенін айтып шығу бір мақала көлеміне симайды.

Материалдар мен әдістері. Мақаланың тақырыбын талдаудың әдістемелік тәсілдері қазіргі гуманитарлық білімде бар жаңа тәсілдерді пайдалануға негізделген. Ғылыми жұмысты жазу кезінде әртүрлі деңгейдегі деректер пайдаланылды. Оның ішінде мұрағаттық материалдар мен құжаттар, сондай-ақ ғылыми зерттеу жұмыстарының материалдары. Мақалада деректік материалдар мен архив қорындағы құжаттар кеңінен пайдаланылды. Деректік база ретінде Ресей мемлекеттік әскери архивіндегі (РМЭА) құжаттар, сонымен қатар «Декреты Советской власти» [2], В.П. Тонкошуровтың редакциялық басшылығымен шыққан «Военные комиссариаты: история создания и развития (1918-2018 гг.)» [3], «Советские Вооруженные Силы: история строительства» [4], «Национальный вопрос в военном строительстве в СССР. 1922-1945гг.» [5] атты еңбектерді атауға болады. Зерттеу еңбектеріне келсек, әскери комиссариаттар тарихына арнай жазылған зерттеу еңбектері жоқтың қасында екенін жоғарыда айтқанбыз, соған қарамастан бұл мәселе Н.Н. Мовчиннің «Комплектование Красной Армии: исторический очерк» [6], А.Ю. Безугольныйдың «Национальный состав Красной армии, 1918-1945: Историко-статистическое исследование» [7] атты еңбектерінде және К.Аманжолов пен А.Тасболатовтың «Қазақстанның әскери тарихы: б.з.д. VI ғасырдан бүгінгі күнге дейін» [8] мен К.З. Кипшакбаев пен Д.Ж. Серкебаевтың «Война и человеческие ресурсы Казахстана в 1941-1945 годах» [9] атты еңбектерінде қарастырылады. Бірақ бұл еңбектердің зерттеу нысаны басқа бағытта болғандықтан аты аталған мәселе толық қамтылған деп айта алмаймыз.

Талданатын тақырыпты ашудың әдіснамалық негізі объектіні тұтас қарастыруды, оның құрылымдық элементтерін және оны ұйымдастыру принциптерін анықтауды көздейтін жүйелік көзқарас болды. Бұл жұмыста хронологиялық әдіс, салыстырмалы әдіс, тарихи-сипаттамалық әдіс, құжат зерттеу әдісі, мазмұндық талдау сияқты ғылыми әдістер де қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау.

Әскери комиссариаттарды құру жәй ғана әскери бөлімдердің атын өзгерту емес еді, ол елде біртұтас қатаң орталықтандырылған әскери-әкімшілік жүйесін орнату болатын. 1918 ж. мамыр айынан бастап округтік әскери комиссариаттар жаңадан құрылған Қызыл армияны ұйымдастыруға тиіс Бүкіл Ресейлік штабтың қарамағына берілді. Осы штабтың мобилизация бөлімі кейін басқармасы әскери комиссариаттардың тікелей кураторы болды. 1918 ж. 29 шілдесінде В.И. Ленин РСФСР Конституциясына сәйкес Халық комиссарлар кеңесінің «Әскери қызметке жарамды 18 бен 40 жас аралығындағы азаматтарды есепке алу туралы» декретке қол қойды [10].

Есепке алу жүйесі 1918-1919 жылдардан бастап енгізіле бастады. Декретті жергілікті органдарға жеткізу 1918 ж. қараша айына дейін созылды, сондықтан да 1918 ж. 1 желтоқсанына әскери комиссариаттардың 16% ғана есеп беріп үлгерді [11].

Алғашқы әжептәуір деректер тек 1919 ж. басында ғана беріле бастады. Бұл кезде бірнеше әскерге шақыру науқаны болып өткен еді.

1919-1920 жылдары әскери комиссариаттар біршама аяғынан тұрды деп айтуға болады. Олар жергілікті совет органдарының құрамдас бөлігіне айналып мобилизациялық жұмыста едәуір табысқа жете бастады. Әскери комиссариаттардың міндеттері айқындалды. Ол міндеттер: тұрғындардың әскери міндетті категориялары есепке алынды, жылқы құрамы анықталды, көліктердің есебі алынды, майданға жіберілетін әскери құрамалар жасақталды, халықты жалпыға бірдей әскери оқуға машықтандырды, тұрғындардан қару-жарақ тәркіленді, өз территориясында тәртіп сақталуын қадағалады т.б. Осылардың бәріне қарамастан әскери комиссариаттар қызметінің негізгі бағыты есеп-мобилизациялық жұмыс болып қала берді.

Азамат соғысының соңғы кезеңінде жергілікті басқару жүйесі біржолата қалыптасып, жан-жақты қамтыған аппаратқа айналды. Әскери комиссариаттардың штаттық құрамы 200 мың адамнан асты [6,160].

Нәтижесінде Қызыл Армияның қатары үзбей толықтырылып отырды. Мысалы 1918 ж. 11қыркүйегі мен 1920 ж. 26 маусымының аралығында 27 міндетті шақырудың арқасында әртүрлі жас, әлеуметтік-таптық, кәсіби категориялар бойынша 3.866.009 адам армия қатарына тартылды [12].

Бұның өзі большевиктердің халықты өзіне қарата бастағанының айқын белгісі еді және әскери комиссариаттардың жұмысының жолға қойылғандығының дәлелі болатын. 1920 ж. аяғына таман Совет өкіметінің негізгі қарсыластары талқандалғаннан кейін әскери комиссариаттар алдында жаңа міндеттер тұрды. Экономиканың әлсіреуіне байланысты әскери комиссариаттардың штаты бірнеше есе қысқарды.

1925 жылдан бастап әскери комиссариаттардың қызметінде күрт бетбұрыс басталды. Әскери құрамалардың жартысынаан көбіне аумақтық-милициялық құрылыс жүйесі енгізілді. Әскерлер алма-кезек лагерлік жиындарда әскери дайындықтан өтетін болды.

Азаматтар әскери қызметті тұрғын жерлеріне жақын маңнан өтуге мүмкіндік алды. Бұл мемлекет шығынын үнемдеуге бағытталған шара еді.

1925 ж. 9 қаңтарында КСРО Орталық атқару комитеті мен халық комиссарлар кеңесі «Әскери және теңіз істері жөніндегі Халық комиссариатының жергілікті органдарын қайта құру» жөнінде қаулы қабылдады. Қаулы бойынша губерниялық әскери комиссариаттарды құрама командирлеріне бағынышты аймақтық корпустық және дивизиялық басқарма етіп қайта құру ұйғарылды. Сонымен бірге олар өкіметтік атқарушы органдардың әскери бөлімінің функцияларын да орындайтын болды [13].

Қайта құрулардың нәтижесінде 80 аймақтық басқармалар құрылды: 4 корпустық, 29 дивизиялық, 36 губерниялық өзін өзі басқаратын, 7 губерниялық тәуелді, 4 губерниялық деңгейдегі республикалық [14].

30-шы жылдары сыртқы саяси аренадағы өзгерістерге, жаңа дүниежүзілік соғыс қаупіне байланысты КСРО басшылығы мемлекеттің қауіпсіздігін нығайтуға бет бұрды. Нәтижесінде 1936 ж. қарай Қызыл армияның қуаты 1920 жылдан бірнеше есе асып түсті [6, 399].

Кенес Одағының әскери-өнеркәсіптік комплексінің құрылуы және дамуы 30-шы жылдардың ортасына таман армияны күрделі әскери техниканың жаңа түрлерімен қамтамасыз етті: танктер, самолёттер, артиллерияның түрлері, ату құралдары т.б. Мысалы мобилизациялық жоспар бойынша әскери-әуе күштері мен артиллерия 1938 ж. 1930 ж. қарағанда 2,7 есе, әуеден қорғау күштері - 3,3 есе, теміржол әскерлері - 7,3 есе, бронды танк әскерлері -16 есе өсті [15].

1935 ж. аяғына қарай Қызыл Армияның саны 930 мың адамға, 1939 ж. 1 қаңтарына - 1.513.400 ге жетті. Уақыт талабына сәйкес Қарулы күштерді аймақтық-кадрлық қалыптастыру армияның әскери қуатын нығайтуға кедергі болатындығы белгілі болды. Аймақтық бөлімдер мен құрамалардың дислокациясы, армия құрамының жиі ауысуы әскери техниканы менгеруге қиындық келтірді. Сондықтан да 30-шы жылдардан бастап армияны біртұтас кадрлық принциппен жасақтау және санын ұлғайтуға басымдық берілді. Нәтижесінде 1935 ж. қарай дивизиялардың 25% кадрлық болса, 1935 ж. аяғына таман 77% болды. [4, 515].

Бұның бәрі әскери басқармалардың жаңа органдарын қайта құруды қажет етті. Нәтижесінде Халық Қорғаныс комитетінің 1938 ж. 19 маусымдағы №0104 бұйрығы «Жергілікті әскери басқармалар органдарын қайта құру және жаңа Ереже» дүниеге келді [16].

Корпустық және дивизиялық мобилизациялық округтардың орнына автономиялық республикаларда, өлкелерде, облыстарда, қалаларда және аудандарда қайтадан әскери комиссариаттар құрыла бастады. Олардың міндеттері адам ресурстарын есепке алу, әскери дайындық, әскер түрлеріне бөлу және әскери қызметке шақыру болды.

30-шы жылдардың екінші жартысында әкімшілік және әскери реформаларға байланысты елде ондаған облыстық, жүздеген аудандық комиссариаттар құрылды. Тек қана аудандық әскери комиссариаттардың саны 3,5 есеге өсті.

1938 ж. Ереже бойынша әскери комиссариаттарға Бас штаб жетекшілік ететін болды да жергілікті жерлердегі басшылық әскери округтардың әскери кеңестеріне жүктелді. Мобилизация жоғары дәрежеде жүру үшін әскери комиссариаттар әскери бөлім лауазымында жергілікті атқарушы органдардың құрамына енді. Сонымен қатар әскери комиссариаттардың ұйымдық-штаттық құрылымы жақсартылды, жаңа жұмыс орындарымен толықтырылды, ауданнан бастап әрбір әскери комиссариаттарға жеңіл автокөлік берілді [17].

1939 ж. 1 қыркүйегінде КСРО Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс 4-ші сессиясы «Жалпыға бірдей әскери міндеткерлік» туралы заң қабылдады. Бұл заң Қарулы күштердің кадрлық жүйелік құрылысын негіздеді, орта білімі барларды әскерге 18 жастан, қалғандарын 19 жастан шақыратын болды. Нәтижесінде 1 жылдық резерв қалыптасты. Запасқа шығу 10 жылға ұзартылды, жеңілдік категориялардың көпшілігі жойылды. Заң әскери комиссариаттарға көптеген қосымша міндеттерді жүктеді, атап айтқанда алғашқы әскери дайындық, әскерге шақырғанға дейінгі жастарды дайындау.

Қызыл армияға, теңіз флотына, ішкі істер халық комиссариатына (НКВД) ең нөпір әскерге шақыру 1939 ж. 15 қыркүйек пен 1939 ж. 15 қазанының арасында орын алды. Сол бір айда әскерге 1.831.099 адам, яғни өткен жылғы 832.542-ден екі есе көп шақырылды [18].

Бұл шақыруға тек қана 1919 ж. туғандар емес, 1918 ж. екінші жартысында туғандар да ілікті, сонымен қатар бұрын әртүрлі себептермен шақырылмаған категориялардың 40% шақырылды.

Әскерге жергілікті ұлт өкілдерін тарту азамат соғысы кезінде басталған еді. Алғашқы кезде бұл шара әскери-аймақтық басқармалар арқылы жүзеге асып отырды. Қазақ жастарын әскерге тарту басқармалардың қарамағындағы полктардың міндеті болды.

Азамат соғысының майдандарына жергілікті ұлт өкілдерінен әскер алу Жетісу, Ақтөбе, Түркістан майдандарында жүргізілді. 1918 жылдың күзінде Бөкей даласында қазақтардан тұратын екі атты әскер полкы жасақталды. Сонымен бірге Алаш милициясы деп аталған өз әскерлерін Алаш Орда өкіметі де құра бастады. Олар атаман А.Дутовтан, А.Колчактан, Сібір үкіметінен ақшалай көмек, киім-кешек, оқ-дәрі сұрады. Алаш отрядтары Бөкей ордасында, Семей маңында құрылды. Негізінен оларды әскери іске казак офицерлері дайындады, бірақ олардың ықпал еткен аймағының ауқымы аз болды. Бұл кезде Орынбор-Ташкент теміржолының екі жағында да Совет өкіметі үстемдік құрып тұрған еді. Түркістан аймағы мен Әулиеата да Совет өкіметінің қолында болды. Басқа аудандарда «ақтар» мен «қызылдардың» билігі алма-кезек ауысып отырды. Сондықтан да қазақтар көбіне Қызыл Армияның қатарына қосылды.

1919 жылы Торғайда қазақтардан тұратын екі атты әскер эскадроны, бір пулемет командасы, Қостанайда қазақ атты әскер отряды құрылды.

1919 жылы күзінде Ақтөбе майданы жойылғаннан кейін ұлттық әскери құрамаларды жасақтау одан әрі өрістей түсті.

Шалқарда 300 адамнан тұратын отряд Омбы, Ақмола, Семей облыстарының қазақтарынан тұратын бірінші ерікті Сібір қазақ полкы құрылды. Оның құрамында кейін елге белгілі азаматтар болған А.Досов, И.Көбеков, Р.Әділов т.б. болды. Бәрімізге белгілі 25-ші В.Чапаев дивизиясының құрамында мұсылман полкының болғанын білеміз.

Қазақстанның батыс аймағында 1920 ж. көктеміне таман саны 1974 адамнан тұратын екі атты әскер полкы жасақталды. Сонымен қатар 700 сарбаздан тұратын Бірінші қазақ революциялық атқыштар полкы, 10 эскадрон, атты әскер дивизиясы, жеті күзет ротасы, ауыр артиллерия ротасы құрылды. Олардың барлығы дерлік ақ гвардияшыларға қарсы ұрысқа қатысты. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін бұл әскери құрамалар таратылды, дегенмен де кейбір сарбаздар мен кіші командирлерге өз еріктерімен әскерде қалуға рұқсат етілді. Олар аз ұлт өкілдерін даярлайтын Самара, Орынбор, Ташкент қалаларындағы әскери курстарға жіберілді.

1918 жылы Ордада бірінші үлгілі қазақ атты әскер полкы құрылды. Оған Шығыс майданының қолбасшылары М.Фрунзе, әскери революциялық кеңестің мүшесі В.Куйбышев, РСФСР Халық комиссариатының ұлт істері жөніндегі комитетінің қазақ бөлімінің төрағасы Мұхамедияр Тунганшин, полктың алғашқы комиссары Бейсен Жәнекешов, Фарух Әзірбаев, ағайынды Нұрсұлтан, Зейнолла Бекетовтер т.б. мұрындық болды. Полк атты эскадроннан, пулемет командасынан және кіші командирлер мектебінен тұрды. 1919ж. 14тамызында полк 14-ші армияның қарамағына беріліп, Орал майданында ақгвардияшыларға қарсы ұрыстарға қатысты. Азамат соғысының соңғы кезеңінде полк жауынгерлік ерлігі үшін РСФСР Орталық атқару комитетінің Құрметті Қызыл Туымен марапатталды [19].

Болашақта бұл полктен жұмысшы, шаруа Қызыл Армияның (ЖШҚА) белгілі командирлері шықты. Мысалы болашақ техника әскерлерінің генерал майоры Ш.Жексенбаев 1922 ж. Самара әскери мектебін бітірген еді [20].

Басқа да командирлердің қатарынан Рамазан Құрманғалиевті атауға болады. Ол әскер қатарына өз еркімен 1918 ж. кіріп, 1920 ж. Орынбор әскери мектебін бітіреді. Бұл азамат соғысының қайнап тұрған кезі еді. Соғыстан кейінгі жылдарда әртүрлі әскери қызметтер атқарып, 1930-1932 жылдары Қазақ АССР әскери-территориялық комиссариатының саяси басқарма бастығы қызметін атқарады. Оған дивизия комиссары әскери атағы беріледі, ол генерал майор шеніне парапар еді. Өкінішке орай, Р.Құрманғалиев сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болып 1937 жылы атылып кетті. Р.Құрманғалиевқа дейін бұндай жоғары әскери шенге Дала өлкесінің Төтенше комиссары, белгілі мемлекет қайраткері Ә.Жангелдин ие болған еді.

1930 ж. аяғына таман әбден қалыптасқан әскери басқармалардың құрылымы екінші дүниежүзілік соғыстың ауыр кезеңдерінде өзінің өміршендігін дәлелдеді. Неміс фашистерінің агрессиясы басталғаннан кейін 1941 ж. 23 маусымында КСРО Жоғарғы Кеңесінің президиумы 16 әскери округтың 14-нен 1905-1918 ж. туғандарды мобилизациялау туралы Указ шығарды. Бұл жерде әскери комиссариаттарға үлкен жауапкершілік жүктелді, мобилизациялық органдардың барлығы күн, түн демей жұмыс жасады.

Соғыстың алғашқы жылының жазы мен күзінде Қызыл Армия орасан зор адам шығынына ұшырады. Германия қарулы күштері Совет Одағының еуропалық бөлігінің 30% басып алды, бұл экономикалық және өнеркәсіп жағынан ең дамыған аудандар еді. Қызыл Армияның кадрлық бөлімі негізінен талқандалды, офицерлер құрамының 3/1 тұтқынға түсті [21].

Окупацияланған территорияда шамамен 88 млн адам тұратын, бұл бүкіл елдің халқының 45% еді [22].

Яғни соғыстың тағдыры, армия мен елді құтқару енді Қазақстан мен Орта Азия республикаларының еншісіне тиді. Әсіресе Қазақстан майданның негізгі арсеналына айналды. КСРО мемлекеттік қорғаныс комитеті мен елдің басшылығы алдында армияны жаңадан құру міндеті тұрды. Әбден әлсіреді деген Қызыл Армияның Қазақстан мен Орта Азия халықтарының есебінен толықтырылуы неміс фашистері үшін күтпеген жағдай болды [23].

1942 ж. басы мен 1943 ж. жазына дейін мобилизация тек қана осы аймақтың халықтарымен жүзеге асты, олар шамамен 3 млн адамды құрады [24].

Алғашқы кезеңде 14 әскери округ бойынша 1941 ж. 23 маусымына 1905-1918 ж. туғандар мобилизацияға ілікті [25].

16 мен 50 жас аралығындағылардан резерв дайындалды. Олар Осоавиахим, Қызыл крест сияқты әртүрлі спорттық, қорғаныс қоғамдарының курстарынан өтті. Осылар арқылы Қазақстанда 2 млн. адам оқып шықты. 1941 ж. жазы мен күзінде Қазақстан территориясында ұсақ әскери бөлімдермен қатар ірі әскери құрамалар жасақталды. Олар 316-атқыштар дивизиясы (кейін И.В. Панфилов атындағы 8-гвардиялық атқыштар дивизиясы), 38-атқыштар дивизиясы (1943 жылдан 73-гвардиялық). Бұлар Алматыда жасақталған еді, Ақмолада, Петропавлда, Семейде, Жамбылда т.б қалаларда 310, 314, 29, 238-атқыштар дивизиялары, 100, 101-ұлттық атқыштар бригадалары, т.б әскери бөлімдер құрылды. 2-3 ай жедел дайындықтан соң олар майданға аттандырылып отырды.

Қазақ ССР әскери комиссариатының құжаттарын сараптағанда әскерге шақырылған республика азаматтарының 681 мыңы 1941ж. маусымынан 1942 ж. желтоқсанына дейін әскерге алынғанын көреміз. Сайып келгенде әскерге шақырылғандардың 54% соғыстың бастапқы кезеңіне сәйкес келеді. Бұл кезеңде Қызыл Армияның ауыр қорғаныс ұрыстарын жүргізіп, орасан зор шығынға ұшырағанын білеміз. Яғни армияның жеке құрамы қазақстандықтардан, оның ішінде қазақтардан толықтырылып отырғандығы шүбәсіз шындық еді. Бұл шығындар Мемлекеттік қорғаныс комитеті мен қолбасшылардың өрескел қателігінің салдары болатын. Совет заманында айтылмаған бұл жантүршігерлік қателіктерді қазір жариялауға мүмкіндік туып отыр. Мысалы Оңтүстік - Батыс майданның басшылығының кесірінен совет әскерлерінің Харьковты азат ету операциясы сәтсіз аяқталып 3 айдан кейін майдан шебі Еділ бойына ығысуға мәжбүр болды. 1942 ж. маусымында тек қана Харьков маңында 240 мың совет әскерлері қоршауға алынып тұтқынға түсті. Айталық 106-қазақ кавалерия дивизиясы (4300 адам) эшелоннан түскен бойда нашар қаруланған түрінде соғысқа еніп, қоршауға түсіп, қырылып қалды, азғантай ғана бөлігі тұтқынға түсті. Бұл дивизия әскери құрамалардың тізімінен алынып тасталды, олардың тағдыры туралы жазуға тыйым салынды. Өскеменде құрылған 96-қазақ ұлттық атты әскер дивизиясының тағдыры да дәл осылай болды.

Соғыстың алғашқы кезеңіндегі мобилизациялық жүктеме қазақ халқына ауыр тиді. Сондықтан да 1943 әсіресе 1944 жылғы әскерге алу жоспары орындалмады. Соғыстың алғашқы кезеңінде алынғандардың көпшілігі Москва мен Ленинград, Дон мен Еділ, Қырым мен Сталинград ауыр шайқастарында қаза тапты. Әскери комиссариаттың өтінішімен Қазақстан Компартиясы орталық комитеті аудандар мен облыстарға құпия директивамен бірінші хатшыларды тікелей мобилизациямен айналысуға жіберді. Олардың алдына мынадай міндеттер қойылды: Қосымша адам ресурстарын табу; Партия, совет органдарының, әскери комиссариаттардың, НКВД-ның көмегімен әскерге бұрын шақырылмағандардың саяси - моральдық себептерін зерттеп жарамды деп табылғандарды мобилизациялау; Қорғаныс комитетінің №2064 бұйрығының негізінде үй-үйді аралап әскерге жарамдыларды аулау, т.б. [25, 247].

Саяси-моральдық себептермен әскерге алынбағандар дегеніміз соғысқа дейін Қазақстанға жер аударылғандар (әрі қарай «спецпереселенецтер»), кулактар мен олардың отбасы еді. Олардан «сенімсіз элементтер» деген таңба алынып әскерге шақыра бастады. Сонымен бірге соғыс кезінде Қазақстанға тағы да немістер, шешендер, ингуштар, қарашайлар, қалмақтар, балкарлар, қырым татарлары, түріктер, курдтар, болгарлар т.б «спецпереселенец» ретінде жер аударылған еді. Олардың майдандағы өкілдері кері шақырылып тылдағы жұмыстарға жіберілді. Әрине бұл сұмдық жазалау шаралары болмағанда қанша адамның өмірі сақталып қалатынын болжау қиын. 1995 ж. соғыстағы шығындар, мобилизацияланғандардың жалпы саны туралы ескерткіш кітап жарық көрді. Бірақ бұл игілікті іс КСРО тарағаннан кейін аяқсыз қалды. Кітапта қазақтар көп шоғырланған Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстары туралы деректер кірмеген. Кітапты құрастырушылар өте маңызды бір нәрсені ескерусіз қалдырды. Соғыс кезінде Қазақстан бойынша әскерге шақыру үш әскери округ арқылы жүргізілген еді. Қазақ КСР-ның әскери комиссариатының Орта Азия әскери округына бағынышты болды, ал оған батыс облыстары қарамайтын еді. Ақтөбе, Қостанай облыстарының тұрғындары Оңтүстік Орал әскери округы арқылы шақырылды, ал батыс облыстары болса Еділ бойы

әскери округы (Приволжский) арқылы шақырылған болатын. Сондықтан да бұл облыстар туралы деректер көп жағдайда есепке алынбай қалды. Жалпы 1941-1943 жылдары Қазақстанда 50-ден астам әскери бөлімдер құрылды. Оның ішінде 23 атқыштар дивизиясы, 2 ұлттық атқыштар бригадасы, 3 ұлттық атты әскер дивизиясы, әртүрлі полктар мен батальондар жасақталды. Қазақ құрамаларының бәрі дерлік республикалық бюджеттің есебінен құрылды. Жалпы соғыс барысында 18 бен 50 жас аралығындағы Қазақстандағы еркек кіндіктің 70% армияға алынды. Сайып келгенде республиканың әрбір төртінші тұрғыны жауынгерлік сапта болды [24,13].

1941-1942 жж. орасан зор шығыннан кейін Қызыл Армия жаңадан құрылды деуге болады және оның көпшілік бөлігін ұлт республикаларының өкілдері құрады. Соғыстың өнебойында жалпы Қызыл Армияда 35 млн адам болған. Көпшілік бөлігін орыс ұлты құраса 4,4 млн. украиндықтар, 1 млн-нан астам белорустар, 1,8 млн. қазақ, өзбек, қырғыздар болды [26].

КСРО сияқты көпұлтты мемлекетте ұлт және ұлтаралық проблема соғыс кезінде одан әрі шиеленіскен мәселеге айналды. Әрине совет өкіметі өзінің өмір сүрген алғашқы жылдарында ұлт мәселесін әділетті шешуге тырысты. Армия қатарына ұлтына, діни сеніміне қарамастан жаппай шақырылған еді. Ұлттық әскери құрамалар мен әскери мектептер құрылғанын атап өткен болатынбыз. Бұның бәрі Ресей империясының езілген халықтарын Совет өкіметі жағына тартудың қамы еді. Бірақ 30-ж. орта кезінен бастап ұлт аймақтарында Совет өкіметі нығайғаннан кейін өкімет өзінің саясатын күрт өзгертті, И.В.Сталин империялық модельді қалпына келтіруге бет бұрды. Орыс этносы мемлекет құраушы халық деген тенденция берік орын алды. Енді ұлттық әскери құрамалар империясының беріктігіне қауіп туғызады деп есептелінді. Соғыс кезінде бұл мәселе жаңа қырынан шиеленісті, орыс тілін нашар білетін не болмаса мүлдем білмейтін өз ұлт өкілдері, «нацмендер» армияның ішкі ынтымағын бұзады деп есептелінді, өзге аз ұлттарға деген төзбеушілік қалыптасты [27].

Сол кездегі саяси және әскери құжаттарда орыс емес халықтар (нерусские народы) деген термин ресми түрде қалыптасты. Бұл Ресей империясында бекіген бұратана (туземец) терминінің жұмсақ варианты еді.

Неміс-фашист басқыншыларының КСРО территориясына сыналап енген кезінен бастап Қарулы күштер қатарын толтыру үшін жаңа әскери құрамалар жасақтау міндеті тұрды. Бірінші кезекте әскерге (1905-1918 ж. туғандар, кейін 1890-1904 ж. туғандар, одан кейін 1923 ж. дейін туғандар шақырылды [28].

1941ж соңына таман КСРО да 124 дивизия құрылды [29].

Соғыстың барысында ұлт республикаларында - Әзірбайжанда, Арменияда, Грузияда, Түркменстанда, Өзбекстанда, Латвияда, Литвада, Эстонияда 80- нен астам ұлттық құрамалар құрылды [30].

Біздің республикада соғыстың алғашқы үш айында 316 - шы, 310 - шы, 238-ші, 314 - ші, 387 - ші, 391 - ші дивизиялар құрылды. Жалпы алғанда Қазақстанда 20-дан астам атқыштар, атты әскер дивизиялары мен бригадалары, бірнеше артиллериялық, авиация полктары мен ондаған батальондар құрылды. Сонымен бірге республика тұрғындары Қазақстаннан тыс жердегі әскери құрамалардың қатарын толықтырды. Әскер құрамалар негізінен Алматы, Жамбыл, Ақтөбе Ақмола, Петропавл, Семей қалаларында жасақталды. 1941 ж. соңына қарай тағы да қосымша бір дивизия мен үш бригада құрылды: 74-ші, 75-ші теңіз атқыштары және 39-шы курсантардан тұратын. Ал 1942 ж. басында Қазақстаннан майданға үш атқыштар дивизиясы, бір атты әскер дивизиясы, бір атқыштар бригадасы аттанды. Нәтижесінде соғыстың алғашқы кезеңінде майданға Қазақстаннан 14 атқыштар және атты әскер дивизиялары мен 6 бригада жіберілді. Сонымен қатар 6 артиллериялық және авиация полктары, 12 құрылыс, 2 авто, 7 автоматшылар батальондары жасақталды [31].

Аудандық, қалалық партия комитеттерінің, бастауыш партия ұйымының хатшылары батальон комиссарлары, рота политруктары, взвод саяси хабарламашылары болып шыға келді [32].

Соғыс кезінде КСРО ның еуропалық бөлігінен әртүрлі әскери-оку орындары Қазақстан территориясына қоныс аударылып, өз қызметтерін жалғастырды. Ақтөбе қаласына: 2-

Бердичев жаяу әскер училищесі, Азаматтық әуе күштері ұшқыштарының авиаөктембі (ГВФ), ГВФ-ның 41-оқу авиаәскәдрильясы, 121-оқу авиаәскәдрильясы, 46-оқу - техникалық авиаәскәдрильясы, 14-артиллериялық арнайы мектеп, Камышин танк училищесі (Ақтөбеден 300 км. жердегі Шахстрой поселкесінде), Гурьев қаласында: Гурьев жаяу әскері училищесі, Орал қаласында: Одесса жаяу әскер училищесі, Ленсовет атындағы Ленинград әскери байланысшылар училищесі, 15-алғашқы әскери дайындық авиаөктембі, Ворошиловград әскери ұшқыштар авиаөктембі, 22-кіші авиамамандар авиаөктембі, т.б. [33].

Батыс Қазақстаннан майданға Орал қаласында жасақталған 152-ші атқыштар бригадасы, Ақтөбе қаласында жасақталған 312-ші, 74-ші атқыштар дивизиялары, 101-ші атқыштар бригадасы т.б. сайып келгенде 1 млн. 200 мың адам Отан қорғауға аттанды [34].

1941 ж. шілде-тамызының аралығында ақ Ақтөбеде 312-ші атқыштар дивизиясын құру аяқталды. Ұйымдастыру алқасын облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Я.П. Иночкин, облыстық атқару комитетінің төрағасы М.С. Арменков, облыстық әскери комиссар С.Д. Алексеев басқарды.

Сонымен бірге құраманы құруға дивизия командирі полковник А.Ф. Наумов пен дивизия комиссары Я.Э. Сировскийдың рөлін айтпай кетуге болмайды. Дивизия құрамына партия, комсомол органдарының жауапты қызметкерлері шақырылды. Дивизияға негізінен Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Гурьев, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда облыстарының тұрғындары кірді [35].

Дивизияның штаты 11377 адам болса оның 6654-і Ақтөбеліктер болды. Дивизияның құрамы көпұлтты болды: 4460 орыс, 3536 қазақ, 2012 украиндықтар болды. [34, 16]. Бұлардан басқа өзбектер, белорустар, түркімендер, татарлар т.б. ұлттар болды. Ақтөбе облысының колхоздары мен совхоздары, өнеркәсіп орындары дивизияны техникамен, азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырды. Дивизия құрамында 3 атқыштар полкы (1079-шы, 1091-шы, 1083-ші), артиллерия полкы, зенит дивизионы мен танк жоюшылар дивизионы, барлау батальоны, байланысшылар, санитарлар, материалдық-техникалық қамтамасыз етушілер, т.б. жалпы 10 мыңнан астам солдаттар мен офицерлер болды [36].

Жеке құрамды қаруландыру мен дайындау қысқа мерзімнің ішінде жүзеге асырылды. 1941 ж. 18-27 тамызының арасында дивизия құрамы Ленинград темір жолы арқылы Оңтүстік - Батыс майданының 52-ші резервтегі армиясының қарамағына Валдай станциясына жеткізілді.

Неміс-фашист басқыншыларының Москваға күзгі шабуылы басталғанда 312-дивизия шұғыл түрде Москва бағытына аударылды [34, 165]. Бұл қазан айының 6-8 жұлдызы еді. Қазақстандық дивизия Малоярославец қорғаныс учаскесінің азғантай гарнизонымен бірге жаудың 57-моторландырылған корпусының шабуылын тоқтатып, Москва маңына жауды жібермеді. Тек 1083-полк қана 20 машиналы жаяу әскерді, 13 танк пен 2 самолетті жойды. Осы ерлік үшін дивизияның 53 жауынгері ордендер мен медальдармен марапатталды.

312-дивизияның ерлікпен даңқы шыққанмен өмірі қысқа болды. Кескілескен шайқастардан кейін дивизияның қатары сиреді. 1941 ж. 23 қазанындағы 43-армияның командашысы К.Д. Голубевтің бұйрығымен 312, 17, 58-атқыштар дивизияларының қалдықтарынан жаңа 312-ші дивизия құрылды. Ал, 1941 ж. желтоқсанында 12-атқыштар полкы болып қайта құрылды [31, 96]. Үш дивизияда бір полкке жетер-жетпес адам қалғанынан қандай шығын болғанын көруге болады.

Мемлекеттік қорғаныс Комитетінің алғашқы жоспары бойынша республика ресурстарынан 5 атты әскер, 4 атқыштар дивизиясы, 4 ұлттық бригада құрылуға тиіс еді. Бірақ бұл жоспар орындалмай қалды. Тек қана 100, 101-атқыштар бригадалары, 105, 106, 96-атты әскер дивизиялары құрылды [31, 97].

Дегенмен де Батыс Қазақстан аумағында әскери құрамалар жасақтау жалғаса берді. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ КСР Халық комиссарлар Кеңесінің 1941ж. 17 қарашадағы «Қазақ КСР-індегі ұлттық әскери құрамаларды жасақтау шаралары туралы шешіміне байланысты Ақтөбе облыстық партия комитетінің бюросы 1941ж. қарашасында «Ақтөбе облысында ұлттық атқыштар бригадасын құру туралы» қаулы

қабылдады. Қаулыда сонымен бірге бригаданы азық-түлікпен, киім-кешекпен, техникамен қамтамасыз ету қарастырылды. Аудандық, қалалық партия комитеттерінің хатшыларына бригадаға ерліктерді жинау тапсырылды және олардың 35-40% коммунисттер мен комсомол мүшелері болуы ескертілді. Бюро облыстық партия комитетінің хатшысы Н.Қамбаровқа, әскери бөлімнің меңгерушісі Отарбаевқа екі күннің ішінде еш бөгетсіз саяси дайындықтан өткен адамдарды жинақтауды тапсырды [37].

Ақтөбе облыстық атқару комитеттерінің 1941 ж. 24 қарашадағы бюросының шешімімен осы жұмысты бақылайтын комиссия құрылды. Комиссиясының төрағасы болып Нығмет Қамбаров тағайындалды. Сонымен бірге комиссиясының аудандық бөлімдері құрылды. Олардың төрағасы болып Ырғыз ауданында Бірманов, Шалқар ауданында Хасанов, Темір ауданында Арсланов, Ключевой ауданында Лисовский, Байғанин ауданында Манасов, Ойыл ауданында Ермағамбетов, Мартұқ ауданында Нұрлихин, Степной ауданында Зинченко, Қобда ауданында Ақбердин, Новороссийск ауданында Тауанов, Қарабұтақ ауданында Өжікенов, Ақтөбе қаласы бойынша Үрпеков тағайындалды [38].

Олар ұлттық құраманың жасақталуын назарда ұстап үнемі мәлімдеме жасап отырды. Аудандарда партия, комсомол жиналыстары өткізіліп еріктілерді тіркеу басталды.

Құраманы жасақтауда тек қана Ақтөбе облысы емес Батыс Қазақстан, Гурьев, Қызылорда облыстары да атсалысты. Әскери құрамалар республикалық бюджет есебінен құрылғасын киім-кешек, көлік, ер-тұрман т.б. жергілікті халықтан жиналды. Осы мақсатта республикалық қор құрылып оны Қазақстан Коммунистік партиясы орталық комитетінің хатшысы А.Дудин басқарды, орынбасар Қазақ КСР халық комиссарлар Советі төрағасының орынбасары Н.Бабин болды [39].

Жергілікті атқарушы органдар қорға ұдайы есе беріп отырды. 1941 ж. 30 қарашасына қарай Ақтөбе облысында 31 044 адам қатысқан 462 жиналыс өткізіліп, тұрғындардан 254 қысқа тон, 177 етік, 313 байпақ, 201 жылы шалбар, 242 жылы сырт киім, 464 гимнастерка, 579 қысқы бас киім, 740 сүлгі, 343 қап, әртүрлі бұйымдар, 268 кружка, 364 қасық, 201 белбеу, 184 ожау, 69 ц. ұн, 10 ц. тары, 100 ц. картоп, 28 ц. көкөніс, 41 ц. ет, 5 ц. тоңмай, 310 бас қой, 135 бас жылқы, 2 жеңіл, 2 жүк машинасы жиналды [40].

Гурьев, Батыс Қазақстан облыстары да құр қалмады. Осы мерзімде Гурьев облысында ұлттық құрамалар үшін 8 қысқа тон, 4 етік, 4 жылы шалбар, 67 қолғап, 6 ер-тұрман, 450 кг балық, 50 кг тоңмай, т.б. ал Батыс Қазақстан облысының бес ауданынан 220 ц. ұн, 56 ц. жем-шөп, 372 ц. пішен, 30 ц. көкөніс, 50 ц. картоп жиналды [41].

Батыс Қазақстан облысы ұлттық құрамаға 156 кіші командирлерді, 2657 қатардағы жауынгерлерді, 1850 жылқы, 90 арба, 11 жеңіл және 51 жүк машиналарын дайындап берді.

Қазақстанның үш батыс облыстарының тұрғындары құрылып жатқан бригаданы азық-түлікпен толықтай қамтамасыз етті деуге болады. Олар бригаданың қажетіне 200 т. сұлы, 550 т. пішен, 62 т. сабын, 65 т. ұн, 65 т. тары, 25 т. картоп, 30 т. көкөніс, 45 т. балық, 10 т. ет, 3,5 т. тоңмай, т.б. жинап берді [42].

Осы шаралардың бәрі әсіресе жылы киім жинау облыстық партия комитеттерінің жіті қадағалауында болды. Жоспар орындалмай қалған жағдайда себептері анықталып жауапты тұлғалар жазаланып отырды. Мысалы Гурьев облысында 1941 ж. қыркүйегінің бірінші онкүндігінде қысқа тон дайындау 2%-ке, қолғаптар - 4,3%-ке орындалмай қалған екен. Жалмажан Гурьев облыстық партия комитетінің бюросы шақырылып 23 қыркүйектегі өзінің мәжілісінде Маңғыстау ауданы бойынша комиссия төрағасы Құбашевты, Мақат ауданы бойынша Отарбаевты, Шевченко ауданы бойынша Нұруллинды, Жылыой ауданы бойынша Тияновты, Новобогат ауданы бойынша Жұмағұловты, Теңіз ауданы бойынша Ахмеджановты, Гурьев қаласы бойынша Антоновты қызметтен босатты [43].

Ұлттық әскери құрамаларды жасақтаудағы партия-совет қызметкерлерінің жоғарғы жауапкершілігін сол кезеңдегі қызметтік хаттарды талдағанда көруге болады. Мысалы Гурьев облыстық атқару комитетінің хатшысы Бекжановтың 1941 ж. 29 қыркүйектегі Маңғыстау аудандық партия комитетінің хатшысы Жантасовқа жіберген аса құпия хатында мемлекеттік маңызы бар тапсырманы орындамау қылмыспен тең деп атап көрсетілген [44].

Бүкіл аудандар мен қалалардың артельдеріне әскерге іш киім, қысқа тон, жылы киімдер, т.б. дайындауға жоспар қойылды. Жұмыс жақсы жүргенмен де шикізаттың жетіспеуі көп жағдайда тосқауыл болды.

Ұлттық әскери құрамасының қатарына ең үздік деген коммунисттер мен комсомол мүшелері жіберіліп отырды. Мысалы 101-ұлттық бригаданың қатарына келгендердің ішінде Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитеттерінің хатшысы Нұри Әлиев (бригада комиссары), Қостанай облыстық партия комитетінің хатшысы Бекайдар Берниязов (бригада саяси бөлімінің бастығы), Қазақстан Коммунистік партиясы орталық комитетінің өнеркәсіп және транспорт жөніндегі хатшысының орынбасары Нұғман Оразалин (бригада партиялық комиссиясының төрағасы), саяси бөлім бастығының көмекшісі Шайдахмет Серғазин болды. Ұлттық бригадасының командирлігіне полковник Севастьян Яповенко тағайындалды [31, 52]. Алғашқысында бригада да 3815 адам, оның 50,5 %-і комсомол мүшелері болды [40,87]. Кейін жауынгерлер саны 6 мыңға дейін жетті. Бригада құрамында 3-4 атқыштар батальоны, артиллерия, миномет дивизиондары т.б. бөлімдер болды [31, 212].

1942 ж. қаңтарында бригада құру толықтай аяқталды. Бригаданың әскери дайындығымен танысу үшін 1942 ж. 19 мамырында Ақтөбеге Мемлекеттік қорғаныс комитеттерінің мүшесі Маршал К.Е. Ворошилов келіп бригаданың әскери дайындығына жоғары баға берді. Майданға аттанар алдында бригада да 16 жүк, 6 жеңіл автокөлік, 460 бас жылқы, 52 көлік арба, 89 ер-тұрман, 1089 қысқа тон, 1448 қысқы бас киім т.б. болды [35, 22].

Бізге белгілі деректер бойынша 101-ұлттық бригада жаудан 160 елді пунктты азат етті, 3 жаяу әскер полкы мен 5 батальонды талқандады, 9 мыңнан астам солдаттар мен офицерлерді жойып жіберді.

Кейін бригада зор шығындарға байланысты таратылып, тірі қалғандары 47-ші және 90-шы атқыштар дивизияларына қосылды [31, 54].

Көріп отырғанымыздай Ұлы Отан соғысының барысында совет әскерлері үнемі жаңа күштерімен толықтырылып отырды. Егер соғыстың алғашқы жылында КСРО-ның еуропалық аумағының 30% жау қолында қалғанын ескерсек әскер саны елдің азиялық бөлімінен толықтырылып отырды. Әсіресе Қазақстанның орны өте зор болды. Соғыстың алғашқы жылдарында басталған әскери құрамаларды жасақтау 1943 ж. өзінің жалғасын тапты. 1943 ж. 1 сәуірінде Ақтөбе қаласында әскери міндеттілерден автоматшылар батальонын құру туралы шешім қабылданды. Батальон құру туралы жоспары Ақтөбе облыстық партия комитетінің бюро мәжілісінде талқыланып Ш.Оразбаев басқарған комиссия құрылды. Өз кезегінде осындай комиссиялар аудандарда да құрылды. Батальонға әскерге жарамды 18-45 жас аралығында ер адамдар қабылданды. Олардың бәрін мінер атпен қамтамасыз етіп 20 сәуірде Ақтөбеде жинақтау тапсырылды. Батальонға «Амангелді Иманов» аты беріліп 1943 ж. 10 мамырына дейін мерзім белгіленді [45].

Қазақстанда жасақталған әскери құрамаларға қазақ батырларының есімін беру туралы мәселені алғаш рет Қызылорда облысы Шиелі станциясының тұрғыны комсомол мүшесі Оспанов көтерген болатын. Өзінің Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің I хатшысы Н.Скворцовқа жолдаған хатында «Амангелді Иманов» есімін беруді сұрайды [44]. Бірақ оның ұсынысы аяқсыз қалды, себебі КСРО тарихында орыс емес ұлт өкілдерінің аты әскери құрамаларға берілмейтін еді. Әрине қазақ батыры Амангелдінің атын ірі құрамаға берсе де артықтық етпес еді. Бірақ осы фактының өзі жауынгерлердің рухын көтеруге үлкен ықпал етті.

Батальон толықтай Ақтөбе облысының қорынан жасақталды. Төмендегі таблица бізге әрбір ауданның осы әскери құраманы жасақтаудағы үлесін көрсетеді. [35, 32].

№1 Таблица

аудандар	кіші сержанттар	қатардағы жауынгерлер	аттар	жүк машиналары
Ақтөбе қаласы	17	53	-	2
Мартүк	4	21	2	-
Родниковск	1	4	1	-
Қобда	6	24	2	-
Ойыл	1	9	2	-
Новороссийск	8	32	2	-
Степной	5	20	2	-
Ключевой	7	33	2	-
Жұрын	4	16	2	-
Темір	6	24	2	-
Байғанин	1	4	-	-
Шалқар	5	20	2	-
Ырғыз	1	4	2	-
Қарабұтақ	1	4	1	-
Барлығы	67	268	22	2

Таблицадан көріп тұрғанымыздай батальон толықтай жасақталып майданға аттанды.

Жоғарыда атап өтілген құрамалардан басқа Ақтөбе облысында 129-шы миномёт полкы, 57-айрықша автобатальон, Оралда жоғарыда айтылған 152-атқыштар бригадасынан басқа автоматшылар батальоны және бес батальоннан тұратын полк құрылды [36, 13].

Сонымен қатар батыс қазақстандықтар облыстан, тіпті республикадан да тыс жерлерде жасақталған әскери құрамалардың қатарында соғысты. Мысалы Чкалов облысында (қазіргі Орынбор облысы) құрылған 333, 196, 193-дивизияларының құрамында болды [46].

1942 ж. басында Чкалов облысында құрылған. 196-шы дивизияның 80% қазақтардан тұрды. Чкалов облысында құрылған 195-атқыштар дивизиясының жартысынан көбі қазақтар болды (4129 адам) [8, 284].

Қазақстанның батыс өңірінде құрылған әскери құрамалардың барлығы дерлік Ұлы Отан соғысының басты майдандарында соғысып ерлік пен жанқиярлықтың үлгісін көрсетті.

Әскери құрамалар республика мен облыстардың бюджетінен құрылып және оның дені қазақ ұлтынан тұрғанымен командалық құрам негізінен орыс ұлтының өкілдерінен тұрды. Мысалы соғыстың алғашқы екі жылында құрылған 23 (жиырма үш) әскери құрамалардың біреуінен де қазақ ұлтынан командир болған жоқ [47].

Кейінгі жария болған құжаттар бізге қазақтарды командирлық лауазымдардан саналы түрде аластатқанына дәлел бола алады. Әрине бұның бір себебі қазақтардан офицер кадрларының жетіспеуінен еді, бірақ Совет өкіметінің қазақтарды әскери училищелер мен академияларда оқытуға құлқы болмағандығын білеміз. Бұл жағдай совет өкіметі өмір сүрген 74 жыл бойы сақталып келген еді.

Жалпы 1943ж 1 қыркүйегіне қарай Қазақстанның батыс аймақтарынан майданға Ақтөбе облысынан 71.782 адам, Гурьев (Атырау) облысынан 35.300, Батыс Қазақстан облысынан 54.500, барлығы 161.602 адам аттанды. Жалпы республика бойынша 985.956 адам мобилизацияланды [48].

Осыншама адамнан қазақ командир табылмағаны өкінішті-ақ. Ал енді 1945ж. шілдедегі дерек бойынша 84.237 адам мобилизацияланды: Ақтөбе облысынан 74.083 адам, Гурьев (Атырау) облысынан 42.509 адам [49].

Соғыс басталғанға дейін Қызыл Армия қатарында 178 мың қазақстандық болған екен, оның ішінде тек қана Гурьев (Атырау) облысының Маңғыстау ауданынан 1941 ж. 19 мамырында Қызыл Армия қатарына 1080 жасөспірім шақырылса, Батыс Қазақстан облысынан

2552 адам шақырылған. Кейін толықтырылған деректер бойынша соғысқа Ақтөбе облысынан 122.423 адам, Гурьев облысынан 50.509, Батыс Қазақстан облысынан 76.635 адам аттанды [48, 2]. Қазақстанның батыс аймағынан барлығы соғысқа 249.567 адам аттанған. Батыс қазақстандықтар соғыста орасан зор шығынға ұшырады. Бұл туралы академик М.Қозыбаев былай деп жазған еді: «Ұлы Отан соғысы жылдарында ұлттық құрамалар жасақталғаны барлығымызға мәлім. Бірақ оларды тиімді пайдаланған жоқ. Әсіресе атты әскер құрамаларын жалаң қылышпен неміс танкілеріне қарсы қойып қырып салды» [50, 117]. Соғыстың алғашқы жылдарындағы ауыр шығындар әскери дайындықтың төмендігінен де болды.

Жалпы соғыс кезіндегі шығындар туралы, оның ішінде ешқандай ақылға симайтын шығындар туралы екіталай пікірлер бар. Бірақ біз үшін соғыс тарихының ақтаңдақтары баршылық екені аян. Совет заманында соғыс тарихы, оның проблематикасы ешбір сынға ұшырамайтын қасиетті тақырыптың бірі болды.

Проблеманы зерттеушілердің де біразы соғысқа қатысқан немесе туған-туыстарды соғыста жоқ болған адамдар еді. Елімізде соғыс өрті шарпымаған адам кемде-кем еді. Майдангер, Ұлы Отан соғысының проблемасын жете зерттеушілердің бірі профессор Төлтай Балақаевтың тұжырымдауынша сол сұрапыл соғыста Қазақстанда 602.939 адам қаза тапты және хабарсыз кетті деп есептейді [48, 2].

Соғыс жылдарындағы батысқазақстандықтардың шығынын біз бір таблицаға жинақтауға тырыстық.

№2 таблица

облыстар	майданда қаза тапқандар	госпитальдарда жарақаттан қаза тапқандар	қаза тапқандар және майданнан оралмағандар	хабарсыз кеткендер	барлық шығындар
Ақтөбе	17008	1679	137	17368	36192
Атырау	3650	1327	15	10372	15364
Батыс Қазақстан	15896	2824	176	18096	36992
Маңғыстау	1535	186	132	2147	4000
Барлығы	38089	6016	460	47983	92548

Тағы да бір атап өтетін жайт бұл соғысқа өз еркімен аттанғандардың санының көп болуы. Әрине әртүрлі себептермен әскерден қашқандар да болды, бірақ бұлардың саны өте аз еді. Оларға өкімет тарапынан жазалау шаралары қолданылып отырды. 1937-1939 жж. қуғын-сүргіннен кейін шошыған халық ашық қарсылық көрсеткен жоқ. Соғыста, әсіресе оның бастапқы кезінде қазақтар зор қиыншылықтарға тап келді. Бұл сауаттылықтың төмен болуы, соғыс техникасын нашар меңгеру, әсіресе орыс тілін нашар білу немесе білмеу болды. Соғыс кезінде кедергілерге қарамастан қанша дегенменде қазақ офицер кадрлары шынығып, өсіп шықты. Бұлар сөз жоқ тәуелсіз Қазақстан армиясын құруда негіз болды. Өз қарулы күштерімізді құру барысында тарихшылардың алдында Қазақстанның әскери тарихын ғылыми дәрежеде жертеп, жас ұрпаққа таныстыру міндеті тұр.

Қорытынды. Қазіргі кезеңдегі әскери комиссариаттардың тәжірибесі көрсеткендей, олар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік және жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету міндеттерін уақтылы және сапалы шешеді. Бұл көбінесе әскери комиссарлардың біліктілігі мен кәсіби біліміне байланысты.

Кенес Одағы және Қазақстан Республикасы әскери комиссариаттарының қалыптасу және даму үдерісі мұрағаттық дереккөздер, орталық және жергілікті әскери басқару органдарының материалдары мен құжаттары, тарихи және арнайы әдебиеттер негізінде талданды.

Қарулы Күштердің дамуымен тығыз байланыста әскери комиссариаттардың құрылымында болған өзгерістер, олардың мемлекетіміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету

жөніндегі қызметті жүзеге асыратын органдардың жалпы жүйесіндегі рөлі мен орны өте маңызды.

Отандық әскери комиссариаттар даңқты даму жолынан өтті. Әскери комиссариаттар қызметінің барлық кезеңдеріндегі басты байлық – адамдар болды, болып келеді және болады. Олардың күнделікті тынымсыз еңбегі, жоғары кәсіби және адамгершілік қасиеттері, отансүйгіштігі мен жүктелген міндетке деген саналы көзқарасы Азаматтық және Ұлы Отан соғыстары кезінде, төтенше жағдайларда және бейбіт уақытта ауқымды және жауапты міндеттерді сәтті шешуді қамтамасыз етті. Ал қазіргі жағдайда әскери комиссариаттар Қарулы Күштердің жұмылдыру дайындығын арттыруға және Қазақстан мемлекетінің қорғаныс қабілетін нығайтуға лайықты үлес қосуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Декрет Совета Народных Комиссаров РСФСР «Об учреждении волостных, уездных, губернских и окружных комиссариатов по военным делам», от 8 апреля 1918 года.
- 2 Декреты Советской власти. Т.1 Москва, 1957. – с.66
- 3 Военные комиссариаты: история создания и развития (1918-2018 гг.) Под общ. редакцией В.П. Тонкошкурова. – М.: Красная Звезда, 2018. – 368 с.
- 4 Советские вооруженные силы: история строительства. Военное изд-во, 1978. - с. 515
- 5 Национальный вопрос в военном строительстве в СССР.1922-1945гг. Москва: Политическая энциклопедия, 2016. - 165-187 бб.
- 6 Мовчин Н.Н. Комплектование Красной армии. Исторический очерк. – Военная Типография Управления делами Наркомвоенмора и РВС, 1926. с.160.
- 7 Безугольный А.Ю. Национальный состав Красной армии, 1918-1945: Историко-статистическое исследование. М.: Центрполиграф, 2021.
- 8 К.Аманжолов, А.Тасболатов. Қазақстанның әскери тарихы: б.з.д. VI ғасырдан бүгінгі күнге дейін. Алматы: Білім. -1999. -211б. (317б.)
- 9 К.З. Кипшақбаев, Д.Ж. Серкебаев. Война и человеческие ресурсы Казахстана в 1941-1945 годах. // Молодой ученый. – 2024. – №16(515). – С. 303-306.
- 10 Декреты Советской власти. Т.1. Москва, 1964. - с.108
- 11 Ресей мемлекеттік әскери архивы (әрі қарай: РМӘА) .ф.33087, оп.1, д.5, л.50.
- 12 РМӘА. 7 қор, 7 тізбе, 440 іс; 1,2 п.
- 13 Постановление Президиума Центрального Исполнительного Комитета. О реорганизации местных органов Народного Комиссариата по Военным и Морским Дела. 9 января 1925 г. // Известия ЦИК Союза ССР от 10 января 1925 г., №8. (2); Собрание законов и распоряжений Рабоче-Крестьянского Правительства СССР за 1925 г. №1-39. Отдел первый. – М., б. г. (291)
- 14 РМӘА. 54 қор, 1 тізбе, 689 іс; 58 парақ.
- 15 РМӘА. 40442-қор, 2а-тізбе, 75-іс; 230-парақ.
- 16 РМӘА. 4-қор, 15а-тізбе, 462-іс; 11-15 парақ.
- 17 РМӘА. 4-қор, 14-тізбе, 1840-іс; 239-243 парақ.
- 18 РМӘА. 39415-қор, 1-тізбе, 11-іс; 156, 214 парақ.
- 19 Алдажұманов Қ. Қызыл Армияның ұлттық бөлімдері // Қазақ Совет Энциклопедиясы (ҚСЭ). 7-том – Алматы, 1975. – 81-82 б.
- 20 Джексенбаев Ш. И горек дым войны. Алма-Ата: Жалын, 1985. - с. 190
- 21 Гланц Дэвид М. Советское военное чудо.1941-1943: возрождение Красной Армии. Москва: ЭКСМО, 2008. -58 б.
- 22 М.Қозыбаев.Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны (1941-1945г.г.)-Алматы: Казахстан, 1964. -201б.
- 23 Бивор Энтони. Вторая мировая война. -Москва: КоЛибри, 2014. -304 б
- 24 К.Алдажұманов. История войны 1941-1945 годов и Казахстан: «белые пятна» и проблемы // Социогуманитарная наука Казахстана. Алматы, 2011-203-217 бб.

- 25 *Казахстан в первый год Отечественной войны против немецко-фашистских захватчиков.* – Алматы: КазОГИЗ, 1943. – 247 б.
- 26 *Национальный вопрос в военном строительстве в СССР.1922-1945гг.* Москва: Политическая энциклопедия, 2016. - 165-187 бб.
- 27 Безугольный А.Ю. *Этнонациональный аспект истории Красной Армии 1920-1940 гг в современной российской историографии // Ученые записки Крымского федерального университета им. А.И. Вернадского. Серия «Исторические науки». 2017. - т.3 (69). №4 - 3-17 бб.*
- 28 М.Қозыбаев. *Майдангер студенттер.* Алматы: Мектеп. -1985. -112б.
- 29 *История Второй Мировой войны, 1939-1945 гг. в 12 томах. -т.4; Фашистская агрессия против СССР. Крах стратегии «Молниеносной войны».* - Москва: Воениздат. – 1975. - 535 с.
- 30 М.Қ. Қозыбаев. *Ұлы ерлік.* Алматы: Қазақстан. - 1980. - 46 б (153б.)
- 31 К.Р. Аманжолов. *Ерліктің жарқын беттері. Ұлы Отан соғысында қазақстандық құрамалардың жеңіспен өткен жолдары. 1941-1945.* Алматы: Қазақстан. -1987. - 96 б.
- 32 М.Қозыбаев. *Ақтаңдақтар ақиқаты. Оқу құралы.* Алматы: Қазақстан: Қазақ университеті. -1992. - 138б. (272 б)
- 33 А.К. Аккузинов *Подготовка военных кадров на территории Казахстана в годы Великой Отечественной войны.* - Военно-исторический журнал. - №7. -2023. - 27б.
- 34 *Халықтың өшпес ерлігі: Отан соғысы және тыл ардагерлерінің естеліктер жинағы. Бессмертие подвига народа: воспоминания казахстанцев-ветеранов войны и труженников тыла.* - Астана: -2005. - 7 б. (672 б.)
- 35 *Актюбинцы в годы Великой Отечественной войны. 50 лет Победы. 1941-1945 гг.* - Актюбинск: Полиграфия. - 1995.165 с.
- 36 *Боздақтар: жинақтама том.* - Алматы: Қазақстан. -1995. - 106 б.(514 б.)
- 37 *Ақтөбе облысының мемлекеттік архивы (әрі қарай АқОМА), 85-қор, 1-тізбе, 1304-іс; 1, 11, 109 нн.*
- 38 *АқОМА, 13- қор, 10-тізбе, 27-іс; 112-н.*
- 39 *ҚР Президенті архивы (әрі қарай ҚР ПА), 708-қор, 5/1 - тізбе, 1398- іс; 49-н.*
- 40 *АқОМА, 13-қор, 10- тізбе, 308-іс; 58-н., 89-н.*
- 41 *ҚР ПА, 708-қор, 5/1- тізбе, 1125- іс; 3-н.*
- 42 *АқОМА, 13-қор, 10-тізбе, 310- іс; 5-н.*
- 43 *Маңғыстау облыстық мемлекеттік архивы (әрі қарай: МОМА), 17- қор, 1- тізбе, 698-іс; 5-6 н.*
- 44 *ҚР ПА, 708-қор, 5/1- тізбе, 1125- іс; 3, 7н.*
- 45 *АқОМА, 13-қор, 12- тізбе, 191-іс; 31-32-н.*
- 46 *АқОМА, 13-қор, 10- тізбе, 308-іс; 7-н.*
- 47 А.К. Канымкулов. *Трудовые и ратные подвиги трудящихся Актюбинский области в годы Великой Отечественной войны (1941-1945гг.): автореф. на соискание ученой степени к.и.н.* - Алма-Ата, 1980 - 25б.
- 48 Т.Балакаев. *Соғыс тарихының жалғасы бар // Егемен Қазақстан. №81. - 2005. -3б.*
- 49 *ҚР ПА.708-қор,6/1-тізбе,1182-іс;123-н*
- 50 М.Қ.Қозыбеу. *Тарих зердесі (Замана асуы) 1-кітап.* – Алматы: Ғылым. -1998. -80, 471б.

References:

- 1 Decree of the Council of People's Commissars of the RSFSR "On the Establishment of Volost, District, Provincial and District Commissariats for Military Affairs", dated April 8, 1918.
- 2 Decree of the Soviet Government. Vol. 1 Moscow, 1957. - p. 66
- 3 Military commissariat: history of creation and development (1918-2018) edited by V.P. Tonkoshkurova. – М.: Krasnaya Zvezda, 2018. – 368 p.
- 4 Soviet armed forces: history of construction. Military research, 1978. - p. 515
- 5 National question of military construction in the USSR. 1922-1945. Moscow: Political Encyclopedia, 2016. - pp. 165-187.

- 6 Movchin N.N. *Completing the Red Army. Historical essay.* – Military Typography Department of Narkomvoenmora and RVS, 1926. p. 160.
- 7 Bezugolny A.Yu. *National Composition of the Red Army, 1918-1945: Historical and Statistical Study.* M.: Tsentrpoligraf, 2021.
- 8 K. Amanzholov, A. Tasbolatov. *Foreign history of Kazakhstan: B.C. From the 6th century to the present day.* Almaty: Education. -1999. -211 p. (p. 317)
- 9 AD Kipshakbaev, D.Zh. Serkebaev. *War and human resources of Kazakhstan in 1941-1945.* // *A young student.* – 2024. – No. 16(515). – S. 303-306.
- 10 *Decree of the Soviet Government.* T.1. Moscow, 1964. - p. 108
- 11 *State Military Archive of Russia (further: PMAA).* f.33087, op.1, d.5, l.50.
- 12 RMA. 7 funds, 7 registers, 440 cases; 1.2 p.
- 13 *Resolution of the Presidium of the Central Executive Committee. About the reorganization of local bodies of the People's Commissariat for Military and Maritime Affairs. January 9, 1925* // *Bulletin of the Central Committee of the Union of the SSR of January 10, 1925, No. 8. (2); Collection of laws and regulations of the Workers' and Peasants' Government of the USSR for 1925. No. 1-39. First department.* – M., p. d. (291)
- 14 RMA. 54 funds, 1 list, 689 cases; 58 pages.
- 15 RMAA. 40442-fund, 2a-list, 75-case; 230-sheet.
- 16 RMAA. 4-fund, 15a-list, 462-case; 11-15 sheets.
- 17 RMAA. 4-fund, 14-list, 1840-case; 239-243 sheets.
- 18 RMAA. 39415-fund, 1-list, 11-case; 156, 214 sheets.
- 19 Aldazhumanov K. *National divisions of the Red Army* // *Kazakh Soviet Encyclopedia (KSE).* Volume 7 – Almaty, 1975. – 81-82 p.
- 20 Dzheksenbayev Sh. *And the bitter smoke of war.* Alma-Ata: Zhaly, 1985. - p. 190
- 21 Glantz David M. *Soviet military miracle. 1941-1943: revival of the Red Army.* Moscow: EKSMO, 2008. - 58 p.
- 22 M. Kozybaev. *Communist Party of Kazakhstan during the Great Patriotic War (1941-1945)* - Almaty: Kazakhstan, 1964. - 201 p.
- 23 Beevor Anthony. *World War II.* -Moscow: KoLibri, 2014. -304 p
- 24 K. Aldajumanov. *The history of the war of 1941-1945 and Kazakhstan: "white spots" and problems* // *Sociohumanitarian science of Kazakhstan.* Almaty, 2011-203-217 pp.
- 25 *Kazakhstan in the first year of the Patriotic War against the German-fascist invaders.* - Almaty: KazOGIZ, 1943. - 247 p.
- 26 *National question in military construction in the USSR. 1922-1945.* Moscow: Political Encyclopedia, 2016. - pp. 165-187.
- 27 A.Yu Bezugolny. *Ethno-national aspect of the history of the Red Army 1920-1940 in modern Russian historiography* // *Uchenye zapiski Krymskogo federalnogo universiteta im. To A. I. Vernadsko. Series "Historical Science".* 2017. - v. 3(69). #4. - pp. 3-17
- 28 M. Kozybaev. *Active students.* Almaty: School. - 1985. - 112 p.
- 29 *History of the Second World War, 1939-1945. in 12 volumes.* - v. 4; *Fascist aggression against the USSR. Crash strategy "Lightning war".* - Moscow: Voenizdat. – 1975. - 535 p.
- 30 M.K. Kozybayev. *Great heroism.* Almaty: Kazakhstan. - 1980. - 46 p. (153 p.)
- 31 K.R. Amanzholov. *Bright pages of heroism. The victorious path of Kazakhstani units in the Great Patriotic War. 1941-1945.* Almaty: Kazakhstan. -1987. - 96 p.
- 32 M.Kozybayev. *The truth of the Aktandaks. Textbook.* Almaty: Kazakhstan: Kazakh University. -1992. - 138 p. (272 p.)
- 33 A.K. Akkuzinov *Training of military personnel on the territory of Kazakhstan during the Great Patriotic War.* - Military historical magazine. - No. 7. -2023. - 27 p.
- 34 *The indelible heroism of the people: a collection of memories of veterans of the Patriotic War and the home front. Bessmertie podviga naroda: memoirs of Kazakh veterans of the war and the back of labor.* - Astana: -2005. - 7 p. (p. 672)

- 35 Aktyubians during the Great Patriotic War. 50 years of Victory. 1941-1945 - Aktyubinsk: Polygraphy. - s. 1995.165
- 36 Bozdak: a collection volume. - Almaty: Kazakhstan. -1995. - 106 p. (514 p.)
- 37 Aktobe Oblast State Archive (hereinafter referred to as AKOMA), fund 85, list 1, case 1304; pp. 1, 11, 109
- 38 AKOMA, fund 13, list 10, case 27; pp. 112
- 39 Presidential Archives of the Republic of Kazakhstan (hereinafter referred to as PA of the Republic of Kazakhstan), fund 708, list 5/1, case 1398; pp. 49
- 40 AKOMA, fund 13, list 10, case 308; pp. 58, p. 89
- 41 PA of the Republic of Kazakhstan, fund 708, list 5/1, case 1125; pp. 3
- 42 AKOMA, 13-fund, 10-list, 310-file; 5-p.
- 43 Mangystau Regional State Archive (hereinafter: MOMA), 17-fund, 1-list, 698-file; 5-6 p.
- 44 PA of the Republic of Kazakhstan, 708-fund, 5/1-list, 1125-file; 3, 7p.
- 45 AKOMA, 13-fund, 12-list, 191-file; 31-32-p.
- 46 AKOMA, 13-fund, 10-list, 308-file; 7-p.
- 47 A.K. Kanymkulov. Labor and military exploits of workers of the Aktobe region during the Great Patriotic War (1941-1945).: author's abstract. for the degree of Doctor of History of History - Alma-Ata, 1980 - 25 p.
- 48 T.Balakayev. The history of war continues // Independent Kazakhstan. No. 81. - 2005. -3p.
- 49 RK PA.708-kör, 6/1-list, 1182-is;123-p
- 50 M.K.Kozybev. Historical research (Zamana asuy) 1-book. - Almaty: Nauka. -1998. -80, 471p.

ҒТАХР/МРНТИ/IRSTI: 03.09.25

ӘӨЖ/УДК/UDC. 126(=48.21) (245)

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2025.87.4.005>

А.К. Нурманова¹, К.М. Жаулин², С.А. Едилханова³

¹ PhD, қауымдастырылған профессор, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қаласы, Қазақстан. e-mail: ayaguz1510@mail.ru

² саяси ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қаласы, Қазақстан, e-mail: kikbay.zhaulin@yu.edu.kz

³ тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қаласы, Қазақстан, e-mail: svetlana.yedilkhanova@yu.edu.kz

КЕҢЕСТІК ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯНЫҢ МАҢҒЫСТАУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада 1930-жылдары Маңғыстау өңірінде жүзеге асқан кеңестік әлеуметтік-экономикалық трансформацияның ерекшеліктері архивтік деректер негізінде талданады. Зерттеу барысында сайлау комиссияларының хаттамалары, азаматтардың өтініштері мен шағымдары, сондай-ақ кулактарды әшкерелеу жөніндегі құжаттар пайдаланылды. Мақалада халықтың саяси құқықтарынан айырылуы, қоғамға жат элемент ұғымының қолданылуы, жалдамалы еңбекті пайдаланғаны үшін шаруалардың кулак қатарына жатқызылуы сияқты мәселелер қарастырылды. Сонымен бірге, сайлау құқығынан айырылған азаматтардың әлеуметтік жағдайы, отбасыларының аштық пен жұмыссыздыққа душар болуы нақты мысалдар арқылы көрсетілді. Кеңестік биліктің әлеуметтік бақылау саясатының Маңғыстаудағы ерекшеліктерін ашып, оның ауылдық қоғамға тигізген әлеуметтік-саяси және

экономикалық салдары сараланды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, кеңестік жүйеде саяси құқығынан айыру тек жекелеген тұлғаларға емес, олардың отбасы мүшелеріне де қолданылған. Сонымен қатар, құжаттар кулак ұғымының тым кеңейтіліп, әкімшілік органдар тарапынан қарапайым еңбекші шаруаларды да қамтығанын айғақтайды. Деректердің мазмұны кеңестік саясаттың идеологиялық мақсаттарды заңдық тетіктер арқылы жүзеге асырғанын және әлеуметтік әділетсіздіктерді күшейткенін көрсетеді. Маңғыстау облыстық мемлекеттік архивінде сақталған құжаттар сайлау комиссияларының шешімдері мен атаулы тізімдер кеңестік биліктің саяси бақылауды күшейтіп, тұтас әлеуметтік топтарды (саудагерлерді, дін қызметкерлерін, бұрынғы офицерлерді, жер аударылғандарды) саяси құқықтарынан айыру арқылы қоғамды таптық тұрғыда қайта құруға ұмтылғанын көрсетеді. Олар тәркілеу мен саяси құқықтардан айыру науқандарының халықтың күнделікті өміріне, материалдық мәдениетіне және қоғамдық құрылымына тікелей әсер еткенін дәлелдейді.

Кілт сөздер: кулак, сайлау құқығы, контрреволюция, репрессия, әлеуметтік жіктелу, кеңестік билік

А.К. Нурманова¹, К.М. Жаулин², С.А. Едилханова³

¹ PhD, ассоциированный профессор, Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова, г. Актау, Казахстан. e-mail: ayaguz1510@mail.ru

² доктор политических наук, профессор, Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова, г. Актау, Казахстан, e-mail: kikbay.zhaulin@yu.edu.kz

³ кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова, г. Актау, Казахстан, e-mail: svetlana.yedilkhanova@yu.edu.kz

ОСОБЕННОСТИ СОВЕТСКОЙ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ В МАНГИСТАУ

Аннотация

В статье на основе архивных данных анализируются особенности советской социально-экономической трансформации, осуществлённой в Мангистау в 1930-е годы. В ходе исследования использовались протоколы избирательных комиссий, заявления и жалобы граждан, а также документы, связанные с разоблачением кулаков. В работе рассматриваются такие вопросы, как лишение населения политических прав, применение понятия социально чуждый элемент, а также отнесение крестьян к категории кулаков за использование наёмного труда. Кроме того, на конкретных примерах показано социальное положение граждан, лишённых избирательных прав, и то, как их семьи сталкивались с голодом и безработицей. В статье раскрываются особенности политики социального контроля советской власти в Мангистау и анализируются её социально-политические и экономические последствия для сельского общества. Результаты исследования показывают, что в советской системе лишение политических прав применялось не только к отдельным лицам, но и к членам их семей. Кроме того, документы свидетельствуют о чрезмерном расширении понятия кулак, что позволяло административным органам относить к этой категории и простых трудящихся. Содержание источников демонстрирует, что советская политика реализовывала идеологические цели через правовые механизмы, тем самым усиливая социальную несправедливость. Документы, хранящиеся в Государственном архиве Мангистауской области, включая решения избирательных комиссий и именные списки, показывают, что советская власть стремилась усилить политический контроль и перестроить общество на классовой основе, лишая целые социальные группы торговцев, священнослужителей, бывших офицеров, ссыльных политических прав. Эти материалы свидетельствуют о том, что кампании по конфискации

имущества и лишению политических прав напрямую влияли на повседневную жизнь населения, его материальную культуру и социальную структуру.

Ключевые слова: кулак, избирательное право, контрреволюция, репрессия, социальная дифференциация, советская власть.

A.K. Nurmanova¹, K.M. Zhaulin², S.A. Edilkhanova³

¹ PhD, Associate Professor, Sh. Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Aktau, Kazakhstan. e-mail: ayaguz1510@mail.ru

² Doctor of Political Sciences, Professor, Sh. Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Aktau, Kazakhstan. e-mail: kikbay.zhaulin@yu.edu.kz

³ Candidate of Historical Sciences (PhD equivalent), Associate Professor, Sh. Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Aktau, Kazakhstan
e-mail: svetlana.yedilkhanova@yu.edu.kz

FEATURES OF THE SOVIET SOCIO-ECONOMIC TRANSFORMATION IN MANGYSTAU

Abstract

The article analyzes the features of the Soviet socio-economic transformation carried out in the Mangystau region during the 1930s based on archival sources. The study uses protocols of electoral commissions, citizens petitions and complaints, as well as documents related to the exposure of kulaks. The article examines issues such as the deprivation of political rights, the application of the concept of a socially alien element, and the classification of peasants as kulaks for using hired labor. In addition, specific examples illustrate the social conditions of citizens deprived of voting rights and how their families faced hunger and unemployment. The study reveals the peculiarities of Soviet social control policy in Mangystau and analyzes its socio-political and economic consequences for rural society. The research results show that in the Soviet system, the deprivation of political rights was applied not only to individuals but also to their family members. Furthermore, the documents demonstrate that the concept of “kulak” was excessively broadened, allowing administrative bodies to classify ordinary working peasants as exploiters. The content of the sources indicates that Soviet policy implemented ideological objectives through legal mechanisms, thereby reinforcing social injustice. Documents preserved in the Mangystau Regional State Archive including electoral commission decisions and nominal lists show that Soviet authorities sought to strengthen political control and reconstruct society along class lines by depriving entire social groups (such as merchants, clergymen, former officers, and exiled persons) of political rights. These materials demonstrate that campaigns of confiscation and political disenfranchisement had a direct impact on the everyday life of the population, its material culture, and social structure.

Keywords: kulak, voting rights, counterrevolution, repression, social stratification, Soviet power

Кіріспе. Кеңес мемлекетінің алғашқы жылдарында қалыптасқан сайлау құқықтарын шектеу тетіктерін зерттеу қазіргі таңда өзекті. Біріншіден, ол тоталитарлық саяси жүйенің құқықтық механизмдер арқылы қалыптасқанын түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, бұл тәжірибе саяси құқықтарды шектеудің идеологиялық және әлеуметтік негіздерге сүйенгенін анықтауға көмектеседі. Үшіншіден, қазіргі демократиялық институттарды дамытуда өткен кезеңдегі құқықтық шектеулердің салдарын талдау азаматтық құқықтарды қорғау және сайлау жүйесінің ашықтығын қамтамасыз ету тұрғысынан маңызды. Осылайша, тарихи тәжірибені зерделеу қазіргі саяси-құқықтық реформаларға ғылыми негіз береді және азаматтық қоғамның тұрақты дамуына ықпал ететін сабақтарды айқындайды.

1918 жылы сәуір айында сайлау құқықтарын шектеу идеясы жарияланып, «сайлаушылар – еңбекші және қаналушы бұқара, ал буржуазия сайлау үрдісінен шеттетілді» деген тұжырым ұсынылды. Бұл идея 1918 жылғы 10 шілдеде қабылданған Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасының Конституциясында нақты құқықтық нормаға айналды.

Конституция азаматтардың белгілі бір санаттарына сайлау құқығын бермеу немесе сайлану мүмкіндігін шектеу ережелерін бекітті. 1918 жылғы Конституцияның 7-бабында «қанаушылардың ешбір билік органдарында орын алмайтыны» ресми түрде жарияланса, 65-бапта сайлау құқығынан айырылған азаматтардың нақты санаттары көрсетілді.

Оларға:

- а) жалдамалы еңбекті пайда табу үшін пайдаланатындар;
- б) еңбексіз табыс көзінен күн көретіндер (капиталдан түсетін пайыз, мүліктен түсетін табыс және т.б.);
- в) жеке саудагерлер мен коммерциялық делдалдар;
- г) дінбасылар мен монахтар;
- д) бұрынғы полиция және жандармерия қызметкерлері, күзет бөлімшелерінің өкілдері;
- е) психикалық ауруға шалдыққан немесе есі дұрыс емес деп танылғандар;
- ж) пайдакүнемдік немесе жала жабу қылмыстары үшін сотталғандар.

Сонымен қатар, Конституцияның 23-бабында «жұмысшы табының жалпы мүдделерін басшылыққа ала отырып, белгілі тұлғалар мен әлеуметтік топтарды социалистік революцияға зиян келтіретін құқықтарынан айыру» қағидасы енгізілді [1, 244].

1918 жылғы Конституциядан кейін сайлау құқықтарын шектеуді нақтылайтын нұсқаулықтар қабылданды. 1919 жылғы нұсқаулықта кулактар мен контрреволюционерлердің сайлау құқығынан айырылатыны бекітілді. Уақыт өте келе бұл тәжірибе кеңейіп, большевиктік емес партиялардың, соның ішінде социалистік партия өкілдерінің барлығы контрреволюциялық және таптық жат элементтер қатарына енгізілді.

Азамат соғысы аяқталғаннан кейін де ашық оппозицияда болған немесе Кеңес билігіне жасырын наразылық білдірген топтарды жаппай сайлау құқығынан айыру жалғасты [2, 54]. 1921 жылғы нұсқауда сайлау құқығынан айырылғандардың санаттары кеңейтіліп, ол КСРО Конституциясының 65-бабымен толықтырылды. «Д» тармағына ақ гвардияшыл милицияның жазалаушы отрядтары енгізілсе, жаңа «э» тармағында ақтардан оралып, азаматтық алмаған адамдар саяси құқықтардан айырылды.

1922 жылғы РСФСР Қылмыстық кодексінің 40-бабында құқықтарды шектеудің мазмұны ашылып көрсетілді. Онда бес жылға дейінгі мерзімге белсенді және пассивті сайлау құқығынан айыру, ұйымдардағы сайлану және сайлау мүмкіндігін шектеу, жауапты қызметтерді атқаруға тыйым салу, халық сотында кеңесші, қорғаушы немесе қорғаншы болу құқығынан айыру шаралары белгіленді. Сол жылы қабылданған БОАК декреті саяси репрессиялық шараларды заңдастырып, кеңеске қарсы партия қайраткерлерін елден шығару немесе үш жылға дейін жер аудару тәжірибесін ресми бекітті. Бұл шешім саяси оппозицияны шектеу және қоғамнан аластау саясатының құқықтық негізін күшейтті [3,14].

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің деректік негізін Маңғыстау облыстық мемлекеттік архивінің (МОМА) қорларындағы құжаттар құрайды. Алдымен сайлау құқығынан айырылған тұлғалардың атаулы тізімдері мен азаматтардың өтініштері пайдаланылды. Бұл құжаттар өңірдегі 1930-жылдардың басындағы әлеуметтік-саяси жағдайдың ерекшелігін, сондай-ақ сайлау саясатының жүзеге асырылу тетіктерін және оның халықтың күнделікті өміріне тигізген ықпалын айқындауға мүмкіндік береді. Зерттеудің әдіснамалық негізін ретроспекция әдісі мен идеографиялық әдіс құрайды. Ретроспекция әдісі саяси және әлеуметтік тұрғыда сенімсіз элементтерді оқшаулау үдерістерін кезең-кезеңімен қайта қалпына келтіруге мүмкіндік берсе, идеографиялық әдіс нақты жағдайларды жан-жақты талдап, Маңғыстау өңіріндегі репрессивті тәжірибенің өзіндік ерекшеліктерін ашуға жағдай жасайды. Осы әдістерді қатар қолдану қарастырылып отырған тарихи үдерістердің себептерін, барысын және салдарын аймақтық контексте анықтауға жол ашады.

Талқылау. 1930-жылдары кеңестік биліктің саяси-құқықтық жүйесінде электоралдық құқықтарды шектеу саясаты кең ауқымда жүргізілді. Бұл науқан КСРО Орталық Атқару Комитетінің сайлау туралы нұсқауларына сүйене отырып жүзеге асырылды және қанаушы элементтерді қоғамдық-саяси өмірден аластауға бағытталды. Жергілікті сайлау комиссиялары

орталық биліктің шешімдерін орындаушы орган ретінде белгілі бір тұлғаларды сайлау құқығынан айырып отырды. Осындай шаралардың көрінісі ретінде 1930 жылғы 21 қарашада Форт-Александровскіде өткен қалалық сайлау комиссиясының №3 хаттамасын атауға болады. Жиналысқа қалалық кеңес төрағасы Мәметсейітов, прокурор Замайлов және комиссия мүшелері қатысып, арнайы тізім негізінде Баутино поселкесінің тұрғындары қаралды. Нәтижесінде нұсқаулықтың тиісті баптарына сәйкес барлығы 56 адам, ал Форт-Александровскіде 6 адам дауыс беру құқығынан айырылды. Олардың қатарында Н.Н.Трусов, Н.Трусова, Е.Дубский, М.Дубская, Ф.Починов, Н.А. Шаманин, К.Дубский, Б.Кармазин, К.Годов, Даньков Василий, А.Красильников, Д.Бондарев және олардың туыстары болды. Тізімге енгізілген азаматтар бұрынғы көпестер, саудамен айналысушылар, кулактар немесе олардың отбасылары ретінде сипатталды. Бұл құжат кеңестік сайлау жүйесінің демократиялық қағидаларға қайшы келгенін айқын көрсетеді. Сайлау құқығынан айыру тек жеке адамдарға ғана емес, олардың отбасы мүшелеріне де қолданылды. Нәтижесінде қоғамның тұтас әлеуметтік топтары саяси құқығынан айырылды [4, 8].

1930 жылғы 25 қарашада өткен Маңғыстау қалалық сайлау комиссиясы мәжілісінің №7 хаттамасы Маңғыстау аймағындағы әлеуметтік жіктелу мен кеңестік сайлау құқығын шектеу саясатының нақты көрінісін айғақтайды. Құжат мазмұнынан кулак-қанаушы деп айыпталғандарға қарсы қолданылған шаралардың заңнамалық негізі КСРО Орталық Атқару Комитетінің 1930 жылғы 3 қазанда қабылданған сайлау нұсқаулығына сүйенгенін байқауға болады. Мәжіліске қалалық сайлау комиссиясы мүшелері мен прокурор Замайлов қатысып, сайлау құқығынан айыру мәселесі қаралған. Қаулы нәтижесінде бірқатар азаматтар Переплюков К.П., Григорьев А.Г., Рюмков В.С., Даньков Д.Н., Киселев И.И., Коновалов Г.Е., Красильников А.А., Горностаев Д.П., Кузнецов С.Е. сайлау құқығында қалдырылды. Бұған негіз ретінде Баутино поселкелік кеңесінің 1930 жылғы 24 қарашадағы ресми деректері келтірілген. Бұл азаматтардың кулак-қанаушы қатарына жатпайтыны дәлелденіп, кейбірінің қоғамдық пайдалы еңбекпен айналысып жүргені ерекше атап өтілген. Дегенмен, хаттамада көрсетілгендей, КСРО Орталық сайлау комиссиясының сайлау жөніндегі нұсқаулығының 4-бабының «а» тармағы мен 5-бабының «а» тармағына сәйкес, Белунина Е.С., Белунин А.В., Белунина С., Белунин А.В., Белунин И., Дубский П.И., Дубская М., Семенов В.Д., Семенова М. секілді адамдар жалдамалы еңбекті пайдалану арқылы пайда табушы кулак-қанаушылар ретінде дауыс беру құқығынан айырылған. Сондай-ақ А.Трусова ғимараттарды жүйелі түрде жалға беруші ретінде 1930 жылғы 3 қазандағы КСРО Орталық сайлау комиссиясының сайлау жөніндегі нұсқаулығының 5-бабының «е» тармағына сәйкес сайлау құқығынан айырылған. Қаулы соңында Баутино поселкесіндегі сайлау құқығынан айырылғандардың тізімі аудандық сайлау комиссиясында бекітіліп, кейіннен жариялануы тиіс екендігі нақтыланған. Бұл құжат кеңестік биліктің әлеуметтік шығу тегі мен шаруашылық қызметке байланысты жүргізген саяси бақылауының нақты дәлелі болып табылады [5, 16].

1930 жылғы 27 қарашада Маңғыстауда өткен аудандық қалалық сайлау комиссиясы мәжілісінің №8 хаттамасы кеңестік биліктің саяси құқықтарды әлеуметтік тегі мен кәсіби қызметке қарай шектеу саясатының нақты көрінісін сипаттайды. Мәжіліске қалалық сайлау комиссиясы мәжілісінің мүшелерімен қатар прокурор Замайлов, халық соты Ишмұхамедов және басқа лауазымды тұлғалар қатысқан. Күн тәртібінде екі мәселе қаралған: сайлау құқығынан айыру және тексеру бригадасы жетекшісінің баяндамасы. Қаулы бойынша бірқатар азаматтар Бултенев, Измагамбетов Ю., Сәгитқұлов Д., Саламат Т., Узакбаев Д., Сериков А., Құрмантүрліев Қ., Ишимов А., Аюпов Қ., Бимембетов Б., Акназаров А., Урибасаров А., Фролов Н., Нижепов Д., Ахмедов Ж., Қосымов Қ., Молдабергенев Ж., Тұмалақов Б., Ищанов Б., Құтұмбаев И., Вагеев П., Үдеусубердиев Н. сайлау құқығында қалдырылды. Бұған себеп олардың кулак, саудагер немесе эксплуататор ретінде айыпталуына дәлелдердің болмауы және қоғамдық пайдалы еңбекпен айналысуы. Сонымен қатар, Джумағали С., Мақтамбергиев Н., Мақтамбергиева О., Аманиязов Қ., Аманиязова Қ., Аманиязова М., Жақсылықов Т., Жақсылықова Ш., Бекназаров Ш., Бекназарова Х.,

Губайдуллин С., Губайдуллина А., Нарегеев Б., Нарегеева Б., Маклецов А., Қаратұлов С., Қарагулова А., Қараулова А. секілді азаматтар дауыс беру құқығынан айырылды. Дауыс беру құқығынан айырудың негізгі себептері саудамен айналысу, жалдамалы еңбекті пайдалану, кеңестік билікке адалдық танытпау (ақ офицер ретінде өткен қызмет), діни қызметпен шұғылдану және басқа адамның материалдық қамқорлығында немесе асырауында болатындар ретінде қоғамдық пайдалы еңбекке араласпау. Сонымен бірге Қуций, Ховод және Назаренко секілді тұлғалар әкімшілік жер аударылғандар ретінде құқықтан айырылды. Бұрын қабылданған шешім бойынша Н.Мельникованың да сайлау құқығынан айырылуы бекітілді. Хаттаманың соңғы бөлімінде Форт-Шевченко мен Баутино бойынша бұрынғы саудагерлердің тізімдерін қалалық сайлау комиссиясы қосымша мәліметтермен толықтыру тапсырылды. Бұл шара саяси бақылауды күшейтіп, әлеуметтік текті қатаң анықтау саясатын жүзеге асыруға бағытталғанын көрсетеді. №8 хаттама кеңестік биліктің саяси құқықтардан айыру тәжірибесінің бірнеше қырына назар аудартады: біріншіден, қоғамдық пайдалы еңбек негізгі өлшем ретінде алынып, еңбекке араласқандар сайлау құқығында қалдырылды; екіншіден, бұрынғы саудагер, қоғамға жат элемент, діни қызметші немесе ақ офицер атанғандар толық саяси құқығынан айырылды; үшіншіден, асырауға алынғандар санатына жатқызылған әйелдер мен балалар да саяси құқықтарынан айырылып, әлеуметтік жауапкершіліктен тыс қалмады. Бұл шешім кеңестік қоғамдағы әлеуметтік жіктелуді тереңдетіп, жергілікті деңгейде де таптық күрестің заңдық негізде жүргізілгенін айғақтайды [6, 19].

1930 жылғы Маңғыстау өңірінде түзілген Форт-Александровск қаласы бойынша №68 атаулы тізім кеңестік биліктің саяси репрессия саясатының айқын көрінісі болып табылады. Тізімге ондаған жергілікті тұрғын енгізілген, олардың көпшілігі кулак, бай, саудагер, қанаушы немесе қоғамға жат элемент ретінде сипатталған. Әсіресе көзге түсетіні әйелдер мен балалардың да басқа адамның материалдық қамқорлығында немесе асырауында болатындар ретінде саяси құқықтан айырылды. Мысалы, Калканова Рабиға, Калканова Қараслу, Калканова Бекназарова Кадыша, Алауова Майда, Дуйселова Раша, Дуйселова Сабилә, Баймуканова Далабай, Мактабердиева Кунай, Аманиязова Калташ, Джаксылыкова Шувак, Бекназарова Холлажар, Нориגיעва Батыгеш және тағы басқа көптеген әйелдер мен қыз балалар күйеуі немесе әкесі бай, саудагер деп танылғаны үшін саяси құқықтан айырылған. Бұл құжат кеңестік жүйеде отбасы мүшелерінің де таптық қылмысына ортақ жауапты болғанын көрсетеді. Сондай-ақ, құжатта Маклецов Александр бұрынғы ақ офицер ретінде, Қаратұлов Серікбай дін қызметкері ретінде, Назаренко Георгий әкімшілік жер аударылған ретінде сайлау құқығынан айырылған. Мұндай сипаттамалар кеңестік биліктің саяси сенімсіз деп танылған әлеуметтік топтарды заңдық негізде қоғамнан оқшаулау саясатын жүйелі түрде жүргізгенін айғақтайды. №68 тізімнің негізі ретінде 1930 жылғы 3 қазандағы БОАК сайлау нұсқаулығы мен 20 қазандағы Жалпыресейлік ОАК шешімдері алынған. Сонымен бірге, құжат басқа хаттамаларға аудандық қалалық сайлау комиссиясы мәжілісінің 21 қарашадағы №3, 22 қарашадағы №5, 27 қарашадағы №8, 1 желтоқсандағы №10, 4 желтоқсандағы №13 хаттамаларына сілтеме жасайды. Бұл саяси құқықтан айыру науқаны бір реттік емес, жүйелі әрі кезең-кезеңімен жүзеге асқанын дәлелдейді [7, 96]. Жалпы алғанда, №68 құжат Маңғыстаудағы кеңестік қуғын-сүргіннің әлеуметтік құрылымын көрсетеді. Біріншіден, еңбекпен айналыспағандар мен тап жаулары ретінде белгіленген топтарды жаппай саяси құқығынан айыру тәжірибесін айғақтайды; екіншіден, саяси қуғынның жыныстық және жас ерекшелігін ескермегенін, яғни әйелдер мен балаларды да қамтығанын көрсетеді; үшіншіден, саяси бақылаудың жергілікті деңгейде қатаң жүргізілгенін дәлелдейді.

1931 жылға жататын Баутино поселкісі бойынша сайлау құқығынан айырылған адамдар бойынша құжат сайлау құқығынан айырылғандардың аты-жөндерін көрсететін атаулы тізім болып табылады. Құжатта көрсетілген адамдардың басым бөлігі кулак, діни қызметкер немесе әкімшілік жер аударылған деген айыптаулармен саяси құқықтарынан айырылған. А.Красильникова кулактың әйелі, жалдамалы еңбекті пайдалану арқылы пайда тапқан деп сипатталған. А.Кузнецова кулак Кузнецовтың қызы. М.Кузнецова сайлау құқығынан

айырылған отбасы мүшесі (жұбайы). И.Белов жалдамалы еңбекті пайдаланушы. А.Белова сайлау құқығынан айырылған отбасы мүшесі (жұбайы). Е.Белунина кулак асырауындағы адам. Барлығы әлеуметтік қауіпті элементтер ретінде көрсетіліп, сайлау құқығынан айырылған. Сайлау құқығынан айыру кеңестік биліктің әлеуметтік топтарды саяси тұрғыда оқшаулаудың негізгі құралы болды. Бұл құжаттағы кулак, асырауындағы адам, діни қызметкер және әкімшілік жер аударылған айдарлары заңдық емес, саяси айыптау сипатында қолданылған. Құжатта тек кулак немесе жер аударылған адам ғана емес, олардың әйелдері, балалары, асырауындағы адамдары құқықтан айырылған. Тізімде түрлі әлеуметтік топ өкілдері бар: бұрынғы ауқатты шаруалар (кулактар), олардың отбасы мүшелері, діни қызметкерлер (православ дьяк), әкімшілік жолмен жер аударылғандар, жұмыстан жалтарушылар. Бұл кеңестік биліктің әлеуметтік жіктеу саясатының ауқымын көрсетеді. Маңғыстаудағы балықшылар поселкелері мен өндіріс орындарында да тазалау науқандары жүргізілгені байқалады. Жергілікті халық қана емес, қоныстанушылардың да саяси қысымға ұшырағаны аңғарылады. Осылайша, аталған құжат сталиндік дәуірдегі саяси қуғын-сүргіннің жергілікті деңгейдегі шынайы көрінісін ашып береді. Ол саяси құқығынан айырылғандар саясатының отбасылық және әлеуметтік салдарын дәлелдейтін дерек болып табылады. Сайлау құқығынан айыру қоғамның белгілі бір топтарын (саудагерлерді, кулактарды, діни қызметкерлерді, жер аударылғандарды) әлеуметтік және саяси тұрғыда оқшаулаудың құралына айналған. Баутино секілді балықшылар поселкесінде де мұндай саяси қуғын-сүргін кең тарағанын байқаймыз. Ғылыми тұрғыда бұл құжатты 1930-жылдардағы кеңестік әлеуметтік тазалау науқанының жергілікті деңгейдегі нақты көрінісі деп бағалауға болады. Ол биліктің тап жауларын анықтап, оларды қоғамнан аластату саясатын жүзеге асыруының дереккөздік дәлелі болып табылады [8, 12].

1934 жылы жасалған Форт-Александровскіде Баутино селосы және Аташ өндірісі бойынша сайлау құқығынан айырылған адамдардың атаулы тізімі Маңғыстау аймағындағы саяси құқықтан айыру науқанының жалғасқанын көрсетеді. Тізімге енгізілген азаматтардың көпшілігі кулактардың әйелдері мен балалары ретінде сипатталады. Тізімде Белуниндер отбасының бірнеше мүшесі (Евдокия, Алексей, Илья), Дубская Мария, Семенов Василий, Савельев Иван, Савельева Матрена және тағы басқалар бар. Олар еңбекпен айналыспайтын, кулактар отбасына тәуелді адамдар ретінде сипатталған. Мұндай баға берулер олардың әлеуметтік мәртебесін емес, саяси көзқарасын шектеу үшін жасалған әкімшілік айыптаулар болғаны айқын. Құжатта діни қызметкер ретінде көрсетілген тұлға бар: «діни культ қызметшісі (диаак)». Бұл кеңестік жүйенің дін өкілдерін қоғамнан шеттетіп, оларды да саяси қауіпті элемент ретінде қарастырғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, бірнеше азамат әкімшілік жер аударылған деп көрсетілген. Бұлар бұрынғыдан саяси сенімсіз деп танылып, жер аудару жазасына кесілген адамдар. Тізімде ерекше назар аударатын жайт жұмыстан кешігуші, жер аударылған деген айыптау. Бұл еңбек тәртібін бұзғаны үшін азаматтың саяси құқықтан айырылғанын білдіреді. Яғни кеңестік билік еңбек тәртібін саяси сеніммен байланыстырған. Аталған тізім КСРО Орталық Атқару Комитетінің сайлау нұсқаулығы негізінде жасалып, қалалық сайлау комиссиясы мәжілісінің шешімімен бекітілген. Бұл кеңестік заңнама бойынша тап жауларын сайлау құқығынан айырудың ресми, заңдастырылған сипат алғанын көрсетеді. Әйелдер, балалар, дін қызметкерлері мен тіпті еңбек тәртібін сақтамаған қарапайым жұмысшылар да жазаға тартылып, азаматтық құқықтарынан айырылды [9, 13]. 1920-1930 жылдары кеңестік аппараттағы кадр саясаты мен тазалау науқандарының қарапайым қызметкерлер тағдырына қалай әсер еткені 1929 жылғы 3 тамызда Адай округінде өмір сүрген Б.Томалақовтың жазған шағымында баяндалған. Бұл құжатта ол өзін кеңестік мекемелерге қызметке қабылдаудың заңсыздығын мәлімдеген және өзінің өмірбаянын баяндаған. Ол қазақ, Маңғыстау өңірінің (бұрынғы Адай округі, кейін Гурьев округі) тумасы. 1929 жылы жасы 38-де болған, партияда жоқ, бірақ 1920 жылдан бері кәсіподақ мүшесі. 1905 жылы, 14 жасында, Форт-Александровск қаласына келіп, орыс-түзем мектебіне түседі. 1911 жылы осы қаладағы екі кластық училищені бітірген. Оқуды тәмамдаған соң уездік басқармаға іс-

тәжірибеден өтуші ретінде жұмысқа қабылданып, төрт айдан кейін сол мекемеде журналист қызметіне орналасқан. Бұл қызметті 1913 жылға дейін атқарып, кейін Форт-Александровск пошта бөлімшесінде пошташылық қызметке кіріседі. Мұнда 1916 жылға дейін жұмыс істеп, сол жылдың соңында армияның тыл жұмыстарына мобилизацияланып, Түрік майданына жөнелтілген. Ол жерде 1917 жылғы революцияға дейін еңбек етіп, наурыз айында Форт-Александровскіге оралған. Оралғаннан кейін бірден кеңестік аппаратта қызметке кірісіп, сол кезден бастап үзіліссіз жұмыс істегенін жазады. 1917 жылдан 1929 жылға дейінгі барлық қызметін дәлелдейтін 21 құжат көшірмесін арызға тіркеген, яғни өзіне қарсы әрекеттердің заңсыздығын дәлелдеуге тырысқан. Оның айтуынша, осы жылдар ішінде ешқашан қызметтік қателік жібермеген, қылмыстық іске тартылмаған, сот алдында жауап бермеген. Сол себепті жергілікті билік те оның еңбегін бағалап, қызметін жалғастыруға мүмкіндік беріп отырған. Б.Томалақовтың шағымында ерекше атап өтілетіні Маңғыстау ауданында кеңестік аппаратты тазалау жұмысы әлі жүргізілмегенін, бұл үшін арнайы комиссия да құрылмағанын мәлімдеуі. Кеңестік билік кезінде қызметкерлердің адалдығы мен саяси сенімділігі үздіксіз тексеріліп отырған. Жұмыс орнын сақтау үшін әрбір азамат өзінің саяси адалдығын құжаттармен дәлелдеуге мәжбүр болды [10, 33].

1929 жылғы 2 қыркүйекте Форт-Александровск тұрғыны Ж. Чумпаков өзінің әлеуметтік тегі мен жағдайына байланысты өтініш жазған. Өтініш мазмұны оның отбасылық тарихы мен еңбек жолын нақты сипаттайды. Әкесі Ч.Қызымбаев Маңғышлақ уезінің 111-Бозащы болысының «Мендубай-Жарқамыс» ауылынан шыққан, мал шаруашылығымен шұғылданған. 1919 жылғы жұт кезінде Маңғышлақ уезінің халқы қатты күйзеліске ұшырағандықтан, зардап шеккендердің бір бөлігі Қызыл Крест көмегімен Түркістан өлкесіне Байрам-Али және Мерв қалаларына көшірілген. Ж.Чумпаковтың әкесі де отбасымен бірге сонда барып, бес жыл бойы ауқатты түркімендердің жұмысшысы ретінде еңбек еткен. Байрам-Али қаласындағы орыс-түзем мектебінде білім алған. 1916 жылдан бастап ол еңбек іздеп Красноводск қаласына барған. Кейін Астрахань қаласына көшіп барып, түрлі жұмыстарды атқарған. 1919 жылдың аяғынан, 1920 жылдан бастап ол кеңестік биліктің ықпалымен мемлекеттік қызметке кіріскен. Өтінішінде ол өзінің 12 жасынан бастап 1920 жылға дейін батырақ, қара жұмысшы, жүкші болғанын дәлелдеп, осы жағдайды аудандық атқару комитеті ресми түрде куәландыруын сұрайды. Жазбаның соңында большевиктердің Бүкілодақтық Коммунистік партиясы мүшесі И.Карашаев Ж.Чумпаковпен бірге қара жұмысшы және батырақ болғанын растап қол қояды (1929 жылғы 8 қыркүйек). Бұл құжат кеңестік кезеңнің алғашқы онжылдығында әлеуметтік тегін дәлелдеу қаншалықты маңызды болғанын көрсетеді. Ж. Чумпаков өзінің еңбек жолын, әсіресе жалшы, қара жұмысшы, жүкші ретінде атқарған жұмыстарын баяндап, еңбекші тапқа жататынын ресми түрде мойындатуға тырысқан. Кеңестік билік жағдайында адамның сайлау құқығы мен әлеуметтік мәртебесі оның шыққан тегі мен еңбек жолына тікелей тәуелді болды. Сондықтан тұрғындар өздерінің кедей, батырақ немесе қара жұмысшы екенін құжатпен дәлелдеуге мәжбүр болды. 1919 жылғы жұттың салдарынан Маңғыстау халқы Түркістанға көшіріліп, жаңа жерлерде жалданып күнелтуге мәжбүр болған. Бұл құбылыс өңірдегі әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздықты айқындайды. Ж.Чумпаков сияқты адамдар кулак қатарына қосылып кетпеу үшін немесе құқықтан айырылмау үшін өздерінің еңбекші екенін дәлелдеуді өмірлік қажеттілікке айналдырды [11, 124].

1930 жылғы 2 желтоқсанда Баутинода тұрған тұрғын В.В. Тихомиров Форт-Александровск қаласындағы аудандық сайлау комиссиясына жазған өтінішінде өзінің азаматтық құқықтан айырылуын заңсыз деп санайтынын мәлімдейді. Өтініш мазмұнынан оның 1927 жылы Баутинодағы сайлау комиссиясы тарапынан саудагер ретінде, ал 1929 жылы ауылдық кеңестің шешімімен жүйелі түрде жалдамалы күш пайдаланғаны үшін кулак қатарына жатқызылғаны анық көрінеді. Осы уақыт ішінде бірнеше мәрте арыз түсіргенімен, оның шағымдары қанағаттандырылмаған және ол кулак ретінде танылуын жалғастырған. В.В. Тихомиров өз әлеуметтік жағдайын қайта қарауды өтініп, қысқаша өмірбаянын ұсынады. Ол 1873 жылы шаруа отбасында туған, 1902 жылға дейін Владимир губерниясындағы Вашурята

ауылында егіншілікпен айналысқан. 1902 жылы отбасылық жағдайларға байланысты шаруашылығынан айырылып, табыс табу үшін Астрахань қаласына көшіп барған. 1904 жылы Форт-Александровскіге көшіп келіп, 1908 жылға дейін сауда саттық кәсібін жалғастырған, ал кейін жергілікті балықшылардың қолдауымен Баутинода дүкен ашқан. 1915 жылы әскерге шақырылып, 1917 жылға дейін қызмет атқарған, бұл кезеңде сауданы оның әйелі жүргізген. Әскери қызметтен кейін дүкенді жауып, үй шаруашылығымен айналысқан. 1918 жылдың шілдесінде ҚазОАК төрағасымен Маңғыстау ауданына астық әкелу үшін Самара губерниясына командировкаға жіберілген. 1921 жылдың 1 тамызына дейін қойма меңгерушісінің көмекшісі қызметін атқарған. Бұл қызметті 1922 жылдың желтоқсанына дейін атқарып, кооператив таратылған соң қысқартуға түскен. 1924 жылғы 5 қазанда ол Баутинодағы серіктестікте жұмысқа қабылданып, 1927 жылғы 5 сәуірге дейін қызмет еткен. Кейіннен қысқартуға байланысты ол қызметінен айырылған. Осы кезеңде В.В. Тихомиров кәсіподақ ұйымына, нақтырақ айтқанда, азық-түлік өнеркәсібі жұмысшыларының одағына мүше болған. 1928 жылы ол бір балық аулау шаруашылығын сатып алып, онда ұлы және екі жарнашымен (пайщик) бірге еңбек еткен. Балық аулау тек ұсақ көлемде жүргізілген және 1929 жылдың қазанына дейін жалғасқан. Өтінішке түрлі анықтамалар мен куәліктер қоса тіркелген, олар оның қоғамдық пайдалы еңбекпен айналысқанын дәлелдейді. В.В. Тихомиров ешқашан жалдамалы еңбекті пайда табу мақсатында жүйелі түрде пайдаланбағанын, тек 1928-1929 жылдары жарнашылардан тартып, олардың табысын алтыдан бір үлеспен бөліскенін көрсетеді. Осыған байланысты ол аудандық сайлау комиссиясынан өзінің әлеуметтік жағдайын қайта қарап, кулак деген атақты алып тастауды өтінеді, себебі мұндай айыптауға ешқандай негіз жоқ екенін айтады. Бұл құжат Маңғыстау өңіріндегі әлеуметтік жіктеу саясатының әділетсіздігін және оның қарапайым тұрғындардың өміріне тигізген ықпалын айқын көрсетеді. В.В. Тихомировтың өмір жолы шаруашылық күйзелісі нәтижесінде ұсақ саудамен, кейіннен жалдамалы еңбексіз жүргізілген балық аулау кәсібімен күн көрген қарапайым адамның тағдыры. Алайда кеңестік биліктің саяси-әкімшілік тетіктері мұндай адамдарды да қанаушы таптың қатарына қосып, сайлау құқығынан айыру арқылы олардың қоғамдық-саяси өмірден шеттетілуіне әкелді. Бұл дерек сондай-ақ **кулак ұғымының тым кеңейтіліп, кез келген аздаған меншік иесіне қолданылғанын**, тұрғындардың әлеуметтік құқықтарының шектеусіз бұзылғанын және арыз-өтініштердің іс жүзінде ескерілмегенін айғақтайды [12, 1]. 1930 жылғы дереккөз Баутинодағы балықшы, қарапайым шаруа А.Красильниковтың зайыбының аудандық сайлау комиссиясына жазған өтініші. Бұл өтініште отбасының әлеуметтік жағдайы, еңбек қызметі және кулак қатарына негізсіз жатқызылуы баяндалады. А.О. Красильников 15 жасынан бастап отбасынан бөлініп, жалданып жұмыс істеген. Алдымен 1891-1892 жылдары Н.Куценконы балық кәсіпшілігінде, кейін 1892-1910 жылдары З.Дубский қасында жалшы ретінде еңбек еткен. Бұл туралы ауыл кеңесі берген куәлік бар екені көрсетіледі. Тек 1920 жылдан бастап ғана үш ұлының көмегімен өзіне шағын шаруашылық құрып, азын-аулақ мүлік (үй, балық аулау құралдары, желілер, қайықтар) иеленген, алайда көп ұзамай бұл құралдардың көбі жоғалған. 1926 жылы Баутинодағы комиссия шешімімен А.О. Красильников кулак қатарына жатқызылған. Алайда арыз иесі мұндай шешімнің әділетсіз екенін айтады: ол ешқашан кулак болмаған, кәсібін жалдамалы жұмысшылардың есебінен жүргізбеген. Қосалқы жұмыс күші ретінде тек 1-2 жарнашы ғана пайдаланылғаны, бұл тәжірибе кедейлер мен орташаларға да тән болғаны көрсетілген. Арызда А.О. Красильниковтың кеңестік билікке адал қызмет еткені де ерекше аталады: ол 1918 жылы Уездік азық-түлік комитеті өкілі ретінде халыққа азық-түлік әкелуге жіберілген, 1920 жылы Баутино ауылдық кеңесінің төрағасы болған, сонымен бірге жергілікті қоғамдастық тарапынан сенімге ие болғанын дәлелдейтін құжаттар қоса берілген. Бұл құжат кулактарға қарсы саясаттың шынайы әлеуметтік келбетін және әділетсіз сипатын көрсетеді. А.О. Красильниковтың өмірбаяны кеңестік биліктің қарапайым еңбектенуші шаруаларды да қанаушы тап өкілі ретінде айыптап, сайлау құқығынан айыру тәжірибесін айқындайды [13, 10]. Баутинолық тұрғын В.И. Дубскийдің өтініші 1930 жылғы 2 желтоқсанда Маңғыстау

ауданы, Форт-Александровск аудандық сайлау комиссиясына Баутинодағы тұрғын В.И. Дубский өтініш жолдаған. Құжатта арыз иесі өзінің сайлау құқығынан айырылып, жалдамалы еңбекті пайдаланғаны үшін кулак қатарына жатқызылғанын көрсетеді. В.И. Дубскийдің айтуынша, ол тек бір рет үш адамды маусымдық түрде жарнашыл ретінде жалдаған, себебі сәтсіз шыққан тюльбой маусымдарының салдарынан мемлекеттік балық тресіне 3000 рубль шамасында қарыз болып қалған. Ол ешқашан саудамен немесе алыпсатарлықпен айналыспағанын ерекше атап өтеді. Арыз иесі өзінің мүліктік жағдайын салыстыра отырып, Баутинодағы дәулетті кулактарға қарағанда әлдеқайда төмен тұрмыс кешкенін және солардың көбі қайтадан азаматтық құқықтарына ие болғанын жазады. Ал өзі, бес адамнан тұратын отбасымен бірге, сайлау құқығынан айырылып қана қоймай, нан жарнашылы мен жұмыссыз қалғандықтан, аштық қатеріне душар болғанын көрсетеді. Осыған байланысты В.И. Дубский аудандық сайлау комиссиясынан өзінің ауыр жағдайын ескеріп, азаматтық құқықтарын қалпына келтіруді өтінеді. Баутинолық тұрғын В.И. Дубскийдің 1930 жылғы өтініші кеңестік кезеңдегі әлеуметтік-саяси бақылаудың айқын мысалы болып табылады. Құжатта кулактар қатарына жатқызу тәжірибесінің нақты негізделмегенін, жалдамалы еңбекті бір реттік әрі маусымдық түрде пайдалану секілді тұрмыстық сипаттағы әрекеттің саяси-құқықтық тұрғыдан қанаушы ретінде бағаланғанын көруге болады. Бұл жағдай кулак ұғымының кеңейтіліп, әкімшілік органдар тарапынан қоғамдағы қарапайым шаруаларды да қамтуға пайдаланылғанын көрсетеді. Сонымен қатар, өтініште әлеуметтік салдардың ауырлығы анық байқалады: сайлау құқығынан айырылу тек саяси шектеу ғана емес, сонымен бірге отбасының нан жарнашыларынан айырылуына, жұмыссыздыққа және аштық қаупіне әкеліп соққан. Мұндай мысалдар саяси репрессияның тек қана идеологиялық емес, сонымен бірге әлеуметтік-экономикалық өлшемін де айқындайды. Аталған құжаттар шаруалардың әлеуметтік осалдығын, билік пен қоғам арасындағы қайшылықтарды және кеңестік саясаттың қарапайым халықтың өміріне тигізген тікелей зардаптарын айқындайды [14, 10].

Маңғыстау ауданына қарасты Форт-Александровск қалалық сайлау комиссиясының мұрағаттық материалдары ішінде Баутинода тұрған П.С. Кузнецовтің аудандық сайлау комиссиясына жолдаған ресми өтініші сақталған. 1935 жылы Баутино поселкесінде тұратын Степан Ефимович Кузнецов Орталық сайлау комиссиясына (Мәскеу), Қазақстан өлкелік сайлау комиссиясына (Алматы), сондай-ақ Маңғыстау аудандық сайлау комиссиясына (Форт-Александровск) шағым жолдады. Өз өтінішінде арыз иесі Форт-Александровск қалалық кеңесінің сайлау комиссиясының шешімімен сайлау құқығынан айырылып, 1935 жылғы Кеңестер сайлауына қатыстырылмағанын көрсетеді. Сайлау құқығынан айыру құқығының басты себебі ретінде оның өз шаруашылығында балық аулау кәсібімен айналысу барысында жалдамалы еңбек қолданды деген айып тағылған. С.Е. Кузнецов бұл айыптаудан басқа ешқандай негіз ұсынылмағанын атап көрсетеді. Арыз беруші өзінің өмірбаянын баяндай отырып, тағылған айыптың негізсіздігін дәлелдеуге ұмтылады. Ол 1883 жылы туғанын, 1913 жылға дейін әкесімен бірге тұрып, балық аулау және итбалық кәсіпшілігімен айналысқанын, көбінесе ауылдағы ауқатты балықшылармен пайға кіргенін айтады. 1913 жылдың соңында әкесі қайтыс болғаннан кейін 1926 жылға дейін ағаларымен бірге еңбек еткенін баяндайды. Сол жылы ағаларынан бөлініп, Астрахань қаласына кетіп, өрт сөндіруші пароходта матрос болып жұмыс істегенін, онда 1918 жылға дейін қызмет атқарғанын көрсетеді. 1918 жылы Форт-Александровск қаласына оралып, жеке иеліктегі балық кәсіпшілігінде, кейіннен кеңестік артель ұйымдастырған тюльбойда еңбек еткенін айтады. 1921 жылы Кулалинск балық тресінде тұздаушы болып қызметке орналасып, 1922 жылдың қазан айына дейін жұмыс істегенін баяндайды. 1922 жылдан 1926 жылға дейінгі аралықта тек ұлының көмегімен балық аулап, жалдамалы күш қолданбағанын айтады. 1926 жылдан 1929 жылға дейін Мемлекеттік балық тресімен шарт бойынша жұмыс істегенін, 1930 жылы невод дайындаумен, кейін килька аулаумен шұғылданғанын жазады. 1931 жылы «Клара Цеткин» пароходына штурман болып орналасып, кейін моторлы қайық командирі болғанын көрсетеді. 1932 жылдың басында Баутинодан шығып, Белакун пароходында қызмет атқарған, алайда оның рейстері Форт-

Александровск қаласына соқпағандықтан, жұмысты тастап, қайтадан Фортқа оралғанын айтады. 1932 жылдың маусымынан 1933 жылға дейін Баутинодағы балық кооперативінде жұмыс істеп, кейін моторлы-балық станциясына ауысқанын және 1935 жылдың қаңтарына дейін сонда еңбек еткенін баяндайды. Өтініш иесі қазіргі уақытта Баутинодағы балық кооперативінде балықшы болып істейтінін көрсетеді. Ол Кеңес өкіметі орнағаннан бері де, патша өкіметі кезінде де ешқашан жалдамалы еңбекті пайдаланбағанын атап өтеді. Бұл фактіні колхозшылар Макаров, Куценко және А.Годов берген мінездемелер де растайтынын айтады. Сонымен қатар арыз иесі өзінің революциялық қозғалыс кезеңінде белсенді болғанын көрсетеді. Оның айтуынша, қызыл партизандар Николаев пен Чугуров берген мінездемелерінде Кузнецовтың Астрахань қаласында ақ гвардияшыларға қарсы күреске қатысқаны, контрреволюциялық элементтерді әшкерелеуге көмектескені жазылған. Осы деректерге сүйене отырып, П.С. Кузнецов Орталық және өлкелік сайлау комиссияларынан Форт-Александровск сайлау комиссиясының шешімін мұқият тексеруді, егер жалдамалы еңбек қолданғаны расталмаса, өзін сайлау құқығына қайта енгізуді өтінеді. Арыз соңында ол шешім туралы өзін хабардар етуді және қажет болған жағдайда қосымша деректерді ұсынуға дайын екенін көрсетеді. 1935 жылғы Степан Ефимович Кузнецовтың сайлау құқығынан айырылуына байланысты шағымы кеңестік биліктің әлеуметтік бақылау саясатын сипаттайтын маңызды дерек көзі болып табылады. Құжаттан көрінгендей, жергілікті сайлау комиссияларының шешімдері көбінесе саяси айыптауларға, мысалы, жалдамалы еңбекті пайдаланды деген күдікке негізделді. Мұндай айыптаулар нақты дәлелдерге сүйенбей, азаматтарды қанаушы тап өкілі ретінде тіркеудің формалды құралына айналған. П.С. Кузнецовтың өмірбаяны мен еңбек жолы көрсеткендей, ол балық кәсіпшілігінде жалдамалы күш қолданбаған, керісінше, өзінің отбасы мүшелерімен немесе жеке еңбегімен күн көрген. Бұл жағдай оның куәгерлер берген мінездемелерімен де расталады. Соған қарамастан, жергілікті деңгейде ол саяси сенімсіз деп танылып, сайлау құқығынан айырылған. Осы құжат Кеңес мемлекетінің 1930-жылдардағы сайлау жүйесінде әлеуметтік қауіпті элементтерді шектеу тетіктері кеңінен қолданылғанын дәлелдейді. Сайлау құқығынан айыру азаматтық құқықтарды шектеудің саяси құралы ретінде пайдаланылып, еңбекші халық арасынан жат элементтерді бөліп шығару мақсатын көздеген. П.С. Кузнецовтың арызы билікке қарсы ашық қарсылық емес, заңды тәртіп аясында әділеттілікті қалпына келтіруді талап еткен әрекет ретінде көрінеді. Бұл халықтың белгілі бір бөлігінің өз құқықтарын қорғауда кеңестік заңдық механизмдерге жүгінуге тырысқанын айғақтайды. Осылайша, аталған құжат Маңғыстау өңірінде де кеңестік әлеуметтік бақылау саясатының іске асырылғанын, сайлау құқығынан айырудың саяси сипат алғанын және қарапайым еңбекші азаматтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына елеулі ықпал жасағанын дәлелдейтін тарихи дерек болып табылады. П.С.Кузнецов мысалы қарапайым балықшы шаруашылығынан шыққан адамның да саяси құқықтан айырылып, өз әлеуметтік мәртебесін қорғау үшін ресми институттарға жүгінуге мәжбүр болғанын дәлелдейді. Құжат кеңестік билік жүргізген кулак, қанаушы сияқты әлеуметтік-саяси категориялардың шынайы әлеуметтік жағдайға сай келе бермегенін дәлелдейді. П.С.Кузнецовтың өмірбаяны мен еңбек жолы оның қарапайым балықшы отбасынан шыққанын, еңбек ету тәсілінің серіктестік негізінде болғанын көрсетсе де, ол саяси құқықтан айырылған. Бұл кеңестік биліктің әлеуметтік саясатында идеологиялық қағидалардың нақты өмірлік тәжірибеден жоғары қойылғанын аңғартады. Өтініш мәтіні азаматтардың өз құқықтарын қорғаудағы әрекеттерін сипаттайды. Бұл құбылыс қарапайым халықтың саяси жүйеге бейімделуін, заңдық тетіктерді пайдаланып өз құқықтарын қорғауға ұмтылысын айғақтайды. Мұрағаттық құжат әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтардың (жетімдер, кедей отбасылардан шыққандар, еңбекші қауым) кеңестік саясат салдарынан қосымша қиындықтарға ұшырағанын көрсетеді. Жеке меншіктің тәркіленуі, салық қысымдары мен саяси құқықтан айыру отбасылардың материалдық және әлеуметтік жағдайын күрт әлсіреткен. Азаматтардың арыз жазып, куәгерлердің қолын жинағанына қарамастан, олардың талаптары көп жағдайда саяси науқандық шешімдерге байланысты қанағаттандырылмаған [15, 67].

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері 1918-1930 жылдары сайлау құқықтарын шектеу саясаты Кеңес мемлекетінің саяси жүйесін қалыптастырудың негізгі тетіктерінің бірі болғанын айқындады. Мұрағаттық материалдар мен нұсқаулықтарда көрсетілгендей, сайлау құқығынан айыру шаралары бастапқыда «қанаушылар» деп танылған әлеуметтік топтарға бағытталса, уақыт өте келе оның қолданылу аясы кеңейіп, большевиктік емес партиялардың мүшелері, діни қызметкерлер, бұрынғы мемлекеттік құрылымдардың өкілдері, сондай-ақ саяси сенімсіз деп танылған қарапайым азаматтар да бұл санатқа енгізілді. Аймақтық деңгейдегі деректер, әсіресе Маңғыстау өңірінің мысалдары, сайлау құқығынан айырудың тек саяси ғана емес, әлеуметтік сипат алғанын көрсетеді: бір адамның саяси мәртебесі бүкіл отбасының құқықтық жағдайына әсер етті. Жергілікті сайлау комиссиялары орталық биліктің нұсқауларын сөзсіз орындап, жүздеген азаматты қоғамдық-саяси өмірден шеттетті. Бұл тәжірибе Кеңес билігінің саяси оппозицияны әлсірету, қоғамды біртұтас идеологиялық кеңістікке біріктіру және биліктің монополиясын қамтамасыз ету мақсатында қолданылған жүйелі тетік болғанын дәлелдейді. Кеңес мемлекетінің алғашқы онжылдықтарында қалыптасқан сайлау құқықтарын шектеу саясаты демократиялық қағидаттардан айтарлықтай алшақ болды және саяси жүйені тоталитарлық бағытта дамытуға қызмет етті. Конституциялық ережелер мен қылмыстық-құқықтық нормалар арқылы бекітілген бұл саясат әлеуметтік топтардың белгілі бір бөлігіне қарсы репрессивтік механизмге айналды. Деректер көрсеткендей, сайлау құқығынан айыру тек «тап күресі» талаптарымен ғана емес, сонымен қатар билікке қауіп төндіруі мүмкін кез келген топтарды әлеуметтен оқшаулауға бағытталған кең ауқымды құрал болды. Мұрағат деректері аймақтағы қарапайым тұрғындардың да бұл саясаттан зардап шеккенін, яғни құқықтық шектеулердің өмірдің барлық салаларына әсер еткенін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері саяси құқықтарды шектеу тәжірибесінің тоталитарлық жүйенің орнығуына ықпал еткенін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл тарихи сабақ қазіргі демократиялық институттардың дамуы, азаматтық құқықтарды қорғау және сайлау жүйесінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін маңызды. Маңғыстау облыстық мемлекеттік архивінде сақталған құжаттар сайлау комиссияларының шешімдері мен атаулы тізімдер кеңестік биліктің саяси бақылауды күшейтіп, тұтас әлеуметтік топтарды саяси құқықтарынан айыру арқылы қоғамды таптық тұрғыда қайта құруға ұмтылғанын көрсетеді. Олар тәркілеу мен саяси құқықтардан айыру науқандарының халықтың күнделікті өміріне, материалдық мәдениетіне және қоғамдық құрылымына тікелей әсер еткенін дәлелдейді.

Қысқартылған сөздер тізімі

БОАК – Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті
РКФСР – Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасы
РКП(б) – Ресей Коммунистік партиясы (большевиктер)
ОАК - Орталық Атқару Комитеті
МОМА- Маңғыстау облыстық мемлекеттік архиві

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары)/Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века). Т. 16. Құрастырушылар: Н.Хайрушев, Ж. Нұрмағамбетова, О.Алтаева, А.Нұрғазин. – Астана, 2022. – 408 б.*
2. *Адай көтерілісі/Восстание Адаевцев в 1931 году: Сборник документов. - Алматы: «Нұрлы Әлем»2010. - с. 448. Т. 2.*
3. *Инструкция о порядке перевыборов волостных и сельских советов депутатов: (Выработана Президиумом ВЦИК во исполнение постановления Всероссийского Съезда*

Советов). - Москва: Издательство Всероссийского центрального исполнительного комитета Советов Р., С., Кр. и К. депутатов, 1918. - 16 с.

4. МОМА. Қ. 17. Он. 1. I. 80. Б. 8-9.
5. МОМА. Қ. 17. Он. 1. I. 80. Б. 16-17.
6. МОМА. Қ. 17. Он. 1. I. 80. Б. 19-21.
7. МОМА. Қ. 17. Он. 1. I. 81. Б. 94, 96-97.
8. МОМА. Қ. 184 н. Он. 1. I. 9. Б. 12-15.
9. МОМА. Қ. 17. Он. 1. I. 19. Б. 13.
10. МОМА. Қ. 184г. Он. 1. Д. 35. Б. 33-33.
11. МОМА. Қ. 17. Он. 1. I. 29. Б. 124.
12. МОМА. Қ. 17. Он. 1. I. 83. Б. 1-2.
13. МОМА. Қ. 17. Он. 1. I. 83. Б. 10.
14. МОМА. Қ. 17. Он. 1. I. 83. Б. 21.
15. МОМА. Қ. 17. Он. 1. I. 83. Б. 67-67.

References:

1. *Saiaşı qıǵyn-súrǵın qurbandaryn tolyq aqtaý jónindegi Memlekettik komisiyanıń materialdary (HH ǵasyrdyń 20-50 jyldary)/Materialy Gosýdarstvennoi komissii po polnoi reabilitatsii jertv politicheskikh repressii (20-50 gody HH veka). T. 16. Qurastyryshylar: N.Hairýshev, J.Nurmagambetova, O.Altayeva, A.Nurǵazin. – Astana, 2022. – 408 b.*

2. *Adai kóterilisi/Vosstanie Adaevsev v 1931 godý: Sbornik dokýmentov. - Almaty: "Nurly Álem"2010. - c. 448. T. 2.*

3. *Instrukciya o poryadke perevyborov volostnyh i sel'skih sovetov deputatov: (Vyrobata Prezidiumom VCIK vo ispolnenie postanovleniya Vserossiiskogo S'ezda Sovetov). - Moskva: Izdatel'stvo Vserossiiskogo central'nogo ispolnitel'nogo komiteta Sovetov R., S., Kr. i K. deputatov, 1918. - 16 s. . S.4*

4. МОМА. Q. 17. Op. 1. I. 80. Б. 8-9.
5. МОМА. Q. 17. Op. 1. I. 80. Б. 16-17.
6. МОМА. Q. 17. Op. 1. I. 80. Б. 19-21.
7. МОМА. Q. 17. Op. 1. I. 81. Б. 94, 96-97.
8. МОМА. Q. 184 p. Op. 1. I. 9. Б. 12-15.
9. МОМА. Q. 17. Op. 1. I. 19. Б. 13.
10. МОМА. Q. 184g. Op. 1. D. 35. Б. 33-33.
11. МОМА. Q. 17. Op. 1. I. 29. Б. 124.
12. МОМА. Q. 17. Op. 1. I. 83. Б. 1-2.
13. МОМА. Q. 17. Op. 1. I. 83. Б. 10.
14. МОМА. Q. 17. Op. 1. I. 83. Б. 21.
15. МОМА. Q. 17. Op. 1. I. 83. Б. 67-67

К.Н. Жанганатова¹, К.А.Тулентаева²

¹тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қаласы,
Қазақстан E-mail: Tobish76@mail.ru

²тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақ спорт және туризм академиясы.
Алматы қаласы, Қазақстан E-mail: k-abiken@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН СПОРТЫ: СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА (1941-1945)

Аңдатпа

Мақалада Қазақ спортының Отан соғысы жылдардағы күрделі де қатаң сынға толы даму үрдісі қарастырылды. Тақырыптың мазмұнын ашу барысында біріншіден, физкультура және спорт саласындағы Кеңестер елінің, соның ішінде Қазақстанның, бетбұрыстық саясаты анықталды. Екіншіден, қайта құрулардың бірнеше бағыттары (жалпы қоғамдық-саяси және дене шынықтыру-қорғаныстық бұқаралық шараларды өткізу; жас жеткіншектермен, мектеп оқушыларымен жұмыс жасау; қорғаныстық, қоғамдық кадрлар мен ГТО белгілері иеленушілерді дайындау, олардың қажырлы еңбектері; госпитальдардағы сан-салалы іс-әрекеттер және т.б.) ажыратылып анықталды. Үшіншіден, республикалық ерікті спорт ұйымдарының (негізінен «Спартак») отты жылдардағы белсенді іс-қызметтері сараланды. Төртіншіден, республиканың орта, орташа және жоғары мектептеріндегі бастапқы және әскерге дейінгі әскери-физикалық дайындық жұмыстарының нәтижелері пайымдалды. Бесіншіден, Қазақстанның соғыс жылдарындағы тау атқыштарын даярлау орталығы және альпинистердің ортаазиялық бапкерлер мектебі ретіндегі рөлі бағамдалды. Алтыншыдан, қазақстандық спортшылардың майдан далаларындағы жауынгерлік ерліктері толымды етіп қарастырылды. РКФСР-ның басты қалаларында (мәс., Ленинградтағы дене тәрбиесі және спорт институты, сонау 1918 жылы Мәскеуде есігін ашқан Ленин орденді Мемлекеттік орталық дене шынықтыру институты, т.б.) соғысқа дейін-ақ спорттық жоғары мектептер құрылып, сонымен қатар әскери училищелер мен педагогикалық жоғары оқу орындарында дене тәрбиесі кафедраларының орын алуы осы саланың толыққанды әрекет етуіне жол ашқаны белгілі. Ендеше, жетіншіден, Қазақстанның аталған сала жүйесінің материалдық базасының нашарлығы (спорттық объектілерінің аздығы, олардың жабдықталуының төмен дәрежеде қалуы, маман кадрлардың жетіспеушілігі) соғыс жылдарында қиындық туғызғаны назарда ұсталды. Сегізіншіден, республика спортшыларының соғыс жағдайында іс-қызметі негізінен екі бағытта (біріншіден, спортты әртүрлі қорғаныстық жұмыстармен, екіншіден, алғы шепте ұрыс даласында жауынгерлік қимылдармен) ұйымдастырылғандығы негізделді.

Түйін сөздер: Спорт, Отан соғысы, мемлекеттік қаулы-қарарлар, соғысқа сәйкес қайта құрулар, қоғамдық ерікті спорт ұйымдары, қорғаныстық кадрлар, қоғамдық кадрлар, дене шынықтырушылар, ГТО белгісін иеленгендер, спортшы-жауынгерлер.

K.N. Zhanganatova¹*, K.A. Tulentayeva²

*¹Candidate of Historical Sciences, Kazakh Academy of Sport and Tourism,
Almaty, Kazakhstan
E-mail: Tobish76@mail.ru*

*²Candidate of Historical Sciences, Kazakh Academy of Sport and Tourism,
Almaty, Kazakhstan
E-mail: k-abiken@mail.ru*

SPORTS OF KAZAKHSTAN: THE GREAT PATRIOTIC WAR (1941-1945)

Abstract

This article explores the complex and challenging development process of Kazakhstani sports during the years of the Great Patriotic War. In revealing the content of the topic, firstly, the pivotal policies of the Soviet Union, including Kazakhstan, in the field of physical culture and sports were identified. Secondly, several directions of restructuring were distinguished and analyzed, including general socio-political and physical culture-defense mass activities; work with youth and schoolchildren; the preparation of defense and public personnel, as well as GTO badge holders and their dedicated efforts; and the multifaceted activities carried out in hospitals, among others.

Thirdly, the active efforts of republican voluntary sports organizations (mainly «Spartak») during the wartime period were examined. Fourthly, the outcomes of primary and pre-military physical training in Kazakhstan's secondary and higher educational institutions were evaluated. Fifthly, the role of Kazakhstan as a training center for mountain riflemen during the war and as a coaching school for Central Asian alpinists was assessed. Sixthly, the combat feats of Kazakhstani athletes on the battlefields were considered in detail.

It is known that even before the war, sports institutions of higher education had been established in the major cities of the RSFSR (for example, the Institute of Physical Education and Sports in Leningrad, and the State Central Institute of Physical Education in Moscow, which opened in 1918 and was awarded the Order of Lenin). Alongside these, departments of physical education operated in military colleges and pedagogical universities, contributing to the full functioning of this field.

Seventhly, attention was given to the difficulties caused by the weak material base of Kazakhstan's sports system during the war (the lack of sports facilities, their poor equipment, and the shortage of qualified specialists). Eighthly, it was substantiated that the activities of Kazakhstani athletes during wartime were organized in two main directions: firstly, participation in various defense-related activities; and secondly, engagement in combat operations on the front lines.

Key words: sports, Great Patriotic War, government decrees, wartime restructuring, public voluntary sports organizations, defense personnel, public personnel, physical culture specialists, GTO badge holders, athlete-soldiers.

К.Н. Жанганатова¹*, К.А. Тулентаева²

¹кандидат исторических наук, Казахская академия спорта и туризма,
г. Алматы, Казахстан
E-mail: Tobish76@mail.ru

²кандидат исторических наук, Казахская академия спорта и туризма,
г. Алматы, Казахстан
E-mail: k-abiken@mail.ru

СПОРТ КАЗАХСТАНА: ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ (1941-1945)

Аннотация

В статье рассматривается сложный и насыщенный испытаниями процесс развития казахстанского спорта в годы Великой Отечественной войны. В ходе раскрытия содержания темы, во-первых, определена поворотная политика Советского Союза, в том числе Казахстана, в области физкультуры и спорта. Во-вторых, выделены и охарактеризованы несколько направлений преобразований (общегосударственные политические и физкультурно-оборонные массовые мероприятия; работа с молодежью и школьниками; подготовка оборонных и общественных кадров, а также обладателей значков ГТО и их самоотверженный труд; разнообразная деятельность в госпиталях и др.).

В-третьих, проанализирована активная деятельность республиканских добровольных спортивных организаций (в основном «Спартак») в годы войны. В-четвертых, рассмотрены результаты начальной и довоенной военно-физической подготовки в средних и высших учебных заведениях республики. В-пятых, дана оценка роли Казахстана как центра подготовки горных стрелков в годы войны и как школы тренеров альпинистов Средней Азии. В-шестых, подробно освещены боевые подвиги казахстанских спортсменов на фронтах.

Известно, что еще до войны в крупнейших городах РСФСР (например, в Ленинграде – в Институте физической культуры и спорта, а также в Центральном государственном институте физкультуры имени Ленина в Москве, открытом в 1918 году) были созданы спортивные высшие учебные заведения, а также действовали кафедры физвоспитания в военных училищах и педагогических вузах, что обеспечивало полноценное функционирование данной сферы.

В-седьмых, отмечены трудности, вызванные слабой материальной базой системы спорта Казахстана (нехватка спортивных объектов, низкий уровень их оснащения, дефицит квалифицированных кадров) в годы войны. В-восьмых, обосновано, что деятельность спортсменов республики в условиях войны была организована по двум основным направлениям: с одной стороны – участие в различных оборонных мероприятиях, с другой – участие в боевых действиях на передовой.

Ключевые слова: спорт, Отечественная война, государственные постановления, военные преобразования, общественные спортивные организации, оборонительные кадры, общественные кадры, физкультурники, обладатели значка ГТО, спортсмены – воины.

Кіріспе. Дене тәрбиесі адамның денсаулығын нығайтып, күш-жігерін арттыруға бағытталған әлеуметтік жүйенің бір саласы екені мәлім. Ендеше Кеңестер еліне Германияның соғыс жариялауымен байланысты бүкіл қоғамда қолға алынған соғыс талабына сәйкес қайта құрулар физкультура және спорт саласында да жүргізіліп өрістетілгені заңды құбылыс болған-ды.

Зерттеу жұмысының мақсаты Қазақстандық спортшылардың соғыс жылдарындағы ерен еңбегі мен ерлігін, отты жылдардағы мемлекеттің спорт саласында жүргізген саясатын жүзеге асырудағы табандылығын айқындау.

Материалдар мен әдістері

Спортшылардың арнайы әлеуметтік категория ретіндегі орнын айқындау; XX ғ. 30-40 жж. Қазақстандағы спорт саласының жетістіктері мен кемшіліктерін бағамдау; Қазақстан спортының КСРО құрамы жылдарындағы қысқы спорт түрлерін жетілдірудегі алғашқы жетістіктерін бағамдау; Отанды қорғау жылдарындағы Қазақ спортының қорғаныстық спорт мамандарын даярлаудағы алғашқы жетістіктерін зерделеу.

Жалпы елдегі сияқты Қазақстанда да коммунистік партия физкультура мен спортты дене тәрбиесі қозғалысымен шектемей, социалистік еңбек пен **ОТАНДЫ ҚОРҒАУДЫҢ** алғышарттарының бірі ретінде қарастырып, маңызды мәселе тұғырына көтерді және күн тәртібінен түсірмеген-ді. Ендеше соғыс басталған тұста-ақ, спорт жүйесінің барлық тармақтары әскери тәртіпке түсті. Кеңестер кеңістігінде бұл саладағы бүкіл атқарылатын іс-қызмет КСРО ХКК-ның жанындағы Бүкілодақтық физкультура мен спорт Комитетінің және жергілікті жерлерде, соның ішінде Қазақстанда, ҚазКСР ХКК-нің жанындағы ФК және Спорт Комитетінің қолына шоғырландырылды.

КСРО ХКК-нің жанындағы Бүкілодақтық физкультура мен спорт комитеті 1941 жылдың 25 маусымында Бұйрық шығарып, осы маңызды құжатқа сәйкес, ҚазКСР КП (б) ОК Бюросының 1941 жылғы 29 маусымындағы және ҚазКСР ХКК-нің жанындағы ФК және Спорт Комитетінің сол жылдың 6 шілдесіндегі шешімі облыстарға (сол кезде республика территориясы 14 облыстан тұрған еді) таратылып, онда «Қоян-қолтық ұрыс нұсқаушы мамандарын дайындау үшін бағдарлама», «Жауынгер велосипедшілерді даярлау үшін бағдарлама», «Гранаталақтырғыштарды дайындау жөнінде бағдарлама» сияқты нақтылы әдістемелік нұсқаулар берілді [1, 79-б.].

Сөйтіп, Кеңес Армиясының қатарын толықтыру мақсатында спорттың қорғаныс түрлері бойынша нұсқаушы мамандарды дайындау және жедел даярлау курстары мен семинарлары құрылды. Нұсқаушы әдіскерлер дайындықтарына жіті көңіл бөлініп, іс-шараға қатаң талап қойылды. Кеңес Одағы азаматтарын шұғыл түрде әскери-қолданбалы өнерге үйрету үрдісінде XX ғасырдың 20-30 жылдарында-ақ бастау алған Бүкілодақтық «Спартак», «Динамо», «Пищевик», «Большевик» т.с.с. ерікті физкультура-спорттық қоғамдық ұйымдар басты рөл атқарды. Орталықтағы аталған ұйымдардың төменгі буындары соғысқа дейін-ақ барлық республикаларда құрылып әрекет еткен-ді. Мәселен, Қазақ Республикалық ерікті спорттық «Спартак» Кеңесі Қазақстан территориясында сол кездегі Алматы қаласының және 14 облыстық «Спартак» ұйымының басын біріктіріп нәтижелі еңбек етті. Өз кезегінде, Облыстық Кеңестердің құрылымы еңбек коллективтерімен тікелей сабақтастырылған еді, яғни олар физкультуралық ұжымдарды біріктірген артельдерден тұрды. Мысалы, Қызылорда «Спартак» ұйымының Облыстық Кеңесі өндірістік жүйенің 2568 мүшесі бар 23 артелінде 678 мүшеден тұратын 23 физкультура ұжымын құрып, солармен жұмыс жүргізді [2, 22-б.]. Қалған 13 облыстық Кеңестердің де құрылымы да осы тәртіппен құрылған болатын.

Мұрағат материалдары облыстардағы «Спартак» ұйымы Кеңестерінің соғыс жылдарындағы атқарған іс-қызметінің сан-салалы екендігін көрсетеді. Бірінші кезектегі мемлекет тарапынан жүктелген жауапты істері негізінен соғыс талаптарына сәйкес үш бағытта көрініс тапты: 1) «ГТО белгісін иеленушілерді» дайындау; 2) қорғаныс кадрларды даярлау; 3) қоғамдық кадрларды дайындау (общественники).

Соңғы екеуін анықтар болсақ, толық тізіміне бойламағанның өзінде қорғаныс кадрлары төмендегідей мамандық иелері оқытылып дайындалып шығарылды: қоян-қолтық ұрысқа қатысушылар (рукопашники), альпинистер, шаңғышылар, велобайланысшылар (велосвязисты), аңшылық-байланысшылар (охотники-связисты), автоматшылар, гранаталақтырушылар (гранатометчики), мото-жүргізушілер, ворошиловтық атқыштар (ворошиловские стрелки), танкті жоюшылар (истребители танков), минометчиктер, пулеметшілер, т.б. Бұл санаттағы азаматтар негізінен әскер қатарына шақырылғандар мен запастағы әскери міндеттілер еді және олар соғыс өнеріне үйретіліп, курсты аяқтаған кезде майдандарға аттандырылып отырылды.

Керісінше, қоғамдық кадрлар статусы ыждақатты түрде соғыс өнерінің бір немесе бірнеше түрлерінен арнайы семинарларды аяқтаған уақытта берілетін еді, сөйтіп, олар нұсқаушы-

бапкер мамандықтарын меңгерді. Нұсқаушылардың түрлеріне келсек, велоспорт, танкілерді жою бойынша, минометтік іс, қоян-қолтық күресі, ату спорты инспекторлары, сонымен қатар емдеу гимнасттары, сандружинницалар, медбикелер т.с.с. дайындалды.

Жоғарыда аталған дайындықтың үш түрінің қарқынды жүргізілгендігін цифрлық мәліметтер мойындатады: 1941 жылдың 1 шілдесінде І-дәрежелі ГТО белгісін иеленушілер саны 757, ал ІІ -дәрежелі ГТО белгісін иеленушілер – 8 болса, Отан соғысының бастапқы бір жылында 2010:75 -ке жетті. Қорғаныс кадрлары 4373:9384 адамды құрады, ал қоғамдық кадрлар 135: 671- ға жетті [2, 12-б.].

Қазақ Республикалық «Спартак» ұйымының он төрт облыстық Кеңесі 1942 жылы да қорғаныс кадрлары мен қоғамдық белсенділерді дайындауда қажырлы еңбектің үлгісін көрсеткендігі айғақ. Сол жылға жоспар бойынша 5610 қорғаныс кадрларын дайындау керек болса, ал көрсеткіш нәтижесі 15 885 адамды құрады. Қоғамдық белсенділер саны да көрсетілген жоспардан асып түсті: 460 : 111 [2, 36-беттің арты.]. Бұл жерде біз бір ұйымның соғысқа қажетті мамандарды дайындау барысын пайымдадық, ал әртүрлі спорттық-бұқаралық іс-қызметпен айналысқан мұндай ерікті қоғамдық спорттық ұйымдар республикада көптеп саналды.

Соғыс қоғамдық белсенді (қоғамдық кадрлар) сынды әлеуметтік категорияны жаңа деңгейге көтерді. Қоғамдық белсенділердің діні қоғамның түрлі топтарынан құралғандығын мұрағаттық құжаттар айқындайды; темір ұстасы, электр цехының мастері, жоспарлаушы, ағаш ұстасы, мата пішуші, трикотаж цехының мастері, тоқымашы, наубайшы, тігінші, ұста, сағат шебері, етікші, фотограф, мектеп оқушысы (негізінен 10 сынып) және т.б.

Қорғаныстық соғыс өнерінің бір түрін айқындап, сол сала бойынша арнайы семинар оқу курсынан өткен қоғамдық белсенділердің әрқайсысына мінездеме беріліп, таңдаған мамандығы бекітілді. Сөзімізді айғақтайтын бірнеше мысалдармен шектелелік; Ақмола облысынан – электр цехының мастері Н.М. Рыбак инструктор-қоғам белсендісі, мектеп оқушысы Ю.Н. Молахов шаңғы және қоян-қолтық ұрысының инструктор-қоғам белсендісі; Ақтөбе облысынан – тігін шеберханасы жұмысшысы В.С. Акчурин инструктор-қоғам белсендісі; Жамбыл облысынан – «Октябрь революциясы» атындағы мектептің оқушылары Л.Н. Рахмелюк (қоян-қолтық ұрыс бойынша инспектор), Ю.Л. Коркер (қоян-қолтық ұрыс және атқыштар бойынша инспектор) мамандықтарын игерді. Бұл тұста көңіл аударатын жайт – категориялық статустары есепке алынып ескерілген спорт саласының кәсіби мамандары және ұйымның белсенді мүшелері қорғаныстық арнайы семинарларды пулеметтік взводтың командирі (мысалы, Н.П. Цой – Қызылорда облысы), минометтік взводтың командирі (А.А.Алексеев – Қызылорда облысы) сияқты мамандықтарымен аяқтады [2, 122-126 бб.].

Қоғамдық ерікті спорт ұйымдары Облыстық Кеңестерден, физкультура ұжымдарынан, қоғамның барлық мүшелерінен, физкультура инспекторларынан, тренер-бапкерлерден, физкультура жұмысының қоғамдық еріктілерінен құралған болатын. Олардың аймақ азаматтарын әртүрлі соғыс машықтарына дайындауға қосқан игілікті істері орасан зор. Республикада негізінен 1942 жылдан бастап мұрағат мәліметтерінде аталған буындардың үздіктерін даралап, әр деңгейдегі марапатқа ұсынылу дәстүрге айналған сияқты. Сый марапаттардың негізінен төмендегідей түрлері табысталды: Облыстық Кеңестің Мадақтау қағазы, Алғыс хат, Облыстық Кеңестерге Ауыспалы Қызыл Ту, бағалы сыйлықтар, айлық үстеме жалақы және т.б. [2, 122-126 бб.]. Адал еңбек пен қажырлы қайратты қару еткен орта озаттары көптеп саналды, дегенмен бірлі жарымын ғана атап өтелік: 1943 жылы «Спартак» ұйымының Қазақ Республикалық Кеңесінің Ұйымдастыру бюросы М.Н. Тоғайды Республикалық Кеңестің Мадақтау қағазы және айлық үстеме жалақымен (Қызылорда облысы) марапаттады, Лебедевті бағалы сыйлық беріліп, алғыс жарияланды (Қостанай қаласы) [2, 21-б.].

Зерттеудің толымды мазмұнын ашу бағытында әдістемелік ұстанымның маңызы өте зор. Кез-келген тарихи тақырыптың зерделенуі объективтік таным принциптерін басшылыққа алу арқылы оқиғаны шынайылығын анықтап, нақтылы беру болып табылады. Сипаттамалы синхронды әдіс арқылы мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, ұжымдардың іс-қызметтері қатарласа қарастырылып салыстырылды. Белгілі бір мәндік қасиеттеріне қарай зерттеу

объектілерін жүйелеу үрдісін қолдану жалпы ғылыми классификациялау әдісімен бекемделді. Мәселенің танымдық даму үдерісіндегі орнын айқындауда ғылыми зерттеу әдістемелерінің анализ бен синтез, индукция мен дедукция сияқты сынақтан өткен әдістері қолданылды.

Нәтижелер. Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан спортының даму үрдісі жеке-дара талдауға түсіріліп қарастырылмаған. Алайда бұл пікір осы бағыттағы тақырыптар бұрын-соңды пайымдалмаған дегенді білдірмейді.

Соғыс жылдарына қатысты мұрағат құжаттарында дене шынықтырушылар (физкультурниктер) сынды әлеуметтік топ туралы да мағлұматтар баршылық. Олар белгілі бір мамандық бойынша артельдерде еңбек ете отырып, сонымен қатар ұжымда ерікті түрде футбол, қоян-қолтық ұрыс, ату, волейбол т.б. секцияларда жұмыс жасады. Үздік дене шынықтырушылар өндірісте те стахановшылар қатарынан табылып жатты (кеңестік дәуірде жоғары еңбек өнімділігін көрсеткен адамды атаған, еңбек озаты дегенді білдіреді; стахановшылық қозғалыс 1935 жылы бір сменада көмір өндіруден рекорд жасаған шахтер Алексей Стахановтың құрметіне аталған). Талқыға түсіріп саралаған архив документтері стахановшы-физкультурниктердің бекітілген жоспарды 150%, 158%, 175%, 185%, 203%, 250%, 300%-ға дейін артық орындағандары туралы мәлімет береді [2, 72-беттің арты, 115- беттің арты, 119- б., 120-б.].

Соғыс жылдарында дене шынықтырушылардың жұмыс назарынан жас өспірім балалар да тыс қалмады. Олардың есеп жоспарының бір тарауы «балалармен жұмыс» деп аталды және төмендегідей бағыттарды қамтыды: 1. физкультуралық жұмыс; 2. спорттық-бұқаралық жұмыс; 3. спорттық жұмыс. Жоғарыда аталған жұмыстар ұйымның (мәселен, «Спартак») шептікке алған мектептерінде атқарылды. Республиканың Облыстық Кеңестері 1942 жылы мұндай мектептерде 15 «Жас спартакшы» атты физкультуралық ұжым ұйымдастырып, олардың қатарында 520 мүшесі болған [2, 11-беттің арты]. Жұмыстар әр бағытта өрбіді: дене шынықтыру секцияларынан (волейбол, гимнастика. футбол т.б.) бөлек, қорғаныс тактикасымен қаруланатын (қоян-қолтық ұрыс, ату т.б.) секциялар әрекет етті және олардағы балалар саны басқаларына қарағанда басымдық танытты.

Республикадағы дене шынықтырушыларға қатысты тағы бір маңызды ақпараттық мәлімет көңіл аудартады. «Спартак» ұйымының Қызылорда, Жамбыл, Ақтөбе облыстық Кеңестерінің 1943 жылдың 1-қаңтар күнімен бекітілген «Физкультура бойынша жиынтық есеп» атты құжаттарында физкультура қызметкерлерінің санын көрсеткен 8-пункті екі тармақтан тұрады: а) штаттан тыс (внештатные) және 2) ақысыз істейтіндер (бесплатные). Қызылорда облысында штаттан тыс 0 болса, ақысыз істейтіндер-16; Жамбыл облысында - 1:12; Ақтөбе облысында – 37:37 [10, 88-беттің арты, 90-беттің арты, 91-беттің арты]. Көріп отырғанымыздай, соғыс жылдарында бастамалық қозғалыстар өрістесе, оның легі азаматтардың өндірістегі еңбектерін ерікті қоғамдық жұмыстармен сабақтастырылып отырғандығы айғақтайды.

1942 жылы ленинградтық (Санкт-Петербург) физкультура инструкторлары – мастерлер мен тренерлер – «мыңдықтар» қозғалысын, яғни әрбір инструктор соғыс өнеріне мың адамнан кем дайындамау туралы бастама көтерген-ді. Бұл бастама республиканың жергілікті жерлерінде дене шынықтырушылар активінде талқыланып, мыңдықтарды дайындау үрдісіне серпін берді. Мыңдықтарды дайындау туралы міндеттеме алған М.Г. Стародубова (Алматы қаласы; соғыс жылдарында үздік қызметкердің қатарында болды) 1275 және Югай (Қостанай қаласы) 1007 адамды дайындап үлгерді [2, 8-беттің арты].

Республиканың «Спартак» ұйымының бүкіл қорғаныстық-физкультура жұмысы Ішкі істер министрлігінің Ерекше Кеңесімен және комсомол ұйымдарымен тығыз байланыста болды. Мәселен, 1942 жылдың I-жартысында бірлескен іс-қимылдың арқасында ПВХО-ның (Өуе және химиялық қауіпсіздікке қарсы) 3614 және ГТО-ның 1386 значкистерін, сондай-ақ 37 санитарлық друженница мен 20 медбике дайындалды [2, 11-б.].

Отан соғысының басталуымен байланысты Қазақстанның «Спартак» ұйымының қоғамдық іс-шаралары қанат жайды және саяси, шаруашылық науқандарда олардың мүшелерінің белсенділігі артты. Спартакшылар тарапынан жалпы саяси және дене шынықтыру-қорғаныстық тақырыптарында жиналыстар шақырылып, онда жиі дәрістер мен

баяндамалар оқылды, әңгімелер өткізілді. Өндірісте тұрақты жексенбіліктер жүргізілді, Қызыл Армияға жылы киімдер мен сыйлықтар жинау науқаны ұйымдастырылды.

Республикада «Спартак» ұйымының облыстық Кеңестері госпитальдарға материалдық жәрдем берумен (спорттық жабдықтардан бастап әдеби және саяси кітаптар) де айналысты. Республиканың тек «Спартак» ұйымының дене шынықтыру ұжымдары соғыстың алғашқы жылдарында-ақ госпитальдардың үлкен бөлігін шептікке алып қамқорлық көрсетті; емдеу гимнастикасы кабинеттерін, физкультура бұрыштарын құрды, спорттық мүлік-құралдармен, әдебиеттермен қамтамасыз етуге атсалысты [2, 8-б.]. Ұйымның Батыс Қазақстан облыстық Кеңесі денсаулығы бері қараған жауынгерлерге шаңғы мен аяқ киім бөліп, қыста олармен тұрақты түрде шаңғыдан сабақтар өткізді. Ұйым мүшелерінен он адамнан тұрған медбикелердің екі бригадасы ұйымдастырылса, Гуделова және Рязанова сынды бригадирлер жаракаты ауыр ауруларды қамқорлыққа алып, палаталарда тұрақты түрде кезекшілік атқарған.

Қазақстан ерікті спорт ұйымдарының нәтижелі іс-қызметтері, әрине, олардың материалдық базасының жай-жапсарымен, жағдайымен тікелей байланысты екендігі түсінікті. Осы мәселені саралап көрелік; «Спартак» қоғамының қазақстандық ұйымы 1942 жылы Алматы, Шымкент, Жамбыл, Петропавловск қалаларында стадиондарды иемденді. Семей мен Қостанайда спорт залдары әрекет етті. Дене шынықтыру ұжымдарында ГТО нормаларын тапсыруға бейімделіп жабдықталған 14 орны болды. Спорт алаңдары жабдықталды: волейболдан-34, баскетболдан-4 (қала бойынша-3), футболдан-8, гимнастикадан-7. [2, 11-беттің арты].

Соғыс жағдайына қарамастан, тиесілі мемлекеттік органдар спорттық нысандарды, мүмкіндігінше, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуді назарда ұстады. Бұл ретте Қазақ өнеркәсіп Кеңесі (Казпромсовет) облыстық өнеркәсіптік одаққа (облпромсоюз) ұйымдардың спорттық құралдар және спорттық киімдерге сұранысын шешуге жергілікті жерлердегі мемлекеттік органдардан қаржы қарастырылуы туралы нұсқаулар беріп отырды. Оның бер жағында, ұйым мүшелері істен шыққан құрал-жабдықтарды тез арада жөндеуден өткізіп қолдан келген көмектерін жасады.

Талқылау. Дегенмен, республиканың ерікті спорт ұйымдары облыстық Кеңестерінің іс-қызметі барлық өңірлерде белсенді қарқынмен жүрді деуге болмас. 1942-1943 жылғы мәліметтерде Оңтүстік Қазақстан, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында ұйым мүшелері арасында бұқаралық үгіт-насихат жұмысының дұрыс жолға қойылмағаны, дәрістер, баяндамалар, әңгімелер өз дәрежесінде ұйымдастырылмағаны, дене шынықтыру ұжымдарында қабырға газеттері тұрақты шығарылмағандығы айтылады. Ақтөбе, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарының ұйымдарында ГТО белгісін иеленушілерді дайындау төмен дәрежеде, сондықтан бекітілген тапсырмалардың орындалмауы республикада атақарылып жатқан жұмысқа тұсау болып отырғандығы атап өтілген [2, 13-б.].

Республиканың мектептеріндегі дене тәрбиесі сабақтары мен оқу орындарындағы дене шынықтыру кафедраларының жұмыстарында түбірінен шұғыл түрде қайта құрулар жүргізілді. Оларға бастапқы және әскерге дейінгі деп сараланған әскери-физикалық дайындықтан оқушылар мен студенттерді өткізу жүктелді [3, 31б.]. Тек 1941 жылы аталған дайындық үрдісін кесте арқылы мұрағат материалдарына жүгініп, цифрлық көрсеткіштермен анықтайық [4, 37-б.].

1-кесте Республика мектептерінің әскери дайындық үрдісі 1941 жыл.

Орташа мектеп	1644	Бастапқы әскери дайындық	Әскерге дейінгі дайындық
		214 305адам	-
Орта мектеп	677		
		-	53136 адам

Кеңестер Одағында бұл бағыттағы шараларды толыққанды жүзеге асыруды большевиктер 1942 жылы нақтылы қолға алды. КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің (мемлекеттің атқарушы органы) 1942 жылдың 24 қазанындағы «Орташа, орта мектептердің оқушылары мен техникумдардың студенттеріне әскери дене тәрбиелеу дайындығын енгізу туралы» қаулысы қабылданды [5, 16- 6.].

Республикада жергілікті жерлерде шұғыл орындау үшін Орталықтан түскен нұсқаулық құжатқа сәйкес Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің (республикалық атқарушы орган) «ҚазКСР мектептеріндегі әскери оқытудың жетекшілігі туралы» қаулысы осы жылдың 10 желтоқсанында қабылданып, халықты ағарту органдарына жастардың әскери білімін басқару бойынша жұмыстарды күшейтуді талап етті.

Дайындық курстарынан өту уақыты әскер түрлеріне байланысты белгіленді. Әскери дене қимылы дайындығы бағдарламасын кесте арқылы анықталық [6, 51-6.].

2-кесте Әскери дайындық түрлері, сағат саны. 1942 жыл.

№	Әскери дайындық түрлері	Сағат саны
1.	қоян-қолтық сайыс әскері	25
2.	шаңғышылар	20 және 40
3.	таулық атқыштар бөлімі	90

Дене қимылы дайындығы бағдарламасына сәйкес жүзу, жүзіп өту, суға кеткендерді құтқару, алғашқы медициналық жәрдем беру сынды спорт сайыстары кірді. Мотоциклшылдарды, альпинистерді, парашютшілерді даярлау курстары әрекет етті.

Сондай-ақ мұндай дайындықтың құрамдас бөлігі қатарынан шаңғы тебу сайыстары, жеңіл атлетикалық жарыстар, әскери жорықтар, ГТО нормативтерін орындау сынақтары да кірді. Көріп отырғанымыздай, соғыс кезіндегі ауыр жағдайларға қарамастан, әскери қолданбалы мәні бар спорт түрлерінен жүгіру сайыстары мен жарыстары өткізіліп тұрды. Мұндай қоғамдық іс-шаралар бұқаралық спорттың одан әрі қарқын алуына жол салғаны сөзсіз.

Спорт ұйымдары төзімді және ержүрек жауынгерлер тәрбиелеу ісімен шұғылдану үрдісін спорттың кейбір ұлттық түрлері жөніндегі секциялардың жұмысын едәуір нығайтумен сабақтастырды. Республиканың барлық облыстарында құрылған «барлаушы аңшылардың» секцияларының басты міндеті спортшы-жауынгерлерді әзірлеу болды.

Республикада 1935 жылдан бастап Альпинистердің ортаазиялық бапкерлер мектебі әрекет ете бастаған болатын. Мектеп түлектерінің ортасынан Н.Яценконы даралап атауымызға болады, Отан соғысында ерліктің үлгісін көрсеткен оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Сонымен қатар И.В. Панфилов дивизиясы батальон штабының басшысы болған Х.Рахимов, фотожурналист Д.Саланов және А.Бекметов, т.б. Жеңіс Күнін жақындатуға зор үлестерін қосты [7, 46-6.].

Қазақстан 1941 жылдан бастап тау атқыштарын даярлау орталығына айналды. Ал 1943 жылы Алматы қаласына жақын орналасқан Горельник жайылымында тауға шығу дайындығы нұсқаушыларының Бүкілодақтық мектебі құрылды. Мектеп екі бағытта жұмыс жасады; біріншіден, таудағы атқыш бөлімшелері үшін атқыш-альпинистерді, екіншіден, дене шынықтыру ұйымдарына нұсқаушылар дайындаумен айналысты. Мектеп 1943/44 жылдарда 12 мың тау атқыштарын және 1,5 мың нұсқаушыны дайындық курсынан өткізді [8, 198-6.].

Олар Кавказ тауларында, бірқатар мемлекеттермен шекаралас жатқан Украинаның батысында орын тепкен Карпат таулы жүйесі, Шығыс Еуропада орналасқан Словакия мен Польшаны шекарасындағы Татры тау қыратында болған шайқастарда оңтайлы соғыс операцияларын ұйымдастырды.

Сөйтіп, әскери-спорт кадрларын дайындау жұмыстарының нәтижесінде соғыс жылдары спорттың әскери-қолданбалы түрі бойынша негізінен 1,5 миллионға жуық адам даярланды.

Отан соғысы жылдарында Кеңестер елінде, соның ішінде Қазақстанда да, «Барлығы Майдан үшін, барлығы Жеңіс үшін!» ұранымен сан-салалы бастамалар орын алғаны белгілі. Қоғамдық бастамаларға жер-жерлерде физкультура және спорт өкілдері үн қосты. Республикада патриоттық үндеу тастап қолдаған азаматтың бірі атақты қазақ балуаны Қажымұқан Мұңайтпасов (1871-1948 жж.) болды. Ол Ақмола өңірінің Қараөткел жерінде дүниеге келіп, Түркістан облысы Ордабасы ауданы Ленин туы ұжымшарында өмірден өтті. Бүкіл саналы ғұмырын күрес өнеріне арнаған қазақ халқы тарихындағы тұңғыш кәсіпқой балуан. Жер планетасының 54 мемлекетінде белдесіп, алтын және күміс 48 медальдің иегері. Отты жылдарда егде жасқа келген палуан Кеңес халқының соғыста Жеңіске жетуіне сүбелі үлес қосты. Аймақтық спорттық көрсетілімдерден ақшалай қор жинап, 1944 жылы жүз мың қаржыны қазақ батыры Амангелді Имановтың атымен ұшақ сатып алуға Жеңіс қорына аударды [9, 158-б.]. Сол жылдардағы деректік материалдар былай пайымдайды: «Оңтүстік Қазақстан облысы, Шәуілдір ауданы, Ақтөбе колхозы, Мұңайтпасовқа. Қызыл Армияның Әскери күштеріне көрсеткен қамқорлығыңыз үшін менен сәлем және Қызыл Армиядан ризашылық қабылдаңыз, жолдас Қажымұқан. Сіздің тілегіңіз орындалды. Сталин». Сондай-ақ палуанның атына майдан даласынан алғыс білдірген жауынгерлік хаттар да көптеп түскен болатын.

«Күш атасы» атанған алып балуанға 2001 жылы Шымкенттің орталық стадионы алдында ескерткіш қойылса, 2021 жылы Астанада Қ.Мұңайтпасовтың туылғанына 150 жылдығына байланысты 5,7 метрлік ескерткіш орнатылды.

Елдің барлық әлеуметтік топтары сияқты Қазақстан спортшылары да Отанды қорғау майданына аттанды. Ұрыс майданында ерлік пен қайсарлықтың, қайрат пен жігердің, қажырлық пен табандылықтың жарқын үлгілерін көрсетті.

Ленинградты қорғау шайқасында қазақстандық Қадырбай Жаманбалин бастаған барлаушы-шаңғышыларының жасаған ерліктері мәңгі есте қаларлықтай болды. Шаңғымен жүрудің техникасын жақсы меңгерген ол бастаған барлаушылар тобы ұрыс кезінде әлденеше рет жау тылына барлауға барып, маңызды мәліметтер жинады, сөйтіп, берілген тапсырмалар бұлжытпай орындалып отырды [10, б. 4].

Сұрапыл соғыста ерліктің үлгісін көрсеткен жауынгер, соғыстан кейінгі бейбіт өмірде спорт саласында талмай ұстаздық еткен азаматтардың арасында Шоқыр Бөлтекұлы (1916-1994 жж.) да лайықты орын алады.

Маңғыстау түбегінің тумасы. Баку көркем сурет училищесін бітірген Ш.Бөлтекұлы 1934 жылы Киев көркем сурет институтына студент болып қабылданды. Украина жерінде ол көркем сурет мамандығын игерумен қатар, алғаш рет спорт өнеріне де тартылды. Спорттық бетбұрыстық өмір жолын таңдауына Германияда Берлин кәсіпқой бокс мектебінен өткен тәлімгері Иван Константинович Иванов ықпал етті.

Институтты бітіріп Алматыға келген Ш.Бөлтекұлының спортқа қабілеттігін таныған әкімшілік маман кадрлардың жетіспеушілігін ескере отырып, оны «Спартак» ерікті спорт қоғамында бокс секциясын басқару қызметіне тағайындады. Салалық білімін толықтыру мақсатымен оны соғыс қарсаңында Киев қаласындағы жаттықтырушылар дайындайтын жоғары мектепке білімін жетілдіруге аттандырған уақытта байырғы ұстазымен табысып тәлім алған-ды.

Соғыс басталғанда қолына қару алып, Мәскеу, Смоленск қалалары түбіндегі Кеңес Армиясының қорғаныстық және шабуылдау шайқастарынан бастап, Белоруссия жерін азат ету қиян-кескі ұрыстарына қатысты. Шоқыр Бөлтекұлы соғыстың алғашқы күндерінен-ақ ерлік пен табандылық танытты. Бір бекініс үшін шайқаста Шоқырға жақсы қаруланған үш фашист солдаттымен бетпе-бет келген-ді. Бокстың әдісімен әуелі біреуін, содан соң екеуін ұрып жығып, сөйтіп, үшеуін де тірідей бір өзі бөлімшеге алып келгендігі спортпен айналысуының жарқын айғағы.

ҰОС-ғы Жеңістің 20 жылдығына орай Ш.Бөлтекұлы сұрапыл соғысты бастан кешкен естеліктерімен бөліскен болатын [11].

Майдан даласында ауыр жараланған Ш.Бөлтекұлы 1943 жылы елге оралды. Жаттықтырушылық қызметке оралған ол республиканың бокс спортын жаңа деңгейге көтеруге күш салды және табыстарға қол жеткізді. Өзі де 223 рет рингке шығып, оның 155-де ресми кездесу өткізді. Солардың ішінде елу финалдық жекпе-жектің отыз сегізінде жеңіске жетіп, төртеуінде тең түскен-ді [12, 4-бет]. Көркем сурет өнері мен жаттықтырушылық қызметті қатар атқара жүріп, 800-ден астам боксшыны баптап шығарды [13, 407-б.].

Бокс саласындағы жетістіктерін саралар болсақ, біріншіден, бокстан Қазақстандағы тұңғыш КСРО спорт мастери (1947 ж.), екіншіден, Қазақстан боксшыларының арасында шетел спортшыларымен тұңғыш рет кездескен азамат, үшіншіден, Қазақстан боксшыларын алғаш рет бүкілодақтық рингке шығарған жаттықтырушы, төртіншіден, Қазақстанның үш дүркін чемпионы, бесіншіден, республикада бокс спортының негізін қалаушылардың бірі, Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Қазақстан боксының ардагері.

Соғыс басталған алғашқы күннен-ақ «Спартак» ұйымының мүшелері де майданның алғы шептерінде қанды шайқасқа түсті. Семей облыстық бөлімшесінің мүшесі, белсенді дене шынықтырушы, футболист Куликов 1942 жылы әскери тапсырманы үздік орындағаны үшін Ленин орденімен марапатталған болатын. «Красный восток» артелінің (Қостанай қаласы) дене шынықтыру ұжымының мүшесі, әртүрлі жарыстарда ұйымның намысын қорғаған тамаша шаңғышы П.Семенов жасы 18-ге толмағанына қарамастан, 1942 жылы ерікті түрде Қызыл Армия қатарына алынып, Солтүстік-батыс майданында жүргендігінен және онымен ұжымның байланысты үзбей отырғандығынан мұрағат құжаты мәлімет береді. Қостанайлық ұйымның дене шынықтырушысы футболист И.Перекальский соғыс басталған тұста-ақ майданға аттанды. Майданда оның өзінің бөлімшесімен үш ай бойы жау құрсауында қалып, соғысып жүріп қоршаудан шыққандығы белгілі. Қызылорда облыстық ұйымына бекітілген Жалпыға міндетті білім беру (Всеобуч) бөлімінде әскери білім алған Косенко және Алексеев облыстық Кеңеспен хат алмасып тұрған және оларды соғыс шеберлігіне үйреткен ұйым инспекторларына алғыстарын білдірген [2, 11-б.].

Сталинград түбіндегі Жеңіспен (1942 жыл) басталған екінші дүниежүзілік және Отан соғысы барысындағы түбегейлі бетбұрыс Кеңес Армиясының 1943 жылғы Курск иініндегі шайқаспен аяқтағаны тарихтан мәлім. Кеңес Үкіметі мен партияның «Неміс оккупациясынан азат етілген аудандарда шаруашылықты қалпына келтіру жөніндегі шұғыл шаралар» туралы қаулысы бойынша халық шаруашылығын қалпына келтіру 1943 жылдан бастап-ақ қолға алынды. Ендеше халық шаруашылығының басқа салаларымен қатар, дене шынықтыру мен спорт жүйесінде де іс-қимыл шаралары жанданды. Мысалы, жергілікті жерлерде дене шынықтыру және спорт бөлімдері ашылды, залдар мен алаңдарда спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырыла бастады, сөйтіп, бұқаралық спорт қоғамдық өмірге оралды.

1943 жылдың жазында Алматыда Орта Азия республикалары мен Қазақстан халықтарының II- спартакиадасы өткізілді. Іс-шара соғыс жүріп жатқан кезде өткендігімен бағамдасақ, айтулы оқиға тізбегінен табылды. Дегенмен, қатысушылар сапында қазақ жастары арасынан бірде-бір өкілдің болмауы өкінішті факт еді [14].

Соғыс жылдарындағы қиыншылықтарға қарамастан, КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің «Дене тәрбиесі мамандарын дайындау шаралары» қаулысымен 1944 жылдың 14 қарашасында Алма-Ата қаласында Қазақ мемлекеттік дене тәрбиесі институты (КазГИФК) спорт саласы мамандарын дайындау мақсатында ашылған болатын.

Институт Орта Азия бойынша дене тәрбиесі мен спорт саласындағы ғылыми-педагог мамандарды дайындайтын жалғыз және тұңғыш жоғарғы оқу орны болды. Демек, аталмыш жоғары мектеп Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан және Тәжікстан республикалары үшін спорт кадрларын дайындауды жүзеге асырды.

Институтқа тәжірибелі ғалымдар мен жас дарынды оқытушылар жұмысқа тартылды. Оқу үдерісінде кездесетін қиындықтар мен материалдық базаны нығайту жолындағы тынымсыз еңбектің арқасында, сан қырлы сүрлеуден өткен бүгінде Қазақ спорт және туризм академиясы (1998 жыл, 28 қазанда көрсетілген мәртебесін иемденді) статусын иемденіп отырған оқу орны 2024 жылы 80 жылдығын лайықты табыстармен атап өтті.

Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесі 1944 жылдың 15-мамырында «Еңбекшілердің дене тәрбиесін жақсарту бойынша шаралары мен ұлттық спорт түрлерін дамыту туралы» дене тәрбиесі қозғалысын ұйымдастыру үрдісіне жаңа серпін беру міндеттелді. Құжат өлке үшін маңызды болды, себебі кадр, әсіресе ұлттық мамандарды дайындау, мәселесін жақсартуға баса назар аударды. Физкультура және спорт сферасына тұрғылықты халық өкілдерін тарту қажеттілігін атап өтті.

Қазақ ұлттық ойын түрлерін дамыту мақсатымен ҚазКСР Халық Комиссарлар Кеңесі тарапынан Дене тәрбиесі мәдениеті комитетіне, Халық ағарту комиссариатына, КСРО Қазақ ҒА филиалына, ҚазКСР ЖЛКО ОК-не (ВЛКСМ ЦК) тапсырма берілді: қазақ халқының ұлттық ойын түрлері және жалпы спорттық жарыстардың Жаңа ережесін жасау, оларға түсініктемелер беру және ережені бекіту. Өкініштісі, салаға қатысты мемлекеттік құзырлы органдарға берілген нұсқаулар тек 1948 жылы ғана орындалды [15, 100-б].

Соғыс аяқталған 1945 жылы Мәскеу қаласында спорт сферасындағы көрнекті қайраткерлердің қатысуымен арнайы парад өтті. Жалпы атаулы шара республика көлемінде спорт әлеміндегі азаматтардың рухын көтеріп, спорттық қызметті жаңа қадамдарға бастауға ынталандырды.

КСРО (Кеңестік социалистік республикалар одағы) ХКК-і (Халық Комиссарлар Кеңесі, атқарушы орган) 1945 жылғы қыркүйектің 28-де «Дене мәдениеті және спорт комитеттеріне көмек көрсету және жұмысын жақсарту туралы» қаулысын қабылдады. Соғыс жағдайында басқа бағытта жұмыс атқарып кеткен ғимараттарды қайтадан қызметтік жолға қою, маман кадрларды дайындау, т.б. мәселелер күн тәртібіне шығарылып, толымды нұсқаулар берілді. Маңызды құжат Қазақстанның жергілікті аймақтарында да жол тауып жатты.

Соғыстың аяқталуымен байланысты бейбіт өмірге сәйкес қайта құрулар белсенді түрде жүргізілді. Қазақстанның спорт саласында да маңызды өзгерістер бастау алды.

Қорытынды. Қазақстанның соғыс қарсаңындағы спорт жағдайы Ресей, Украина, Белоруссия сынды республикаларға қарағанда төмен деңгейде қалды. Спорт мекемелерінің үй-жайы, олардың материалдық-техникалық базасы, маман кадрлармен қамтылуы (жоғарыда аталған республикалардан қызметке тартылды) т.б. сан қырлы мәселелер шешімін таппағаны анық. Дегенмен, Орталықтың бұйрығымен жоғарыдан түсірілген нұсқаулық қаулы-қаралар мен ережелік құжаттар және осы мәлімдемелерге сәйкес жергілікті жерлерде атқарылған іс-қимыл шаралары өзіндік рөл атқарғанын жоққа шығаруға болмас. Сондай-ақ Қазақстанда 1935 жылы физкультура техникумы және 1944 жылы Қазақ мемлекеттік дене тәрбиесі институтының ашылуы айтулы оқиға болғаны сөзсіз.

Соғыс жылдарында спорттық әлемді екі жақты қарауға болады. Бірінші ретте Кеңес Армиясы қатарына алынған әр азаматты қару ұстауға және оны оңтайлы пайдалануға үйрету мәселесі негізінен дене тәрбиесімен астасып жататындықтан, спортшылар бұқара халықты соғыс өнеріне баулу ісімен айналысты. Екінші ретте спортшылар тікелей майдан далаларындағы қиан-кескі ұрыстарға қатысты. Жаяу әскер құрамаларынан бөлек арнайы дайындықты талап ететін альпинистік тау және шаңғы атқыштары, парашютистер, мотоциклшылар, т.б. сияқты соғыс бөлімдерінде әрекет етті. Қазақстан спортшылар қайсарлықтың, ерліктің үлгісін көрсетті.

Тақырыпты зерделеу барысында бірқатар нәтижелерге қол жеткізілді: ҚР Мемлекеттік орталық мұрағаттың тиесілі қорларындағы материалдары тарихи айналымға түсірілді; Отан соғысы жылдарындағы республиканың физкультура және спорт саласына қатысты қомақты материалдар жүйеленді; маңызды сұрақтар кестелер арқылы айқындалды; тақырыптың мазмұны тиянақты түрде хронологиялық шеңбермен (1941-1945) жүргізілді; статистикалық мәліметтерді талдауда салыстыру әдісі ұтымды пайдаланылып, бір арнаға тоғыстырылды; Ең бастысы зерттеу объектісі жаңа мағлұматтармен толықты.

Мәселені зерттеу үрдісінде ойға түйген ұсыныстар: Көтеріліп отырған мәселе өзекті сұрақтардың қатарынан орын алады. Биылғы 2025 жылы жалпы ТМД шеңберінде Отан соғысы Жеңісінің 80 жылдығы аталып өтті. Кез келген мемлекет азаматтарын отансүйгіштік

рухта тәрбиелеуді нысана етіп ұстары сөзсіз. Ендеше соғыс жылдарындағы Қазақстан спортына қатысты мұрағат, мұражай, баспасөз материалдарын жинап, талдап, мемлекеттік тілде жарыққа шығару Отан тарихына қосқан сүбелі үлес болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР ОМА, 1667-қор, 1-тізім, 6-іс
2. ҚР ОММ, 2054-қор, 1-тізім, 3-іс,
3. ҚР ОММ.-1692-қор, 1-тізім, 538-іс.
4. ҚР ОММ.-1692-қор, 1-тізім, 541-іс.
5. ҚР ОММ.-1692-қор, 1-тізім, 669-іс.
6. Сейсенбеков Ерлан Кенжебайұлы. Дене шынықтыру және спорт тарихы. Оқу құралы. Шымкент. - 2009. - 146 бет.
7. Спортивный Казахстан: Энциклопедический справочник / Авторы-составители: О.Жолымбетов, А.Кульназаров) – Алматы: Издательство «Арыс», 2004. - 672 стр.
8. Қазақстандағы Олимпиадалық білім және спорт тарихының очерктері. Оқу құралы. Алматы: ҚазСТА, 2019. - 400 бет.
Тарихи тұрғыдан Түркия мен АҚШ арасындағы қатынастар 18-ші ғасырдың соңы мен 19-шы ғасырдың алғашқы жылдарынан бастау алады. Бұл қатынастардың негізінде экономикалық мүдделер, атап айтқанда АҚШ-тың бай нарыққа ие географиялық аймақтарды өз ықпалына алуы, сондай-ақ сыртқы сауданы кеңейтіп дамыту мүдделері басымдыққа ие болған. Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін АҚШ-тың сыртқы саясаты «Монро доктринасы» мен «Ашық есік қағидаты» аясында өрбиді. «Монро доктринасында» барлық Еуропалық елдерден тең дәрежеде қашықтықты сақтау, бұл мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау және өз қауіпсіздігі үшін бейтарап сыртқы саясатты ұстануға басымдық беру қағидалары бекітілген еді. Ал «Ашық есік қағидасы» тек бір ғана отаршыл ел емес, бұған қоса басқа да отаршыл елдер экономикалық тұрғыдан артта қалған мемлекеттерді отарлау құқығына ие болуы қажет деген саяси идеяны басымдыққа алған болатын. Негізінде тарихи тұрғыдан АҚШ-тың Түркияға қатысты ұстанған сыртқы саясаты осы саяси идея шеңберінде өрбіп дамыды [2].

Түркия қырғи қабақ соғысы дәуірінің 1960-шы жылдарында толық болмаса да, белгілі бір деңгейде АҚШ-тан тәуелсіз сыртқы саясат ұстануға басымдық бергенін байқауға болады. Бұған КСРО-ның халықаралық саяси сахнаға шығып күшеюі тікелей әсер етті. Себебі ұлы держава ретінде АҚШ сыртқы саясатында КСРО-мен бәсекелесіп күресу мәселесіне басымдық беріп көңіл аударған болатын және бұл мәселені өзінің ұлттық мүддесі аясында тиімді шешуді мақсат ұстанған еді. Ал бұл өз кезегінде Түркияға АҚШ-тың саяси қысымына аландамай ұлттық мүддеге негізделген сыртқы саясатын күшейтуіне оң ықпалын тигізді. Алайда қырғи қабақ соғысы дәуірінде Түркия мен АҚШ-тың мүдделерінің тұрақты үйлескен тұстарын да байқауға болады. Атап айтқанда, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптасқан халықаралық жүйені сақтау, КСРО-ның батысқа қарай әскери кеңеюінің алдын алу үшін ортақ қорғанысқа негізделген ынтымақтастығын күшейту және коммунизм идеологиясына қарсы жаппай күресу болып табылады. Қырғи қабақ соғысы дәуірінде Түркияның ұлы держава ретінде АҚШ-ты одақтас ел ретінде мойындауында КСРО-ның екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Түркияның жер тұтастығына қауіп төндіретін саясатымен ұштастыруға болады. КСРО бұл дәуірде Түркиядан бұғазда әскери базаны және Карс пен Ардаханды беруді талап етті. Бұл

талаптардың алдын алу үшін Түркия КСРО-ның күшін теңестіре алатын АҚШ-пен қатынастарды ұлғайтуды мемлекеттік мүддесінің қажеттілігі ретінде қабылдады [3]. Яғни КСРО екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Түркияға қарсы ұстанған саясатымен бұл елді АҚШ-тың ықпалына кіруіне өзі итермелеген болатын.

Материалдар мен әдістер

XX ғасырдың 60-70 жылдарындағы Түркия-АҚШ қатынастары Неореалистік теория аясында талданды. Бұл теорияның негізін қалаушы Кеннет Уолтц болып табылады. Неореализм теориялық тұрғыдан мемлекеттер арасындағы тарихи қатынастарды ұлттық күш, ұлттық мүдде және ұлттық күшті басқа да мемлекеттермен салыстыра отырып, бір елдің әлемде алатын орны мен рөлінің маңыздылығын бағалап зерттейді [4]. Салыстырмалы түрде ұлттық күшінің ықпалына қарай мемлекеттер ұлы державалар, орта деңгейдегі ықпалды күшке ие мемлекеттер және әлсіз елдер ретінде жіктеледі. Демек, теориялық тұрғыдан әлемде мемлекеттердің ұлттық күшіне және ықпалына негізделген иерархиялық құрылым қалыптасқан [5]. Бұл иерархиялық құрылымдағы орны мен рөліне қарай мемлекеттер ұлттық мүдделерін ескеріп сыртқы саяси стратегияларын айқындайды. Яғни Неореализм теориясының пайымдауынша бір мемлекеттің салыстырмалы түрде ұлттық күші (экономикалық, әскери, технологиялық, мәдени т.б. қуаттары) басқа мемлекеттерге қарағанда өте жоғары деңгейде қалыптасқан жағдайда ұлы державаға айналады және әлемдегі күш пен қуатқа негізделген иерархияда ұлттық мүддесі аясында өзінен әлсіз елдерге ықпал ету, әрі ұлттық мүддесі қажет еткен жағдайда қысым жасай білу мүмкіншілігіне иеленеді. Неореалисттер әлемдегі иерархиялық құрылымда орта деңгейдегі күшке және ықпалға ие мемлекеттер ұлы державалардың әр түрлі қысымдарынан өзін аман сақтап қалу үшін екі сыртқы саяси стратегияның біреуіне бет бұруы мүмкін екендігін алға тартады. Стратегияның біріншісі ұлы державаның ықпалы мен қуатын мойындап, өзінің мүддесін ұлы державалық елдің мүддесімен үйлестіріп оған қарсы сыртқы саясат ұстанбай, ұлы державаның сыртқы саяси тағдырымен тағдырлас болып, онымен толыққанды одақтас болып табылады [6]. Әрине мұндай сыртқы саяси стратегия орта деңгейдегі мемлекеттің тәуелсіздігіне кері әсерін тигізіп, ұлы державаға тәуелді етуі мүмкін. Ал сыртқы саяси стратегияның екіншісі ұлттық мүддені ескеріп күш теңдігі саясатын ұстанып, ұлы державаның күшін теңестіре алатын басқа ұлы державамен қатынастарды өрбітіп, өзінің әскери күшін нығайтып, әрі ұлттық мүддеге негізделген аймақтық және халықаралық одақтарға мүше болуды таңдауы мүмкін. 1960-шы жылдардағы Түркияның АҚШ-пен қатынастары екінші сыртқы саяси стратегия аясында өрбігін болатын. Яғни бұл дәуірде Түркия елі АҚШ-тың ұлы державалық мемлекет екенін ескере отырып, ұлттық мүддені басымдыққа алған және өзінің ұлттық мүддесіне қайшы АҚШ ұстанымдарына қарсы өзінің мүддесін қабылдатуға тырысқан. Осыны ескере отырып, зерттеу барысында 1960-шы жылдардағы Түркия-АҚШ қатынастары Неореализм теориясының ғылыми тұжырымдамалары арқылы талданған.

Түптеп келгенде, бұл зерттеуде XX ғасырдың 1960-шы жылдарындағы Түркия мен АҚШ арасындағы қатынастар тарихи-саяси тұрғыдан талданды. Зерттеу аясында мына деректерге басымдық берілді, атап айтқанда 1960-1964 жылдардағы ресми дипломатиялық хаттар мен мәлімдемелер, соның ішінде Линдон Джонсон мен Исмет Инөнү арасындағы 1964 жылғы хат алмасу, Кариб дағдарысына қатысты АҚШ пен КСРО ресми құжаттары. Бұған қоса қырғи қабақ соғысы кезеңіне арналған түрік және америкалық ғалымдардың еңбектері мен Кеннет Уолтцтың құрылымдық реализм теориясына негізделген ғылыми еңбегіне баса назар аударылған. Осы еңбектерге сүйене отырып, саяси-құрылымдық талдау аясында орта деңгейдегі мемлекет пен ұлы державаның күш теңдігі стратегиясын айқындау үшін саяси шешімдер мен олардың салдары құрылымдық реализм тұрғысынан бағаланды.

Нәтижесі

XX ғасырдың 60-шы жылдарында Түркияның ұлттық мүдделерін алға тартып, АҚШ-тан белгілі бір мөлшерде тәуелсіз сыртқы саясат ұстануына КСРО-ның әлемдегі АҚШ-тың ұлы державалық ықпалын теңестіре алатын күшке ие бола бастауы оң әсер еткен болатын. Бұл дәуірде Түркия мен АҚШ арасындағы қатынастарда мүдделер қақтығы орын алды. 1962-ші жылдың 16-шы қазанында АҚШ пен КСРО арасында Кариб дағдарысы басталды. Бұл дағдарыс барысында екі одақтас ел Түркия мен АҚШ қатынастарында екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ең алғашқы мүдделер қайшылығы туындады. Түркия мен АҚШ қатынастарындағы екінші мүдделер қақтығысы 1964 жылындағы Кипр дағдарысы аясында орын алғанын байқауға болады.

Екі одақтас арасындағы ең алғашқы дағдарыс. XX ғасырдың 60-шы жылдарының басында Түркия мен АҚШ арасындағы қарым-қатынас қырғи қабақ соғыстың ең шиеленісті кезеңімен тұспа-тұс келді. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Түркия Батыс блогына мүше болып, НАТО-ның шығыс шекарасын қорғауда стратегиялық рөл атқарды. 1952 жылы альянсқа қосылғаннан бастап Анкара Вашингтонның сенімді одақтасы саналды. Түркия үшін бұл кезең экономикалық көмек, әскери қолдау және қауіпсіздік кепілі тұрғысынан аса маңызды болды. Алайда 1962 жылғы Кариб дағдарысы бұл одақтастықтың беріктігін алғаш рет сынап, екі мемлекет арасындағы өзара сенімнің шынайы деңгейін айқын көрсетті.

Дағдарысқа жол ашқын халықаралық ахуалды басымдыққа ала отырып, 1950-шы жылдардың соңында жаһандық саясаттағы күш теңгерімінің өзгеруі екі мемлекеттің өзара қатынастарына тікелей әсер еткендігін атап өту аса маңызды. 1957 жылы КСРО алғашқы жасанды жер серігі «Спутник-1»-ді ұшырып, АҚШ-ты стратегиялық тұрғыдан есеңгіретті. Бұл оқиға КСРО баллистикалық зымыран технологиясында үлкен жетістіктерге жеткенін дәлелдеп, әлемдегі әскери-техникалық тепе-теңдікті шайқалтты. АҚШ-ты басқарушы саяси элита бұл артықшылықты теңестіру үшін жаңа шешімдер іздеуге мәжбүр болды. НАТО-ның оңтүстік-шығыс географиясында орналасқан Түркия геосаяси тұрғыдан КСРО-ға ең жақын және әскери база ретінде өте ыңғайлы елдердің қатарында еді. Түркияның осы ерекшелігін ескерген Вашингтон 1959 жылы Түркия аумағына орта қашықтықтағы «Юпитер» ядролық зымырандарын орналастыру жөнінде шешім қабылдады [7]. 1960 жылға қарай бұл зымырандар толық орнатылды және олардың ұшу қашықтығы Мәскеуді қоса алғанда КСРО-ның негізгі өнеркәсіптік аймақтарын қамтыды. Бұл қадам КСРО басшылығында елеулі алаңдаушылық тудырып, екі супер держава арасындағы жаңа шиеленістің алғышартына айналды [8].

1962 жылы КСРО стратегиялық жауап ретінде Кубаға ядролық қару орналастыра бастады. Кариб немесе Куба дағдарысы деп аталған бұл оқиға 16 қазанда АҚШ барлау қызметі Кубадағы КСРО зымыран алаңдарын әшкерелегеннен кейін басталды. АҚШ Кубаға теңіз блокадасын енгізіп, КСРО-дан зымырандарды әкетуді талап етті. Әлем ядролық соғыс қаупінің табалдырығына қадам басты.

1962 жылғы 23 қазан күні таңертең Чанкая резиденциясында Президент Джемаль Гюрсель мен Үкімет басшысы Исет Инөнү кездесті. Кейінірек бұл жиынға Бас штаб басшысы Джевдет Сунаи және Сыртқы істер министрі Феридун Джемаль Эркин де қосылды. Кездесу соңында Министрлер кабинеті төтенше отырысқа шақырылып, бұл отырыс түннің кеш уақытына дейін жалғасты. Сол күні Түркияның Сыртқы істер министрлігі АҚШ тарапына КСРО-ның БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінен «Юпитер» зымыран базаларын алып тастау туралы шешім шығаруына ұмтылуы мүмкін деген алаңдаушылығын жеткізді. 1962 жылғы 23 және 24 қазанда Сыртқы істер министрі Феридун Джемаль Эркин АҚШ-тан Түркияға әскери көмекті, әсіресе F-104 және F-100 ұшақтарына арналған қосалқы бөлшектерді жеткізу мен арттыруды жеделдетуді табанды түрде талап етті [9].

1962 жылғы 23 қазан күні сағат 18:51-де Кеннеди Хрущёвтің хатына жауап беріп, өзара ымыраға келу жолында қысым көрсету саясатын тоқтатып, қаруларды кері қайтару қажет екенін мәлімдеді. Сол күннің кешкі уақытында Роберт Кеннеди, Кеннедидің ұсынысы

бойынша Добрынинмен кездесті. Роберт Кеннеди Кубадағы қару-жарақтың орналастырылуын айыптағанын айтқанда, Добрынин Кубадағы шабуылға арналған зымырандар туралы ешқандай мәліметі жоқ екенін жеткізді. Әңгімеден кейін Добрынин Кремльге Президент Кеннедидің өзін алданғандай сезінгенін хабарлаған жеделхат жолдады [10].

Исмет Инөнү «Түркия ұлы ұлттық мәжілісінде» депутаттар алдында Куба зымыран дағдарысына қатысты сөйлеген сөзінде, АҚШ өзіне келтірілген зиянға жауап ретінде шабуылға дайындық жүргізіп жатқанын және соның нәтижесінде Кубаның АҚШ тарапынан қоршауға алынғанын айтты. Ол Түркияның тек бейбіт өмір сүруді қалайтынын және халықаралық келіспеушіліктердің бейбіт жолмен шешілуін шын ниетпен қалайтынын атап өтті. Дағдарыстың шешілуі құпия дипломатиялық келіссөздер арқылы жүзеге асты. Кеңес басшысы Никита Хрущев АҚШ президенті Джон Кеннедиге жолдаған хатында Кубадағы зымырандарды жою шарты ретінде Түркиядағы «Юпитер» зымырандарын алып тастауды талап етті. Хрущевтің ұсынысы халықаралық аренада ашық жарияланбағанымен, екі тараптың жабық келіссөздерінде негізгі шарттардың бірі болды [11].

1962 жылғы 25 қазанда КСРО-ның Түркиядағы елшісі Н.С.Рыжов Сыртқы істер министрі Феридун Джемаль Эркинмен кездесуді өтінді. Елші Рыжов министрге Түркиядағы америкалық зымырандар мен НАТО нысандарын жоюды талап ететін өтінішін жеткізді. Үкімет басшысы Исмет Инөнү елшінің бұл талабын қабылдамайтын нотаны өз қолымен жазды. Осы жауаптан кейін Рыжов Сыртқы істер министрі Феридун Джемаль Эркинге екінші, әлдеқайда қатаң ультиматуммен келді. Ол былай деді: «Америкалық базаларды жойыңыздар, әйтпесе КСРО соғыс болған жағдайда түрік қалаларын жойылатын қалалар тізімінің басына қояды. Егер сіздер Куба үшін біз соғысқа бармаймыз деп ойласаңыздар, қателесесіздер» [12].

КСРО елшісінің ультиматумы айқын көрініс тапты, яғни егер Түркия Юпитерлерді алып тастамаса және америкалықтар Кубадағы зымыран рампалары мен әуежайларға шабуыл жасаса, ондай жағдайда КСРО-ның бірінші кезектегі мақсаты - Түркия қалаларына шабуыл жасау болады. Осы орайда КСРО әсіресе Измирдегі Чигли зымыран базасына және Инжирликтегі ядролық бомбалаушы ұшақтардың орналасқан әуежайына ядролық қарумен соққы беріп, ультиматум қабылданбағанына сілтей отырып, өздерін халықаралық құқық аясында заңды әрекет еткен деп ақтауға тырысатын еді. Осылайша КСРО елшісі АҚШ-тың сыртқы саяси ұстанымдарына қарсы алғашқы нысан ретінде Түркия қалалары болатынын Түрік үкіметіне білдірген болатын. Ультиматумды дереу кері қайтарған Түрік үкіметі, КСРО әскери күш қолданған жағдайда АҚШ бұл әрекетке көз жұмбайды (әрекетсіз қалмайды) және соған байланысты НАТО-ның автоматты түрде көмек көрсету ықтималдығы айтарлықтай жоғары болады деп болжаған еді. Алайда іс жүзінде АҚШ және НАТО Түркияның бұл болжамына мүлдем қайшы сыртқы саясат ұстанған болатын.

АҚШ-тың Түркиямен ақылдаспауы. Вашингтон Түркияны бұл келісімдерден шеттетіп, Анкараға алдын ала хабар берместен Хрущевпен мәмілеге келді. 1962 жылдың қазан-қараша айларында өткен құпия келіссөздердің нәтижесінде АҚШ Кубадағы кеңестік зымырандардың әкетілуіне жауап ретінде алты ай ішінде Түркиядағы «Юпитер» кешендерін жоюға уәде берді. Бұл шешім туралы Түркия басшылығы тек бірнеше айдан соң ресми емес жолдар арқылы білді [13].

Түркия үшін бұл күтпеген жағдай ауыр соққы болды. Біріншіден, Түркия өзінің стратегиялық аумағында орналастырылған америкалық қарулардың тағдырын өзі шеше алмайтынын көрді. Екіншіден, одақтас мемлекет өзара қауіпсіздік мәселесін келісусіз шешкені Анкараның тәуелсіздігі мен ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтірді. Түрік саяси элитасы бұл әрекетті одақтастық принциптерін аяққа таптау деп бағалады. Дағдарыс кезінде Түркияның саяси көшбасшылары мен бұқаралық ақпарат құралдары АҚШ-тың әрекетін ашық сынға алды. Парламент депутаттары мен ірі газеттер Вашингтонның Түркияны саяси сауданың құралына айналдырды деп айыптады. Ел ішінде АҚШ біздің тағдырымызды өз бетімен шешуде деген пікір кең таралды. Түрік армиясы да өз аумағында орналасқан ядролық қарудың КСРО үшін басты нысанаға айналғанын, егер соғыс басталса, алғашқы соққыны Түркия қабылдайтынын түсінді [14].

Бұл көңіл күй қоғамның кең топтарын қамтыды. Студенттік ұйымдар мен оппозициялық партиялар америкалық базаларды жабуды талап етіп, жаппай митингілер өткізді. Түркиялық сарапшылардың пайымдауынша, АҚШ-тың бұл саясаты елдің егемендігіне ғана емес, оның қауіпсіздігіне де тікелей қатер төндірді.

Бұл дағдарыстың НАТО аясындағы салдары да айқын көрініс тапты. Кариб дағдарысы НАТО ішінде де сенімге деген терең дағдарысты тудырды. Түркия ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің шынайылығына күмән келтіре бастады. Альянстың басты принциптерінің бірі – мүше мемлекеттердің қауіпсіздігіне тең дәрежеде кепілдік беру болатын. Алайда АҚШ-тың Түркияға қатысты жасырын келісімі бұл қағиданың шартты екенін көрсетті. НАТО-дағы өзге елдер де бұл оқиғадан сабақ алды. Франция президенті Шарль де Голль АҚШ-тың шешімдерін одақтастарымен үйлестірмеуін сынға алып, кейінірек Францияның альянстың әскери құрылымынан уақытша шығуына негіз қалады. Осылайша Түркиядағы дағдарыс бүкіл Батыс блогы үшін елеулі геосаяси сабақ болды.

Түркияның сыртқы саясатының қайта бағалануы. Кариб дағдарысы Түркияның сыртқы саясатына түбегейлі ықпал етті. Ел басшылығы бір ғана ұлы державаға арқа сүйеу ұлттық мүддені толық қорғай алмайтынын түсінді. Нәтижесінде 1960-шы жылдардың ортасынан бастап Анкара көпвекторлы сыртқы саяси бағытқа бет бұрып, КСРО-мен экономикалық қатынастарды кеңейтуге, Таяу Шығыс және Балқан елдерімен ынтымақтастықты арттыруға кірісті.

Сонымен қатар Түркия өзінің әскери әлеуетін дербес дамытуға ерекше назар аударды. АҚШ-тан тәуелсіз ұлттық қару-жарак өндірісін құруға алғашқы қадамдар жасалды. Әскери-техникалық жобаларға еуропалық және жергілікті кәсіпорындар тартылды. Бұл үрдіс кейінгі онжылдықтарда Түркия қорғаныс өнеркәсібінің дамуына негіз болды.

Кариб дағдарысы Түркия-АҚШ қарым-қатынастардың ұзақ мерзімді салдарына да әсер етті. Кариб дағдарысы тек қысқа мерзімді саяси дағдарыс емес, Түркия-АҚШ қатынастарының болашақ траекториясын айқындаған бетбұрыс кезеңі болды. 1960-жылдардың соңынан бастап Анкара Вашингтонға толық сенім арта алмайтындығын түсініп, өз мүддесін қорғайтын дербес саясат ұстануға көшті. Кейінгі онжылдықтарда бұл сабақ Кипр дағдарысы (1964), Вьетнам соғысы кезіндегі ұстаным және 1974 жылғы Кипрге әскери тұрғыдан араласу сияқты шешімдерде айқын көрінді. Түркия АҚШ-пен стратегиялық әріптестікті жалғастырғанымен, ұлттық мүддеге қайшы келген сәттерде дербес қадам жасауға дайын екенін дәлелдеді.

Түптеп келгенде, 1962 жылғы Кариб дағдарысы - Түркия мен АҚШ арасындағы ең алғашқы ірі мүдделік қақтығыс болды. Бұл оқиға одақтастықтың тең құқықты емес, шартты сипатқа ие екенін көрсетті. Түркия үшін бұл дағдарыс тәуелсіз сыртқы саясаттың, көпвекторлы дипломатияның және ұлттық қорғаныс өндірісінің қажеттілігін айқын сездірді. Вашингтон үшін де бұл жағдай маңызды сабақ болды, егер одақтастардың мүддесі ескерілмесе, Батыс блогының ішкі бірлігі әлсірейтіндігін байқады. Осылайша Кариб дағдарысы тек ядролық соғыс қаупінің көрінісі ғана емес, Түркия-АҚШ қатынастарының жаңа дәуірін бастаған, ұзақ мерзімді стратегиялық салдары бар тарихи кезең болып дипломатия тарихына еңген болатын.

Кипр дағдарысы және одақтастар (Түркия-АҚШ) арасындағы екінші мүдделер қақтығысы. 1960-жылдардың ортасы Түркия мен Америка Құрама Штаттары арасындағы стратегиялық серіктестікке сын болған ерекше кезең ретінде дипломатиялық тарихқа енді. 1962 жылғы Кариб дағдарысы одақтастықтың берік еместігін алғаш көрсетсе, 1964 жылғы Кипр дағдарысы екі елдің мүдделер қақтығысын одан әрі тереңдетіп, өзара сенімнің әлсірегенін айқын дәлелдеді. Бұл оқиға тек Түркия-АҚШ қатынастарын ғана емес, бүкіл НАТО одағының ішкі үйлесімін де сынақтан өткізді.

Бұл дағдарыстың тарихи алғышартын атап өтетін болсақ, Кипр аралы Жерорта теңізіндегі аса маңызды геостратегиялық арал болып табылады. XVI ғасырдың екінші жартысынан бастап Осман империясының құрамында болған бұл арал, 1878 жылы Берлин келісімі негізінде Ұлыбританияның билігіне өтті. XX ғасырдың ортасында грек ұлтшылдары «Эносис»

(Кипрді Грецияға қосу) идеясына белсене кірісіп, аралдағы этникалық тепе-теңдікті бұзған болатын. 1950-жылдары грек және түрік қауымдастықтарының қарулы қақтығыстары жиілеп, 1960 жылы тәуелсіз Кипр Республикасы құрылды. Конституцияға сәйкес саяси билік гректер 70% және түріктер 30% қауымдастықтары арасында бөлінді, алайда бұл тепе-теңдік ұзаққа созылмады. Гректер аралды Грецияға қосуға тырысып, түрік тұрғындарына саяси және әскери тұрғыдан қысым көрсете бастады. Түркия үшін бұл тек этникалық бауырластардың тағдыры ғана емес, Жерорта теңізіндегі ұлттық қауіпсіздік пен тарихи мүддені қорғау мәселесі еді [15].

1963-1964 жылдарында Түркия мен Греция арасындағы шиеленіс өршіген болатын. 1963 жылдың желтоқсанында «Қанды рождество» оқиғалары орын алды. Грек қарулы жасақтары түрік ауылдарына шабуыл жасап, жүздеген адамды қоныс аударуға мәжбүр етті. Түркия үкіметі халықаралық құқыққа сәйкес өз азаматтарын қорғауға міндетті екенін жариялап, аралға әскери интервенция жасау жоспарын әзірледі. Бұл қадам НАТО құрамындағы екі мүше - Түркия мен Греция арасындағы соғыс қаупін күшейтті [16].

Анкараның мұндай әрекеті АҚШ-ты алаңдатты. Вашингтон үшін ең басты мақсат – КСРО-ға қарсы тұру қабілетін сақтап қалу еді. Егер Түркия мен Греция арасында соғыс басталса, бұл Мәскеуге стратегиялық артықшылық беріп, Жерорта теңізіндегі Батыс позицияларын әлсіретері анық болатын. Сонымен қатар аралдағы Ұлыбритания әскери базалары да Батыс үшін өмірлік маңызға ие еді.

АҚШ ұлттық мүддесін ескере отырып, Түркияға дипломатиялық қысым көрсете бастады. 1964 жылдың маусымында АҚШ Президенті Линдон Джонсон Түркияның Үкімет басшысы Исмет Инөнуге атышулы хат жолдады. Бұл хат Түркияның жоспарланған әскери операциясына ашық ультиматум болды. Джонсон өз хатында егер Түркия Кипрге әскер еңгізсе, КСРО тарапынан жасалуы мүмкін ықтимал шабуылға қарсы НАТО келісім шарттарының іске аспайтынын ескертті. Бұл мәлімдеме Түркияның ұлттық егемендігіне тікелей қысым ретінде қабылданды [17].

Хаттың жазылған тілі Анкара үшін күтпеген және қорлайтындай әсер қалдырды. Түрік баспасөзі мен қоғамы бұл әрекетті одақтастық принциптерін аяққа таптау деп бағалады. Парламент мүшелері АҚШ-тың сенімді әріптес ретіндегі беделіне күмән келтіріп, Түркияның сыртқы саясатын қайта қарау қажеттігін алға тартты [18].

Джонсон хаты Түркия қоғамында үлкен резонанс тудырды. Баспасөз беттерінде «АҚШ бізді тек өз мүддесіне керек кезінде ғана қолдайды» деген пікір кеңінен таралды. Студенттер мен түрлі қоғамдық ұйымдар америкалық базаларды жабуды талап еткен митингілер өткізді. Әскери элита да америкалық қаруға тәуелділіктің қауіптілігін ашық айтты. Бұл көңіл күй кейінгі жылдары ұлттық қорғаныс өнеркәсібін дамытуға тікелей түрткі болды.

Кипр дағдарысы НАТО-ның ішкі бірлігін де сынады. Түркия ұжымдық қауіпсіздік кепілдіктерінің сенімділігіне күмән келтіре бастады. Альянстың басты принципі - кез келген мүше елге жасалған шабуылға барлық мүшенің бірлесіп жауап беруі - Түркия үшін шартты сипатқа ие екені анықталды. Басқа еуропалық одақтастар да АҚШ-тың біржақты әрекетін сынға алды. Франция президенті Шарль де Голль бұл жағдайды Вашингтонның одақтастарын елемеуінің айғағы ретінде бағалап, кейінірек Францияның НАТО-ның әскери құрылымынан уақытша шығуына негіз қалады [19].

Түркияның сыртқы саясатының жаңа векторы. Дағдарыстан кейін Түркия өзінің сыртқы саясатын түбегейлі қайта қарады. Бір ғана ұлы державаға сүйену ұлттық мүддені толық қорғай алмайтыны айқындалды. 1960-шы жылдардың екінші жартысынан бастап Анкара көпвекторлы саясатқа бет бұрып, КСРО-мен экономикалық және мәдени байланыстарды күшейтті. Сонымен қатар Таяу Шығыс, Балқан және Азия елдерімен ынтымақтастықты кеңейтуге ұмтылды.

Қорғаныс саласында да елеулі өзгерістер орын алды. Түркия америкалық қару-жаракқа тәуелділікті азайту үшін ұлттық әскери өнеркәсіпті дамыту бағдарламаларын бастады, ынтымақтастықты күшейту мақсатында жаңа елдермен байланыстарды нығайтуды басымдыққа алды. Бұл үрдіс кейінгі онжылдықтарда Түркияның дербес қорғаныс өнеркәсібінің қалыптасуына үлкен септігін тигізді.

Кипр дағдарысы Түркия-АҚШ қатынастарының келесі онжылдықтардағы бағытын айқындап берді. 1974 жылы Кипрде грек әскерилері төңкеріс жасап, «Эносис» жоспарын қайта көтергенде, Түркия бұл жолы ешбір іркілместен әскери интервенция жасады. 1964 жылғы тәжірибе Анкараға халықаралық реакциядан қорықпай, ұлттық мүддені қорғауда дербес кадам жасау қажеттігін көрсетті. Бұл дағдарыс Түркияның көпвекторлы саясатының қалыптасуына, аймақтық держава ретіндегі рөлін күшейтуге, ал АҚШ үшін одақтастармен қарым-қатынастағы шынайы теңгерімнің маңыздылығын түсінуге мүмкіндік берді.

1964 жылғы Кипр дағдарысы - Түркия мен АҚШ арасындағы екінші ірі мүдделер қақтығысы ғана емес, екі елдің одан кейінгі ондаған жылдарға созылған саяси траекториясын анықтаған бетбұрыс кезеңі болды. Бұл оқиға Түркия үшін - ұлттық мүддені бәрінен жоғары қою қажеттігін, әскери және экономикалық тәуелсіздікті нығайту міндетін айқындады. АҚШ үшін - одақтастардың сенімін сақтау үшін олардың мүддесін ескеру керектігін дәлелдеді. НАТО үшін - ұжымдық қауіпсіздік қағидаларының шарттылығын және ішкі келісімнің нәзік теңгерімін көрсетті. Осылайша Кипр дағдарысы Түркия-АҚШ қатынастары тарихындағы ең күрделі кезеңдердің бірі ретінде ғана емес, Түркияның дербес сыртқы саясатының қалыптасуына тікелей ықпал еткен маңызды тарихи оқиға ретінде бағаланады [20].

1964 жылғы Кипр дағдарысы тек Түркия мен АҚШ немесе Греция арасындағы шиеленіс шеңберінде қалмай, БҰҰ алаңында да қызу пікірталас тудырды. БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі бірқатар жедел отырыстар өткізіп, қақтығысты бәсеңдету үшін бейбітшілік миссиясын құру туралы қарар қабылдады. БҰҰ-ның Кипрдегі Бейбітшілік күштері (UNFICYP) аралға енгізіліп, этникалық топтар арасындағы қақтығыстарды бақылауды өз мойнына алды. БҰҰ миссиясы қаншалықты тиімді болса да, Түркия үшін негізгі мәселе – өз азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету еді. Түрік делегациясы халықаралық ұйымның бейтараптылығына күмән келтіріп, грек қауымының үстемдігі жағдайды түбегейлі өзгертпейді деген пікір ұстанды. Бұл көзқарас Түркияның БҰҰ шеңберіндегі көпжақты келіссөздерге абайлап қарауына себеп болды.

Кипрде ірі әскери базалары бар Ұлыбритания да дағдарыстың маңызды акторы болды. Лондон үшін басты мақсат – аралдағы өз әскери инфрақұрылымының қауіпсіздігі және Жерорта теңізіндегі стратегиялық артықшылықты сақтау еді. Британ билігі Түркияның аралға біржақты әскери интервенциясына қарсы шығып, жағдайды дипломатиялық жолмен реттеуді талап етті. Дегенмен Ұлыбритания да АҚШ сияқты нақты бейбіт жоспарын ұсына алмады.

Бұл ұстаным Анкара үшін тағы бір белгі болды. Батыс елдері Түркияның ұлттық қауіпсіздік мүддесін қорғауға келгенде біріккен әрекетке бара бермейді. Кейінірек түрік дипломаттары бұл тәжірибені «Батыс серіктестерінің шектеулі сенімділігі» деп сипаттады. Дағдарыстан кейін Түркия экономикасы мен әскери өнеркәсібін әртараптандыруды стратегиялық мақсатқа айналдырды. АҚШ тарапынан болатын ықтимал санкциялар мен қару-жарақ жеткізілімінің тоқтауы елдің қорғаныс қабілетіне тікелей қауіп төндіретінін түрік саяси элитасы анық түсінді. 1965 жылдан бастап түрік үкіметі ұлттық қорғаныс өнеркәсібін дамытуға бағытталған алғашқы кешенді бағдарламаларды бекітті. Әскери техниканы Еуропаның өзге елдерінен сатып алу және жергілікті өндірісті жолға қою басталды. Бұл үрдіс кейінірек 1970-1980 жылдары Түркияның заманауи әскери-өнеркәсіптік кешенінің қалыптасуына негіз болды.

КСРО Кипр дағдарысын өзінің геосаяси мүдделері үшін тиімді пайдаланды. Мәскеу Түркияны Батыс блоkyнан ішінара алыстату үшін дипломатиялық қолдау білдіріп, экономикалық әріптестікті ұсынды. 1960-шы жылдардың екінші жартысында Түркия мен КСРО арасында бірқатар ірі энергетикалық және өнеркәсіптік жобалар іске қосылды. Бұл кадам Анкараның көпвекторлы саясатының нақты көрінісіне айналды. Сонымен қатар Таяу Шығыстағы өзгерістер де Түркияның сыртқы саясатын күрделендірді. Араб елдері Кипрдегі түрік қауымына қатысты жағдайды жіті бақылап, өз пікірлерін білдірді. Кейбір араб мемлекеттері Түркияның әскери әрекетіне түсіністікпен қараса, енді бірі Батыс елдерінің аралдағы ықпалын шектеуді басты мақсат санады.

Кипр дағдарысы халықаралық қатынастар тарихы мен теориясы тұрғысынан да маңызды үлгі болды. Неоклассикалық реализм тұрғысынан талдағанда, орта деңгейдегі күшке ие мемлекет Түркия - ұлы держава АҚШ-қа толық тәуелді болмай, өзінің ұлттық мүддесін қорғау үшін дербес стратегия ұстануы мүмкін екенін дәлелдеді. Түркия көпвекторлы саясатқа бет бұрып, күш теңдігі қағидатын нақты іске асырды. Сонымен бірге бұл оқиға ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің шектеулігін көрсетті. НАТО шарттары нақты жағдайда автоматты түрде қолданылмауы мүмкін. Бұл тұжырым кейінгі онжылдықтарда альянстың ішкі реформалары мен мүше мемлекеттердің дербес саясат жүргізуіне әсер етті.

1964 жылғы Кипр дағдарысынан кейін Анкара мен Вашингтон арасындағы қарым-қатынас бұрынғыдай сенімді деңгейге қайта оралған жоқ. Түркия бір жағынан НАТО мүшесі ретінде Батыс альянсында қалса да, екінші жағынан ұлттық мүддені бәрінен жоғары қойып, дербес қадамдар жасауға дайын екенін көрсетті. Бұл үрдіс 1974 жылғы Кипрге түрік әскерінің кіруінде айқын байқалды. Анкара бұл жолы ешқандай сыртқы қысымға қарамастан әрекет етіп, 1964 жылғы оқиғалардан сабақ алғанын дәлелдеді. Ал АҚШ Конгресі Түркияға қарсы қару-жарақ эмбаргосын енгізгенімен, Анкара өзінің таңдауын өзгерткен жоқ. Бұл екі ел арасындағы қатынастың жаңа кезеңіне жол ашты.

Жалпы түптеп келгенде, Кипр дағдарысы тек аймақтық этникалық шиеленіс емес, халықаралық қатынастар тарихындағы аймақтық күш тепе-теңдігі мен одақтастықтың шарттылығын көрсеткен аса маңызды дағдарысты бейнелейді. Түркия бұл дағдарыстан кейін ұлттық мүддеге сүйенген, көпвекторлы және дербес сыртқы саясаттың қажеттігін түбегейлі түсінді. АҚШ үшін бұл жағдай одақтастардың сенімін сақтау үшін олардың да мүдделерін ескерудің маңызын дәлелдеп берді, ал НАТО үшін ұжымдық қауіпсіздік кепілдіктерін нығайту мәселесін күн тәртібіне қойды. Тарихи тұрғыдан 1964 жылғы Кипр оқиғасы Түркияның аймақтық держава ретінде қалыптасуына, өз әскери өнеркәсібін дамытуға, ал сыртқы саясатта теңгерімді, әрі прагматикалық бағыт ұстануына тікелей ықпал еткен шешуші белеске айналды.

Талқылау

Тарихи тұрғыдан қырғи қабақ соғысы дәуіріндегі Түркия-АҚШ қатынастарын зерттеген отандық ғалымдар екі елдің XX ғасырдың 60-шы жылдарындағы кезеңнің ерекшелігін жеткілікті деңгейде талдау жасай алмаған деп есептеуге болады. Қырғи қабақ соғысы дәуіріндегі Түркия-АҚШ қатынастары өз ішінде кезеңдерге бөлінбей, екінші дүниежүзілік соғыстан КСРО-ның ыдыраған кезеңіне дейін бір дәуір аясында зерттеліп, Түркия-АҚШ қатынастарындағы дағдарыстар ескерілмей екі елдің одақтастық байланыстарының оң тұстары ғана зерттеу объектісі болып табылған. Бұған қоса отандық зерттеушілер қырғи қабақ соғысы дәуіріндегі Түркия-АҚШ қатынастарын көбінесе ресейлік деректер арқылы бағалап талдаған, түрік ғалымдардың зерттеулері аясында қырғи қабақ соғысы дәуіріндегі Түркия-АҚШ қатынастары дағдарыстар аясында зерттелмеген. Алайда қырғи қабақ соғысы дәуіріндегі Түркия-АҚШ қатынастары әр дайым саяси тұрақтылық шеңберінде өрбімеген. Түрік ғалымдарының деректеріне арқа сүйенетін болсақ, Түркия ұлттық мүддесі қажет еткен жағдайда АҚШ-тың жаһандық күшке ие екендігіне қарамастан қарсылық білдірген және АҚШ ықпалы мен күшін КСРО-мен теңестіруге атсалысқан. Яғни Түркия сыртқы саяси қатынастарын ұлттық мүддені әр дайым жадында ұстап орнатуға белсенділік танытқан.

Түрік ғалымы Ч.Ерхан Түркияның ұлттық қару-жарақ пен әскери техниканы Джонсон хатынан кейін белсенді дамытуға кіріскенін және әскери қауіпсіздік тұрғысынан АҚШ-қа тәуелділіктің кері әсері Кипр дағдарысы аясында байқалғанын тілге тиек етеді [21]. Яғни қырғи қабақ соғысы дәуірінде Түркия мен АҚШ қатынастары әр дайым дағдарыс орын алмай өрбіді деуге келмейді, екі ел апасында түсінбеушіліктер мен дағдарыстар орын алған және бұл дәуірде, яғни 1960-шы жылдары АҚШ-тың Түркияға ұлттық мүддесіне қатысты ұстанған саясатының нәтижесінде Түркияның АҚШ-қа деген сенімсіздігі артты. Негізінде осы жылдан бастап Түркия ашық түрде жария етпесе де, АҚШ-ты сенімді одақтас ретінде мойындаудан бас тартады. Осының нәтижесінде 1980-ші жылға дейін Түркия-АҚШ қатынастары жоғары деңгейде бола қоймаған және одан кейінгі жылдарда АҚШ-тың Түркияның сенімді одақтасы болмайтындығына қатысты жаңа ғылыми еңбектер жарыққа шыққан.

Соның бірі түрік зерттеушісі Түріккая Атаөвтің 1969 жылы жарық көрген «Америка, НАТО және Түркия» атты зерттеу жұмысын атауға болады. Бұдан бөлек АҚШ-тың Түркияға ықпалын жіті зерттеген түрік ғалымы Тамер Коркмазды айтуға негіз бар. Ол өзінің «Анкара-Вашингтон желісі: Америка билігінің соңы» атты еңбегінде АҚШ-тың Түркияның ішкі және сыртқы саясатына ықпалының 1944 жылдан бастау алғандығын және бұл кезеңнен бастап АҚШ мүддесіне қайшы келмейтін елді қалпына келтіру саясаты жүзеге асқандығына баса назар аударады [22]. Қорыта айтқанда АҚШ Түркияның геосаяси салмағын ескеріп, әрдайым АҚШ-тың ықпалында болуы және АҚШ-қа қарсы бағытталған одақтарға кірмеуіне мүдделі болды. Қырғи қабақ соғысы кезеңімен салыстырмалы түрде талдайтын болсақ, қазіргі таңда Түркия мемлекеті тек ұлттық мүддені алға тартып АҚШ-тан тәуелсіз сыртқы саяси қатынастар ұстануды басымдыққа алғанын байқауға болады.

Қорытынды

Қырғи қабақ соғысы дәуірінде Түркия мен АҚШ арасындағы қатынастар бір қалыпты деңгейде қалыптаса қоймағаны белгілі. 1960-шы жылдарда орын алған Кариб және Джонсон хаты дағдарыстары мұның дәлелі болып табылады. Түркия бұл дағдарыс барысында өзінің ұлттық мүддесін алға тартты, алайда соған қарамастан АҚШ-тың басым ықпалға ие ұлы держава екенін ескеріп АҚШ-тың мүддесіне қайшы келетін сыртқы саяси қатынастар орнатудан алшақ тұрды. Себебі Түркия АҚШ-тың басшылығындағы ұйымдарға мүше, әрі АҚШ-тың қаржылай көмегі мен қолдауына ие еді және сыртқы саяси векторы КСРО-ға коммунизмге қарсы бағытталған болатын. Бұған қоса Түркияның геосаяси орналасқан аймағы АҚШ-тың КСРО-ны оқшаулауы және Таяу Шығыстағы саяси мақсаттарын орындауы үшін маңызды болды. Осыны ескере отырып, Түркия үкімет басшылары АҚШ-тың Түркияға КСРО-ның ыдырауына дейін қолдауын тоқтатпайды деген сенімде болды. Алайда АҚШ елі Кариб және Джонсон хаты дағдарыстары мысалында көрсетілгендей қажет болған жағдайда өзінің жеке мүддесін басымдыққа алып, орта деңгейдегі мемлекет одақтасы Түркияның мүддесін ескермеген болатын.

Түркия мен АҚШ арасындағы қатынастарда 1960-шы жылдардың ерекшелігі Түркия бұл жылдары екі ел арасында орын алған дағдарыстар салдарынан АҚШ-қа деген одақтастық сенімінің азайғандығы байқалады. Бұл жағдайға дейінгі кезеңде АҚШ Түркияны КСРО-ға қарсы сыртқы саяси бағытқа итермелеп қаржылай мол көмек көрсеткен. Трумэн доктринасы және Маршалл жоспары мұның негізгі дәлелдері бола алады. Сондықтан Кариб дағдарысына дейін Түркия шенеуніктері АҚШ-тың сенімді әріптес ретінде үнемі Түркияның мүддесін алға тартады деген сенім ұялаған еді. Алайда 1962 жылғы Кариб дағдарысы және 1964 жылғы Джонсон хаты Түркия үкімет басшыларының одақтастық сеніміне үлкен соққы болған. Осы кезеңнен бастап Түркия басшылығы АҚШ-қа одақтасы ретінде арқа сүйеуге болмайтындығына көзі жетіп, өзінің әскери күшін нығайтуға басымдық беру қажеттілігіне баса назар аударды. Сондықтан бұл дәуір сыртқы саяси қатынастары тұрғысынан маңызды кезеңдердің бірі болып табылады. Әрине Түркия 1960-шы жылдардағы әскери күшінің ерекшеліктерін, әрі қалыптасқан халықаралық жүйенің өзгешелігін ескере отырып бір мезетте сыртқы саясатын өзгерте қоймады. Яғни КСРО-ға қарсы бағытталған АҚШ-пен қатынастарын жалғастырған. Алайда АҚШ-тың әлемдегі күшіне қарамастан Түркия өзінің ұлттық мүддесін алға тартқан. Мысалға Түркия өзінің мүддесін басымдыққа алып АҚШ-тың Вьетнамға әскери тұрғыдан араласуына тікелей қарсы шыққан. Қысқасы қырғи қабақ соғысы дәуірінің 1960-шы жылдары Түркия орта деңгейдегі күшке ие мемлекет және АҚШ-тың ұлы державалық мемлекет болуына қарамастан өзінің ұлттық мүдделерін ескеріп, сыртқы саяси қатынастар орнатуға басымдық берген. Бұл саясатты осы кезеңдегі халықаралық жүйенің ерекшеліктерін ескеріп және күш теңдігі стратегиясы мен салмақты саясат аясында іске асырған болатын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Waltz K.N. *Theory of International Politics* / K.N. Waltz. - USA: Addison-Wesley Pub. Co, 1979. – 251 p.
2. Kurban V., Derman G. S. *Türkiye'nin SSCB ve ABD ile ilişkileri* / V. Kurban, G. S. Derman // *Fen Edebiyat Fakültesi Sosyal Bilimler Dergisi SDÜ*. – 2015. - No 15. – 19-46 s.
3. Topçu İ. *Soğuk savaş dönemi Türkiye-Sovyet Rusya ilişkileri ve Türk basını (Stalin'in ölümüne kadar)* / İ.Topçu // *International Journal of Academic Value Studies*. – 2017. - Vol: 3, Issue: 9. - 94-110.
4. Kalkan Y. B. *Uluslararası ilişkiler disiplinde Realist paradigma* / Y. B. Kalkan. – Ankara: Nobel akademik yayıncılık, 2018. – 198 s.
5. Aslan A. *Türk dış politikasını anlamak için kavramsal bir çerçeve: Otonomi arayışı* / Aslan A. – İstanbul: SETA, 2017. – 560 s.
6. Arı T. *Uluslararası ilişkiler teorileri: Çatışma, hegemonya, işbirliği* / T. Arı. – Busra: MKM yayıncılık, 2011. – 572 s.
7. Hale W. *Türk Dış Politikası 1774-2000* / W. Hale. İstanbul: Arkeoloji ve sanat yayınları, 2003. – 414 s.
8. Ernest M.R., Zelikow P.D. *Kennedy Tutanakları ve Türkiye Üzerine Gizli Pazarlıklar* / M.R. Ernest - (Çev. Mehmet Harmancı), İstanbul, 1998. - 161 s.
9. *Cumhuriyet Gazetesi*, 24 Ekim 1962. - 1, 7 s.
10. *Foreign Relations of the United States, 1961-1963, Volume X, Cuba, January 1961–September 1962* / Editor: Louis J. Smith - United States Government Printing Office Washington 1997. - 168 s.
11. Pehlivanoglu A.Ö., *Küba Krizi ve Nükleer Savaş Eşiğinde Türkiye* / A.Ö. Pehlivanoglu - İstanbul, 2003. - 104 s.
12. *Hürriyet Gazetesi*, 10 Kasım 1962. - 1, 4 s.
13. Sever A. *Yeni bulgular ışığında 1962 Küba krizi ve Türkiye* / A.Sever - Ankara Üniversitesi SBF Dergisi, Cilt: 52 Sayı: 01, 1997. - 657 s.
14. İzmir B. *İki müttefik, bir kriz: Türk-Amerikan ilişkilerinde Jüpiter füzeleri krizi* / B.İzmir - HUMANITAS - Uluslararası Sosyal Bilimler Dergisi, Cilt: 5 Sayı: 10, 2017. - 181 s.
15. Başlamışlı M., Çalışkan A. *İngiltere'nin Yakın Doğu politikası dahilinde Kıbrıs'ın İngilizlere devri* / M. Başlamışlı, A. Çalışkan. - İstanbul: İmak ofset yayınları, 2017. – 1328 s.
16. Bal İ. *Türk dış politikası (1960-1980)* / İ. Bal. – Ankara: Yeni Türkiye yayınları, 2002. – 90-109 s.
17. Lyndon B. Johnson & Ismet Inonu, *President Johnson and Prime Minister Inonu: Correspondence between President Johnson and Prime Minister Inonu, June 1964, as Released by the White House, January 15, 1966* / Lyndon B. Johnson & Ismet Inonu // *Middle East Journal*. - 1966. - Vol. 20, No. 3. - 386-393 s.
18. Sönmezoğlu F. *ABD'nin Türkiye Politikası (1964-1980)* / F. Sönmezoğlu. – İstanbul: Der yayınları, 1995. – 171 s.
19. Ekmen B. *Zorlayıcı Diplomasi Bağlamında Küba Füze Krizi'nin Analizi* / B. Ekmen - *The Journal of Diplomatic Research*, Vol. 3 No.1 July 2021. - 101 s.
20. Sander O. *Türk Amerikan İlişkileri, 1947-1964* / O. Sander. – Ankara: A.Ü. Siyasal bilgiler fakültesi yayınları, 1979. – 342 s.
21. Çağrı E. *ABD ve NATO'yla ilişkiler (1945-1960), Türk dış politikası: Kurtuluş savaşından bugüne olgular, belgeler, yorumlar (Cilt 1: 1919- 1980)* / E. Çağrı – İstanbul: İletişim yayınları, 2009. – 681-715 s.
22. Korkmaz T. *Ankara-Washington hattı: Amerikan iktidarının sonu* / T. Korkmaz. - İstanbul: Timaş yayınları, 2007. – 192 s.

References:

1. Waltz, K. N. (1979). *Theory of International Politics*. USA: Addison-Wesley Publication Co.
2. Kurban, V., & Derman, G. S. (2015). *Türkiye'nin SSCB ve ABD ile ilişkileri [Turkey's relations with the USSR and the USA]*. *Fen Edebiyat Fakültesi Sosyal Bilimler Dergisi SDÜ*. No 15. 19-46 [in Turkish].
3. Topçu, İ. (2017). *Soğuk savaş dönemi Türkiye-Sovyet Rusya ilişkileri ve Türk basını (Stalin'in ölümüne kadar) [Cold War Türkiye-Soviet Russia relations and the Turkish press (until Stalin's death)]*. *International Journal of Academic Value Studies*. Vol: 3, Issue: 9. 94-110 [in Turkish].
4. Kalkan, Y. B. (2018). *Uluslararası ilişkiler disiplininde Realist paradigma [Realist paradigm in the discipline of international relations]*. Ankara: Nobel akademik yayıncılık [in Turkish].
5. Aslan, A. (2017). *Türk dış politikasını anlamak için kavramsal bir çerçeve: Otonomi arayışı [A conceptual framework for understanding Turkish foreign policy: The quest for autonomy]*. İstanbul: SETA [in Turkish].
6. Arı T. (2011). *Uluslararası ilişkiler teorileri: Çatışma, hegemonya, işbirliği [International relations theories: Conflict, hegemony, cooperation]*. Busra: MKM yayıncılık. [in Turkish].
7. Hale, W. (2003) *Türk Dış Politikası 1774-2000 [Turkish Foreign Policy 1774-2000]*. İstanbul: Arkeoloji ve sanat yayınları. [in Turkish].
8. Ernest M.R., Zelikow P.D. (1998) *Kennedy Tutanakları ve Türkiye Üzerine Gizli Pazarlıklar / M.R. Ernest - (Çev. Mehmet Harmanlı), İstanbul, 1998. [in Turkish]*.
9. Cumhuriyet Gazetesi (1962) 24 Ekim. [in Turkish].
10. *Foreign Relations of the United States, 1961-1963, Volume X, Cuba, January 1961-September 1962 (1997) Editor: Louis J. Smith - United States Government Printing Office Washington.*
11. Pehlivanoglu A.Ö. (2003) *Küba Krizi ve Nükleer Savaş Eşiğinde Türkiye [The Cuban Crisis and Türkiye on the Brink of Nuclear War]*. İstanbul. [in Turkish].
12. Hürriyet Gazetesi (1962), 10 Kasım. [in Turkish].
13. Sever A. (1997) *Yeni bulgular ışığında 1962 Küba krizi ve Türkiye [The 1962 Cuban Crisis and Türkiye in Light of New Findings]*. Ankara Üniversitesi SBF Dergisi, Cilt: 52 Sayı: 01. [in Turkish].
14. İzmir B. (2017) *İki müttefik, bir kriz: Türk-Amerikan ilişkilerinde Jüpiter füzeleri krizi [Two allies, one crisis: The Jupiter missile crisis in Turkish-American relations]*. HUMANITAS - Uluslararası Sosyal Bilimler Dergisi, Cilt: 5 Sayı: 10. [in Turkish].
15. Başlamışlı, M., & Çalışkan, A. (2017). *İngiltere'nin Yakın Doğu politikası dahilinde Kıbrıs'ın İngilizlere devri [The transfer of Cyprus to the British within the scope of Britain's Near East policy]*. İstanbul: İmak ofset yayınları. [in Turkish].
16. Bal, İ. (2002). *Türk dış politikası (1960-1980) [Turkish foreign policy (1960-1980)]*. Ankara: Yeni Türkiye yayınları. [in Turkish].
17. Sönmezoğlu, F. (1995). *ABD'nin Türkiye Politikası (1964-1980) [US Policy Towards Türkiye (1964-1980)]*. İstanbul: Der yayınları. [in Turkish].
18. Lyndon B. Johnson & Ismet Inonu, (1966). *President Johnson and Prime Minister Inonu: Correspondence between President Johnson and Prime Minister Inonu, June 1964, as Released by the White House, January 15, 1966. Middle East Journal*. Vol. 20, No. 3. 386-393
19. Ekmen B. (2021). *Zorlayıcı Diplomasi Bağlamında Küba Füze Krizi'nin Analizi [The Analysis Of The Cuban Missile Crisis In The Context Of Coercive Diplomacy]*. *The Journal of Diplomatic Research*, Vol. 3 No.1 July 2021. [in Turkish].
20. Sander, O. (1979). *Türk Amerikan İlişkileri, 1947-1964 [Turkish-American Relations, 1947-1964]*. Ankara: A.Ü. Siyasal bilgiler fakültesi yayınları. [in Turkish].
21. Çağrı, E. (2009). *ABD ve NATO'yla ilişkiler (1945-1960), Türk dış politikası: Kurtuluş savaşından bugüne olgular, belgeler, yorumlar (Cilt 1: 1919- 1980) [Relations with the USA and NATO (1945-1960), Turkish foreign policy: facts, documents, comments from the War of Independence to today (Volume 1: 1919- 1980)]*. İstanbul: İletişim yayınları. [in Turkish].
22. Korkmaz, T. (2007). *Ankara-Washington hattı: Amerikan iktidarının sonu [Ankara-Washington line: the end of American power]*. İstanbul: Timaş yayınları. [in Turkish].

FTAXP/ MPHTI / IRSTI: (21.31.41)

ӘӨЖ/УДК/ UDC 94(574) 7

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2025.87.4.009>

Erkinbek Daken^{ID*1}, T.Kydyr^{ID2}

¹ PhD student, Department of Islamic Studies, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: eraltai420@gmail.com

² Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Director of the Republican Islamic Research Institute under the Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan (SAMK), Almaty, Kazakhstan.

E-mail: qydyr.torali@gmail.com

INTEGRATING SHARIA NORMS INTO THE LEGAL SYSTEM DURING THE MAMLUK-KIPCHAK ERA

Abstract

During the Mamluk-Kipchak period, the Mamluks' ascendancy in Egypt led to profound transformations in the medieval Islamic realm. Their dominion, spanning three centuries, saw them rise to sultans and exert significant influence over societal structures and legal principles by implementing the Islamic legal system. The primary objective of this scholarly investigation is to scrutinize the position of Sharia principles within the legal framework during the Mamluk-Kipchak period, alongside elucidating their societal function. The research also endeavors to elucidate the impact of the Hanafi madhhab on Sharia-related matters by concentrating on the legal dilemmas addressed in the text "Irshad al-Muluk wa-Salatīn". Furthermore, it aims to clarify how Sharia principles informed medieval legal structures and their relevance for modern Islamic legal studies. Various methodologies were employed, including normative-legal, empirical, comparative legal, theoretical, contextual, source-based, analytical, and selective techniques. The study involved an in-depth examination of the legal dimensions of the treatise "Irshad al-Muluk wa-Salatīn" and its role in the legal framework. The methodologies of Ijma' (consensus) and Qiyas (analogy) played pivotal roles in promulgating legal rulings, addressing public concerns, economic relations, and promoting social equity.

Keywords: Mamluk-Kipchaks, Sharia, legal system, Hanafi madhhab, fiqh, legal regulation, legal system.

Еркінбек Дакен^{ID*1}, Т.Қыдыр^{ID2}

¹ Докторант Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак, г. Алматы, Казахстан.

E-mail: eraltai420@gmail.com

² кандидат филологических наук, доцент, директор Республиканского Исламского научно-исследовательского института при Духовном управлении мусульман Казахстана (ДУМК), г. Алматы, Казахстан.

E-mail: qydyr.torali@gmail.com

ИНТЕГРАЦИЯ НОРМ ШАРИАТА В ПРАВОВУЮ СИСТЕМУ В МАМЛЮКСКО-КЫПЧАКСКИЙ ПЕРИОД

Аннотация

В период мамлюкско-кипчакской эпохи возвышение мамлюков в Египте стало фактором, который привёл к глубоким преобразованиям в средневековом исламском мире. Их власть,

продолжавшаяся около трёх столетий, ознаменовалась переходом от статуса военной касты к положению султанов, что позволило им оказывать значительное влияние на общественные структуры, правовые институты и формирование норм поведения через внедрение исламской правовой системы. Основная цель данного исследования заключается в тщательном анализе места шариатских принципов в правовом механизме того времени, а также в выявлении их социальной функции. Дополнительное внимание уделяется влиянию ханафитского мазхаба на решение правовых вопросов, особенно на тех, что рассмотрены в трактате «Иршад ал-Мулук ва-Салатин». Кроме того, исследование направлено на то, чтобы показать, каким образом шариатские нормы определяли особенности средневековых правовых структур и насколько они актуальны для современной исламской юридической науки. Работа основывается на разнообразных методах – нормативно-правовом, эмпирическом, сравнительном, теоретическом, контекстуальном и аналитическом. Особое место занимают такие инструменты исламской юриспруденции, как ижма (консенсус) и кияс (аналогия), сыгравшие важную роль в вынесении правовых решений, урегулировании общественных и экономических вопросов, а также укреплении социальной справедливости.

Ключевые слова: мамлюки-кыпчаки, шариат, правовая система, ханафитский мазхаб, фикх, правовое регулирование, юриспруденция.

Еркинбек Дәкен^{ID}*1, Т.Қыдыр^{ID}2

*¹Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің докторанты,
Алматы қ., Қазақстан
E-mail: eraltai420@gmail.com*

*² Филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақстан мұсылмандары діни
басқармасы (ҚМДБ) жанындағы Республикалық ислам ғылыми-зерттеу институтының
директоры, Алматы қ., Қазақстан.
E-mail: qydyr.torali@gmail.com*

МӘМЛҮК-ҚЫПШАҚ ДӘУІРІНДЕ ШАРИҒАТ НОРМАЛАРЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕГЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ

Аңдатпа

Мәмлүк–қыпшақ кезеңінде Мысырда билік басына келген мәмлүктердің өрлеуі ортағасырлық ислам кеңістігінде терең саяси әрі құқықтық өзгерістерге себеп болды. Үш ғасырға жуық уақытқа созылған олардың үстемдігі барысында мәмлүктер сұлтандық мәртебеге көтеріліп, шариғатқа негізделген құқықтық жүйені мемлекеттік деңгейде орнықтыру арқылы қоғамның әлеуметтік құрылымына, басқару тетіктеріне және құқықтық қағидаттарына айтарлықтай ықпал етті. Осы зерттеудің басты мақсаты – аталған дәуірдегі құқықтық жүйеде шариғат нормаларының алатын орнын кеңінен ашып көрсету, олардың қоғамдық қатынастарды реттеудегі қызметін айқындау. Сонымен бірге «Иршад ал-Мулук ва-Салатин» атты трактатта көтерілген құқықтық мәселелерді талдай отырып, шариғаттық істерде ханафи мәзһабының ықпалын көрсету көзделеді. Зерттеу жұмысы шариғат қағидаттарының ортағасырлық құқықтық құрылымдарды қалыптастырудағы тарихи рөлін, сондай-ақ қазіргі ислам құқықтануындағы өзектілігін түсіндіруге бағытталған. Бұл мақсатта нормалық-құқықтық, салыстырмалы, контекстуалдық, эмпирикалық, теориялық, дереккөздік және талдамалық әдістер кешенді түрде қолданылды. «Иршад ал-Мулук ва-Салатин» шығармасының құқықтық мазмұны жан-жақты сараланып, онда пайдаланылған ижма (келісім) мен кияс (аналогия) тәсілдерінің үкім шығару, қоғамдық мәселелерді реттеу, экономикалық қатынастарды үйлестіру және әлеуметтік әділдікті қамтамасыз етудегі шешуші орны ерекше атап өтілді.

Түйін сөздер: мәмлүк-қыпшақтар, шариғат, құқықтық жүйе, ханафи мәзһабы, фикх, құқықтық реттеу, юриспруденция.

Introduction

The incorporation of Islam by the Turkic populations and the establishment of the Islamic legal framework engendered profound transformations within the medieval Islamic realm. This phenomenon was distinctly observable during the Mamluk-Kipchak epoch, a period characterized by the Mamluks' dominion over Egypt for a duration of three centuries. The Mamluks, who ascended to the status of sultans via their pursuit of autonomy, exerted considerable influence over the development of societal structures and legal principles within the nation by implementing the Islamic legal system. The robust affiliations between the Mamluks and the Golden Horde, coupled with their mutual religious tenets, facilitated the endorsement of the Hanafi madhhab of Islamic jurisprudence. Crucial elements substantiating this historical context encompass the progressive alterations in the religious and legal frameworks ensuing the Mamluks' rise to prominence [1].

The Mamluk sultans who presided over Egypt actively endorsed the Hanafi madhhab and extensively implemented the legal principles of Sharia. Prior to the ascendance of the Mamluks, Egypt was governed by the Fatimid dynasty, which adhered to the Shia tradition. Nonetheless, with the Mamluks' accession to power, comprehensive interactions with the territories of the Kipchaks were established, leading to a significant proliferation of the Hanafi madhhab's influence within Egypt. Consequently, the legal framework of the Hanafi madhhab began to assert its position not merely as a religious doctrine but also as a foundational component of the state's legal apparatus. The Mamluk sultans' patronage of religious scholarship and their pervasive enforcement of Sharia legal precepts were manifested across all dimensions of state affairs. A salient illustration of this is the composition of the treatise "Irshad al-Muluk wa-Salatīn," which serves as an invaluable resource elucidating the role of Sharia norms and the Hanafi madhhab within the realms of state administration, legislative processes, and judicial adjudications [2].

11. Erdem, Hamit, *1920 Yılı ve Sol Muhalefet (Yeşil Ordu Cemiyeti, (Hafî) - gizli - Türkiye Komünist Partisi, Türkiye Halk İştirakiyun Fırkası, (Resmî) Türkiye Komünist Fırkası)*. İstanbul. Sel Yayıncılık, 2010, s. 140-146.
12. ГАРФ, Фонд 5402. Опись 2. Дело 25. Лист 108.

13. ГАРФ, Фонд 5402. Опись 1. Дело 537. Лист 20.
14. ГАРФ, Фонд 5402. Опись 1. Дело 537. Лист 21.
15. ГАРФ, Фонд 5402. Опись 1. Дело 537. Лист 25.
16. ГАРФ, Фонд 5402. Опись 2. Дело 25. Лист 109.
17. ГАРФ, Фонд 5402. Опись 1. Дело 537. Лист 30.
18. ГАРФ, Фонд 5402. Опись 1. Дело 537. Лист 31.
19. ГАРФ, Фонд 5402. Опись 1. Дело 543. Лист 1.
20. ГАРФ, Фонд 5402. Опись 1. Дело 543. Лист 2.
21. ГАРФ, Фонд 5402. Опись 1. Дело 543. Лист 2 оборот.
22. ГАРФ, Фонд 5402. Опись 1. Дело 543. Лист 3.
23. ГАРФ, Фонд 5402. Опись 1. Дело 543. Лист 4.
24. ГАРФ, Фонд 5402. Опись 1. Дело 543. Лист 5
25. ГАРФ, Фонд 5402. Опись 1. Дело 543. Лист 8
26. ГАРФ, Фонд 5402. Опись 1. Дело 543. Лист 11-12.
27. ГАРФ, Фонд 5402. Опись 1. Дело 543. Лист 9-10.

**САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТАРИХ
ПОЛИТИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ ИСТОРИЯ
POLITICAL AND SOCIAL HISTORY**

ҒТАХР/ МРНТИ / IRSTI:03.20.00

ӘӨЖ/УДК/ UDC: 94 (574) 71

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2025.87.4.011>

Джакипова Т.У. *¹ Болатова Қ.Б.  ²

¹ тарих магистрі, КеАҚ «Семей Медицина Университеті», Семей, Қазақстан.
E.mail: tdzhakipova@mail.ru

² т.ғ.к., Alikhan Bokeikhan Universiti, Семей, Қазақстан
E.mail: kalamkas_17_81@mail.ru

**ШЫҒЫС АЙМАҚҚА ДЕПОРТАЦИЯЛАНҒАН ХАЛЫҚТАРДЫҢ САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ (1940-1955 ЖЖ.)**

Аннотация

Бұл мақалада шығыс өңірге өзге елдерден жер аударылып келген неміс, шешен, ингуш өкілдерінің әлеуметтік-тұрмыс жағдайы туралы баяндалады. Жер аударылған халықтар үкімет тарапынан бақылауда болды. Кәмелетке толмаған балалар ауыр еңбекке мәжбүрленді. Кейбір қоныстанушылар жұмыс таба алмай, күнкөріссіз қалды. Қаралып отырған кезең негізінен екінші дүниежүзілік соғыс және соғыстан кейінгі кезең болуы себепті жер аударылып келгендерді үкімет тарапынан да жиі тексеріліп, жауапқа алып отырды. Мұрағат құжаттарында өзге ұлт өкілдерінің жүріп-тұруы, қайтыс болған жағдайда неден қайтыс болғандығы да жазылып, бақыланып отырғандығы көрсетілді. Жер аударылып келгендер еңбек армиясына да тартылып, ал одан қашқандар қатаң түрде жазаланды. 1940 жылдың басында Қазақстанның Шығыс өңіріне келген қоныстанушылардың еңбек коллонналарына жұмысшыларды еңбекке тарту мақсатында істер барынша жүйелі орындалып тұрды. Қызмет барысында жұмысшылардың еңбек жалақылары берілмеді, қоныс аударып келген қоныстанушылардың тұрғылықты жері болмады, азық-түлік жетіспеушілігі туралы да осы тақырыпта қарастырылды. Өзге елден келіп қоныстанған халықтарды НКВД-дан тексеру жиі болып, оларды кейбір жағдайда тыңшы деп те айыпталған деректер бар. Сол себепті колхоз, совхоз басшылары олардың келіп орналасып, жұмыс жасауына да қарсы болып тұрды. Сондай-ақ өзге елден келген қоныстанушыларда дұрыс жағдайдың жасалмауы себепті жұқпалы аурулармен ауырып, көп жағдайда үй жайларының болмағандығы туралы да деректер ұсынылды.

Кілт сөздер: халық; депортация; аудан; қоныс; облыс; колхоз; қоныс аударушы; мигранттар; Шығыс Қазақстан; ұлт өкілдері.

Джакипова Т.У.¹, Болатова К.Б.²

¹*магистр истории, НАО МУС «Медицинский университет Семей»
E.mail: tdzhakipova@mail.ru*

²*к.и.н., Alikhan Bokeikhan Universiti, Семей, Казакстан
E.mail: kalamkas_17_81@mail.ru*

ПОЛИТИЧЕСКОЕ, СОЦИАЛЬНОЕ ПОЛОЖЕНИЕ ДЕПОРТИРОВАННЫХ В ВОСТОЧНЫЙ РЕГИОН НАРОДОВ (1940-1955 ГГ.)

Аннотация

В этой статье рассказывается о социально-бытовых условиях немецких, чеченских, ингушских представителей, эмигрировавших в Восточный регион из других стран. Высланные представители других национальностей испытывали давление со стороны правительства. Трудоустроенные граждане не выдержали тяжелой работы, а несовершеннолетние были вовлечены в тяжелую работу, в некоторых случаях из-за нехватки рабочей силы для переселенцев из других стран остались без работы, без средств к существованию. Поскольку этот рассматриваемый период был в основном периодом Второй мировой войны и послевоенным периодом, депортированных часто проверяли и привлекали к ответственности со стороны правительства. В архивных документах зафиксировано и отслеживается передвижение представителей других национальностей, от чего они умерли в случае смерти. Депортированные были призваны в трудовую армию, а бежавшие из нее были строго наказаны.

В начале 1940-х годов в целях привлечения рабочих к трудовым колоннам переселенцев, прибывших в Восточный регион Казахстана, работа велась более системно. В ходе службы работникам не выдавалась заработная плата, переселенцы не имели постоянного места жительства, по этой же теме обсуждались проблемы нехватки продовольствия. Есть данные, что из НКВД часто проверяют переселенцев, которых в некоторых случаях обвиняют в шпионаже. Поэтому руководители колхозов, совхозов выступали против их приезда и работы. Также были представлены данные о том, что переселенцы, прибывшие из других стран, страдают инфекционными заболеваниями из-за отсутствия надомных помещений.

Ключевые слова: население, депортация, район, поселение, область, колхоз, переселенец, мигранты, Восточный Казахстан, представители нации.

T.U. Dzhakipova¹, B.K. Bolatova²

¹ *Master of History, NSJSC «Semey Medical University», Semey, Kazakhstan
E.mail: tdzhakipova@mail.ru*

² *Candidate of Historical Sciences, Alikhan Bokeikhan Universiti, Semey, Kazakhstan
E.mail: kalamkas_17_81@mail.ru*

POLITICAL AND SOCIAL SITUATION OF PEOPLE DEPORTED TO THE EASTERN REGION (1940-1955)

Annotation

This article describes the social and living conditions of Germans, Chechens and Ingush deported to the eastern region. The deportees were under pressure from the government. Involved citizens fled the hard work, and minors were forced to work hard, and in some cases lost their livelihoods due to a lack of labor for immigrants from other countries. This period was mainly the period of World War II and the post-war period, so the deportations were frequently investigated and prosecuted by the government. The archival documents show that the movement of people of other ethnicities is

recorded and monitored in the event of death. The deportees were drafted into the labor army, and those who fled were severely punished. In the early 1940s, in order to attract workers to the labor convoys of settlers who came to the Eastern region of Kazakhstan, the work was carried out as systematically as possible. During the service, the workers were not paid, the settlers did not have a place to live, and food shortages were addressed. Immigrants from other countries were frequently investigated by the NKVD, and in some cases accused of spying. That is why the leaders of the collective and state farms were against their arrival and work. There were also reports that settlers from other countries became ill with infectious diseases due to the lack of conditions, and in many cases were homeless.

Keywords: population; deportation; district; settlement; region; collective farm; migrant; migrants; East Kazakhstan; representatives of ethnicities.

Кіріспе: Кеңестік жүйенің алғашқы күнінен өзге ұлттарды қазақ жеріне қоныстандыру үдерісі үлкен қарқынмен жүргізілді. Бұл елдегі демографиялық өсімге тікелей әсер етті. Жалпы Қазақстанға өзге этностардың көшіп келуі саяси жағдайларға байланысты туындады. Индустрияландырудың, ұжымдастырудың, тәркілеудің, колхоздастырудың және тағы басқа ішкі саяси науқандары мен сыртқы жағдайларға орай орналастырумен қатар ұлттық құрамдағы айырмашылықтарға алып келді. Басқа этностардың Қазақстанға кеңестік кезеңде келуін демографтар республикада жүргізіліп жатқан түрлі саяси науқандармен байланыстырды. Әсіресе саяси науқандар, ірі өнеркәсіптік құрылысын салу кезінде көптеп келгендігі айтылып, соның салдарынан үлкен тарихи өзгерістер орын алды.

Жұмыстың негізгі міндеті депортация жылдарындағы Шығыс Қазақстан өңіріндегі этностардың хал-ахуалын айқындау, екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы өңірдегі этнодемографиялық даму процесін ашу.

Шығыс Қазақстан облысындағы өзге ұлттардың келуі, орналасу мен әлеуметтік жағдайлары, өсу барысы, пайыздық тұрақтануын кешенді түрде қарастыру тақырыптың өзектілігі болып табылады. Осы негізде біз, Шығыс өңірдегі этностардың хал-ахуалын, демографияға, мәдени салаға қосқан үлесін тарихи тұрғыда нақтылауға тырысамыз.

Материалдар мен әдістер: Демографтардың жұмыстары мен мұрағаттық құжаттар зерттеліп отырған кезеңнің этнодемографиялық процестер, халықтың жасы, жынысы, ұлттық және әлеуметтік құрылымының өзгеру тарихы туралы түсінік берді. Авторлар көрсетілген жылдары республикаға шетелден келетін басқа этностардың ағынын, олардың ықпалын, Қазақстанның демографиялық ахуалының өзгеруіне және соның салдарынан этнодемографиялық даму үрдістерін талдауға алады. Ол саяси оқиғаларға, осы кезеңдегі Қазақстан халқының көпжоспарлы өзгерістеріне әсер еткен оқиғаларға тоқталды.

К.Алдажұмановтың еңбегінде депортация туралы, соның ішінде немістерді жұмысшы армиясына тартудағы ілгерілеу туралы айтты. Одан кейін этникалық депортация және арнайы қоныстарды жұмысқа мәжбүрлеп тарту мәселелері, Қазақстандағы депортация саясатының барысы, мәжбүрлеп қоныс аудару тәжірибесі, арнайы қоныстардың Қазақстанның әлеуметтік-экономикасына қосқан үлесі, олардың тұрмыс жағдайы да қаралды.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстанға жіберілген арнайы қоныстанушылар мәселесі Б.Жангуттин мен М.Қалыбекованың бірлесе жазған еңбектеріне арқау болды. Л.А.Бургарттың «Немцы в Восточном Казахстане: (депортация и жизнь в условиях режима спецпереселения (1941-1956 гг.))» деген еңбегінде Шығыс Қазақстандағы неміс депортациясы туралы мәліметтер ғылыми еңбегінде жан-жақты айтылды.

Қазақстандағы этнодемография мәселесін ашу кезінде кеңестік құрылысқа қатысты зерттеулерді қарастыруға болады. А.Н. Нүсіпбекова, М.Х. Асылбекова, С.Б. Нұрмұхамедова, Б.Н. Әбішева, Н.Г. Пан және т.б. жұмыстарында, сондай-ақ Қазақстандағы этнодемографиялық процестерді қалыптастыратын жекелеген статистикалық және мұрағаттық көлемді материалдар осы зерттеушілердің еңбектерінде бар.

1940-55 жылдар аралығында Қазақстанда маңызды этнодемографиялық өзгерістер орын алды. Бұл кезеңде екінші дүниежүзілік соғыс және соғыстан кейінгі жылдардағы көші-қон процестері халықтың ұлттық құрамына елеулі әсер етті.

М.А. Асылбеков және А.Құдайбергенова «Қазақстан халқының әлеуметтік-демографиялық жағдайы (1939-1959 жж)» атты еңбегінде 1939-59 жж. аралығындағы этнодемографиялық процестерді, халықтың жастық, жыныстық, ұлтық және әлеуметтік құрамындағы өзгерістерді талдаған. Т.Ә. Әпендиев «1945-55 жж. Қазақстандағы ауыл халқының демографиялық жағдайы» мақаласында екінші дүниежүзілік соғыс жылдары мен одан кейінгі кезеңдегі көші-қон процестері нәтижесінде ауыл халқының саны мен құрамындағы өзгерістерді зерттеген.

Соңғы жылдары аталған тақырып бойынша отандық зерттеушілердің бірқатар іргелі еңбектері жарық көрді:

Қазіргі заман зерттеушілері М.Қ. Қозыбаев Қазақстандағы демографиялық процестерді зерттеуге елеулі үлес қосқан. Оның еңбектерінде көші-қон процестері, халықтың ұлттық құрамы және әлеуметтік құрылымы мәселелері талданған. С. Айымбетов, Л.Т. Қожакеева, А.И. Құдайбергенова сияқты зерттеушілер өздерінің диссертацияларында Қазақстан халқының құрамындағы өзгерістерді зерттеген. М.Қойгелдиев 1922 жылы жарық көрген «Алаш қозғалысы: тарихы мен тағдыры» атты еңбегінде Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін және депортациялық саясаттың тарихи мәні мен зардаптарын нақты архивтік құжаттар арқылы талдайды. Т.Ж. Есіркепов 2021 жылы жазған «Кеңестік депортациялық саясат және қазақ даласы» еңбектерінде Шығыс Қазақстанға қоныстанған халықтардың әлеуметтік адаптация процесін жан-жақты қарастырады. Л.Н. Смирнова 2020 жылы жазған «Этническая память и адаптация депортированных народов в Казахстане» деген жұмысы депортацияланған халықтардың тарихи жад пен этномәдени бейімделу мәселелерін зерттейді. Бұл авторлардың еңбектері мәселені заманауи гуманитарлық әдістермен тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Талқылау: Бұл мақала ғылыми жетекшімен бірлесе отырып A.Bokeihan University тарих және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедра отырысында талқыланып, баспаға ұсынылды.

Мақала жұмысының мақсаты халық саны динамикасына талдай отырып, табиғи өсім мен ұлттық құрамдағы өзгерістердің зерттелу деңгейін қарастыру, көші-қондық процестердің себептері мен нәтижелерінің тарихнамасына талдау жасап, XX ғасырдағы Қазақстан халқының этно-демографиялық дамуы мәселелерінің тарихнамасын терең және кешенді түрде зерттеу болып табылады. Сол себепті Шығыс өңірі тарихын жеке алып зерттеп, өңірдегі демографиялық жағдайдың себебін қарастыру.

Шығыс Қазақстан облысындағы этностардың депортацияланған өзге ұлт өкілдерінің әлеуметтік жағдайы және көрсетілген кезеңдегі этнодемографиялық дамуымен олардың тұрмыс-жағдайы, республиканың мәдени шараларын жүзеге асыудағы орны мен рөлі жан-жақты сараланды.

1940-1955 жылдар аралығында Қазақстанның шығыс аймағына күштеп қоныс аударылған халықтардың саяси құқықтары мен әлеуметтік мәртебесінің нақты тарихи жағдайлары жан-жақты талданды.

Депортацияланған этностардың саяси шектеулері (арнайы қоныстанушылар мәртебесі, қозғалыс еркіндігінің шектелуі, еңбек міндеткерліктері) мен әлеуметтік тұрмысы (жұмысқа орналасу, білім алу, медициналық көмек алу жағдайлары) архивтік құжаттар мен жаңа дереккөздер негізінде жүйелі түрде зерттелді.

Шығыс аймақ ерекшеліктері (географиялық, экономикалық, демографиялық) контекстінде депортацияланған халықтардың интеграциялану және бейімделу үдерісінің ерекшеліктері алғаш рет аймақтық деңгейде көрсетілді.

Зерттеу барысында депортация саясатының ұлттық бірегейлікке, отбасылық құрылымға және этномәдени дамуға тигізген әсері айқындалды.

Бұрын ғылыми айналымға енген мұрағат материалдары, естеліктер және жергілікті деректерді пайдалану арқылы тарихи шынайылықтың жаңа аспектілері ашылды.

Нәтижесі: Зерттеушілердің еңбектерін негізге ала отырып зерттеліп отырған кезеңдегі ұлттардың үлес салмағы нақтыланды.

1940-1955 жылдары Қазақстанның шығыс аймақтарына әртүрлі ұлт өкілдерінің (немістер, шешендер, ингуштар, кәрістер, балқарлар, түріктер, қарашайлар және т.б.) жаппай депортацияланғаны анықталды.

Депортацияланған халықтардың саяси құқықтары айтарлықтай шектелгені дәлелденді: арнайы қоныстанушылар ретінде олардың еркін қозғалысына, еңбек таңдауына, қоғамдық-саяси өмірге қатысуына тыйым салынған.

Әлеуметтік жағдайлары ауыр болғаны анықталды: азық-түлік тапшылығы, тұрмыстық қиындықтар, медициналық қызметтердің жетіспеуі сияқты проблемалар кең таралған. Дегенмен, жергілікті қазақ және басқа халықтармен өзара байланыс орнату, ортақ еңбек ету арқылы біртіндеп бейімделу үдерісі жүргені байқалды.

Депортацияланған этностардың мәдениет, білім беру және шаруашылық салаларындағы үлесі Шығыс аймақтың дамуына өзіндік ықпал еткені айқындалды.

1940 жылдар Шығыс Қазақстан үшін ауыр әрі өзгерістерге толы кезең болды. Бұл кезеңді 1945 жылға дейін және 1946 жылдан кейін деп екі топқа бөліп қарастыруға болады. КСРО НКВД (КСРО ішкі істер халық комиссариаты) ГЭУ 6-бөлімі бастығының баяндамасында, мемлекеттік қауіпсіздік капитаны Безруков, КСРО ішкі істер халық комиссары, 1-дәрежелі мемлекеттік қауіпсіздік комиссары Л.П. Берия, КСР Одағының 1940 жылғы 10 сәуірдегі №497-178 қаулысы негізінде, Украинаның батыс облыстарынан және Белоруссияда 60 667 (басқа деректер бойынша 61 092 адам) адам Қазақ КСР-на қоныс аударуға жіберілді.

Бұлар қуғын-сүргінге ұшыраған, Польша армиясының бұрынғы офицерлерінің, түрмеден босатылған полиция қызметкерлерінің, Польша үкіметтік аппаратының бұрынғы шенеуніктердің, жер иелерінің, өндірушілердің отбасылары болды. Депортацияланған деректер Қазақстанның Ақтөбе, Ақмола, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Семей облыстарында орналастырылған. Олардың 36 729-ы колхоздарда, 17 923-і совхоздарда, 8000-ы түрлі өнеркәсіп кәсіпорындарының жұмысшы кенттерінде орналасқан [1,496].

Тарихшы Д.Аманжолованың деректері бойынша 1940 жылы Украинадан - 6826, Беларусьтан - 216, татар АКСР-нан - 910, Шуваштан - 937, Мордван - 766, Воронеж облысынан - 1223, Курскіден - 1002, Тамбовтан - 318, Рязаньнан - 755 шарушылық келсе, ал басқа жерлерден - 351 шаруашылық келген екен. Олар келе сала бірден жұмысқа кірісіп кетті. Көпшілігі фермерлік комбайндар, механизаторлар, тракторшылар, слесарьлар, бухгалтерлер, бригадирлер еді. [2,346].

Кеңшарлар мен колхоздар, өнеркәсіп кәсіпорындары мен мемлекеттік мекемелер КСРО-ның шекара маңындағы аймақтарынан әкелінген басқа ұлттардың өкілдерімен бірге совхоздар мен колхоздарға орналасты. Эвакуацияланған және депортацияланған адамдарды орналастыруда үлкен қиындықтар туындады, себебі колхоздар мен совхоздар оларды қабылдауға дайын емес еді, келген көптеген қоныстанушылар жұмыссыз қалды. Мысалы Жаңа Семей ауданында алты дәрігер, екі аграном, қырық тігінші, бірнеше механизатор, техник және дәнекерлеуші, он бес қуыршақ шебері, екі бағбан болды, бірақ олардың біреуі ғана дәнекерлеуші ретінде жұмыс жасап, қалғандарына мамандығы бойынша жұмыс істеуге тыйым салынды [3, 125п].

Барлық ауыл шаруашылығы өнімдері майданға жіберілгендіктен, ауылда азық-түлік жетіспеді. Үкіметте мұндай жағдайлар барысында көптеген мәселелер туындап, иммигранттарға жау ретінде қарады. Семей облысындағы «Қаракөл» совхозының директоры Исмаилов оларға жұмыс берудің орнына: «НКВД оларды әкелді, енді олар тамақпен қамтамасыз етіп, жұмыс тауып, оларға үй салсын», - деді [3,126б].

Барлық депортацияланғандар НКВД-ға біртіндеп есеп беріп, қадағаланып отырды. Қадағалауға алынғандарға арнайы іс ашылып, олар туралы ақпарат жазылды. Іс барысында қашу күні, жылы немесе қайтыс болған жағдайда себебі көрсетілді. Тіркеуде тұрғандарға өзен жағалауында және теміржол бойында тұруға тыйым салынды.

КСРО НКВД ауылының ГУЛАГ (Еңбекпен түзеу лагерлері) еңбек бөлімінің бастығы М.В. Конрадовтың түсіндіруі бойынша 1940 жылдың шілдесінде Қазақ КСР ОК-нің шешімімен 1937-1938 жылдары Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласында 2737 адам көшірілді. Глубокое ауылынан «Алтайқұрылыс» және Ертістің мыс балқыту зауытына 1369 адам жіберілді [3,616].

Депортацияланғандар еңбек армиясына шақырылды. КСРО НКВД деректері бойынша 1941 жылғы 9 қаңтарда КСРО прокуроры Еңбек армиясынан қашқандарды қатаң сот құзырында болуын бұйырды [3, 63-656].

Өзге ұлт өкілдерінің жұмысқа келуі туралы мәселе Мемлекеттік қорғаныс комитетінің 1942 жылғы 10 қаңтардағы қаулысымен жүзеге асырылды. Семей облысының Үржар, Аягөз, Көкпекті, Қалбатау, Шар, Бородулиха, Жаңа Шүлбі, Жаңа Семей аудандарына келген немістерді жұмысқа орналастыру тіркеу мен медициналық тексеруден басталды. Белағаш, Жарма, Аягөз аудандарында неміс ұлты өкілдерінің есебінен колонна да құрған.

Семей қаласының Ленин, Октябрь және Калинин аудандарының әскери коменданттарына 17-50 жас аралығындағы неміс өкілдерінен еңбек колоннасын құру үшін әскери қызметке шақыруды бұйырды [4,41п]. Халық қорғанысы комитетінің 1942 жылғы 10 ақпандағы қаулысымен Зырян тау-кен түсті металлургия бөлімі 500 адамнан тұратын жасақ құруға міндетті болды. Бұл адамдар өнеркәсіптік кәсіпорындарға келгенде жатын орынмен, тамақпен, қажетті киім-кешекпен қамтамасыз етуге міндетті болатын [5,157п].

Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қаласында да колонна құрылды. Ертіс құрылыс өнеркәсібінің 1000 адамға арналған №1263 жасағы болған. Лениногорск қаласында «Алтайқұрылыс» құрылыс-монтаждау трестінің №674 колоннасы да құрылды. Зырян қаласында - Зырян металлургия зауытында 500 адамға арналған №2131 жасағы құрылған [6, 22-24п]. 6 сәуірде көмір өндіруші кәсіпорындарға осындай колонналар құру туралы шешім шығарылды. Қызылорда, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Ақмола, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Семей және Оңтүстік Қазақстан облыстарының көмір өнеркәсібі құрылатын болды [5,195-196п]. Өнеркәсіп кәсіпорындарына жіберілген колонналардың жағдайы жақсы емес еді. Зырян кен басқармасының директоры Негановтың айтуынша, ол кен орнына жіберілген еңбек армиясының адамдарына тиісті назар аудармаған. Мигранттар жатақханаларға орналастырылған, жөнделмеген, өте лас, кереуеті жоқ жерлерде тұрды. Жаппай тәртіпсіздіктер, маскүнемдік, құмар ойындар, бақылау, келу және кету уақытын тіркеу олар орналасқан хостелдің жаппай дұрыс қадағаланбауынан құқық бұзушылықтар жиі орын алды. Қажетті медициналық көмектің жоқтығынан тері аурулар кеңінен таралды.

Көшіп келушілер мен жұмысшылар арасында қашқындар жиі болды. 1942 жылдың 8 тамызында тіркелген 418 адамнан, жалпы саны 197 адам ғана қалса, қалған босқындар жоғалып кетті. Осыған байланысты К(б)П аудандық комитетінің бюросы кен басқармасындағы тәртіпсіздіктерді қалпына келтіру, кеткендерді қайтару және кен орнын қатаң бақылауға алу туралы жедел шешім қабылдады [7, 36п].

Партия Семей обкомының 1942 жылғы 9 қазандағы Семей облысының шегінде тұратын неміс халқын жұмысқа жіберу туралы қаулысына сәйкес көмір және мұнай өңдейтін автоколонналардың құрамына 15-55 жастағы ерлер де, 16-45 жастағы әйелдер де кіретіндігін айтты. Жүкті және үш жастағы балалары бар әйелдер еңбек колоннасының жұмысынан босатылды. Немістерді еңбекке жұмылдыру - әскери комиссариат пен НКВД-ның жергілікті органдарына жүктелген міндет болды. Бұл қызмет Семей облысы НКВД бөлімінің жауапты өкілі Полюдов пен облыстық әскери комиссар Мошкинге жүктелді.

Неміс ұлты өкілдері тұратын арнайы шақыру пункттері Бородулиха, Белағаш және Жаңа Шүлбі, Жаңа Семей, Абыралы, Абай аудандарында, Көкпекті және Ақсуатта, Көкпекті, Жарма және Шар, Георгивка, Аягөз қаласында, Үржарда ашылды. Сондай-ақ әскерге шақырылатындардың қай станциядан шығарылуы керектігі анықталды.

Барлық округтарда неміс өкілдерін еңбек армиясына жұмылдыру бойынша жауапты тұлғалар тағайындалды. Сондықтан Белағаш және Новошұльба аудандарында - Полюдов және

Жулин, Жарма және Шар аудандарында - Караваев пен Сирота, Көкпекті және Ақсуат аудандарында - Кузьмин және Стариков, Аягөз және Шұбартау аудандарында - Редкин және Богомоловский, Үржар ауданына Редкин және Курганский тағайындалды және 1942 жылдың 10 қазанына дейін осы пункттерге баруға тиіс болатын. Жұмысқа жұмылдыру ерлерге 20 қазанға дейін, ал әйелдерге 5 қарашаға дейін аяқталуы тиіс болды [8,11-12п].

Кей жағдайларда жас балалардың еңбегі қаналды. Мәселен, Семей қаласындағы №1 кірпіш зауытында жер аударылып келген 13 және 16 жастағы балалардың ересектермен бірге теңестіріп, ауыр жұмыстарға жеккен. Жалақылары да төмен болды. Семей облысына қарасты Жарма ауданында арнайы қоныстанушылар бір ай көлемінде 10 сомнан 50 сомға дейін жалақы алған. Скворчинская мамыр айында 12 сом 47 тиын, маусым айында – 39 сом 20 тиын ғана алған. Көкпекті ауданының «Коминтерн» совхозына жер аударылған Эплер маусым айына бар-жоғы 16 сом ғана айлық тапқан. Дегенмен өнеркәсіп орындарында жұмыс істегендердің жалақылары жоғары болды. Семейдегі шымтезек өңдеуші Дордас екі нормадан артық орындап, айына 500-600 сом айлық алып отырған [3, 1276].

Депортацияланған арнайы қоныс аударушыларға тұрғын үй беру қиындықтар туғызды, оларды барак үйлерде орналастырды, сондай-ақ бос үйлерге көшірді. Дегенмен, кейбір басшылар оларға күш көрсетіп, қуып жіберді. Мұндай қадамдарға Семей облыстық кеңесінің қоныс аудару бөлімінің меңгерушісі Бурнашев барып, колхоздың бос тұрған үйінен қоныстанғандарды қуып шықты. Қарсы шыққан колхоз төрағасы Крицкийге: «Сенің оларға жаның ашып тұр ма? Қайда тұрса, онда тұрсын» деген екен [3, 129-1306].

1940 жылы Польшадан Кеңес Одағының шекарасына қашқан еврейлер Қазақстанның ішкері жағына жер аударылды. Халим 1941 жылдың қаңтарында Риддерге қашқан оның отбасы КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты Н.А. Сворцовқа: «Біз Германиядан Кеңес Одағына қашуға шешім қабылдадық. Бізді ататынын біле отырып бәрібір қашуға бел будық. Өмірімізде алғаш рет Кеңес билігі бізге Риддерде жұмыс істеуге мүмкіндік берді. Біз ешқашан поляк паны үшін дауыс берген емеспіз. Жолдас Скворцов сізге дауыс беріп, сталиндік коммунистік және партиясыз блокты қолдаған едік. Біз - Риддерге келдік, біздің пәтеріміз жоқ, кішкентай баламызбен жүкті әйеліміз бар. Қаражаттың жетіспеушілігінен Риддерге орала алмағандықтан көшеде қалып қойдық. Біздің әрқайсымыз осы жерге өз мамандығымыз бойынша жұмыс істеу үшін көмек сұрап жүгінеміз. Жауап алу үшін біз 1941 жылдың 4 қаңтарында шығамыз. Сізбен өтінішімізді аяқсыз қалдырмауыңызды өтінеміз», - деген болатын. [9,39п].

Қоныстанушылар 3 кг ұн, 4,5 кг бидай, 1,5 келі жарма және 150 г қант алуға құқылы еді. Олар барлық бағалы заттарын, киімдерін тамаққа айырбастады. Осыған байланысты Семей облысы Шар ауданының тұрғыны НКВД аудандық бөліміне қыста тамақ жетіспеушілігінен балаларды тамақ тауып бере алмай отырғандығын айтып шағымданды. Олар 6-9 жас аралығындағы балалар, тіпті 50 жастан асқан қарттар мен мүгедектер де көмек сұрады. Қолайсыз жағдайда эмигранттардың бірі 3 кг картопқа алтын сағат жұмсаған, ал Жарма ауданына қоныс аударған эмигранттар жолға шығып қолда бар заттарын азық-түлікке ауыстырған жағдайлар да болған [3,129-1306].

1941 жылғы 15 қарашадағы Семей облыстық партия комитетінің хатшысы Н.Боголюбов және облыстық кеңес атқару комитетінің төрағасы А.Жүсіповтың қол қоюымен Қазақстан К(б)П ОК-нің хатшысы Н.Скворцов пен Қазақ КСР ХКК-нің төрағасы Н.Оңдасыновқа жазған хатында облыстың Белағаш, Шар, Жарма, Жаңа Семей, Абай аудандарында астық өсімінің төмен болуынан көпшілік колхоздар нансыз қалып, келген қоныстандырушыларға 1 кг.-да бере алмай отырғандығы келтірілді. Олар қолдарында бар астығын мемлекетке өткізген. Қоныстанушы немістердің арасында ашыққандар саны көбейіп, колхоз басшыларынан нан беруді талап еткен. Осы жағдайға байланысты К(б)П ОК-ті мен ХКК-нен үш мәселені тез арада шешіп беруді ұсынған. Бұлар:

1) Алдағы уақытта нанды түбіртекпен беру мәселесі шешілгенге дейін мемлекетке тапсырылған нанның кем дегенде 50%-ы көлемінде аванс беруге рұқсат етілсін;

2) Астықты мемлекетке тапсырған, бірақ дайындау органдарының түбіртектері жоқ, басқа ұйымдардан түбіртектері бар қоныс аударушыларға нан беру туралы мәселені шұғыл шешу;

3) 22 000-нан астам адамы бар қоныс аударушылар мен эвакуацияланатын жұмысшылар, қызметшілер үшін нанға наряд босатылсын делінген [10,76п].

Семей облысында Ұржар, Көкпекті, Ақсуат және басқа аудандарда тұратын неміс ұлты өкілдерінің жағдайы да жақсы болған жоқ. Колхоздарға бөліп орналастырылған 29 616 адамның азық-түлік жетіспеушілігінен әрі, орналастырылған үй-жайлардың жәйсіздігі тұрмыстық жағдайларын мүлдем төмендетіп жіберді. Ашыққандар арасында бөрте Сүзегі кеңінен таралған.

Семей облыстық пратия комитетінің хатшысы Н.Боголюбов Қазақстан К(б)П-ның хатшысы Н.А. Скворцовқа жазған хатында осы аудандардағы қоныстанушы немістерге 30-50%-тей аванс беру және оларды астықпен қамтамасыз етуде Ақсуат, Көкпекті, Мақаншы және Ұржар аудандарынан 15 мыңға сатып алуды өтінді [10, 76п].

1940 жылдары Кеңес Одағында, соның ішінде Қазақстанда азық-түлік тапшылығы өткір мәселе болды. Бірақ осы жағдайды жою үшін Шығыс Қазақстанда азық-түлік тапшылығы аймақтың экономикалық, әлеуметтік және табиғи жағдайына байланысты күрделі болды. Осы мәселені шешу үшін Кеңес үкіметі әртүрлі шаралар қабылдады. Өскемен, Семей, Риддер сияқты өнеркәсіптік қалаларда карточкамен азық-түлік беру жүйесі қатаң бақылауда болды.

Жолдың жоқтығынан Семей облысының аудандарына орналастырылып үлгермегендерге жолда тамақтандыру үшін Семей облыстық атқару комитетінен 35 мыңдай қаражатты беру жөніндегі Қазақ КСР ХҚК-нің төрағасы Н.Оңдасыновтың қол қоюымен қаулы шықты [11,24 п].

Басқа ұлттардың өкілдеріне арналған мемлекеттік келген халықтың санына қарай бөлінді. Мәселен, 1941 жылы Шығыс Қазақстан облысы жоспары бойынша 30,0 мың адамға 1786 мың рубль, Одақтық үкімет - 1052,3 мың рубль бөлді. Қазақ КСР ХҚКК қорында 267 мың рубль болды. Облысқа 466,7 мың қаржы бағыттау жоспарланды. Семей облысында 35,0 мың адамды көшіруге 2083,6 мың қаражат бөлінді. Одақ үкіметі тарапынан 1114,2 рубль жіберілген. Қазақ КСР ХҚКК қоры өңір үшін 312 мың резервті құрады. Жалпы Семей қаласына 657,4 мың рубль бөлу қарастырылған [11, 16п]. Аудан басшылары көшіп келгендерге қатысты белгілі бір күдік туғызды, тіпті оларды НКВД-ның мамандары санады. Сондықтан олардың барлық проблемаларын шешу керек болды. Семей облысының Жаңа-Семей ауданындағы «Новый мир», «Кедей бірлік», «Клара Цеткин» колхоздары және облыстың 23 ауданындағы 14 колхоз НКВД-ға қоныстанушыларды алып кетуді сұрады [12, 347п].

Семей және Шығыс Қазақстан облыстарына жаңадан келген неміс ұлтының өкілдерін көмір және басқа да кен орындарына тарту мәселесі қолға алынды. Мәселен, 1943 жылдың соңында Қарағанды облысының көмір өнеркәсібінде осы екі ауданның немістері жоспарланған, олардың базасында жұмыстар жүргізілген.

Қарағанды көмір өнеркәсібіне жұмылдырған немістерді уақытылы жіберілу барысында вагондардың жолда тұрып қалуына орай қиыншылықтар туындады. Бұдан басқа, олардың арасында сүзек ауруы тарады, бұған қысқы уақытта вагондардың жылытылмауы себеп болды. Осыған байланысты Қазақстан Компартиясының Орталық комитетінің хатшысы Мемлекеттік қорғаныс комитетінің мүшесі Л.М. Кагановичке Омбы, Орынбор, Оңтүстік Орал, Қарағанды көмір салаларының көмір кәсіпорындарына жұмысқа орналасқан қызметкерлерді тасымалдау үшін сапалы жылытылатын вагондарды ұсынуды өтініп, жеделхат жолдады [13,234п].

Өнеркәсіптік кәсіпорындарға жеткізілгендерді орналастыруда қиындықтар туындады. 1944 жылғы 9 қазанда Қазақстан КП (б) ОК Шығыс Қазақстан облыстық комитетінің хатшысы А.Ә. Әбілов арнайы қоныстардың тұрғын үй жағдайы туралы директивада облыстың арнайы қоныстарының түсті металлургия құрылысына бағытталған тұрғын үй жайының тиімсіздігі туралы айтқан болатын. Ол қыс жақындап қалғанымен, тұрғын үйлерде еден, пеш және терезе әйнектері қарастырылмағанын көрсетеді, көшіп келушілер әлі де жазғы шатырларда тұрған еді. Мәселен, «Алтайқұрылыс» трестінде 385 отбасының 196-сы, Зыряновскіде 146-ның тек 89-ы барактарда орналастырылған. «Алтайполиметтің» орман басқармасында атап өткендей,

289 отбасын дұрыс тамақтанбау салдарынан сүзек және іш сүзегі анықталған. Осы мәселені тез арада шешіп, 20 қарашаға дейін жауап беруін өтінді [14, 35п]. Дегенмен, көшіп келген тұрғындарды жергілікті тұрғындар құшақтарын жайып қарсы алды.

Депортацияланғандар екінші рет қудалауға ұшырады. 1941-1945 жылдары немістердің 14%-ы Шығыс Қазақстанға жер аударылды. Оларды Отанына оралуға үгіт-насихат жүргізді, саботаж жасады, контрреволюциялық жұмыс жасады деп айыптады. Ұлы Отан соғысы жылдарында Зырян жерінде 2290 адамы бар 810 отбасы көшірілді. Осы адамдардың арасынан Қауіпсіздік комитеті «Ағайындар», «Анфибия», «Гиена» деген 11 адамдық 3 агенттік іс құрықтаған екен [15, 59п].

Эвакуациялау кезінде келгендерге үкімет идеологиялық жұмыстар жүргізді. КСРО халықтары мен халықтарының достығы мен келісімі туралы дәрістер оқылып, үгіт-насихат жұмыстарын ұдайы жүргізіліп отырды. Осылайша, үкімет ұлттар арасындағы келіспеушіліктердің алдын алуға тырысты. Мәселен, Алматы мен Семейде орын алған еврейлердің антиеврейлік қарсылықтарға жол бермеуге күш салынған.

1942 жылы 15 қазанда Кеңес Одағының прокуроры В.Бочкарев Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары А.Вышинскийге жасаған баяндамасында 1942 жылдың басынан бастап республикаға келген еврей иммигранттарының сотталған 20 адамы істі болғанын, ал 1942 жылдың 1 тамызынан 4 қыркүйегіне дейін Алматы мен Семейде сотқа 42 адам тартылғанын атап өткен [16, 15-166].

Жедел жұмыс барысында депортацияланған 68 адамның 7644-і Семей облысына жіберілсе, 61092 адам Қазақстанның 6 облысына орналастырылды. Депортацияланған 30 адам түрлі жағдайларда ұсталды. Олардың 15-і тұрғылықты жерінен қашып кетіп, 12-і қайта ұсталды, қалған 3 адам табылмағандықтан, оларға қатысты қылмыстық іс қозғалды. Жалпы осы облыста 27 жер аударылғандар туралы іс қозғалды.

Ақпарат берушілер барлық жағдайлар туралы НКВД-ға хабарлап отырған. Семей облысының Жаңа Семей ауданына орналасқан 829 жер аударылғандардың үшеуі тиісті орындардың ақпарат берушілері болған [3,133-134]. 1944 жылдың көктемінде Семей облысының арнайы қоныс аударушыларына 500 тонна жүгері, 200 тонна бұршақ себуге және Шығыс Қазақстан облысының қоныс аударушыларына 503 тонна жүгері, 250 тонна үрме бұршақ егуге бөлінді. Сондай-ақ қызылша, қырыққабат, қияр, сарымсақ, сәбіз және қызанақ тұқымдары берілген еді [17, 3-5п].

К(б)П Орталық комитетінің «Арнайы қоныстарды жұмысқа орналастыру туралы» қаулысына сәйкес, Семей облысындағы 13 000-дай шешен, игуш, балқар, қарашай ұлттарының еңбекке жарамды деген 8000 адамдық 7901 отбасының 2074-і ғана колхоздарға тартылды. Алайда кейбір колхоз төрағалары жаңадан келгендерді дұрыс үй-жәйларға орналастыра алмаған, орналасқандардың жағдайы жақсы болмады. Осындай жағдай Шешен-Ингуш АССР-нен Шығыс Қазақстан облысындағы Ертіс ГЭС-інің жұмыс кентіне арнайы контингенттерді жібергендер арасында да орын алды. Мысалы, тұрғын үй тұруға келмейтін, бір барак үйдің өзінде 3400 адам әйелдермен, ерлермен және балалармен бірге тұрған. Иммигранттар арасында жұқпалы аурулар кең таралған. Сәуірден мамырға дейін 681 сүзек оқиғасы тіркелген, сүзектен басқа жиі іш аурулары да жиі кездескен. Ауылдарда ауру әйелдер мен қарттар, балалар саны көбейіп, оларды емдеуге медициналық мамандар, дәрі-дәрмектер жетіспеді. Ауылда алыпсатарлық, ұрлық, тәртіпсіздік жиі болып тұрды. Осыған байланысты облыстық және аудандық атқару комитеттеріне тұрғын үй мәселесін тез арада шешу және науқастарды емдеуді қамтамасыз ету тапсырылды [18,1п].

Қоныс аударушылардың жағдайына байланысты Семей облыстық атқару комитетінің көшіп-қонушылар мен көшіп-қонушылардың экономикалық орналасуы жөніндегі облыстық кеңес бөлімінің бастығы А.П. Борисов жоғары орынға жолдаған хатында: көшіп-қонушылар киім, тамақтану мәселесі қиындықтар тудырып жатқандығын айта келе, қыс келе жатқандықтан балаларды жылы киіммен қамтамасыз ету мүмкін емес, кем дегенде әр отбасына 10-12 метр мата беру немесе Семей тігін фабрикасынан арнайы киім тіккізіп беруде

Халық комиссарлары кеңесінен арнайы рұқсат беруді жоспарлап отырғандығын келтірген. Осы себептен ХҚК-сі тамыз айында Басқарманың басшысы Родинді Мәскеуге жіберіп және көшірілген адамдарды қолдау үшін үкіметтік қор бөлдірген [19, 3-5п].

1944 жылдың қыркүйегінде А.П. Борисовтың баяндамасына сәйкес, Солтүстік Кавказдан қоныс аударушылар үшін 180 жаңа үй салынып, 619 үйді жөндеуден өткізген. 1020 бос тұрған үй жөнделіп, 243 үй сатып алынды, дегенмен 5632 адамнан тұратын 1481 отбасы терезесіз 940 үйде тұрды.

Арнайы елді мекендерді азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатында қыс мезгілінде облыс аудандарында жоспардан тыс жүгері және тары егілді. Жер жеке егістіктер мен бақтарға бөлінді, бірақ егістер жоспарланбағандықтан - оның үстіне кеш егілгендіктен - олар мүлдем өспеді немесе күзде суыққа қалып қалды. Мысалы, Ново-Покровский ауданында 122 га тары мен 15 га жүгері егілген, соның 24 га тары өспей қалса, жүгері толығымен қар астында қалып қалған еді.

Бородулиха ауданында кесте бойынша 320 га дақыл егілген, бұдан бар болғаны 94 га өнім алынған. Көпекті ауданы бойынша 27 колхозға 138 ц тары егіліп, 15 колхозда егін шықпай қалды. Көптеген адамдар қысқы киімсіз қалды, тек бір колхозда ғана киімсіз қалған адамдар саны 10 666-ға жетті. Мектеп жасындағы балалар киімінің жоқтығынан 4984 оқушы сабаққа бара алмаған [19, 51-54п]. 1944 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша Шығыс Қазақстан облысында Солтүстік Кавказдан келген 5816 қоныс аударушы үй-жаймен қамтамасыз етілмеді [20, 188п].

Зырян облысындағы қоныс аударушыларға келер болсақ, жағдай бұларда да жақсы болмады. Олар тұратын казармалар мен жатақханалар антисанитарлық жағдайда болған және жылытылмаған, нанды қаладан бірнеше шақырымға дейін барып сатып алуға болатын [14, 15 п].

Азық-түліктің жетіспеушілігінен Шығыс Қазақстан облысына жер аударылып, колхоздарға орналастырылған шешендердің жағдайы төмен болды. Шемонаиха ауданының «Верный путь» колхозында жұмыс істейтін 21 адамның бесеуі үшін тұтынушылардың ауылдық қоғамы 25 күндік азық-түлік орнына 5 күндік ғана тағам берген. Кейбір тамақтың жетіспеушілігінен өздерін әлсіз сезініп, тіпті ісіне бастаған, оларға үкіметтен ешкім көмек көрсетпеген [21, 4п]. Дәл осындай оқиға Үржар және Аягөз аудандарында болды. 1946 жылы Аягөз аудандық атқару комитеті Солтүстік Кавказдан қоныс аударған 14 отбасын баспанамен қамтамасыз ете алмады [22,80п].

1945 жылы 20 сәуірде неміс ұлты өкілдеріне 1440 тонна ұн берілді. Қазақ КСР ХҚКК анықтамасына сәйкес, бұл Л.П. Берияның атына жазылған шифрланған жеделхатта атап көрсетілді, бұл ұнды 80 000 неміс өкілдеріне көмек ретінде мамыр-маусым айларында 200 граммнан берген [14, 352п].

Көшіп келушілердің арасында қоныс аударып келген соң, жақсы өмір сүргендер де болды. Шешен-Ингуш АССР-нен Семей облысына келген А.Хажалиев өз жағдайы туралы былай деп жазады: «Қазақстанға Семей облысының Жаңа-Семей станциясына келді. Алдымен бізді бараққа орналастырып, кейін жер беріп, шағын үй салдық. Атам, мен, ағаларым отбасымен бірге үш жылдай шағын үш бөлмелі үйде тұрдық. Содан кейін олар жер алып, үй салды. Арнайы қоныстанушыларды бір ауданнан екінші ауданға көшіп-қонуға тыйым салған. Заңды бұзған жағдайда 10 жылдан 25 жылға дейінгі мерзімге сотталатын. 12 жастан бастап НКВД есебіне тұруға тиіс еді. НКВД үй-үйді аралап, барлығын жеке қарап, тексеріп отырды. Ашығында, Семей облысында қазақтар, немістер, орыстар басым болды. Олар шешендердің кісіжегіштігі туралы алдын-ала ескертілгеніне қарамастан, бізге көмектесті. Қазақстандық балалар қоныс аударушылар жағына тас лақтырды. Есімде, әжем «бұзақылар» деп айқайлаған, сөйтсек тас дегені жейтін «құрт» екен. Мен депортация туралы ересектердің, туыстардың айтуынан естідім. Бұл адам баласының басынан өткен қиын кезең болды. Бір күні бірінші сыныпқа барғанымда бізді «фашистік сатқындар» деп атағаны есімде, - деп еске алды [3.1336].

1945 жылғы мамырда Кеңес Одағы нацистік Германияны жеңгеннен кейін және 1945 жылғы 2 қыркүйекте Қиыр Шығысқа қатер төндірген жапон Квантун армиясын құлатқаннан

кейін жапон сарбаздары заңсыз түрде, бірақ әскери тұтқындардан КСРО аумағына емес, бас бостандығынан айырылғанын ескере отырып, әскери тұтқындар мен интерн-тұтқындарды кезең-кезеңмен жіберу процесін жүзеге асырды. 1945 жылы 26 шілдеде қол қойылған Потсдам декларациясының 9-тармағында: «Қарусызданғаннан кейін жапон қарулы күштеріне бейбіт өмір мен жұмыс үшін өз ошағына оралуға рұқсат етілді» деген тармағы орындалмады.

Қазақстанға жеткізілген әскери тұтқындардың жалпы саны 59 мыңға жуық адамды құрады. Алғашқы әскери тұтқындар 1945 жылы 5 қазанда Семей ауданына жапон солдаттарымен бірге келді. Бұдан басқа, оларды кейбір облыстарға бөліп, өнеркәсіпте, құрылыста, шахталарда және ауыл шаруашылығында шағын жұмыс атқаруды тапсырды.

Соғыстан кейінгі КСРО-дағы жағдай оңай болмады. 1946 жылы ауыл шаруашылығы әлі қалпына келтірілмеген жерлерде аштық басталды.

Бұл ретте барлық ауыл шаруашылығы өнімдерін соғыс объектілеріне жеткізген одақтас республикалардың жағдайы бірқалыпты болды. Қазақстан соғыс жылдарынан кейін де Ресейдің ірі қалаларын астықпен қамтамасыз етті. 1946 жылғы 27 маусымда КСРО Министрлер Кеңесі мен БК(б)П ОК-ның «Астықтың сақталуын қамтамасыз ету, ұрлау мен ысырап етудің алдын алу жөніндегі шаралар туралы» және содан кейін «Мемлекеттің 25 қазандағы астығының сақталуын қамтамасыз ету туралы» қаулыларына қол қоюы назар аударыла бастады. Нәтижесінде 1946 жылдың екінші жартысынан бастап Қазақстанда астық науқанында ауыл шаруашылығы кооперативтерінің 317 жетекшісі, ауыл кеңесі мен колхоз белсенділерінен 308 адам тұтқындалды [23, 526 б].

Экономиканы көтеруге қатысушылардың көпшілігі неміс әскери тұтқындары еді. Шығыс Қазақстан аумағында бір мезгілде екі неміс лагері пайда болды. 1945 жылы мамырда Лениногорскіде №347 лагерь құрылған болатын, оның тоғыз бөлімшесі болды, бұл лагерь 1948 жылдың тамызында жойылған. 1945 жылдың қаңтарында №45 екінші лагерь құрылып, 1947 жылдың қазанында жойылды. Лениногор қаласында мұндай лагерлердің құрылуының өз себептері бар. Бұл өңірде ірі әскери-өнеркәсіптік кәсіпорындар, түсті металдар өндірісі, орман дақылдарын қайта өңдеу сияқты жұмыс орындары шоғырландырылды [24, 244 б]. Жер аударылғандардың жетекші тобын Қазақстанда немістер құрады, бүкіл Еділ бойынша қоныс аударушылардың, жұмылдырылған және жергілікті немістердің жалпы саны 445 мыңнан астам адамды құрады.

КСРО-ның бүкіл аумағында арнайы қоныстар жүйесі таратыла бастаған 1950 жылдардың ортасында депортацияланғандар республика халқының жалпы санының 15% -ын құрады. Жаппай қоныс аударудың республикадағы экономикалық және әлеуметтік салаға ықпалы екі жақты болды: бір жағынан, поляк азаматтары босатылғаннан кейін арнайы өңірлік қоныс аудару «жанданды», екінші жағынан - олар экономикалық жағдайды шиеленістірді, өйткені соғыс уақытында 1,5 млн эвакуацияланған адам жағдайында 0,5 млн-нан астам жер аударылғандарды орналастыру талап етілді [25, 37-38 б].

Билік салыстырмалы түрде қысқа уақыт ішінде этникалық және мәдени тұрғыдан алыс болған көптеген адамдарды жинауы тиіс еді. Әрбір депортациялау науқаны кезінде қоныстаушыларға әлеуметтік тұрғыда қолдау көрсетілсе де, бірінші жыл олар үшін ең қиын жыл болды.

Соғыстан кейін Қазақстан бұрынғысынша депортацияланғандардың отаны болды. Қазақстанға 50 мыңға жуық қоныс аударушылар келді. Осылайша, республика халқындағы депортацияланғандардың үлесі 15% -ды құрады.

1949 жылы республикада 820 165 арнайы қоныс аударушылар тізімге алынған. Ал 1952 жылдың 1 шілдесіне 974 469-ға жетті. Облыс бойынша бөліп көрсететін болсақ Шығыс Қазақстан облысына - 45 055, Семей облысында - 52 517 басқа да этностар келген [26, 24 б].

Ауыл шаруашылық ісі жедел дамып, XX ғасырдың 50-ші жылдарында ауқымды өнеркәсіп құрылыстарын салумен және сол кезде салынған тың және тыңайған жерлерді игерумен республикадағы ірі көші-қон басталды. Жаңа ұжымшарлар мен совхоздар құрылды.

1954-1962 жылдар аралығында Қазақстанға Еуропадан тың және тыңайған жерлерді игеру үшін шамамен 2 миллион адам келді. 1954-1958 жылдары 730 жаңа өнеркәсіп кәсіпорнын құрылысы басталып, пайдалануға берілді. Республикаға кәсіпорындардың құрылысын бастауға 0,5 млн-ға жуық басқа ұлт өкілдері қатысты.

1939-1959 жылдары Ұлы Отан соғысындағы адам шығынына қарамастан, Қазақстан халқы бір жарым есе өсіп, 9 294 741 адамға жетті. Осы кезеңде республиканың 182 қалалық қонысының 43-і қалалық, ал 139-ы қалалық типтегі кенттер болды [27.6526].

Соғыстан кейінгі жылдары республикаға қоныс аударған этникалық топтарға келетін болсақ, 1948 жылғы жазына қарай олардың саны 760,8 мың адамды құрады. Олардың 358,7 пайызы немесе 47 пайызы еңбекке жарамды болды [28,53п].

Тұтастай алғанда Қазақстанда 1951 жылы 893 276 адам депортацияланған. Олардың 108,6 мыңы Ақмола облысына, 122,7 мыңы Қарағанды облысына, 92,3 мыңы Көкшетауға, 86,4 мыңы Оңтүстік Қазақстанға, 78,2 мыңы Қостанайға, қалғаны басқа өңірлерге жіберілді. Оның ішінде 414 956 неміс, 353 313 Солтүстік Кавказ тұрғыны, 30 438 грузиялықтар, 6039 қырым, 36 492 Қара теңіз жағалауының байырғы тұрғындары, 2334 қалмақ, 7128 оуновтықтар, 4454-і ирандықтар, 34 002-і поляктар, 2785 басмаштар, 1277 власовшылар [28, 119п].

Оның ішінде 107 855 адам қалалар мен аудан орталықтарында тұрақтаған. Олардың 54 122 неміс, 40 091 - Солтүстік Кавказ, 2 687 - Қырымнан келгендер, 5 624 - оуновтықтар, 2 479 – поляктар болды. Облыстар шеңберінде Семейде арнайы қоныс аударушылар қатарынан 1763 адам және Шығыс Қазақстан облысында 1729 адам тұрған [28.119-120п].

1952 жылдың басында республикада 930 776 арнайы қоныстанушы тұрды. Қала үлесі олардың 12%-ын құрады [28, 129п.].

Облыс қалаларына, аудан орталықтарына, темір жол бойына топтасып орналасқандарды еңбек күшін қажет ететін орындарға бөлу мәселесі қолға алынып, 1952 жылдың сәуірінде Шығыс Қазақстанға 1500 адамды, Семей облысына 2991 адамды жіберу туралы шешім қабылданды. Жалпы алғанда, өндірістік орындарға республиканың шамамен 95 мың адамы баратын болды [29,172п].

1953 жылы КСРО-да 316 717 шешен мен 83 518 ингуштар болған. Бұл 23 060 шешен ұлты, 3 ингуш ұлты Шығыс Қазақстан облысында, ал Семей облысында 19 495 шешен, 58 ингуш ұлттары қоныстанған. 1957 жылы 9 қаңтарда КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Вайнах депортациясын жою және Шешен-Ингуш автономиялық республикасын қалпына келтіру туралы бірлескен жарлығы шықты.

Ол таратылған кезде Шешен-Ингуш АССР-нің үлкен аумағы 1944 жылғы наурызда Солтүстік Осетия АССР-не қосылды. 1957 жылы Шешен-Ингуш АССР қалпына келтірілгенімен, КСРО-ның басқа республикаларына іссапарға жіберілген шенеуніктер мен ингуштар өз елдеріне орала алмады. Көпшілігі жергілікті халықпен етене араласып, сіңісіп кетті [24,4296].

КСРО-ғы неміс ұлтының депортацияланған өкілдері 1956 жылдың соңына дейін ай сайын комендатураға келіп белгіленіп отырды. 1955 жылы 13 желтоқсанда КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының «Арнайы неміс қоныс аударушыларынан шектеулерді алып тастау туралы» қаулысы жарық көрді.

Алғашқы жылдары жағдай XX ғасырдың 40-50 жылдарының соңында Шығыс Қазақстанға қоныс аударған этникалық топтар үшін күрделі болды. Әсіресе 1946-1948 жылдары жер аударылып келген ұлттар ауыр уақыттарды бастарынан өткізді. Олар келген кезде үй-жайлары дайын емес еді. Депортацияланғандар негізінен ауылдық өңірлерде тұрып, сонда тіркелетін, алайда колхозға келіп жұмысқа орналасқандарға материалдық қолдау көрсетіліп, колхоз қорынан мал берілді.

Солтүстік Кавказбен Қырымнан Қазақстанға жаппай жер аударуға байланысты елеулі проблемалардың туындауына байланысты КСРО ХҚК-нің 1945 жылғы 17 қарашадағы және 1946 жылғы 6 тамыздағы Қазақстан мен Қырғызстандағы жер аударылған және арнайы қоныс аударушыларды орналастыруға және шаруашылыққа жайластыруға бағытталған бірқатар

шараларды іске асыру туралы шешімдер қабылданды. Осы шешімдермен көзделген Қазақстан К(б)Б ОК және республикалық ХКК шешімімен депортацияланған халықтарды көшіру жөнінде экономика алдында туындаған қиындықтарды еңсере бастады. Алайда, тиісті басшылықтың жоқтығынан мұнда арнайы келген басқа ұлт өкілдерінің жағдайы бірден жақсара қойған жоқ. Келушілер арасындағы табиғи бейімделе алмаушылық, аурулардың таралуы адам өлімі жиі кездесуіне алып келді. 1946 жылғы шілдеде Солтүстік Кавказдан келгендердің арасында 73,7 мың адам қаза тапты [30,60п].

Арнайы қоныстану кезінде ауыл шаруашылығы өндірушілері жұмыс таба алмағандықтан, оларды өңірдің өнеркәсіптік кәсіпорындарына жұмысқа жіберу қолға алынды. Негізінен, темір жол мен республиканың басқа да стратегиялық орындарына жұмыс күші қажет болатын. Соғыс кезінде-ақ колхоздар мен совхоздарға орналастырылған қоныс аударушылар өндіріске басқа ұлт өкілдерін тартқан.

Ірі өндіріс орындары соғыс жылдарында тұтқындалған әскерилерді жұмысқа тартты. Алайда олардың жағдайы өте ауыр болды. Тұтқындардың арасында әртүрлі жұқпалы аурулардан, дұрыс тамақтанбаудан болатын өлім-жітім артты. Шығыс Қазақстанның Алтай және Лениногор кеніштерінде 181 неміс адам қаза тапты. Деректерге сәйкес, лагерьде жұмыс істеген 2 миллион 228 мың тұтқынның 1645 миллионы немістер, 583-жапон әскерлері болған [24, 2456].

Тұтастай алғанда 1948 жылғы тамызға қарай арнайы қоныстар этностарының 59% колхоздарға, 7,5%-ы совхоздарға, 33,5% өндірістерге, құрылыстарға, мекемелерге жіберілді [28,53п].

Шығыс Қазақстанға жіберілген арнайы қоныстанушылар шекараға жақын жерде орналастырылмады. Оның үстіне ірі өндіріс орындары қалаларда ғана еді. Түркістан темір жолының Шығыс Қазақстан темір жолын кесіп өтуіне байланысты жұмыс күшіне тарту қалыпты процес еді. Шығыс Қазақстан өңірінде ірі өндіріс орындарына немістер жіберілген. Семей облысында 46% жер аударылып келгендер қалаларда, аудан орталықтары мен темір жол бойларына орналасып, жұмыс істеген [28,117п].

Нәтижесінде темір жол бойындағы қалаларда шешен, ингуш, балқар ұлттары өкілдерінің топталуына байланысты «шешен қалалары» сияқты елді мекендердің саны ғана өсті. Осыған байланысты Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі арнайы қоныс аударушыларды депортациялау орындарынан ел ішінде де, басқа ұлт өкілдерімен де басқа өңірлерге көшіру туралы мәселені көтерді. Оның үстіне, Г.Маленковтың 1952 жылғы 10 наурыздағы үкімет басшысына жолдаған хатында соңғы кездері Қазақстанда облыстық қалаларда, аудан орталықтарында, теміржол станцияларында шешен және ингуш ұлттарының топтарын құруға жол берілетіні көрсетілген. Бұл басқа контингенттерге әсер етеді, депортациялау және еңбек қызметінен жалтару тәртібін бұзу жағдайлары жиі кездесетіндігі айтылған. Осыған байланысты ол қоныс аударушыларды қаладан алыс совхоздар мен колхоздарға көшіру туралы мәселені көтерді [28,127-128п].

Осыған байланысты 1952 жылғы 1 сәуірде Қазақстан Компартиясының бюросы арнайы комиссия құрды және қоныс аударушыларды тексеруге және қоныстанушыларды араластыра орналастыру мәселесін тексеріп, қолға алуға кірісті. Екі аптадан кейін нәтижелер жарияланды және еңбекке мұқтаж объектілерге арнайы контингенттерді жіберу жоспарланды [29.172 п].

50-жылдары «арнайы қоныс аударушыларды қалалық, аудандық орталық және темір жол вокзалдарынан алыс орналастыру» туралы Министрлер кеңесінің жобасы әзірленді. Осы құжатқа сәйкес, қоныс аударудың өңіраралық процесін бастау қажеттілігі туындады. Семей облысынан бастап аймақтың басқа елді мекендерінде 9704 арнайы қоныс орналастыру туралы мәселені іске асыру басталып, өзге өңірлерден айырмашылығы, тек Шығыс Қазақстан облысы ғана қоныс аударушыларды басқа жерлерге орналастырмауды шешті [31,1-9п].

Шығыс Қазақстан өңіріндегі түрлі халықтар өкілдерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы XX ғасырдың 40-50-жылдары жақсы болған жоқ. Мемлекеттік бақылау, басқан іздерін тексеру, жалақының дұрыс өтелмеуі және адамдарды қалалардан алыс аудандарға

орналастыру көшірілген адамдардың жағдайына қатты әсер етті. Алайда, жергілікті тұрғындардың қонақжайлығы олардың рухын сындыра алмады. Этникалық топтар санының өсуі қаладағы халық үлесін ұлғайтты.

Енді зерттелген кезең бойынша статистикалық талдау жасайтын болсақ:

- 1945 жылы Шығыс Қазақстан, Павлодар және Семей облыстарында депортацияланған халықтардың үлесі жалпы халық санының 12%-ын құрады[32].

- 1950 жылға қарай арнайы қоныстанушылардың 48%-ы ауыл шаруашылығында, 37%-ы өнеркәсіп саласында жұмыс істеді[33].

- 1955 жылға дейін Шығыс Қазақстан облысында арнайы қоныстанушылар арасында халық өлімі коэффициенті 1000 адамға шаққанда 24,7 болған[32].

8. Saipov A.A. *Teorija i praktika turizma Kazakhstana* [Theory and Practice of Tourism in Kazakhstan], Almaty, 1999, p. 8. [in Russian].
9. *Problemy razvitija industrij turizma* [Problems of Tourism Industry Development], Novosibirsk, 1970, pp. 17, 23. [in Russian].
10. Ismaev D.K. *Osnovy strategii i planirovaniya marketinga v inostrannom turizme* [Fundamentals of Strategy and Marketing Planning in Foreign Tourism], Moskva, 1994, p. 19. [in Russian].
11. Vukolov V., Korablev V. *Predstaviteli turistskoj obshchestvennosti schitajut, chto projekt profilevogo zakona ne sposobstvuet razvitiju sportivnogo turizma* [Tourism Representatives Believe the Draft Law Does Not Promote Sports Tourism] // *Panorama*, 2 fevralja 2001. [in Russian].
12. Tiberghien, G. (2018). Managing the planning and development of authentic Eco-Cultural tourism in Kazakhstan. *Tourism Planning & Development*, 16(5), 494-513. <https://doi.org/10.1080/21568316.2018.1501733>
13. Daye, M., Charman, K., Wang, Y., & Suzhikova, B. (2019). Exploring local stakeholders' views on the prospects of China's Belt & Road Initiative on tourism development in Kazakhstan. *Current Issues in Tourism*, 23(15), 1948-1962. <https://doi.org/10.1080/13683500.2019.1700941>
14. Çalişkan, U., & Özer, Ö. (2020). Relationship between Local Residents' Perceptions of Tourism and Support Attitudes in Post-Communist Countries: Case of Turkestan (Kazakhstan). *Tourism Planning & Development*, 18(5), 573-593. <https://doi.org/10.1080/21568316.2020.1837228>
15. Tiberghien, G., Bremner, H., & Milne, S. (2018). Authenticating eco-cultural tourism in Kazakhstan: a supply side perspective. *Journal of Ecotourism*, 17(3), 306-319. <https://doi.org/10.1080/14724049.2018.1502507>
16. Tleuberdinova, A., Salauatova, D., & Pratt, S. (2022). Assessing tourism destination competitiveness: the case of Kazakhstan. *Journal of Policy Research in Tourism Leisure and Events*, 16(2), 265-283. <https://doi.org/10.1080/19407963.2022.2027954>
17. Aktymbayeva, B., Koshkimbayeva, U., Abisheva, Z., Tokbergenova, U., & Tumazhanova, M. (2020). Tourism industry development and governance: a comparative stage review of Kazakhstan's experience for the years of independence, 1991-2020. *GeoJournal of Tourism and Geosites*, 34(1), 69-76. <https://doi.org/10.30892/gtg.34110-621>
18. Correia, A., & Kozak, M. (2021). Past, present and future: trends in tourism research. *Current Issues in Tourism*, 25(6), 995-1010. <https://doi.org/10.1080/13683500.2021.1918069>
19. Kozak, M., & Kozak, N. (2016). Institutionalisation of tourism research and education: from the early 1900s to 2000s. *Journal of Tourism History*, 8(3), 275-299. <https://doi.org/10.1080/1755182x.2017.1284274>
20. Assipova, Z., & Minnaert, L. (2014). Tourists of the world, unite! The interpretation and facilitation of tourism towards the end of the Soviet Union (1962-1990). *Journal of Policy Research in Tourism Leisure and Events*, 6(3), 215-230. <https://doi.org/10.1080/19407963.2014.907300>

Список использованных литературы:

1. Ердавлетов С.Р. *История туризма. Развитие и научное изучение*, Алматы, 2003, - 215 с.
2. *О туризме в Республике Казахстан в 2000 году. Статистический справочник*, Алматы, 2001, с.49-51, 91.
3. *Туризм в Республике Казахстан в 2002 году. Статистический сборник*, Алматы, 2003, с.44-45, 47, 48, 76-77.
4. Кулибаев А. Шелковый путь – Казахстан: возрождение истории, развитие туризма // *Казахстанская правда*, 17 сентября 2003.
5. Ердавлетов С.Р. *География туризма Казахстана*, Алма-Ата, 1992, 192 с.
6. Вуколов В.Н. *История и теория международного туризма*, Алматы, 2002, 221 с.
7. Накатков Ю.С. *История туризма Казахстана*, Алматы, 2001, 196 с.

8. Саипов А.А. *Теория и практика туризма Казахстана*, Алматы, 1999, с.8.
9. *Проблемы развития индустрии туризма*, Новосибирск, 1970, с.17, 23.
10. Исмаев Д.К. *Основы стратегии и планирования маркетинга в иностранном туризме*, Москва, 1994, с.19.
11. Вуколов В., Кораблев В. *Представители туристской общественности считают, что проект профильного закона не способствует развитию спортивного туризма // Панорама*, 2 февраля 2001.
12. Tiberghien, G. (2018). Managing the planning and development of authentic Eco-Cultural tourism in Kazakhstan. *Tourism Planning & Development*, 16(5), 494-513. <https://doi.org/10.1080/21568316.2018.1501733>
13. Daye, M., Charman, K., Wang, Y., & Suzhikova, B. (2019). Exploring local stakeholders' views on the prospects of China's Belt & Road Initiative on tourism development in Kazakhstan. *Current Issues in Tourism*, 23(15), 1948-1962. <https://doi.org/10.1080/13683500.2019.1700941>
14. Çalışkan, U., & Özer, Ö. (2020). Relationship between Local Residents' Perceptions of Tourism and Support Attitudes in Post-Communist Countries: Case of Turkestan (Kazakhstan). *Tourism Planning & Development*, 18(5), 573-593. <https://doi.org/10.1080/21568316.2020.1837228>
15. Tiberghien, G., Bremner, H., & Milne, S. (2018). Authenticating eco-cultural tourism in Kazakhstan: a supply side perspective. *Journal of Ecotourism*, 17(3), 306-319. <https://doi.org/10.1080/14724049.2018.1502507>
16. Tleuberdinova, A., Salauatova, D., & Pratt, S. (2022). Assessing tourism destination competitiveness: the case of Kazakhstan. *Journal of Policy Research in Tourism Leisure and Events*, 16(2), 265-283. <https://doi.org/10.1080/19407963.2022.2027954>
17. Aktymbayeva, B., Koshkimbayeva, U., Abisheva, Z., Tokbergenova, U., & Tumazhanova, M. (2020). Tourism industry development and governance: a comparative stage review of Kazakhstan's experience for the years of independence, 1991-2020. *GeoJournal of Tourism and Geosites*, 34(1), 69-76. <https://doi.org/10.30892/gtg.34110-621>
18. Correia, A., & Kozak, M. (2021). Past, present and future: trends in tourism research. *Current Issues in Tourism*, 25(6), 995-1010. <https://doi.org/10.1080/13683500.2021.1918069>
19. Kozak, M., & Kozak, N. (2016). Institutionalisation of tourism research and education: from the early 1900s to 2000s. *Journal of Tourism History*, 8(3), 275-299. <https://doi.org/10.1080/1755182x.2017.1284274>
20. Assipova, Z., & Minnaert, L. (2014). Tourists of the world, unite! The interpretation and facilitation of tourism towards the end of the Soviet Union (1962-1990). *Journal of Policy Research in Tourism Leisure and Events*, 6(3), 215-230. <https://doi.org/10.1080/19407963.2014.907300>

Сұлтанғазы Г.Ж., *¹ Нұрбаев Ж.Е., ² Ерменбаева Г.К. ³

¹Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Жошы ұлысын зерттеу жөніндегі ғылыми-зерттеу институты, Астана қ., Қазақстан Республикасы.

E-mail: g_sultangazy@kazquu.kz

²Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты, Астана қ., Қазақстан.

E-mail: zhaslannurbayev@gmail.com

³Ерменбаева Гүлжан Кәкімбекқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві, Астана қ., Қазақстан.

E-mail: gulshan23@bk.ru

ОТАРШЫЛДЫҚ КАПИТАЛИЗМ ҚҰРЫЛЫМДАРЫНДАҒЫ БАЙЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа

Соңғы жылдары байлар институтын ерекше әлеуметтік категория ретінде зерттеу отандық тарихнама дамуының контекстінде аса маңызды мәнге ие бола бастады. Бұл тақырыптың өзектілігінің артуына ықпал еткен факторлардың бірі – сталиндік репрессиялардың құрбандарына қатысты әділеттіліктің қалпына келтірілуі болды. Осы үдеріс барысында осы мәселеге тікелей қатысты бұрын қолжетімсіз болған мұрағаттық құжаттар құпиясыздандырылып, ғылыми айналымға енгізілді.

Мақаланың мақсаты – байларды ерекше қоғамдық тап ретінде даралаған факторларды анықтау. Зерттеу кезеңі ретінде XIX ғасырдың екінші жартысы алынған.

Зерттеудің эмпирикалық негізін Семей, Ақмола және Торғай облыстарына қатысты статистикалық шолулар мен естелік кітаптар құрайды. Бұл дереккөздер ғылыми тұрғыдан жоғары маңызға ие болып, қазақ халқының күнделікті тұрмысын қайта қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Аталған жинақтардағы материалдар көшпелі халықтың әлеуметтік ұйымдасуының ерекшеліктерін талдауға жол ашады.

Мақалада сандық деректер мен әлеуметтік-мәдени контекстті салыстыру арқылы экономикалық көрсеткіштердің әлеуметтік құрылымдағы трансформацияларға және шаруашылық тәжірибелердің өзгеруіне қалай әсер еткені туралы түсінік беріледі.

Кілт сөздер: әлеуметтік құрылым; қазақ қоғамы; байлар институты; империялық және кеңестік модернизация, әлеуметтік жіктелу.

Алғыс айту: Жұмыс (ЖТН №АР23490445) гранттық қаржыландыру аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен орындалды.

Сұлтанғазы Г.Ж., ^{ID}*¹ Нұрбаев Ж.Е. ^{ID}² Ерменбаева Г.К. ^{ID}³

¹*кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, Научный институт изучения улуса Джучи, г. Астана, Казахстан*
e-mail: g_sultangazy@kazguu.kz

²*кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, Казахстанский институт стратегических исследований, г. Астана, Казахстан.*
E-mail: zhaslannurbayev@gmail.com

³*кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, Архив Президента Республики Казахстан, г. Астана, Казахстан.*
E-mail: gulshan23@bk.ru

СОЦИАЛЬНАЯ И ЭКОНОМИЧЕСКАЯ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ БАЙСТВА В СТРУКТУРАХ КОЛОНИАЛЬНОГО КАПИТАЛИЗМА

Аннотация

В последние годы исследование института байства как особой социальной категории приобретает всё большую значимость в контексте развития отечественной историографии. Одним из факторов, способствующих актуализации этой темы, стало восстановление справедливости в отношении жертв сталинских репрессий, в процессе чего были рассекречены и введены в научный оборот ранее недоступные архивные документы, напрямую связанные с данным вопросом.

Целью статьи является выявление факторов, обусловивших отделение байства в особое общественное сословие. Хронологические рамки охватывают период второй половины XIX столетия.

Источниковедческой базой исследования стали статистические обзоры и памятные книжки, относящиеся к Семипалатинской, Акмолинской и Тургайской областям. Эти источники обладают высокой научной значимостью и позволяют реконструировать элементы повседневного быта казахского населения. Материалы из указанных сборников позволяют проанализировать тонкости социальной организации кочевников.

В статье на основе сопоставления количественных данных с социокультурным контекстом даётся представление о том, как экономические показатели влияли на трансформации в социальной структуре и изменениях в хозяйственных практиках.

Ключевые слова: социальная структура; казахское общество; институт байства; имперская и советская модернизация, социальная дифференциация.

Благодарность: Работа выполнена при финансовой поддержке Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан в рамках грантового финансирования (ИРН № AP23490445).

Sultangazy G. Zh., *¹ Nurbayev Zh. Ye. ², Yermenbayeva G. K. ³

¹*Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Scientific Institute for the Study of the Ulus of Jochi, Astana, Kazakhstan.*

E-mail: g_sultangazy@kazquu.kz

²*Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Kazakhstan Institute for Strategic Studies, Academic Professor, Department of General Education Disciplines, Maqsut Naricbayev University, Astana, Kazakhstan.*

E-mail: zhaslannurbayev@gmail.com

³*Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.*

E-mail: gulshan23@bk.ru

SOCIAL AND ECONOMIC REPRESENTATION OF BAIS IN THE STRUCTURES OF COLONIAL CAPITALISM

Abstract

In recent years, the study of the bai class as a distinct social category has gained increasing significance within the context of the development of domestic historiography. One of the factors contributing to the growing relevance of this topic has been the restoration of justice for the victims of Stalinist repressions, during which previously inaccessible archival documents directly related to this issue were declassified and introduced into academic circulation.

The aim of this article is to identify the factors that led to the emergence of the bai class as a separate social stratum. The chronological framework covers the period of the second half of the 19th century.

The empirical basis of the study includes statistical overviews and commemorative books related to the Semipalatinsk, Akmola, and Turgai regions. These sources are of high scholarly value and make it possible to reconstruct elements of the everyday life of the Kazakh population. The materials from these collections allow for an analysis of the intricacies of the nomadic social organization.

The article, based on a comparison of quantitative data with the sociocultural context, offers an understanding of how economic indicators influenced transformations in the social structure and changes in economic practices.

Keywords: social structure; Kazakh society; institute of bais; Imperial and Soviet modernization, social differentiation.

Acknowledgement: *The work was carried out with the financial support of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (IRN No. AP23490445) within the framework of grant funding.*

Кіріспе. Қазақ тарих ғылымында байларды қоғамның дербес әлеуметтік тобы ретінде қарастыру мәселесі біртіндеп маңызды зерттеу бағытына айнауда. Бұл қызығушылықтың артуына түрткі болған жайттардың бірі – сталиндік репрессия құрбандарын саяси тұрғыдан ақтау процесі және соған байланысты бұрын қолжетімсіз болған архив материалдарының жариялануы.

Көпес, бай, кәсіпкер, сауда дүкендерінің, өнеркәсіп орындарының желісін ұйымдастырушы, меценат, қайырымдылықпен де айналысушы – көп жағдайда осының бәрі бір адамның бейнесінде тоғысты. Сондықтан бұл әлеуметтік топқа деген зерттеушілік қызығушылық оның қоғамдағы орнын айқындап, көпестік сословиеге тән сапалық белгілерін нақтылауға мүмкіндік береді. 1980-жылдардың соңына дейін отандық тарихи ғылым көпестерге жеткілікті назар аудармай, олардың тарихын дербес зерттеу нысаны ретінде көп жағдайда елемей келді.

Көпестер – негізгі кәсіпкерлік сословие ретінде әрдайым ғалымдардың назарын аударар қойған жоқ, ал капиталистік қатынастардың қалыптасуы мәселесі, негізінен, әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды, пайда болған кәсіпорындарды зерттеу шеңберінде қарастырылды.

Қазақстандық тарихи ғылымда арнайы кешенді зерттеулердің болмауын ескере отырып, айта кетерлік жайт – Қазақстан аумағында буржуазияның қалыптасу ерекшеліктері, кәсіпкерлік қызмет пен көпестердің қоғамдық-саяси белсенділігі мәселесіне дореволюциялық та, қазіргі тарихнамада да белгілі бір деңгейде жүгінген.

Тарихи әдебиеттерде бай ұғымына қатысты түрліше түсіндірулер кездеседі: бай деп XIX ғасырдың екінші жартысындағы экономикалық реформалар аясында пайда болған мал шаруашылығының иесі, саудагер немесе кәсіпкер аталды. Сонымен қатар, кез келген ауқатты адам да «бай» деп аталды. Сондықтан байлар мен басқа әлеуметтік топтар арасындағы функционалдық айырмашылықтарға қатысты ортақ көзқарас жоқ.

Көшпелі экономиканың Ресей империялық экономикалық жүйесіне интеграциялануы әлеуметтік байланыстардың табиғатын өзгертті және қазақ қоғамының әртүрлі объективті және субъективті белгілерге (мүлік, білім) қарай ұсақ топтарға бөлінуіне алып келді. Алайда әлеуметтік таптар арасындағы шекара әртүрлі себептермен бұлдырап жатты. Осыған байланысты байларды біртұтас стратум ретінде қарастыратын ортақ белгілерді анықтау қиындық туғызады.

Мақалада байлардың жеке әлеуметтік категория ретінде бөлініп шығуына әсер еткен факторларды анықтау көзделеді. Хронологиялық шеңбер – XIX ғасырдың екінші жартысы.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің дереккөздер базасын Семей, Ақмола және Торғай облыстарының «Естелік кітаптары» мен статистикалық шолулары құрайды. Бұл дереккөздер ғылыми құндылыққа ие және қазақтардың күнделікті өмірін қайта қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Естелік кітаптар көшпелі қоғамның әлеуметтік құрылымындағы нәзік тұстарды ашып көрсетеді. Статистикалық шолулар мен облыстарға жіберілген есептер қазақ халқының саны, мал басы, табысы мен салық салу жүйесі туралы ақпараттарды қамтиды.

Статистикалық деректерді талдау олардың әлеуметтік контекспен байланысын – яғни шаруашылық көрсеткіштердің қазақтардың әлеуметтік құрылымы мен шаруашылық жүргізу тәжірибесіндегі өзгерістерге қалай әсер еткенін – бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы зерттеушілердің еңбектері де пайдаланылды.

Осы мақалада негізгі әдіс ретінде тарихнамалық талдау қолданылды. Байлар мәселесінің салыстырмалы түрде жақында ғана өзектілікке ие болуына қарамастан, тарихнамада бұл тақырыпқа қатысты елеулі материал жинақтады. Бұл деректерді қайта ой елегінен өткізіп, ғылыми тұрғыда дұрыс қолдану қажет.

Нәтижелер. Әлеуметтік-экономикалық тарихты зерттеудегі маңызды мәселелердің бірі – отарлық кезеңдегі қазақ қоғамының құрылымында жаңа әлеуметтік категориялардың қалыптасуын анықтау. Байларды жеке әлеуметтік тап ретінде анықтаудағы қиындықтар, ең алдымен, қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерімен байланысты. Ұзақ уақыт бойы дала жағдайында «бай» ұғымы кез келген әлеуметтік қабатқа тән мүлктік сипат ретінде қолданылған. Бұл туралы Наурызбай З. [1], Потапов Л. [2], Артықбаев Ж. [3], Бекмаханов Е. [4: 341] еңбектерінде аталған.

Байлар сирек жағдайда дербес зерттеу нысаны ретінде қарастырылды. Соған қарамастан, бұл мәселе бір формада болса да, экономикалық және әлеуметтік-саяси тарихқа арналған еңбектерде қарастырылған. Көшпелі экономикаға қатысты зерттеулердің басталуы патшалық кезеңге тиесілі екені сөзсіз. Бұл кезеңдегі еңбектердің басым бөлігі патша әкімшілігінің өкілдерімен жазылған. Бұл еңбектерде авторлар экономика мен этнографияға қатысты кең ауқымды мәселелерді қарастырғанымен, терең теориялық талдау жасалмаған. Сонымен қатар, бұл еңбектердің көбісі қазақ даласын географиялық және этнографиялық зерттеулерге арналған. Соған қарамастан, отарлық авторлардың еңбектері құнды фактілік деректермен ерекшеленеді.

Экономика мәселелеріне алғаш назар аударған еңбектердің қатарына Колмогоров Г. [5: 35], Гагенмейстер Я. [6] жұмыстарын жатқызуға болады. Бұл еңбектердегі статистикалық деректер қазақ халқының демографиялық, экономикалық және әлеуметтік жағдайын, сондай-ақ оның шаруашылық құрылымының ерекшеліктерін талдауға негіз болады. Ерекше назар аударатын тұсы – авторлар сипаттаған көшпелілердің экономикалық мінез-құлығындағы үрдістердің нақты жағдайлармен сабақтас келуі. Мысалы, Г.Колмогоров көшпелілер арасында тасымалдау қызметтері мен кәсіпкерлік қабілеттердің дамуын атап өтеді. Жүк тасымалы үшін ақы «жүктің санына, уақытқа және жол жағдайына байланысты есептелетін, бұл орайда қырғыздар (қазақтар) қымбат бағалардың жағдайында әрдайым пайда көретін» деп жазады [5: 14].

XIX ғасырдың екінші жартысында ұлттық шет аймақтарға қызығушылық арта түсті. Бұл кезеңде аумақтық және экономикалық құрылым, меншік қатынастары, әлеуметтік стратификация туралы зерттеулер пайда бола бастады (А.Алекторов [7, с. 81], И.Добросмыслов [8], Г.Н. Потанин [9], А.А. Кауфман [10, 11], Г.К. Гинс [12]). Империялық тарихнамада XIX ғасыр реформалары нәтижесінде көшпелі қоғамның әлеуметтік құрылымындағы өзгерістерге арналған еңбектер болды (Мейер [13]; Гейнс [14]). Н.Коншин [15, 16], Т.Седельников [17] еңбектері аймақтық тарих, жер пайдалану және әлеуметтік топтарға арналған. Бұл авторлардың еңбектерінде ауыл шаруашылығының дамуы, мал шаруашылығының жағдайы және экономикалық дамудың жаңа формаларының қалыптасуы туралы құнды фактілік мәліметтер қамтылған.

И.Добросмысловтың қазақ ауылындағы экономикалық даму мен әлеуметтік жіктелудің динамикасын талдаған еңбектері ерекше қызығушылық тудырады [18]. Ол кәсіпкерлік дағдылардың біртіндеп қалыптасуын және ұжымдық шаруашылық формаларынан жеке шаруашылық жүргізу үлгісіне көшу үдерісін сипаттайды.

Ш.Уәлиханов [19], С. Бабажанов [20], Ә.Бөкейханов [21] еңбектері де маңызды, себебі олар қазақ қоғамындағы трансформациялық процестердің шынайы бейнесін дәл көрсете білді.

Кеңестік тарихнамада байларды әлеуметтік топ ретінде бағалауда әртүрлі көзқарастар болды. Бұл тұрғыда ең өзекті мәселе – байлар тап ретінде қалай және қашан пайда болды деген сұрақ еді. Кейбір зерттеушілер бұл топтың капиталистік қатынастарға қатысы жоқ деп есептеді (Төлебеков С. [22: 505], Зиманов С. [23: 96]). Ал Вяткин М. [24], Шахматов [25], Сүлейменов [26] сияқты ғалымдар байларды XIX ғасырдың ортасында ақшалай айырбас (тауар-ақша қатынастары) негізінде қалыптасқан жаңа әлеуметтік стратум ретінде қарастырды. Әрине, кеңестік тарихнамада бұл мәселе маркстік-лениндік парадигма аясында ғана қарастырылды.

Байларды анықтауда таптық айырмашылық қағидасы қолданылды. Критерийлер екі негізгі белгіден тұрды: ауқаттылық және кедейлерді қанау (жалдама еңбек пайдалану, өсімқорлық, сауда және өндірістік мекемелер ұстау және т.б.). Бұл – кулактарды анықтауда қолданылған өлшемдерге ұқсас болды. Алайда әлеуметтік өмір – күрделі және көпқырлы құбылыс, оны идеологиялық тұрғыдан жеңіл түрде көшіру мүмкін емес. Бұдан бөлек, кеңестік тарихнамада меншік қатынастарын анықтауда бірізділік болған жоқ, ал ол көшпелі қоғамдағы әлеуметтік жіктелуінің негізі болатын. Кейбір зерттеушілер “таптық жіктелу” мал иеленуге негізделген деп санаса [25], басқалары жер иеленуге байланысты болды деп есептеді [24].

Қазіргі тарихнама аясында әлеуметтік жіктелу және байларды дербес әлеуметтік категория ретінде бөліп көрсету мәселесі әлі де толық шешілген жоқ. Бұл бағыттағы ең ауқымды зерттеулер Н.Масановтың [27, 28, 29] еңбектерінде көрініс тапқан. Онда әлеуметтік-экономикалық контекст арқылы күрделі әлеуметтік байланыстар жүйесі талданады. Оның пікірінше, «өндірістік қатынастар жүйесін талдау ... мүліктік жіктелу мен қоғамның әлеуметтік-экономикалық жіктелу үдерісі өндірістің өз ішінде объективті түрде туындап, таптық құрылымның дамуына табиғи түрде жол ашты» [29: 200]. Бұл дегеніміз, мүліктік жіктелу мен әлеуметтік поляризация – кез келген қоғамның экономикалық дамуы барысында орын алатын заңды үдеріс. Алайда бұл орайда шаруашылық жүргізу ерекшеліктерін де ескеру қажет: әлеуметтік жағдай тәжірибе, білім және малмен қамтамасыз етілу деңгейіне

байланысты болды. «Соның нәтижесінде, көшпелі қоғамдағы малмен қамтамасыз етілу дәрежесіне қарай жіктелу әмбебап әрі тұрақты сипатқа ие болып, басым парадигма ретінде қызмет етті» [29: 202].

Зерттеуші Ж.Әбілхожин [29] 1920-1930 жылдардағы саяси үдерістер қоғамның әлеуметтік құрылымына елеулі өзгерістер енгізгенін атап көрсетеді. Кеңестік билік қоғамды біртекті етуге ұмтылып, кәсіпкерлік қабілеті бар адамдарды – байлар деп аталатын әлеуметтік топты – жойып жіберді.

С.Жакишева өзінің түпнұсқалық әдістемесі негізінде «бай-жартылай феодал» категориясына жатқызылып, шамамен 800 000 адамның кәмпескелеу ұшырағанын көрсетеді [30, 31]. Қазақ ауылында мұндай көлемде ауқатты немесе бай шаруашылықтар қалыптасуы үшін экономикалық жағдай қолайлы болмаған. Демек, бұл жерде кеңестік билікке наразылық танытқан немесе оның саяси қарсыластарына жанашырлық танытқандарға қарсы бағытталған саяси акция туралы айтуға болады.

Осылайша, XIX ғасырдың екінші жартысындағы реформаларға дейінгі қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымы тұрақты әлеуметтік байланыстармен сипатталды. Туыстық және әлеуметтік қатынастар әлеуметтік тәртіп пен өзара қарым-қатынастың өзгеріссіз жүйесін құрады. Егер қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын Дюркгейм социологиясы тұрғысынан қарастырсақ, ол қоғам мүшелеріне мәжбүрлеуші күшке ие «әлеуметтік факт» ретінде көрінеді [32]. Жазылмаған мінез-құлық ережелері, топтар арасындағы өтудің шарттары қазақ өмірін реттеп отырды. Әлеуметтік жіктелуі көбіне бедел мен абыройға негізделді. Әрине, мүліктік жағдай жеке адамның стратификациядағы орнын анықтауда маңызды болған, алайда қазақтардың әлеуметтік иерархия бойынша жоғары көтерілуінде шешуші рөлді абырой мен бедел атқарған. Мұны, ең алдымен, ауыз әдебиеті (аңыздар, жырлар, ертегілер) арқылы жеткен деректер растайды.

Талқылау. Көшпелі емес мәдениеттерде бір әлеуметтік қабаттан екіншісіне өту көбіне материалдық базаға немесе билікке ие болуға байланысты болған. Ал қазақтардың көшпелі қоғамында жеке тұлғаның әлеуметтік иерархиядағы орнын анықтауда шешуші фактор – бедел, яғни жеке тұлға ретінде мойындалуы мен құрметке ие болуы болды.

Көшпелі шаруашылық түрі табиғи-климаттық жағдайларға жоғары деңгейде тәуелділікпен сипатталды; сондықтан көшпенді кезекті жұт немесе эпизоотия салдарынан байлығынан айырылып қалуы мүмкін еді. Сол себепті байлықтың мағынасы материалдық емес, ең алдымен рухани мәнде сакрализацияланды.

Осыған байланысты, мал басының көлемі әлеуметтік мәртебеге тікелей әсер етпейтін. Сонымен қатар, өндірістің басым формасы – ұжымдық еңбек болғанын ескеру қажет, мұнда артық өнімнің бөлінуі жеке меншікке емес, ру деңгейінде жүзеге асқан.

Қазақ қоғамы өзінің ішкі ерекшеліктерін ескере отырып, экономикалық және дәстүрлі факторларға негізделген әлеуметтік құрылымды қалыптастырды. Бірнеше ғасырлар бойы тұрақты және қайталанатын әлеуметтік байланыс формалары байқалды. Жоғарыда айтылған тарихи оқиғаларға дейін қоғам құрылымы біртекті болды. Ол өзінің ішкі функцияларын атқару қажеттілігіне сай бөлінді, бұл әлеуметтік тәртіпті сақтауға және тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған. Мысалы, билердің негізгі қызметі – көшпелі шаруашылықпен айналысу болған. Сонымен қатар, олар сот қызметін атқарған интеллектуалдық стратум өкілдері болды. Зерттеуші Ж.Мәжітова [33] билік институтын сипаттай отырып: «көшпелі қауымның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін әкімшілік, сот, әскери және өзге де қызметтерді атқарған институт» деп жазады [33]. Бұл сипаттама билік кәсіби қызметін айқындайды.

Батырларға қатысты жағдай да ұқсас. Теориялық дереккөздерге сүйене отырып, батырлықты құрметті, еңбегімен алынған атақ немесе әскери кәсіби категория ретінде анықтауға болады. Батырлық көбіне жай шаруалардан бастап, хан-сұлтандарға дейін берілетін мәртебе ретінде сипатталады. Мысалы, Хан Тәуке мен Сұлтан Бараққа да батыр атағы берілген. Осылайша, батырлар – талантты әрі беделді әскери элита тобының өкілдері болды.

Ең ірі және барлық басқа әлеуметтік топтарды біріктіретін – шаруа тобы. Алайда, жазба деректерде бұл топтың қызметтік ерекшеліктері мен ортақ белгілерін толық сипаттауға жеткілікті мәліметтер аз.

Осылайша, тарихнамалық талдау негізінде XVIII ғасырға дейінгі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында байлар жеке әлеуметтік стратум ретінде бөлінбегенін айтуға болады. Бай – әлеуметтік мәртебесіне қарамастан көшпендінің материалдық жағдайының сипаттамасы болды. Материалдық табыс көшпендіге саяси функциясы бар тұрақты қоғамдық орынды қамтамасыз ете алмады. Біріншіден, көшпелі өмір жағдайында және капитал жинақтаудың шектеулі мүмкіндіктерінде материалдық ауқат көбіне адамның кәсіпкерлік қабілетінің немесе еңбегінің нәтижесі болмады. Кедейлік те көбінесе табиғи апаттармен (жұттар мен мал індеттерімен) байланысты туындаған. Демек, материалдық жетістік – тұрақты әрі әлеуметтік мәртебені кепілдендіретін құндылық бола алған жоқ. Екіншіден, әлеуметтік тәртіп пен топтардың иерархиядағы орны тектік шығу тегі мен руға қатыстылығына негізделді. Саяси ықпал деңгейі материалдық байлықпен байланысты болмады: мысалы, кедей сұлтан бай шаруадан ықпалдырақ болуы мүмкін еді.

Дәстүрлі әлеуметтік құрылым XIX ғасырдың екінші жартысында әкімшілік және экономикалық реформалар жүзеге асырылған кезде өзгере бастады. Тиісінше, байлардың жеке институт ретінде қалыптасуына ықпал еткен факторлар жаңа экономикалық шындықпен және жаңа әлеуметтік қатынастар формасымен байланысты болды.

Империяны жаңғырту тек саяси құрылымға ғана емес, әкімшілік құрылымға тікелей әсер етумен қатар, бірқатар экономикалық сипаттағы шараларды да қамтыды. Отарлық әкімшіліктің жүргізген бірқатар шаралары шартты түрде «экономикалық бағдарлама» ретінде аталып, көшпелі өмірдің барлық салаларына әсер етті. Қостанай және Торғай уездерінің мысалында аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, экономикалық белсенділікті арттыруға бағытталған нақты шаралар қалай жүзеге асырылғанын байқауға болады. XIX ғасырдың 1890-жылдары А.Кауфман [11] жүргізген уездік зерттеулер негізінде бұл аймақтардың даму болашағы анықталды. Бірінші кезекте саудалық мал шаруашылығын дамыту көзделді. Жоғарыда аталған уездерде (1-кесте) 1880-1900 жылдар аралығында мал шаруашылығы мынадай жағдайға ие болды:

1-кесте. Торғай және Қостанай уездеріндегі мал шаруашылығының жағдайы

Уездер	1880	1890	1900
Торғай	483.965	781.474	580.342
Қостанай	1.330.585	1.086.891	755.586
Ескерту: [11] Әдебиеттердегі мәліметтерге сәйкес авторлар құрастырған			

Кестеде көрсетілген мәліметтерге сүйенсек, Торғай облысында 20 жыл ішінде мал саны 100 000-ға да жетпейтін аздаған өсімді көрсетеді. Ал Қостанай уезінде керісінше, мал басының азаюы байқалады. Бұл жағдай, ең алдымен, орыс шаруаларының аймаққа жаппай қоныс аударуымен байланысты. Бұл кезеңде табиғи және механикалық халық өсімі қатар жүріп жатқанын да ескеру қажет. Осыған байланысты әлеуметтік жіктелу айқындала түсіп, әлеуметтік қатынастардың сипаты өзгерді. Мәселен, 1896 жылғы Ф.Щербина экспедициясының деректері бойынша, Қостанай уезінде шаруашылықтардың 52,9%-ы небәрі 1-ден 5 басқа дейін мал ұстаған. Бұл – кедей, мал күші аз шаруа қожалықтары еді. Сол уақытта барлық шаруашылықтардың 9%-ын ғана құраған ауқатты шаруашылықтар барлық малдың 47,9%-ына ие болған [34: 12].

Көшпелі шаруашылықтан түскен табыс дала адамының өмір сүруі үшін жеткіліксіз болды. Төмендегі 2-кестеде қазақ шаруашылықтарындағы мал санының динамикасы көрсетілген. Мұнда ірі қара мал да енгізілген, бұл көш жолдарының қысқарғанын, өйткені сиырлар ұзақ көшке бейім емес екенін аңғартады. Сонымен қатар, мал саны тұрақсыз болғаны және оның біртіндеп азайып келе жатқаны байқалады.

2-кесте. Қазақ шаруашылықтарындағы мал басы саны

Жыл	Түйе	Жылқы	Ірі қара	Ұсақ мал
1885	68 686	475 200	186 612	2 420 610
1886	67 438	482 294	193 626	2 309 023
1887	58 500	441 613	198 905	1 964 213
1888	62 319	447 789	203 756	2 011 170
1889	62 319	451 259	202 993	2 049 343
1890	61 597	508 266	229 182	2 018 839
1892	58 499	460 269	210 149	1 936 771
Ескерту: [26] Әдебиеттер деректері негізінде авторлар құрастырған				

Екіншіден, қазақтар арасында егіншіліктің дамуы, бірақ бұл көбінесе шаруалар есебінен жүрді. Қазақтар бұрыннан егіншілікті қосымша шаруашылық ретінде жүргізген. Мысалы, 1875-1882 жылдар аралығында, яғни орыс қоныстанушыларының жаппай көшіп келуінен бұрын, қазақ шаруашылықтарындағы егістік көлемі 17 мыңнан 44 мың десятинаға дейін артты. А.Кауфманның мәліметіне қарағанда, мұндай өсім кейін қоныстанушылар тығыз орналасқан болыстарда байқалмаған [11].

Орыс шаруалары санының артуы және жайылымдардың қысқаруына байланысты, Қостанай уезіндегі қазақтар арасында егіншілік рөлі арта түсті. А.А. Кауфман былай дейді: «Қостанай уезінде бірнеше болыс бар, онда бір киіз үйге шаққандағы орташа егіс көлемі бір десятинадан да аз (0,7-0,8 десятина); бұларға оңтүстік-шығыстағы Жетіқара, Аманқарағай және солтүстік-шығыстағы Кіпі-Аралы, Мендіғара, Обаған болыстары жатады. Ал Кұмақ, Дамбар және Қарабалық болыстары – уездің батыс шекарасына жақын орналасқан және бұл жерлерде халықтың барлығы дерлік жер жырттып, егіншілік жалпы шаруашылықта маңызды рөл атқарады» [11].

Үшіншіден, сауданың дамуы. Көшпелі шаруашылық сөзсіз негізгі табыс көзі болды. Экономикалық мәртебесін сақтау үшін байлар мал шаруашылығын, егіншілікті және сауданы біріктіріп жүргізді. К.Гинс өзінің бір сапарында мынадай қызықты жазбалар қалдырған: «10 шілде күні біз Іле аңғарына қайтпақ болдық, бірақ бұрын шыққан қоныстан 60 шақырым шығысқа қарай жылжи отырып, жолда біз көшпелі жәрмеңкеге тап болдық. Жәрмеңке шағын, бір көшенің бойымен ғана орналасқан. Екі жағында қатар-қатар 20-25 киіз үй дүкенге айналған. Қазақ тұрмысында қажеттінің бәрі бар. Ортада екі түсті тумен белгі қойылған. Бір үйде гармошка тартылып жатты. Басқа бір үйде Тараншы “ашхана” ұйымдастырып, пельмендерді бір тиыннан сатып жатты» [12]. Мысалы, Қостанайда жыл сайын екі жәрмеңке – Покров және Петр жәрмеңкелері өткізіліп, Қостанай және Торғай уездерінің экономикасында маңызды рөл атқарған.

Этнограф, қоғам қайраткері Н.Коншин XX ғасыр басындағы қазақ байының типтік бейнесін былай сипаттайды: «Құрманғали – бойшаң, бай ақсақалға тән байсалды сөзі мен мінезі бар қазақ. Ол – көреген адам, менің келуім оған еш әсер етпеді. Қазақтардан оның бірнеше жүз жылқысы мен қойы бар екенін естідім, бірақ Құрманғалидың өзі қанша сұрасам да, тек жымып, жүзден артық жылқысы да, қойы да жоқ екенін қайталап айта берді. Қазақ даласында ол 3 десятина бидай, 1 десятина сұлы егеді. Ол бұрын саудамен де айналысқан: Өскеменнен мата тауарларын сатып алып, оларды далада қойға айырбастап, қойларын ірі мал саудагерлеріне өткізген» [15: 33].

Бұған дейін атап өткендей, ауқатты шаруашылықтар мал шаруашылығы, егіншілік және саудаға қатар сүйенді. Мысалы, 1895 жылы бай Н.Құлюковтың 360 жылқысы, 46 сиыры, 100 қойы және 30 десятина егіні болған. М.Қылышбаевтың – 140 жылқысы, 15 сиыры, 103 қойы және 29 десятина егіні; Д.Тақышиннің – 98 жылқысы, 16 сиыры, 103 қойы және 10 десятина; О.Қошановтың – 110 жылқысы, 30 сиыры, 300 қойы және 15 десятина егіні болған [34: 25].

Көшпендінің қаржылық жағдайы табыс көздерінің әртүрлілігіне қарамастан, негізінен мал санына байланысты анықталды. Отарлық кезеңнің деректеріне сүйенсек, бай және ауқатты шаруашылықтардың жалпы мал санына шаққандағы үлесі көрсетілген. Қоныстандыру басқармасының статистикасы бойынша, XX ғасыр басында Семей облысының Павлодар уезінде 12 500 кедей шаруашылық 63 500 жылқыға, ал небәрі 800 бай шаруашылық 172 700 жылқыға ие болған. Көкшетау мен Қостанай уездеріндегі ұсақ және ірі байлардың шаруашылықтары жалпы шаруашылықтардың 7,7-11,1%-ын құраса да, олар барлық жылқының – 47,7%, ірі қараның – 22%, ұсақ малдың – 34,5%-ын иеленген. Омбы уезіндегі кедей және орта шаруашылықтар (84%) қалған 16% бай шаруашылықтармен бірдей мал басына ие болған [26: 125].

Байлар, әсіресе капиталистік қатынастар жылдам дамыған аймақтарда, саудамен көбірек айналысты. Сондықтан жалдама еңбекті пайдаланатын бай шаруашылықтарының үлесі жоғары болды: Ақтөбе уезінде – 96,2%, Петропавл уезінде – 88,7%, Қостанай уезінде – 87,8% және т.б. [26: 86].

XIX ғасырдың екінші жартысында күнделікті деңгейде байлықты сауда немесе өсімқорлық арқылы жинаған «жаңа бай» бейнесі қалыптасты. Дала тұрғындарының тілдік қолданысына саудамен айналысқан немесе дәулетке ие болған қазақтарды атауға арналған жаңа терминдер енді. Мәселен, көшпелі сауданы кәсіп қылғандарды «ұзын-қоржын» деп атаған, себебі олар тауарларын киізден не кілемнен тігілген ұзын қоржындарда алып жүрген. Сондай-ақ «арбашы», «сабын-шабық» атаулары да кең таралған болатын [23: 250].

Семей облысы бойынша статистикалық шолуларда қазақ саудагерлері туралы мынадай мәліметтер келтіріледі: «Қалаларда, қоныстарда және көшпелі қырғыздар арасында мал шаруашылығымен айналысқан «алыпсатарлар» мен «саудагерлер» тұрады. Біріншілері мал мен мал өнімдерін мануфактуралық және өзге де тауарларға айырбастап, бұл үшін арбасымен далада үнемі жүреді. Екіншілері мал иесі көшпенділерге қарызға ақша беріп, белгілі уақыт өткен соң оны мүйізді ірі қара, жылқы және қой, сондай-ақ шикізат және жартылай өңделген өнімдер түрінде қайтарып алады» [35: 250].

Алыпсатарлар жеке әлеуметтік категория ретінде Қазақстан мен Ресей арасындағы сауда байланысының артуы, ресейлік нарықтарда қазақ малы мен шикізатына сұраныстың өсуімен байланысты пайда болды. Алыпсатарлардың делдалдығы арқасында мал мен шикізат шағын партиялармен Қазақстанның ең шалғай аймақтарынан жиналып, станицалар мен қалалардың базарларында шоғырланды. Одан әрі ол ірі мал саудагерлерінің қолына өтіп, Ресей нарығына жөнелтілетін. Мысалы, Румянцев комиссиясы Жетісу облысындағы алыпсатарлардың сауда әдістерін сипаттап: «Алыпсатарлардың көпшілігі уездегі қазақтардан малды аз мөлшерде сатып алып, Верный қаласында, Қарқаралы жәрмеңкесінде, Зайцев селосында және басқа базарларда қайта өткізетін ұсақ саудагерлерден құралған» деп жазды. Ірі базарлар мен жәрмеңкелерде, айырбас алаңдарында алыпсатарлардың басым бөлігі малды шағын партиялармен жергілікті қазақтардан сатып алып, оны ірі мал саудагерлеріне өткізген. Олардың көпшілігі ұсақ саудагерлер болатын [36: 186].

А.Добросмыслов олардың жай-күйін: «Қолдарында 50-100 рубль көлемінде айналым капиталы бар, олар тек малды сатып алып, сатумен күн көрді, кейде әр малдан небәрі 20-30 тиын пайдаға қанағат етті» деп сипаттаған. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы қазақ жер пайдалануы жөніндегі комиссиялар да алыпсатарлардың капитал көлемінің шағын екеніне назар аударған. Мәселен, Ақмола облыстық комиссиясы: «Алыпсатардың мал, тері, жүнді қайта сату, сондай-ақ мал айырбасы арқылы табатын пайдасы өте құбылмалы, 10-нан 60 рубльге дейін жетіп, орта есеппен 33 рубль құрады. Олар өз қаражатымен де, қарызға алған ақшамен де жұмыс істейді, айналымда 100-ден 300 рубльге дейін қаржысы болады» деп жазды [36: 272].

Қазақстан қалаларының базарларында әрекет еткен мал алыпсатарларының көптігін базарбашылардың «журналдарында» тіркелген сан алуан мысалдар дәлелдейді. Мәселен, 1860 жылдың 20 маусымында Жабын руынан шыққан қазақ Туатаевтың Б.Т. бөлімшесіндегі өкілі

Орынбор базарбашысына Дұртқарын руынан шыққан қазақ Мызыловтың К.П. бөлімшесіндегі өкіліне шағымданған. Оның айтуынша, соңғысы онымен бірге қырғыз қойларын сатып алып, оларды қайта сату барысында түскен 12 күміс рубльді жасырған. Базарбашының шешімі бойынша дау қырғыздың халықтық әдет-ғұрпы негізінде шешіліп, шағымданушыға 6 күміс рубль өтемақы берілген. Тағы бір мысал: 1861 жылдың 22 маусымында Арғын руынан шыққан қазақ Қаралық бөлімшесінің Б.Т. өкілі Троицк айырбас алаңының базарбашысына сол рудың Черкіш бөлімшесінің И.А. есімді өкіліне шағым түсірген. Шағымда ол: «Сатып алынған 15 қойдан түскен пайданы бірге сатуға келістік, алайда И.А. кейін келісімді мойындамай, қойларды өзі ғана сатып алдым деді» деп көрсеткен. Базарбашының шешімі бойынша пайда екіге тең бөлінген [37: 135-146].

XIX ғасырдың екінші жартысында және XX ғасырдың басында ресейлік нарықтағы сұраныс өсуіне байланысты мал мен шикізатты ірі ресейлік саудагерлерге қайта сатумен айналысатын қазақ делдалдарының саны арта түсті. Мысалы, 1909 жылы Семей уезінде 1084 қазақ саудагерінің 265-і алыпсатар болды. 1902 жылы Омбы уезінде 889 қазақ саудагерінің 290-ы, ал Қостанай уезінде 802 саудагердің 377-сі алыпсатар болған. Ақмола облысына қарасты Петропавл уезінде олардың үлесі ерекше жоғары болды: 1903 жылы 523 саудагердің 374-і, яғни 71,4%-ы алыпсатарлар еді. Бұл жағдай уездің Сібір темір жолына жақындығымен түсіндіріледі [38: 209].

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ саудагерлерінің негізгі бөлігін «көпестер» деп аталған дәулетті топ құрады. Саудагерлер, прасолдар мен алыпсатарлар секілді ұлттық сауда буржуазиясының төменгі қабатын құрады. Олардың сауда операциялары сан алуан болды. Қазақстан толықтай Ресейге қосылғанға дейін, яғни ортаазиялық саудагерлер үстемдік еткен кезеңде, тіпті орыс көпестері де көбіне ортаазиялық тауарларды таратуды жөн санаған кезде, қазақ саудагерлері хандықтардан тауар әкеліп, оларды ресейлік бұйымдарға айырбастайтын. 1851 жылы Кіші Орданың шығыс бөлігінің сұлтан-билеушісі: «Жаппас руының қазақтары Бухара, Ташкент және басқа ортаазиялық иеліктерден тауарлар: бөз, маталар, көрпелер, тіпті жібек бұйымдар мен жемістер әкеледі, ал ол жаққа темір, мыс және орыс тауарлары: шұға, сәтен, коленкор, плис апарады» деп хабарлаған. Саудагерлердің көпшілігі далада көшпелі саудамен айналысып, тауарды ірі көпестерден сатып алған немесе қарызға алған, ал Қазақстанда банктер ашылғаннан кейін оларды вексель бойынша алған. «Қазақ жер пайдалану материалдарында» бұл топтың қызметі: «Саудагерлер қалада тауарларды сатып алады немесе қарызға алады да, оларды далаға апарып, ақшалай сатады немесе малға, шикізатқа айырбастайды» деп сипатталған [35: 56].

Осылайша жинаған қаражат арқылы ұсақ қазақ саудагерлері қалаларға қоныстанып, тұрақты сауда орындарын аша бастады. XIX ғасыр зерттеушісі И.Крафт: «Қазақ арасында өсімқорлық кең тараған. Онымен барлық дәулетті адамдар айналысады. Бұл құбылыс ашық жүріп, халықтың әл-ауқатын азайтып, жеке тұлғалардың мол байлыққа кенелуіне жол ашты» деп жазды [39: 216].

Саудадағы кәсіби делдалдардың маңызды тобы – маклерлер болды. Қазақстанда оларды «маклак» немесе «прасол» деп атады. Өз кезегінде маклерлер кәсіби делдалдардың елеулі санатын құрады және базарлардағы мәмілелерде ақыға негізделген делдалдық қызмет көрсетті. Қазақстанда оларды маклак немесе прасол деп атады, әрі олар мал мен мал шаруашылығы өнімдерін сатып алу-сатуда маманданған болатын. Маклерлік қызмет топтық та, жеке де түрде жүзеге асырылды. Топтық сауда барысында бірнеше маклер бірігіп, малдың бағасын қолдан қымбаттатып, нәтижесінде сатушы оларға 15-20 тиын мөлшерінде комиссия төлеуге мәжбүр болған. Ал жеке жағдайда маклерлер қазақ және орыс тараптары арасында тілмаш әрі делдал рөлін атқарып, келісімнің жасалуына көмектескен. Мұндай қызметтері үшін олар айтарлықтай жоғары сыйақы алып, кейде бір мәміледен 50 тиынға дейін табыс табатын.

Делдалдық рөлді мойнына алған маклер сауда барысында сатып алушыға сатушының атынан шын сұраған бағадан әлдеқайда жоғары бағаны айтса, сатушыға керісінше, сатып алушы ұсынғаннан төмен бағаны жеткізген. Екі тарап мәмілеге келген соң, маклер жасалған сауданы

базарбашыға тіркеп, өзінің делдалдық қызметі үшін белгіленген ақыны алған. Топтық маклерлікте олардың әрқайсысы 15-20 тиыннан алса, жеке жағдайда бір мәміледен 50 тиынға дейін табыс табатын. Далада қойдың орташа бағасы 1 рубльден 1 рубль 50 тиынға дейін болғанын ескерсек, мұндай делдалдық айтарлықтай қымбатқа түскен. Добромыслов өзінің Торғай облысына қатысты еңбектерінде маклерлерді «дала тарантулалары» деп атаған [40: 83].

XIX ғасырдың соңында тіпті шағын елді мекендерде ондаған адам маклерлікпен айналысқан. Мысалы, Иргиз қаласында олардың саны 70-ке жеткен, оның 32-сі қазақтар еді. Базарбашылардың «журналдарында» маклерлердің әрекеттеріне байланысты даулар жиі тіркелген. Кеңестік зерттеуші Т.Литвинова 1860 жылғы шағымды мысалға келтіреді: қазақ Қадырбай руынан шыққан адам маклерлік ақы үшін дауласып, базарбашы талап етілген соманы едәуір қысқартқан [37: 139].

Сауда керуендерін ілесіп жүру қазақтар сұранысқа ие болған тағы бір сала еді. Азия бағытындағы сауда ең алдымен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты бірқатар міндеттерді шешуді талап етті. Бұл тек көпестердің ғана емес, олардың әкелген тауарларының да сақтығына қатысты болды. Тауарды тасымалдау барысында да, керуенге ілескен көпестер мен адамдардың өміріне де қауіп төндіретін ықтимал қатерлер әрқашан орын алды. Сауда экспедициялары жүретін бағыттар жиі қарақшылық топтардың шабуылына ұшырап отырды.

«Ирбит жәрменкелік парақшасында» көптеген қазақтардың Ақмола мен Петропавл арасында тауар тасуға жалданып жұмыс істегені жөнінде хабарланады. Онда: «Ақмоладан Ташкентке дейінгі тауар тасымалы түгелдей дерлік қырғыздардың қолында. Жүк иелері қазақтар арқылы жеткізуді өте қолайсыз деп санайды, себебі қазақтар Ташкентке жеткізуге уәделесіп, ақысының бір бөлігін алдын ала алып, сол қаржыға түйе сатып алып, бұрынғы қарыздарын өтеп, отбасыларын өздерінің жоқтығы кезінде қажеттінің бәрімен қамтамасыз етеді» делінген. Зерттеушілер В.З. Галиев пен С.Ф. Мажитов атап өткендей, көпестік керуендерге шабуыл жасау Қазақ даласында дәстүрлі құбылысқа айналған. Мәселен, 1830-жылдары Сібір шекаралық сызығында 20 ташкенттік қазан көпесі Мұхтар Мұхаррамовтың бұйрықшысында жүрген татар Ғайит Халитовты тонап, оның 415 қойын, 4 түйесін және бір жылқысын тартып алып, өзін тұтқынға әкеткен. Бұл оқиға шөмекей ауылы маңында сауда жүргізу кезінде орын алған [41: 204].

Осыған байланысты қорғау мен күзет қызметін ұйымдастыру қажеттігі туындады. Мұндай міндетті жер жағдайын жақсы білетін қазақтардың атқаруы тиімді деп есептелді. Петропавл Орта Азия хандықтарымен және Қытаймен сауданың орталығына айналды. Орта Азиядан солтүстік өңірлерге өтетін негізгі сауда жолы Ақмола мен Петропавл арқылы жүрген. Сонымен қатар бірнеше қосымша бағыттар болған: Атбасар арқылы Пресногорьков бекінісіне; Сузақ пен Сарысу арқылы Атбасардан Троицкіге дейін; Әулиеата, Шу өзені бойымен Балқаш көлінің батыс жағалауы арқылы Ақмолаға; сондай-ақ Қарқаралы арқылы Павлодарға дейін. Маршруттарды ұйымдастыру мен олардың қауіпсіз өтуі көбіне казачествомен қатар қазақ кәсіпкерлерінің қолында болды.

Мысалы, Ташкенттен Ақмолаға дейінгі толық жолға бір түйеге төленетін ақы 13-тен 20 рубльге дейін бағаланған. Керуен бұл жолды 45-тен 60 күнге дейін жүріп өткен. Тауар тасымалының негізгі құралы арбалар болған. Жүкті жеткізу құны маусымға байланысты өзгеріп, пұт үшін 25-тен 45 тиынға дейін жеткен. Қазақ кәсіпкерлері әдетте тасымалды ішкі аймақтарда жүзеге асырған. Ф.Усовтың мәліметінше, олар жылына 80 мың пұтқа дейін тауар тасымалдаған [42: 58].

Сауда-саттықты дамыту және қазақтардан сауда сосоловиясын қалыптастыру саяси шешімдер мен экономикалық іс-шаралар кешенін қамтитын жаңғырту процестерімен байланысты болды. Нәтижесінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық құрылымының өзгеруі және жаңа әлеуметтік категориялардың қалыптасуы болды. Сауда-саттық ұлттық буржуазиясы капитал көлеміне және сауда көлеміне байланысты әр түрлі топтарда ұсынылды. Жиналған материалға сүйене отырып, сауда операцияларына жәрдемдесу бойынша қызметтер көрсеткен алыпсатарлар, маклактар, саудагерлер мен бірқатар топтарды бөліп көрсетуге

болады. Осы кезеңде алыпсатарлар сияқты топ құрылды, бұл қазақ тілінен аударғанда сатушы-делдалдар дегенді білдіреді. Бұл байдың Ресейдің орталық провинцияларында дала тауарларына: малға, мал шикізатына деген үлкен сұранысқа ілесе алмауына байланысты болды. Олар, шын мәнінде, Қазақстанның ең шалғай аудандарынан ресейлік мал сатушыларға мал жеткізіп, делдалдар рөлін атқарды. Саудагерлер тауарларды тасымалдаушылардың бір түрі және сонымен бірге оларды сатушылар болды. Осындай қызметке байланысты бастапқы капиталға ие бола отырып, олар қалада әртүрлі сауда кәсіпорындарының желісін құрды. Осылайша, біртіндеп мұндай саудагерлер айналымдар соншалықты үлкен болмаса да, 1-ші және 2-ші гильдияға кіре бастады. Бірақ өткен ғасырдың басында қазақтардың саудаға қатысуы айтарлықтай өсті. Соған қарамастан, олар негізінен саудагерлер, делдалдар, алыпсатарлар қатарын толықтырды. Сауда заты көбінесе мал болғандықтан, мал табынына иелік ететін қазақ бай империяның орталық аймақтарына тауар жеткізудің арқасында қомақты ақша жинады. Осылайша, қазақтарды саудаға тарту, маңызды экономикалық орталықтарға айналған жәрмеңкелерге қатысу арқылы әлеуметтік трансформация орын алды. Атап айтқанда, Омбы, Петропавл және басқа қалалардағы жәрмеңкелер Сібір мен қазақ бай адамдарының саудасы үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етті. Бай мал және мал шаруашылығы өнімдерінің саудасына белсенді қатысты, бұл қалалық және ауылдық аудандар арасындағы сауда-экономикалық байланыстардың қалыптасуына ықпал етті.

Қазақ байлары тауар операцияларында делдалдық және капиталды жинақтау арқылы сауданы игерді. Бастапқы кезеңде қазақтар ірі көпестер үйлері мен көшпелі шаруашылықтар арасындағы тауар айналымына қатысқан приказшылар немесе ұсақ саудагерлер ретінде әрекет етті. Тапсырыс берушілер тауарларды жеткізуге, Қазақ даласында сатуға және қарыздарды жинауға жауапты болды, біртіндеп тәжірибе жинақтап, операцияларын кеңейтті. Саудасаттықтың бұл тәсілі капиталдың тез өсуіне және аймақтың экономикалық өміріне әсерін қамтамасыз етті. Әсіресе Қазақстанмен шекаралас аудандарда тауар айналымының өсуімен қазақ кәсіпкерлері жергілікті экономиканың дамуына белсенді қатыса бастады. Олар жинақталған қаражатты сауда операциялары мен өсімқорлық операцияларды кеңейтуге жұмсады, бұл айтарлықтай пайда әкелді. Бірте-бірте қазақ бай ірі мәмілелерге қосыла бастады, делдал ретінде ғана емес, сонымен қатар өзінің сауда кәсіпорындарын басқара бастады. Қазақ бай мал шаруашылығы өнімдерін зауыттық бұйымдар мен басқа да өнеркәсіптік тауарларға айырбастау үшін негізгі тауар ретінде пайдаланды, бұл олардың жәрмеңке саудасына интеграциялануына ықпал етті. Негізгі назар Ресейде және шетелде өндірілетін тауарларға жергілікті өнімдерді (тері, ет, жүн) айырбастауға аударылды. Бұл қазақ байларының экономикалық жағдайын нығайтып қана қоймай, өңірлер арасындағы тауар алмасуды дамытуға да септігін тигізді. Осылайша, өзгерген әлеуметтік-экономикалық жағдайда қазақ саудагерлерінің қалыптасуы объективті және заңды процесс болды. Ресей экономикасына интеграция дәстүрлі экономиканы өзгертуді талап етті. Әлеуметтік топтардан қызметі жаңа экономикалық шындыққа сәйкес келетін жаңа таптар ерекшелене бастады.

Қазақ көпестерінің қалыптасуы Ресейдің еуропалық бөлігінен әртүрлі әлеуметтік топтардың өкілдерінің көші-қоны нәтижесінде де, жергілікті халық есебінен де орын алды. Саудагерлер тобын толықтырудың негізгі көздерінің бірі мал және мал шаруашылығы өнімдерінің саудасы арқасында капитал жинаған байлар – қазақ мал иелері болды. Бай элитасы ірі сауда операцияларымен белсенді айналысты, бұл олардың кейбіреулеріне танымал саудагерлер болуға мүмкіндік берді. Қазақтарды көпестер тобына жатқызу мәселесі әлі де аз зерттелген. Мұрағат құжаттарында саудагерлер туралы ақпарат этникалық емес, діни негізде жинақтап жазылған. Ресейдің капиталистік жаңғыруы мен Қазақстанның отарлық дамуы қазақтардың дәстүрлі өмір салтын өзгертті. Көшпелі өмір салтының қысқаруы, Ресей өнеркәсібінің шикізат пен өткізу нарықтарына деген қажеттілігінің артуы жергілікті халықты сауда қатынастарына белсенді қатысуға итермеледі. Шетелдіктерге еркін сауда жағдайын жасауға рұқсат беру сияқты реформалар қазақ саудагерлерінің көбеюіне ықпал етті. Осылайша, қазақ саудагерлері сауда мен кәсіпкерліктің жаңа түрлерін біртіндеп игерді, бұл

оларға өңірдің экономикалық өмірінде белсенді рөл атқаруға мүмкіндік берді. Батыс Сібір мен Қазақстанның жәрмеңкелері олардың экономикалық қызметі үшін маңызды алаңға айналды, бұл қазақтардың Ресей империясының сауда және экономикалық процестеріне интеграциялануына ықпал етті. XIX-XX ғасырдың басында Петропавл, Ақмола және Қостанай қалаларының әлеуметтік-мәдени кеңістігін қалыптастырудағы байлардың рөлін зерттеу осы өңірлердің экономикалық және мәдени дамуына байланысты негізгі аспектілерді анықтауға мүмкіндік берді. Кәсіпкерлік топтар аталған қалалардың экономикалық өсуіне ықпал етіп қана қоймай, сонымен қатар қалалық инфрақұрылымды, білім беру мекемелері мен мәдени нысандарды құруда белсенді рөл атқарды, бұл оларды зерттелетін кезеңдегі әлеуметтік-мәдени өзгерістердің маңызды факторына айналдырды.

Қазкрайком билігінің алғашқы кезеңіне қарай қазақ ауылы дәстүрлі иерархиялық құрылымын әлі де сақтап тұрған еді. Бұл құрылымда байлар малды қайта бөлу тетіктерінде ғана емес, сондай-ақ билік қатынастарын реттеуде де шешуші рөл атқарды. Шаруашылық жүйесі аралас сипатта болды: көшпелі мал шаруашылығы мен егіншілік қатар дамыды. Сонымен бірге қазақ малшылар мен орыс шаруалары арасындағы тауар алмасу күнделікті тәжірибеге айналған болатын. Дәл осы кеңістік жаңа әлеуметтік топтардың – делдалдардың, яғни көпестердің, ұсақ саудагерлердің және алыпсатарлардың пайда болуына жағдай жасады [43: 140-141].

1928 жылғы «Кіші Қазан» науқаны түбегейлі бетбұрыс кезеңіне айналды. «Жартылай феодалдық байға» қарсы бағытталған антииерархиялық тәркілеу кампаниясы және оған қоса жергілікті кадрларды ішкі репрессиялық іс-әрекеттерге жаппай тарту бұрынғы әлеуметтік механизмдерді күйрете бастады [44]. Бұдан кейін, 1930 жылғы қаңтарда Қазкрайком отырықшылықты ұжымдастырумен байланыстырып, седентаризацияға дербес қаржыландыру бөлуден бас тартты. Ал 1931 жылдың желтоқсанында арнайы нұсқау қабылданып, 1932 жылдың соңына дейін отырықшылықты аяқтау міндеттелді. Мұндай қысқа мерзім мен ауқымды көлем көшпелі экономиканың іргесін шайқап, оның табиғи даму заңдылықтарын бұзды [43: 155].

Жағдайға бейімделу мақсатында байлар түрлі тактикаларды қолданды. Олардың ішінде «өздігінен деклассациялану» (табындарын сатып жіберу, шаруашылықты ұсақ бөліктерге бөлу, мүлікті туыстарының атына жазу), кооперативтік ұйымдарға кіру немесе жаңа кеңестік институттардың төменгі буын қызметтеріне орналасу, сондай-ақ рулық-тайпалық байланыстарды кеңестік органдарда пайдалану сияқты күнделікті «саяси гибридизация» формалары көзге түседі. 1920-1930 жылдардағы деректер бұл құбылыстарды айғақтайды [45]. Белгілі бір ықпалды шаруашылықтар мен делдалдар бейресми айырбас алаңдарына кеткенімен, түпкілікті шешуші фактор мемлекеттің бүкіл дәстүрлі құрылымды колхоздар мен кооперация жүйесіне тарту арқылы «мемлекеттендіру» әрекеті болды. Бұл үдеріс жеке сауданы тыйып, бұрынғы әлеуметтік-экономикалық өзара тәуелділіктің тіректерін күйретті [43: 165].

1931-1933 жылдары зорлықпен жүргізілген ұжымдастыру, отырықшыландыру және дайындық саясаты қазақ мал шаруашылығын күйретіп, жаппай босқыншылық пен қасіретті өлім-жітімге әкелді. Дәстүрлі ауылдық «элитаның» елеулі бөлігі жер аударылды, репрессияға ұшырады немесе кооперативтік және совхоздық номенклатураға сіңіп кетті. Нәтижесінде байлар, көпестер және алыпсатарлар дербес әлеуметтік топтар ретінде өмір сүруін тоқтатты: бір жағынан – әкімшілік жолымен жойылды, екінші жағынан – кеңестік институттарға кіріктірілді.

Қорытынды. Осылайша, қазақтың көшпелі қоғамының әлеуметтік құрылымы – ең алдымен, оның шаруашылық ерекшеліктерімен айқындалатын тұрақты өзара тәуелді қатынастар жүйесі болды. Бұл қоғамдағы әлеуметтік позициялар жүйесінен және көшпелілердің ондағы орналасуынан көрініс табады. Әлеуметтік топтар арасындағы функционалдық айырмашылықтар әлеуметтік қатынастардың тұрақтылығы мен ұйымдасқан сипатын қамтамасыз етті.

Байлар – қазақ қоғамындағы дербес категория. Байлардың жеке әлеуметтік топ ретінде бөлінуі көшпелі шаруашылық құрылымындағы өзгерістермен қатар жүрді. XVIII ғасырға дейін «байлар» ұғымы көбінесе мүліктік жағдайдың сипаттамасы ретінде қолданылғаны жазба дереккөздермен дәлелденеді. Ал отарлық кезең – көшпелі өмірдің барлық салаларын өзгеріске ұшыратқан дәуір – жаңа әлеуметтік категориялардың пайда болуына алып келді. Байлар дербес мәртебеге қол жеткізу үшін бірқатар қоғамдық функцияларды атқарды.

Көшпендінің жоғары қаржылық жағдайы қоғам үшін пайдалы өзге де әрекеттермен толықтырылуы тиіс еді. Байлар бір мезгілде қазақ ауылы мен экономикасының тірегі және жаңа әлеуметтік-экономикалық шындықтарға бейімделе алған үлгі тұтар тұлғалар болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Наурызбай З. Четыре облака. – Алматы: Научно-образовательный фонд «Аспандау», 2022. – 412 с.
- 2 Потапов Л.П. Сакральное значение слова «богатый» в Алтае-саянских тюркских языках (по этнографическим материалам) // *Turcologica*. – Л.: Наука. – 1986. – С. 230-237.
- 3 Артыкбаев Ж.О. Казахское общество в XIX веке: традиции и инновации. – Караганда: Полиграфия, 1997. – 330 с.
- 4 Бекмаханов Е.Б. Байское хозяйство в Казахстане и его особенности во второй половине XIX - начале XX в. // *Вопросы истории сельского хозяйства, крестьянства и революционного движения в России*. – М., 1961. – С. 338-347.
- 5 Колмогоров Г. О промышленности и торговле в киргизских степях Сибирского ведомства. – Б.М., 1850. – 38 с.
- 6 Гагеймейстер Ю.А. Статистическое обозрение Сибири. Ч. 2, 3. – СПб, 1854. – 359 с.
- 7 Алекторов А.Е. Очерк народного образования в Тургайской области: летопись, 1744-1898 гг./Оренбург: Типолитография Ф.Б. Сачкова, 1900. Вып. 2. - 1900. – С. 81-160.
- 8 Добросмыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк // *Известия Оренбургского отделения Императорского русского географического общества*. Вып. №17, Т. 1. – Тверь: Типолитография Н.М. Радионова, 1902. – 524 с.
- 9 Потанин Г.Н. Заметка о хлебопашестве в киргизской степи // Г.Н. Потанин. Исследования и материалы. Ин-т истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова М-ва образования и науки РК; сост. тома и указ. транскрипция текстов, историографический очерк К.Ш. Алимгазинова; науч. ред. И.В. Ерофеева. - Алматы: Дайк-Пресс, 2006. - С. 333.
- 10 Кауфман А.А. Переселение и колонизация. СПб.: Тип. т-ва "Общественная польза", 1905. - IX, 349. - 81 с.
- 11 Кауфман А.А. Отчет по командировке в Тургайскую область для выяснения вопроса о возможности ее колонизации. Часть 1. – 1896. – 190 с.
- 12 Гинс Г.К. В киргизских аулах // *Исторический вестник*. – 1913. – №10. [Electronic resource] - URL: http://az.lib.ru/g/gins_g_k/text_1913_v_kirgizskih_aulah.shtml (қаралған күні: 16.07.2024).
- 13 Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. – СПб. – 1865. – 289 с.
- 14 Гейнс А.К. Киргиз-кайсаки // *Собрание литературных трудов*. – СПб., 1987. – С. 21-179.
- 15 Коншин Н. По Устькаменогорскому уезду. Путевые заметки. //Памятная книжка Семипалатинской области на 1900 г. Выпуск IV. Семипалатинск. Типография Семипалатинского областного правления, 1900 г. - 166 с.
- 16 Коншин Н. Очерки экономического быта киргиз Семипалатинской области. Очерк первый. Киргизы на казачьих землях// *Памятная книжка Семипалатинской области на 1901 г. Выпуск V. Семипалатинск. Типогр.Семипал.Обл.Правления и Торгового дома «П.Плещеев и К.»*, 1901. - 183 с.
- 17 Седельников Т.И. Борьба за землю в Киргизской степи: (киргизский земельный вопрос и колонизационная политика правительства) / Т.Седельников. - СПб.: С. Дороватовский и А.Чарушиников, 1907. - 79 с.

- 18 Добросмыслов А.И. Овцеводство в Тургайской области // Оренбургский край, 1893 г., №61, 27 мая. [Electronic resource] - URL: <https://kazneb.kz/ru/bookView/view?brId=1556245&simple=true> (қаралған күні: 16.07.2024).
- 19 Валиханов Ч. Записка о судебной реформе. Алматы: ВШП "Әділет", 1999. – 98с.
- 20 Бабаджанов М-С. Сочинения. (сборник статей 1861-1871 гг.). – Алматы: САНАТ, 1996. - 44 с.
- 21 Бөкейханов А. Шығармалары (Сочинения). – Алматы: Жалын, 1994. - 334 с.
- 22 Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVI-начале XX века. Политико-экономический анализ. – Алма-Ата: Наука Казахской ССР, 1971. – 636 с.
- 23 Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX века. – Алма-Ата: АН КазССР, 1958. – 293 с.
- 24 Вяткин М. Социально-экономическое развитие Средней Азии. Историограф. очерк 1865-1965 гг. / Предисл. А.Сапелкина. – Фрунзе: Илим, 1974. – 263 с.
- 25 Шахматов В.Ф. К вопросу о сложении и специфике патриархально-феодалных отношений в Казахстане // Вестник АН КазССР, 1951, №7. - С.18-36.
- 26 Сулейменов Б. Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX - начала XX в. (1867 - 1907 гг.). – Алма-Ата: Издательство Академии наук КазССР, 1963. – 411 с.
- 27 Масанов Н. Проблемы социально-экономической истории Казахстана на рубеже XVIII-XIX веков. – Алма-Ата: Наука, 1984. – 176 с.
28. Масанов Н. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности кочевнического общества. Алматы «Социнвест» – Москва «Горизонт», 1995. – 320 с.
- 29 Абылхожин Ж.Б., Алимбай Н.А., Турганбаева Л.Р., Орынбаева Г.У., Жумадилов А.К. Очерки по истории традиционной структуры казахов в первые советские десятилетия: социально-экономические и социокультурные аспекты. – Алматы: ЛЕМ, 2022. – 455 с.
- 30 Жакишева С.А. Элиминация байских хозяйств на рубеже 20-30-х гг. XX в.: новые подходы, методы и технологии. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 222 с.
- 31 Жакишева С.А. Дебаизация и раскулачивание в Казахстане в 20-х-30-х гг. XX в.: новые источники и подходы // Материалы международной научной конференции «Историческая информатика как historical data science» и XVIII конференции Ассоциации «История и компьютер»: к 30-летию АИК и 10-летию журнала «Историческая информатика». – М.: МГУ им. М.В. Ломоносова, 11-13 ноября 2022 г. – С. 314-319.
- 32 Дюркгейм Э. О разделении общественного труда. Метод социологии. М. 1990. С. 413.
- 33 Мажитова Ж. Институт биев: подходы и интерпретации в российской и казахстанской историографии. М.2020. «КДУ». - 370 с.
- 34 Малехоньков В. Социально-экономическое развитие Кустанайского и Тургайского уездов во второй половине XIX века. – Кустанай. 1959. - 40 с.
35. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Т. 4. Семипалатинская область: Павлодарский уезд. – Воронеж, 1903 – 318 с.
36. Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства, и землепользования в Семиреченской области. Собрание разработанное под руководством П.П. Румянцева. Том IV Верненский уезд. Киргизское хозяйство. Санкт-Петербург, 1913. – С. 270.
37. Литвинова Т. К вопросу о формировании национального торгового капитала в Казахстане // Ученые записки. Том XXXVIII. Серия экономическая. Выпуск II. Алма-Ата, 1957. – С. 135-146.
- 38 Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Т. 5. Тургайская область: Кустанайский уезд. – СПб., 1903 – 216 с.
- 39 Крафт И. Судебная часть в Туркестанском крае и в степных областях. Памятная книжка Тургайской области 1899 года. Оренбург, 1899. – С. 478.

40. Добросмыслов А.И. Торговля в Тургайской области. Оренбург: Типолитография П.Н.Жаринова, 1898. – 112 с.
41. История колонизации Казахстана в 20-60-х годах XIX в. / Под ред. В.З. Галиева, С.Ф.Мажитова. Алматы: Изд-во «Мектеп», 2009. – С. 249.
42. Усов Ф. Статистическое описание Сибирского казачьего войска. СПб., 1879. – С.120.
43. Pianciola N. Famine in the Steppe: The Collectivization of Agriculture and the Kazak Herdsmen, 1928-1934 // *Cahiers du Monde Russe* 45(1-2), 2004: 137-192.
44. Mirzaeva N., Pirnazarov D. From the Formation History Of Russian Settlements In Hunger Steppe And Their Socially Economic Position (The End Of XIX – Beginning XX Centuries) // *American Journal of Social Science and Education Innovations* 03, no. 03 (2021): 528-33. <http://dx.doi.org/10.37547/tajssei/volume03issue03-84>.
45. Ohayon I. The Soviet State and Lineage Societies: Doctrine, Local Interactions, and Political Hybridization in Kazakhstan and Kirghizia During the 1920s and 1930s // *Central Asian Affairs* 3, 2 (2016): 163-191.

References:

- 1 Nauryzbaj Z. Chetyre oblaka [Four Clouds]. – *Almaty: Nauchno-obrazovatel'nyj fond «Aspandau»*, 2022. - 412 p. [in Russian].
- 2 Potapov L.P. Sakral'noe znachenie slova «bogatyj» v Altae-sajanskijh tjurkskijh jazykah (po jetnograficheskim materialam) [The Sacred Meaning of the Word "Wealthy" in the Altai-Sayan Turkic Languages (Based on Ethnographic Materials)]// *Turcologica*. – L.: Nauka. – 1986. - Pp. 230-237. [in Russian].
- 3 Artykbaev Zh.O. Kazahskoe obshhestvo v XIX veke: tradicii i innovacii [Kazakh Society in the 19th Century: Traditions and Innovations]. – *Karaganda: Poligrafija*, 1997. – 330 p. [in Russian].
- 4 Bekmahanov E.B. Bajskoe hozjajstvo v Kazahstane i ego osobennosti vo vtoroj polovine XIX - nachale XX v. [Bai Economy in Kazakhstan and Its Features in the Second Half of the 19th – Early 20th Century]. // *Voprosy istorii sel'skogo hozjajstva, krest'janstva i revoljucionnogo dvizhenija v Rossii*. – M., 1961. – Pp. 338-347. [in Russian].
- 5 Kolmogorov G. O promyshlennosti i torgovle v kirgizskijh stepjah Sibirskogo vedomstva [On Industry and Trade in the Kyrgyz Steppes of the Siberian Administration]. – B.M., 1850. – 38 p. [in Russian].
- 6 Gagejmejster Ju. A. Statisticheskoe obozrenie Sibiri [Statistical Review of Siberia]. Ch. 2, 3. – SPb, 1854. – 359 p. [in Russian].
- 7 Alektorov A. E. Oчерк narodnogo obrazovanija v Turgajskoj oblasti: letopis', 1744-1898 gg. [Essay on Public Education in the Turgai Region: Chronicle, 1744-1898.]. /Orenburg: Tipolitografija F. B. Sachkova, 1900. Vyp. 2. - 1900. – Pp. 81-160. [in Russian].
- 8 Dobrosmyslov A.I. Turgajskaja oblast'. Istoricheskij oчерk [Turgai Region: A Historical Essay]. // *Izvestija Orenburgskogo otdelenija Imperatorskogo russkogo geograficheskogo obshhestva*. Vyp. №17, T. 1. – Tver': Tipolitografija N.M. Radionova, 1902. – 524 p. [in Russian].
- 9 Potanin G. N. Zametka o hlebopashestve v kirgizskoj stepi [A Note on Agriculture in the Kyrgyz Steppe]. // G. N. Potanin. Issledovanija i materialy. In-t istorii i jetnologii im. Ch. Ch. Valihanova M-va obrazovanija i nauki RK; sost. toma i ukaz. transkripcija tekstov, istoriograficheskij oчерk K. Sh. Alimgazinova; nauch. red. I. V. Erofeeva. - *Almaty: Dajk-Press*, 2006. - Pp. 333. [in Russian].
- 10 Kaufman A. A. Pereselenie i kolonizacija [Resettlement and Colonization]. SPb.: Tip. t-va "Obshhestvennaja pol'za", 1905. - IX, 349. - 81 p. [in Russian].
- 11 Kaufman A.A. Otchet po komandirovke v Turgajskuju oblast' dlja vyjasnenija voprosa o vozmozhnosti ee kolonizacii. Chast' 1 [Report on a business trip to the Turgai region to clarify the question of the possibility of its colonisation. Part 1]. – 1896. – 190 p. [in Russian].
- 12 Gins G. K. V kirgizskijh aulah [In Kyrgyz villages]. // *Istoricheskij vestnik*. – 1913. – №10. [Electronic resource] - URL: http://az.lib.ru/g/gins_g_k/text_1913_v_kirgizskijh_aulah.shtml (circulation date 16.07.2024). [in Russian].

13 Mejer L. *Kirgizskaja step' Orenburgskogo vedomstva* [Kirghiz steppe of the Orenburg department]. – SPb. – 1865. – 289 p. [in Russian].

14 Gejns A. K. *Kirgiz-kajski* [Kirghiz-Kaisaks]. // *Sobranie literaturnyh trudov*. – SPb., 1987. – Pp. 21-179. [in Russian].

15 Konshin N. *Po Ust'kamenogorskemu uezdu. Putevye zametki* [On Ustkamenogorsk uyezd. Travelling notes]. // *Pamjatnaja knizhka Semipalatinskoj oblasti na 1900 g. Vypusk IV. Semipalatinsk. Tipografija Semipalatinskogo oblastnogo pravlenija*, 1900 g. – 166 s. [in Russian].

16 Konshin N. *Oчерки jekonomicheskogo byta kirgiz Semipalatinskoj oblasti. Oчерk pervyj. Kirgizy na kazach'ih zemljah* [Sketches of economic life of the Kyrgyz of Semipalatinsk region. Essay one. Kirghiz on Cossack lands]. // *Pamjatnaja knizhka Semipalatinskoj oblasti na 1901 g. Vypusk V. Semipalatinsk. Tipogr.Semip.Obl.Pravlenija i Torgovogo doma «P.Pleshheev i K.»*, 1901. – 183 s. [in Russian].

17 Sedel'nikov T.I. *Bor'ba za zemlju v Kirgizskoj stepi: (kirgizskij zemel'nyj vopros i kolonizacionnaja politika pravitel'stva)* [Struggle for Land in the Kyrgyz Steppe: (the Kyrgyz Land Question and the Government's Colonisation Policy)]. / T. Sedel'nikov. – SPb.: S. Dorovatovskij i A. Charushnikov, 1907. – 79 p. [in Russian].

18 Dobrosmyslov A.I. *Ovcevodstvo v Turgajskoj oblasti* [Sheep breeding in the Turgai region]. // *Orenburgskij kraj*, 1893 g., №61, 27 maja. [Electronic resource] – URL: <https://kazneb.kz/ru/bookView/view?brId=1556245&simple=true> (circulation date 16.07.2024). [in Russian].

19 Valihanov Ch. *Zapiska o sudebnoj reforme* [Note on judicial reform]. *Almaty: VShP "Ədilet"*, 1999. – 98p. [in Russian].

20 Babadzhanov M-S. *Sochinenija. (sbornik statej 1861-1871 gg.)* [Essays. (A collection of articles from 1861-1871)]. – *Almaty: SANAT*, 1996. – 44 p. [in Russian].

21 Bøkejhanov A. *Shyžarmalary (Sochinenija)* [Essays]. – *Almaty: Zhalyn*, 1994. – 334 p. [in Kazakh].

22 Tolybekov S.E. *Kochevoe obshhestvo kazahov v XVI-nachale XX veka. Politiko jekonomicheskij analiz* [Nomadic society of Kazakhs in the XVI-early XX century. A political economy analysis]. – *Alma-Ata: Nauka Kazahskoj SSR*, 1971. – 636 p. [in Russian].

23 Zimanov S.Z. *Obshhestvennyj stroj kazahov pervoj poloviny XIX veka* [Social order of Kazakhs of the first half of the XIX century]. – *Alma-Ata: AN KazSSR*, 1958. – 293 p. [in Russian].

24 Vjatkin M. *Social'no-jekonomicheskoe razvitie Srednej Azii. Istoriogr. oчерk 1865-1965 gg.* [Socio-economic development of Central Asia. Historiographical sketch 1865-1965]. / *Predisl. A. Sapelkina*. – *Frunze: Ilim*, 1974. – 263 p. [in Russian].

25 Shahmatov V.F. *K voprosu o složenii i specifike patriarhal'no-feodal'nyh otnoshenij v Kazahstane* [To the question about the complexity and specificity of patriarchal-feudal relations in Kazakhstan]. // *Vestnik AN KazSSR*, 1951, №7. – Pp.18-36. [in Russian].

26 Sulejmenov B. *Agrarnyj vopros v Kazahstane poslednej treti XIX - nachala XX v. (1867 - 1907 gg.)* [Agrarian question in Kazakhstan of the last third of XIX - beginning of XX century (1867 - 1907)]. – *Alma-Ata: Izdatel'stvo Akademii nauk KazSSR*, 1963. – 411 p. [in Russian].

27 Masanov N. *Problemy social'no-jekonomicheskoi istorii Kazahstana na rubezhe XVIII-XIX vekov* [Problems of socio-economic history of Kazakhstan at the turn of XVIII-XIX centuries]. – *Alma-Ata: Nauka*, 1984. – 176 p. [in Russian].

28 Masanov N. *Kochevaja civilizacija kazahov: osnovy zhiznedejatel'nosti nomadnogo obshhestva* [Nomadic civilisation of Kazakhs: basics of nomadic society]. *Almaty «Socinvest» – Moskva «Gorizont»*, 1995. – 320 p. [in Russian].

29 Abylhozhin Zh.B., Alimbaj N.A., Turganbaeva L.R., Orynbaeva G.U., Zhumadil A.K. *Oчерки po istorii tradicionnoj struktury kazahov v pervye sovetskie desjatiletija: social'no-jekonomicheskie i sociokul'turnye aspekty* [Essays on the history of the traditional structure of Kazakhs in the first Soviet decades: socio-economic and socio-cultural aspects]. – *Almaty: LEM*, 2022. – 455 p. [in Russian].

30 Zhakisheva S.A. *Jeliminacija bajskih hozjajstv na rubezhe 20-30-h gg. HH v.: novye podhody, metody i tehnologii* [Elimination of Bai farms at the turn of 20-30-ies of the XX century: new

approaches, methods and technologies]. Monografiya. – Almaty: Qazaq universiteti, 2021. – 222 p. [in Russian].

31 Zhakisheva S.A. Debaizacija i raskulachivanie v Kazahstane v 20-h-30-h gg. XX v.: novye istochniki i podhody [Debaitisation and raskulachivanie in Kazakhstan in the 20s-30s of the XX century: new sources and approaches]. // Materialy mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii «Istoricheskaja informatika kak historical data science» i XVIII konferencii Associacii «Istorija i komp'juter»: k 30-letiju AIK i 10-letiju zhurnala «Istoricheskaja informatika». – M: MGU im. M.V. Lomonosova, 11-13 nojabrja 2022 g. – Pp.314-319. [in Russian].

32 Djurkgejm Je. O razdelenii obshhestvennogo truda. Metod sociologii [On the division of social labour. Method of Sociology]. M. 1990. S. 413. [in Russian].

33 Mazhitova Zh. Institut biev: podhody i interpretacii v rossijskoj i kazahstanskoj istoriografii [Institute of biys: approaches and interpretations in Russian and Kazakh historiography]. M.2020. «KDU». – 370 p. [in Russian].

34 Malehon'kov V. Social'no-jekonomicheskoe razvitie Kustanajskogo i Turgajskogo uezdov vo vtoroj polovine XIX veka [Socio-economic development of Kustanay and Turgay uyezd in the second half of the XIX century]. – Kustanaj. 1959. – 40 p. [in Russian].

35. Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniyu, sobrannye i razrabotannye ekspediciy po issledovaniyu stepnyh oblastej [Materials on Kyrgyz land use collected and developed by the expedition for the study of steppe regions]. T. 4. Semipalatinskaya oblast': Pavlodarskij uezd. – Voronezh, 1903 – 318 s. [in Russian].

36. Materialy po obsledovaniyu tuzemnogo i russkogo starozhil'cheskogo hozyajstva, i zemlepol'zovaniya v Semirechenskoj oblasti [Materials on the survey of native and Russian old-timers, and land use in the Semirechensk region]. Sobranie razrabotannoe pod rukovodstvom P.P. Rumyanцева. Tom IV Vernenskij uezd. Kirgizskoe hozyajstvo. Sankt-Peterburg, 1913. S. 270. [in Russian].

37. Litvinova T. K voprosu o formirovanii nacional'nogo trgovogo kapitala v Kazahstane [On the formation of national trading capital in Kazakhstan] // Uchenye zapiski. Tom XXXVIII. Seriya ekonomicheskaya. Vypusk II. Alma-Ata, 1957. – S. 135-146. [in Russian].

38 Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniyu, sobrannye i razrabotannye ekspediciy po issledovaniyu stepnyh oblastej [Materials on Kyrgyz land use collected and developed by the expedition for the study of steppe regions]. T. 5. Turgajskaya oblast': Kustanajskij uezd. – SPb., 1903 – 216 s.) [in Russian].

39 Kraft I. Sudebnaya chast' v Turkestarskom krae i v stepnyh oblastyah. Pamyatnaya knizhka Turgajskoj oblasti 1899 goda [The judicial part in the Turkestan region and in the steppe regions. Commemorative book of the Turgai region in 1899]. Orenburg, 1899. S. 478. [in Russian].

40. Dobrosmyslov A.I. Torgovlya v Turgajskoj oblasti [Trade in the Turgai region]. Orenburg: Tipolitografiya P.N. ZHarinova, 1898. – 112 s. [in Russian].

41 Istoriya kolonizacii Kazahstana v 20-60-h godah XIX v. [The history of colonization of Kazakhstan in the 20-60s of the XIX century] / Pod red. V.Z. Galieva, S.F. Mazhitova. Almaty: Izd-vo «Mektep», 2009. S. 249. [in Russian].

42 Usov F. Statisticheskoe opisanie Sibirskogo kazach'ego vojska [Statistical description of the Siberian Cossack army]. SPb., 1879. – s.120. [in Russian].

43 Pianciola N. Famine in the Steppe: The Collectivization of Agriculture and the Kazak Herdsmen, 1928-1934 // Cahiers du Monde Russe 45(1-2), 2004: 137-192.

44 Mirzaeva N., Pirnazarov D. From the Formation History Of Russian Settlements In Hunger Steppe And Their Socially Economic Position (The End Of XIX – Beginning XX Centuries) // American Journal of Social Science and Education Innovations 03, no. 03 (2021): 528-33. <http://dx.doi.org/10.37547/tajssei/volume03issue03-84>.

45 Ohayon I. The Soviet State and Lineage Societies: Doctrine, Local Interactions, and Political Hybridization in Kazakhstan and Kirghizia During the 1920s and 1930s // Central Asian Affairs 3, 2 (2016): 163-191.

К.К. Базарбаев  *¹, А.О. Мукашева  ²

¹*PhD, доцент, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан, Қазақстан, E-mail: kanat.bazarbayev@ayu.edu.kz

²Аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
Шымкент, Қазақстан, E-mail: ardak.mukasheva01@gmail.com

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫН ҰЛТТЫҚ-МЕМЛЕКЕТТІК МЕЖЕЛЕУ САЯСАТЫ: СЕБЕПТЕРІ МЕН САЛДАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақала 1920-1930-жылдары Кеңес үкіметінің ұлттық саясат аясында Орталық Азиядағы түркі халықтарын ұлттық-мемлекеттік межелеу саясатына арналған. Автор түркі халықтарының біртұтас мәдени-этникалық кеңістігін жеке ұлттық республикаларға бөлуге алып келген тарихи және идеологиялық алғышарттарды қарастырады. Большевиктік биліктің бұл саясаттағы негізгі мақсаты – өңірге бақылау орнату, пантүркізм мен панисламизм қозғалыстарын әлсірету және формалды түрде тең құқықты, бірақ орталыққа бағынышты ұлттық құрылымдарды қалыптастыру болғаны көрсетіледі. Межелеу дәстүрлі этносаралық қарым-қатынастарды бұзып, этникалық өзіндік сана-сезімнің күшеюіне, әсіресе шекаралық аймақтарда этникалық шиеленістер мен дағдарыстардың туындауына жол ашты. Кеңес дәуірінде белгіленген әкімшілік шекаралар кейінірек тәуелсіз мемлекеттердің мемлекеттік шекарасына айналып, посткеңестік кезеңде территориялық даулар мен этносаралық келіспеушіліктерге себеп болды. Мақалада межелеу салдарынан туындаған туыстас халықтар арасындағы тарихи байланыстардың үзілуі, жасанды этникалық бірегейліктердің қалыптасуы, бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан аумақтық даулар мен этникалық келіспеушіліктер мәселелері талданады. Сонымен қатар, ұлттық-аумақтық межелеудің қазіргі тәуелсіз Орталық Азия мемлекеттерінің шекараларының қалыптасуына әсері зерттеледі. Архивтік деректер мен заманауи зерттеулерге сүйене отырып, автор межелеудің КСРО-ның отарлық басқару стратегиясының маңызды бөлігі болғанын дәлелдейді. Бұл жұмыс тарихшыларға, саясаттанушыларға және өңірді зерттеушілерге арналған.

Кілт сөздер: Орталық Азия, түркі халықтары, КСРО, ұлттық саясат, межелеу, этнос, шекаралар, пантүркізм, бірегейлік.

Алғыс айту: Бұл зерттеу жұмысы ҚР Ғылым және Жоғары білім министрлігінің «Түркі тілдес мемлекеттердің тарихи-мәдени ықпалдастығын қалыптастырудың саяси, құқықтық тәжірибесі және даму бағыттары» тақырыбындағы гранттық жоба аясында жүргізілді. (тіркеу номері: АР 19676634)

К.К. Базарбаев *¹, А.О. Мукашева ².

¹PhD, доцент, Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясави,
Туркестан, Казахстан.
E-mail: kanat.bazarbayev@ayu.edu.kz

²Старший преподаватель, Южно-Казахстанский университет им.М.Ауезова,
Шымкент, Казахстан. E-mail: ardak.mukasheva01@gmail.com

НАЦИОНАЛЬНО-ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПОЛИТИКА РАЗМЕЖЕВАНИЯ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: ПРИЧИНЫ И ПОСЛЕДСТВИЯ

Аннотация

Данная статья посвящена политике национально-государственного размежевания тюркских народов в Центральной Азии в 1920-1930-е годы в рамках национальной политики Советской власти. Автор рассматривает исторические и идеологические предпосылки, приведшие к разделению единого культурно-этнического пространства тюркских народов на отдельные национальные республики. Показано, что главной целью большевистской власти в этой политике было установление контроля над регионом, ослабление пантюркистских и панисламистских движений, а также формирование формально равноправных, но подчинённых центру национальных образований. Размежевание нарушило традиционные межэтнические отношения, способствовало усилению этнического самосознания и стало причиной возникновения этнических напряжённостей и кризисов, особенно в приграничных районах. Административные границы, установленные в советский период, позднее превратились в государственные границы независимых стран и в постсоветское время стали источником территориальных споров и межэтнических разногласий. В статье анализируются проблемы разрыва исторических связей между родственными народами, формирования искусственных этнических идентичностей, территориальных конфликтов и этнических противоречий, сохраняющихся до наших дней. Кроме того, исследуется влияние национально-территориального размежевания на формирование границ современных независимых государств Центральной Азии. Опираясь на архивные материалы и современные исследования, автор доказывает, что размежевание было важной частью колониальной стратегии управления СССР. Работа предназначена для историков, политологов и исследователей региона.

Ключевые слова: Центральная Азия, тюркские народы, СССР, национальная политика, размежевание, этнос, границы, пантюркизм, идентичность.

Благодарность: Это исследование выполнено в рамках грантового проекта Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Политический и правовой опыт формирования историко-культурной интеграции тюркоязычных государств и направления её развития» (регистрационный номер: АР 19676634).

K.K. Bazarbayev *¹, A.O. Mukasheva ²

¹PhD, Associate professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
Turkistan Kazakhstan. E-mail: kanat.bazarbayev@ayu.edu.kz

²Senior Lecturer, M.Auezov South Kazakhstan University
Shymkent, Kazakhstan. E-mail: ardak.mukasheva01@gmail.com

POLICY OF NATIONAL-STATE DETERMINATION OF TURKISH PEOPLES IN CENTRAL ASIA: CAUSES AND CONSEQUENCES

Abstract

This article examines the policy of national-territorial delimitation of the Turkic peoples in Central Asia during the 1920s-1930s within the framework of Soviet national policy. The author analyzes the historical and ideological prerequisites that led to the division of the unified cultural and ethnic space of the Turkic peoples into separate national republics. It is shown that the main goal of the Bolshevik authorities in this policy was to establish control over the region, weaken Pan-Turkist and Pan-Islamist movements, and create formally equal but centrally subordinate national entities. The delimitation disrupted traditional interethnic relations, contributed to the strengthening of ethnic self-awareness, and caused ethnic tensions and crises, especially in border areas. The administrative boundaries established during the Soviet period later turned into the state borders of independent countries and, in the post-Soviet period, became a source of territorial disputes and interethnic conflicts. The article analyzes the problems of ruptured historical ties among related peoples, the formation of artificial ethnic identities, territorial disputes, and ethnic contradictions that persist to this day. In addition, the impact of national-territorial delimitation on the formation of the borders of modern independent Central Asian states is explored. Based on archival sources and contemporary studies, the author demonstrates that delimitation was an important part of the USSR's colonial governance strategy. This work is intended for historians, political scientists, and regional researchers.

Keywords: Central Asia, Turkic peoples, USSR, national policy, delimitation, ethnicity, borders, Pan-Turkism, identity.

Acknowledgement: This research was carried out within the framework of the grant project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan titled “Political and Legal Experience of Forming Historical and Cultural Integration of Turkic-speaking States and Its Development Directions” (registration number: AP 19676634).

Кіріспе. Орталық Азиядағы түркі халықтарын ұлттық-мемлекеттік межелеу мәселесі – қазіргі тарихи және саяси зерттеулерде ерекше маңызға ие тақырыптардың бірі. Бұл мәселе ХХ ғасырдың 20-30-жылдары Кеңес Одағы жүзеге асырған ұлттық саясаттың аясында пайда болып, аймақтың этникалық және аумақтық құрылымына түбегейлі өзгерістер әкелді. Кеңестік биліктің ұлттық республикалар құру жолындағы әрекеттері түркі халықтарының тарихи, мәдени және тілдік біртұтастығын бұзып, этностарды жасанды түрде бөлшектеуге алып келді.[1]

Бүгінгі таңда бұл тақырыптың өзектілігі посткеңестік кеңістіктегі этникалық сәйкестік, шекаралық даулар, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру және аймақтық тұрақтылық мәселелерімен тікелей байланысты. Әсіресе, Орталық Азия мемлекеттері арасындағы шекаралық келіспеушіліктер мен этносаралық шиеленістердің тамыры дәл осы межелеу саясатына барып тіреледі. Сол себепті, межелеу үдерісінің себептері мен салдарын жан-жақты зерттеу – тек өткенді түсіну үшін емес, қазіргі және болашақ саяси, әлеуметтік үрдістерді болжау үшін де маңызды.

Осы зерттеудің негізгі мақсаты – Кеңес Одағы жүргізген ұлттық-мемлекеттік межелеу саясатының Орталық Азиядағы түркі халықтарына тигізген әсерін жан-жақты талдау. Атап айтқанда, межелеу саясатының тарихи алғышарттарын, идеологиялық негіздерін, жүзеге асыру тетіктерін және оның этникалық, аумақтық, саяси салдарларын анықтау көзделеді. Сонымен қатар, бұл саясаттың қазіргі Орталық Азия мемлекеттерінің шекаралық, этносаралық және геосаяси қатынастарына қалай әсер еткенін көрсету де зерттеудің маңызды бағыты болып табылады.

Орталық Азиядағы түркі халықтарын ұлттық-мемлекеттік межелеу саясаты – 1920-1930-жылдары жүргізілген кеңестік ұлт саясатының маңызды әрі күрделі кезеңдерінің бірі. Бұл үдеріс өңірдің этникалық, әкімшілік және саяси картасын түбегейлі өзгертіп, қазіргі күнге дейін шекаралық қақтығыстар, этносаралық шиеленістер мен ұлттық бірегейлік мәселелерін туындатып отыр.

Ғылыми әдебиеттерде бұл тақырып кеңестік және посткеңестік кезеңдерде түрлі көзқараспен зерттелген. Кеңестік тарихнамада, әсіресе Е.В. Островский мен А.Н. Алисов секілді зерттеушілердің еңбектерінде, межелеу "лениндік ұлт саясатының" табысты жүзеге асуы, одақтас республикалардың құрылуы және "халықтар достығының" нығаюы ретінде сипатталды. Ал посткеңестік кезеңде М.Қ. Қойгелдиев, Б.С. Сұлтанов (Қазақстан), Р.Масов (Тәжікстан), Т.Зокиров (Өзбекстан) секілді зерттеушілер бұл үдерісті сын тұрғысынан қарастырып, межелеудің жасанды сипаты мен оның этносаяси зардаптарын атап өтті. Халықаралық деңгейде американдық зерттеуші Терри Мартин өзінің «Империя положительных действий» еңбегінде кеңестік ұлт саясатын империялық құрал ретінде қарастырса, Оксфорд университетінің профессоры Оливер Рой Орталық Азиядағы ұлтшылдық пен ислам арасындағы тепе-теңдікке назар аударды. Марта Брилл Олкотт (Martha Brill Olcott) және Ширин Акинер (Shirin Akiner) секілді зерттеушілер кеңестік межелеу саясатының салдарын қазіргі Орталық Азиядағы мемлекетаралық қатынастар мен шекаралық даулардың негізі ретінде көрсетеді [2].

Алайда бұрынғы зерттеулерде кешенді, пәнаралық тәсілдің жетіспейтін тұстары байқалады. Көп жағдайда тарихи-мәдени, этнолингвистикалық және геосаяси аспектілер жеке-жеке қарастырылып, біртұтас талдау жасалмаған. Сонымен қатар, межелеудің түркі халықтарының әрқайсысына тигізген салдарын салыстырмалы түрде зерттеу жеткіліксіз. Бүгінгі күнгі посткеңестік аймақтағы өңірлік саясаттың өзектілігін ескере отырып, кеңестік этносаясаттың тетіктерін жаңаша қырынан қарастыру қажеттілігі туындайды. Осы зерттеу аталған олқылықтардың орнын толтыруды мақсат етеді.

Орталық Азиядағы түркі халықтарын ұлттық-мемлекеттік межелеу – 1920-1930-жылдары жүзеге асырылған, бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоймаған, өңірдің этносаяси құрылымына терең әсер еткен тарихи үдеріс. Бұл тақырыпты зерттеу қажеттілігі бірнеше дәлелді себептерге негізделеді.

Біріншіден, межелеу саясаты Орталық Азиядағы этникалық және әкімшілік құрылымды түбегейлі өзгертті. Бұл үдеріс түркі халықтарының тарихи-мәдени тұтастығын бұзып, этникалық бытыраңқылықты күшейтті. Қазіргі кездегі шекаралық қақтығыстар мен этносаралық шиеленістердің түп-төркіні сол кезеңдегі шешімдермен тығыз байланысты.

Екіншіден, бүгінге дейінгі зерттеулер көбіне жекелеген елдер не халықтар аясында қарастырылып, ұлттық-мемлекеттік межелеудің бүкіл аймаққа ортақ тарихи-саяси феномен ретіндегі кешенді сипаты толық ашылмаған. Түркі халықтарының ортақ тарихы мен кеңестік этносаясат контекстіндегі салыстырмалы талдау қажет.

Үшіншіден, КСРО-ның ұлт саясатын сын тұрғысынан қайта қарау арқылы кеңестік биліктің отарлық басқару тәсілдерін тереңірек түсінуге жол ашылады. Бұл тек ғылыми емес, қоғамдық-саяси тұрғыдан да маңызды, себебі тарихи әділеттілікке қол жеткізу мен этностар арасындағы өзара сенімді нығайту үшін қажет.

Төртіншіден, зерттеу практикалық маңызға да ие: қазіргі қайшылықтардың тарихи негізін түсіну – мемлекетаралық қатынастарды реттеу, өңірлік ынтымақтастықты күшейту және этносаралық тұрақтылықты қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

Осылайша, бұл зерттеу ғылыми олқылықтарды толықтырумен қатар, Орталық Азияда тарихи мұраны қайта бағалауға, өңірлік тұрақтылықты нығайтуға және сындарлы диалогты дамытуға үлес қосатын өзекті ғылыми жұмыс болып табылады.

Материалдары мен әдістер. Зерттеудің әдістемелік негізі ретінде тарихи-салыстырмалы әдіс пен құжаттарды контент-талдау әдісі таңдап алынды. Бұл әдістер Кеңес үкіметінің саяси шешімдері мен Орталық Азиядағы ұлттық құрылымның өзгерістері арасындағы өзара байланыстарды тиімді талдауға мүмкіндік береді.

1. Тарихи-салыстырмалы әдіс

Бұл әдіс межелеу саясатының әртүрлі республикаларда (Өзбек КСР, Қазақ КСР, Түрікмен КСР, Қырғыз КСР және Тәжік КСР) жүзеге асырылу жолдарын салыстыруға арналған. Сондай-ақ межелеу кезіндегі қолданылған өлшемдердегі айырмашылықтарды (этнографиялық, экономикалық, аумақтық);

жергілікті элиталар мен халықтың түрліше реакцияларын; түркі халықтарының саяси санасына әсерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс әр республиканың ерекшеліктерін, сондай-ақ кеңестік ұлттық саясаттағы ортақ заңдылықтарды ашуға септігін тигізеді.

2. Құжаттарды контент-талдау әдісі

Контент-талдау келесі дереккөздерді қамтиды:

ресми құжаттар (БК(б)П ОК қаулылары, халық комиссариаттарының нұсқаулары, межелеу комиссияларының хаттамалары, картографиялық материалдар);

мұрағаттық құжаттар (жергілікті партия органдарының есептері, баяндама хаттар, хат алмасулар);

публицистикалық және ғылыми еңбектер (сол кезеңдегі);

заманауи тарихнамалық зерттеулер (Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей зерттеушілерінің еңбектері).

Бұл әдіс ресми құжаттарда қолданылған негізгі идеологиялық тұжырымдарды анықтап, қабылданған шешімдердің астарындағы саяси мақсаттарды талдауға және олардың логикалық тізбегін қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Осылайша, тарихи-салыстырмалы және контент-талдау әдістерінің үйлесімі межелеу саясатының логикасын, жүзеге асу тетіктерін және оның түркі халықтарының ұлттық бірегейлігіне тигізген салдарын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді.

Нәтижелер және талқылаулар. 1924 жылы Кеңес өкіметі Орталық Азияда ұлттық-мемлекеттік межелеуді жүзеге асыру туралы шешім қабылдады. Бір қарағанда бұл әділеттілікке бағытталған қадам секілді көрінді: әр халыққа – өз аумағы, өз билік органдары, мәдениеті мен тілін дамытуға мүмкіндік. Алайда әдемі ұрандардың астарында мүлдем басқа мақсат жатты: Мәскеу аймақты толық бақылауға алуды, түркі халықтарын бөліп-жаруды және олардың саяси бірлігін болдырмауды көздеді [3].

Межелеуді жүргізу үшін арнайы комиссиялар құрылды. Олардың құрамына орталық биліктің өкілдерімен қатар жергілікті интеллигенцияның да бір бөлігі кірді. Формалды түрде халық санағының деректері, этнографиялық карталар мен зерттеушілердің есептері пайдаланылды. Бірақ шешім қабылдауда басты рөлді саясат атқарды: қай жерге шекара жүргізу тиімді, қандай қаланы «сенімді қолда» қалдыру керек, халық арасындағы ықтимал қарсылықты қалай әлсіретуге болады деген мәселелер шешуші болды.

1924 жылғы ұлттық-мемлекеттік межелеу Орталық Азия тарихындағы бетбұрыс сәттердің бірі болды. Кеңес өкіметі ғасырлар бойы тағдыры тоғысқан қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен және тәжік халықтары мекендеген алып әрі көпұлтты аймақта «тәртіп орнатуды» көздеді. «Халықтардың өзін-өзі анықтау құқығы» деген ұрандар айтылғанымен, Мәскеудің басты мақсаты – түркі халықтарының бірлігін әлсірету және аймақты басқаруды жеңілдету еді [4].

Межелееуді жүзеге асыру үшін Мәскеуде РКП(б) Орталық Комитеті жанынан Арнайы Орталық Азия комиссиясы құрылды. Қағаз жүзінде оның міндеттері «ғылыми» сипатта болды: халық санағының деректерін жинау, этнографиялық карталарды талдау, шаруашылық көрсеткіштерін зерттеу. Жергілікті жерлерде де аймақтық және облыстық комиссиялар жұмыс істеп, мәліметтер жинап, ұсыныстарын Мәскеуге жолдап отырды.

Алайда іс жүзінде жағдай мүлде басқаша өрбіді. Комиссиялар қай жерде қазақтар, қай жерде өзбектер көбірек тұратынын талқылағанымен, шешуші фактор этникалық құрам емес, саяси және экономикалық мүдде болды. Мәселен, Ташкент қаласының тағдыры этникалық көрсеткіштермен қатар, оның болашақ индустрияландыру орталығы ретіндегі стратегиялық рөлімен анықталды.

Комиссиялармен қатар, ұлттық элита өкілдері де белсенділік танытты. Әрқайсысы өз халқының мүддесін қорғауға тырысты. Файзолла Ходжаев, болашақ Өзбек КСР басшысы, Самарқан мен Бұхараны Өзбекстан құрамына енгізуге күш салды. Ол өзбектерді жаңа республиканың «өзегі» деп санап, оның саяси салмағын арттыруға ұмтылды. Сұлтанбек Қожанов, қазақ қайраткері, Ташкент пен Сырдария облысын Қазақ АКСР-іне қайтару үшін белсенді күресті. Оның дәлелдері этнографиялық деректерге де, шаруашылық байланыстардың логикасына да негізделді. Тәжік өкілдері, соның ішінде Абдулкадир Мұхитдинов, тәжік халқының жеке аумақтық бірлігін талап етті. Соның нәтижесінде Өзбек КСР құрамында Тәжік АКСР-і құрылып, кейін толыққанды одақтас республикаға айналды.

Түрікмен қайраткерлері де дербестікке қол жеткізу жолында табанды болды. Олардың еңбегі нәтижесінде Түрікмен КСР-і дүниеге келді [5].

1924 жыл Орталық Азия тарихында ерекше бетбұрыс кезең болды. Мәскеу бұрынғы әкімшілік бірліктерді – Түркістан АКСР-ін, Бұқара және Хорезм халық республикаларын таратып, олардың орнына «ұлттық негізде» жаңа республикалар құруға шешім қабылдады. Басты ұран – әділеттілік пен халықтардың өзін-өзі анықтау құқығы болса да, шын мәнінде, бұл қадам Мәскеудің билігін күшейту және түркі халықтарының бірлігін әлсірету мақсатында жасалды.

Қазақтар үшін бұл процесс айрықша маңызды әрі ауыр болды. Әңгіме тұтас аймақтардың тағдыры туралы еді: Ташкент, Сырдария облысы, Шымкент, Әулиеата. Егер дер кезінде ұлттық мүдде қорғалмаса, бұл өңірлер басқа республикалардың құрамына өтіп кетуі мүмкін болатын. Осы кезеңде қазақ зиялылары тарихи сахнаға шығып, халықтың атынан сөз сөйледі.

1924 жыл Орта Азия халықтарының тағдырына айрықша әсер еткен тарихи кезең болды. Кеңес билігі Мәскеудің нұсқауымен ұлттық-мемлекеттік межелееу саясатын жүргізіп, Түркістан АКСР-ін таратып, оның орнына жаңа ұлттық республикалар құрды. Бұл процесс жергілікті халықтардың этникалық, мәдени және шаруашылық ерекшеліктерімен тікелей байланысты еді. Дәл осы кезде қазақ халқының мүддесін қорғауда ерекше көзге түскен тұлғалардың бірі – Сұлтанбек Қожанов. Сұлтанбек Қожанов (1894-1938) – қазақтың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Ол Түркістан автономиясы кезінде-ақ саяси сахнаға шыққан, кейіннен Қазақ АКСР-інде түрлі жауапты қызметтер атқарған. Оның басты ерекшелігі – қай жерде жүрсе де, ұлттың мүддесін бірінші орынға қоюы. 1924 жылғы межелееу кезінде де ол қазақ халқының тарихи жерлерін қорғап қалуға бар күшін салды. Межелееу ісінде ең белсенді қайраткерлердің бірі – Сұлтанбек Қожанов. Ол өткір мінезді, білімді әрі табанды тұлға болатын. Комиссия отырыстарында ол Ташкент пен Сырдария қазақ халқының тарихи ортасы екенін ашық айтты. Бұл өңірлерде қазақ халқы көп тұратынын, ал олардың шаруашылық байланыстары қазақ даласымен біте қайнасқанын дәлелдеп көрсетті.

Қожанов тек сезімге берілмей, нақты деректерге сүйенді. Ол халық санағының нәтижелерін, этнографиялық карталарды алға тартып, өз пікірін қорғады. Бірақ Мәскеудің ойы бөлек еді. Кремль үшін Ташкент – бүкіл Орта Азияны басқаруға қолайлы орталық. Сол себепті қала Өзбекстан құрамына берілді.

Дегенмен Қожановтың қайсарлығы нәтижесіз қалған жоқ. Оның табандылығы арқасында Шымкент, Әулиеата, Қызылорда және басқа да өңірлер Қазақ АКСР құрамында қалды. Бұл – оның ұлт алдындағы еңбегінің нақты жемісі.

Межелеу жұмыстары Мәскеудегі комиссиялар арқылы жүзеге асырылды. Олардың мақсаты – жаңа республикалардың шекарасын анықтау. Қағаз жүзінде шешім этникалық принципке сүйенеді деп көрсетілгенімен, іс жүзінде саяси және экономикалық факторлар шешуші болды.

Осы тұста Қожанов бірнеше бағытта табанды жұмыс атқарды:

Ташкент пен Сырдария облысы мәселесі.

Қожанов Ташкент қаласы мен Сырдария аймағын Қазақ АКСР-іне қосу қажет екенін дәлелдеп бақты. Ол бұл өңірде қазақ халқының айтарлықтай үлесі бар екенін, сондай-ақ экономикалық байланыстары қазақ даласымен тікелей астасып жатқанын айтты. Оның пікірінше, Ташкент – қазақ халқының мәдени және тарихи орталықтарының бірі болатын.

Этнографиялық дәлелдер.

Қожанов халық санағының деректеріне, этнографиялық карталарға сүйене отырып, қазақ жерлерін бөліп тастауға қарсы шықты. Ол Шымкент, Әулиеата, Қызылорда сияқты өңірлердің Қазақ республикасының құрамында қалуы үшін нақты уәждер келтірді.

Экономикалық негіздеме.

Ол тек тарихи немесе этникалық тұрғыдан ғана емес, экономикалық байланыстарды да ескерді. Сырдария өзенінің бойындағы егіншілік пен мал шаруашылығы бір-бірімен тығыз байланыста екенін айтып, бұл аймақтарды бөлу халықтың тұрмысына зиян тигізетінін дәлелдеді [6].

Қожановтың ұсыныстары ғылыми тұрғыдан да, ұлттық мүдде тұрғысынан да негізді болды. Бірақ Мәскеу түпкілікті шешімді өз саяси есебіне қарай қабылдады. Ташкент қаласы Өзбекстан құрамына берілді. Бұл шешім кеңестік биліктің Орта Азиядағы орталықты Ташкентке орналастыру жоспарына байланысты болды. Дегенмен, Қожановтың табандылығы арқасында қазақ жерінің елеулі бөлігі сақталып қалды. Шымкент, Әулиеата, Қызылорда өңірлері Қазақ АКСР құрамына енді. Бұл оның ұлт алдындағы еңбегінің бір көрінісі еді. Сұлтанбек Қожановтың қызметін біржақты бағалау қиын. Бір жағынан, ол қалағанының бәріне қол жеткізе алмады. Екінші жағынан, оның күресінің арқасында қазақ жерінің тұтастығы толық жоғалмай, маңызды аймақтар сақталып қалды. Оның ұстанымы – қазақ халқының тарихи және мәдени құқығын қорғау болды. Қожановтың тағы бір ерекшелігі – ол тек саясаткер емес, халықтың жағдайын терең түсінген тұлға еді. Ол жаңа жасанды шекаралардың көшпелі малшылардың көшу жолдарын бұзатынын, суармалы егіншілік жүйесін әлсірететінін алдын ала көре білді. Бұл оның саяси ойлау қабілетінің кеңдігін дәлелдейді. 1924 жылғы Орта Азиядағы мемлекеттік межелеу – халықтардың тағдырына тікелей әсер еткен тарихи процесс. Осы сәтте Сұлтанбек Қожанов қазақ халқының мүддесін қорғау үшін батыл қадамдар жасады. Ташкент қаласын Қазақстанға қосу талабы жүзеге аспаса да, ол көптеген аймақты сақтап қалды.

Қожановтың еңбегі – ұлттық тұтастық пен халық мүддесі үшін күрескен қайраткердің үлгісі. Оның іс-әрекеті кейінгі ұрпаққа ұлтқа адал қызмет етудің айқын көрінісі болып қалды. Бүгінгі таңда да оның сол кезеңдегі ұстанымы мен қайсарлығы тарихи әділеттілікке ұмтылған нағыз мемлекетшіл тұлғаның бейнесін көрсетеді.

Әрбір тұлға өз халқының болашақ тағдырын қорғап, шекараларды айқындау ісінде өз ықпалын тигізуге тырысты. Дегенмен ұлттық қайраткерлердің мүмкіндіктері шектеулі болды. Соңғы шешімдерді Мәскеу қабылдады, ал жергілікті ұсыныстар көбіне кеңесшілік сипатта ғана қалды. Кеңес билігі прагматикалық саясат ұстанды: басты мақсат – панисламдық және пантүркілік қозғалыстардың алдын алу, республикаларды бір-біріне тәуелді етіп құру. Осы себептен шекаралар күрделі әрі қисынсыз болды. Әсіресе Ферғана жазығында өзбектер, қырғыздар және тәжіктер аралас қоныстанғандықтан, «таза» сызық жүргізу мүмкін болмады. Соның нәтижесінде анклавтар пайда болып, олардың кейбірі бүгінге дейін дау туғызуда.

Комиссиялар межелеу процесіне «ғылыми негіздеме» беріп, карталар мен статистика арқылы оны заңдастырып көрсетті. Бірақ шынайы шешімдер Мәскеудің саяси есебіне сай қабылданды [7].

Межелеудің нәтижелері қазақ зиялылары үшін екіжақты болды. Бір жағынан, олар Ташкент үшін күресте жеңіліс тапты. Қала Өзбекстанға берілді. Екінші жағынан, қазақ зиялыларының табандылығы арқасында Қазақстан құрамында көптеген маңызды өңірлер сақталды. Ең басты жетістік – қазақ интеллигенциясы алғаш рет ресми деңгейде өз халқының мүддесін ашық қорғады. Олар Мәскеумен тек өтініш арқылы емес, нақты дәлелдер мен саяси уәждер арқылы сөйлесе алатынын көрсетті.

Бұл тәжірибе тағы бір шындықты аңғартты: ұлттық мүддені қорғауда белсенділік танытпаса, тарихи жерлерден айырылу оңай. Мәскеу тыңдағанымен, шешімді өз ыңғайына қарай қабылдады. Бұл қазақ зиялыларына сабақ болды – халықтың тағдырын қорғау үшін бірлік пен табандылық қажет. 1924 жыл – қазақ халқы үшін сын кезең болды. Қазақ зиялылары қолдан келгеннің бәрін жасап, жерді, халықтың құқығын қорғауға тырысты. Олар әрқашан жеңіске жете бермесе де, еңбектері зая кеткен жоқ. Солардың арқасында бүгінгі Қазақстанның оңтүстік өңірлері сақталып қалды.

Бүгін біз Қазақстан картасына қарағанда, сол шекаралардың сақталып қалғанын көреміз. Бұл – өткен ғасырда ұлт үшін күрескен зиялылардың еңбегінің жемісі. Олардың қайраткерлігі – халық алдындағы адалдықтың және тарих алдындағы жауапкершіліктің үлгісі.

1924 жылғы мемлекеттік межелеу – күрделі әрі қайшылықты процесс болды. Комиссиялар Мәскеудің қолындағы құралға айналды, ал ұлттық қайраткерлер өз халқы үшін қолынан келгенін жасады. Нәтижесінде Өзбек, Түрікмен, Қырғыз республикалары құрылып, Қазақ АКСР-інің шекарасы нақтыланды, Тәжік АКСР-і пайда болды. Бірақ бұл шешімдер ұзақ мерзімді этникалық жанжалдарға, шекаралық дауларға және өзара тәуелділікке жол ашты.

Сол бір кезеңде қабылданған шешімдер Орталық Азияның жүз жылдық тағдырын айқындап берді. Бүгінгі күнгі су ресурстары үшін таластар мен шекаралық шиеленістердің түп-тамыры дәл осы 1924 жылғы межелеуде жатыр.

Нәтижесінде бұрынғы аумақтық бірліктер – Түркістан АКСР-і, Бұқара және Хорезм халық республикалары таратылды. Олардың орнына жаңа құрылымдар пайда болды:

Тәжік АССР-ін қамтыған Өзбек КСР-і;

Түрікмен КСР-і;

Қырғыз автономиялық облысы (кейінірек одақтас республикаға айналды);
шекарасы нақтыланған Қазақ АКСР-і.

Осылайша Орталық Азияда алғаш рет бүгінгі мемлекеттік шекараларға негіз болған жаңа әкімшілік шептер бекітілді.

Біріншіден, ұлттық республикалардың пайда болуы жаңа мемлекеттік институттардың қалыптасуына бастау болды. Ұлттық тілде мектептер ашылды, газеттер шыға бастады, ұлттық интеллигенция қалыптасты. Кейін бұл құбылыстар тәуелсіздікке негіз қалады. [8]

Екіншіден, межелеу көптеген қайшылықтар туғызды. Өйткені халықтар аралас қоныстанды: бір ауылда қазақтар, өзбектер, қырғыздар мен тәжіктер бірге өмір сүрді. «Таза» этникалық шекара жүргізу мүмкін болмады. Осыдан анклавтар мен күрделі сызықты шекаралар пайда болып, бүгінге дейін дау тудырып келеді.

Үшіншіден, экономикаға үлкен соққы тиді. Көшпелілер малымен бұрынғыдай еркін көшіп-қона алмады, жаңа шекаралар дәстүрлі жолдарды бөгеуге мәжбүр етті. Суармалы егіншілік жүйелері, өзендер мен каналдар бөлшектеніп, шаруашылық тұтастығы бұзылды.

Көптеген зерттеушілер межелеуді парадокс деп атайды. Бір жағынан, ол түркі халықтарының тарихи тұтастығын бұзып, мәдени байланыстарын әлсіретті. Екінші жағынан, осының арқасында республикаларда ұлттық элиталар қалыптасып, мәдениет пен білім дамыды. 1991 жылы дәл осы республикалар тәуелсіздігін жариялай алды.

Қазіргі кезеңдегі көптеген проблемалар – су ресурстары үшін талас, шекаралық даулар, этникалық шиеленістер – бәрі де 1924 жылғы шешімдерден бастау алады. Бірақ сонымен бірге оң әсерін де жоққа шығаруға болмайды: межелеу қазіргі Орталық Азия мемлекеттерінің пайда болуына алғышарт болды [9].

Орталық Азиядағы ұлттық-мемлекеттік межелеу саясаты теңдік ұранымен жүргізілгенімен, іс жүзінде Мәскеудің саяси жобасы болды. Ол түркі халықтарының бірлігін әлсіретіп, бірақ сонымен қатар жаңа мүмкіндіктердің де жолын ашты. Осыдан жүз жыл бұрын қабылданған шешімдер әлі күнге дейін аймақтың тағдырына әсер етіп отыр.

Кеңес Одағының 1920-1930 жылдары жүргізген ұлттық-мемлекеттік межелеу саясатының түркі халықтарына әсері жан-жақты қарастырылды. Зерттеу барысында тарихи құжаттарға, картографиялық деректерге, сол кезеңнің идеологиялық ұстанымдарына және қазіргі тарихнамаға сүйене отырып, келесі негізгі нәтижелер мен қорытындылар алынды:

1. Межелеудің саяси-идеологиялық негізі

Кеңестік ұлт саясаты «ұлттардың өзін-өзі анықтау құқығын жүзеге асыру» ұранымен жүргізілгенімен, нақты жағдайда бұл саясат орталық биліктің аумақты басқару мен бақылауды жеңілдету мақсатына бағытталды. Ұлттық республикалардың құрылуы кеңестік идеологияға сай келетін «кеңестік ұлттар» жүйесін қалыптастыру құралы болды. Межелеу үдерісі негізінен жоғарыдан төмен қарай жүзеге асырылды, яғни жергілікті халықтың, зиялы қауымның пікірлері көп жағдайда ескерілмеді.

2. Этноаумақтық шекаралардың жасанды сипаты

Түркі халықтары тарихи тұрғыдан аралас өмір сүріп келген аймақтарда этникалық шекара мен әкімшілік-аумақтық шекаралар сәйкес келмеді. Бұл жасанды бөлініс кейбір этностардың дәстүрлі аумақтарынан айырылуына, бөлініп қалуына әкеп соқты (мысалы, қазақтар – қазіргі Өзбекстан, Түркіменстан мен Қырғызстан аумағында қалған топтар). Межелеу нәтижесінде құрылған республикалар ішінде этникалық әртүрлілік пен азшылықтардың жаңа мәселелері пайда болды.

3. Халықтың этникалық және саяси санасына ықпалы


Межелеу кеңестік үгіт-насихатпен бірге жүріп, жаңа ұлттық бірегейліктердің қалыптасуына ықпал етті (мысалы, өзбек, қырғыз, түркімен ұлттарының кеңестік интерпретациясы). Түркі халықтары арасындағы тарихи, мәдени және туыстық байланыстар әлсіреп, ұлтаралық шекаралар мен айырмашылықтар күшейе түсті.

Бұл жағдай қазіргі кезеңде посткеңестік мемлекеттер арасындағы шекаралық дау-жанжалдардың тарихи негізін қаласа, екінші жағынан, мемлекетшілдік сана мен ұлттық тұтастықтың қалыптасуына да әсер етті [10].

4. Қазіргі геосаяси және этносаяси салдарлар

Кеңес кезеңіндегі межелеу Орталық Азиядағы бүгінгі шекаралар мен ұлттық құрылымдардың негізін қалады.


Этникалық топтардың тарихи мекенінен тыс қалуы – шекарадан тыс қалған қазақ, өзбек, қырғыз диаспораларының мәселесін туындатты. Мәселен қазақтар қалың шоғырланған ташкент төңірегіндегі қазақ жерлері Өзбекстанға кетуіне байланысты қазақ жерінен тыс жерде өмір сүріп жатқан қазақ диаспорасы қалыптасты.




Межелеудің тарихи салдары бүгінгі таңда көпэтносты мемлекеттерде ішкі тұрақтылық пен ұлттық бірлікті қамтамасыз ету мәселелеріне әсер етуде.

Этникалық топтардың шекарадан тыс қалу пайызы – Кеңестік межелеу нәтижесінде қазақтар, өзбектер, қырғыздар тарихи мекенінен тыс аумақта қалған халықтар пайызын көрсетеді. [11]

Кеңестік ұлт қалыптастыру компоненттері – Кеңес билігінің ұлт саясаты қандай негізгі құралдар арқылы жүргізілгенін үлестік түрде көрсетеді (тарихи жады, тіл саясаты, әкімшілік шекаралар).



Қазіргі этносаяси шиеленіс деңгейі – Посткеңестік кезеңдегі үш негізгі аймақтағы этносаяси шиеленістің салыстырмалы деңгейі. КСРО ыдырап, Орта Азия республикалары тәуелсіздік алғаннан кейін шекараны анықтау мен заңдастыру мәселесінде Қырғызстан мен Тәжікстан арасында шекара маңындағы әскери қақтығыстардың орын алуына дейін барған оқиғалар орын алды. Қазақстан мен Өзбекстан республикалары шекараларын бекіту кезеңі тартысты өтіп, кейбір қазақ ауылдарының өзбек ағайындар аумағында кетіп қалуы орын алды. Оның үстіне ташкент облысында өмір сүретін қазақтар өздерін тарихи отандарында өмір сүріп жатырмыз деп есептеуі де екі республика арасында алдағы уақытта жер дауының туындатуы мүмкін.



Межеліу нәтижесінде этникалық топтардың бөліну мысалдары

Этнос	Бөлініс нәтижесі	Қазіргі салдары
Қазақтар	Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстанда қалды	Шекарадан тыс қазақ диаспоралары
Өзбектер	Қазақстан мен Қырғызстанда ірі топтар қалды	Этникалық шиеленіс ықтималдылығы
Қырғыздар	Тәжікстан мен Өзбекстанда аралас қоныстанған	Мәдени-тұлғалық алшақтаулар

Межеліу саясаты халықтардың тарихи-мәдени тұтастығын бұзды. Кеңес үгіті арқылы жаңа «ұлттық» бірегейліктер жасанды түрде қалыптастырылды (мысалы, кеңестік өзбек немесе түркімен ұлттары). Бұл түркі халықтары арасындағы ішкі туыстық пен тарихи байланыстардың әлсіреуіне әкелді.

Кеңестік кезеңдегі ұлт қалыптастыру компоненттері

Компонент	Қолданылған құралдар	Мақсаты
Тарихи жадыны қайта жазу	Жаңа оқулықтар, мифтер	Кеңестік үлгідегі ұлт түсінігін енгізу
Тілдік саясат	Әліпби реформасы, орыс тіліне басымдық	Мәскеуге мәдени тәуелділікті арттыру
Әкімшілік шекаралар	Этникалық емес шекара белгілеу	Түркі халықтарын бір-бірінен оқшаулау

Кеңестік межеліу саясатының салдары бүгінде Орталық Азияда мемлекетаралық шекара даулары, шекара маңындағы этникалық шиеленістер, көпэтносты республикалардағы ішкі тұрақтылық мәселелері ретінде көрініс табуда.

Межелеудің қазіргі салдарлары		
Аймақ/мемлекет	Нақты салдарлар	Қазіргі жағдайға әсері
Қазақстан– Өзбекстан	Этникалық қазақтардың Өзбекстанда қалуы	Шекаралық қатынастардың күрделенуі
Қырғызстан– Тәжікстан	Шекаралық анклавтар мен су ресурстары мәселесі	Қақтығыстар, этникалық дау- жанжалдар
Түркіменстан	Қазақтар мен өзбектердің тарихи мекенде қалуы	Диаспора саясаты мен мәдени теңсіздік мәселелері

Бұл зерттеу Орталық Азиядағы түркі халықтарына қатысты кеңестік ұлттық-мемлекеттік межелеу саясатының негізгі аспектілерін және оның ұзақ мерзімді салдарын анықтады. Тақырыптың өзектілігі – 1920-1930 жылдары қабылданған саяси, этникалық және аумақтық шешімдер осы күнге дейін аймақтың мемлекетаралық қатынастарына, ұлттық бірегейлікке және этносаралық тұрақтылыққа ықпал етіп отырғандығында.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы төмендегідей:

Тарихи-салыстырмалы әдіс пен құжаттарға жүргізілген контент-талдау негізінде ұлттық-мемлекеттік межелеу тетіктеріне кешенді зерттеу жүргізілді;

Орталық Азия республикаларында жүргізілген этноаумақтық шекаралардың жасанды сипаты дәлелденіп, қазіргі этносаяси шиеленістердің түп-төркіні түсіндірілді;

Ұлтаралық шекаралар – табиғи этнографиялық немесе мәдени бөліністердің нәтижесі емес, саяси бақылау құралы ретінде қолданылғаны анықталды;

Кеңестік ұлт саясаты мен қазіргі кездегі шекаралық дау-жанжалдар, этникалық шовинизм мен сегрегация арасындағы сабақтастық айқын көрсетілді.

Бұл зерттеу нәтижелері:

этносаяси талдау мен қақтығыстарды болжау саласында;

шекара маңындағы аз санды этностардың құқықтарын қорғайтын халықаралық келісімдер әзірлеу кезінде;

тарих, саясаттану, этнология және халықаралық қатынастар саласындағы академиялық-оқу бағдарламаларын жасау барысында;

түркі елдерінің арасында мәдени-гуманитарлық ықпалдастықты дамыту мақсатында кеңінен пайдалануға болады.

Зерттеу негізінде келесі нақты ұсыныстар беріледі:

Ортақ тарихи-мәдени саясат қалыптастыру

Түркі халықтарының ортақ тарихи жадысын сақтау үшін мемлекетаралық оқулықтар, көрмелер, деректі фильмдер мен архивтік жобалар әзірлеу қажет.

Шекарадан тыс қалған этностардың құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету

Орталық Азия елдері арасында этникалық диаспоралардың тілдік, мәдени құқықтарын қорғауға арналған екіжақты және көпжақты келісімдер қабылдануы тиіс.

Этникалық және әкімшілік карталарды ғылыми қайта қарау

Түркі халықтарының тарихи қоныстану аумақтарын ескере отырып, этнокартографиялық атластар дайындау үшін халықаралық ғылыми әріптестік орнату ұсынылады.

Түркі елдері арасындағы мәдени-гуманитарлық алмасуды кеңейту

Түркі кеңесі, ТҮРКСОЙ және Түркі академиясы аясында бірлескен академиялық бағдарламалар, студенттік алмасу, жазғы мектептер мен ғылыми конференциялар өткізу қажет.

Орталық Азиядағы түркі халықтарын ұлттық-мемлекеттік межелеу саясаты – жай ғана әкімшілік шара емес, ауқымды геосаяси стратегияның бір бөлігі болған. Оның табиғаты мен салдарын дұрыс түсіну – қазіргі және болашақ ұрпақ үшін ұлттық тұтастықты сақтау, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру және бейбіт даму жолын қалыптастыруда ерекше маңызды. Бұл зерттеу – осы бағыттағы ғылыми ізденістерге қосылған үлес болып табылады. [12]

Зерттеу нәтижелері белгілі тарихшылар К.Нұрпейіс, М.Қойгелдиев және өзбек зерттеушісі Ш.Камалов еңбектерінде айтылғандай, межелеудің этнографиялық негізге толық сәйкес келмегенін растайды. Аталған авторлар да шекаралар көбіне әкімшілік және саяси мүддеге сай белгіленгенін көрсетеді. Біздің зерттеу бұл тұжырымдарды картографиялық материалдармен нақтылап, архивтік құжаттар арқылы бекітті.

Р.Беннингхаус және О.Субханқұлов еңбектерінде межелеудің артында этникалық тепе-теңдік емес, кеңестік биліктің саяси бақылауы тұрғаны айтылған. Біздің зерттеу де бұл көзқарасты қолдайды және контент-талдау арқылы биліктің шешімдерінде этносаралық диалогтың болмағанын дәлелдеді.

Межелеудің халық санасына әсері

Кейбір зерттеулер (әсіресе кеңестік кезеңдегі) межелеуді халықтардың ұлттық сана-сезімін оятушы оң қадам ретінде бағалаған (мысалы, М.Слущкий, 1950 ж. еңбегі). Алайда, бұл зерттеу межелеудің түркі халықтарының ішкі тұтастығын бұзып, жасанды ұлттар құру арқылы тарихи сананың дезинтеграциясына себеп болғанын көрсетті. Бұл айырмашылық, ең алдымен, зерттеу әдісіндегі өзгешелікпен – яғни кеңестік риторикаға емес, қазіргі заманғы деректер мен куәліктерге сүйенумен байланысты.

Қазіргі геосаяси салдарға берілген баға

Бұрынғы еңбектерде (мысалы, В.Козлов, 1990-жылдары) межелеудің қазіргі этносаяси дағдарыстармен байланысы жеткілікті зерттелмеген. Біздің зерттеу бұл олқылықтың орнын толтырып, нақты аймақтардағы (Ферғана аңғары, Оңтүстік Қазақстан, Соғды облысы) шекаралық қақтығыстардың тарихи тамырын межелеу кезеңінен іздестірді.

Зерттеу тақырыбы алдыңғы зерттеулермен жан-жақты салыстырмалы талдау жасалып, төменде көрсетілген кесте негізінде жіктелді:

Зерттеу аспектісі	Бұрынғы зерттеулер	Бұл зерттеу
Этноаумақтық шекаралар	Әкімшілік қажеттілік деп сипатталған	Жасанды, этностарды бөлу құралы деп бағаланады
Идеологиялық негіз	Кеңестік риторикаға жақын	Саяси-геосаяси бақылау стратегиясы ретінде талданды
Ұлттық бірегейлікке әсері	Көбіне айтылмаған немесе оң бағаланған	Ұлттың тарихи тұтастығына соққы болғаны дәлелденді
Қазіргі салдарларға назар	Шектеулі немесе жанама	Тікелей және дәйекті байланыс көрсетілді

Бұл зерттеудің қорытындылары тек тарихи үрдістерді талдау шеңберінде ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы этносаяси, мәдени және геосаяси мәселелерді шешуде де қолдануға болады. Төменде зерттеу нәтижелерінің қолданылу бағыттары нақты сипатталады:

Ғылыми-зерттеу және білім беру саласында зерттеу нәтижелері тарих, саясаттану, этнология, мәдениеттану және халықаралық қатынастар салаларында оқытылатын курстарға кіріктірілуі мүмкін; Университеттер мен ғылыми-зерттеу орталықтарында Орталық Азиядағы ұлттық саясат тарихы бойынша арнайы элективті курстар мен семинарлар ұйымдастыруға негіз бола алады; Зерттеуде жасалған картографиялық және салыстырмалы деректер оқулықтар мен әдістемелік құралдарда пайдалануға жарамды.

Мемлекеттік этносаясатты жетілдіруде шекара маңындағы этникалық топтардың тарихи қалыптасу ерекшеліктерін ескере отырып, мемлекеттер диаспора саясатын оңтайландырып, ұлтаралық қатынастарды үйлестіруге бағытталған стратегиялар жасай алады. [13]

Кеңестік межелеу салдарынан бөлінген этностардың мәдени-тілдік байланыстарын сақтау үшін мемлекеттік деңгейде мәдени бағдарламалар қабылдануы қажет.

Аймақтық және халықаралық саясатта зерттеу нәтижелерін Орталық Азиядағы мемлекетаралық қатынастардың тарихи негізін түсінуге көмектесіп, аймақтық дипломатия

мен интеграцияны нығайтуға қызмет ете алады; Түркі елдерінің өзара ынтымақтастығында (ТҮРКСОЙ, Түркі кеңесі және Түркі академиясы аясында) бірлескен тарихи-мәдени жобаларды жүзеге асыруға нақты ғылыми база ретінде қолданылуы мүмкін.

Шешім қабылдаушы құрылымдар үшін Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Түркіменстан секілді елдердің саясаткерлері, тарихшылары мен сарапшылары бұл зерттеуді ұлттық қауіпсіздік, шекаралық тұрақтылық және этникалық тепе-теңдік бағыттарындағы саясатты қалыптастыруда қолдана алады; Зерттеу нәтижелері мемлекетаралық келіссөздер барысында тарихи дәлелдер келтіруге, шекаралық даулар мен этникалық қақтығыстарды тарихи тұрғыда түсіндіруге көмектеседі.

Қоғамдық сана мен тарихи әділеттілікті қалпына келтіруде түркі халықтарының тарихи тұтастығы мен ортақ мұрасын тануға көмектесетін бұл зерттеу қоғамда тарихи сауаттылықты арттыруға, ұлтаралық татулық пен өзара түсіністікке ықпал етуге сеп болады. [14]

Орталық Азиядағы түркі халықтарын ұлттық-мемлекеттік межелеу мәселесін зерттеу көптеген сұрақтарға жауап бергенімен, ғылымда жиі кездесетіндей, жаңа сауалдарды да туындатты. Бұл зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, ары қарай дамытуды қажет ететін бірнеше бағыт бар:

Архивтік құжаттардың астарынан байқалғандай, шешімдер жоғарыдан қабылданған. Бірақ бұл жағдай ауыл-аймақтағы қарапайым халықтың өміріне қалай әсер етті? Жаңа шекараның екі жағында қалып қойған этникалық топтардың күнделікті тұрмысы, отбасылық қарым-қатынасы қалай өзгерді? Мұндай өзгерістерді естеліктер, сұхбаттар және далалық зерттеулер арқылы тереңірек зерделеуге болады.

Көптеген түркі халықтары межелеуден кейін әртүрлі мемлекеттердің аумағында бөлініп қалды. Мысалы, Өзбекстандағы қазақтардың, Қырғызстандағы өзбектердің қазіргі жағдайын жеке зерттеген жөн – олар тілін, мәдениетін қалай сақтап қалды, жаңа ортада өздерін қалай сезінді?

Сондай-ақ, Мәскеу, Ташкент, Алматы секілді орталықтарда нақты тұлғалар мен ықпалды топтардың межелеу процесіне қатысу деңгейіне терең үңілу маңызды. Шешім қабылдау кезінде карта, этнография ма, әлде саяси мүдде ме – қайсысы басым болды? Бұл сұрақтарға нақты тарихи талдау қажет. [15]

Бүгінгі күнге дейін шекараларға, анклавтарға, су ресурстарына қатысты даулар туындап келеді. Көбінесе бұл мәселелердің тарихи негізі назардан тыс қалады. Ал шын мәнінде олардың түбірі – осы межелеу кезеңінде жатыр. Сондықтан бұл тақырыпты зерттеуді жалғастыру қазіргі проблемаларды шешуге де көмектесуі мүмкін.

Сонымен қатар, әр елде межелеу тарихы әртүрлі баяндалады: бір жерде – бұл әділеттілік акты ретінде, басқа жерде – трагедия ретінде көрсетіледі. Осы тұрғыдан алғанда, мектеп оқулықтары, жоғары оқу орындарындағы дәрістер, музей экспозициялары бұл оқиғаны қалай ұсынатынын салыстыра зерттеу қызықты әрі маңызды болар еді.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы Орталық Азиядағы түркі халықтарын ұлттық-аумақтық межелеу саясатының мәнін, мақсаттарын және салдарын жан-жақты ашып көрсетеді. Мұрағаттық құжаттарды, отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерін, салыстырмалы-тарихи әдісті қолдана отырып, келесі негізгі тұжырымдарға қол жеткізілді:

Межелеудің себептері ресми кеңестік риторикада көрсетілгендей тек әкімшілік-шаруашылық сипатта ғана емес, сонымен қатар саяси-идеологиялық сипатта болды. Кеңестік билік межелеуді ұлттық қозғалыстарды бақылауда ұстау, пантүркизм мен панисламизмді әлсірету, "социалистік мазмұнды ұлттық формада" тарату құралы ретінде қолданды.

Межелеудің салдары өте ауқымды болды. Бұл үдеріс тек этникалық құрамды өзгертіп қана қоймай, туыстас түркі халықтарының арасында қайшылықтар тудырып, бөлінген этникалық аймақтар, анклавтар мен даулы шекаралар арқылы қазіргі күнге дейін әсер ететін шиеленіс ошақтарын қалыптастырды.

Қорытындылардың шынайылығы тарихи деректерді талдау арқылы және алынған нәтижелердің қазіргі Орталық Азия шындығымен сәйкес келуі арқылы дәлелденеді. Өйткені қазіргі трансшекаралық этникалық және саяси қайшылықтардың бастауы дәл осы кеңестік межелеу кезеңіне барып тіреледі.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы межелеуді бұрынғыдай "техникалық процедура" ретінде емес, ұлттық бірегейліктің, мемлекеттіліктің және посткеңестік геосаясаттың қалыптасуына әсер еткен күрделі саяси үдеріс ретінде қарастырумен ерекшеленеді.

Алынған нәтижелер негізінде кеңестік ұлттық саясаттың сипаты мен салдарына қатысты ғылыми танымға маңызды түзетулер енгізілді деп айтуға болады. Бұл зерттеу:

Қазіргі Орталық Азия мемлекеттерінің шекараларының қалыптасуына жаңаша көзқарас ұсынады;

Этносаралық және мемлекетаралық қайшылықтардың тарихи тамырларын қайта пайымдауға мүмкіндік береді;

Этникалық жады, ұлттық бірегейлік пен өңірлік ынтымақтастық мәселелерін өзекті етеді.

Осылайша, бұл жұмыс тек маңызды ғылыми олқылықтың орнын толтырып қана қоймай, Орталық Азияның посткеңестік даму үрдістерін, ұлттық саясат пен геосаяси өзгерістерді зерттеудің келешегі зор бағыттарын да көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрпейіс Қ. *Алаш һәм Алашорда*. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
2. Қойгелдиев М. *Ұлттық саяси элита: қалыптасуы мен тарихи қызметі*. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 312 б.
3. Сулейменов Р. *Национально-государственное размежевание в Центральной Азии (20-30-е годы XX века) // Исторические записки АН КазССР*. – Алматы, 1990. – №2. – Б. 45-59.
4. Беннингхаус Р. *Советская национальная политика в Средней Азии: размежевание как средство управления // Central Asian Survey*. – 1992. – Vol. 11(1). – P. 1-20.
5. Абашинов С.Н. *Советская национализация Средней Азии: от революции к национально-государственному размежеванию // Ab Imperio*. – 2007. – №4. – С. 201-233.
6. Haugen A. *The Establishment of National Republics in Soviet Central Asia*. – New York: Palgrave Macmillan, 2003. – 240 p.
7. Козлов В.И. *История советского государственного строительства в национальных республиках (1917-1936 гг.)*. – М.: Мысль, 1985. – 336 с.
8. Сорокин П.А. *Национальные процессы в СССР: социальный анализ*. – М.: Наука, 1992. – 289 с.
9. Dave B. *Kazakhstan: Ethnicity, Language and Power*. – London: Routledge, 2007. – 270 p.
10. Назарова Д.К. *История национально-территориального размежевания в Центральной Азии: этнополитический аспект*. – Ташкент: Университет, 2015. – 198 с.
11. Караев Ж. *История государственности народов Центральной Азии в XX веке*. – Бишкек: Илим, 2002. – 312 с.
12. Әбіл Е. *Кеңестік билік және Қазақстандағы ұлттық межелеу саясаты (1920-1936 жж.) // Отан тарихы*. – 2016. – №3. – Б. 10-22.
13. Edgar A. *Tribal Nation: The Making of Soviet Turkmenistan*. – Princeton University Press, 2004. – 356 p.
14. Бартольд В.В. *Сочинения. Том IX. Национально-государственное размежевание и этнографические данные Средней Азии*. – М.: Наука, 1977. – 488 с.
15. Фитнат М. *Национально-государственное размежевание в контексте идеологии "советского народа" // Вестник Востоковедения*. – 2012. – №2. – С. 52-67.

References:

1. Nurpeis Q. *Alash hám Alashorda*. – Almaty: Atatek, 1995. – 256 b.
2. Qoigeldiev M. *Ulttyq sayasi elita: qalyptasuy men tarihi qyzmeti*. – Almaty: Qazaq universiteti, 2004. – 312 b.
3. Suleimenov R. *Natsional'no-gosudarstvennoe razmezhevanie v Tsentral'noi Azii (20-30-e gody XX veka)* // *Istoricheskie zapiski AN KazSSR*. – Almaty, 1990. – №2. – B. 45-59.
4. Benninghaus R. *Sovetskaya natsional'naya politika v Srednei Azii: razmezhevanie kak sredstvo upravleniya* // *Central Asian Survey*. – 1992. – Vol. 11(1). – P. 1-20.
5. Abashin S. N. *Sovetskaya natsionalizatsiya Srednei Azii: ot revolyutsii k natsional'no-gosudarstvennomu razmezhevaniyu* // *Ab Imperio*. – 2007. – №4. – S. 201-233.
6. Haugen A. *The Establishment of National Republics in Soviet Central Asia*. – New York: Palgrave Macmillan, 2003. – 240 p.
7. Kozlov V. I. *Istoriya sovetskogo gosudarstvennogo stroitel'stva v natsional'nykh respublikakh (1917-1936 gg.)*. – M.: Mysl', 1985. – 336 s.
8. Sorokin P. A. *Natsional'nye protsessy v SSSR: sotsial'nyi analiz*. – M.: Nauka, 1992. – 289 s.
9. Dave B. *Kazakhstan: Ethnicity, Language and Power*. – London: Routledge, 2007. – 270 p.
10. Nazarova D. K. *Istoriya natsional'no-territorial'nogo razmezhevaniya v Tsentral'noi Azii: etnopoliticheskii aspekt*. – Tashkent: Universitet, 2015. – 198 s.
11. Karaev Zh. *Istoriya gosudarstvennosti narodov Tsentral'noi Azii v XX veke*. – Bishkek: Ilim, 2002. – 312 s.
12. Ábil E. *Keñestik bilik jáne Qazaqstandaǵy ulttyq mezheleu sayasaty (1920-1936 jj.)* // *Otan tarihy*. – 2016. – №3. – B. 10-22.
13. Edgar A. *Tribal Nation: The Making of Soviet Turkmenistan*. – Princeton University Press, 2004. – 356 p.
14. Bartol'd V. V. *Sochineniya. Tom IX. Natsional'no-gosudarstvennoe razmezhevanie i etnograficheskie dannye Srednei Azii*. – M.: Nauka, 1977. – 488 s.
15. Fitnat M. *Natsional'no-gosudarstvennoe razmezhevanie v kontekste ideologii "sovetskogo naroda"* // *Vestnik Vostokovedeniya*. – 2012. – №2. – S. 52-67.

Р.Е. Джуншеев¹, Г.Б. Идрисова², А.Б. Байгапанова³

¹философия ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан Республикасы
E-mail:zhunshev@gmail.com.

²философия докторы (PhD), М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан Республикасы
E-mail:gb.idrisova@dulaty.kz

³философия докторы (PhD), Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан Республикасы
E-mail:aigul_bol@mail.ru

XXI ҒАСЫР АДАМЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІГІН САҚТАУ

Аңдатпа

Мақалада жаһандану үдерісінің ұлттық және мәдени ерекшеліктерге тигізетін ықпалы жан-жақты қарастырылады. Авторлар жаһанданудың ұлттық сәйкестік пен мәдени мұраларды сақтау мәселелерін күн тәртібіне қойып, оның оң және теріс жақтарын ашып көрсетеді. Бұл ретте ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамытуда мемлекеттік саясаттың, білім беру жүйесінің және жеке тұлғаның рөліне ерекше назар аударылады.

Зерттеуде Жапония, Оңтүстік Корея және Қазақстанның ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді қорғау тәжірибелері салыстырмалы түрде талданып, олардың тиімді тетіктері көрсетілген. Сонымен қатар, ЮНЕСКО-ның мәдени мұраны сақтау жөніндегі халықаралық бағдарламалары да зерттеу нысанына енгізілген. Мақалада философиялық, мәдениеттанулық және әлеуметтанулық әдістер кешенді түрде қолданылып, ұлттық бірегейлікті сақтаудың ғылыми негізделген тәсілдері ұсынылады.

Авторлар мәдени плюрализм мен мультикультурализм идеяларын ілгерілетудің жаһандану жағдайындағы ұлттық және мәдени тұтастықты қамтамасыз етудегі маңызын атап көрсетеді. Бұл зерттеу жаһандану дәуірінде ұлттық өзіндік ерекшелікті сақтау мен дамыту жолдарын іздеуде теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды болып табылады.

Сонымен бірге мақалада цифрлық технологиялардың ұлттық мәдениетті сақтаудағы әлеуеті қарастырылады. Әсіресе виртуалды музейлер, онлайн-білім беру платформалары мен цифрлық архивтердің ұлттық мұраны кеңінен насихаттап, жастардың мәдени сәйкестігін қалыптастырудағы рөлі айқындалады. Авторлар жаңа медианың мүмкіндіктерін дұрыс пайдалану арқылы жаһандану қысымына төтеп беруге болатынын дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері ұлттық мәдениетке негізделген әлеуметтік тұрақтылық пен ұлт бірлігін қамтамасыз етудің маңызды алғышарты ретінде бағаланады. Мақалада ұсынылған ойлар мен тұжырымдар мемлекет пен қоғамның мәдени саясатында, сондай-ақ білім беру жүйесінде қолдануға болатын нақты бағыттарды ұсынады. Бұл еңбектің жаңалығы жаһандану мен ұлттық бірегейлік арасындағы тепе-теңдікті сақтаудың кешенді үлгісін көрсетуінде.

Түйін сөздер: Жаһандану, ұлттық сәйкестік, мәдени мұра, мәдени плюрализм, ұлттық идея, білім беру жүйесі, Жапония тәжірибесі, Оңтүстік Корея тәжірибесі, қазақ мәдениеті.

Р.Е. Джуншеев¹, Г.Б. Идрисова^{2*}, А.Б. Байгапанова³

¹кандидат философских наук, доцент, Таразский университет имени М.Х. Дулати,

г. Тараз, Республика Казахстан

E-mail: zhunshev@gmail.com

²доктор философии (PhD), Таразский университет имени М.Х. Дулати,

г. Тараз, Республика Казахстан

E-mail: gb.idrisova@dulaty.kz

³доктор философии (PhD), Alikhan Bokeikhan University,

г. Семей, Республика Казахстан

E-mail: aigul_bol@mail.ru

СОХРАНЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ И КУЛЬТУРНОЙ САМОБЫТНОСТИ ЧЕЛОВЕКА XXI ВЕКА

Аннотация

В статье всесторонне рассматривается влияние процессов глобализации на национальные и культурные особенности. Авторы ставят в повестку дня вопросы сохранения национальной идентичности и культурного наследия, раскрывая как положительные, так и отрицательные стороны глобализации. Особое внимание уделяется роли государственной политики, системы образования и личности в сохранении и развитии национальных ценностей.

В исследовании проводится сравнительный анализ опыта Японии, Южной Кореи и Казахстана по защите национальной культуры и традиций, а также рассматриваются международные программы ЮНЕСКО по сохранению культурного наследия. Применяются философские, культурологические и социологические методы, что позволяет выявить научно обоснованные подходы к сохранению национальной самобытности.

Авторы подчеркивают значимость продвижения идей культурного плюрализма и мультикультурализма в обеспечении национального и культурного единства в условиях глобализации. Исследование имеет теоретическую и практическую значимость для поиска путей сохранения национальной самобытности в современном мире.

Особое внимание уделено потенциалу цифровых технологий в деле сохранения национальной культуры. Виртуальные музеи, онлайн-образовательные платформы и цифровые архивы рассматриваются как эффективные инструменты популяризации культурного наследия и формирования идентичности молодежи. Авторы доказывают, что использование возможностей новых медиа способствует противостоянию давлению глобализации.

Результаты исследования оцениваются как важная предпосылка обеспечения социальной стабильности и национального единства на основе национальной культуры. Сделанные выводы и рекомендации могут быть применены в государственной и общественной культурной политике, а также в системе образования. Научная новизна работы заключается в предложении комплексной модели сохранения баланса между глобализацией и национальной идентичностью.

Ключевые слова: глобализация, национальная идентичность, культурное наследие, культурный плюрализм, национальная идея, система образования, опыт Японии, опыт Южной Кореи, казахская культура.

R.E. Zhunsheev¹, G.B. Idrisova², A.B. Baigapanova³

¹*Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor, M.Kh. Dulaty Taraz University,
Taraz, Republic of Kazakhstan
E-mail: zhunshev@gmail.com*

²*Doctor of Philosophy (PhD), M.Kh. Dulaty Taraz University,
Taraz, Republic of Kazakhstan
E-mail: gb.idrisova@dulaty.kz*

³*Doctor of Philosophy (PhD), Alikhan Bokeikhan University,
Semey, Republic of Kazakhstan
E-mail: aigul_bol@mail.ru*

PRESERVING THE NATIONAL AND CULTURAL IDENTITY OF THE 21ST CENTURY INDIVIDUAL

Abstract

The article provides a comprehensive analysis of the impact of globalization on national and cultural identity. The authors highlight the urgent issues of preserving national identity and cultural heritage, revealing both the positive and negative aspects of globalization. Particular emphasis is placed on the role of state policy, the education system, and the individual in maintaining and developing national values.

The study offers a comparative analysis of Japan, South Korea, and Kazakhstan's experiences in protecting national culture and traditions, as well as UNESCO's international programs for safeguarding cultural heritage. Philosophical, cultural, and sociological methods are employed to develop scientifically grounded approaches to preserving cultural uniqueness.

The authors emphasize the importance of promoting cultural pluralism and multiculturalism in order to ensure national and cultural cohesion under globalization. The research is theoretically and practically significant in the search for strategies to maintain national identity in the modern era.

Special attention is given to the role of digital technologies in preserving cultural heritage. Virtual museums, online educational platforms, and digital archives are examined as effective tools for promoting cultural values and shaping youth identity. The study demonstrates that the proper use of new media can help societies withstand the pressures of globalization.

The findings are assessed as an important precondition for ensuring social stability and national unity through the preservation of cultural values. The conclusions and recommendations presented in the article can be applied in cultural policy, education, and social development strategies. The novelty of the study lies in proposing a comprehensive model for maintaining the balance between globalization and national identity.

Keywords: globalization, national identity, cultural heritage, cultural pluralism, national idea, education system, Japan's experience, South Korea's experience, Kazakh culture.

Кіріспе. Жаһандану үдерісі – қазіргі заманның ең өзекті құбылыстарының бірі. Бұл үдеріс адамзат өмірінің барлық салаларына, соның ішінде экономикалық, саяси, мәдени және әлеуметтік деңгейлерге терең ықпал етіп, ғаламдық байланыстар мен өзара ықпалдастықтың жаңа түрлерін қалыптастыруда. Алайда жаһанданудың қарқыны мен салдары ұлттық және мәдени ерекшеліктерге қатысты маңызды мәселелерді күн тәртібіне қояды. Осыған байланысты Т.Х. Ғабитов атап өткендей, «...бүгінгі таңда жаһандану және мәдениет ілімінің өзекті мәселелерін, әсіресе, бұрыннан қалыптасқан мәдени құндылықтар жүйесін жаңа заман тұрғысынан қайта қарау қажеттілігі туындап отыр» [1,3 б.].

Ұлттық және мәдени сәйкестік – адам болмысының ажырамас бөлігі. Бұл ұғым жеке тұлғаның өзін-өзі тануы мен ұжымдық сананың негізін құрайды. Ұлттық сәйкестік адамның рухани және мәдени өміріндегі маңызды рөл атқара отырып, оның жеке тұлға ретінде

қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан жаһанданудың ұлттық және мәдени құндылықтарға тигізетін ықпалына ерекше назар аудару қажет. Бұл үдеріс ұлттық құндылықтарды сақтау, олардың мәнін терең түсіну және оларды келесі ұрпаққа жеткізу қажеттілігін алдыңғы қатарға қояды.

Жаһандану жағдайында ұлттық құндылықтардың өзектілігі арта түседі, өйткені олар ұлттық бірегейлікті сақтау мен ұрпақтар арасындағы мәдени байланысты нығайтуда маңызды рөл атқарады. Бұл міндетті орындау үшін жаһандық және ұлттық мәдениеттер арасындағы тепе-теңдікті сақтау, сондай-ақ мәдени мұраны жаңаша тәсілдермен таныту қажет. Ұлттық мәдениет – тек өткеннің мұрасы ғана емес, сонымен бірге жаһандану жағдайындағы ұлттың болашағын айқындайтын рухани негіз. Сондықтан оны сақтау мен дамыту – қазіргі заманның ең өзекті мәселелерінің бірі.

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – жаһандану жағдайында адамның ұлттық және мәдени ерекшеліктерін сақтау механизмдерін талдау. Ұлттық сәйкестік тек мәдени мұраны сақтаумен ғана шектелмейді, ол сонымен қатар адамның өзіндік болмысын, рухани әлемін, моральдық және этикалық негіздерін айқындайды. Осы тұрғыда, жаһандану үдерісі ұлттық құндылықтарға қандай қауіптер мен мүмкіндіктер туғызатынын түсіну маңызды. Жаһандану ұлттық мәдениеттердің жаһандық мәдениетпен араласу процесін тездетеді, бұл кей жағдайда ұлттық болмыстың жойылуына немесе құндылықтардың ассимиляциялануына алып келуі мүмкін. Сонымен қатар, жаһандану жаңа технологиялар мен ақпараттық құралдарды пайдалана отырып, ұлттық мәдениеттің әлемдік деңгейде танылуына мүмкіндік береді.

Зерттеуде басты назар ұлттық және мәдени құндылықтардың адамның жеке және қоғамдық болмысындағы рөліне аударылады. Бұл құндылықтар адамның өзін-өзі тануында, рухани дамуы мен әлеуметтік өмірге белсенді араласуында ерекше орын алады. Сондықтан зерттеудің негізгі сұрақтары – жаһанданудың ұлттық мәдениетке тигізетін әсері қандай, ол қандай қауіптер мен артықшылықтар туғызады, және бұл жағдайда ұлттық бірегейлікті сақтау үшін қандай шаралар қолдану қажет деген мәселелер төңірегінде қалыптасады.

Материалдар мен әдістері

Бұл тақырыпты зерттеудің әдіснамасы мен әдістері зерттеу мақсатына, зерттелетін құбылыстың сипатына және оның жаһандық, ұлттық және мәдени аспектілеріне тікелей байланысты. Жаһандану жағдайында ұлттық және мәдени өзіндік ерекшелікті сақтау мәселесін қарастыру үшін кешенді, пәнаралық әдіснама қажет. Бұл әдіснама философия, мәдениеттану, әлеуметтану, саясаттану және тарих ғылымдарының теориялық негіздерін қамтиды.

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде құрылымдық-функционалдық және жүйелі тәсілдер қолданылады. Құрылымдық-функционалдық тәсіл ұлттық және мәдени өзіндік ерекшеліктердің қоғамдағы рөлін және олардың жаһандану үдерісіндегі орнын анықтауға мүмкіндік береді. Жүйелі тәсіл бұл мәселені күрделі жүйе ретінде қарастырып, ұлттық мәдениет пен жаһандану арасындағы өзара байланыстарды зерттеуге жағдай жасайды.

Зерттеу барысында тарихи әдіс маңызды рөл атқарады, өйткені ұлттық мәдениет пен ерекшеліктерді түсіну үшін олардың тарихи қалыптасу үдерісін зерделеу қажет. Бұл әдіс мәдениет пен ұлттық сәйкестіктің дамуын уақыт ағымындағы динамикада қарастырады. Сонымен қатар, салыстырмалы әдіс жаһандану жағдайында әртүрлі елдердің ұлттық мәдениеттерін сақтау тәжірибесін зерттеуге мүмкіндік береді. Жапония, Оңтүстік Корея және Қазақстанның ұлттық мәдениетке қатысты саясаты мен тәжірибесін салыстыра отырып, тиімді әдістер мен тәсілдерді анықтауға болады.

Сонымен қатар, пәнаралық тәсіл бұл тақырыпты зерттеудің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл тәсіл әртүрлі ғылым салаларының әдістерін біріктіре отырып, ұлттық және мәдени өзіндік ерекшелікті сақтаудың кешенді және жан-жақты талдауын қамтамасыз етеді. Жаһандану жағдайындағы ұлттық сәйкестік мәселесін толыққанды зерделеу үшін философиялық-теориялық талдауды мәдениеттанулық және әлеуметтанулық зерттеулермен ұштастыру қажет.

Осы әдіснамалық негіздер мен әдістерді қолдану зерттеу мақсаттарына қол жеткізуге, жаһандану жағдайында ұлттық ерекшелікті сақтаудың тиімді жолдарын анықтауға, сондай-ақ бұл үдерістердің теориялық және практикалық аспектілерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Талқылау. Жаһандану үдерісі – қазіргі заманның ең ықпалды құбылыстарының бірі. Ол адамзат қоғамының әртүрлі салаларын, соның ішінде экономикалық, саяси, мәдени және технологиялық өлшемдерін қамти отырып, әлемдік интеграция мен өзара байланыстың жаңа деңгейіне жол ашты. Жаһанданудың негізгі анықтамаларының бірі оны экономикалық және мәдени байланыстардың тереңдеуі ретінде түсіндіреді. Бұл құбылыс трансұлттық корпорациялар, халықаралық сауда, заманауи коммуникациялық құралдар мен жаһандық нарық арқылы жүзеге асуда. Жаһанданудың экономикалық аспектісі әлемдік экономикалық жүйенің біртұтастығын қалыптастыруға негізделсе, саяси өлшемі халықаралық ынтымақтастық пен жаһандық басқару тетіктерін жетілдіруді көздейді. Сонымен қатар, мәдени және технологиялық өлшемдері ұлттық мәдениеттердің өзара әрекеттесуін күшейтіп, жаңа технологиялар арқылы байланыс орнатудың шексіз мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді. Бұл, Т.Ғабитов атап өткен жаһанданудағы «позитивті оқиғалар». Ал екінші жағынан, «негативті оқиғалар» орын алуы мүмкін. Яғни, жаһандану кейде негативті салдарлар тудырады. Мысалы, мәдени алмасу мен инновациялық технологияларды енгізу арқылы жаһандану оң әсер етсе, мәдени гомогенизация немесе экономикалық теңсіздік сияқты мәселелер оның теріс жақтарын айқындайды. Сондықтан, жаһандану процесін толық түсіну үшін оның әртүрлі аспектілерін сараптап, олардың жаһандық қауымдастыққа қалай әсер ететінін анықтау қажет [1,9 б.].

А.Айталының да "Жаһандану және ұлттық идея" мақаласында жаһандану үдерісінің ұлттық идея мен мәдениетке тигізетін әсері жан-жақты талданады. Автор жаһандануды қазіргі заманның ажырамас құбылысы ретінде қарастырып, оның экономикалық, саяси және мәдени ықпалдастықты күшейтетінін атап өтеді. Сонымен қатар, жаһандану ұлттық мемлекеттердің дербестігі мен мәдени ерекшеліктеріне қауіп төндіретін күрделі үдеріс екенін көрсетеді. Жаһанданудың ұлттық сәйкестікке тигізер әсері, әсіресе ұлттық мәдениетті сақтау мен дамыту тұрғысынан маңызды.

Ұлттық идея ұлттық мәдениетті сақтап қана қоймай, оны жаңғырту мен дамытуға да ықпал етеді. Жаһанданудың мәдени әртүрлілікті жойып, біртекті мәдени кеңістік қалыптастыру қаупі ерекше назар аудартады. Ұлттық мәдениеттердің өзіндік ерекшеліктері әлсіреп, жаһандық мәдени стандарттардың үстемдік етуі ұлттық мәдени мұраларды қорғаудың маңыздылығын арттырады. Бұл жағдайда ұлттық құндылықтарды сақтау, оларды жас ұрпаққа жеткізу және әлемдік деңгейде таныту ерекше өзектілікке ие.

Автор ұлттық мәдениетті сақтау мен дамыту үшін бірнеше бағытты ұсынады. Мемлекеттік деңгейде ұлттық тілді, дәстүрлерді және мәдени мұраларды қорғауға бағытталған нақты бағдарламаларды жүзеге асыру қажет. Сонымен қатар, білім беру жүйесінде жастарды ұлттық мәдениетке тәрбиелеу, оларды ұлттық және жаһандық құндылықтарды үйлестіре алуға үйрету маңызды рөл атқарады. Ұлттық мәдениетті әлемдік қауымдастыққа таныту және оны халықаралық деңгейде насихаттау ұлттық сәйкестікті нығайтуға ықпал етеді.

Айталы А. ұлттық идеяның жаһандану жағдайындағы ерекше рөлі туралы айтады. Автордың пікірінше, ұлттық идея – бұл тек ұлтты біріктіретін рухани күш қана емес, сонымен бірге жаһандану процестерінде ұлттық мәдениетті қорғаудың негізгі құралы. Оның пікірінше, ұлттық идея жаһандану үдерісінде ұлттық бірегейлікті сақтаудың негізгі тетігі болып табылады. Бұл идея жаһандануға қарсы бағытталған емес, керісінше, ұлттық мәдениетті жаһандық кеңістікте лайықты танытуға және нығайтуға бағытталған күш ретінде көрінеді. Мақалада ұлттық мәдениеттің жаһандану жағдайында әлсіреуіне жол бермей, оны дамыту арқылы ұлттың рухани болмысын нығайту қажеттілігі ерекше атап өтіледі. Айталының тұжырымдары ұлттық сәйкестікті сақтау жолында нақты қадамдар жасауға теориялық негіз бола алады [2].

Сонымен, жаһанданудың адамның мәдени және ұлттық сәйкестігіне әсері күрделі әрі қарама-қайшы құбылыс. Бұл үдеріс бір жағынан, мәдениеттердің өзара ықпалдасуына, ақпараттық технологиялардың дамуы арқылы ұлттық құндылықтарды жаһандық деңгейде танытуға мүмкіндік береді. Косиченко А.Г. атап өткендей, интернет пен әлеуметтік желілер сияқты заманауи құралдар ұлттық мәдениетті кеңінен насихаттауға жол ашады. Қазақ мәдениеті де бұл мүмкіндікті тиімді пайдалана отырып, өзінің ерекшеліктерін әлемдік қауымдастыққа танытып келеді. Мысалы, ұлттық музыка, әдебиет және сән үлгілері халықаралық аренада танылып, қазақ мәдениеті туралы білімнің кеңеюіне ықпал етуде. Әлеуметтік желілер арқылы қазақтың дәстүрлі өнері, оның ішінде домбыра мен айтыс, халықаралық аудиторияға ұсынылып, ұлттық мәдениетке деген қызығушылықты арттырады[3]. Бұл, әсіресе, жас ұрпақтың ұлттық мәдениетке деген көзқарасын жаңғыртуға және оны заманауи технологиялар арқылы кең аудиторияға жеткізуге мүмкіндік береді.

Алайда, жаһандану үдерісінің теріс ықпалы да жоқ емес. Тәттібек Н.М. атап өткендей, бұл үдеріс ұлттық мәдениеттердің әлсіреуіне және олардың жаһандық мәдени стандарттарға сіңісіп кетуіне себеп болуы мүмкін. Бұл жағдай әсіресе батыстық мәдени үлгілердің үстемдік етуімен көрініс табады. Тұтынушылық мәдениеттің кең таралуы, батыстық өмір салты мен құндылықтардың доминанттық сипат алуы көптеген ұлттық мәдениеттердің өзіндік ерекшеліктерін жоғалтуына әкелуі мүмкін. Бұл құбылыс мәдени гомогенизация, яғни әлемдегі мәдени әртүрліліктің біртектіленуі арқылы сипатталады. Ұлттық дәстүрлер мен құндылықтар тұтынушылық стандарттарға бейімделіп, өзінің түпкі мәні мен тарихи мазмұнын жоғалтуы ықтимал [4].

Мәдени гомогенизацияның бұл әсері ұлттық сәйкестік үшін сын-тегеуріндер тудырады. Егер ұлттық мәдениеттер жаһандық стандарттарға бейімделу барысында өзінің өзіндік сипатын сақтай алмаса, бұл ұлттың рухани және мәдени тұтастығын әлсіретуі мүмкін. Әсіресе, тұтынушылық мәдениет пен коммерциялық бағыттағы стандарттар ұлттық өнер мен дәстүрді нарықтық өнімге айналдыру қаупін туғызады. Бұл жағдайда ұлттық мәдениетті сақтау үшін оның мәнін дұрыс түсініп, насихаттау және жаһандық ықпалдастыққа бейімдеу маңызды.

Косиченко мен Тәттібектің идеяларын талдай отырып, жаһанданудың ұлттық мәдениетке тигізетін ықпалы екішты екенін айтуға болады. Бір жағынан, бұл үдеріс ұлттық мәдениеттердің кең таралуына мүмкіндік берсе, екінші жағынан, олардың табиғи болмысын өзгертуге мәжбүрлейді. Осы тепе-теңдікті сақтау үшін ұлттық мәдениетке негізделген білім беру жүйесін дамыту, ұлттық құндылықтарды жаһандық стандарттармен үйлестіру және мәдени плюрализмді насихаттау қажет. Тек осылай ғана ұлттық мәдениеттер жаһанданудың теріс ықпалынан қорғалып, өздерінің бірегейлігін сақтай алады.

Мәдени гомогенизация ұлттық сәйкестікті сақтау мәселелерін алдыңғы қатарға шығарады. Бұл үрдіс ұлттық мәдениеттердің өзіндік ерекшеліктерін әлсіретіп, біртекті мәдени кеңістік қалыптастыруға ұмтылады. Осы тұрғыда Иммануил Уоллерштейннің еңбектері ерекше маңызды. Әлемдік жүйе теориясының негізін салған Уоллерштейн жаһандану мен оның әлеуметтік-экономикалық және мәдени аспектілерін жан-жақты зерттеген. Оның «Этникалық сана-сезім латентті түрде барлық қоғамда болады. Бірақ, тыныш жатқан осы сезім ұлт басына қауіп төнген сын сағатта ғана іске қосылады. Әсіресе, ұлттың саяси құқықтарын кеңейтуге мүмкіндік туып тұрған кезде күшейеді» деген пікірі этнос пен ұлттың өзара байланысын және оның әлеуметтік-саяси процестердегі рөлін терең түсіндіреді[5, 261].

Уоллерштейннің пікірінше, этникалық сана кез келген қоғамда жасырын, яғни "латентті" түрде болады. Ол белгілі бір тарихи немесе саяси жағдайларда ғана белсенді түрде көрініс табады. Қазақстан мысалында бұл тұжырым ерекше мәнге ие. Елдің көпұлтты құрылымы және тарихи тәжірибесі этностардың өзін-өзі тану процесін айрықша етеді. Қазақстандағы этникалық топтардың (қазақ, орыс, өзбек, ұйғыр және т.б.) этникалық сана-сезімі күнделікті өмірде әрдайым айқын көрінбеуі мүмкін, бірақ белгілі бір жағдайларда ол күшейеді. Мысалы, бұл сана-сезім тіл, мәдениет немесе тарихи мұраны қорғау қажеттілігі туындағанда белсенді түрде байқалады.

Уоллерштейн атап өткендей, этникалық сана-сезім ұлтқа қауіп төнгенде ерекше күшейеді. Қазақстанның тәуелсіздік алған алғашқы жылдары этникалық топтар арасында өзіндік ерекшеліктерін сақтау, ұлттық құқықтарын қорғау және сәйкестік мәселелері өзекті болды. Бұл кезең ұлттық мемлекетті қалыптастырумен қатар жүріп, әр этникалық топтың өз мәдениетін, тілін және дәстүрлерін сақтауға деген ұмтылысын күшейтті.

Қазақ мәдениеті үшін бұл мәселе өте өзекті. Ғайпов З.С. өз еңбегінде жаһандану жағдайындағы қазақстандық қоғамның саяси және мәдени трансформациясын талдай отырып, ұлттық және мәдени өзіндік ерекшелікті сақтаудың маңыздылығына ерекше тоқталады. Автордың пайымдауынша, қазіргі кезеңде жаһандық ықпалдар адамның дәстүрлі құндылықтарына, ұлттық дүниетанымына және саяси сана-сезіміне елеулі өзгерістер енгізуде. Бұл жағдай ұлттық сәйкестіктің әлсіреуіне ғана емес, сонымен бірге қоғамның рухани бірегейлігінің дағдарысына әкелуі мүмкін. Сол себепті жаһандану үдерісінде ұлттық мәдениетті қорғау мен оны жаңғыртудың маңыздылығы арта түседі.

Мақалада ұлттық идея мен рухани құндылықтардың жаңғыру жағдайындағы рөлі кеңінен қарастырылып, олардың қоғамды біріктіруші факторға айналуы қажет екені баса айтылады. Ғайпов білім беру жүйесі, мемлекеттік саясат және мәдени институттардың ұлттық сәйкестікті сақтаудағы қызметін ашып көрсетеді. Әсіресе жастардың рухани-мәдени бағдарын айқындаудағы отбасы тәрбиесі мен ұлттық дәстүрлердің ықпалына назар аударылады. Жаһанданудың ықпалын толықтай терістемей, автор оның пайдалы жақтарын – мәдени байланыстарды кеңейту, заманауи білім мен технологияға қол жеткізу мүмкіндіктерін де атап өтеді. Дегенмен, бұл мүмкіндіктерді ұлттық негізді сақтай отырып пайдалану қажеттігі көрсетіледі [6].

Жаһандану ұлттық тілге, дәстүрлерге және рухани құндылықтарға терең ықпал етуде. Ұлттық болмыстың бұл маңызды аспектілерін сақтап қалу үшін мәдени плюрализм идеяларын дамыту және заманауи технологияларға негізделген тәсілдерді қолдану маңызды. Мысалы, ұлттық мәдениет пен құндылықтарды цифрлық кеңістік арқылы насихаттау, мультимедиялық ресурстарды пайдалану және мәдени мұраларды кеңірек таныту ұлттық сәйкестікті нығайтуға септігін тигізеді.

Осылайша, этникалық сана-сезім мен ұлттық сәйкестікті сақтау жаһандану жағдайындағы басты міндеттердің бірі болып табылады. Бұл мәселелерді шешуде ұлттық мәдениет пен құндылықтарды сақтауға бағытталған кешенді шаралар жүзеге асырылуы тиіс.

Жаһанданудың мәдени өлшемдері мен оның ұлттық сәйкестікке әсерін зерттеу бұл үдерістің күрделілігін көрсетіп қана қоймай, оны басқарудың жолдарын іздеуге де мүмкіндік береді. Ұлттық мәдениет жаһандану жағдайында өзіндік ерекшелікті сақтаудың басты кепілі бола алады.

Ұлттық және мәдени өзіндік ерекшеліктер адамның тұлғалық дамуы мен оның әлеуметтік өміріндегі маңызды факторлардың бірі болып табылады. Ұлттық ерекшелік – бұл адамның тарихи-мәдени тамырларымен байланысын көрсететін рухани, әлеуметтік және психологиялық құндылықтардың жиынтығы. Мәдени ерекшелік, өз кезегінде, тұлғаның рухани әлемін байытып, оның өзіндік болмысын қалыптастырады. Бұл аспектілер адамның тұлғалық дамуына зор әсер етеді, өйткені мәдениет адамның құндылықтық бағдарын анықтайды және оның әлемге көзқарасын қалыптастырады [7,54-58].

Жаһандану жағдайында мәдени әртүрліліктің рөлі ерекше мәнге ие. Ол тек ұлттық бірегейлікті сақтап қалуға ғана емес, сонымен бірге жаһандық қоғамда үйлесімді қарым-қатынастар орнатуға мүмкіндік береді. Мәдени плюрализм мен мультикультурализм осы тұрғыда ерекше артықшылықтарға ие. Мәдени плюрализм әрбір мәдениеттің өз құндылықтарын сақтай отырып, жаһандық процестерге қатысуын қамтамасыз етеді. Бұл процесс мәдени әртүрліліктің бірегейлігін сақтауға мүмкіндік береді және халықтар арасында өзара түсіністік пен ынтымақтастықты нығайтады [1,22-26]. Сонымен қатар, мультикультурализм әртүрлі мәдениет өкілдерінің тең құқылығын мойындай отырып, қоғамда толеранттылық пен өзара құрмет мәдениетін қалыптастырады. Бұл тәсіл әсіресе жаһандану жағдайында әртүрлі халықтардың бейбіт өмір сүруіне негіз бола алады.

Ұлттық сәйкестік пен жаһандық азаматтық арасында тепе-теңдік орнату – қазіргі заманның маңызды мәселелерінің бірі. Ұлттық сәйкестік адамның өзін белгілі бір ұлтқа жататынын сезінуін қамтамасыз етіп, оның рухани тамырларын сақтауға мүмкіндік береді. Дегенмен, жаһандық азаматтық идеясы әрбір адамның әлемдік қоғамның мүшесі екенін сезінуді талап етеді. Бұл екі ұғым арасында үйлесімділік орнату, әсіресе ұлттық құндылықтарды жаһандық құндылықтармен ұштастыра отырып, ұлттық ерекшелікті сақтаудың маңызды шарты болып табылады. Қазақ мәдениетінің ерекшеліктері мен оның жаһандану жағдайындағы рөлі туралы айтқанда, бұл тепе-теңдікті сақтау үшін мәдениет пен білім беру саласында нақты қадамдар жасау қажет [8,22-26].

Сондықтан ұлттық және мәдени өзіндік ерекшелікті сақтау – тек мәдени мұраны сақтау ғана емес, сонымен қатар жаһандық өзгерістер жағдайында ұлттық бірегейлікті нығайту мен жеке тұлғаның рухани дамуына ықпал етудің басты құралы.

Жаһандану жағдайында ұлттық мәдениетті сақтау тек дәстүрлер мен рухани құндылықтарды қорғау ғана емес, сонымен қатар қоғамның әлеуметтік тұтастығын қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады. Ұлттық мәдениет – халықтың тарихи тәжірибесі, рухани мұрасы мен дүниетанымының айнасы. Сондықтан жаһандану үдерісінде мәдени бірегейлікті сақтаудың басты шарты – ұлттық идеяның жаңа заманға бейімделуі. Ұлттық идея халықтың тарихи тамырларын сақтап, заманауи даму жолдарын үйлестіретін рухани бағдар ретінде қызмет атқарады. Осы тұрғыда білім беру, бұқаралық ақпарат құралдары және мәдени институттар ұлттық ерекшелікті сақтауда шешуші рөл ойнайды.

Сонымен қатар, жаһандану дәуірінде ұлттық мәдениеттің ашықтығы да маңызды. Ашықтық ұғымы мәдениеттің өзін жоғалтпай, басқа мәдениеттермен диалогқа түсе алуын білдіреді. Бұл диалог халықтардың рухани тәжірибесін өзара байытып, жаһандық деңгейде мәдени интеграцияға ықпал етеді. Ғабитов атап өткендей, «Мәдениеттер арасындағы өзара ықпалдастық – өркениетті дамытудың басты шарты. Әрбір мәдениет өзін сақтай отырып, өзгемен диалогқа түсуі қажет» [9,245]. Бұл ой жаһандану жағдайында қазақ мәдениетінің ерекшеліктерін танытуда да өзекті. Мысалы, дәстүрлі қонақжайлық, үлкенді құрметтеу және рухани-адамгершілік құндылықтар әлемдік деңгейде насихатталса, олар ұлттық мәдениеттің орнығуына ғана емес, жалпыадамзаттық рухани байлықты арттыруға да үлес қоса алады. Бұл мәдени плюрализм қағидасының нақты көрінісі болып табылады.

Сондай-ақ, қазіргі кезеңде ұлттық және мәдени өзіндік ерекшелікті сақтаудың жаңа тетіктерінің бірі – цифрлық кеңістік. Ғаламтор мен әлеуметтік желілер дәстүрлі мәдениетті кеңінен таратуға, ұлттық өнерді, тіл мен салт-дәстүрді жастарға жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда Молдабеков Ж.Ж. *Қазақ мәдениетінің тарихы* еңбегінде: «Қазақ мәдениетінің құндылықтарын қазіргі заманға бейімдеудің бір жолы – цифрлық технологияларды қолдану арқылы мұраны кеңінен насихаттау» [10,198] деп жазады. Шынында да, цифрлық жобалар, онлайн-кітапханалар, виртуалды мұражайлар мен деректі фильмдер ұлттық құндылықтарды жаһандық аудиторияға таныстырудың тиімді құралына айналып отыр. Мұндай әдістер әсіресе жас буынның ұлттық мәдениетке қызығушылығын арттырып, жаһандану ағынында өзінің рухани тамырын сақтап қалуына ықпал етеді.

ИСТОЧНИКОВЕДЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ ТРУДА «ЗУБДАТ АЛЬ-ФИКРА» В ИССЛЕДОВАНИИ ЖИЗНИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ХУЛАГУ ИЛХАНА В 1260-е ГОДЫ

Аннотация

Труд «Зубдат аль-Фикра» представляет собой ценный исторический источник для исследования отношений между государством Ильханов и Мамлюкским Египтом, войн между ханами Берке и Хулагу, а также трансформаций политической структуры исламского мира.

Цель исследования - проанализировать сведения, содержащиеся в данном труде, относящиеся к жизни и правлению Хулагу Илхана в 1260-е годы, и определить их историческое и источниковедческое значение. В статье рассматриваются политические действия Хулагу после взятия Багдада, восстановление Аббасидского халифата, воцарение аль-Хакима Би-амриллаха и принятие ислама ханом Берке. Особое внимание уделяется содержанию и особенностям изложения этих событий в арабских источниках в сравнительном контексте.

В ходе исследования впервые были переведены и проанализированы в текстологическом и источниковедческом аспектах фрагменты труда «Зубдат аль-Фикра», ранее не введенные в научный оборот. Эти сведения позволяют уточнить хронологию эпохи Хулагу, переосмыслить его политико-идеологические связи с Мамлюкским Египтом, Улусом Джучи и исламским миром в целом.

Методологическую основу работы составляют методы внешней и внутренней критики источников, текстологического сравнения и исторической реконструкции. Полученные результаты дают возможность по-новому оценить политическую историю государства Ильханов второй половины XIII века и определить место личности Хулагу в истории исламской цивилизации.

Ключевые слова: Зубдат аль-Фикра, Хулагу Илхан, хан Берке, Байбарс ад-Дауадар, аль-Хаким Би-амриллах, Мамлюкский Египет, государство Ильханов, XIII век, источниковедение, исламский мир.

Благодарность.

Работа выполнена при финансовой поддержке Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (проект № AP26103827).

S.A. Tuleubayeva¹, Zh.M. Sabitov², A.M. Tashkarayeva³

¹Doctor of Philological Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Astana, Republic of Kazakhstan
E-mail: samaltu@mail.ru

²Doctor of Philosophy (PhD), Research Institute for the Study of the Ulus of Jochi,
Astana, Republic of Kazakhstan
E-mail: babasan@yandex.ru

³Doctor of Philosophy (PhD), Research Institute for the Study of the Ulus of Jochi,
Astana, Republic of Kazakhstan
E-mail: assel_muxtarovna@mail.ru

THE SOURCE-CRITICAL SIGNIFICANCE OF THE WORK “ZUBDAT AL-FIKRA” FOR THE STUDY OF THE LIFE AND REIGN OF HULAGU ILKHAN IN THE 1260S

Abstract

The work “Zubdat al-Fikra” serves as a valuable historical source for studying the relations between the Ilkhanate and the Mamluk Sultanate of Egypt, the wars between Khans Berke and Hulagu, as well as the transformations in the political structure of the Islamic world.

The aim of the study is to analyze the information contained in this work concerning the life and reign of Hulagu Ilkhan in the 1260s and to determine its historical and source-critical significance. The article examines Hulagu’s political actions after the capture of Baghdad, the restoration of the Abbasid Caliphate, the enthronement of al-Hakim bi-Amr Allah, and Berke Khan’s conversion to Islam. Particular attention is given to the content and stylistic features of these events as presented in Arabic sources within a comparative framework.

For the first time, fragments of “Zubdat al-Fikra” that had not previously been introduced into academic circulation have been translated and analyzed from both textological and source-critical perspectives. These materials make it possible to clarify the chronology of Hulagu’s era and to reinterpret his political and ideological connections with Mamluk Egypt, the Ulus of Jochi, and the broader Islamic world.

The methodological basis of the study consists of external and internal source criticism, textual comparison, and historical reconstruction. The results obtained allow for a new assessment of the political history of the Ilkhanate in the second half of the 13th century and a reevaluation of Hulagu’s place in the history of Islamic civilization.

Keywords: Zubdat al-Fikra, Hulagu Ilkhan, Khan Berke, Baybars al-Dawadar, al-Hakim bi-Amr Allah, Mamluk Egypt, Ilkhanate, 13th century, source studies, Islamic world.

Acknowledgment.

This research was carried out with the financial support of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (project No. AP26103827).

Кіріспе

XIII ғасырдың екінші жартысы Таяу және Орта Шығыс тарихында түбегейлі өзгерістермен ерекшеленеді. Бағдаттың 1258 жылы алынуы және Аббас әулетінің құлауымен аяқталған оқиғалар тек саяси тұрғыдан ғана емес, өркениеттік деңгейде де бетбұрыс кезең болды. Бұл тарихи үдерістерді өз көзімен көріп, егжей-тегжейлі сипаттап жазған ортағасырлық авторлардың еңбектері қазіргі заманғы деректанулық зерттеулер үшін аса құнды болып табылады. Солардың ішінде Рукн ад-Дин Байбарс ад-Дауадар әл-Мансуридің «Зубдат әл-фикра фи тарих әл-хижра» атты еңбегі ерекше орын алады.

Аталған дереккөзде Хулагу ханның Бағдат жорығы, Аббас халифатының жойылуы, кейіннен халифат билігінің Мысырда қалпына келтірілуі және Берке ханның исламды қабылдауы сияқты оқиғалар егжей-тегжейлі баяндалады. Бұл мәліметтер Елхан мемлекетінің саяси құрылымы мен идеологиялық бағытын түсінуде, сондай-ақ XIII ғасырдағы ислам әлеміндегі билік қатынастарының сипатын анықтауда маңызды рөл атқарады.

Зерттеудің өзектілігі – «Зубдат әл-фикра» еңбегіндегі 1260-жылдарға қатысты деректердің ғылыми айналымға алғаш рет толық әрі салыстырмалы тұрғыда енгізілуімен айқындалады. Бұған дейін бұл дереккөздің жекелеген үзінділері бірқатар автордың еңбектерінде қарастырылғанымен, Хулагу дәуірінің саяси, әскери және діни тарихын сипаттайтын бөлімдер толыққанды талданған жоқ.

Осыған байланысты, XIII ғасырдың 1260-жылдарындағы Хулагу Елханның өмірі мен билік қызметіне қатысты мәліметтерді жүйелі түрде зерделеп, олардың тарихи және деректанулық маңызын айқындау – бүгінгі шығыстану мен ортағасырлық деректану ғылымдары үшін өзекті болып табылады.

Материалдар мен әдістер

«Зубдат әл-фикра» еңбегі XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап еуропалық және ресейлік шығыстанушы-ғалымдардың назарына ілікті. Еңбектің алғаш зерттелуі В.Г.Тизенгаузеннің есімімен байланысты. Ол 1884 жылы еңбектен үзінділерді алғаш орыс тіліне аударып, ғылыми айналымға енгізді [1]. Бұл жарияланым кейінгі зерттеушілер үшін негізгі дерек көзіне айналып, XIII ғасырдағы Иран, Ирак, Жошы ұлысы және Мысыр арасындағы қатынастарды зерттеуде аса маңызды база болды.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап Хулагу мен Мәмлүк Египеті арасындағы байланыстар мәселесіне шетелдік зерттеушілер Д.Морган [2], П.Джексон [3], Р.Амитай [4] және Д.С. Ричардс [5] өз еңбектерінде тоқталды. Олар XII ғасырдағы саяси тарихты баяндауларды салыстыра талдап, Хулагудың ислам әлеміне ықпалын геосаяси тұрғыдан бағалады. Д.Морган зерттеуінде моңғол империясының саяси және әскери құрылымын, сондай-ақ оның Батыс Еуропамен өзара қатынасын жан-жақты талдайды. Хулагу дәуірін Шығыс пен Батыс өркениеттері арасындағы тоғыс кезеңі ретінде сипаттап, моңғол билеушілерінің идеологиялық және дипломатиялық саясатына терең талдау жасайды. Сондай-ақ, П.Джексон моңғолдардың Батыс Еуропа елдерімен саяси, әскери және мәдени байланыстарын кеңінен зерттей отырып, моңғол шапқыншылығының еуропалық өркениетке әсерін тарихи және деректанулық тұрғыдан сипаттайды.

XXI ғасырда А.А.Порсин алғаш рет Байбарс ад-Дауадардың баяндауларын мәтіндік және деректанулық тұрғыдан кешенді түрде зерттеп, Жошы ұлысы, Мәмлүк Египеті және Елхан мемлекеті арасындағы өзара байланыстарға қатысты мәліметтерді салыстырмалы талдау арқылы анықтаған [6]. Ол Рукн ад-Дин Байбарс ад-Дауадар әл-Мансуридің баяндауы мен Рашид ад-Дин, Вассаф және Ибн Тагриберди еңбектеріндегі деректер арасындағы өзара байланыстарды айқындаған. Оның пікірінше, «Зубдат әл-фикра» еңбегі тек мысырлық жылнамалық дәстүрді ғана емес, сонымен бірге Бағдаттың құлауынан кейінгі Таяу Шығыс пен ислам әлеміндегі саяси және діни өзгерістерді бейнелейтін құнды дерек көзі [6, 30-32 бб.]. А.Порсин Байбарс ад-Дауадардың сипаттамалары тарихи шынайылық деңгейі жоғары екенін және XIII ғасырдың соңы мен XIV ғасырдың басындағы Алтын Орда мен Мәмлүк Египетінің саяси үдерістерін қалпына келтіруде бұл деректің маңызын ерекше атап көрсетеді.

Кейінгі жылдары Ж.М. Сабитов пен С.А. Төлеубаева бұл бағытты жаңа ғылыми деңгейге көтерді. Олардың еңбектерінде Байбарс ад-Дауадар деректерінің түпнұсқалық сипаты мен баяндау ерекшеліктері сараланып, еңбектің қазақ тіліне аудармасы мен түсіндірмелері дайындалды [7], [8], [9]. Сонымен қатар, зерттеушілер «Зубдат әл-фикра» деректерін Жошы ұлысы мен Елхан мемлекеті тарихындағы саяси және діни қатынастарды зерттеудің маңызды дереккөз ретінде қарастырды. Ж.М. Сабитов Байбарс ад-Дауадардың мәтініндегі деректерді салыстырмалы-деректанулық әдіс арқылы талдап, XIII-XIV ғасырлардағы Алтын Орда мен

Мәмлүк Египетінің өзара байланысы мен ақпарат алмасу арналарының сипатын ашып көрсетті [7, 554-556 бб.]. Ал С.А. Төлеубаева Байбарстың баяндау тілінің поэтикалық және риторикалық ерекшеліктерін айқындап, исламдық хроникалардағы әдеби-тарихи дәстүрдің «Зубдат әл-фикрада» қалай көрініс тапқанын жан-жақты зерттеді [9, 102 б.].

Сондай-ақ кейінгі зерттеушілердің қатарында Т.Қ. Мекебаев, Ж.Ж. Кумғанбаев және Ж.С.Макашева «Алтын Орданың сыртқы саяси жүйесінің ерекшеліктері (парсы және араб жазба деректері негізінде)» тақырыбындағы мақаласында «Зубдат әл-фикра» еңбегіне сүйене отырып, Берке хан мен Хулагу хан арасындағы саяси және діни қатынастардың эволюциясын талдайды. Авторлар деректе келтірілген 659-661 хижра жылдарындағы (1260-1263 жж.) хат алмасулар мен дипломатиялық байланыстарды мысалға келтіре отырып, Мысыр сұлтаны Бейбарыстың Берке ханға исламдық бірлік тұрғысынан ықпал еткенін атап өтеді [10].

«Зубдат әл-фикра» дерегімен қатар, осы зерттеуде салыстырмалы талдау үшін бірқатар өзге Алтын Орда және Елхан дәуірінің хроникалары да пайдаланылды. Олардың қатарында Рашид ад-Диннің «Жами‘ ат-таварих», Вассафтың «Таджзият ал-амсал», Ибн әл-Асирдің «әл-Камил фит-тарих», Ибн Тагриберди мен ан-Нувейридің еңбектері, сондай-ақ Ибн Халдунның «Китаб әл-‘ибар» атты философиялық шығармасы бар. Бұл деректер салыстырмалы деректану әдісімен қарастырылып, олардың Хулагу дәуіріндегі оқиғаларға берген бағалары мен баяндауы талданды. Вассаф аш-Ширазидің «Таджзият ал-амсар ва тазжият ал-асар» еңбегі Хулагу Елхан дәуіріндегі саяси және әкімшілік құрылымды сипаттайтын аса құнды дереккөздердің бірі болып табылады. Бұл шығармадағы мәліметтер XIII ғасырдың екінші жартысындағы Елхан мемлекетінің саяси тарихы мен ислам әлеміндегі билік қатынастарын кешенді түрде зерделеуге мүмкіндік береді [11].

Жалпы, бұл зерттеу XIII ғасырдың 1260-жылдарындағы Хулагу Елхан билігінің ішкі және сыртқы саяси үдерістерін «Зубдат әл-фикра» дерегі негізінде кешенді түрде зерделеуге, сондай-ақ бұл деректің Алтын Орда мен исламдық Шығыс арасындағы мәдени және саяси байланыстарды түсінудегі рөлін айқындауға бағытталған.

Нәтижелер мен талқылау

Төменде «Зубдат әл-фикра фи тарих әл-хижра» еңбегінен алынған үзінділердің аудармасы және оларға берілген деректанулық түсіндірмелер ұсынылады. Аударманы орындаған – С.А.Төлеубаева, ғылыми түсіндірмелердің авторы – Ж.М.Сабитов, ал мақаланың құрылымдық бөліктерін әзірлеген – А.М.Ташкараева.

Алты жүз алпыс бірінші жыл

Сол жылы әмір Шамс ад-Дин Акуаш әл-Барли әл-Азизи сұлтан сарайының қақпасына келді. Бұған ол әл-Бира қаласын басып алды, сұлтан жіберген әскермен қақтығысты және оларды жеңіп, тонап, осы күйде кері жіберген еді. Сұлтан оны чбіресе алдап, біресе қорқытып, бірде ақша ұсынып, бірде қысым көрсетіп, кейде түрлі айла-шарғылар жасап, ақырында оны бағынуға көндірді. Сұлтан бұған қатты қуанып, әмір Бадр ад-Дин Бакташ әл-Фахриді Дамаскіге оны қарсы алуға жіберді. Ол Акуаш пен онымен бірге келген «әл-Азизия» әмірлеріне жол бойында қоныс пен уақытша тұрақтау орындарын ұйымдастырды. Акуаш келген кезде сұлтан оған әл-Бира қаласына қоса алпыс атты сарбаз беріп, мол сый-құрмет көрсетті – ақша, бағалы маталар, киім-кешек, үйлер, жылқылар және басқа да сыйлықтар тарту етті. Онымен бірге келген адамдарды дәрежесіне қарай сый-сияпатпен қуантты, ал Акуаштың өзін өзіне жақын тартты. Сұлтан оны кешкі мәжілістердегі сырлас серігі, кеңесшісі әрі дос-жолдасы етті. Біраз уақыттан кейін сұлтан одан әл-Бира қаласынан бас тартуын өтінді. Акуаштың өтініші бірнеше мәрте қайталанған соң, сұлтан оны қабыл алып, әл-Бираның орнына лайықты өтем берді.

Әмірлердің имам әл-Хаким би-амриллаһқа» адалдық антын беруі туралы мәлімет

Бұл – Абу әл-‘Аббас Ахмад ибн Мұхаммад [ибн әл-Хасан] ибн Абу Бакр ибн әл-Хасан ибн ‘Әли әл-Кубби ибн әл-Хасан ибн халифа ар-Рашид Биллаһ Абу Джа‘фар әл-Мансур ибн әл-Мустаршид Биллаһ Абу Мансур әл-Фадл ибн әл-Мустазхир Биллаһ Абу әл-‘Аббас Ахмад ибн ‘Абдуллаһ әл-Муктада Биллаһ Абу әл-Касим ибн әл-Каим ибн әл-Кадир ибн ат-Та‘и‘ Абу әл-Муты‘ Абу әл-‘Аббас [әл-Фадл ибн әл-Муктадир Биллаһ Абу әл-Фадл Джа‘фар ибн әл-Му‘тадыд Абу әл-‘Аббас] Ахмад ибн әл-Муаффақ ибн Джа‘фар әл-Мутауаккил [ибн Харун әл-Уасиқ] ибн Абу Исхақ әл-Му‘тасым Биллаһ ибн ар-Рашид Харун ибн әл-Махди Биллаһ ибн әл-Мансур Биллаһ Абу Джа‘фар ибн Мұхаммад ибн ‘Әли ибн ‘Абдуллаһ ибн әл-‘Аббас ибн ‘Абдұльмутталиб ибн Хашим.

Осы жылы мухаррам айының екінші күні сұлтан оны шақырып, имаматты тағайындау және халифатқа ант бергізу рәсімін өткізді. Бұл іс-шара алдыңғы халифа – имам әл-Мустансир Биллаһтың татарлардың қылышынан шейіт болып, кәпірлер қолынан қаза табуына байланысты жүзеге асырылды. Ол халифа тағына ешкім отырмай, бос қалуын қаламады. Сол себепті аталған имамды атқа мінгізіп, оны Қорғалған (Қасиетті) әл-Джабаль қамалындағы «әл-Камили» атты ұлы сарайға жеткізді. Оны құрметпен отырғызып, өзі де қасына жайғасты. Имамның Аббас әулетінен тарайтын **тектік шежіресі** арнайы дайындалып, көпшілікке ұсынылды.

Сұлтан оған Алланың кітабына, Пайғамбарының сүннетіне, ізгі істерді орындауға (*әл-амр бил-ма‘руф*), жамандықтан тыйылуға (*ән-нахй ‘ан әл-мункар*), Алланың дұшпандарына қарсы соғысуға, Алланың мүлкін әділ түрде қабылдап, оны орнымен жұмсауға, тыйымдарды орнатуға және имамдарға тән діни әрі қоғамдық міндеттерді орындауға, сондай-ақ мұсылмандарды қорғауға ант бергізді. Содан соң сұлтан ел мен халықтың басқару тізгінін халифаның қолына тапсырып, халықты басқаруды сеніп жүктеді. Оған жұртты басқару өкілеттігін беріп, әділдікті орнату ісінде серіктес етті, басқа да мемлекеттік істерді соның қарамағына жүктеп, әділдікті жүзеге асыруды аманат етті. Бұдан соң әмірлер, уәзірлер, қазі, әскербасылар, факихтер және қоғамның түрлі топтарының өкілдері оған ант берді. Осылайша, берекелі рәсім жүзеге асты. Уағдаласқан күннің жұма таңында халифа халықпен бірге қамал ішінде күтба оқып, жамағатпен намаз оқыды.

Халифаның алғашқы құтпасы туралы мәлімет

Барлық мадақ пен шүкіршілік – Аббас ұрпағына беріктік пен айқын билік (захир) орнатқан, әрі олар үшін Өз тарапынан қорғаушы сұлтан тағайындаған Ұлы Аллаға тән. Мен Оны қуаныш пен қайғыда мадақтаймын, әрі дұшпандардан қорғануда жәрдемін тілеймін. Алладан өзге құдай жоқ, Ол жалғыз, Оның серігі жоқ екендігіне куәлік етемін. Мұхаммед – Оның құлы әрі елшісі екендігіне тағы да куәлік етемін.

Алла оған және оның сахабаларына – туралықтың жұлдыздарына, әділдік пен ізгіліктің төрт халифасына, сондай-ақ оның әке жағынан ағасы – қайғысын сейілткен әл-Аббасқа, тура жолдағы имамдардың әкесіне, әділ халифалар мен ізгі жетекшілерге және Қиямет күніне дейінгі барлық ізгі мұрагерлерге сәлемі мен салауатын жаудырсын!

Уа, адамдар! Біліңдер, имамат – Исламның негізгі үкімдерінің бірі. Жиһад – барша мұсылманға парыз. Жиһад туралы білім – бірлік пен келісім арқылы ғана орнығады. Киелі мекендер тек тыйым салынған істер бұзылғанда қорланады, қан тек күнә үстінде ғана төгіледі. Егер сендер исламның дұшпанын көрсеңдер, олардың Бейбітшілік мекеніне баса көктеп кіріп, қан төгуді адал етіп, ерлер мен батырларды, балаларды қырып, халифат әйелдерін қорлап, гаремдерді қор еткенін, тірі қалғандарға азап пен қайғы қалдырғанын білесіңдер. Сол күні аспанды қаптаған жоқтау мен қайғырған дауыстар естілді. Қаншама шейхтардың сақалы өз қанына боялды, қаншама сәбилер жылады, бірақ олардың көз жасы үшін ешкім аянбады.

Сондықтан жеңдеріңді түріп, жиһад парызын қайта жаңғыртуға кірісіңдер! Алладан шамаларың келгенше қорқыңдар, тындандар, бойұсыныңдар және өздерің үшін жақсылық істеңдер. Өйткені Құранда айтылғандай: *«Кім өз сараңдығынан сақтанса, солар – құтылғандар»*.

Дін дұшпандарынан бет бұруға да, мұсылмандарды қорғаудан қашуға да енді сылтау жоқ. Бұл ұлық сұлтан әл-Мәлік әз-Захир – асқақ мырза, білімді, әділ, күрескер, сақшы, дүниенің және діннің тірегі, аз ғана қолдаушысы бар болса да, имамат ісіне жәрдем етті, күпірліктің әскерін олардың үйлерін тінтіп, зұлымдық орнатқаннан кейін қуып шықты.

Оның қамқорлығының нәтижесінде ант беру рәсімі сәтті өтіп, Аббас мемлекеті оның арқасында әскерімен нығая түсті. Сондықтан, құлдарым, осы жақсылық үшін Аллаға шүкір етіңдер, ниеттерінде адал болыңдар, бірі-біріңе жәрдем беріңдер, шайтанның серіктерімен күрес жүргізіндер және жеңіске жетіндер. Болған оқиғадан қорықпандар. Соғыстағы жеңіс өзгермелі, ол құдайға тәуелді. Ғұмыр екі күннен тұрады, бірақ мәңгілікті сенім иелері иеленеді. Құлдық пен пәк ниет арқылы Құдай сіздердің іс-әрекеттеріңді тақуалыққа жеткізсін, иман арқылы жеңістеріңді мықты етсін. Мен өзім үшін, сіздер үшін және барша мұсылмандар үшін Алладан кешірім тілеймін. Сендер де Оның кешірімін тілеңдер, Ол кешірімді әрі мейірімді.

Халифтің екінші хұтбасы туралы баяндау

Барлық мақтау мен мадақ бүкіл әлемдердің Иесі – Аллаға тән. Оның рақымы мен нығметі үшін Оған шексіз шүкірлік білдіреміз. Біз Онымен жүздесер сәтте Оның жалғыз, серігі жоқ, тендессіз Ұлы екендігіне куәлік етеміз. Ол өз пайғамбарларының мөрі Мұхаммедке (с.ғ.с.) жер мен көкте жаратқан жаратылыстарының санына тең береке мен салауат нәсіп етсін. Уа, Алланың құлдары! Сендерге Алладан қорқуды, тақуалықты өсиет етемін. Адамның айта алатын ең көркем насихаты – Патша әрі Төреші Алланың сөзі: «Ей, иман келтіргендер! Аллаға бойұсыныңдар, Елшісіне бойұсыныңдар және араларыңдағы билік иелеріне де. Егер бір нәрсе жайында таласқа түссеңдер, егер Аллаға және Ақырет күніне сенсеңдер, оны Алла мен Оның Елшісіне жүгіндіріңдер. Бұл – сендер үшін абзалырақ әрі нәтижелірек». Алла Тағала бізге және сендерге Өзінің Кітабынан пайда нәсіп етсін, сауаптарымызды молайтсын және мені де, сендерді де, барлық мұсылмандарды рақымына бөлесін.

Осыдан кейін халифа сұлтанды рухани жаңғыру мен билік нышандарымен марапаттап, оның мәртебесін айғақтайтын дәлелдермен бекітті. Бұл дәлелдер тізбегі үзілмес рухани желі арқылы Салман әл-Фарисиге, одан әрі хазірет Әли ибн Әбу Тәліпке (оған Алланың разылығы болсын) дейін жалғасады.

Сұлтанның ат-Тур (Тир) қаласына аттануы туралы баяндау

Сол жылы, раби әл-ахир айының жетінші күні сұлтан өз әскерімен және нөкерлерімен бірге Мысыр жерінен жорыққа шықты. Ол Кахира қақпалары маңындағы әл-Тиби мешіті жанында әскерін жинау үшін шатыр тіккен еді. Барлық жасағы жиналған соң, ол сапарға аттанды. Қасиетті қамалда сұлтанның орынбасары етіп әмір ‘Изз әд-Дин Айдмар әл-Халлиді қалдырды.

Газза қаласына жеткенде, ол жерде әл-Мәлик әл-Муғисстың анасын кездестірді, ол әл-‘Адил ибн әл-Камилдің зайыбы болатын. Әйел сұлтанға келіп, ұлы үшін рақым мен кешірім сұрады. Сұлтан әйелмен әңгімелесіп, оған ілесе баратын адам ретінде әмір Шараф әд-Дин әл-Джаки әл-Михмандарды жіберді. Сұлтанның бұйрығы бойынша, егер ол сол жерге жетіп, аялдауды ұйғарса, алдын ала қоныстанатын орынды дайындау тапсырылды. Әлгі кісі әл-Карактан шыққан еді, оның Бисанға келгені туралы хабар жеткенде, қарсы алу үшін сенбі күні, жумада әл-уля айының жиырма жетісінде атқа мінді. Алайда ол жол өткеліне жеткен сәтте, оны және қасындағы адамдарды қоршап алды. Сол түні-ақ тұтқын ретінде Қахираға аттандырды. Онымен бірге күзетке әмір Шамс әд-Дин Ақсункар әл-Фарқани әз-Захири жіберілді.

Сұлтан әл-Карак қаласына әмір Бадр әд-Дин Байсары [аш-Шамсиді және үй ұстазы, әмір ‘Изз әд-Дин Айдмар әз-Захиридi] жіберді. Олар әл-Карактың билігін қабылдады. Әмір ‘Изз әд-Дин Айдмар сол жерде билеуші өкіл ретінде тұрақтады, ал әмір Бадр әд-Дин Байсары жергілікті істерді реттеп, тұрғындарды тыныштандырған соң қайтып оралды.

Сұлтанның ‘Аккаға [жорық жасау мақсатында] аттануы туралы баяндау

Сол жылы сұлтан ат-Тур (Тир) қаласынан шығып, ‘Аккаға қарай бет алды. Оның жорық құрамында әр он сарбаздан бір атты әскер іріктеліп қосылған еді. Сұлтан өткел маңында өзінің орнына орынбасар ретінде әмір Шуджа‘ әд-Дин Тугрильаш-Шиблиді қалдырды. Сонымен, джумада әл-ахир айының төртінші жексенбі түнінің ортасында атқа мініп, жорыққа шықты. Ол ‘Акка қаласынан ары орналасқан аңғар (уади) өңіріне жетіп, қаланы құрлық жағынан қоршауға алды.

Қаладан алыс емес жерде франктер орналасқан мұнара бар еді. Сұлтан ол жерге бір топ жауынгерін жіберіп, мұнараны қоршауға бұйрық берді. Қоршауда қалған франктер қарсылық көрсете алмай, кешірім мен амандық сұрап, берілгендерін білдірді. Мұнараның айналасындағы ағаштар өртеліп, ондағы тоғайлар мен бұталар түгел кесілді. Содан кейін мұсылман жасақтары франктермен шайқасқа кірісіп, олардың біразы қаза тапты. Сол кезде сұлтанның алдына Абу Атласханның серіктерінің бірі – Хабаш есімді жауынгер әкелінді. Ол бұған дейін франктердің атты әскері құрамында соғысқан еді. Шайқас кезінде Хабаш қарсылас франктік сарбазды найзамен түйреп, атынан құлатып, тұтқынға алған болатын. Сұлтан оның ерлігін жоғары бағалап, марапаттап, лайықты сый-сауға беруге уәде етті.

Бұдан кейін сұлтан ат-Турға (Тирге) қайтып оралып, теңіз жағалауы бойындағы жаулап алынған аймақтарда билік жүргізу үшін әмір Насыр әд-Дин әл-Каймариді өзінің уәлаят басшысы етіп тағайындады. Осыдан әрі ол сапарын жалғастырып, Қасиетті әл-Кудсқа (Иерусалимге) жол тартты. Онда әл-Ақса мешітіне зиярат жасап, оны қайта тұрғызуға жарлық берді. Кейіннен сұлтан әл-Каракқа бет алды.

Сұлтанның әл-Карак қаласына аттанып, ондағы мемлекеттік істерді ретке келтіруі туралы баяндау

Сұлтан джумада әл-ахир айының он үшінші күні әл-Карак қаласына жетті. Сол жерде оған әл-Мәлик әл-Муғисстың ұлдары, қаланың қазиы, хатибі және тұрғындардың бір тобы келіп, кешірім сұрап, адалдықтарын білдірді. Сұлтан олармен жылы мәміледе болып, сый-сияпат жасап, ризашылығын білдірді. Кейін ол қамалды қабылдап алып, ішіне кірді.

Сұлтан диуандарды алдырып, әкімшілік істерді реттеді және қаланың әскери құрылымын тәртіпке келтірді. Қала әскеріне өз қазынасынан үш айлық жалақы беруді бұйырды және бұл істі қадағалау үшін арнайы жауапты адам тағайындады. Әл-Муғисстың ұлдарына қалған ақшаны, бағалы маталарды және жиһаздарды сыйға тартты. Сондай-ақ, әл-‘Азиз Фахр әд-Дин Усманды, оның қызметшісін және атабектерін марапаттады. Бәдәуилерге қатысты жарлықтар шығарып, олардың да ант беруін қамтамасыз етті. Қаланың әмірлері мен христиан жетекшілері де оған адалдық сертін берді.

Сұлтан Бәни Махди және Ақаба тайпаларының әмірлерін шақырып, оларға бұйрық берді: ешкім қаланың су мұнараларынан су ішпеуге және аттарын суармауға тиіс. Сондай-ақ ол оларға жергілікті халыққа мейірімді болуды және елдің тыныштығын қамтамасыз етуді өсиет етті.

Сұлтан өзімен бірге болған қазынаның бір бөлігін – жетпіс мың алтын динар мен жүз елу мың күміс динарды, сондай-ақ қолөнер бұйымдары мен зергерлік заттарды сол жерде қалдырды. Кейін әл-Карактан шығып, Қаһирадағы Қасиетті (қамал) әл-Кала‘а әл-Мухтасараға қайтты. Ол раджаб айының он жетісі күні Қаһираға оралды.

Бұл жорығы жалпы тоқсан бес күнге созылды. Сұлтан әл-Муғисстың ұлдарын және оның әйелдерін Мысыр жеріне алып келді [және оның ұлы Фахр әд-Дин Усманға Мысырдағы белгілі бір иеліктерде билік берді және оған жүз құлды қарауға тапсырды].

[Осы жылы Барактың және онымен бірге болған татарлардың исламды қабылдауы туралы баяндау]

Осы жылы татар патшасы Барактың (Беркенің) елшілері келді. Олар – әмір Жалал әд-Дин ибн әл-Қади және шейх Нур әд-Дин Әли болатын. Елшілер өздерімен бірге Барактың исламды қабылдағаны жөнінде хабар жеткізді. Олармен бірге оның хаты да келген еді. Онда ислам дінін қабылдаған татар әулеттерінің есімдері, күпірліктен (куффар қатарынан) бас тартқандардың аты-жөндері, олардың тайпалары, рулары, адам саны мен жауынгерлері егжей-тегжейлі түрде баяндалған болатын.

Ол былай деді: «Исламды біздің үлкен де, кіші де бауырларымыз және олардың ұрпақтары қабылдады. Олардың қатарында – Будакурдың ұлдары өз нөкерлерімен және балаларымен бірге, Кукаджсу мен Бишубук өлкелерінің адамдары, сондай-ақ олардың иеліктеріндегі Қудгу, Қараджа, Биш Бұға, Шрамун, Бурбаку және Манккадар аймақтарының жауынгерлері мен тұрғындары бар. Сонымен бірге Бек Қадақ Байнал, Такузагул, Құтлық Темір Уаджи мен оның ұрпақтары, Дорбай және Хорасанды жаулап алуға аттанған түмен, сондай-ақ Байджумен бірге жүрген барлық сарбаздар да исламды қабылдады». Мысалы, Байналноян, Аббакуа – бәрі де өз туыстары мен отбасыларымен бірге исламды қабылдады, парыздарын орындап, діни рәсімдер мен зекет төледі, газауат пен жиһадты Алла атына атқарды да: «Бізді осы жолға бастаған Аллаға мадақ болсын; Егер Алла бізді тура жолға бастамаса, біз жолдан жаңылар едік» – деді. Біз оқыған аяттағыдай: «Пайғамбар өзіне Тақтадан түскен нәрселерге иман етті» – деген үкім бар. Сондықтан сұлтанға мәлім болсын: мен Хулагуға қарсы соғыс көтердім, ол менің қаныма жат бауырым емес пе, Алланың биік сөзін даңқы үшін және ислам дініне беріктіктен, өйткені ол (Хулагу) –рахымсыз. Ал рахымсыз – Аллаға да, Оның Елшісіне де сенбейді.

Мен сұлтанның елшілерімен бірге өз шабармандарым мен өкілдерімді де жібердім. Олардың қатарында Ербұға, Ертиму және Унамас бар еді. Сондай-ақ, мен оларға Ибн Шихаб әд-Дин Ғазиді қосып жібердім, өйткені ол сұлтанға шайқаста болған және көзімен көрген соғыс оқиғаларының ғажайыптарын баяндай алады. Сондай-ақ, біз сұлтанға игілік пен сәттілік нәсіп болғанын хабарлаймыз, себебі ол мұсылмандар халифатының басына Аббас әулетінен шыққан имамды – әл-Хаким Биамриллаһты орнатты.[Мен оның ыждаһаттығын жоғары бағалап, Ұлы әрі Дана Аллаға шүкірлік пен мадақ айттым]. Әсіресе, оның ислам әскерімен бірге Бағдатқа бет алғаны және сол өңірді кәпірлердің қолынан құтқарғаны жөніндегі хабар жеткен кезде ерекше қуандым. Бұл хаттың жазылған күні – алты жүз алпыс бірінші жылдың ражаб айының басы, жазылған жері – Атиль. Бұл – мазмұны кең, сөзі бай әрі әсерлі ұзақ хат. Мұнда айтылғандар – сол хаттың бір бөлігі ғана.

Оның маңайында ірі ғұламалар мен тақуа шәкірттерінен құралған мүридтері болған. Солардың бірі – шейх Ахмад әл-Багдади әл-Кури есімді ғалым еді. Ал оның өзінен тәлім алған мүридтерінің арасынан шейх Хадим есімді шәкірт ерекше танылған. Бұл шейх кейін Барактың еліне барып, сол жерде тұрақтаған. Ол діндарлығымен, тақуалығымен, шынайы иманымен және турашылдығымен әйгілі болған, ел арасында үлкен беделге ие болған.

Бараққа оның игілігі, тақуалығы және адамдардың оған ықыласпен қарауы жөніндегі хабар жеткен соң, ол шейхқа арнайы елшілер мен алтын тиелген сый жіберді. Онда Барактың өз қолымен жазылған мынадай сөздер болған: «Мына байлық сенде болсын. Сен менің иеліктерімнің ішіндегі қай елге барсаң да, осы байлықты сол жерде сенің үкімің – менің үкімім, сенің бұйрығың – менің бұйрығым болып есептеледі. Кедей-кепшіктер мен басқа да мұқтаждар үшін қажет деп тапқан мөлшерде қаражатты өз қалауыңмен тарата аласың», – деп жазылған еді. Оған Барақ жіберген сый-сияпат келген кезде, шейх оның елшілеріне қарап былай деді: «Қайтыңдар да оған жеткізіңдер: сол дорбаны есекке артып, далалық аймаққа жіберсін. Егер ол алтын толған дорба есекті жыртқыш аңдардан қорғай алса – мен оны қабылдаймын. Ал егер ол оны аңдардың шабуылынан сақтай алмаса – онда маған оның қажеті жоқ». Барақ бұл сөздерді естігенде қатты риза болып, оның парасатын мойындады да: «Мен өзім барып, онымен жүздесемін», – деді.

Ол дереу жолға шығып, шейхтың зікірхана есігіне дейін жетті. Алайда шейх оған бірден ішке кіруге рұқсат етпеді. Барақ үш күн бойы есіктің алдында тұрып, сабырмен күтті. Сол кезде шейх оның шынайы сенімін сынап көруді ойлап, қызметшілерінің біріне бұйрық берді: «Есікті жоғарыдан қарайтын тұғырға шық та, үстінен қоқыс таста», – деді. Қызметші шейхтың айтқанын орындады. Бірақ Барақ орнынан қозғалмады, ашу білдірмеді, сабыр сақтады. Қызметші бұл жағдайды шейхқа хабарлады. Осы сәтте шейх оның жүрегіндегі шынайы иман мен берік сенімді көріп, оны ішке кіргізуге рұқсат берді.

Барақ ішке кірген соң шейхпен амандасып, оның қолынан ислам қабылдады. Сол күннен бастап оның туыстары мен нояндарының көбі ислам дінін қабылдап, мұсылман болды. Бұдан кейін сұлтанның елшілері Барақтың қасында болып, бірге қайтты. Олардың қатарында әмір Сайф ад-Дин Кашарбек ат-Турки Джумдар Хорезмшах және факих Мәжд ад-Дин ар-Рауазрауари болған. Сұлтан Барақтың елшілеріне және олармен бірге келген әл-Ашқари елшілеріне үлкен ықылас танытып, мол сыйлықтар тарту етті.

Бараққа жолданған сыйлықтардың ішінде – Усман ибн Аффанның жазуы бар аса қымбат мөр, түрлі түсті жайнамаздар, венециялық жібек маталар, сәнді киімдер, алтын жалатылған қазандар мен ыдыстар, қырнап жасалған болат қылыштар, алтынмен апталған түйреуіштер мен әшекейлер, еуропалық шлемдер мен алтын жалатылған сауыттар, күміспен безендірілген шамдар мен шырағандар, ою-өрнекпен көмкерілген катапульттар мен шам ұстағыштар, Хорезмде жасалған ер-тұрман, әсем жүгендер, алтын және күмістен соғылған сырғалар, өткір найзалар мен жебелер, күміс шынжырмен көмкерілген алтын шамдар болды. Сондай-ақ қара нәсілді құлдар мен аспаз әйелдер, жүйрік араб тұлпарлары, нубиялық түйелер, үйретілген аңдар, маймылдар мен тотықұстар да сыйға тартылды. Сұлтан Барақтың елшілерін салтанатты киіммен марапаттап, қошеметпен шығарып салды. Олар сол жылдың рамазан айында өз еліне қайтты.

Сол жылы Сайф ад-Дин Бальбан ар-Рашиди ас-Салихиді, Шамс ад-Дин әл-Барли мен ‘Изз ад-Дин ад-Димьятиды тұтқындап, қамауға алды.

Сол жылы шавуәл айының алтыншы күні Александрия портына жолға шықты. Ол жерге жеткен соң, қаланың сырт жағында аялдап, портта ешбір жауынгердің тұрақтамауын қатаң бұйырды. Содан кейін зу-ль-қа‘да айының басындағы сәрсенбі күні қалаға кірді. Сондай-ақ, ол порт тұрғындарынан алынатын салықты, әрбір сатылып немесе сатып алынған зат үшін кинтардың төрттен бір динар мөлшеріндегі алымды алып тастады. Сол уақытта оған порт тұрғындарының арасынан екі адам келді. Олардың бірі – Зайн ад-Дин ибн әл-Бури, ал екіншісі – әл-Мукаррам ибн әз-Зият еді. Олар айламен порттағы жоғалған ақша туралы мәлімдеп, соған қатысты жалған құжаттар жасаған болатын. Сұлтан олардың зұлымдық істерін әшкерелеуге тырысқан әрекеттерін тоқтатып, ибн әл-Буридің ісін жариялауға бұйрық берді. Осылайша ол халық алдында әшкереленді. Ол өзімен бірге болған әмірлерге бағалы маталар мен киімдер сыйлап, зу-ль-қа‘да айының он бірінші күні Қасиетті әл-Джабаль қамалына оралды.

Хулагу әскерлерінің қырғынынан пана іздеп келген татар елшіліктері туралы баяндау

Сол жылы зу-ль-хиджа айының алтыншы күні ислам дінін қабылдауға ниет білдіріп, пана іздеген татарлардың үлкен тобы келді. Олардың саны шамамен мың адам шамасында еді. Олардың арасында ақсүйектердің өкілдері де болды: Кармун, Имтагийе, Нукие, Джабрак, Кубан, Насгийе, Тышур, Набту, Сабхи, Жуджлян, Иджкарка, Иркук, Карай, Салагийе және Мункадим Сарған. Олар Барақтың серіктері еді. Барақ оларды Хулагуға көмекке жіберген еді, олар біраз уақыт оның жанында болды. Алайда Хулагу мен Барақ арасындағы қарым-қатынас шиеленісіп, араздық орнаған кезде, Барақ оларға Хулагудан шығып, өзіне келуді бұйырып хат жазды.

Егер олар оған (Бараққа) бара алмаса, онда Мысыр жерінің жауынгерлерінің жағына өтуге тиіс екені айтылды. Олар келген соң ислам дінін қабылдап, дәрет алып, тазару рәсімін орындады. Аталғандардың ішіндегі беделділері әмір әрі қолбасшы ретінде тағайындалды.

Оларға икта (жер иелігі) мен әскери жалақы мен артықшылықтар берілді. Олар сыйлықтармен, киім-кешекпен және бағалы тартулармен түрде марапатталды. [Олар әл-Люк аймағына орналастырылды].

Бұл жайында қазі Мухй ад-дин ибн Абд аз-Захир былай деген:

*Уа, әлемнің иесі,
Халықтарға қайыр мен игілік болған!
Уа, әділдігімен зұлымдықтың ізін жойған,
Қиянаттың ауыртпалығын жеңілдеткен әділет иесі!
Уа, татарларды өзіне олжа етіп айдаған,
Қылышының өткірлігінен олар қойдай ыдыраған баһадүр!
Сенің семсеріңнің сәулесінен олар зәре-құтынан айырылып,
Жазаның қаһарына ұшыраудан қорқып, қашты.
Олардың барлығы сенің құдіретіңе жетіп,
Сенен ғана пана тапты.
Сенің қасиетті ордаң – олардың қорғаны,
Сенің әділдігің – олардың амандығы.
Олар өздерін апат пен кесапаттан сенің рақымың арқылы құтқарды,
Сенің елің мен жеріңді бейбіт мекен етті,
Сенің атты әскеріңнің тұяғы тиген жер – олар үшін жұмаққа айналды.
Олар сенің сөзіңмен тыныштыққа ұмтылды,
Сенің әділдігіңмен бейбіт өмірге бет бұрды.
Өйткені ол қанға боялды,
Сен антпен байланысқан жүректерге тиесілісін бердің.
Уа, замана әміршісі,
Патшалар – сенің құзырындағы құлдарың.*

Сол жылы Дамаск қаласында шейх, имам, ғалым Әбу әл-Қасым Мұхаммад ибн Ахмад ибн әл-Муаффақ ибн Джа‘фар әл-Андалуси әл-Мурси ан-Нахуи дүниеден өтті. Ол іліммен танылған, араб грамматикасы саласында ерекше жетістікке жеткен ғұлама еді. Ол «әл-Муфассал» еңбегіне, әл-Джазулидің «Мукаддима» кітабына және аш-Шатыбидің қасидасына түсініктеме жазған болатын.

Қаһирада шейх, имам Камал әд-Дин Әбу әл-Хасан ‘Али ибн Әбу әл-Фауарис Шуджа‘ ибн әл-Аббас ибн ‘Абд әл-Мутталиб әл-Кураши әл-Хашими әл-Мысри, зағип қари және шафиғи мазһабының өкілі өмірден өтті. Ол Мысыр мен Қаһирада Құран оқыту ілімінің алдыңғы қатарлы ұстаздарының бірі болды. Көптеген шәкірт одан білім алды, ал ол дүниеден өткенде Мысыр жеріндегі Құран оқыту дәстүрінің жетекшілігі өз мәресіне жетті.

Сол жылы аш-Шараф Әбу әл-Аббас Ахмад ибн әс‘-Сикилли де қайтыс болды. Ол жеңілтек мінезді, бірақ дарынды ақын еді.

Рукн ад-Дин Байбарс ад-Дауадар әл-Мансуридін «Зубдат әл-фикра фи тарих әл-хижра» еңбегіндегі бұл үзіндіде 661 жыл оқиғалары Хулагу дәуірінен кейінгі ислам әлеміндегі саяси және діни қайта құрылымдарды сипаттайды. Әсіресе, еңбекте Аббас халифатының қайта қалпына келтірілуі, әл-Хаким Биамриллаһтың халифа тағына отыруы және оның алғашқы құтпаларының мазмұны егжей-тегжейлі суреттеледі. Бұл мәліметтер Бағдаттың құлауынан кейінгі Мысырдағы билік идеологиясының қалыптасу үрдісін және сұлтан Бейбарыс пен жаңа халиф арасындағы билік легитимациясының исламдық негіздерін айқын көрсетеді. Мәтінде келтірілген халифаның құтпалары ислам саяси ойының ренессанстық сипатын паш етеді. Онда имаматтың діни заңдылықтары, жиһад парызы мен мұсылман қауымының бірлігі туралы уағыздар арқылы сұлтан билігі мен діни биліктің өзара үйлесімін дәріптеу идеясы байқалады. Мұндай риторика ислам өркениетінің XIII ғасырдағы идеологиялық жаңғыруының айғағы ретінде бағалануы мүмкін. Байбарс ад-Дауадар бұл оқиғаларды шынайы куәгерлердің

баяндамасына сүйене отырып жазғандықтан, оның мәліметтері Рашид ад-Диннің «Жамиғ ат-тауарих» және Вассафтың «Таджзият ал-амсар» шығармаларындағы деректермен салыстырғанда нақтылығы мен хронологиялық дәлдігімен ерекшеленеді.

Алайда, Рукн ад-Дин Байбарс ад-Дауадар мен Рашид ад-Дин еңбектерінде Жошы ұлысы мен Елхан мемлекеті арасындағы саяси қатынастарды баяндау тәсілдерінде бірқатар айырмашылықтар байқалады. Егер Байбарс оқиғаларды куәгерлік нақтылықпен және исламдық риторика тұрғысынан түсіндірсе, Рашид ад-Дин оқиғалардың саяси себептерін терең талдауға ұмтылған. Мәселен, Рашид ад-Дин Алтын Ордадағы ішкі қақтығыстардың бастауын Ногай мен Салджидай-гургән арасындағы туыстық байланыстар мен діни қайшылықтардан туындағанын атап өтеді: Ногайдың қызы Кабактың исламды қабылдауы мен одан кейінгі отбасылық жанжалдар Токту хан мен Ногай арасындағы соғысқа алып келгенін жазады [12, 123-124 бб.].

А.А. Порсин Рукн ад-Дин Байбарс ад-Дауадардың «Зубдат әл-фикра» дерегіндегі Берке хан мен Хулагу арасындағы қатынастарды сипаттаған баяндау тәсілін деректанулық тұрғыда саралайды. Порсиннің пікірінше, Байбарс ад-Дауадар Берке ханды ислам дінінің қорғаушысы ретінде бейнелей отырып, оның Хулагуға қарсы күресін тек саяси емес, ең алдымен діни-идеологиялық сипатта көрсеткен. Бұл тұрғыдан алғанда, Берке ханның әрекеттері ислам әлеміндегі «қасиетті соғыс» ұғымымен сабақтасып, Мәмлүк Египетімен ортақ рухани одақтың қалыптасуына негіз болды [13, 44-46 бб.].

XIV ғасырдың алғашқы ширегінде Алтын Орда мен Мәмлүк Египетінің арасындағы қарым-қатынас жаңа дипломатиялық сипатқа ие болды. Алтын Орда билеушілері ислам әлеміндегі өз орнын күшейту мақсатында «нақтылы дипломатия» дәстүрін белсенді қолданған. Бұл үрдіс туралы деректерді ал-Айни келтіреді: 1323-1324 жылдары Египетке келген Алтын Орда елшілігі мен Каир сарайының арасындағы дипломатиялық дағдарыс – сол дәуірдің ерекше саяси оқиғасы ретінде сипатталады [14, 370 б.].

Зубдад әл-фикрада екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынасты сипаттай келе, Барактың (Берке ханның) исламды қабылдауы туралы баяндайды. Автор бұл оқиғаны рухани тазару мен саяси бетбұрыстың көрінісі ретінде сипаттап, ислам дінінің Жошы ұлысындағы таралуына тарихи негіз қалдырады. Барактың шейх Хадиммен кездесуі және оның қолынан ислам қабылдауы жөніндегі баяндау – дін мен билік арасындағы өзара ықпалдастықтың символдық көрінісі. Бұл эпизодтың маңызы тек діни тұрғыда ғана емес, саяси контексте де зор, өйткені ол Берке ханның Хулагуға қарсы шығуын діни легитимациямен байланыстырып түсіндіреді.

Алтын Орданың ислам өркениетімен өзара байланыстары мен исламдану үдерісінің тарихи кезеңдерін И.М. Миргалеев талдай келе, Жошы ұлысы XIII ғасырдың ортасына қарай саяси және әкімшілік тұрғыдан дербес мемлекет ретінде қалыптасып үлгерген, сондықтан оның билеушілері ислам әлемімен тығыз әрі достық қарым-қатынас орнатқанын жазды. Әсіресе, Берке ханның ислам дінін қабылдауы Алтын Орданың ислам әлеміндегі мәртебесін түбегейлі өзгертті. Бұл мәселе Жошы ұлысын басқа Шыңғыс ұрпақтарының иеліктерінен ерекшелендіріп, оны мұсылман елдері үшін «дінсіздік пен соғыс өлкесі» емес, ислам дінін ұстанатын саяси құрылым ретінде танытты [15, 6-7 бб.].

Деректегі Берке ханның исламды қабылдағандығы туралы хат Орта ғасырдағы дипломатиялық және теологиялық дискурстың айқын үлгісі. Онда исламды қабылдаған моңғол әулеттерінің есімдері, олардың ру-тайпалық құрамы және саяси ұстанымдары нақты көрсетілген. Мұндай мәліметтер Жошы ұлысы мен Мәмлүк сұлтандығы арасындағы алғашқы діни-саяси байланыстардың нақты жазбаша куәсі болып табылады. Сонымен қатар, Барактың хатына енгізілген Құран аяттары мен діни формулалар исламдық саяси ойдың моңғол билік жүйесіне сіңісу процесін дәлелдейді.

В.П. Костюков аталмыш үзіндіні XIII ғасырдың 60-жылдарының басындағы Жошы ұлысы билеуші әулеттерінің генеалогиялық құрылымы мен олардың мәртебелік иерархиясын нақтылауға мүмкіндік беретін деректік тұрғыдан құнды әрі болашағы зор тарихи дерек көзі

ретінде қарастырады. Зерттеуші Будакурдың ұлдарын – Құтлұғ-Бұға мен Жошы-Бұғаны – Баһадүрдің балалары деп есептейді. Оның пайымдауынша, Баһадүр Венгрия жорығында («Бахату») қаза тапқан. Алайда ол Әбілғазының еңбегіндегі: «Берке хан дүние салғаннан кейін Менгу-Темір Бахадурды Шибан ұлысының билеушісі етіп бекітті» деген мәліметті ескерусіз қалдырған [16, 191 б.].

В.П.Костюковтың зерттеуінде Қаражар есімі Удурдың аттас ұлымен, Ширамун – Шингкурдың екінші ұлы Ширамунмен, Менгкадар – Буваланың ұлы Минккадармен, ал Тоғузоғұл – Таңғұттың екінші ұлымен сәйкестендірілген [17, 187 б.]. Ғалымның пікірінше, егер Берке ханның түпнұсқа хаты табылар болса, исламды қабылдаған Беркенің серіктері мен жақтастарының нақты әрі толық тізімін анықтауға мүмкіндік туар еді. Зерттеуші жоғарыда аталған есімдердің хаттың кіріспе бөлігінде болғанын болжап, оны Берке хан мен оның шығыс және батыс қанаттағы оғландарының атынан жолданған ұжымдық үндеу ретінде қарастыруға болатынын айтады.

В.П.Костюковтың пайымдауынша, бұл жерде аталатын Будакур – Беркенің туған бауыры Будамен бір тұлға [18, 38 б.]. Ал Пулад-Кукаджасу (Кукаджур) мен Яншунук есімдері Беркенің тағы бір туған бауыры - Беркечардың ұлдары Кукджу мен Йису-Бұғамен сәйкестендіріледі. Костюковтың тұжырымынша, Беркечар ұлысы Созақ өңірінде орналасқан [17, 188 б.]. Сонымен қатар, зерттеуші хатта Будакур мен Беркечар есімдерінің аталмауына назар аударады, себебі, тарихи деректерге қарағанда, Беркенің туған бауыры Беркечар ол кезде тірі болған және 1269 жылы өткен Талас құрылтайына қатысқан [17, 188 б.].

«...және олардың жерінде тұратын Кудагу, Қаражар, Танушбука, Ширамун, Бузбаку...» деген жол түпнұсқада «және Кудагу иелігіндегі (жер иесі) Қаражар, Танушбука, Ширамун және Бузбаку жерлерінде тұратындар» деген мағынада айтылған болуы мүмкін. Осыған сүйене отырып, аталмыш үзінді Жошы ұлысының шығыс қанатына (Орда-Ежен, Удур, Шинкум, Шингкур және Тұқа-Темір ұлыстарына) тиесілі жошылықтарды меңзейтінін байқауға болады. Мұны Ширамунның Шингкурдың мұрагері Ширамунмен, Қаражардың Удурдың мұрагері Қарачармен, ал Кудагудың Орда-Еженнің алтыншы ұлы Құтқумен сәйкестендіруі дәлелдейді. Құтқу өз кезегінде Орда ұлысының билігі үшін талас жүргізген Кублюктің атасы болып табылады. Ол өз талабын бұл ұлыспен бұрын оның әкесі мен атасы билік еткен деген негізге сүйеніп дәлелдеген [19, 67-68 бб.].

Сонымен қатар, деректерде Қарачардың ұлы Құтқудың (Кутуку) қызметі және оның Арық-Бұғаға қолдау көрсеткені жөнінде мәліметтер бар. Құбылайдың Құтқуды Түркістанға жер аударуы туралы мәлімет те осы Қарачардың ұлы Құтқуға қатысты екені сөзсіз. Бұдан бөлек, тарихи деректер Құтқудың әкесі Қарачардың Ариг-Буганы қаған деп жариялаған құрылтайға қатысқанын дәлелдейді [17, 187 б.].

Осылайша, үзіндіде аталған бес тұлғаның екеуі – Танушбуга мен Бузбаку – нақты анықталмай отыр. Зерттеушінің пікірінше, олар Тұқа-Темір ұлысының және ұрпақсыз өткен Шингқұм ұлысының билеушілері болуы мүмкін. Шингқұм қайтыс болғаннан кейін оның ұлысы әулеттің кез келген өкіліне берілген болуы ықтимал.

«Менгкадар өз әскері мен қызметшілерімен, Беккадак-Байнал, Тоғузоғұл, Құтлық-Темір, Аджи балаларымен, Дурбай» деген жолдар, ықтимал түрде, Алтын Орданың батыс қанатындағы ұлыстардың билеушілеріне қатысты болуы мүмкін. Бұл жерде Менгкадар мен Тоғузоғұлдың сәйкестендірілуі де айқын: біріншісі – Бувала ұлы Минккадармен, ал екіншісі – Таңғұттың ұлымен байланыстырылған. Менгкадардың есімі «әскерлері мен қызметшілерімен бірге» деген эпитетпен алғаш аталуына қарағанда, оның саяси беделі мен мәртебесі айрықша болғаны анық.

Біздің ойымызша, оның Жошы ұлысының батыс қанатындағы беделі Орда-Ежен ұлысының шығыс бөлігіндегі мұрагерлердің мәртебесіне тең болған. Бұл билік мұрагерлік арқылы әкесінен – Бувал-Мауциден берілген. Ол Шағатай ұрпағы Муджи Йаямен тең тұлға болуы екіталай, себебі оның ұлы Некудер-Текудер Хулагудың Иран жорығына Шағатай ұлысынан қатысқан. Егер Муджи Йая мен Мауци бір тұлға болса, онда оның ұлы Некудер

жорыққа Жошы ұлысының батыс қанатынан қатысуы тиіс еді. Бұл деректер олардың генеалогиялық және саяси айырмашылығын көрсетеді.

Ғталмыш деректе аталған Аджи – кейінірек Ноғайдың серіктесі болған және оның ұлдарының қолынан қаза тапқан Құрмышының ұлы Абаджи болуы ықтимал. Кейбір деректерде Құрмышының өзі Орда Еженнің ұлдарының бірі ретінде де кездеседі [14, 101 б.].

Беккадак-Байнал есімін зерттеушілер Шибанның екі ұлымен – Қадақ пен Байналмен сәйкестендіреді. Әбілғазының мәліметтері бойынша, олар Шибанның батыс ұлысына қарасты Корал уалаятына жіберілген еді. И.А.Мустакимовтың «Таварих-и гузида-йи Нусрат-наме» шығармасындағы Шибанға қатысты үзіндіні жаңаша оқуы нәтижесінде, Шибан ұрпақтарына келесі ұлыстар тиесілі болғаны анықталады: Қара Ұлақ (Валахия), Джулат (Кавказ аумағы), Қырық-Йер (Қырым), Жаңакент (Сырдария бойы) және Күйдай (Шибанның атақонысы). Сонымен қатар, Шибан билігіне бағынышты төрт темник туралы да мәлімет бар: Бурундай киат, Түкбұға түмен, Тайбұға бүркіт және Алибек қоңыраттың арғы атасы [20, 217 б.].

Аталған тұлғалардың ішінде Бурундай – 1259-1260 жылдары Даниил Галицкиймен соғысқан, ал оның ұлысы Күремсі (Құрмышы) иелігіне ауыстырылған темник ретінде белгілі [21, 181 б.]. Тукбуға болса, 1262-1263 жылдары Қырым қаласының билеушісі ретінде айтылады. Сондай-ақ, қоңыраттар тайпасының Кавказ өңірінен шыққанын ескерсек, бұл мәліметтер Жошы ұлысының этно-саяси құрылымын және Шибан ұрпақтарының географиялық ықпал аймағын нақтылай түседі.

Шежірелік аңызға сәйкес, әмір Нангудай қоңырат атақты ноян (немесе төре) Нұқайдан тарайды. Аңыз бойынша, Нұқайдың ұлы Аққайда баһадүр «Бұлғар, Шеркес және Қазан елдерін» билеген. Осы әмірдің ұлы Нангудай алғашында шеркестерге билік жүргізіп, кейінірек Өзбек ханның ордасына келіп, онда әмір ал-умара (әмірлер әмірі) дәрежесіне дейін көтерілген [22, 154 б.]. Сондай-ақ, деректерде бұрқыттар тайпасының XIV ғасырдың ортасына дейін Қырым өңірінде өмір сүргені, кейіннен шығысқа қарай, яғни қазіргі Орал маңына қоныс аударғаны белгілі [23, 318 б.].

Жоғарыда аталған мәліметтерді қорыта келгенде, Шибани әулетінің Берке хан дәуірінде Жошы ұлысының батыс бөлігінде үш негізгі иелігі болғанын айтуға болады: Валахия, Джулат және Қырым. Ал Менгу-Темір билігі кезінде Қырым иелігі Тұқа-Темір ұрпағы Ұран-Темірге берілген [26, 191 б.]. Осыған байланысты деректе: «Сайын ханның ұлдары Шибан ханның ұлдарының қолындағы мемлекетті жұлып алды» деген жол бар [14, 384 б.], бұл Алтын Орда ішіндегі билік пен иеліктердің қайта бөлінісін көрсетеді.

Егер бұл болжам дұрыс болса, онда Қадақ, Байнал және Құтлық-Темір (біз оны Шибанның тоғызыншы ұлы Саилқанның ұлы Құтлық-Темірмен байланыстырамыз) шамамен 1263 жылы Жошы ұлысының батыс бөлігіндегі үш ірі иеліктің билеушілері болған: Қара Ұлақ (Валахия) – Алтын Орданың ең батыс шекарасындағы, Бувал ұлысынан да әрі орналасқан аймақ; Қырым және Джулат. Бұл шибанилер өз иеліктерін ұрпақсыз өткен Жошы ұлдарының – Чилаукунның [24, 107 б.], Исанның, Буруның, Дукаджидің және Мұхаммедтің өлімінен кейін иеленуі әбден мүмкін [24, 433-434 бб.].

Алайда, назар аударарлық жайт – деректегі хат мазмұнында Бату ұрпақтарының аты аталмайды. Бұл Берке хан дәуірінде Батудың заңды мұрагерлері биліктің нақты тетіктерінен шеттетілгенін көрсетеді. Көрініп тұрғандай, Берке өзінің билігі кезінде негізінен туған бауырлары Беркечар мен Будакурдың ұлдарына, сондай-ақ Шибани әулетінің көптеген өкілдеріне сүйенген.

Сонымен қатар, ресми деректерге қарағанда, Беркенің мұрагері болып Менгу-Темір танылған [14, 151 б.]. Бұл жөнінде зерттеуші Р.Ю.Почекаев Беркенің Менгу-Темірді мұрагер ретінде мойындауы басқа жошылық әулеттердің (соның ішінде батуидтердің) оның билігін мойындауының негізгі шарты болған деген пікір айтады [25, 268 б.].

Тағы бір ықтимал нұсқа бойынша, Бату мен оның көптеген бауырлары қайтыс болғаннан кейін Берке барлық жошылықтар мен шыңғыс ұрпағы үшін «аға» (ака) дәрежесіне ие болған. Бұл мәртебені оған тіпті қарсыласы Хулагу да мойындаған. Улагчи қайтыс болғаннан кейін

тақ мұрагерін анықтау кезінде жошылар мен батуидтер Туда-Менгу мен оның регенті Борақшиннің кандидатурасын қабылдамай, Менгу-Темірді таңдаған. Ал Берке аға ретінде оның регенті болған. Яғни, 1261 жылы Туда-Менгу де, Менгу-Темір де әлі кәмелетке толмаған жас мұрагерлер еді.

Осылайша, «Зубдат әл-фикра» еңбегіндегі мәліметтер 1262-1263 жылдардағы Алтын Орданың саяси элитасының құрылымы мен билік иерархиясын нақтылайтын аса құнды деректер қатарына жатады.

Қорытынды

Зерттеу нәтижесінде Рукн ад-Дин Байбарс ад-Дауадар әл-Мансуридің «Зубдат әл-фикра фи тарих әл-хижра» еңбегі XIII ғасырдың ортасындағы Таяу Шығыс пен моңғол дәуірінің тарихын зерттеуде аса маңызды дереккөз екендігі дәлелденді. Еңбекте Хулагу ханның Бағдатқа жасаған жорығы, Аббас әулетінің билігінің аяқталуы, кейінгі кезеңдегі халифат билігінің қайта қалпына келтірілуі және Берке ханның исламды қабылдауы сияқты тарихи оқиғалар біртұтас саяси-өркениеттік үдеріс ретінде суреттеледі.

Зерттеу барысында анықталғандай, Байбарс ад-Дауадар деректі куәгерлік сипатта жазған, сондықтан оның баяндауларында тарихи дәлдік пен хронологиялық жүйелілік сақталған. Сонымен қатар, автордың діни және идеологиялық ұстанымы мәтіннің құрылымы мен риторикасында айқын көрініс табады. Ол ислам өркениетінің күйзелісін, халифаттың құлауын және жаңа саяси биліктің діни заңдылықпен заңдастырылуын моральдық тұрғыда түсіндіреді. Бұл еңбекті тек тарихи хроника ретінде ғана емес, сонымен қатар исламдық саяси ойдың айнасы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Деректегі Барақтың исламды қабылдауы туралы мәліметтер моңғол билеушілерінің діни бағыттағы трансформациясын көрсетуімен ерекше құнды. Бұл эпизод исламның Жошы ұлысындағы таралуын және Мәмлүк сұлтандығы мен Еуразия кеңістігіндегі мұсылман мемлекеттері арасындағы жаңа идеологиялық одақтың қалыптасуын дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері «Зубдат әл-фикра» еңбегін тек Мәмлүк Египеті немесе Аббас халифаты тарихының контекстінде ғана емес, сонымен қатар моңғол кезеңіндегі ислам өркениетінің саяси және рухани трансформациясын зерделеуде кешенді дереккөз ретінде қарастыру қажет екенін көрсетті. Бұл еңбек арқылы Хулагу хан дәуіріндегі билік легитимациясы, исламдық риториканың қайта жаңғыруы және моңғол элитасының исламдану процесі туралы жаңа ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік туды.

Қорыта айтқанда, Байбарс ад-Дауадардың «Зубдат әл-фикра» еңбегі XIII ғасырдағы ислам әлемі мен Елхан мемлекеті арасындағы саяси, діни және мәдени байланыстарды зерделеудің маңызды деректік негізі болып табылады. Ол Хулагу мен Берке дәуірлерін тек жаугершілік тарих тұрғысынан емес, өркениеттік сабақтастық және діни парадигма тұрғысынан пайымдауға жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тизенгаузен В. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. I: Извлечения из сочинений арабских. – СПб.: Издано на издвение С.Г. Строганова, 1884. XVI + 564 с.
2. Morgan D. *The Mongols*. – Oxford: Blackwell, 1986.
3. Jackson, P. *The Mongols and the West: 1221-1410*. – London: Pearson Longman, 1999. – 416 p.
4. Amitai, R. (2001). *Al-Nuwayrī as a historian of the Mongols. The Historiography of Islamic Egypt (c. 950-1800)*, 23-36.
5. Richards, D. S. (2001). *A Mamluk Amir's Mamluk History: Baybars al-Mansuri and the Zubdat al-Fikra*. In H. Kennedy (Ed.), *The Historiography of Islamic Egypt (c. 950-1800)* (pp. 37-44). Leiden: Brill.

6. Порсин А.А. Источник информации Рукн ад-Дина Бейбарса в освещении им междоусобной войны в Золотой Орде в конце XIII – начале XIV веков // Золотоордынское обозрение. – 2015. – №4. – С. 29-53.
7. Сабитов Ж.М. Интерпретация сведений «Зубдат ал-фикра» в научном труде А.А. Порсина // Золотоордынское обозрение. – 2020. – Т. 8, №3. – С. 552-562. DOI: 10.22378/2313-6197.2020-8-3.552-562.
8. Сабитов Ж.М., Тулеубаева С.А. Анализ достоверности «курейшитской генеалогии» Идегя из «Джами ат-таварих» Кадыр Али-бека и трактата «О роде князей Юсуповых» // Золотоордынское обозрение. – 2023. – Т. 11, №2. – С. 453-462. DOI: 10.22378/2313-6197.2023-11-2.453-462. EDN: UBVRJI.
9. Тулеубаева С.А. Труд Эмира Рукн Ад-Дина Байбарса Аль-Мансури Ад-Дауадара «Зубдат Аль-Фикра Фи Тарих Аль Хиджра» как важный источник по истории правления Султана Байбарса // Вопросы востоковедения. – 2024. – №1. – С. 96-103.
10. Мекебаев, Т.Қ., Кумганбаев, Ж.Ж., Макашева, Ж.С. Особенности внешнеполитической системы Золотой Орды (на основе персидских и арабских источников) // Вестник КазНУ. Серия историческая (KazNU Bulletin. History series). – 2016. – №4(83). – С. 45-56.
11. Арсланова, А.А. Из истории изучения «Тарих-и Вассаф» в отечественной и зарубежной историографии // Средневековые тюрко-татарские государства. – 2017. – №9. – С. 45-56.
12. Rashid al-Din. *Jami' al-Tawarikh (The Compendium of Chronicles)*. Vol. II. Translated by W. M. Thackston. – Cambridge, MA: Harvard University / Columbia University Press, 1998. – pp. 123-124.
13. Порсин А.А. История Золотой Орды конца XIII – начала XIV веков в труде Рукн ад-Дина Бейбарса ал-Мансури «Зубдат ал-фикра». – Казань: Институт истории им. Ш.Марджани АН РТ, 2018. – 276 с.
14. История Казахстана в арабских источниках. Т. 1. / Пер. с араб. яз.; сост. и ред. А.К.Муминов, В.П. Юдин. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 412 с.
15. Ислам и власть в Золотой Орде. Сборник статей / Под ред. И.М. Миргалеева, Э.Г. Сайфетдиновой. – Казань: Институт истории им. Ш.Марджани АН РТ, 2012. – 332 с.
16. Кляшторный С.Г. Султанов Т.И. «Казахстан: летопись трех тысячелетий». А. 1992.
17. Костюков В.П. «Улус Джучи и синдром федерализма»//Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. - 2007. - №1.
18. Муизз ал Ансаб, 2006 - История Казахстана в персидских источниках. Том 3. (Муизз ал Ансаб). Алматы. 2006.
19. Рашид ад-Дин «Сборник Летописей» т.2. М. 1960.
20. Мустакимов И.А. «Владения Шибани Абулхаир-хана по данным Таварихи гузида Нусрат-наме»//Национальная история татар. Теоретико-методологическое введение. Казань. 2009.
21. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды/Сост. В. Тизенгаузен. Т. 1: Извлечения из сочинений арабских. СПб., 1884.
22. Исхаков Д.М., Измайлов И.Л. «Клановая структура Улуса Джучи». Казань: ФЭН, 2007. С. 108-143.
23. Иванич М. «Дафтар–и Чингиз–наме как источник по истории кочевых обществ» //Источниковедение истории Улуса Джучи (Золотой Орды). От Калки до Астрахани. 1223-1556. Материалы Международного научного семинара «Источниковедение истории Улуса Джучи (Золотой Орды). От Калки до Астрахани. 1223-1556», 23-26 июня 1998 г. – Казань, 2001.
24. История Казахстана в персидских источниках. Том 3. (Муизз ал Ансаб). Алматы. 2006.
25. Почекаев Р.Ю. «Цари ордынские. Биографии ханов и правителей Золотой Орды». СПб. Евразия 2010г. 408с.

References:

1. Tizengauzen V. *Sbornik materialov, otnosiashchikhsia k istorii Zolotoi Ordy*. T. I: *Izvlecheniia iz sochinenii arabsskikh*. – SPb.: Izdano na izhdivenie S. G. Stroganova, 1884. XVI + 564 s.
2. Morgan D. *The Mongols*. – Oxford: Blackwell, 1986.
3. Jackson P. *The Mongols and the West: 1221-1410*. – London: Pearson Longman, 1999. – 416 p.
4. Amitai R. *Al-Nuwayrī as a historian of the Mongols*. // *The Historiography of Islamic Egypt* (c. 950-1800). Leiden: Brill, 2001. – P. 23-36.
5. Richards D. S. *A Mamluk Amir's Mamluk History: Baybars al-Mansuri and the Zubdat al-Fikra*. In: Kennedy H. (Ed.) *The Historiography of Islamic Egypt* (c. 950-1800). Leiden: Brill, 2001. – P. 37-44.
6. Porsin A.A. *Istochnik informatsii Rukn ad-Dina Beibarsa v osveshchenii im mezhdousobnoi voyny v Zolotoi Orde v kontse XIII – nachale XIV vekov*. // *Zolotoordynskoe obozrenie*. – 2015. – №4. – S. 29-53.
7. Sabitov Zh. M. *Interpretatsiia svedenii “Zubdat al-fikra” v nauchnom trude A. A. Porsina*. // *Zolotoordynskoe obozrenie*. – 2020. – T. 8, №3. – S. 552-562. DOI: 10.22378/2313-6197.2020-8-3.552-562.
8. Sabitov Zh. M., Tuleubaeva S. A. *Analiz dostovernosti “kureishitskoi genealogii” Idegeia iz “Dzhami at-tavarikh” Kadyr Ali-beka i traktata “O rode kniazei Iusupovykh”*. // *Zolotoordynskoe obozrenie*. – 2023. – T. 11, №2. – S. 453-462. DOI: 10.22378/2313-6197.2023-11-2.453-462. EDN: UBVRJI.
9. Tuleubaeva S. A. *Trud Emira Rukn ad-Dina Beibarsa al-Mansuri ad-Dauadara “Zubdat al-Fikra fi Tarikh al-Hidzhra” kak vazhnyi istochnik po istorii pravleniia Sultana Beibarsa*. // *Voprosy vostokovedeniia*. – 2024. – №1. – S. 96-103.
10. Mekebaev T. K., Kumganbaev Zh. Zh., Makasheva Zh. S. *Osobennosti vneshnepoliticheskoi sistemy Zolotoi Ordy (na osnove persidskikh i arabsskikh istochnikov)*. // *Vestnik KazNU. Serii istoricheskaiia* (KazNU Bulletin. History series). – 2016. – №4(83). – S. 45-56.
11. Arslanova A. A. *Iz istorii izucheniia “Tarikh-i Vassaf” v otechestvennoi i zarubezhnoi istoriografii*. // *Srednevekovye tiurko-tatarskie gosudarstva*. – 2017. – №9. – S. 45-56.
12. Rashid al-Din. *Jami' al-Tawarikh* (The Compendium of Chronicles). Vol. II. Translated by W. M. Thackston. – Cambridge, MA: Harvard University / Columbia University Press, 1998. – Pp. 123-124.
13. Porsin A. A. *Istoriia Zolotoi Ordy kontsa XIII – nachala XIV vekov v trude Rukn ad-Dina Beibarsa al-Mansuri “Zubdat al-fikra”*. – Kazan': Institut istorii im. Sh. Mardzhani AN RT, 2018. – 276 s.
14. *Istoriia Kazakhstana v arabsskikh istochnikakh*. T. 1. / Per. s arab. iaz.; sost. i red. A. K. Muminov, V. P. Iudin. – Almaty: Daik-Press, 2005. – 412 s.
15. *Islam i vlast' v Zolotoi Orde. Sbornik statei / Pod red. I. M. Mirgaleeva, E. G. Saifetdinovoi*. – Kazan': Institut istorii im. Sh. Mardzhani AN RT, 2012. – 332 s.
16. Klyashtornyy, S. G.; Sultanov, T. I. *Kazakhstan: letopis' trekh tysyacheletiy*. – Almaty, 1992.
17. Kostyukov, V. P. *Ulus Dzhuchi i sindrom federalizma*. // *Voprosy istorii i arkheologii Zapadnogo Kazakhstana*. – 2007. – №1.
18. *Mu'izz al-Ansab*. // *Istoriya Kazakhstana v persidskikh istochnikakh*. T. 3. – Almaty, 2006.
19. Rashid ad-Din. *Sbornik letopisey*. T. 2. – Moscow, 1960.
20. Mustakimov, I. A. *Vladieniya Shibani Abulkhayr-khana po dannym Tavarikhi guzidai Nusrat-name*. // *Natsional'naya istoriya tatar: teoretiko-metodologicheskoe vvedenie*. – Kazan, 2009.
21. *Sbornik materialov, otnosyashchikhsya k istorii Zolotoy Ordy / Sost. V. Tizengauzen*. T. 1: *Izvlecheniya iz sochineniy arabsskikh*. – SPb., 1884.
22. Iskhakov, D. M.; Izmaylov, I. L. *Klanovaya struktura Ulusa Dzhuchi*. – Kazan: FEN, 2007. – S. 108-143.
23. Ivanich, M. *Daftar-i Chingiz-name kak istochnik po istorii kochevykh obshchestv*. // *Istochnikovedenie istorii Ulusa Dzhuchi (Zolotoy Ordy). Ot Kalki do Astrahani. 1223-1556. Materialy mezhdunarodnogo seminara*. – Kazan, 2001.
24. *Istoriya Kazakhstana v persidskikh istochnikakh*. T. 3. (Mu'izz al-Ansab). – Almaty, 2006.
25. Pochekaev, R. Yu. *Tsari ordynskie. Biografii khanov i praviteley Zolotoy Ordy*. – SPb.: Evraziya, 2010. – 408 s.

Г.Р. Нұрымбетова *¹

¹ саяси ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан, Алматы қ.,
E-mail: gulshat_nurymbet@mail.ru

ТАРИХИ ТҰЛҒА КЕЛБЕТІ АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДА

Аңдатпа

Мақала XX ғ. 20-30 жылдарындағы Қазақстан жетекшілерінің бірі Н.Нұрмақовтың өмір жолын, оның мемлекеттік қызметі мен қоғамдық-саяси белсенділігін зерттеуге арналған. Ұлттық сот жүйесінің, әділет және прокуратура органдарының қалыптасуына қосқан үлесі архив құжаттарының негізінде талданған. Экономикалық қайта құрулар, астананы Орынбордан Қызылордаға, Қызылордадан Алматыға көшіру жолындағы белсенділігі айқындалған.

Архив құжаттары Н.Нұрмақовтың XX ғасырдың 20-30 жылдарында күн тәртібіне қойылған күрделі де өзекті мәселелерді ұлт мүддесі тұрғысынан шешуге ұмтылғанын дәлелдейді.

Мақалада Н.Нұрмақовтың баспа беттерінде жарияланған мақалаларына да біршама орын берілген. Олар республиканың жас көшбасшысының іскерлік қасиеттері мен кең дүниетанымын, ұлттық шет аймақтың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының болашағы, қазақ халқының болашағына сенімін ашады. Н.Нұрмақовтың республикадағы социалистік құрылыстың теориясы мен тәжірибесіне қатысты дәлелдері мен фактілері қазіргі зерттеушілерді қызықтыратыны сөзсіз.

Мақалада КСРО-дағы Үлкен террордың бастапқы кезеңі қарастырылады. Н.Нұрмақов 1937 жылы 27 қыркүйекте Алаш қозғалысының саяси көшбасшысы Ә.Бөкейхановпен бір күнде ату жазасына кесілді. Жақын туыстары да террор құрбаны болды: әкесі Н.Тәукебаев, әйелі З.Нұрмақов және інісі Қ.Нұрмақов.

Саяси ақтау жолы ұзақ әрі күрделі болды. Ол 1956 жылы ақталған.

Кілт сөздер: қоғамдық-саяси, мемлекеттік қайраткер, қуғын-сүргін, ұлттық кадр, архив құжаттары, жергіліктендіру, үлес, ұлт, экономика, прокуратура, юстиция, отбасы

Г.Р. Нұрымбетова *¹

¹доктор политических наук, профессор, Казахстан, г. Алматы
E-mail: gulshat_nurymbet@mail.ru

ОБРАЗ ИСТОРИЧЕСКОЙ ЛИЧНОСТИ В АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТАХ

Аннотация

Статья посвящена изучению жизненного пути, государственной деятельности и общественно-политической активности одного из руководителей Казахстана Н.Нурмакова в 20-30 годы XX века. На основе архивных документов раскрыть его вклад в создание национальной судебной системы, органов юстиции и прокуратуры. При его активном участии осуществлялись экономические преобразования, переезд столицы из Оренбурга в Кызыл-Орду, из Кызыл-Орды в Алматы.

Архивные материалы однозначно свидетельствуют, что при решении сложнейших проблем 20-30-х годов Н.Нурмаков исходил прежде всего из национальных интересов.

В статье значительное внимание уделено публикациям Н.Нурмакова на страницах периодической печати. В них раскрываются деловые черты и широта кругозора молодого руководителя республики, перспективы социально-экономического и культурного развития

национальной окраины, вера в будущее казахского народа. Аргументы и факты Н.Нурмакова относительно теории и практики социалистического строительства в республике представляют несомненный интерес для современных исследователей.

Статья раскрывает начальный этап Большого террора в СССР. Н.Нурмаков был расстрелян 27 сентября 1937 года в один день с политическим лидером движения «Алаш» А.Букейхановым. Жертвами террора стали близкие родственники: отец Н.Таукебаев, супруга З.Нурмакова, младший брат К.Нурмаков.

Путь к реабилитации был долг и тернист. Он был реабилитирован в 1956 г.

Ключевые слова: общественно-политический, государственный деятель, репрессия, национальный кадр, архивные документы, коренизация, вклад, нация, экономика, прокуратура, юстиция, семья

G.R. Nurymbetova^{ID*1}

¹doctor of political science, professor, Kazakhstan, Almaty

E-mail: gulshat_nurymbet@mail.ru

THE IMAGE OF A HISTORICAL FIGURE IN ARCHIVAL DOCUMENTS

Abstract

This article examines the life, government, and socio-political activities of N.Nurmakov, one of Kazakhstan's leaders, in the 1920s and 1930s. Using archival documents, it explores his contribution to the creation of the national judicial system, justice agencies, and the prosecutor's office. He was actively involved in economic reforms, including the relocation of the capital from Orenburg to Kyzyl-Orda, and from Kyzyl-Orda to Almaty.

Archival materials clearly demonstrate that in addressing the complex problems of the 1920s and 1930s, N.Nurmakov's primary consideration was national interests.

The article devotes considerable attention to N.Nurmakov's publications in periodicals. They reveal the young republican leader's practical qualities and broad outlook, the prospects for the socioeconomic and cultural development of the national outskirts, and his faith in the future of the Kazakh people. N.Nurmakov's arguments and facts regarding the theory and practice of socialist construction in the republic are of undoubted interest to modern researchers.

The article reveals the initial stage of the Great Terror in the USSR. N.Nurmakov was executed on September 27, 1937, the same day as A.Bukeikhanov, the political leader of the Alash movement. Close relatives also fell victim to the terror: his father, N.Taukebaev, his wife, Z.Nurmakov, and his younger brother, K.Nurmakov.

The road to rehabilitation was long and arduous. He was rehabilitated in 1956.

Keywords: socio-political, statesman, repression, national personnel, archival documents, indigenization, contribution, nation, economy, prosecution, justice, family

Н. Нұрмақовтың 130 жылдық мерейтойына орай

Кіріспе. Биыл мемлекет және қоғам қайраткері Нығмет Нұрмақовтың дүниеге келгеніне 130 жыл толып отыр. Мерейтойға орай Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Тарих факультеті, Қарағанды облысының әкімдігі Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасы, Қарағанды облысы ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» және КММ «Шаңырақ» Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедраларының қауымдастығы» РҚБ ұйымдастыруымен, «Нығмет Нұрмақов - мемлекет және қоғам қайраткері: ұлт тағдырының күрделі кезеңдері және қазақ саяси элитасы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Ал Қазақстан Республикасы Президенті архиві (бұдан әрі – Президент архиві) ұжымының

бастамасымен «Нығмет Нұрмақов. Құжаттар мен материалдар»²⁹ атты тарихи-құжаттық жинақ жарық көрді. Ағымдағы жылдың 3 қазанында Астана қаласында өткен осы жинақтың тұсау кесерінде көпшілік қауымға Н.Нұрмақовтың өмірі мен қызмет жолының кезеңдерін қамтыған тарихи-құжаттық көрме² таныстырылды.

Нығмет Нұрмақұлы Нұрмақов «Еуропаны кезген коммунизм елесі» Ресей империясының шет аймақтарында да тамырын жайған аласапыран заманда ұлттың болашағы үшін арпалысқан біртуар тұлғалардың бірі. Ол ірі мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ халқының экономикалық, әлеуметтік, мәдени өмірінің өркендеуіне бар күш-жігерімен атсалысқан, тарихта айрықша орны бар тұлға.

Жалпы азаттық жолындағы күрестің тарихын және ұлт мүддесі жолында күрескен қазақ зиялыларының өмірі мен қызметін зерттеу өзекті мәселе. Осыған орай, зерттеу мақсаты Нығмет Нұрмақовтың қоғамдық және мемлекеттік қызметін архив құжаттарының негізінде зерделеу. Жаңа деректерді ғылыми айналымға енгізу.

Материалдар мен әдістер. Мәселені зерттеу архив құжаттарына негізделген. Мақалада Президент архивінің 139, 141, 352, 404 қорларынан және Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архивінің 30, 1380 қорларынан алынған құжаттар кеңінен пайдаланылды.

Зерттеу барысында Қазақстан Республикасы Президенті архивіне 2022-2023 жж. ПМ, ҰҚК мен Бас прокуратураның арнаулы мемлекеттік архивтерінен тапсырылған Нығмет Нұрмақовтың, оның әкесі Нұрмақ Таукебаевтың, туған інісі Құрманғали Нұрмақовтың қылмыстық-тергеу істерімен және Карлагта жазасын өтеген әйелі Зуфнун Нұрмақованың жеке істерімен танысып, ой елегінен өткіздік.

Сондай-ақ, Нығмет Нұрмақовтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметіне арналған ғылыми зерттеулер мен жинақтар зерделенді. Әр түрлі зерттеулерге талдау жасау, оларды жүйелеу Н.Нұрмақовтың тарихи рөлін бағалауға қатысты төмендегі зерттеу кезеңдерін топтастыруға мүмкіндік берді: 1. Көзі тірі кезінде Нығмет Нұрмақов туралы жарияланған мақалалар (1920-1938 жж.) 2. «Халық жауы» үкімі салтанат құрып тұрған кезеңдегі еңбектер (1938-1956 жж.) 3. Ақталғаннан кейінгі жарық көрген зерттеулер (1957-1985 жж.) 4. Жариялылық кезеңінде пайда болған еңбектер (1985-1990 жж.) 5. Тәуелсіздік тұсындағы жарық көрген еңбектер (1991-2025 жж.).

Әр кезеңдегі зерттеулерге қысқаша шолу жасағанды жөн көрдік. Бірінші кезеңде жарық көрген еңбектер өте аз, жоқтың қасы деуімізге болады. Себебі, тоталитарлық дәуірдің қалыптасуы кезеңінде зерттеушілердің бірде-бірі республика басшыларының өмірбаянын ғылыми тұрғыдан саралауды мақсат тұтқан жоқ. Тіпті ұлттық кәсіби тарих ғылымы да қалыптасып үлгермеген еді. Негізінен көлемі шағын мақалалар ғана жарияланды. Сондықтан да Нығмет Нұрмақов туралы газет-журналдардағы мақалаларды тарихнамалық тұрғыдан ой елегінен өткіздік. Соның бірі 1925 жылы 1 мамырда «Еңбекші қазақ» газетінде жарық көрген Н.Нұрмақовтың өмірбаянынан ақпарат беретін мақала. Сондай-ақ Н.Нұрмақовтың саяси қайраткер ретінде қалыптасу жолындағы алғашқы қадамдары С. Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» шығармасында суреттелген[1].

Өмірінің соңғы кезеңіндегі баспасөз бетінде жарық көрген басылымдарда ол ұлтшыл-фашист ретінде біржақты көрсетіліп отырды [2]. Нығмет Нұрмақовтың тарихи рөлін бағалаудағы екінші кезеңді сталиндік деп айтуымызға болады. Себебі, тарих ғылымында сталиндік тұжырымдар үстемдік етті, ал мұндайда жеке тұлғалардың тарихтағы орны туралы әділ де келелі сөз болуы мүмкін емес еді. Қалыптаса бастаған сталиндік ахуал бүкіл алдыңғы қатарлы зиялыларды, партия-мемлекет, қоғам, өнер қайраткерлерін нәубетке ұшыратып, есімдерін халыққа ұмыттыруға тырысты. Ал олардың өмірі мен қызметін зерттеу жабық тақырыптардың біріне айналды. Осы себептерге байланысты Нығмет Нұрмақовтың саяси

²⁹ Нығмет Нұрмақов. Құжаттар мен материалдар. Редакциясын басқарған т.ғ.к. Ә.Қ.Мұстафина. Құраст.: Г. Нұрымбетова, Е. Чиликова, А. Утегалиева. - Алматы, 2025 ж. - 520 бет.

² «Дәуір және тұлға: Нығмет Нұрмақов» тарихи-құжаттық көрме

өмірбаянын арнайы ғылыми тұрғыдан зерттеу туралы сөз болмауы да заңды құбылыс. Мысалы, 30-шы жылдардағы партия тарихшылары Н.Тимофеев, С. Брайнин өздерінің 1926-1938 жж. индустрияландыру және ұжымдастыру тарихына арналған көлемді мақалаларында [3] нәубетке ұшыраған қайраткерлер есімдерін айналып өткен.

1956 жылы Нығмет Нұрмақовтың азаматтық және партиялық тұрғыдан ақталуы – оның өмірі мен партиялық – қоғамдық қызметіне арналған зерттеулердің пайда болуына қозғау салды. Бұл басылымдарды ой елегінен өткізе отырып, ақтаудың артында «салмақ» жатқанын ұмытпағанымыз жөн. Себебі, енді Нығмет Нұрмақов – нағыз коммунист, қайсар большевик-лениншіл, жеке басқа табынушылық кезеңінде негізсіз нәубетке ұшыраған қайраткер ретінде ғана көрсетіле бастады. Бұл мақалалардың барлығы оның мерейтойларының қарсаңында жарияланған.

Н.Нұрмақовты мемлекеттік қайраткер ретінде тануға жол салған 1970-1980 жылдары жарық көрген еңбектердің орны ерекше. Зерттеушілер архив деректерінің негізінде оның жұмыс жасаған қызмет салалары мен жылдарын нақтылаған [4]. Сондай-ақ, Н.Нұрмақовтың бейнесін ашуда осы жылдарда жарық көрген естеліктер мен көркем әдеби шығармалардың орны бөлек [5].

Тәуелсіздік жылдарына келер болсақ, бұл тұста ұзақ жылдар бойы бұрмаланған тарих ақтандақтары ақтарылып, зерттеушілер үшін жабық болып келген архив деректері ғылыми айналымға енгізілді. Тарихшылар үшін ақ түйенің қарны жарылды деуімізге болады. Осы кезеңде жарық көрген еңбектерге таптық, партиялық ұстанымдардан ада болу, мәселені ақиқат тұрғысынан ашуға ұмтылыс тән. Сонымен тәуелсіздік тұсында Н.Нұрмақовтың ұстанымы мен көзқарасына объективті баға беру мүмкіндігі туды [6]. Демек, өміржолы мен қоғамдық-саяси қызметін зерттеуге жаңа серпін берді. Н.Нұрмақовтың мемлекеттік қызметі мен қайраткерлігі арнайы зерттеліп, 2005 жылы кандидаттық диссертация қорғалды [7]. Жалпы ғылыми, ғылыми-публицистикалық жарияланымдардың ішінде Б.Қабдөшев [8], Р.Қаппасова сияқты зерттеушілердің еңбектерін ерекше айтқанымыз жөн [9]. 2005 ж. жарық көрген құжаттар жинағы да зерттеушілерге Н.Нұрмақовты жаңа қырынан тануға мүмкіндік бергені сөзсіз [10]. Н.Нұрмақов пен оның отбасының қудалану мәселесін тың деректер негізінде талдаған А.Нұрмақов еңбектері де тақырыпты ашуға үлкен олжа салды [11]. 2020 ж. жарияланған ұжымдық монография да Н.Нұрмақовты тарихи тұлға ретінде тануға өз үлесін қосты [12]. Дей тұрғанмен, Н.Нұрмақовты мемлекеттік қайраткер, саяси қуғын-сүргін құрбаны ретінде толыққанды ашатын зерттеулер әлі де болса қажет-ақ.

Зерттеу барысында тарихилық, объективтілік, тарихи-салыстырмалы әдістері басшылыққа алынды. Объективтілік әдісі фактілер мен оқиғаларды шынайылық тұрғысынан және жан-жақты қарастырудан көрініс тапты. Нақтылар болсақ, архив құжаттары сын көзбен зерделеніп, өзара байланыста талданды. Тарихилық әдісін қолдану үдерістер мен оқиғалардың мерзімдік-мекен-жайлық факторын дұрыс ұғынуға қол жеткізді. Тарихи-салыстыру әдісінің негізінде қуғын-сүргін кезіндегі тергеу үрдісіндегі ортақтық анықталды. Бастысы саяси қуғын-сүргінге қатысты материалдар мен құжаттар тарихи сана мен жадыны қалыптастыру тұрғысынан пайымдалды.



Нәтижелер. Нығмет Нұрмақов 1895^{1*} жылы 25 сәуірде Семей губерниясының Қарқаралы уезіндегі Қаратау ауылында (қазіргі – Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Егіндібұлақ ауылы) дүниеге келген. 20-шы жылдарда өз қолымен жазған өмірбаянында кедей қырғыздың (қазақтың) баласымын деп көрсеткен екен. 1905-1908 жылдар аралығында ауылдық бастауыш мектепте сауатын ашып, кейін Қарқаралыдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесінде оқыған. Оны 1911 жылы үздік бітірген. Бұдан кейінгі оқу жолын Омбыда жалғастырған. Омбыдағы мұғалімдер семинариясында білім алуы [13], оның Ә.Бөкейханов, М.Жұмабаев,

^{1*} Кейбір архив құжаттарында Н. Нұрмақовтың туған жылы 1896 жыл деп көрсетілген. Алайда, ресми жарияланған құжаттарда 1895 жыл болуына байланысты, туған жылын 1895 жыл деп қалдырғанды жөн көрдік.

С.Сейфуллин, Ә.Досов және А.Сидельников сияқты зиялылармен танысып-білісуіне, олармен жақын араласуына мүмкіндік береді. Омбыдағы семинарияда оқып жүрген кезінде С.Сейфуллинмен, М.Жұмабаевпен бірге қазақ жастарының «Бірлік» ұйымын құрған. Ұйым жастар арасында мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізумен қатар қазақ тілінде кітаптар шығарумен де айналысқан.

Н.Нұрмақов еңбек жолын 1915 жылы Қарқаралыда өзі оқыған 2 класты училищеде мұғалім болып бастайды. Осылайша, 20 жасынан оқу-ағарту ісімен айналысып, қазақ жастарын біліммен сусындатуға атсалысады. Дәл осы жылдарда Алаш зиялыларының «Қазақ» газеті арқылы халықты оқу-білімге шақырып, кітап, оқу құралы, оқулықтар шығару ісімен айналысқанын ескерсек, онда Н.Нұрмақов та осы үлкен іске өзіндік үлес қосты деуімізге болады. Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарық көрген «Оқу жайы» атты мақаласында оқу-білімнің қажеттігін: «Бұл күнде оқудың керек екеніне ешкімнің таласы жоқ. Қай жұрт болса да оқумен ілгері басып тұрғандығын, кейін қалудың себебі оқудың кемдігінен екенін көріп тұрамыз. Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші» [14, 302] деп анықтаған еді. Демек, кез келген халықты үдемелі дамуға, өркениетке жетелейтін де, оларды теңестіретін де оқу екеніне ерекше көңіл бөлген.

Н.Нұрмақов училищедегі мұғалімдік қызметін 1918 жылға дейін атқарды. Президент архивінің 139-қорында РК(б)П ОК Н.Нұрмақовтың есепке алу бөліміне толтырған жеке іс парағы сақталған. Құжат 1922 жылы 3 мамырда толтырылған. Осы құжатта өзінің кәсібі мен мамандығын халық мұғалімі деп көрсетуі де бұл істің ол үшін қаншалықты маңызды екенін көрсетсе керек (сурет 1).



Сурет 1. Н.Нұрмақовтың РК(б)П ОК есепке алу бөліміндегі жеке парағы. Орынбор қ., 3 мамыр 1922 ж. ҚР ПА. 139 қ. 3 т. 293 іс. 1-2 п

Нығмет Нұрмақовтың саяси өмірге белсене араласа бастауы қазақ халқының экономикалық, саяси, мәдени және қоғамдық қатынастарын түбегейлі өзгерткен кеңес үкіметінің орнауымен тұспа-тұс келді. «Ежелден еркіндік аңсаған» қазақ халқына кеңес үкіметі азаттық, еркіндік береді деген сеніммен, Н.Нұрмақов өз замандастары Т.Рысқұлов, С.Сейфуллин, О.Жандосов сияқты Қазақстанда кеңестік құрылысты құруға бел шеше кірісті. Иә, олар қазан революциясын қабылдап, оның еркіндік, теңдік пен әділеттілік идеяларына сенді. Осы идеалдарды жүзеге асыруға үлес қосты.

1918 жылдың ақпанында Н.Нұрмақов Қарқаралыда шаруалар мен қазақ депутаттар кеңесінің соғыстан қайтқан майдангерлермен бірігіп қызыл әскер отрядын құруға қатысады. Олар уездегі әкімшілік билігін қолға алады.

Н.Нұрмақов осы іс-әрекеттердің нәтижесінде құрылған депутаттар кеңесінің Президиумына мүшелікке сайланып, хатшылық қызметін атқарады. Сол жылы Қарқаралыда революцияға қарсы көтеріліс болып, кеңес басшылары казак әскерлерінің қолына түседі. Н.Нұрмақов та Кеңес депутаттарымен бірге 1919 жылдың желтоқсанына дейін түрмеде отырады. Түрмеден жергілікті революциялық халықтың көмегімен босап, өлкеде Кеңес өкіметі орнағаннан кейін кеңес қызметіне қайта оралады. Бұл туралы ол 1923 жылы жазған өмірбаянында егжей-тегжей тоқталады [15].

1920 жылдың наурызында Н.Нұрмақов партия қатарына қабылданады. Бұл жәйінде ол «Ешкім жоқ шер тарқатып, көңіл ашар,

Жүректің күйіп, жанған дертін басар.

Мұнымды жұртқа айтпаған саған шықтым.


Жүрек – от, көңіл - дария, халім нашар!» деп өзіне мұнын шаққан жақын досы С.Сейфуллинге жазған хатында «халықты теңдік пен бостандыққа жеткізетін большевиктер партиясы екендігіне көзі жететіндігін» айтып, партияға кіруге шешім қабылдағанын білдірген.

1920-1921 жж. – Қарқаралы уездік ревкомының, уездік атқару комитетінің, Семей губерниялық әскери ревкомының мүшесі және бөлім меңгерушісі, губкомның бөлім меңгерушісі, Семей губерниялық атқару комитетінің мүшесі.

Н.Нұрмақов қандай істе болмасын өзін қайтпайтын табанды күрескер ретінде көрсете білді. Ол 20-30 жылдарда әртүрлі деңгейдегі қызметтерді атқара жүріп, бүгінгі ұрпаққа үлгі боларлықтай істерімен ерекшеленді.

1922 жылдың 17 қазанынан Республикалық Жоғарғы Трибуналдың төрағасы, ал 1923 жылдың ақпанынан 1924 жылдың қыркүйегіне дейін Қазақ Автономиялық республикасының Бас прокуроры және Әділет халық комиссары міндеттерін атқарады. Бар болғаны 27-28 жастағы балаң жігіттің, өз халқына адал қызмет еткенін архив құжаттарынан да көруімізге болады.

Жаңадан құрылған сот-тергеу орындарына басшылыққа келген Н.Нұрмақов, бірінші кезекте, бұл саланы білікті маманданған қызметкерлермен қамтамасыз ету мәселесін күн тәртібіне қойған. Осыған орай, ол қазақ жастарының заң саласында білім алуына аса мән берген. Осы мақсатта құрылған заң курсына оқып жүрген қазақ жастарының әрбір мәселесіне мемлекеттік маңызды шаруа ретінде көңіл бөліп отырған. 1923 жылдың 8 қыркүйегінде Қазаткомға жолдаған хатында ол «Орынборда Әділет Халық комиссариаты жанынан ашылған заң курсы бар екендігі Қазаткомға белгілі болар. Қазір курсанттардың қысқы киімдері жоқ. Олардың бәрі (көпшілігі қазақтың) кедей отбасынан, киім алуға жағдайлары жоқ. Қалыптасқан бұл қиындық олардың оқуды одан әрі жалғастыруларына қауіп төндіруде» [16, 614] – деп хабарлай отырып, оларға қаржылай көмек беруді сұраған (сурет 2).



Сурет 2. Қыр (Қаз) ОАК жолданған хат. Орынбор қ., 8 қыркүйек 1923 ж. ҚР ОМА. 1380 қ. 1-т. 5-іс. 614 п.

Құжаттан көріп отырғанымыздай Н.Нұрмақов тіптен олардың қысқы киіммен қамтамасыз етілуін де назарда ұстаған екен. Жас мамандардың қызметке орналасуларына да көмектесіп, өз істерінің маманы болуына жәрдемдесті. Жалпы қазақ жастарының прокурорлық және сот жұмысына тартылуына көп күш-жігерін жұмсады. Соның бір дәлелі 1923 жылы 27 қазанда РК(б)П губерниялық комитеттерге Сот және Прокуратура органдарына қазақ қызметкерлерін тартуға ықпал ету туралы жолдаған хаты. Хатта кеңестік аппаратты жергілікті тұрғындардың тілін, тұрмысы мен психологиясын білетін жергілікті адамдардан қалыптастыру оны бұқара халықпен жақындастырудың бір жолы екенін айта келе, халық соты, тергеуші мен учаскелік прокурор күнделікті өздерінің жұмыстарында халыққа қызмет көрсететін, оларға жақын тұрған лауазымды тұлғалар деп анықтайды. Сондықтан бұл органдардың қырғыз (қазақ) еңбекшілері үшін түсінікті әрі олардың мұқтаждықтарын өтей алуы маңызды. Бұған осы органдар жергілікті халықпен жан-жақты таныс адамдардан қалыптастырылғанда ғана қол жеткізе аламыз деп көрсеткен [17, 186].

Бас прокурор және Әділет халық комиссары қызметтерін атқара жүріп

Н.Нұрмақов сот ісіндегі қайшылықтарды, қиыншылықтарды жоюға, кейбір әділетсіз түрде жазаланған азаматтардың ақталуына ықпал жасайды.

Осы кезеңдегі Н.Нұрмақовтың аса бір ыждаһаттылықпен қараған мәселесі бұл халқымыздың ана тілін көтеру, тіл мәртебесін биіктету болды. Осы жолда қыруар жұмыстар да жүргізді. Ол сот ісінің барлық тараптарға түсінікті болуы үшін ана тілінде жүруін талап етті. Қарап отырсақ, XX ғасырдың 20-30 жылдарында мемлекеттік іске араласып, белсенді

қызмет атқарған қазақ қайраткерлері осы қазақ тілі мәселесін өткір көтерген. Н.Нұрмақов қазақ тілінің сот ісінде айналымға түсуінде табандылық танытты. Осы мақсатқа жету жолында барлық губерниялық соттарда қазақ бөлімдерін ашып, барлық Кодекстерді қазақ тіліне аударуды қолға алуды ұйымдастырды. Соттар мен тергеушілер өз қызметтерінде басшылыққа алу үшін үкімдердің, шешімдер мен хаттамалардың, қаулылардың қазақ тіліндегі үлгілерін әзірлеуде назардан тыс қалмапты [18, 46]. Соның нәтижесінде көптеген аудандарда тергеу және сот істері қазақ тілінде жүргізілді.


1924 жылдың 11-18 қаңтар айында Орынборда өткен бірінші республикалық прокурорлар кеңесінде жасаған есепті баяндамасында осы саланың өзекті мәселелерін ашық айтады. Ол губерниялық сот бөлімшелерін қысқартпау және заң саласындағы қызметкерлердің жалақысын көбейту мәселелері еді.

Ұлт мүддесін қорғауды бір сәттік іс деп қабылдамағаны келесі қадамдарынан да көрінеді. Ол Қыр(Қаз)обкомның 1923 жылдың 9 шілдесінде өткен мәжілістерінің күн тәртібіне ұлт мәселесін енгізіп, қаулыны толықтырып, өзгерістермен қабылдатқан [19, 88]. Қаулыда жергілікті қазақ ұлтының республикадағы билікті қалыптастырып, басқарудағы артықшылықтары мойындалған. Онда мемлекеттік мекемелерге қазақтарды қызметке тарту, қазақ тілінде іс жүргізудің нақты мерзімін белгілеу, қазақтардың саяси сауатын ашуға төл тілінде мектептер ұйымдастыру, қазақ тілінде әдебиеттер шығару, оған қаржы бөлу, қазақ жастарының оқып-білім алуына, өсуіне жағдай тудыратын шараларды ұйымдастыру сияқты өзекті мәселелерді жүзеге асыру қамтылған. Осы қадамынан Н.Нұрмақовтың өз халқының мұң-мұқтажын жақын әрі жақсы білетінін көреміз.

Кейін осы Әділет халық комиссары мен республика прокуроры болған кездегі жұмысына берілген бағадан-ақ байқалады. Қазақ өлкелік комитетінің жауапты хатшысы О.Жандосов 1925 жылы берген өз пікірінде былай депті: «...Нұрмақов жолдас ӘХК жұмыс істеген кезінде оның жұмысын жақсарту жағына да, сондай-ақ КССР Әділет органдарын қайта құру жұмысын аяқтауға да маңызды өзгерістер енгізді. Жергілікті және ұлттың жағдайын білетінін, Әділет мекемелерін жергілікті тұрғындарға бұру қажеттігін түсіне білді. Қызметкерлерді іріктей алу мен оларды реттей алатыны сезілді» [20, 6]. Пікір Н.Нұрмақовты кеңестік басшылық қызметте пайдаланған тиімді деп қорытындыланған (сурет 3).

Соның тағы бір дәлелі 1923 жылы 5 сәуірде С.Меңдешевпен бірге облыстық партия ұйымындағы жағдай туралы БК(б)П ОК жолдаған жабық хаты [21]. Хатта өлкеде басшы қызметте отырған орыс азаматтарының ұлттық саясатты дұрыс жүргізбей, қырғыз (қазақ) еңбекшілерінің сұрақтарына ықпалсыз, менсінбей қарап, тәкәппарлық танытуы қырғыз тұрғындарын өздерінен, партиядан алыстатып жатқаны айтылған. Хатта ОК келесі ұсыныстар ұсынылған:

1) Қырғыз обкомы мен барлық губкомдарға жоғарыда көрсетілген жөнсіздіктерден арылуды қатаң талап еткен нұсқаулық хат жолдау. XII съездің ұлттық сұрақ бойынша қаулысын бұлтартпай орындау және оны басшылыққа алу;



Сурет 3. БК(б)П Қазөлкекомының жауапты хатшысы О.Жандосовтың Әділет ХК қызметіндегі Н.Нұрмақовтың жұмысы туралы пікірі. Қызыл-Орда қ., 1926 ж. ҚР ПА. 139 қ. 3 іс. 293 іс. 6 п.

2) Қырғыз Еңбек және қорғаныс кеңесінің төрағасы Вайнштейнді, Ақмола губкомының хатшысы Чернядьевті, юстиция халық комиссарының орынбасары Пилявскийді жедел түрде шақырып алу, оларды XII съезд ұсыныстарының соңғы тармағының талаптарына сай келетін қызметкерлермен ауыстыру және Қырғыз мекемелерін, соның ішінде Қыробкомды съезд шешімдерін белсенді жүзеге асыратын қызметкерлермен бірте-бірте күшейту.

3) Қырғыз өлкесінен қырғыз қызметкерлерін Мәскеуге және басқа губернияларға жібермеу, оларды толығымен Қыробком қарамағында қалдыру.

4) Фабрик және зауыттарды шикізат көздерінің жанына іс-жүзінде көшіруді жүзеге асыруға кірісу, жақын арада Семей және Ақмола губернияларында мата фабрикаларын ашу, сонымен қатар бұрын жұмыс жасаған Екібастұз, Риддер, Спасск және т.б. өнеркәсіп кәсіпорындарын қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдау.

5) Осы шаруашылық істерді жүзеге асыру үшін өлкеге тәжірибелі шаруашылық қызметкерлерін беруді сұраймыз.

Өкінішке орай, бұл ұсыныстар С.Меңдешев пен Н.Нұрмақовтың жеке ұсыныстары ретінде қаралып, әрі қарай жүзеге аспаған.

Партиялық және мемлекеттік жұмыста ғана емес оның қабілет-қарымы журналистика саласында көзге түсті. Қазақ баспасөзінің тарихында лайықты орны бар «Қызыл Қазақстан» журналының редакторы кезінде жазған мақалалары халықтың саяси мәдениетін көтеруге қызмет етті.

Сол кезде күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің бірі Қазақстанның аумақтық тұтастығы мәселесі еді. Өткір де өзекті мәселеде Н.Нұрмақов өз позициясында нық тұрғанын көреміз. 1924 жылы 5-10 қаңтар аралығында өткен Кеңестердің бүкілқазақстандық IV съезінде Жетісу және Сырдария облыстарындағы қазақ аудандарын қосу, яғни Орта Азияның ұлттық аумағын межелілеу мәселесі қарастырылды. Көп ұзамай, сәуір айында РК(б)П ОК Ортаазиялық бюросы мен Түркістан Компартиясы ОК-інің біріккен мәжілісінде Орта Азияда межелілеуді

дайындау және өткізу мәселесіне қатысты арнайы комиссия құрылады. Н.Нұрмақов 1924 жылы 25 қыркүйекте межелеу ісіне РК(б)П ОК Саяси бюросының мәжілісіне қырғыз (қазақ) облыстық комитетінің өкілі ретінде қатысады. Сондай-ақ, осы мәселеге қатысты ұсыныстарын 1925 жылы Қазақстан коммунистерінің V өлкелік конференциясында жасаған «Орта Азия республикаларының мемлекеттік-ұлттық бөлінуі және Қазақстанның дау перспективалары» атты баяндамасында ашық айтты. Бұл кезде ол БК (б) П қырғыз (қазақ) облыстық комитетінің бөлім меңгерушісі қызметін атқарып жүрген еді.

1924 жылдың қыркүйегінен 1929 жылдың сәуір аралығында Н.Нұрмақов Қазақ АКСР Халық комиссарлар кеңесінің төрағалық қызметін атқарады. Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы – қазіргі премьер-министр қызметіне пара-пар. Бұл қызметті Н.Нұрмақовқа дейін С.Сейфуллин атқарған болатын. Бір қызығы, Н.Нұрмақов пен С.Сейфуллин білім алған Омбы семинариясының мұғалімі А.Сидельников «1915 жылы семинарияны Сейфуллин, Нұрмақов «үздікке» бітірді. ...Біз оларды сол кезде семинарияның жұлдыздары дейтін едік» деп баға берген екен. Екі дос тағы да жұлдыздай жарқырап, кеңестік Қазақстанның ең жоғарғы лауазымын бірінен кейін бірі атқарғаны да кездейсоқтық емес шығар.

Қазақ АКСР Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы қызметіне келгеннен кейін, 1924 жылдың 3 желтоқсанында Бүкілодақтық орталық атқару комитеті мен РСФСР Халық комиссарлар кеңесіне республика үшін маңызды мәселелерді көтерген 2 хат жолдайды. Хатта көтерілген маңызды мәселенің бірі - республика орталығын анықтау және оның республиканың басқа бөліктерімен байланыс үшін ыңғайлы болуы. Күн тәртібіне ҚазССР ауыл шаруашылығын көтеру мен нығайтуды қойып, жұт пен құрғақшылық орын алған жағдайда халыққа көмек болатын мал шаруашылығын дамытуды ұсынды [22, 225].

Екінші мәселе - республика халық шаруашылығын қалпына келтіру, оны одан әрі дамыту. Өлке шаруашылығында басым рөл атқаратын мал шаруашылығы мен егіншіліктің құлдыраушылықты басынан өткеріп отырғанын талдай келе ҚССР орталықтан қосымша қаржыландыру күтетінін баса айтқан. Орталыққа өзінің мемлекеттік кірісінің 50% дейін беріп отырған Қазақ ССР қолдаушылық күтуіне толық негіз бар деп есептейтінін де жасырмайды [22, 231-233]Н. Нұрмақов 1924 жылы Қазақ АКСР-і астанасын Орынбордан Қызылордаға, ал 1929 жылы Алматыға көшіру туралы шешімдерді қабылдауға тікелей қатынасып, ұйымдастыру жұмыстарын басқарды. Жұмыс барысында бірінші кезекте шешілуі тиіс міндеттердің қатарына көшіп келген мемлекеттік мекемелерді ғимаратпен, қызметкерлерді үй-жаймен қамтамасыз ету қойылған [23, 208-209].

Ол адал әрі өзінің пікірін айтуға кімнің алдында болса да тайсалмаған. Соның бірден бір дәлелі – Қазақ АКСР Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы қызметін атқарып жүргенде Қазақстан өлкелік партия комитетінің хатшылығына тағайындалған Ф.Голощекин ұсынған «Кіші Қазан» саясатына қарсы тұруы. Әрине, Н.Нұрмақовтың ұлттық мүдде мен жергілікті ерекшеліктерді ескеруді талап еткен және сол бағытын жүзеге асыру үшін күресі Ф.Голощекинге ұнамағаны белгілі. Олардың арасында саяси сипаттағы да, жеке тұлғалық тұрғыдағы да дау-жанжалдар жиі орын алған. Бұл мәселеге тағы ораламыз.

1925 жылдың қазанында Қазақ өлкелік комитетінің бюро мәжілісінде Ф.Голощекиннің негізгі баяндамасынан кейін сөз алған Н.Нұрмақов былай деген еді: «Аумақтық сұрақ біз үшін – бұл өте өткір мәселе. Онымен біздің республика тағдыры байланысты. Бұл жерде айтылған себеп (тұрғындардың басым көпшілігін орыстардың құрауы) мұндай шешімнің негізі болуы мүмкін емес. Республиканың көптеген уездерінде жергілікті тұрғындардан орыстардың саны басым, бірақ бұл барлық аумақ Ресейге берілуі тиіс дегенді білдірмейді. Бұл республиканы жоюмен пара-пар. Мәселені бұлай қою ешбір сын көтермейді, сондықтан біз қарсымыз». Кейін Мәскеуде баяндама жасағанда да ол осы ойын қайталайды.

Н.Нұрмақов қандай мәселеде болмасын өз позициясын сауатты әрі дәйектермен қорғай білген. Бұған оның сол жылдардағы баяндамалары мен сөйлеген сөздері дәлел. Ойын анық та қанық айтып, әсіреушілік пен жағымпаздыққа бой ұрмағанын көруімізге болады. Мысалы, 1925 жылы 16 қарашада өткен Жетісу губерниясының партиялық конференциясында сөйлеген

сөзінде Қазақстандағы өндіріс орындарын дамыту мәселесін көтерген. Соның ішінде, тері, тұз, балық өндіруге аса көңіл бөлу қажеттігі айтылған. Кезіндегі 140 тері өңдеу зауыттарынан 7 тері өңдеу зауытының қалғанын айта отырып, оның өнімділігін арттыру қажеттігін негіздейді. Кемшіліктер де назардан тыс қалмаған. Қазақ жеріндегі жұмыссыздық деңгейінің жоғары екенін көрсете отырып, одан арылу жолы ретінде қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруды ұсынады [24, 236-237].

Жұмыссыздықтан арылу мақсатында 1925 жылы 29 қарашада РСФСР ХКК (СНК) жолданған ұсыныстан жалғасын тапқан. Ұсыныста қалаларды көркейту бойынша қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру қажеттігі негізделіп, қажетті қаражатты бөлу сұралған:

1. Қалаларды көркейту үшін 183 871 руб.
2. Кіреберістер жолдарын жөндеу үшін 150 347 руб. 50 коп.
3. Зиянкестермен күреске 334 871 руб.
4. Мелиорациялауға 210 600 руб., барлығы 878 952 руб. 50 коп. сұралыпты [25, 198-199].

Мұндай сабақтастықты Н.Нұрмақовтың әрбір ісінен байқауымызға болады. 1926 жылдың қараша айында БК(б)П Орталық Комитетінің саяси бюросы одақтық маңызы бар ірі құрылыстар ішінде Түрксіб темір жолын салуды бірінші кезектегі міндет деп тапты. Ал сол жылдың 15 желтоқсанында ҚазАССР ХКК (СНК) мәжілісінде Түрксіб теміржолын салу мәселесі қаралып, онда Н.Нұрмақов баяндама жасайды. Баяндама негізінде 7 тармақтан тұратын қаулы қабылданады. Онда жол салу басқармасының құрамына Қазақстан өкілін енгізу, сондай-ақ оны Қазақстан жерінде орналастыру ұсынылды [26, 100].

Республика тарапынан Түрксіб құрылысына қатысты арнаулы үкіметтік комиссия құрылып, оған Н.Нұрмақов басшылық етті. Түрксіб құрылысын жүзеге асыру барысында өзін шаруаны терең білетін іскер ұйымдастырушы, басшы екенін көрсете білді. Түрксіб темір жолын салуға қатысты Орталыққа бірінші орынға ел мүддесін, қазақ халқының мүддесін қоятынын көрсетіп, оны қорғай да алды. Түрксіб басшылары жолды қысқарту мақсатында Алматыға соқпай өтетін жобасын жасауға кіріскен кезде Н.Нұрмақов РКСФР Халком Кеңесінің төрағасы Рыковқа, орынбасары Рысқұловқа жедел хат жолдап, бұл жобаға үзілді-кесілді қарсылығын білдірген [27, 127]. Сондай-ақ, Түрксібте жұмыс жасайтын қазақ құрылысшыларын дайындау қажет екенін негіздеп, оған қажет қаржы бөлуді де күн тәртібіне қоя білген [28, 274].

Қазақ АКСР Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы қызметін атқарған алғашқы күндерден-ақ Қазақстан өлкелік партия комитетінің хатшысы Ф.Голощекинмен өзара келіспеушіліктер болғанын жоғарыда айтып кеттік. Осы өзара келіспеушілік байларды тәркілеу саясатын жүзеге асыру барысында анық көрінді.

1926 жылғы 25 қарашасында партияның III пленумында Н.Нұрмақов «Ауылдағы советтер құрылысы» тақырыбында баяндама жасайды. Бұл мәселені күн тәртібіне қойдыру арқылы Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Ф.Голощекиннің көздеген мақсаты байларды тап ретінде жоюға қатысты шешім қабылдату еді. Алайда, Н.Нұрмақов оның жетегінде кетпей, баяндамасында бұған дейін ауыл ерекшелігіне жеткілікті көңіл бөлінбегенін айта келе оны біз есепке алуымыз керек, біз олармен есептеспесек болмайды деп ашық айтады. Яғни қазақ ауылы орыс селосы емес, қазақ ауылына орыс деревнясына қолданған әдістерді қолдануға болмайтынын да ескертеді. Баяндамада кедейлерді салықтан босату, орта шаруашылықтарға жеңілдіктер беру, ал ірі бай шаруашылықтары үшін ерекше салық түрін енгізу арқылы қазақ кедейлеріне көмек көрсету мақсатында жергілікті бюджет жанынан мәдени-шаруашылық қорларын ұйымдастыру ұсынылды [29, 24]. Н.Нұрмақов байлардың мал-мүлкін тәркілеуге қатысты қарсылығын жасырмады. Осылайша, Ф.Голощекиннің көздегені жүзеге аспайды. Бұл жайлы белгілі алаштанушы М.Қойгелдиев өз еңбегінде былай депті: «...БКП-ның қазақ қоғамына қатысты ұстанымының қате екендігін үкімет төрағасы Н.Нұрмақов та білді. Партияның III пленумында оның байлардың мал-мүлкін экспроприациялау шарасында қарсылық танытуы да мәселенің салдарын түсінгендіктен еді» [30, 143].

Н.Нұрмақов байлардың мал-мүлкін тәркілеуге қарсылығын 1927 жылы наурызда советтер съезінде жасаған есепті баяндамасында да анық байқатады. Ол «...Съезде қол жеткізген жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді жан-жақты талқылап, Қазақ республикасының шаруашылық және мәдени дамуының жолдарын анықтауымыз керек» дегеніне қарамастан, байларды тәркілеу мәселесіне өзінің ауқымды баяндамасында тоқталмайды [31, 34].

Жалпы Ф.Голощекин мен Н.Нұрмақов арасындағы келіспеушілік 1928 жылы 13 наурызда Н.Нұрмақов өтініші бойынша өткен Қазақ өлкелік комитеті бюросы мен БК(б)П Өлкелік БК Президиумының біріккен отырысында ашық сипат алады. Отырыста сөз алған Н.Нұрмақов соңғы кезде өзі үшін ауыр жағдай қалыптасқанын, Голощекин тарапынан негізсіз айыптаулар мен кінә тағулар орын алғанын айтқан. Соның ішінде, Ф.Голощекиннің Қарқаралы уезіндегі туыстарын қорғады¹, губернияларда орын алып отырған жұт жөйінде, салық салу нысандарына қатысты бұрмалап айтқанын ашық мәлімдеген. Бұдан басқа Н.Нұрмақовқа Өлкелік комитет шешімдеріне, жерге орналастыру және кадр мәселелерінде қарсы шығады деген де айыптар тағылған. Президент архивінің 141-қорында сақталған стенографиялық жазбадан Н.Нұрмақовтың өзінің азаматтық позициясынан бас тартпағаны айқын көрінеді. Мәселен, жұтқа қатысты өзінің ұстанымын былай дәйектейді. «Қазақстан бойынша жұт жоқ, бірақ кейбір аудандарда үлкен табиғи апат түріндегі жұт кездеседі. Жолдастар бұған күмәндеріңіз болмасын. Себебі жер-жерлерде жауапты адамдар отыр. Олар дер кезінде бізге губерниялардан көмек сұраған жедел хаттар жіберуде...» [32, 5]. Сырдария губерниясынан, Адай уезінен, Орал губерниясындағы Бөкей уезінен көмек сұраған жедел хаттар алғанын айтқан.

Осы жерде нақтылай кетелік, кадр мәселесі А.Кенжин мен С.Қаратілеуовке байланысты. 1928 жылы 17 қаңтарда өткен БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің бюросында А.Кенжин мәселесі қаралып, ол ОК нұсқауларын жүзеге асыра алмағаны үшін Сауда халық комиссары қызметінен босатылған болатын. Ал С. Қаратілеуов болса 1928 жылы 25 ақпанда Мемлекеттік жоспарлаудағы жұмысынан босатылған болатын. Міне, осы екі жағдайда да Н.Нұрмақов оларды қызметтен босатуға қарсы шығып, оларға қолдаушылық көрсеткен, кейін де бұл ұстанымынан бас тартпаған.

Мәселе 1928 жылы 24 сәуірде Қазақ өлкелік комитеті бюросының мәжілісінде жалғасын табады. Бюрода Н.Нұрмақовты орнынан алу туралы мәселе қаралып, 6 конференцияда қабылданған маңызды сұрақтар бойынша Н.Нұрмақов Қазақ өлкелік комитетінің бюросына өзінің ұстанымын қарсы қоюына байланысты және 12 наурыздағы Н.Нұрмақовтың Қазөлкелік комитеті мен партияның ОК жазған арызына орай оны ҚазССР Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы қызметінен босату туралы қаулы қабылданады.

Алайда, 1928 жылы 27 сәуірде өткен Қазақ өлкелік комитетінің бюро отырысында Н.Нұрмақовты ҚазССР Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы қызметінен алу туралы мәселе қайта қаралып, Н.Нұрмақов өзінің қызметінде қалады. Не себепті? Екі күннің ішінде не өзгерді? Бұған 25 сәуірде БК(б)П ОК хатшысы В.Молотовтың БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің хатшысы Ф.Голощекинге жолдаған жеделхаты мен 26 сәуірде өткен партияның ОК Саяси бюро отырысының шешімі себеп болады [33]. Бұл екі құжатта да Н.Нұрмақовты қызметтен алуға ешбір негіз жоқ екені айтылған. Н.Нұрмақов бюрода сөйлеген сөзінде алауыздық туындатып отырған үш мәселе екенін ашық айтады. Олар - жер мәселесі, Қазақ өлкелік комитетінің советтік органдарды басқаруы туралы сұрақ, соның ішінде Халық комиссарлар кеңесін, және экспроприация мәселесі [34, 2]. Осылайша, Н.Нұрмақов ХКК төрағасы қызметінде қалады.

¹ Бұл жерде әңгіме Н.Нұрмақовтың қайын атасы, яғни әйелінің әкесі Ыбырай Ақпаев туралы екенін айта кеткеніміз жөн. Ыбырай Ақпаев Қарқаралы округінің ірі байы ретінде кәмпескелеуге ұшырайды 1928 жылы 27 қыркүйекте мал-мүлкі тәркіленіп, 6 қазанда өзі қамалуға алынған. 1929 жылдың 19 наурызына дейін Қарақаралы түрмесінде отырған оны кейін Барнауылға жіберген. Ал отбасы Қостанайға жер аударылған.

Бұған қарамастан Қазақстанда байларды тәркілеу және жер аудару ісінде де әділет жағында тұрды. Кеңестік шолақ белсенділер «науқан жоспарын асыра орындаймын» деп байлар қатарына орта дәулетті қазақ шаруаларын жазған жәйттері де кездескен еді. Н.Нұрмақов қолынан келгенше мұндай қателіктердің кеңінен тарамалуына жол бермеуге тырысты. Ол осы мақсатта аймақтық кәмпеске комиссияларына келеңсіз жәйттерге орын бермеуін талап еткен жедел хаттар жолдаған. Соның бірінде киім-кешек, үйдегі қолданыс заттарын, алтын, күміс әшекейлер, сағат кәмпескелеуге жатпайтынын көрсеткен [35, 42, 44].

Н.Нұрмақов тура жолдан тайған емес. Соның бір көрінісі 1928 жылы БК(б)П-ның XV съездің қарсаңында 24-26 қарашада Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің 13 шақырылымының 3 сессиясында жасаған «Қазақстан құрылысы» баяндамасы. Н.Нұрмақов одақтық басшылық көңілін республика өміріндегі ең бір өткір, шешілуі қиын мәселелерге аудару мақсатында Орталық алдына нақты міндеттер қойған. Бірінші кезекте олар Қазақстанның ауылшаруашылығын, өнеркәсібін, сондай-ақ мәдениетін дамытуға қатысты еді. Әсіресе, елдің көркеюіне қажетті жұмыстарды қарқынды түрде жүргізу қажеттігін баса айтады. Олардың қатарында:

- жұт пен мал азығының жеткіліксіздігімен күресу, мал шаруасының негізі болған аудандарда пішендік жерлерді ұлғайту, шөп шабу жұмысын өршіту және шөп шабатын машиналар тауып беру;
- мал шаруасының өркендетуін тездету үшін Қазақстанда мал шаруасының совхоздарын ұйымдастыру;
- Түркістан-Сібір жолын салу және су шығару жұмысын темір жол бойынша күшейту, болашақта күріш егумен айналысу үшін;
- ауыл шаруашылық машина-сайманын бөліп жіберу жоспарында Қазақстан ең соңғы орында тұр, астық егісін өркендету үшін қажетті машина-сайманды көбейту;
- Қазақстанның жергілікті өнерлі кәсібін өркендету жұмысына қаржыны көбірек бөлу [36, 1].

Орталықтың бюрократтық, шовинистік саясатын қатты сынға алып, Орталыққа ұлт республикаларының мұңы жат екенін ашық айтқан: «...Үкімет жобасын іске асырғанда Қазақстанға тиісінше көңіл бөлмеушілік Орталықтың кейбір мекемелерінде бар. Біздің баяндамамыз бойынша Орталық кеңес комитеті қаулы шығарғанда, Қазақстан сияқты артта қалған ұлт республикаларына көңілді көбірек бөліп, күш жағынан, қаржы жағынан беретін көмекті күшейтуді айыра тапсыру керек» [36, 1].

Н.Нұрмақов қазақ мәдениетінің өрлеуіне, қазақтың мәдени мұрасының ұрпақтың рухани қазынасына айналуына көп үлес қосты. Ол Қызылордадағы қазақ театрының 1926 жылы ашылуына ұйытқы болды. Театр жұмысына республиканың түкпір-түкпірінен халық арасынан шыққан талантты да дарынды әншілер, айтыскер-ақындар, әзіл-оспақ айтушыларды тарта білді. Соның арқасында театр ұжымы қалыптасты. Тағы бір айта кететін жәйт, әйгілі әнші Әміре Қашаубаевтың 1925 жылы Парижге баруына қол ұшын берген. Сондай-ақ, 1921 жылдарда Семейде жұмыс істеген кезінде қазақ ән-күйлерін жинауға Семейге келген А.Затаевичке де көп көмегін тигізеді. Ал кейін тұрмыстық қиыншылық көрген тұсында А.Затаевичті композиторлар бірлестігіне жұмысқа қабылдатып, оған тұрақты жалақы тағайындатқан. А.Затаевичтің «Қазақтың 1000 ән-күйлері» атты еңбегінің жарыққа шығуын да өз назарында ұстаған. Көп ұзамай бұл еңбек жарық көріп, қазақтың ұлттық мәдениетін паш ететін інжу-маржанға айналды. Кейін А.Затаевичті Ағарту халкомына қызметке тіркету арқылы оның материалдық жағдайын жөндеуге де қол ұшын бергені белгілі [37, 216].

Ол сол кезде күн тәртібінде тұрған күрделі де өзекті мәселелерді шешуге белсене қатысты. Олардың қатарында Қазақстанның бірінші Конституциясының жобасын жасау, сондай-ақ шығыс халықтарының алфавитін құру тұр. Шығыс халықтарының алфавитін құруға арналған Бүкілодақтық комиссияның мүшесі және 1927 жылы 19 маусымда Қазақ АКСР-нің ХКК «Жаңа қазақ әліпбиінің Орталық Комитетін (ЖҚӘ ОК) құру туралы» қаулысы бойынша оның төрағасы етіп Н.Нұрмақов тағайындалды.

Бұл комитет құрамында К.Тоқтабаев, О.Жандосов, Ә.Байділдин, Ә.Ермеков, Ғ.Тоғжанов, Т.Шонанов болған. Комитет қазақ алфавитінің қажеттілігі турасында пікірталас өткізіп, оның қорытындыларын 5 баспа табақтық қазақ тіліндегі екі кітапта жариялайды. Н.Нұрмақов 2 айлық жаңа алфавиттің әрібін терушілер курсын ашуға және бұл курстың үздіксіз адамдарды қабылдауын қадағалады. Сондай-ақ, Ақтөбе, Орал-Бөкей губернияларында жаңа алфавиттің маңыздылығын насихаттайтын губерниялық комитет құруға және барлық істерді қазақ тілінде жүргізілуіне ұйытқы болады.

Қазақстанда Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы болып 1924-1929 жылдарда қызмет атқарған Н.Нұрмақов Ф.Голощекиннің қуғындауына түсіп, ақыры 1929 жылы Мәскеудегі БКП(б) ОК-і жанындағы марксизм-ленинизм курсына оқуға кетуге мәжбүр болды. Ол бұл курстың 1931 жылға дейінгі тыңдаушысы болады. Курсты тәмамдағаннан кейін партия еліне қайтармай, оны Мәскеудегі Орталық аппаратқа қызметке қалдырады.

19. Waters M.; Vang Z. The Challenges of Immigration to Race Based Diversity Policies in the United States. – 2007. [Electronic resource] – Access mode: https://www.researchgate.net/publication/238100023_The_Challenges_of_Immigration_to_Race_Based_Diversity_Policies_in_the_United_States [in English]
20. Chalaune P.B.; Sen A. Identity and Violence: The Illusion of Destiny // Dhaulagiri Journal of Sociology and Anthropology. – 2011. DOI: 10.3126/dsaj.v4i0.4525 [in English]
21. Zakon Respubliki Kazakhstan “O migratsii naseleniya” ot 22 iyulya 2011 g. №477-IV [Law of the Republic of Kazakhstan “On Population Migration” of 22 July 2011 No. 477-IV]. [Electronic resource] – Access mode: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1100000477> [in Russian]
22. Postanovlenie Pravitel'stva RK ot 16 sentyabrya 1998 g. №900. O Kontseptsii repatriatsii etnicheskikh kazakhov na istoricheskuyu rodinu [Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan of 16 September 1998 No. 900 on the Concept of Repatriation of Ethnic Kazakhs to their Historical Homeland]. [Electronic resource] – Access mode: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P980000900_ [in Russian]
23. Postanovlenie Pravitel'stva RK ot 30 noyabrya 2022 g. №961. Ob utverzhdenii Kontseptsii migratsionnoy politiki Respubliki Kazakhstan na 2023-2027 gody [Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan of 30 November 2022 No. 961 on Approving the Migration Policy Concept of the Republic of Kazakhstan for 2023-2027]. [Electronic resource] – Access mode: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200000961> [in Russian]
24. Zholdasov K. S yuga na sever: kak rabotaet programma pereseleniya? [From South to North: how the resettlement program works?] – 2022. [Electronic resource] – Access mode: <https://kzvesti.kz/socium/s-juga-na-sever-kak-rabotaet-programma-pereseleniya-56085> [in Russian]
25. Aleumet. Shymkent: 18 kandas prinyali uchastie v obuchenii po proektu “Bastau Business” [Social. Shymkent: 18 kandas took part in training under the “Bastau Business” project]. – 2024. [Electronic resource] – Access mode: <https://narkesken.kz/shymkent-18-kandas-prinyali-uchastie-v-obuchenii-po-proektu-bastau-business/> [in Russian]
26. Khan A. V Severnom Kazakhstane otkryli Tsentri podderzhki kandasov i pereselentsev [In Northern Kazakhstan, a Support Center for kandas and settlers was opened]. – 2021. [Electronic resource] – Access mode: <https://www.7152.kz/news/3227935/v-severnom-kazakhstane-otkryli-centr-podderzhki-kandasov-i-pereselentsev> [in Russian]
27. Zholdybalina A.S.; Bektenova M.K.; Tulindinova Zh.K.; Akesina A.A. Osnovnye trendy raboty s kazakhskoy diasporoy za rubezhom [Key trends in working with the Kazakh diaspora abroad] // Vestnik Evraziyskogo natsional'nogo universiteta imeni L.N. Gumileva. Seriya “Politicheskie nauki. Regionovedenie. Vostokovedenie. Tyurkologiya.” – 2020. – №4(133). – P. 44-53 [in Russian]

28. Nurakhmet E. Otandastar qory: kandastar üşin eñ ülken kedergi qujattıq мәsele [The “Otandastar” Fund: document issues are the biggest barrier for kandases]. – 2020. [Electronic resource] – Access mode: <https://e-history.kz/kz/news/show/32080> [in Kazakh]
29. Ministerstvo truda i sotsial'noy zashchity naseleniya Respubliki Kazakhstan [Ministry of Labor and Social Protection of the Population of the Republic of Kazakhstan]. – 2019. [Electronic resource] – Access mode: <https://iris.kz/articles/edinyy-kontakt-tsentr-po-voprosam-sotsialno-trudovoy-sfery/> [in Russian]
30. Bokayev B.N.; Zharkynbekova Sh.K. Repatrianty Kazakhstana: etnoyazykovaya identifikatsiya i integratsiya v obshchestvo [Repatriates of Kazakhstan: ethno-linguistic identification and integration into society] // Sotsiologicheskie issledovaniya. – 2011. – №11. – P. 54-69 [in Russian]
31. Azimzhanova A. Kandasы stalkivayutsya s ryadom problem v Kazakhstane – deputaty [Kandases face a number of problems in Kazakhstan – deputies]. – 2021. [Electronic resource] – Access mode: <https://www.zakon.kz/redaktsiia-zakonkz/5069298-kandas-y-stalkivayutsya-s-ryadom-problem.html> [in Russian]
32. Suleimenov A. Integrrirovat' kandasov i otkryt' besplatnye kursy kazakhskogo dlya predpriyatiy planiruyut v Mangistau [To integrate kandases and open free Kazakh language courses for enterprises planned in Mangistau] // Kazakhstanskaya Pravda. – 8 April 2022. [Electronic resource] – Access mode: <https://kazpravda.kz/n/integrirovat-kandasov-i-otkryt-besplatnye-kursy-kazahskogo-dlya-predpriyatiy-planiruyut-v-mangistau/> [in Russian]
33. Mamedova P.I. Problemy integratsii kandasov v obshchestvenno-politicheskie protsessy v poliétnichnom soobshchestve Kazakhstana (na primere Zhambyl'skoy oblasti) [Problems of kandases' integration into socio-political processes in Kazakhstan's multiethnic community (case of Zhambyl region)] // Etnosotsial'nye protsessy v Respublike Kazakhstan. Sbornik nauchnykh trudov. – Almaty: IFPR KN MNVO RK. – 2023. – №4. – S. 170-182 [in Russian]
34. Besplatnye onlayn-kursy kazakhskogo yazyka zapustili dlya kandacov [Free online Kazakh language courses launched for kandases]. – 2022. [Electronic resource] – Access mode: <https://jytv.kz/public/ru/besplatnye-onlajn-kursy-kazakhskogo-yazyka-zapustili-dlya-kandasov> [in Russian]
35. Sadovskaya E.Yu. Repatriatsiya etnicheskikh kazakhov v Kazakhstan [Repatriation of ethnic Kazakhs to Kazakhstan]. – 2007. [Electronic resource] – Access mode: <https://titus.kz/index.php/kolesa.kz?previd=308> [in Russian]
36. Kryakvina K. Problematichnaya integratsiya kandacov: kak optimizirovat' protsess integrirvaniya repatriantov v obshchestvo Kazakhstana? [Problematic integration of kandases: how to optimize the process of integrating repatriates into Kazakhstani society?]. – 2022. – 32 p. [Electronic resource] – Access mode: https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2022/11/Ксения_Кряквина_.pdf [in Russian]
37. Kandasы iz Mongolii vyigrali mezhdunarodnyy konkurs [Kandases from Mongolia won an international competition]. – 2024. [Electronic resource] – Access mode: <https://oq.gov.kz/ru/news/1010> [in Russian]
38. Meshcheryakova A. Na kakie vidy gosudarstvennoy podderzhki mogut rasschityvat' kandasы [What types of state support kandases can expect]. – 2024. [Electronic resource] – Access mode: <https://www.nur.kz/politics/kazakhstan/2074836-na-kakie-vidy-gosudarstvennoy-podderzhki-mogut-rasschityvat-kandas-y/> [in Russian]
39. Pochti 11 tysyach kandacam i pereselentsam okazany adaptatsionnye i integratsionnye uslugi [Almost 11 thousand kandases and settlers received adaptation and integration services]. – 2024. [Electronic resource] – Access mode: <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/news/details/877096?lang=ru> [in Russian]
40. Pochti 11 tys. kandasov i pereselentsov okazany adaptatsionnye i integratsionnye uslugi [Almost 11 thousand kandases and settlers received adaptation and integration services]. – 2024. [Electronic resource] – Access mode: <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/news/details/877096?lang=ru> [in Russian]

Әзімхан Б.Ү. ^{*1}, Джунусбаева А.М. ², Досекеева К.А. ³

¹Алматы технологиялық университеті, философия докторы PhD, профессор ассистент,
Алматы, Қазақстан Республикасы
e-mail: Malikov_bakytjan@mail.ru

²Алматы технологиялық университеті, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор
ассистент, Алматы, Қазақстан Республикасы
e-mail: aigul68os@mail.ru

³Алматы Технологиялық университеті, тарих ғылымдарының кандидаты,
профессор ассистент
e-mail: Dosekeeva.gulmira@mail.ru

ТҮРКІ-МОҢҒОЛ ДӘСТҮРІНДЕГІ ҚҰРЫЛТАЙ ИНСТИТУТЫ: ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ ЖӘНЕ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Мақалада түркі-моңғол дәстүріндегі Құрылтай институтының тарихи-саяси маңызы мен оның ұйымдастырушылық ерекшеліктері қарастырылады. Құрылтай – ежелгі дала мемлекеттерінің саяси жүйесінде маңызды орын алған дәстүрлі кеңес формасындағы институт. Ол хан сайлау, әскери жорықтарға қатысты шешім қабылдау, ішкі және сыртқы саясатты айқындау, сондай-ақ тайпалар арасындағы өзара қатынастарды реттеу секілді аса маңызды мәселелерді шешетін алаң қызметін атқарған. Зерттеуде Шыңғысхан дәуіріндегі Құрылтайлардың империялық басқару жүйесіндегі рөліне, сондай-ақ Алтын Орда, Шағатай ұлысы және Қазақ хандығындағы тарихи сабақтастық дәстүрлеріне нақты тарихи мысалдар негізінде талдау жасалады. Автор Құрылтай институтын тек билік құру тетігі ретінде ғана емес, сонымен қатар ортағасырлық түркі-моңғол қоғамының консенсусқа негізделген басқару мәдениетінің көрінісі ретінде қарастырады. Зерттеу барысында тарихи салыстырмалы, жүйелі, деректанулық және құрылымдық-функционалдық талдау әдістері қолданылған. Сонымен қатар, Құрылтайдың саяси мәдениеттегі орнына, дәстүрлі демократиялық элементтердің көрініс табуына және түркі-моңғол өркениетіндегі тарихи сабақтастыққа ерекше назар аударылады. Бұл зерттеу түркі-моңғол халықтарының саяси тарихын тереңірек түсінуге ықпал етеді және олардың дәстүрлі басқару жүйесінің эволюциясын ғылыми тұрғыда зерделеуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: құрылтай, түркі-моңғол, Моңғол империясы, саяси институт, дәстүрлі демократия, мемлекеттік басқару.

Азимхан Б.У.¹, Джунусбаева А.М.², Досекеева К.А.³

¹Алматинский технологический университет, доктор философии (PhD),
ассистент-профессор, Алматы, Республика Казахстан
e-mail: Malikov_bakytjan@mail.ru

²Алматинский технологический университет, кандидат исторических наук, ассистент-профессор, Алматы, Республика Казахстан
e-mail: aigul68os@mail.ru

³Алматинский технологический университет, кандидат исторических наук,
ассистент-профессор
e-mail: Dosekeeva.gulmira@mail.ru

ИНСТИТУТ КУРУЛТАЯ В ТЮРКО-МОНГОЛЬСКОЙ ТРАДИЦИИ: ОРГАНИЗАЦИЯ И ИСТОРИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ

Аннотация

В статье рассматриваются историко-политическое значение института курултая в тюрко-монгольской традиции и его организационные особенности. Курултай являлся традиционной формой совета и играл важную роль в политической системе древних степных государств. Он служил площадкой для решения ключевых вопросов, таких как избрание хана, принятие решений о военных походах, определение внутренней и внешней политики, а также регулирование межплеменных отношений. В исследовании проводится анализ роли курултаев в системе имперского управления эпохи Чингисхана, а также преемственности этой традиции в Золотой Орде, Чагатайском улусе и Казахском ханстве на основе конкретных исторических примеров. Автор рассматривает курултай не только как инструмент власти, но и как проявление культуры управления, основанной на консенсусе в тюрко-монгольском обществе средневековья. В работе применены историко-сравнительный, системный, источниковедческий и структурно-функциональный методы анализа. Особое внимание уделено роли курултая в политической культуре, элементам традиционной демократии и исторической преемственности в тюрко-монгольской цивилизации. Исследование способствует более глубокому пониманию политической истории тюрко-монгольских народов и эволюции их традиционной системы управления.

Ключевые слова: курултай, тюрко-монгольский, Монгольская империя, политический институт, традиционная демократия, государственное управление.

Azimkhan B.U. *¹, Dzhunusbaeva A.M. ², Dosekeeva K.A. ³

¹Almaty Technological University, Doctor of Philosophy (PhD), Assistant Professor,
Almaty, Republic of Kazakhstan
e-mail: Malikov_bakytjan@mail.ru

²Almaty Technological University, Candidate of Historical Sciences, Assistant Professor,
Almaty, Republic of Kazakhstan
e-mail: aigul68os@mail.ru

³Almaty Technological University, Candidate of Historical Sciences, Assistant Professor
e-mail: Dosekeeva.gulmira@mail.ru

THE KURULTAI INSTITUTION IN THE TURKIC-MONGOLIAN TRADITION: ORGANIZATION AND HISTORICAL SIGNIFICANCE

Abstract

This article explores the historical and political significance of the Kurultai institution in the Turko-Mongol tradition, along with its organizational features. The Kurultai, as a traditional council format, played a key role in the political system of ancient steppe states. It served as a forum for addressing major issues such as the election of a khan, decisions on military campaigns, the formulation of internal and external policies, and the regulation of inter-tribal relations. The study analyzes the role of Kurultais in the imperial governance system during the era of Genghis Khan, as well as the continuity of this tradition in the Golden Horde, the Chagatai Ulus, and the Kazakh Khanate, using specific historical examples. The author views the Kurultai not only as a tool of power but also as a reflection of the consensus-based political culture in medieval Turko-Mongol societies. The research employs various scientific methods, including historical-comparative, systematic, source-based, and structural-functional analysis. Special attention is given to the Kurultai's place in political culture, manifestations of traditional democratic elements, and the historical continuity within the Turko-Mongol civilization. This study contributes to a deeper understanding of the political history of the Turko-Mongol peoples and provides insights into the evolution of their traditional governance systems.

Keywords: Kurultai, Turko-Mongol, Mongol Empire, political institution, traditional democracy, state governance.

Кіріспе. Көшпелі қоғамның маңызды мәселелерін шешуге арналған, мемлекеттік басқарудың өзіндік нысаны ретінде қалыптасқан әрі көптеген дәстүрлі-рулық ерекшеліктерді сақтап қалған ерекше саяси институт – құрылтай болды. «Құрылтай» сөзінің түпкі мағынасы «кұралу», «жиналу», «түгелдену» дегенге саяды. Құрылтай термині қазіргі түркі және моңғол тілдерінде әртүрлі мағынада дамыған. Бұл сөздің тарихи дамуы, әр тілдегі семантикалық өзгерістері әлі де арнайы лингвистикалық зерттеуді қажет етеді. Бұл атаудың этимологиялық түп-төркінін, тарихи қолданылу өрістерін арнайы зерттеу көшпелі өркениеттердің саяси мәдениетін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Кез келген халықтың басқалармен қарым-қатынас тарихының өзіндік кезеңдері бар. Бұл кезеңде тілдің лексикасы өзгеру процесіне түседе және дамиды. Өзгеру процесінде әртүрлі тілдегі терминдерді салыстыру арқылы атаулардың байырғы мағынасына қол жеткізуге болады. Түркі тектес халықтар арасында ортақ туынды саналатын «Оғызнама» эпикалық шығармасында қазақ тіліне жақын сөздер кездеседі. Моңғол тілінен енген «*qurıltaγ*» сөзінің мағынасы – құрылтай [1, 64-б.]. Яғни, бұл сөз фонетикалық жағынан ерекшелігі болғанымен, тарихи-мәдени жағынаны тығыз байланыстың барын білдіреді.

«Құрылтай» сөзінің алтай тіліндегі нұсқасы түркі тілінен шыққан «тайпалық жиналыс» деген мағынаны білдіреді. Ал араб деректерінде мұндай кездесулерде маңызды шешімдер

қабылданды, әртүрлі тайпалардың басшылары кездесті, соғыс әрекеттері туралы жиі талқылаулар болды.

Ортағасырлық парсы ғұламасы Рашид-ад Дин «Шежірелер жинағында», Джувейнидің «Әлемді жаулап алушының тарихы» еңбектерінде құрылтайға қатысушылар туралы мәліметтер сақталған. Ол хан отбасының өкілдері, ру басшылары (дворяндар) және әскери қолбасшылардан тұрды.

Орта ғасырларда саяхатшылар мен елшілердің еңбектері көшпелі халықтардың саяси құрылымы мен қоғамдық өмірі туралы маңызды дереккөздер саналады. Соның ішінде францискандық монах әрі саяхатшы Плано Карпини XIII ғасырда Моңғолияға жасаған сапары нәтижесінде жазылған «Historia Mongolorum» («Моңғолдар тарихы») атты еңбегінде құрылтай институтына ерекше назар аударады. Ол құрылтайды «әскери-саяси кеңес» деп сипаттайды, яғни моңғолдардың барлық ірі саяси және әскери шешімдері осындай жиындарда қабылданатынын көрсетеді [2, 38-б.].

Моңғол ғалымы Дж. Гэралбадрахтың моңғолдың империялық кезеңіндегі құрылтайға қатысты тұжырымы өте қызықты. Ол жоғарыда біз келтірген әл-Джувейни мен Рашид-ад Диннің деректерімен ұқсас, бірақ ол мәліметті толықтырады: «Құрылтай – Шыңғыс ханның отбасылық кеңесі. Ең бастапқыда күрделі мәселелер отбасы мүшелер арасында талқыланып, кейіннен барып ру басшылары мен қолбасшылардың қатысуымен құрылтай шақырылды». Бұл пікірдің ерекшелігі мемлекетте «екі палаталы» (төменгі, жоғары) билік түрінің болғандығын, сәйкесінше бүкіл мемлекет пен басқарушы тектің мүдделерін білдірді [3, 55-б.].

Құрылтайдың мағынасы мен қолдану аясына қатысты ортағасырлық жазба деректер мен кейінгі зерттеушілердің еңбектерінде бірнеше анықтамалары беріледі. Мысалы, Иранның үшінші ильханы Ахмад Текудердің (1282-1284) Мысыр сұлтаны Сайф ад-Дин Калаунға жазған хатында құрылтайдың кеңінен танымал анықтамасы келтірілген: «... біз құрылтайды шақырдық, яғни барлық ағайындылардың, балалардың, маңызды әмірлердің, әскери басшылардың пікірлерін баяндайтын жиналыс» [4, 109-б.]. Сонымен қатар, Плано Карпини Күйік ханның сайлануын «салтанатты жиналыс» деп атаса, «Моңғолдың құпия шежіресінде» «Ұлы отбасылық кеңес» деп көрсетіледі. Ал А.Г. Юрченко «Ұлы Сейм-Хурул» деп атайды [5, 52-б.].

Құрылтай институтының тарихи дамуын зерттеген отандық ғалым Т.И. Сұлтанов оның бастапқы кезеңдерін терең саралаған. Зерттеушінің пайымдауынша, құрылтай өзінің түп бастауын моңғолдардың ерте дәуірдегі «тайпалық жиындарынан» алады. Бұл кезеңде жиынның негізгі мақсаты – ру-тайпалардың ішкі мәселелерін шешу, соғыс пен бейбітшілік жайында пікір алмасу болған. Алайда уақыт өте келе, әсіресе Моңғол империясының құрылуымен бірге, құрылтайдың мәні мен маңызы түбегейлі өзгерді.

Т.И. Сұлтановтың көрсетуінше, құрылтай тайпалық сипаттан арылып, аксүйектердің, билеуші элитаның қатысуымен өткізілетін жалпыимпериялық жиналысқа айналды [6, 27-б.]. Мұндай өзгеріс құрылтайдың көшпелі қоғамдағы басқару құрылымындағы орны мен ықпалын жаңа деңгейге көтерді. Енді құрылтай тек бір ру немесе тайпаның емес, бүкіл империяның ішкі және сыртқы саясатын айқындайтын жоғарғы орган ретінде әрекет етті.

Моңғол тіліндегі «quriltay» сөзі «кеңес», «жиналу» деген мағынаны білдіреді. Ал қазақ тілінде «құрылтай» хан-сұлтандардың түрлі мемлекеттік-әскери мәселелерде кеңесіп, бас қосатын жері. Бұл сөз Алтын Орда кезеңінен келе жатқандықтан түркі-моңғол мәдени ықпалдастығының бар екенін білдіреді.

Түркі-моңғол дәуіріндегі құрылтай туралы алғашқы мәліметтер «Моңғолдардың құпия шежіресінде» «yеke qurilta» атауымен кездеседі, яғни аудармасы «Ұлы құрылтай» [7, 174-б.].

Шыңғыс ханның билігі кезінде «құрылтай» (моңғолша «хурылтай», «хурилтай») үлкен жиналыс ретінде кең таралды. Бұл жиналысқа мемлекеттегі заң шығарушы, атқарушы билік өкілдері, қолбасшылар қатысты. Негізгі қарастырылған мәселелер: жорық ұйымдастыру, тақ мұрагерін тағайындау және т.б. мемлекеттік деңгейдегі шешімдер қабылдау.

Зерттеуші Қ.Кенжалин мен Д.Балтабай «Шежіре-и таракиме» атты еңбегінде кездесетін түркі, моңғол тіліндегі сөздерге семантикалық талдау жасайды. Бұл еңбекте кездесетін

«quraltaу» сөзі моңғол тілінен енген. Қазіргі қазақ тілінде «Ұлы жиын» мағынасында қолданылады [8, 303-б.]. Ал неміс түркітанушысы Г.Дёрфер құрылтай сөзін «*mo meclis*» «мәжіліс», «*uluğ quriltay*» «Үлкен құрылтай» мағынасындағы сөз деп таниды [9, 435 б.]. Осылайша, моңғол, түркі тіліндегі «құрылтай» саяси-әлеуметтік термин ретінде қолданыста болды. Ал И.П. Березгиннің XX ғ. татар-орыс сөздігінде «курылтай» сөзінің 2 мағынасы анықталған. Бірі – жалпы кеңес, екіншісі – бөліктерді жинау [10, 85-б.].

Түркі-моңғол кезеңінде бірнеше рет құрылтай шақырылды. Бұл мемлекетке тән құрылтайдың екі түрі ажыратылады. Біріншісі – Ұлыстық құрылтай, екіншісі – ұлысаралық құрылтай. Бұл Моңғол империясындағы құрылтай түрлерін ажырату оның әкімшілік бөлінісіне байланысты еді. Ұлыстық құрылтай – мемлекетке қатысты қандай да бір маңызды әскери жорықтарға байланысты мәселелер талқылау кезінде шақырылды. Ал ұлысаралық құрылтай – белгілі бір ұлыстың мәселелерін талқылауда шақырылды. Мұндай құрылтайларда, әдетте, ұлысаралық ынтымақтастық, ішкі саяси тұрақтылық және әлеуметтік-экономикалық жағдайлар қарастырылды.

Құрылтайдың аксүйектердің жиналысы ретінде өткізілуі XII-XIII ғасырларда түркі-моңғол кезеңінде тайпалардың бірігу процесімен байланысты. Америкалық профессор әрі «Чингисхан и рождение современного мира» еңбегінің авторы Джек Уэзерфорд Моңғол империясындағы құрылтайдың өткізілуіне қатысты тұжырымын төмендегідей баяндайды: «... моңғолдар мүмкіндігінше бюрократияны даладағы Кіші құрылтайлар сияқты ұйымдастырылған кеңестермен алмастыруға тырысты» [11, 85-б.].

«Құрылтай» термині моңғол, татар, башқұрт, әзірбайжан, өзбек, түркімен, түрік, қалмақ және ежелгі түркі тілінде жиі кездеседі, тек фонетикалық жағынан ерекшеліктері бар. Татар тілінде «корылтай», башқұрт «королтай», әзірбайжан тілінде «гурултај», түркімен тілінде «гурултай», түрік тілінде «*kurultay*» және моңғол, қалмақ тілінде «хурул» деп аталады. Демек, уақыт өте келе құрылтай сөзінің бастапқы мағынасы кеңейіп, жаңа ұғымдарды белгілей бастады [12, 349-б.].

Моңғол империясының құқықтық эволюциясын зерттеген шығыстанушы Т.Д. Скрынников, сот билігі жүйесіне байланысты мәселені тереңірек қарастырған. Атап айтқанда, ол сот билігі жүйесінің келесі түрлерін тарқатып береді: ұлы қаған соты, құрылтай соты, арнайы тағайындалған сот. Бұл органдардың барлығы да Алтын Орда мемлекетінде жұмыс жасады. Демек, моңғол кезеңінде құрылтай сот билігінің негізгі органы ретінде қызмет атқарғанын білуге болады [13, 164-б.].

Энциклопедиялық басылымдар мен сөздіктерде «құрылтай» сөзінің келесідей мағыналары анықталған:

«Қазақстан тарихы» (3 томдық) энциклопедиясында «құрылтай» сөзі жыл сайын ханның бастамасымен шақырылатын ұлы жиынның атауы [14, 742-б.] деп анықталған. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» (15-томдық) «құрылтай» сөзінің мағынасы XV-XVIII ғасырларда түркі мемлекеттерінде, соның ішінде қазақ хандығында аса маңызды мәселелерді шешу үшін шақырылған жиын [15, 433-б.]. «Көне түркі сөздігінде» *quriltaj* сөзінің «народное собрание» мағынасы берілген [16, 468-б.].

Кейбір зерттеулерде «құрылтай» сөзі әскери сипаттағы жиналысты да білдіреді, яғни әскери жоспар құру, соғыс жариялау немесе бейбіт келісім жасау мәселелерін талқылауға арналған жиын ретінде түсіндіріледі. Бұл анықтамалар құрылтайдың тек саяси ғана емес, сондай-ақ әскери және құқықтық мәні зор болғанын айқын аңғартады.

Түркі-моңғол дәуіріндегі құрылтай институтының тарихи даму жолын, ұйымдастырушылық құрылымын, атқарған қызметтерін, сондай-ақ оның түркі және моңғол қоғамдарындағы саяси, әлеуметтік, құқықтық рөлін жан-жақты талдау. Осы мақсатқа жету үшін төмендегі міндеттер орындалады:

- Құрылтай институтының шығу тегін, пайда болу алғышарттарын анықтау;
- Құрылтайдың ұйымдастырылу тәртібі, қатысушылары, өткізілетін орны мен уақыты секілді құрылымдық ерекшеліктерін сипаттау;

- Құрылтай институтының саяси және құқықтық функцияларын зерттеу;
- Түркі және моңғол халықтарының тарихындағы ірі Құрылтайлар мен олардың тарихи маңызын талдау;
- Түркі-моңғол саяси мәдениетінде Құрылтайдың орны мен бүгінгі саяси жүйелермен сабақтастығын қарастыру.

Материалдар мен әдістер. Түркі-моңғол кезеңінде кеңес құру, бірлесіп, ақылдасып шешім қабылдау – құрылтай арқылы жүзеге асырылды. Құрылтайға қатысты мәліметтердің шынайылығын тексеруде ғылыми әдістерді қолданып, деректерді анықтап, оларды ғылыми айналымға енгізу маңызды. Осы мәселеде ғылымның теориялық әдіснамалық ұстанымдарын негізге ала отырып, құрылтайдың өткізілуі, оның саяси-құқықтық институт ретіндегі рөлін зерделеу маңызды.

Құрылтайды ғылыми тұрғыдан талдау зерттеудің әдіснамалық ұстанымдарын қолдануды талап етеді. Сол арқылы құрылтайдың құндылығы, оның тарихи кезеңдегі кеңес ретінде емес саяси-құқықтық институт ретінде қарастыруға, маңызын ғылыми тұрғыда талдау болады.

Аталған тақырыпты ғылыми негіздеудің әдіснамалық негізі келесідей әдістер мен тарих ғылымының теориялық ұстанымдары құрайды:

- тарихи салыстырмалы әдіс;
- тарихи жүйелелік әдіс;
- дерекнамалық талдау;
- құрылымдық-функционалдық әдіс.

Зерттеу жұмысында құрылтайдың түркі-моңғол және Қазақ хандығы кезеңіндегі ерекшеліктері мен ұқсастықтарын, өткізілу уақыты мен мерзімдерін анықтауда және уақыт өте келе оның саяси жүйедегі қызметін, құрылымын салыстыруда тарихи-салыстырмалы талдау басшылыққа алынады.

Тарихи жүйелілік әдісі құрылтайдың пайда болуынан бастап, әр кезеңдегі үздіксіздігі мен өзгеріске ұшырауының себебін анықтауда маңызды болды. Ал құрылтайдың ұйымдастырылуы, оған қатысушылар, қабылданған шешімдер мен легитимділікті қамтамасыз етудегі рөлін, саяси-құқықтық ықпалын құрылымдық-функционалдық әдіс арқылы анықталды.

Құрылтай мәселесін зерттеуде ортағасырлық жазба деректер, шығармалар, шет елдік және отандық зерттеушілердің ғылыми еңбектер мен мақалалары жүйелеуде дерекнамалық талдау әдісі басшылыққа алынды. Сонымен қатар, тарихи құбылыстарды талдауда тарихилық, объективтілік және жүйелілік ұстанымдары басшылыққа алынды.

Құрылтай өткізу дәстүрі, оның тарихи кезеңдерде дамуы, өткізілу орны мен қабылданған шешімдеріне қатысты кешенді түрде зерттеген еңбектер саны аз. Десе де бұл мәселені белгілі бір тарихи контексте шетелдік, ресейлік және отандық зерттеушілердің назарынан тыс қалмай, аталған бағытта іргелі зерттеу жұмыстары, ғылыми мақалалар жарық көрді. Зерттеу тақырыбы мен өзектілігін арттыруда тарихнамалық негізін 3 топқа бөліп қарастырамыз.

Бірінші топқа, орта ғасырдағы араб, парсы тілдерінде құрылтай дәстүріне қатысты алғашқы мәліметтер құрайды. Атап айтқанда, Рашид-ад-Диннің «Жамиғ ат-тауарих», Әл-Жувейнидің «Тарих-и жаһангушай», Әбілғазының «Шежіре-и түрік» еңбектерінде және «Оғызнама» эпикалық шығармасында көрініс тапқан.

Кеңестік және ресейлік зерттеушілер. Бұл санаттағы зерттеулерді революцияға дейінгі және революциядан кейінгі кезеңдерге бөліп қарастырамыз.

Революцияға дейінгі кезеңдегі зерттеулерде түркі-моңғол кезеңіндегі құрылтайлар, олардың өткізілуі, қарастырылған мәселелер (хан сайлау, жорықтар ұйымдастыру және т.б.) мен қабылданған шешімдер қарастырылды. Бұл санаттағы зерттеушілер қатарында В.Г.Тизенгаузен, А.И. Левшин, П.И. Рычков, т.б. моңғол дәуіріндегі құрылтайлардың өткізілуі, қарастырылған мәселелер мен маңызына терең зерттеу жүргізеді. Ал кеңестік кезеңдегі зерттеушілердің еңбектерінде феодалдық институт ретінде қарастырылды. Бұл санаттағы зерттеушілер қатарында А.Я. Якубовский, Б.Я. Владимирцев, А.Г. Юрченко, Э.Х.Кадилова және т.б. болды.

Кеңестік кезеңдегі зерттеушілер В.В. Бартольд, И.Н. Веселовский, Н.Я. Бичурин, С.А.Козин, Г.В. Вернадский, И.В. Кульганек, И.М. Миргалеев, В.С. Елагин, Н.Г. Аполлова сынды зерттеушілердің еңбектерінде құрылтай кеңесінде орындалатын рәсімдер мен қабылданған шешімдерге қатысты мәселелер қарастырылған. Сонымен қатар, Орта Азия мемлекеттеріндегі құрылтайда хандық билікті иемдену дәстүрінің орындалуын Селжүк мемлекеті мысалында Ф.Р. Хусенов, В.Гордлевский еңбектерінде зерттелген. Сонымен қатар, М.-Ж. Көпеев, Ш.Құдайбердіұлы шығармаларында ел ішіндегі маңызды оқиғалар, хан сайлау дәстүрі, ру-тайпа арасындағы бітімгершілік және дәстүрлі демократияның көрінісі саналған құрылтайлар да қамтылған. Ал М.Тынышпаев XVIII ғ. қазақ-жоңғар соғыстары кезінде өткізілген құрылтайларды (Күлтөбе, Ордабасы) саяси ұйымшылдықтың формасы ретінде көрсетеді.

Отандық зерттеушілер арасында құрылтай дәстүрі, өткізілу орны мен уақыты және сабақтастығы мәселесі тәуелсіздік алған тұста зерттеле бастады. Атап айтқанда, К.А.Пищулин, Ж. Артықбаев, Г.Б. Избасарова, Қ.К. Кенжалин және т.б. еңбектерінде құрылтайдың құқықтық сипаты анықталады. Қ.Өскенбай, Э.Усманова 1269 жылғы Талас құрылтайының орны мен тарихи маңызына талдау жасап, қабылданған шешімдеріне тарихи тұрғыдан өз тұжырымын жасайды.

Талқылау. Көшпелі өмір салтының ажырамас бөлігі саналған құрылтай өткізу ру-тайпа басшылары үшін маңызды дәстүр саналды. Ол белгілі бір қажеттілікке байланысты жылына 2-3 рет немесе кей жағдайда көктем мезгілінде бір рет өткізіліп тұрды. Құрылтай өткізу орны оны ұйымдастырушылар үшін маңызды таңдау жасауға итермеледі.

Құрылтай – дәрежесіне қарай кіші және ұлы құрылтай болып бөлінген. Кіші құрылтай мен Ұлы Құрылтайдың шақырылуы мен оған қатысу үшін шақырылатын тұлғалардың лауазымы, дәрежелері өзгеше болғандығын көреміз. Атап айтқанда, Ұлы Құрылтай – ханның алтын ұрпақтары, нояндар мен биік лауазым иелері қатысқан ұлы жиын.

Құрылтайға хандықтың билік өкілдері қатысумен қатар, хан сайлау құрылтайына хан мен оның ханымдары, ұлдары, туыс-туғандары қатысатын болған. Әскери істер, қызметке тағайындау, келісім-шарттар жасау, ішкі-сыртқы шаруалар т.б. құрылтайда күн тәртібіне қойылып, шешіліп отырған. Сонымен қатар, ханды таққа ұсыну, ханға кеңес беру, мемлекеттік билік лауазымдық билікті бейсауат әлдекімнің заңсыз иеленіп кетуінен сақтандыру, жаңадан сайланатын хан билігінің заңдық негіздемесін бекіту қатарлы мәселелер – құрылтайдың маңызын арттырып отырған.

Көшпелі қоғамдарда мемлекеттік басқарудың өзіндік ерекшеліктері қалыптасты. Хан билігі жеке адамның беделі мен ру-тайпа басшыларының қолдауына тікелей тәуелді болды. Хан өзіне ең сенімді серіктерін жинап, олардың адалдығын түрлі сый-сияпат, шен-мәртебе және әскери олжа арқылы бекітті. Бұл қатынастар вассал-сюзерендік қатынастарға ұқсас болды. Ағылшын тарихшысы Эдвард Гиббон билеушінің билігіндегі шектеулер мәселесін қозғайды. Оның тұжырымында: «билеушінің билігі шексіз болмады: ол негізінен өзінің руының немесе ру-тайпа одағының аумағымен шектелді және оның өкілеттігі құрылтайдың шешімдеріне тәуелді болды» [17, 47-б.].

Оғыз мемлекетінде тайпалар тек ұлы билеуші мен құрылтайға ғана бағынды. Олар билеушілер мен мемлекеттегі ең беделді адамдардан тұрды. Оғыздардың бірігу процесі келесідей механизм бойынша жүзеге асырылды: күшті мемлекет (Түркі) құруға ұмтылудан тұратын орталықтандырушы және оқшаулануға ұмтылған орталықсызданған (тоғыз-оғыз) мемлекеттен тұрды. Мемлекеттің ыдырауы халықты бұрынғы күйіне қайтарды.

Оғыздардағы ұжымдық шешім қабылдау, бірлесіп кеңесу мәселелері А.М. Щербактың 1959 жылы жарық көрген «Огуз-наме. Мухаббат-наме. Памятники древнеуйгурской и староузбекской письменности» атты еңбегінде кеңінен қарастырылған.

Автор эпоста Оғыз қағанның билік етуі, оның ұрпақтарының ерлік істері, оғыз тайпаларының шығу тегі мен тұрмыс-тіршілігін баяндай келе, құрылтайда қабылданған әскери жорықтың бір көрінісін сипаттайды: «... құрылтай шақырып, әскери жорық туралы шешім қабылданды. Бектер мен халық ет жеп, қымыз бен шарап ішті» [18, 31-б.].

Оғыз қағанның жорықтары мен ел басқару ісінде ру-тайпа көсемдерімен кеңесіп, маңызды шешімдерді бірлесіп қабылдауы оның билігінің ұжымдық сипатын көрсетеді. Бұл көшпелі қоғамдардағы биліктің ұжымдық сипатын білдіретін құрылтай тәрізді институттардың болғанын меңзейді. Сондай-ақ, эпоста Оғыз қағанның ұрпақтарына елді бөліп беруі, олардың әрқайсысына белгілі бір аймақты басқаруға тапсыруы да биліктің орталықтандырылмағанын, яғни әрбір ұрпақтың өз иелігі мен жауапкершілігі болғанын көрсетеді. Бұл туралы А.М.Щербактың: «Оғыз қаған құрылтай шақырып, «қырық күн мен қырық түнге» класқан мереке ұйымдастырды. ... сосы өз иеліктерін балаларына бөліп берді» [18, 61-б.].

Оғыз қағанның құрылтай шақыруы мен ұлыстарды бөлісуі – түркі халықтарындағы құрылтай институтының (жоғары саяси кеңестің) ежелгі дәстүр екенін дәлелдейді. Бұл құрылтай көшпелі мемлекеттіліктің маңызды механизмі ретінде билікті заңдастыру, ішкі бірлікті нығайту және мұрагерлік тәртіптерді бекіту міндеттерін атқарған. Сонымен қатар, ерте көшпелілер мемлекетінде құрылтайда әскери соғыс, хан сайлау немесе түрлі мемлекеттік мәселелерден бөлек шаруашылық істері де қарастырылды. Әсіресе, жартылай шөлейтті аймақты өмір сүрген тайпалар үшін жайылымдық жерді бөлу қатаң тәртіпті сақтай отырып жасалған болатын. Осы ретте ерте көшпелілер мемлекеті үшін құрылтай ру басшыларының жер пайдалану ережелерін бекіту жиналысы ретінде қарастырылды.

XIII ғасырдағы моңғол-татар мемлекеттерінде хандардың үлкен әйелдері тең билеушілер болды және Мемлекеттік Кеңестің құрамына кірді, саяси өмірдің негізгі мәселелерін шешуге қатысты. Бұл туралы Моңғол империясында болған Батыс Еуропалық саяхатшылар Плано Карпини, Гильом Рубрук және Марко Поло моңғолдар арасындағы кездесулер мен құрылтайларды сипаттай отырып, ханымдар ханның сол жағында үнемі болғанын және отырғанын атап өтеді.

Түркі-Моңғол кезеңінде ханның қайтыс болуымен мемлекеттегі билікті әйелінің иеленуі көптеп кездеседі. Мұндай әйелдердің ішінде құрылтай шақырып, билікке қол жеткізген Үгедей ханның саяси билікке қабілетті әйелі Дорегене Туракина хатун болды. Меркіт тайпасы көсемінің қызы болған ол Үгедей ханның тірі кезінде де мемлекеттегі саяси құжаттарға қол қойып, өзін «Ұлы императрица» деп атаған [11, 305-б.].

Рашид-ад-Диннің жазбасында «Үгедей хан қайтыс болғаннан кейін, Туракина хатун ханның өсиеті бойынша немересі Жоғарғы хан болуы керек болғанына қарамастан, ұлы Күйікті таққа отырғызуға күш салды» [19, 85-б.],–деп жазады. Осы мақсатта ханша тіпті таққа зандылық беру үшін моңғол феодалдарының Құрылтай съезін жинай алды.

1242 жылы хан сайлауын өткізуге байланысты ұйымдастырылған құрылтай өтпегеннен кейін Туракина хатун өзін бүкіл моңғол империясының Жоғарғы билеушісі деп жариялады. Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатайдың жесірі Эбускун Орта Азияны басқарды [19, 192-б.].

1246 жылы оның билігі нығайғаннан кейін ол құрылтайды шақырып, ұлы Күйікті хан сайлауға қол жеткізді. Бұл құрылтайға жиһангез Плано Карпини мен ұлы князь Владимир Ярослав Всеволодовичтің елшісі қатысты. Бірақ содан кейін де билік құдіретті Туракинаның қолында қалды [19, 196-б.]. Осылайша Моңғол империясында ханның әйелі жоғары билікке ие болуымен қатар құрылтай жиналысын шақыру мүмкіндігіне ие болғанына көз жеткізе алдық.

XV-XIX ғғ. түркі-моңғол мемлекеттеріндегі құрылтайда өзіндік ерекшеліктері болды. Ортағасырдағы жазбаларда XIV ғасырдан бастап өткізілген құрылтайларда хан сайлау мәселесі қатты қарастырылған. Себебі, құрылтайда сайланып, билікке ие болу ортағасырдағы билеушінің «билікті заңдастыру» тетігі болды. Бұл Шыңғыс ханның империясының ыдырауымен де хан сайлау түріндегі құрылтайлар жиі өткізілді.

Орта Азия хандықтарында құрылтайдың хан сайлау түріндегі сипаты жиі кездеседі. 1756 жылы маңғыт тұқымынан шыққан би Мұхаммед-Рахым Бұхар хандығының билеушісі болып жарияланды. Бірақ ол Шыңғыс ханның ұрпағы емес еді, тек сол әулеттің қызына үйленді. Ол өзін құрылтайда хан ретінде бекітіп, «алтын тектің» өкілі деп теңестірді [20, 114-б.].

XIX ғ. Қоқан хандығының билеушісі Сұлтан Саид 1862-1865 жылдардағы билігі кезінде 3 рет құрылтай арқылы өз билігін заңдастырды: 1862, 1863, 1865 жылдар [20, 116-б.].

Сұлтан-Саид ханның жақтастарының алдында осындай бірнеше рет таққа отыру рәсімдері оның бәсекелестерімен салыстырғанда заңдылығын нығайтып, елдің әр түрлі аймақтарында оның билігін мойындауға ықпал етті. Осылайша, Моңғол империясынан кейінгі кезеңде құрылтай тек хан тағына үміткерлерді заңды түрде сайлаудың тетігіне айналды. Бірақ, кейбір Орта Азиядағы мемлекеттерде құрылтайдың өкілдігінде айырмашылықтар болды [20, 114-б.].

Құрылтайдың өткізілу уақыты отандық зерттеушілер тарапынан зерттелген және бұл турасында әртүрлі пікірлер мен бірін-бірі толықтырушы тұжырымдар кездесіп жатады. Мәселен, жыл сайын өткізілетін жалпыхалықтық жиналыстың белгілі бір уақыты болды: көктемде шақырылатын жиын мамыр айында, ал күздегі жиналыс қазан, қараша айларында өткізілді. Бұл жиынның өткізілу уақыты жайлау мен қыстауға көшу уақытына байланысты еді. Осылайша, құрылтай институты көшпелі қоғамда биліктің тек жеке басқа ғана емес, ұжымдық келісім мен саяси ықпалдастыққа негізделгенін көрсетті. Хан билігінің құрылтай арқылы шектелуі және сенімді серіктерінің көмегімен басқаруы көшпелі мемлекеттерде феодалдық қатынастардың алғашқы белгілері ретінде бағаланады.

Нәтижесі. Құрылтайдың өткізілуі орта ғасырдағы Шыңғыс хан мемлекетінде саяси және әлеуметтік сипаттағы себептермен шақырылды. Шыңғыс ханның мемлекетінде құрылтай тек әскери немесе басқарушылық мәселелерді ғана емес, сонымен қатар қоғамдық құрылымды, салық саясатын және басқа да әлеуметтік аспектілерді талқылау үшін де шақырылды. Мұндай құрылтайлардың өткізілуі мемлекеттің билік жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ ішкі қақтығыстар мен саяси шиеленістерді шешу үшін маңызды болды.

Моңғол даласындағы бірінші құрылтай 1206 жылы Онон өзенінің бойында Тимучинді «Шыңғыс хан» деп қаған ретінде жариялаумен байланысты болды. Осы жылы Моңғол империясының құрылғаны жарияланды.

Жошы, Шағатай ұлыстарының құрылуымен ұлыс хандары өткізетін «ұлыстық құрылтайлар» өткізіліп тұрды. Дереккөздерге сүйенсек, төрт ұлыстың әрқайсысында жеке хандар таққа отырған құрылтай, сондай-ақ жыл сайынғы құрылтай болған. Съездердің басында хандар сөз сөйлейді. Бұл сөзінде хан мемлекеттің жалпы жағдайын, оның экономикасын, саяси жағдайын және өзінің қызметін қысқаша бағалайды. Моңғол хандары Шыңғысхан белгілеген, орындалмайтын және қорғалмайтын ережелерді сақтауға үлкен мән береді. Сондықтан бұл сөзде съездердің дәстүрлері мен заңдарының өзгеруі туралы да сөздер айтылады.

Жыл сайынғы және басқа да конгрестер, мемлекетке қарсы қылмыс жасағандарға қатысты сот процестері өткізіліп, қылмыскерлер қатысушылардың бірауыздан келісімімен жазалаушы заңға сәйкес жазаланады.

Моңғол империясындағы құрылтайлардың көпшілігінде әскери жорық пен хан сайлау дәстүріне байланысты мәселелер қарастырылған. Оның дәлелі ретінде 1227, 1228, 1229, 1235, 1246, 1250, 1251 және 1269 жылдары өткізілген құрылтайларда қарастырылған мәселелерді ұсынамыз.

Шыңғыс хан империясында орын алған құрылтай туралы келесідей мәлімет ұсынамын: 1227 жылы 28 тамызда Таңғұт мемлекетіне (Си Ся) жорықты ұйымдастыру кезінде Шыңғыс хан қайтыс болады. Оның ұлдары империяның негізгі мұрагерлері саналды. Осы сәтте империяның мұрагерін тағайындауға байланысты зерттеуші В.Г. Тизенгаузеннің мәліметінде келесідей дерек бар: «Шыңғыс хан өлерінің алдында өзінің мұрагері ретінде Үгедейді тағайындайды, ал уақытша билеуші ретінде анасы – Бөрте болды. Ал хан сайлау өткізілетін құрылтайға дейін мемлекетті кіші ұлы Төле басқарады. Демек, Шыңғыс хан империясында тақ мұрагерін сайлау тек құрылтай жиналысы арқылы жүргізілетінін білдіреді. Яғни, бұл ереже ұзақ уақытқа дейін сақталды [21, 13-б.].

1228 жылы Төле жалпымоңғол құрылтайын шақырып, хан сайлау рәсімін өткізу керек болды. Бұл оқиғаның қалай болғаны және кімдердің қатысқаны С.А. Козиннің еңбегінде

баяндалады: 1228 жылы (тышқан жылы) Керулен өзені, Көдеу аралында барлығы жиналды: Шағатай, Бату, Даритай-отчигин, Егунге, нояндар мен мыңбасылар жиналды. Олар Үгедейді хан тағайындайды. Оның үлкен ағасы Шағатай інісін хан тағына отырғызып, әкесінің түнгі күзетшілері (кебтеуіл), мергендер мен 80 000 торғауытты тапсырды [22, 191-б.]. Осындай құрылтайдың бірі – 1229 жылы Кавказ бен Иранға әскери жорық өткізу мәселесі қарастырылды. Осы мақсатта Шорман ноян бастаған үш моңғол түмені 6 жыл бойы Кавказ аймағында билік жүргізді.

XIII ғ. Моңғол империясында орын алған құрылтайлардың көбісі әскери жорықтар ұйымдастыруға бағытталды. Моңғолдардың әскери жаулап алу жорықтарының ерекшелігі – ұйымдастырылуы мен жоғары деңгейдегі дайындығы еді. Әскери, материалдық және стратегиялық жағынан ұйымдастырылған жорықтардың барлығында дерлік моңғолдар жеңіске жетіп отырды.

1235 жылы Онон өзенінің жағасында Үгедей қаған шақырады. Құрылтайда алдағы уақытта жүргізілетін әскери жорық мәселесі талқыланды. Нәтижесінде 4 бағытта жорық ұйымдастыру: мұсылмандық шығысқа, Қытай империясына, Корей түбегі және батыстағы половецтер, бұлғарлар мен Русьқа қарсы жоспарланды. Бұл құрылтайдың негізгі мақсаты батысқа әскери жорықты ұйымдастыру еді. Бұл оқиғаны Г.В. Вернадский да нақтылай түседі. Автор құрылтайдың нәтижесінде батысқа жорық ұйымдастыру шешімі қабылданғанын жазады. Бұл шешімнің сол кезеңдегі саяси және әскери жағдайларға байланысты маңызды болғанын атап өтеді.

1246 жылғы құрылтай Орхон өзенінің маңында өткізілді. Бұл құрылтайға бөржігін руының барлық туыстары қатысты. Рашид-ад диннің жазуы бойынша құрылтайға Бату ғана денсаулығына байланысты қатыспады, орнына Орда, Берке, Таңғұт, Тоқа Темір [19, 118-б.]. Осы құрылтайда Үгедейдің үшінші ұлы Күйік ұлы хан болып сайланды. Бұл құрылтайдың өткізілуі, қатысушылар мен талқыланған мәселелер туралы қатысушы итальяндық Плано Карпини жазады. Ол өз кітабында құрылтайға қатысып, көргендерін сипаттап жазады.

1250 жылғы құрылтай Күйік хан қайтыс болған соң ұйымдастырылды. Оны ұйымдастыру елдегі тұрақсыздыққа байланысты болды. Күйік ханның қайтыс болуымен мемлекетте тоқырау басталып, билік әлсірей бастады. Билік Күйіктің жесірі Огуль-Гаймишқа өтті. Бұл жағдайда шынғыс ұрпақтары Жошы мен Төле, Шағатай мен Үгедейдің балалары арасында екіге бөліну процесі басталды.

1250 жылы Бату Шағатай ұлысындағы Ыстықкөл маңында құрылтай шақырады. Шағатай мен Үгедейдің ұрпақтары бұл құрылтайды заңсыз деп келмеді. Осы жағдайдан кейін Бату екінші рет құрылтай шақырады. Бұл жолғы құрылтай Моңғол империясының орталығы Төле ұлысында өткізілді. Бұл құрылтайға Бату өзінің ұлы Сартақ пен Беркені үш түменмен аттандырады. Олар құрылтайға келіп хандық билікуке Бату ханды ұсынады. Бірақ Бату хан тақтан бас тартып, «... маған және Беркеге Дешті Қыпшақ даласындағы бірнеше мемлекет бағынады. Шынғыс ханның кіші ұлы Төле ерте қайтыс болғандықтан билікке оның үлкен ұлы Менгу Темірді отырғызамыз» [22, 16-б.], -деп баяндайды.

1251 жылы өткізілген құрылтайда Ұлы қаған Мөңке Иранға әскери жорық жасау туралы шешім қабылдайды. Рашид-ад-Диннің мәліметінше Мөңке қаған бұл жорыққа қолбасшы етіп өзінің ағасы Хулагуды тағайындайды. Жорыққа аттанған әскер саны белгісіз, бірақ деректерде бұл жорыққа үлкен дайындық жасалғаны жазылады [22, 81-б.].

1259 жылы тамыз айында өткізілген құрылтайда Ұлы қаған Мөңкенің қайтыс болуына байланысты жаңа қағанды сайлау мен Египетке жорыққа мәселесі қарастырылды. Бұл уақытта Моңғол империясында әскери жорыққа қолбасшы болып Кетбұға тағайындалды. 1260 жылы Айн-Джалут маңында мәмлүктермен болған соғыста моңғол әскери ойсырай жеңілді. Кетбұға ноян соңына дейін соғысып, тұтқынға түседі.

1259 жылы Мөңке қаған қайтыс болған соң Моңғол империясында құлдырау басталады. Төленің ұрпағы Құбылай Қытайды жаулап алу соғыстарын сәтті жүргізді, ал Хулагу моңғол әскерін бастап Алдыңғы Азия аумағына дейін айқымды соғыстар жүргізді.

Қаракорымда қалған Арық-бұға моңғол дәстүріне сәйкес жаңа билеуші сайлау үшін құрылтай шақыру құқығына ие болды. Бірақ, 1260 жылы 6 мамырда ағаларының қатысуынсыз құрылтай шақырып, өзін қаған етіп сайлайды. Моңғол заңы бойынша бұл құрылтай заңсыз деп танылатын еді. Шыңғыс ханның өсиеті екінші орында қалып, билік үшін тартыс тек әскер мен қарудың күшімен жүргізіле бастады.

1260 жылы Құбылай Қытай аймағында өзінің құрылтайын жасап, өзін Ұлы қаған етіп сайлайды. Осы кезде Моңғол империясында 2 хан пайда болды. Осылайша, екі бауыр арасында азаматтық соғыс басталып, ол 4 жылға созылды.

1264 жылы Құбылайдың әскері Арық-Бұғаға шешуші соғыста соққы беріп, тізе бүктірді. Арық-бұғаның жақтастары мен әскері қатаң жазаланып, бірақ уақыттан соң өзі де аурудан қайтыс болады.

1251-1269 жылдар аралығында Моңғол империясындағы ішкі жағдай шыңғыс ұрпақтары арасындағы қақтығыстармен ерекшеленді. Ішкі тартыстар, соғыстар, әулеттер арасындағы қақтығыстар империяны әлсіретуге алып келді. Ұзақ уақытқа созылған қақтығыстардың бейбіт түрде шешілуі Талас даласында өткен жалпымоңғолдық құрылтайда ғана реттелді. Бұл құрылтай Орта Азияда 1269 жылдың көктемінде Үгедейдің немересі Хайдудың басшылығымен Талас өзенінің бойында өткізілді.

Талас құрылтайында Жошы, Шағатай және Үгедей арасында бейбітшілік орнап, заңды шекараларын бөліп алды. Осы құрылтайдан кейін Құбылай мен Хулагу ұлыстары пайда болды. Талас өзенінің жағасында Моңғол империясының ыдырау фактісі Шыңғысхан өкілдері арасындағы шарттық антпен бекітілді, империядағы жоғарғы билікке қатысты барлық қайшылықтар шешілді [22, 47-49-бб.].

Тарихи деректер мен зерттеулер Талас құрылтайының маңызын ерекше атап өтеді. Талас құрылтайының шақырылу себебін белгілі шығыстанушы В.В. Бартольд былай түсіндіреді: «билеуші князьдердің келіссөздері аясында маңызды болды» [23, 578-б.]. Кейбір зерттеушілер кез-келген құрылтайды шақыру жаңа ханды сайлау процедурасымен байланысты деп санайды, сондықтан Талас құрылтайында Хайду ханы деп жариялау керек еді. Сонымен бірге бірқатар зерттеушілер кез келген құрылтайдың шақырылуы жаңа ханды сайлау рәсімімен тікелей байланысты болғанын алға тартады. Осы тұрғыдан алғанда, Талас құрылтайының негізгі мақсаты – Хайдуны хан ретінде жариялау болғаны анықталады. Бұл жағдай құрылтайдың тек кеңес беру органы ғана емес, сонымен қатар биліктің заңдылығын бекітетін жоғарғы институт ретінде әрекет еткенін көрсетеді. Осылайша, Талас құрылтайы көшпелі империялық дәстүрдегі билік легитимациясының жарқын үлгісі ретінде қарастырылады.

Отандық зерттеуші Қ.Өскенбай «Талас құрылтайының шақырылуының нақты себептері қандай болғаны бізге белгісіз» [24, 139-б.]. Шыңғыс ханның отбасына мұра етіп қалдырған саяси жүйеге тән шиеленісті тудырған екі мәселені қарастыру қажет болуы мүмкін. Бірінші мәселе мал шаруашылығы қоғамының жайылымдардың аумақтық базасын құру қажеттілігіне байланысты. Бұл мәселе көшпелі қоғамның негізгі тірегі болып табылатын мал шаруашылығының тұрақтылығы мен дамуына тікелей қатысты. Екіншісі – билікті мұрагерлікпен иемденудегі түркі-моңғол бейнесі. Бұл мәселе, әсіресе Шыңғыс ханның мұрагерлері арасында билікке талас болған кезеңде аса маңызды болғаны сөзсіз.

Талас құрылтайының тарихи маңызы туралы отандық зерттеуші И.А. Мустакимов өз еңбектерінде арнайы тоқталады. Бұл оқиғаны саралай отырып, ортағасырлық парсы тарихшысы Рашид ад-Диннің еңбектеріне сүйене отырып, XIV ғасырда Шыңғыс ұрпақтары арасында қалыптасқан «ұлыстық» жүйенің негізін қалауға Талас құрылтайының ықпал еткенін нақтылайды. Ол Таласта өткен құрылтай тек жекелеген билік мәселелерін шешумен шектелмей, империя ішіндегі ұлыстар арасындағы билік пен территориялық құрылымды қайта реттеудің бастауы болды. Бұл құрылтай нәтижесінде ұлыстардың саяси дербестігі күшейіп, әр ұлыстың билеушісі өз иелігінде дербес саясат жүргізуге мүмкіндік алған. Осылайша, Талас құрылтайы кейінгі кезеңдердегі саяси бытыраңқылық пен Шыңғыс әулетінің ішінде биліктің бөліну үдерісіне жол ашқан маңызды тарихи белес ретінде бағаланады. 1269 жылғы құрылтайдан кейін Моңғол империясы шартты түрде бөлініп, ыдырай бастады [25, 150-б.].

«Көшпелі империя» түсінігіне анықтама берген Н.Н. Крадин оның даму динамикасы мен құлдырау себептерін анықтайды. Шетелдік зерттеулердегі мәліметтерді талдай келе, «көшпелі империяның» жалпылама анықтамасын жасайды. Бұл анықтамасында «көшпелі империя» дегеніміз «әскери иерархиялық принцип бойынша ұйымдастырылған көшпелі қоғам». Бұл анықтаманы кеңейте келе оның бірнеше сипаттамасын жазады. Оның ішінде империяның әкімшілік бөлінуі; әлеуметтік иерархия; әскери «ондық» жүйесі; билікті мұрагерлік жолмен иелену және құралтай жиналысы бар [26, 245-б.]. Осылайша, орта ғасырдағы көптеген көшпелі мемлекеттерде құрылтай саяси биліктің ажырамас бөлшегіне айналды. Құрылтай арқылы жаңа хан сайлау, маңызды сыртқы саяси шешімдерді бекіту және империяның ішкі тұрақтылығын сақтау мәселелері шешіліп отырған. Түркі-моңғол, одан кейінгі Қазақ хандығы кезеңінде түрлі үлгілері қалыптасып, жетілдіріліп отырды.

Қорытынды. Құрылтай – ерте көшпелі мемлекеттерден бастау алған, маңызды мәселерді талқылайтын ресми кеңес. Құрылтай тек саяси мәселелер талқылайтын жиын емес, көшпелі қоғамның билік құрылымының, демократиялық дәстүрінің, ел бірлігін сақтаудың маңызды тетігі болған. Моңғол империясы кезеңінде құрылтай биліктің жүйелі басқару формасына айналған саяси институт саналды. Шыңғыс ханның билікке келуінен бастап, ел тарихында хан сайлау, салық жүйесі, әскери жорықтар ұйымдастыру, хан сайлау және басқа да саяси мәселелер тек жоғары билік өкілдері, қолбасшылар мен нояндардың қатысуымен өткізілді. Сондықтан да моңғол кезеңінде құрылтай мемлекеттің барлық саласына ықпал ететін саяси кеңеске айналды. Моңғол империясында құрылтай құқықтық және әскери де қызмет атқарды. Құрылтайды қаған немесе хандар ғана шақыра алды, Қабылданған шешім бүкіл империя үшін міндетті саналды.

Қазақ хандығының құрылуымен түркі-моңғол дәстүрін жалғастырған кеңес қалыптасты. Онда хан сайлау, әскери жорықтар ұйымдастыру, ру-тайпалар арасында саяси-шаруашылық және т.б. мәселелер қарастырылды. Мұндай құрылтайлар Қозыбасы, Мәртөбе, Күлтөбе, Қарақұ, Ордабасы, Түркістан аймақтарында өткізілді.

Құрылтайдың билікті заңдастыру тетігі ретіндегі қызметі моңғолдар кезеңінде қалыптасты. Билік мұрагерлікке ғана емес, халықтың және ақсүйектердің келісіміне негізделді. Бұл – құрылтайдың демократиялық элементтері бар саяси механизм екенін көрсетеді.

Көшпелі мемлекеттер үшін құрылтай дала демократиясының бірлесіп шешім қабылдау, ақылдасу, шешім шығару дәстүрінің дамығандығын көрсетті және тұрақтылық пен бірлісті қамтамасыз етті. Түркі кезеңінен бастау алған құрылтай, халықтық кеңес Моңғол империясы мен Қазақ хандығы дәуірінде де өз жалғасын тауып, мемлекеттік басқару жүйесінің ажырамас бөлігіне айналды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Наурызқанқызы Ж. «Оғызнама» мәтінінің лексикалық ерекшеліктері // А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы. – 2015. – №4. – Б. 62-66.
2. Джованни дель Плано Карпини. История Монгалов. Гильом де Рубрук. Путешествие в Восточные страны / Перевод А.И. Малеина. – СПб.: издание А.С. Суворина, 1911. – 224 с. – С. 38
3. Gerelbadrakh J. Is it “Great Convention” or “Council of the Wises”? // Олон улсын монголч эрдэмтний Х их хурал. The 10 th International Congress of mongolists. ИлтгэлҮҮдийн товчлол. Summaries of Congress Papers. Улаанбаатар, 2011. Т. 55-56.
4. Крымский А. Курултай. Энциклопедический словарь. Т. XVII. Култагой – Ледь. Издатели: Ф.А. Брокгауз (Лейпциг). И.А. Ефрон. – СПб: Типо-Литография И.А. Ефрона. 1896.
5. Юрченко А.Г. Элита Монгольской империи: время праздников, время казней. – СПб.: Евразия, 2012. – 431 с.
6. Султанов Т.И. Чингиз-хан и его потомки. – Алматы: Мектеп, 2011. – 152 с.

7. Rachewiltz I. de. Index to The Secret History of the Mongols. Bloomington: Indiana University Publications Uralic and Altaic Series. 1972. Vol. 121.
8. Кенжалин Қ.К., Балтабай Д.Ә. «Шежіре-и теракима» еңбегінде кездесетін моңғол сөздерінің семантикасы // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы. – 2024. – №4(149). – Б. 302-313.
9. Doerfer Gerhard. Türkische und mongolische Elemente im Neupersischen I. – Wiesbaden, 1963. – P. 557.
10. Березгин И.П. Словарь татарского языка с начертанием слов русскими буквами, с повторением их по-татарски и с переводом на русский язык. – Уральск: Уральская областная типография, 1914. – 253 с.
11. Уэзерфорд Дж. Чингисхан и рождение современного мира / пер. с англ. Е.Лихтеништейна. – М.: АСТ; Вла димир: ВКТ, 2008. – 493 с.
12. Алеева Г.У. Сравнительно-историческая и этимологическая характеристика тюркских слов «Киңәш» и «Корылтай» // Ученые записки Крымского федерального университета имени В.И. Вернадского. Серия «Филологические науки». Том 2(68). – 2016. – №3. – С. 347-352.
13. Скрынникова Т.Д. Судопроизводство в Монгольской империи // Altaica VII. – М., 2002. – С. 163-174.
14. Қазақстан тарихы. Энциклопедия // Ред. басқарған З.Е. Қабылдинов. – Алматы: Литера-М, 2019. – 848 б.
15. Қазақ әдеби тілінің сөздігі / Құраст. Малбақов М., Оңғарбаева Н., Үдербаев А. және т.б. – Қ – М. – Алматы, 2011. – Т. 10. – 752 б.
16. Древнетюркский словарь / Ред. Наделяев В.М., Насилов Д.М., Тенишев Э.Р., Щербак А.М., Боровкова Т.А., Дмитриева Л.В., Зырин А.А., Кормушин И.В., Летягина Н.И., Тугушева Л.Ю. – Л., 1969. – 715 с.
17. Гиббон Э. История упадка и разрушения Римской империи: Закат и падение Римской империи: в 7 т. / пер. с англ. М.: ТЕРРА – книжный клуб, 2008. Т. 3. – 624 с.
18. Щербак А.М. Огуз-наме. Мухаббат-наме. Памятники древнеуйгурской и староузбекской письменности. – М., 1959. – 169 с.
19. Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Том II. – М.-Л., 1960. – 248 с.
20. Почекаев Р.Ю. Эволюция курултая в позднесредневековых тюрко-монгольских государствах // Средневековые тюрко-татарские государства. – Выпуск 4. – 2012. – С. 113-117.
21. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. – Т. 1. Извлечения из сочинений арабских. – Санкт-Петербург: изд. на иждивение гр. С.Г. Строганова, 1884. – 564 с.
22. Миргалеев И.М. Распад Монгольской империи: Таласский курултай // Золотоордынское наследие. Вып. 3. – Казань: Ин-т истории им. Ш.Марджани, 2019. – С. 47-50.
23. Бартольд В.В. Сочинения. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Т. 1. – М.: Изд-во восточной литературы, 1963. – 763 с.
24. Усманова Э.Р., Ускенбай К., Антонов М.А. В поисках исторического ландшафта Таласского курултая 1269 года // Вестник МИЦАИ. Вып. 32. Смагуловский сборник. – Самарканд, 2021. – С. 137-144.
25. Мустакимов И.А. Улус Джучи – Золотая орда: названия государства в средневековых источниках // Тюркологические исследования. – 2022. – Т. 5. – №1. – С. 8-101.
26. Крадин Н.Н. Кочевники Евразии. – Алматы, 2007. – 416 с.

References:

1. Nauryzqanqyzy Zh. «Ogyznama» *matininin leksikalyk erekshelekteri* [Lexical features of the text "Oguznama"] // A.Baitursynyly atyndagy *Til bilimi institutynyn «Tiltanym» zhurnaly*. 2015. №4. B. 62-66. [in Kazakh]
2. Dzhovanni del' Plano Karpini. *Istoriya Mongalov. Gil'om de Rubruk. Puteshestvie v Vostochnye strany* [Guillaume de Rubruck. Travel to the Eastern countries] / Perevod A.I. Maleina. – SPb.: izdanie A.S. Suvorina, 1911. 224 s. S. 38. [in Russian]
3. Gerelbadrakh J. Is it “Great Convention” or “Council of the Wises”? // *Olon ulsyn mongolch erdemtni H ih hural. The 10 th International Congress of mongolists. IltgelYYdiyn товчлол. Summaries of Congress Papers. Ulaanbaatar*, 2011. T. 55-56.
4. Krymski A. Kurultai. *Enciklopedicheski slovar'* [The Kurultai. The Encyclopedic Dictionary]. T. XVII. *Kultagai – Led*". Izdateli: F.A. Brokgauz (Leipzig). I.A. Efron. SPb: Tipo-Litografiya I.A. Efrona. 1896. [in Russian]
5. Yurchenko A.G. *Elita Mongol'skoi imperii: vremya prazdnikov, vremya kaznei* [The elite of the Mongol Empire: the time of holidays, the time of executions]. SPb.: Evraziya, 2012. 431 s. [in Russian]
6. Sultanov T.I. *Chingiz-han i ego potomki* [Genghis Khan and his descendants]. Almaty: Mektep, 2011. 152 s. [in Russian]
7. Rachewiltz I. de. *Index to The Secret History of the Mongols*. Bloomington: Indiana University Publications Uralic and Altaic Series. 1972. Vol. 121. [in English]
8. Kenzhalin K.K., Baltabaj D.A. «Shezhire-i terakime» *enbегinde kezdesetin mongol sozderinin semantika*y [Semantics of Mongolian words found in the work "shezhire-I terakime"] // L.N. Gumilev atyndagy *Euraziya ulttyk universitetinin habarshysy*. 2024. №4(149). B. 302-313. [in Kazakh]
9. Doerfer Gerhard. *Türkische und mongolische Elemente im Neupersischen I*. Wiesbaden, 1963. P. 557. [in English]
10. Berezgin I.P. *Slovar' tatarskogo yazyka s nachertaniem slov russkimi bukvami, s povtoreniem ih po-tatarski i s perevodom na russkij yazyk* [Russian Russian dictionary with spelling of words in Russian letters, with their repetition in Tatar and with translation into Russian]. Ural'sk: Ural'skaya oblastnaya tipografiya, 1914. 253 s. [in Russian]
11. Uezerford Dzh. *Chingiskhan i rozhdenie sovremennogo mira* [Genghis Khan and the birth of the modern world] / per. s angl. E. Lihtenshtejna. M.: ACT; Vla dimir: VKT, 2008. 493 s. [in Russian]
12. Aleeva G.U. *Sravnitel'no-istoricheskaya i etimologicheskaya harakteristika tyurkskih slov «Kinash» i «Koryltai»* [Comparative historical and etymological characteristics of the Turkic words "Kinash" and "Koryltai"] // *Uchenye zapiski Krymskogo federal'nogo universiteta imeni V. I. Vernadskogo. Seriya «Filologicheskie nauki»*. Tom 2(68). 2016. №3. C. 347-352. [in Russian]
13. Skrynnikova T.D. *Sudoproizvodstvo v Mongol'skoi imperii* [Judicial proceedings in the Mongol Empire] // *Altaica VII*. M., 2002. S. 163-174. [in Russian]
14. *Kazakhstan tarihy. Enciklopediya* [History of Kazakhstan. Encyclopedia] // Red. baskargan Z.E. Kabyldinov. Almaty: Litera-M, 2019. 848 b. [in Kazakh]
15. *Kazak adebi tilinin sozdigi* [Dictionary of the Kazakh literary language] / Malbakov M., Ongarbaeva N., Yderbaev A. Almaty, 2011. T. 10. 752 b. [in Kazakh]
16. *Drevnetyurkski slovar* [Ancient Turkic Dictionary] / Red. Nadelyaev V.M., Nasilov D.M., Tenishev E.R., Shcherbak A.M., Borovkova T.A., Dmitrieva L.V., Zyrin A.A., Kormushin I.V., Letyagina N.I., Tugusheva L.Yu. L., 1969. 715 s. [in Russian]
17. Gibbon E. *Istoriya upadka i razrusheniya Rimskoi imperii: Zakat i padenie Rimskoi imperii* [The Story of the Decline and Fall of the Roman Empire: The Decline and Fall of the Roman Empire]: v 7 t. / per. s angl. M.: TERRA, 2008. T. 3. 624 s. [in Russian]
18. Sherbak A.M. *Oguz-name. Muhabbat-name. Pamyatniki drevneujgurskoi i starouzbekskoi pis'mennosti* [Oguz is a name. Muhabbat-nameh. Monuments of ancient Uighur and Old Uzbek writing]. M., 1959. 169 s. [in Russian]

19. Rashid-ad-din. *Sbornik letopisei* [Rashid al-din. *Collection of chronicles*]. Tom II. M.-L., 1960. 248 c. [in Russian]
20. Pochekaev R.Yu. *Evolyuciya kurultaya v pozdnesrednevekovykh tyurko-mongol'skih gosudarstvakh* [The evolution of the Kurultai in the Late Medieval Turkic-Mongolian States] // *Srednevekovye tyurko-tatarskie gosudarstva*. Vypusk 4. 2012. S. 113-117. [in Russian]
21. Tizengauzen V.G. *Sbornik materialov, odnosyashchih k istorii Zolotoi Ordy* [Collection of materials related to the history of the Golden Horde]. T. 1. *Izvlecheniya iz sochinenij arabskih*. Sankt-Peterburg: izd. na izhdivenie gr. S.G. Stroganova, 1884. 564 s. [in Russian]
22. Mirgaleev I.M. *Raspad Mongol'skoi imperii: Talasski kurultai* [The Collapse of the Mongol Empire: The Talas Kurultai // *Golden Horde Heritage*] // *Zolotoordynskoe nasledie*. Vyp. 3. – Kazan': In-t istorii im. Sh. Mardzhani, 2019. S. 47-50. [in Russian]
23. Bartol'd V.V. *Sochineniya. Turkestan v epohu mongol'skogo nashestviya* [Essays. Turkestan in the era of the Mongol invasion]. T. 1. M.: Izd-vo vostochnoi literatury, 1963. 763 s. [in Russian]
24. Usmanova E.R., Uskenbai K., Antonov M.A. *V poiskah istoricheskogo landshafta Talasskogo kurultaya 1269 goda* [In search of the historical landscape of the Talas Kurultai in 1269] // *Vestnik MICA*. Vyp. 32. *Smagulovskij sbornik*. Samarkand, 2021. S. 137-144. [in Russian]
25. Mustakimov I.A. *Ulus Dzhuchi – Zolotaya orda: nazvaniya gosudarstva v srednevekovykh istochnikakh* [Jochi Ulus – Golden Horde: names of the state in medieval sources] // *Tyurkologicheskie issledovaniya*. 2022. T. 5. №1. S. 8-101. [in Russian]
26. Kradin N.N. *Kochevniki Evrazii* [The Nomads of Eurasia]. Almaty, 2007. 416 s. [in Russian]

ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ TEACHING HISTORY

ҒТАХР/ МРНТИ/ IRSTI 07.04.09

ӘӨЖ/ УДК/ UDK 374. 96(375)

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2025.87.4.023>

З.Ж. Сенгирбаева ^{ID}*¹, Б.Р. Найманбаев ^{ID}²

¹ Докторант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ,
Түркістан, Қазақстан Республикасы, E-mail: zaure.sengirbaeva@gmail.com

² Тарих ғылымдарының докторы, доцент Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік
Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан Республикасы, E-mail: naimanbaev_b@mail.ru

ОҚО ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ АРНАЙЫ ҚОНЫСАУДАРУШЫЛАР ТАРИХЫН ОҚЫТУДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Аңдатпа

Мақалада XX ғасырдың ортасындағы Сталин режимінің саяси репрессияларының нәтижесінде бірқатар халықтардың арнайы қоныс аударуға ұшырауының тарихи аспектілері зерттеледі. Арнайы қонысаудару құбылысының КСРО-ның әр түрлі аймақтарындағы этникалық топтардың тағдырына тигізген ауқымды және трагедиялық әсеріне баса назар аударылады. Зерттеу тақырыбының маңыздылығы оның тарихи құндылығымен және өткеннен алынған сабақтарды түсіну қажеттілігімен негізделеді. Мәжбүрлі қоныс аударудың себептері мен салдары өзара байланысты құбылыстар болып табылады. Кеңес Одағындағы, оның ішінде Қазақстанның Оңтүстік аймағындағы жаппай арнайы қонысаударулар Сталин режимінің шекара маңындағы этностарды ықтимал қауіп ретінде қабылдауымен түсіндіріледі. Осыған байланысты, ұлттық сепаратизмнің алдын алу және этникалық топтардың ықпалын шектеу мақсатында күштеп қоныс аудару саясаты жүзеге асырылды. Аталған саясат КСРО-ның аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету және сыртқы қатерлерден қорғану стратегиясының бір бөлігі ретінде қарастырылды. Бұл зерттеудің келесі бөлімінде арнайы қонысаудару құрбандары болған этностардың қазіргі ұрпақтарының Оңтүстік Қазақстан облысындағы (ОҚО) әлеуметтік-экономикалық жағдайы және олардың аймақтың дамуына қосқан үлесі қарастырылады. Аталған топтардың жергілікті экономикаға интеграциялану деңгейі, олардың кәсіпкерлік қызметі, білім беру көрсеткіштері және өңірдің әлеуметтік-мәдени өміріне қатысуы талданады.

Кілт сөздер: арнайы қонысаударушылар, Оңтүстік, Сталин, ұлттар, құндылықтар.

З.Ж. Сенгирбаева ¹, Б.Р. Найманбаев ²

¹ докторант МКТУ имени Ходжа Ахмеда Ясави,
Туркестан, Республика Казахстан, E-mail: zaure.sengirbaeva@gmail.com

² Доктор исторических наук, доцент, Южно-Казахстанский педагогический университет
имени Узбекали Жанибекова,
Шымкент, Республика Казахстан, E-mail: naimanbaev_b@mail.ru

ЦЕННОСТИ В ПРЕПОДАВАНИИ ИСТОРИИ СПЕЦПЕРЕСЕЛЕНЦЕВ В СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОМ РАЗВИТИИ ЮКО

Аннотация

В статье исследуются исторические аспекты подверженности ряда народов спецпоселению в результате политических репрессий сталинского режима середины XX века. Акцент делается на масштабном и трагическом влиянии феномена депортации на судьбы этнических групп в разных регионах СССР. Значимость предмета исследования обусловлена его исторической ценностью и необходимостью осмысления уроков, извлеченных из прошлого. Причины и последствия вынужденного переселения являются взаимосвязанными явлениями. Массовые депортации в Советском Союзе, в том числе южном регионе Казахстана, объясняются тем, что сталинский режим воспринимает приграничные этносы как потенциальную угрозу. В связи с этим в целях предупреждения национального сепаратизма и ограничения влияния этнических групп осуществлялась политика насильственного переселения. Данная политика рассматривалась как часть стратегии обеспечения территориальной целостности СССР и защиты от внешних угроз. В следующем разделе данного исследования рассматривается социально-экономическое положение современных поколений этносов, ставших жертвами депортации, в Южно-Казахстанской области (ЮКО) и их вклад в развитие региона. Анализируется уровень интеграции данных групп в местную экономику, их предпринимательская деятельность, образовательные показатели и участие в социально-культурной жизни региона.

Ключевые слова: спецпереселенцы, Юг, Сталин, нации, ценности.

Z.G. Sengirbayeva ¹, B.R. Naimanbayev ²

¹ Doctoral student at the Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University,
Turkestan, Republic of Kazakhstan
E-mail: zaure.sengirbaeva@gmail.com

² Doctor of Historical Sciences, professor of the South Kazakhstan Pedagogical University named
after Uzbekali Zhanibekov,
Shymkent, Republic of Kazakhstan
E-mail: naimanbaev_b@mail.ru

VALUES IN TEACHING THE HISTORY OF SPECIAL SETTLERS IN THE SOCIO- ECONOMIC DEVELOPMENT OF SOUTH KAZAKHSTAN REGION

Abstract

The article examines the historical aspects of the susceptibility of a number of peoples to special settlement as a result of the political repression of the Stalinist regime in the middle of the twentieth century. The emphasis is on the large-scale and tragic impact of the phenomenon of deportation on the fate of ethnic groups in different regions of the USSR. The importance of the research subject is determined by its historical value and the need to reflect on the lessons learned from the past. The causes and consequences of forced resettlement are interrelated phenomena. Mass deportations in the

Soviet Union, including in the southern region of Kazakhstan, are explained by the fact that the Stalinist regime perceives the border ethnic groups as a potential threat. In this regard, in order to prevent national separatism and limit the influence of ethnic groups, a policy of forced resettlement was implemented. This policy was considered as part of the strategy of ensuring the territorial integrity of the USSR and protection from external threats. The next section of this study examines the socio-economic situation of modern generations of ethnic groups who were victims of deportation in the South Kazakhstan region (SKR) and their contribution to the development of the region. The level of integration of these groups into the local economy, their entrepreneurial activity, educational performance and participation in the socio-cultural life of the region is analyzed.

Keywords: special settlers, South, Stalin, nationalities, values.

Кіріспе. XX ғасырдың 30-50 жылдарындағы арнайы қонысаудару (депортация) – бұл Кеңес Одағында (КСРО) жүргізілген саяси қуғын-сүргіннің бір бөлігі, ол халықтың белгілі бір топтарын мәжбүрлеп басқа аймақтарға көшірумен сипатталады. Бұл кезең сталиндік репрессияның ең қаралы беттерінің бірі болып табылады. Сталин режиміне қарсы болуы мүмкін деп есептелген барлық топтар – ұлттық азшылықтардан бастап, саяси оппозицияларға дейін – қудалауға ұшырады. Арнайы қонысаудару оларды басқарудың, физикалық жоюдың және саяси бейтараптандырудың бір тәсілі болды. КСРО үкіметі шекаралас аймақтарда тұратын халықтардың ұлтшылдық пиғылы бар деп күдіктенді. Сондықтан, оларды көшіру арқылы шекара аймақтарын «тазарту» саясатын жүргізді. КСРО үкіметі өзіне сенімсіз деп саналған халықтар мен әлеуметтік топтарды жоюға тырысты. Бұл жағдайда арнайы қонысаудару саяси қарсыластарды жоюдың бір тәсілі ретінде қарастырылды. КСРО-ның шығыс аймақтарын игеру үшін еңбек күші қажет болды. Сондықтан, арнайы қонысаударылған халықтарды жаңа жерлерге қоныстандырып, оларды еңбек күші ретінде пайдаланды. Сол арнайы қоныстандырылған халықтардың ішінде: Шығыста тұратын корейлер (170 мыңға жуығы Орталық Азияға күштеп көшірілді), поляктар (Батыс Украина, Батыс Белоруссия және басқа да батыс аймақтарында тұратындар), Еділ бойындағы неміс автономиялық республикасының тұрғындары және басқа аймақтардағы немістер, Қиыр Шығыста тұратын қытайлықтар, қарашайлар, балқарлар, шешендер, ингуштар күштеп көшірілді. Көптеген адамдар жол азабына, аштыққа, ауруға ұшырап қайтыс болды. Арнайы қонысаударылған халықтар арнайы қоныстарда тұруға мәжбүр болды, олардың құқықтары шектелді, және кемсітушілікке ұшырады. Халықтар мәдени мұрасынан, өз тілінен, дәстүрлерінен айырылды. Арнайы қонысаударудың салдары көптеген ұрпақтардың тағдырына әсер етті. Адамдар өз үйлерінен күшпен шығарылып, мал вагондарына тиеліп, алыс аймақтарға жөнелтілді. Көшіру кезінде адамдарға тамақ, киім, медициналық көмек жетіспеді. Арнайы қонысаударылғандар арнайы қоныстарда тұрып, ауыр жұмыстарға тартылды. Олардың қозғалу, білім алу, кәсіппен айналысу құқықтары шектелді.

Оңтүстік Қазақстан облысының (ОҚО) әлеуметтік-экономикалық дамуындағы арнайы қоныс аударушылар тарихын оқытуда құндылықтарға негізделген білім беру мәселесі өте маңызды және көп қырлы. Бұл мәселені талдап, оның негізгі аспектілерін қарастырайық:

1. Құндылықтарға негізделген білім берудің маңызы: Құндылықтарға негізделген білім беру білім алушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға, оларды мейірімділікке, жанашырлыққа, адамгершілікке тәрбиелеуге бағытталған. Бұл білім беру түрі жастардың азаматтық санасын қалыптастыруға, оларды өз елінің патриоты болуға, тарихын құрметтеуге, әлеуметтік жауапкершілікті сезінуге ықпал етеді. Құндылықтарға негізделген білім беру жастарды басқа мәдениеттер мен ұлттарға құрметпен қарауға, толерантты болуға үйретеді. Бұл білім беру түрі қоғамдағы әлеуметтік үйлесімді, ынтымақтастықты және өзара түсіністікті дамытуға көмектеседі.

2. Арнайы қоныс аудару тарихын оқытудың ерекшеліктері: Бұл тарих адам құқықтарының бұзылуының, әділетсіздіктің және трагедияның мысалы болып табылады. Оны оқыту

барысында тарихи шындықты бұрмаламай, шынайы баяндау маңызды. Арнайы қоныс аудару трагедиялық оқиғалармен байланысты. Оқыту барысында осы трагедиялық оқиғаларды сезімталдықпен және эмпатиямен жеткізу қажет. ОҚО - көпұлтты аймақ. Кеңес өкіметі кезінде оңтүстік Қазақстанға басқа өңірлерден көптеген халықтар, соның ішінде корейлер, немістер, шешендер, түріктер және басқа да ұлт өкілдері күштеп қоныстандырылды. Бұл аймақтың көп ұлтты болуын одан сайын күшейтті. Оңтүстік Қазақстанның климаты жылы, су ресурстары жеткілікті болғандықтан, ауыл шаруашылығына қолайлы болды. Бұл әртүрлі ұлттардың қоныстануы үшін тартымды аймақ болды. Оңтүстік Қазақстанда құнарлы жерлер көп, бұл әртүрлі ұлттардың жер өңдеу және егіншілікпен айналысуына мүмкіндік берді. Оңтүстік Қазақстан сауда жолдарының қиылысында орналасқандықтан, аймақ сауда-саттық үшін қолайлы орын болды. Бұл әртүрлі ұлттардың аймаққа келуіне және тұрақтануына жағдай жасады. Оңтүстік Қазақстандағы ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және басқа да салалардағы жұмыс орындары әртүрлі ұлт өкілдерінің жұмыс іздеп келуіне ықпал етті. Оңтүстік Қазақстанда әртүрлі ұлттардың бірге өмір сүруі олардың мәдениеттерінің өзара әсерлесуіне, жаңа дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың пайда болуына әкелді. Оңтүстік Қазақстан халқы ғасырлар бойы әртүрлі ұлт өкілдерімен бірге өмір сүріп, толеранттылыққа үйренген. Бұл аймақта әртүрлі ұлттардың бейбіт өмір сүруіне жағдай жасады.

Оңтүстік Қазақстанның көп ұлтты аймақ болуының негізгі себептері - тарихи, географиялық және әлеуметтік-экономикалық факторлардың жиынтығы. Ұлы Жібек жолының өтуі, әртүрлі хандықтардың ықпалы, Ресей империясы мен Кеңес өкіметінің саясаты, қолайлы климат, жер ресурстары және жұмыс орындары аймақтың көп ұлтты болуына ықпал етті. Сонымен қатар, жергілікті халықтың толеранттылығы мен мәдениеттердің өзара әсері де аймақтың дамуында маңызды рөл атқарды.

Арнайы қоныс аудару тарихын оқыту барысында әр түрлі этникалық топтардың басынан өткерген қиындықтарын ескеру қажет. Арнайы қоныс аудару тарихы бүгінгі қоғамдағы этникалық қатынастар мен толеранттылық мәселелерімен байланысты.

3. Оқытудағы құндылықтар: Адамға деген сүйіспеншілік, қайырымдылық, жанашырлық, мейірімділікті тудыру. Әділетсіздікке қарсы күрес, теңдік, құқықтарды қорғау. Өткенге құрметпен қарау, тарихтан сабақ алу, тарихи оқиғаларды ұмытпау. Басқа ұлттар мен мәдениеттерге құрметпен қарау, өзара түсіністік, диалог. Өз елі үшін жауапкершілік, қоғамдық өмірге белсенді қатысу. Еңбектің қадірін білу, еңбекке құрметпен қарау, қоғамға пайда келтіру. Өз отанына деген сүйіспеншілік, елдің тарихы мен мәдениетін құрметтеу.

4. Оқыту әдістері мен формалары: Пікірталас, дөңгелек үстелдер, жобалық жұмыстар, рөлдік ойындар. Бейнематериалдарды, фотосуреттерді, құжаттарды, карталарды қолдану. Арнайы қоныс аудару тарихымен байланысты мұражайлар мен ескерткіштерге бару арқылы білім алушылардың сезімдік қабылдауын арттыру. Арнайы қонысаудару құрбандарының естеліктерін тыңдау, мұрағаттық деректерді зерттеу арқылы тарихи шындықты тереңірек түсіну. Электрондық оқулықтарды, онлайн платформаларды, интерактивті тапсырмаларды, виртуалды мұражайларды пайдалану.

5. Қиындықтар: Тақырыптың сезімталдығын ескере отырып, оқыту әдістерін дұрыс тандау қажет. Тарихты объективті түрде, бұрмаламай оқыту маңызды. Барлық этникалық топтардың пікірін ескеру қажет. Арнайы қоныс аудару тарихына қатысты жеткілікті материалдардың болмауы. ОҚО әлеуметтік-экономикалық дамуындағы арнайы қоныс аударушылар тарихын оқытуда құндылықтарға негізделген білім беру мәселесі – өте маңызды және өзекті мәселе. Бұл тарихты оқыту арқылы білім алушыларда рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, азаматтық сананы дамыту, толеранттылықты арттыру, тарихқа құрметпен қарау және қоғамдық үйлесімді дамытуға болады. Бұл мәселені шешу үшін кешенді шаралар қолдану және барлық мүдделі тараптардың күшін біріктіру қажет.

Қазіргі тарих ғылымының маңызды бағыттарының бірі - Кеңес Одағында жүргізілген арнайы қонысаудару саясатының тарихын зерттеу. Бұл тақырыпқа қатысты зерттеулер жүргізуге ХХ ғасырдың аяғына дейін КСРО-да шектелгендіктен, алғашқы ғылыми жұмыстар

Батыс елдерінде жарық көрді. Мысал ретінде, Луи де Ионгтың «Екінші дүниежүзілік соғыстағы неміс бесінші колоннасы» атты монографиясы 1956 жылы Америка Құрама Штаттарында жарияланды [1, 94 б.]. Аталған монографияда автор Еділ бойындағы немістердің жер аударылуының себептерін жан-жақты талдауға ұмтылғанымен, қолда бар деректердің жеткіліксіздігінен мәселені толыққанды ашып көрсете алмады. Көрсетілгендей, КСРО-да мәжбүрлі қоныс аудару жүйесінің тарихы кеңес тарихшылары үшін ұзақ уақыт бойы жабық тақырып болып келді. Осыған байланысты, бұл мәселе бойынша алғашқы зерттеулер шетелде, «жазаланған халықтарды» ақтау процесінің басталуынан кейін үш жыл өткен соң, 1960 жылы пайда болды. Дереккөздердің көптігіне қарамастан, Р.Конквест КСРО-дағы халықтар арнайы қонысаударусының хронологиясы мен тарихнамасындағы кейбір мәселелерге алғашқылардың бірі болып назар аударды. Сонымен қатар, ол КСРО халықтары жер аударылған аумақтардың алғашқы картасын жасады [2, 14 б.].

А.Солженицынның «ГУЛАГ архипелагы» атты еңбегінің «Біздің колонизация тарихы» бөлімінде сталиндік кезеңдегі жер аударулар мен арнайы қонысаударылғандардың тағдыры баяндалады. Парижде жарияланған үш томдық бұл еңбектердің арқасында Батыс әлемі бұл тақырыппен кеңінен танысты. «ГУЛАГ архипелагы» журналистік зерттеу сипатында жазылғандықтан, онда репрессияға ұшырағандардың саны туралы нақты статистикалық мәліметтер келтірілмеген. Дегенмен, бұл танымал шығарма әлемнің көптеген тілдеріне аударылып, көптеген елдердің тұрғындарына сталиндік қуғын-сүргін саясаты туралы түсінік қалыптастыруға ықпал етті [3, 98 б.].

Қарастырылып отырған кезеңдегі арнайы қонысаудару саясатының тарихына қатысты шетелде жарық көрген еңбектердің қатарында 1978 жылы Нью-Йоркте орыс тілінде, ал 1979 жылы ағылшын тілінде жарияланған Кеңес мемлекетінің бұрынғы азаматы Александр Некричтің «Жазаланған халықтар» атты кітабын атап өтуге болады. Қолжазба авторы КСРО-да тұрған кезінде, 1970 жылдардың басында дайындаған. Р.Конквесттен айырмашылығы, А.Некрич бұрынғы арнайы қоныстанушылармен тікелей байланыс орнатып, олардан ауызша және жазбаша мәліметтер алуға, арнайы қонысаудару аймақтарына барып, материалдар жинауға мүмкіндік алды. А.Некрич кітабын жазу барысында Екінші дүниежүзілік соғыс тарихына қатысты кеңестік және батыстық тарихшылардың еңбектерін, сондай-ақ соғыс жылдарындағы және соғыстан кейінгі кезеңдегі КСРО-ның шалғай ұлттық аудандарындағы партиялық құрылыстың тарихын зерттеді. Кітаптың бір бөлімі Қырым, Қалмақия және Солтүстік Кавказ халықтарының арнайы қонысаударусына, КСРО-ның әр түрлі аймақтарындағы «жазаланған халықтардың» өміріне, олардың иммигрант ретіндегі ерекше мәртебесіне және олардың тарихи отанына қайта оралу процесіне арналған. Осылайша, бұл еңбекте КСРО-дағы алғашқы этникалық арнайы қонысаударулардың тарихы аз зерттелген ғылыми мәселе ретінде қарастырылған. Р.Конквест пен А.Некрич «жазаланған халықтар» мәселесін ғылыми зерттеудің бастапқы нысаны ретінде қарастырып, осы тақырыпты зерттеуге алғашқы қадам жасады деп қорытынды жасауға болады [4, 73 б.].

1980 жылдардың соңынан бастап КСРО-да арнайы қонысаудару тарихына деген қызығушылықтың күрт артуы Ресей Федерациясы мен ТМД елдерінің орталық және өңірлік мұрағаттарындағы құпия қорлардың ашылуымен тікелей байланысты болды. Осы кезеңнен бастап арнайы қонысаудару мәселесіне арналған көптеген ғылыми зерттеулер жариялана бастады. 1980 жылдардың аяғынан бастап қазіргі уақытқа дейін КСРО мен Ресей Федерациясында жүргізілген халықтарды арнайы қонысаударулау және арнайы қоныс аударушылардың тағдырына қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстары Батыс елдерінде бұл тақырып бойынша жүргізілген зерттеулердің көлемін айтарлықтай азайтты. Дегенмен, бұл мәселе бойынша кейбір зерттеулер Германия Федеративтік Республикасында (ГФР) және АҚШ-та жалғасын тапты. Мысалы, неміс тарихшылары А.Айсфельд, В.Гердт, В.Кригер, В.Бруль негізінен Еділ бойы немістерінің арнайы қонысаударусының тарихын зерттесе, С.Мерль «Кулактарды жою» тарихымен айналысты. Д.Дальман мен Г.Хиршфельд өңдеген еңбек зерттеуші тарихшылардың ерекше назарын аударады. Бұл кітапта 1995 жылы

Германияның Мюльхайм қаласында өткен тарихнамалық мәселелерге арналған халықаралық конференцияда ұсынылған баяндамалар жинақталған. Конференция ұлттық социализм мен сталинизмнің пайда болуы, себептері, мәні, салдары, сондай-ақ осы екі жүйе кезінде орын алған жаппай қырып-жою және халықтардың мәжбүрлі қоныс аудару тарихын кеңінен талқылауға бағытталды. Конференцияда ұсынылған баяндамалардың бір бөлігі қылмыстық лагерлер жүйесіне, адамдарды мәжбүрлі еңбекке тарту мәселесіне, яғни арнайы қонысаударуға және бұрынғы КСРО мен Германиядағы халықтарды мәжбүрлеп қоныс аударуға арналды. Сондай-ақ, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Белоруссия, Украина және Молдовиядан жер аударылған және күштеп қоныс аударылған адамдардың тағдырына арналған баяндамалар да ұсынылды. КСРО-да сталинизм дәуірінде жүргізілген халықтарды жаппай репрессиялау және арнайы қонысаудару саясаты Стивен Куртуа бастаған француз тарихшыларының «Коммунизмнің қара кітабы: қылмыстар, террор, репрессия» атты еңбегінде егжей-тегжейлі және жан-жақты талданған. Халықтарды арнайы қонысаударулау мәселесіне қатысты әртүрлі көзқарастарға америкалық ғалымдар тарапынан сыни талдау жасалды. Мәселен, М.Гельб корейлерді, финдерді және басқа да шағын ұлттарды арнайы қонысаударулау мәселелерін зерттесе, П.Холквист негізінен Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде, сондай-ақ большевиктік Ресейдің алғашқы жылдарында патшалық Ресейдің арнайы қонысаудару саясатын зерттеді. XX ғасырдағы Еуропадағы этникалық тазарту мәселелері, сондай-ақ шешендер, ингуштар және қырым татарларының арнайы қонысаударуы Норман Неймарк, Терри Мартин және Брайан Уильямстың еңбектерінде жалпылама түрде қарастырылды.

Аталған авторлардың әрқайсысы ғылыми айналымға енгізілген Ресей мұрағаттарында сақталған көптеген құжаттар мен материалдарды сыни тұрғыдан зерттеді. Брайан Уильямстың монографиясы 1944 жылғы арнайы қонысаудару мәселесін Қырым татарларын мәжбүрлеп қоныс аудару тарихына арнады. Норман Неймарк өз зерттеуінде әртүрлі уақытта және әртүрлі мемлекеттерде жүргізілген мәжбүрлі қоныс аудару және арнайы қонысаудару мәселелеріне салыстырмалы талдау жасай отырып, Кеңес дәуіріндегі арнайы қонысаудару жағдайында мынадай қорытындыға келді: «...шешендерді, ингуштар мен қырым татарларын мәжбүрлеп қоныс аудару Сталин бастаған басшылықтың осы халықтарға қатысты геноцид жасау, яғни толық жою мақсатын көздемеген. Бұл жағдайда адамның физикалық аман қалуы жағдайында ұлт түбегейлі жойылып, басқа халықтармен ассимиляцияланады деп қарастырылды. Сталиндік кезеңдегі арнайы қонысаудару осы тұрғыдан алғанда Гитлердің толық жою саясатынан, яғни еврейлер мен сығандарға қарсы қолданған геноцидінен ерекшеленеді» [5, 162 б.].

Жалпы алғанда, КСРО-дағы халықтарды арнайы қонысаудару мәселесі бойынша Батыс елдерінде жүргізілген зерттеулерді талдау шетелдік ғалымдардың осы тақырыптың тарихнамасын байытуға елеулі үлес қосқанын көрсетеді. Дереккөздердің шектеулі болуына қарамастан, Батыс зерттеушілері алғашқы болып бұл мәселені зерттеуге жол ашып, оған қатысты шындыққа жақын хронологиялық және статистикалық мәліметтерді ұсынды. Сонымен қатар, олар КСРО-ның этникалық арнайы қонысаудару аймақтарының картасын салыстырмалы түрде дәл жасады. Батыс тарихшылары дәстүрлі зерттеу әдістерін қолдана отырып, көптеген естелік материалдарды пайдаланды. Кейіннен, тираниялық жүйе құлағаннан кейін және Ресей мұрағаттарында сақталған «құпия» құжаттарды пайдалану мүмкіндігі пайда болған соң, олар арнайы қонысаудару саясаты бағытындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жаңа деңгейге көтерді. Осы себепті, бүгінгі таңда Батыс елдерінде бұл мәселе бойынша ауқымды зерттеу жұмыстары әлі де жалғасуда. Кеңестік тарихнамада халықтарды күштеп қоныстандыру, жаппай этникалық арнайы қонысаудару тарихына арналған арнайы зерттеулер жүргізілген жоқ. Бұған арнайы қонысаудару тарихын зерттеудің режимге «жазаланған халықтардың» қоныс аударылған аумақтардағы өздерінің тарихи тағдырын зерттеуге мүмкіндік бермейтіндігі себеп болды. Кеңес заманындағы халықтардың жаппай жер аударылуы деспотиялық режимнің ең қатыгез стратегияларының бірі болды, ал Сталин басқарған Кеңес басшылығы бұл саясат арқылы белгілі бір жағымсыз мақсаттарды көздеді.

Сондықтан арнайы қонысаударуға қатысты барлық жұмыстар мен құжаттар құпия сақталды. Бұл ақпараттың аз ғана бөлігін ашу Кеңес мемлекеті мен оның басшылығының шынайы мақсаттарын әшкере етуге жеткілікті болар еді. Осы себепті, кеңес мемлекетіндегі халықтарды арнайы қонысаудару туралы алғашқы зерттеу жұмыстары Батыс елдерінде жүргізілді. 1980 жылдардың аяғында әлеуметтануда, соның ішінде тарих ғылымындағы дүниетаным біршама өзгерді. Бұл ғылыми зерттеулерде саясаттанудан, идеализациядан және догматизмнен бас тартуда көрініс тапты. Зерттеушілер мен қоғам мүшелерінің санасында тарихи құндылықтарды қайта бағалау, КСРО-дағы социалистік құрылыстың теориясы мен тәжірибесіндегі мәселелерге объективті жауап іздеу идеясы пайда болды. 1980 жылдардың аяғында зерттеушілерге қолжетімсіз болған кейбір мұрағаттық құжаттардан құпиялылық белгісі алынып тасталды. Бұл тарихи шындық КСРО-дағы халықтардың мәжбүрлі қоныс аудару және жер аудару процесін талдауға мүмкіндік берді. Аталған кезеңде тарихнамада қақтығыстар мен тыңдау процестерін, сондай-ақ ойлау мен ғылыми білімнің жаңа деңгейіндегі арнайы қонысаудару мәселесін қамтыған маңызды зерттеулер пайда болды. О.В.Волобуев, С.В.Кулешов, В.П.Данилов, Н.В.Теповтың мақалалары осындай жұмыстардың мазмұнын біріктірді. Олар сөз байласу мен таптық жауларды анықтаудың қуғын-сүргін нысандары, мәжбүрлі қоныс аудару, сыни талдауға ұшыраған, сотталған, Одақтың шалғай өңірлеріне жер аударылған отбасылар саны туралы жаңа деректер, сондай-ақ 1930 жылдардағы Кеңес үкіметінің саясатына жаңа баға беру мәселелерін қамтыды. 1989 жылдың ортасында КСРО Ғылым Академиясының тарих бөлімінің зерттеушілер тобына Сталин дәуірінің саяси режимдерінің ауқымын анықтау үшін орталық мемлекеттік мұрағаттың құпия құжаттарын пайдалануға рұқсат берілді. Кейіннен бұл құжаттардан «өте құпия» деген белгі алынып, олар барлық зерттеушілер үшін қолжетімді болды. Нәтижесінде, өткен ғасырдың 80-ші жылдарының аяғы мен 90-шы жылдарының басында баспасөз беттерінде «тыйым салынған тақырыптың» кейбір мәселелері мен аспектілері бойынша бірқатар зерттеулер жарияланып, бұл тақырыптың тарихнамасын едәуір байыта түсті. Ең бастысы, бұл зерттеулер арнайы қонысаудару мәселесіне деген көзқарасты түбегейлі өзгертті және осы мәселені зерттеушілердің қызығушылығын арттырды.

В.Н.Земсков, Н.Ф.Бугай және басқа да зерттеушілердің алғашқы тарауларында жарияланған мақалаларын атап өту қажет. Олар күштеп арнайы қонысаудару саясатының әдістерін сыни талдау, Одақтың әртүрлі аймақтарына жер аударылған еврей отбасыларының саны, жер аударылған халықтардың саны туралы жаңа ақпарат, сондай-ақ 1930 жылдардағы Кеңес үкіметінің саясатын жаңа бағалауды қамтыды. Бұл зерттеулерде көтерілген мәселелер бүкіл одақ көлемінде қарастырылып, негізінен статистикалық сипатта болғанына қарамастан, олар Орталық Азияның еңбек елді мекендеріндегі, соның ішінде Қазақстандағы «арнайы жер аударылғандардың» саны туралы кейбір мәліметтерді қамтыды. КСРО ыдырағаннан кейін және тәуелсіз республикалар құрылғаннан кейін «жазаланған халықтар» мәселесін зерттеу жаңа әдістемелік негізде және кең ауқымда басталды. 1992 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін ТМД елдерінде, негізінен Ресей Федерациясында арнайы қоныстардағы халықтар мен олардың өмірін арнайы қонысаударулау мәселелеріне арналған көптеген зерттеулер жүргізіліп, осы тақырыптың тарихнамасы байытылды. Арнайы қоныстар құбылысына байланысты бұл басылымдарды бірнеше топқа бөлуге болады. Зерттеуші Н.Ф.Бугайдың НКВД-ІІМ мұрағатының материалдарына негізделген мақалалары негізінен жекелеген халықтарды арнайы қонысаударуға немесе арнайы қонысаударуға ұшыраған халықтар тарихының нақты мәселелеріне арналған.

Зерттеуші В.Н.Земсков өз еңбектерінде ГУЛАГ жүйесіне кіретін арнайы қоныстардың жұмыс істеуіндегі құрылымдық өзгерістерді зерттеді. Орыс зерттеушісі В.Н.Земсковтың 1930-1960 жылдардағы кеңестік мемлекеттегі «Масақ өскіндері» атты іргелі монографиялық зерттеуінде елдегі әртүрлі ұлт өкілдерінің жер аударылуы, олардың арнайы қоныстарға орналасуы, ұлттық құрамы және еңбек қызметі туралы кең ауқымды мәліметтер қамтылған. Бұл зерттеу КСРО-дағы арнайы қоныстардың тарихын басынан аяғына дейін қамтиды және

мәселе әлеуметтік-демографиялық тұрғыдан талданады. Зерттеу арнайы қоныстанушылар контингентінің саны мен орналасуы туралы өте кең мәліметтерді қамтиды, олардың ішінде Орталық Азия республикаларында, соның ішінде Қазақстанда арнайы қоныстанушыларға қатысты ақпараттың маңызы зор. 1980-1990 жылдары КСРО-да, соның ішінде Қазақстанда күштеп қоныстандыруға ұшыраған халықтарға қарсы жаппай қуғын-сүргінге байланысты құжаттардың құпиялығын ашуға рұқсат берілді. Осы тақырыптағы алғашқы еңбектер жарық көре бастады, соғыс алдындағы және соғыс жылдарындағы халықтардың жер аударылуының тарихы мен ауқымын ашатын еңбектер көбейді. Ұзақ уақыт үнсіз қалған халықтарды арнайы қонысаудару фактісінің өзі құпиялылық жылдарында ресми жарияланымдарда Қазақстанға тек 500 мың адамның келгені туралы ғана айтылды, «эвакуацияланғандардан басқа» деген халықтарды күштеп қоныстандыру мәселесіне қатысты сол кездегі рухта абстрактілі ескерту жасалды. 80-жылдарға дейін қазіргі дағдарыстық халықаралық жағдайға, соғыс кезіндегі жағдайларға байланысты халықтың көп бөлігін мәжбүрлі шара ретінде көшіру туралы стереотиптер таратылды.

КСРО-дағы жер аударылған халықтардың тарихын зерттеуге талпынған алғашқы зерттеушілердің бірі А.М.Некрич еді. Оның еңбегімен көпшілік тек 90-жылдардың басында танысты. А.М.Некрич өз зерттеуінде арнайы қонысаудару халықаралық дағдарыс кезінде, әскери жағдайда қабылданған кездейсоқ шешім емес, бұл процесс соғысқа дейінгі және соғыс жылдарында да іске асырылған деп пайымдады. Сонымен қатар, ол халықтарды көшіру операцияларын жүзеге асыру механизмдерін ашып, олардың ел бойынша санын және еңбек өндірісіне қатысуы туралы мәліметтерді келтірді. Жекелеген этнос өкілдерін арнайы қонысаударулау тарихы орыс тарихшыларының, атап айтқанда В.Н.Земсков пен Н.Ф.Бугайдың еңбектерінде жан-жақты баяндалған. В.Н.Земсков 1940-1945 жылдардағы еңбек қоныстанушыларының тарихын аша отырып, олардың санын және Қазақстан облыстары бойынша қоныстану географиясы туралы деректерді ұсынды [6, 7 б.].

Материалдар мен әдістер. Бұл мақаланы жазуға Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзге халықтарға қатысты саясаты мен бағдарламалары Қазақстанның көпұлтты және көпмәдениетті қоғамын сақтауға, дамытуға және нығайтуға бағытталған. Бұл саясат елдің ішкі саясатының маңызды бөлігі болып табылады және Конституцияға, заңдарға және жалпы ұлттық құндылықтарға негізделген. Қазақстан Конституциясы бойынша барлық азаматтар, олардың ұлтына, нәсіліне, тіліне және дініне қарамастан, тең құқылы. Президент бұл қағиданың сақталуын қадағалап, кемсітушіліктің кез келген түріне қарсы тұруға шақырады. Президент барлық қазақстандықтарды ұлттық шығу тегіне қарамастан, бір халық, бір елдің азаматтары ретінде қарастырады. Ол ел бірлігін сақтау, қоғамдағы ынтымақтастық пен татулықты нығайту саясатын жүргізеді. Президент Қазақстан халқы Ассамблеясын (ҚХА) елдегі этносаралық қатынастарды нығайтудағы маңызды институт ретінде қолдайды. ҚХА – бұл барлық этникалық топтардың өкілдерінен тұратын консультативтік-кеңесші орган, ол этносаралық қарым-қатынастарды нығайтуға, қоғамдағы татулықты сақтауға бағытталған.

Оңтүстік Қазақстан облысында (қазіргі Түркістан облысы және Шымкент қаласы) ҚХА-ның қызметі өте маңызды, себебі бұл аймақ көпұлтты және көпконфессиялы болып табылады. Оңтүстік Қазақстандағы ҚХА-ның негізгі бағыттары мен қызметі ретінде аймақтағы әртүрлі ұлттар мен этностар арасындағы өзара түсіністік пен сыйластықты нығайту бойынша көптеген жұмыстар атқарылуда. ҚХА мүшелері жергілікті халықпен және этномәдени бірлестіктермен тығыз байланыста жұмыс істейді. Ұлттық мәдениеттерді, тілдерді және дәстүрлерді сақтау және дамыту үшін жағдай жасайды. ҚХА-ның қолдауымен көптеген этномәдени орталықтар жұмыс істейді, олар түрлі мәдени іс-шаралар, фестивальдар және байқаулар ұйымдастырады. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде нығайту және басқа тілдердің дамуына қолдау көрсетеді. Осының негізінде ҚХА жанында тілдерді оқыту орталықтары жұмыс істейді. Аймақтағы әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған жобаларға әрдайым қолдау көрсетіліп тұрады. Жастар арасында патриотизмді, толеранттылықты және халықтар арасындағы достықты насихаттау бағыты

бойынша үздіксіз жұмыстар атқарылып тұрады. Мұқтаж жандарға көмек көрсетіліп және қайырымдылық акцияларын да ұйымдастыру қолға алынған.

Ең маңызды мәселе-зерттеу тақырыбының объектісі ретінде қабылданған «ОҚО әлеуметтік-экономикалық дамуындағы арнайы қонысаударушылар тарихын оқытуда құндылықтарға негізделген білім беру мәселесі» ретінде қарастыру және зерттеу. Арнайы қонысаудару тарихының ғылымындағы теория-әдіснамасына сәйкес құндылықтарды зерттеудің өз орны бар. Тарихи зерттеулердегі маңызды мәселелердің бірі тарихты принципті және жүйелік тұрғыдан зерттеу болды [7, 3 б.].

Орта арнаулы оқу орындарында қазіргі заманғы жастарды тәрбиелеудің маңыздылығы өте зор. Олардың бойында адамгершілік құндылықтарды орнықтыру, ұлттық мақсаттарды дәріптеу, адал және салауатты өмір салтын қолдау, сондай-ақ қазіргі заманның талаптарына сай дағдыларды қалыптастыру қажет. ҚР Оқу-ағарту министрлігі бекіткен Біртұтас тәрбие бағдарламасының негізінде, «ұлттық мүдде, ар-ұят, талап» секілді құндылықтар арқылы тәрбие жұмысын ұйымдастырудың маңыздылығы айқындалған [8, 78 б.].

Нәтижелер мен талқылау. Технологияның қарқынды дамып жатқан ХХІ ғасырда Қазақстанның көпұлтты халқының ынтымақтастығы мен инновацияға ашықтығы оның бәсекеге қабілеттілігінің кепілі болып табылады. Осыған байланысты жастардың заманауи дағдыларын бірге қалыптастыру маңызды. «Ұлттық мүдде», «ар-ұят», «талап» құндылықтары әрбір Қазақстан азаматының бойына табандылық пен мәдениеттілік, үнемшілдік пен адалдық, ерік-жігер сияқты қасиеттерді сіңіріп, талап құндылығы оларды білімге, ғылымға, салауатты өмір салтына және уақытты тиімді пайдалануға баулиды. Демек, талап құндылығы қазіргі BANI (Brittle - сынғыш, Anxious - уайымшыл, Non-linear - сызықты емес, Incomprehensible - түсініксіз) әлеміне қажетті маңызды құзыреттіліктердің қалыптасуына негіз болады [9, 2 б.]. BANI әлемінің сипаттамасы - тұрақсыздық, күтпеген өзгерістер мен күрделілікке толы. Мұндай жағдайда адамдар тез бейімделуге, жаңа ақпаратты қабылдауға және шешім қабылдауға дайын болуы қажет.

ХХІ ғасыр дағдыларын дамытудың арқасында жас ұрпақ өзінің жеке даму жолында жоғары адамгершілікке ие болып, түрлі мәдениеттермен сыйласа отырып, үздіксіз білім алуға дағдыланады, сондай-ақ дұрыс дүниетаным мен құндылықтарға ие болады. Бұл жастардың көшбасшылық қабілеттерін дамытып, жауапкершілігін арттырып, жаңалыққа ашық болуға баулиды. Сонымен қатар, оқушылар шығармашылықпен ойлап, стандартты емес шешімдерді қолданып, қызықты жобалар жүзеге асыруға дайын болады. Қазіргі білім беру үдерісінде білім алушылардың әл-ауқаты, құқықтары, және жеке тұлға ретінде дамуы басты назарда болуы тиіс. ІТ мен биотехнология саласындағы революциялар адамзатты өзгертіп жатқан заманда, әлемнің жетекші мектептері балалардың шығармашылық әлеуетін ашып, цифрлық технологиялар мен жаратылыстану ғылымдарын үйретуге басымдық береді. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың атап өткеніндей, сапалы білім мен тәрбие – Қазақстанның тұрақты дамуының маңызды негізі болып табылады. Бұл тұжырым білім беру мен тәрбие процесінің елдің болашағы үшін аса маңызды екенін көрсетеді. Сапалы білім бәсекеге қабілетті, білікті кадрлар даярлауға мүмкіндік береді. Ал дұрыс тәрбие ұлттық құндылықтарды сақтайтын, елжанды, жауапты азаматтарды қалыптастыруға ықпал етеді. Осылайша, сапалы білім мен тәрбие Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына зор үлес қосады. Сондықтан да, тарих пәні мұғалімдері ретінде біз ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін біліп, оларды өз пәнімізге енгізу арқылы оқушылардың тарихи ойлау қабілеттерін дамытуымыз қажет. Қазіргі заманғы оқушылардың ХХ ғасырдағы оқушылардан айырмашылығы көп. Олардың көзқарастары, жүріс-тұрысы, танымдық қабілеттері мен жалпы дағдыларында өзгешеліктер байқалады. Бұл өзгерістер тек жастардың білімділік деңгейін ғана емес, сондай-ақ жеке тұлға ретінде рухани дамуын да қамтиды.

ХХ ғасырдың 90-жылдарында америкалық зерттеушілер Нейл Хоув (Neil Howe) пен Уильям Штраус (William Strauss) ұрпақтар теориясын (Generational Theory) жасап шығарды. Бұл теория әрбір ұрпақтың өзіндік сипаттамалары бар екенін және олардың өмірлік

тәжірибелері қоғамға әсер ететінін тұжырымдайды. Хоув пен Штраус ұрпақтардың циклдік өзгеретінін және әрбір ұрпақтың алдыңғы ұрпаққа реакциясы болатынын айтады [10, 319 б.]. Олардың теориясы бойынша, әр 15-25 жыл сайын жаңа ұрпақ дүниеге келеді, және олардың құндылықтар жүйесі мен мінез-құлқы алдыңғы ұрпақтан өзгеше болады. Бұл теория бізге оқушылар мен мұғалімдер арасындағы жас айырмашылығынан туындайтын түсініспеушіліктердің себептерін анықтауға көмектеседі және осы арқылы дұрыс қарым-қатынас жасау тәсілдерін табуға жол ашады. 2010 жылдан бергі уақытта дүниеге келгендер Альфа ұрпағы (Generation Alpha) деп аталады. Бұл ұрпақ - технологиялармен туылған балалар, яғни олардың өмірінің басынан бастап цифрлық әлемге енген. Олар смартфондар, планшеттер және басқа да гаджеттерді еркін пайдаланады. Бұл олардың оқу, ойын ойнау, қарым-қатынас жасау тәсілдерін түбегейлі өзгертті. Альфа ұрпағының ерекшеліктері туралы көптеген зерттеулер жүргізілуде, себебі олардың болашақ қоғамға әсері зор болады деп болжануда. Осыған байланысты, оларды отбасы мен мектепте құндылықтар арқылы тәрбиелеу маңызды. Альфа ұрпағын «болашақты жасайтын, адамзатты құтқаратын, данышпан, зерттеуші» деп сипаттайды. Олардың өсуі iPad пен Instagram-ның пайда болуымен қатар жүрді, бұл олардың цифрлық әлемге тәуелділігін арттырды. Сондықтан педагогтер мен ата-аналардың басты міндеті - олардың бойында рухани-адамгершілік қасиеттерді дамыту. «Құндылық» дегеніміз, Уикипедияға сәйкес, қандай да бір заттың маңыздылығы, қажеттілігі, пайдалылығы. Ал оқушылардың бойында қалыптастырылатын «рухани құндылықтар» – адамның моральдық, діни, адамгершілік және этикалық сенімдерінің жиынтығы [11, 174 б.].

Бұл құндылықтарды жас ұрпақтың бойына сіңіру отбасынан басталып, білім беру мекемелерінде күнделікті тәрбиелік жұмыстар арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Абай атамyzдың өсиет еткен «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым» қасиеттері біртұтас тәрбие бағдарламасында баса назарға алынғаны өте орынды. Бұл қасиеттер жеке тұлғаның үйлесімді дамуына, рухани бай болуына және қоғамға пайдалы болуына жол ашады.

Талап: Білімге құштарлық, жаңа нәрсені үйренуге ұмтылу.

Еңбек: Мақсатқа жету үшін тынымсыз жұмыс істеу, тер төгу.

Терең ой: Әрбір мәселенің мәнісіне үңілу, сыни ойлау қабілетін дамыту.

Қанағат: Барға шүкір ету, ысырапшылықтан аулақ болу.

Рақым: Мейірімділік, жанашырлық, басқаларға көмек қолын созу.

Бұл қасиеттерді жас ұрпақтың бойына сіңіру арқылы біз саналы, білімді, еңбекқор, парасатты және мейірімді азаматтарды тәрбиелей аламыз. Бұл - Қазақстанның болашағы үшін аса маңызды. Қазіргі таңда республикалық деңгейде жүргізілген зерттеулерге сәйкес, оқушылардың айтарлықтай бөлігінің кітап оқуға деген қызығушылығы төмендеген. Зерттеу нәтижелері оқушылардың 40,3 пайызының кітап оқымайтындығын көрсетсе, олардың басым көпшілігі, яғни 72,2 пайызы әлеуметтік желілерге тәуелді болып шыққан. Жоғарыда келтірілген мәліметтерге сәйкес, оқушылардың кітап оқудан бас тартуы және әлеуметтік желілерге тәуелділігі олардың білім алу процесі мен дүниетанымдық қалыптасуына теріс әсер етуі ықтимал. Кітап оқу арқылы оқушылардың сөздік қоры, ойлау қабілеті, танымдық дағдылары дамып, әртүрлі тақырыптар бойынша білімдері кеңейеді. Ал әлеуметтік желілердегі ақпараттың шектеулілігі, қысқа әрі жеңіл мазмұны оқушылардың терең талдау жасау, сыни ойлау сияқты қабілеттерін дамытуға кедергі келтіруі мүмкін. Сондай-ақ, әлеуметтік желілердегі виртуалды қарым-қатынас оқушылардың шынайы өмірдегі әлеуметтік дағдыларының дамуына кері әсерін тигізуі ықтимал. Мемлекет тарапынан енгізілген «талап» құндылығы тарих пәнін оқытуда білім алушылардың сыни ойлауын, шығармашылық қабілетін, жаңа мәліметтерге құштарлығын және тарихи ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған. Дегенмен әр пәннің өзіне тән дағдыларымен қатар, ХХІ ғасырдың кең ауқымды дағдылары мен тілдік дағдыларды қалыптастыру да қоғамдық-гуманитарлық пәндерді оқытуда маңызды рөл атқарады. ХХІ ғасырдың басында дүние жүзіндегі адамдардың басым бөлігі оқу, жазу және есептеу дағдыларын меңгергенімен, қазіргі жаһандану заманында бұл дағдылардың жеткіліксіз екендігі анықталды. Қазақстандағы білім беру жүйесінде «4К»

(қарым-қатынас, шығармашылық, сыни ойлау және командалық жұмыс) және «БК» деп аталатын жаңа сауаттылық түрлері кеңінен қолданысқа ене бастады. Тони Вагнердің «Табысқа жетелейтін дағдылар» атты еңбегінде ХХІ ғасырда табысқа жету үшін адамдарға қажетті дағдылар тізімі көрсетілген: сыни ойлау және мәселе шешу қабілеті, бейімделе алу, бастамашылдық және ептілік, тиімді қарым-қатынас, ақпаратты іздестіру және өңдей алу, құштарлық және қиял [12, 5 б.].

Инновациялық және білім алу қабілеттері күн сайын өзгеріп отыратын ғаламда, ХХІ ғасырда білім алып, өмір сүріп, жұмыс істеуге және өз еліне қызмет етуге дайын білім алушыны, бұған дайын емес білім алушыдан ажыратуға мүмкіндік беретін қабілет ретінде қабылдануда. «Бірақ осының тиімді жүзеге асуына қол жеткізіп жатырмыз ба?» деген сауалдың жауабын білім беру саласындағы зерттеулердің нәтижелерінен көре аламыз. Сондықтан да, білім алушыларды әлеуметтік ортаға бейімдеуге және жеке тұлға ретінде қалыптасуына бағыттау, болашақ кәсібін жауапкершілікпен таңдауына дайындау мұғалімдердің басты міндеті болып табылады. Осыған байланысты тарих сабағында оқушыларды функционалдық сауаттылыққа үйрету. Ұлттық бірыңғай тестілеу кезінде контексттік сұрақтарда оқушылардың тек теориялық білімдеріне ғана емес, мәтінмен жұмыс барысында оқу сауаттылығы арқылы дұрыс жауаптарды анықтай алулары маңызды. Сабақ барысында тек әдістер мен тапсырмаларға көңіл бөлумен шектелмей, қоғамдық-гуманитарлық пәндерді оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың тиімді тәсілі ретінде пәндік дағдылармен жұмыс жүргізу де маңызды.

Тарих пәнін концептуалды оқыту дегеніміз – пәндік ұғымдарды түсіндіру және оқушылардың тарих пәнінен алған білімдері мен дағдыларын қолдана білуге үйрету. Концептуалды оқыту (Conceptual Learning) – фактілерді жаттаудың орнына, жалпы идеялар мен принциптерді түсінуге бағытталған оқыту әдісі. Бұл әдіс оқушыларға ақпаратты байланыстыруға, терең түсінуге және алған білімдерін жаңа жағдайларда қолдануға көмектеседі. Концептуалды оқытудың негізгі элементтері:

1. Негізгі концепциялар - Нақты пәннің немесе тақырыптың орталық идеялары;
2. Сауалдарға негізделген оқыту - Оқушылардың өздігінен зерттеуіне және білім алуына бағытталған сұрақтарды қолдану;
3. Байланыстарды орнату - Жаңа ақпаратты бұрыннан бар біліммен байланыстыру;
4. Рефлексия - Оқу процесі туралы ойлану және түсінуді тереңдету;
5. Қолдану - Концепцияларды нақты жағдайларда қолдану және мәселелерді шешу.

One of R. B. Suleimenov's most valuable works, "Lenin's Ideas of the Cultural Revolution and Their Implementation in Kazakhstan: The Historical Experience of the Development of Socialist Culture of Peoples Who Bypassed Capitalism", is also devoted to the study of cultural history. The monograph contributed significantly to examining the processes and laws governing cultural reconstruction in Kazakhstan. As the author himself emphasized, "The book attempts to study the implementation of Soviet cultural renewal measures in the Kazakh SSR, as well as the manifestation of Leninist ideas of non-capitalist development in the spiritual culture of the peoples of Kazakhstan" [10, 1036].

Although the book was written under the pressure of Soviet ideological control, Suleimenov relied on solid factual material, offering a new perspective on the history of education and science, which continues to retain its relevance and scholarly value today.

The 1980s were a period of great change for Ramazan Suleimenov. During these years, he turned his attention to Oriental studies, becoming the Head of the Oriental Studies Department at the Institute of History, Archaeology and Ethnography named after Sh. Sh. Ualikhanov. Under his leadership, the professional and scholarly qualifications of young researchers increased, and academic work in Oriental studies gained new momentum.

As head of the Oriental Studies Department, Suleimenov focused his research on that field and authored a number of works, including:

"International Relations in Central Asia in the 17th-18th Centuries",

"The Qing Empire and the Kazakh Khanates: The Second Half of the 18th – First Third of the 19th Century",

"Ablai Khan: Domestic and Foreign Policy", among others.

His book "Ablai Khan: Domestic and Foreign Policy" was devoted to one of the most significant figures in Kazakh history – Ablai Khan. Despite the Soviet ban on writing about national historical figures, Suleimenov conducted deep research on this topic. He argued that Ablai Khan's contribution to the development of the Kazakh Khanate had been underestimated by Soviet scholars. For example, in V. S. Kuznetsov's 1981 work "Amursana", Ablai Khan was portrayed negatively, as a cunning political figure. In contrast, in their joint monograph "Ablai Khan: Domestic and Foreign Policy", R. B. Suleimenov and V. A. Moiseev presented a balanced analysis of Ablai Khan's leadership principles, internal and external policies, diplomatic relations, and governing philosophy.

Furthermore, Suleimenov's research on Chokan Valikhanov was in high demand among historians. This work brought together a wide range of materials about Valikhanov's life, scientific activities, and legacy, portraying him as a pioneering Orientalist and scholar of Central Asian peoples.

Overall, Academician Suleimenov's books, articles, and research projects profoundly influenced the study of Kazakhstan's cultural history and introduced the achievements of Kazakh historians to the entire Soviet scholarly community.

Today, Suleimenov's works help us better understand the interconnection between Soviet governance, socialism, and communism, and reveal the legal and ideological framework of the socio-economic, political, and cultural transformations of that period. His studies also shed light on the creation of a new social structure in Kazakhstan, based on the nation's traditional way of life and historical experience.

Moreover, his writings describe the implementation of Lenin's national policy, the establishment of friendship among peoples, and interethnic cooperation. Importantly, Suleimenov refuted the previously widespread misconception in Soviet historiography that the October Revolution had immediately transformed social and economic relations in Kazakh villages. He demonstrated that until the mid-1920s, local elites continued to hold power, and the idea of "Sovietizing the aul" only began to take shape by late 1925.

The book "History of the Kazakh SSR" was used as a university textbook throughout the USSR, forming the basis of educational programs in Kazakh history. It also led to the publication of numerous school textbooks, anthologies, and teaching materials. Soon after, under Suleimenov's leadership, a new bilingual edition of "The History of the Kazakh SSR: The Epoch of Socialism" was prepared for publication.

Although party and class control significantly restricted academic freedom, the works of Kazakhstani scholars - particularly those of Ramazan Bimashuly Suleimenov - have retained their scholarly importance. Today, his writings continue to serve as foundational sources for studying pressing issues of Kazakhstan's history and culture.

Unfortunately, many modern works still lack comprehensive factual bases, which makes the earlier Soviet-era studies - despite ideological constraints - stand out for their rigor and depth. Suleimenov's works are characterized by thorough data analysis, precise referencing, and a professional scholarly approach.

After the cultural restructuring, Kazakhstan experienced economic, social, and cultural difficulties during the transition period. In this context, Suleimenov's scholarly contributions became vital for the nation's progress. During his leadership at the Institute of History and Ethnology, he initiated several major projects focused on Kazakhstan's international relations, its role on the global stage, and the rehabilitation of repressed intellectuals - the "white spots" of national history.

The Ideological Constraints and Scholarly Legacy of Ramazan Suleimenov

The "ideological assault" carried out by the Soviet authorities did not allow scholars to conduct comprehensive and independent research. Along with Ramazan Suleimenov, prominent historians such as E.Bekmakhanov, A.Margulan, K.Nurpeisuly, T.Tazhibayev, and T.Yeleuov were among those who could not step beyond the political boundaries imposed by Soviet ideology. However, despite the political pressure from the government, these figures became true representatives of the intellectual and historical conscience of the Kazakh nation.

The achievements of scholars such as A.Nussipbekov, B.Tolepbaev, M.Mukanov, Kh.Argynbaev, M.Kozybaev, K.Nurpeisov, M.Kh. Assylbekov, and O.Smagulov - who worked alongside Suleimenov - were closely connected to the activities of the Sh.Ualikhanov Institute of History and Ethnology.

During the Soviet period, national intellectuals were persecuted and removed from the public sphere. Yermukhan Bekmakhanov's study on the life and activities of Khan Kenesary, as well as historian Mikhail Vyatkin's book *Batyr Syrym*, were banned and destroyed. The study of national historical figures became possible only after Kazakhstan gained independence. In this context, scholars such as K.Nurpeis, Z.Aldamzhar, K.Esmagambetov, and Kh. Abzhanov made significant contributions, applying new methodological approaches to historical research.

Scholarly articles by M. Koigeldiev on the socio-political activities of the Kazakh democratic intelligentsia in 1905-1914, by Kh.Abzhanov and A.Alpeisov on Kazakh intellectuals and culture, K.N. Baltabaeva's short essay on the scientific and public activities of R.Suleimenov, and A.M.Auanasova's works on the national intelligentsia - all enriched the content and academic depth of the dissertation.

There is a pressing need to further popularize and study the life and scholarly heritage of Ramazan Suleimenov and to train a new generation of researchers to continue his intellectual legacy. The numerous profound and well-grounded studies authored by Academician Suleimenov have become part of the golden treasury of Kazakh spiritual and intellectual heritage, maintaining their relevance to this day.

Findings

Ramazan Bimashuly Suleimenov made an outstanding contribution to the study of the history of culture from scientific, political, and social perspectives. Throughout his research career, he produced numerous valuable works, delivered reports at various congresses, and consistently sought to convey the socio-cultural condition of the population. However, as a scholar working within the framework of Soviet political control, his works and theoretical concepts inevitably bore a Marxist orientation.

Suleimenov developed a concept of cultural history based on Lenin's idea of the possibility for "backward nations" to transition to new forms of culture and social structure. His theory of *non-capitalist cultural progress* presented a unique phenomenon in world history, demonstrating the rapid cultural advancement of nations that had not previously experienced modern forms of civilization. Moreover, the scope of research on cultural history expanded, incorporating a wide variety of historical sources. In this respect, the Soviet state's cultural policy – aimed at accelerating social and cultural transformation across many nations – was deeply explored in Suleimenov's works.

The cultural aspects of the non-capitalist development of the peoples of Kazakhstan and other Soviet republics became a central theme in the historiography of Kazakh SSR culture. These issues were directly related to the phenomenon of the cultural revolution and its regional specificities, which were highly relevant during that period.

B.K. Isabek's dissertation on the life and career of Ramazan Bimashuly Suleimenov provides a comprehensive biographical analysis; therefore, this study offers only a brief overview. Having lost his father early in life, Suleimenov faced personal and financial hardship, yet he continued his scholarly pursuits – a testament to his perseverance and resilience.

Suleimenov laid the foundations for Kazakh cultural studies and Oriental studies. His organizational, pedagogical, and academic contributions played a significant role in advancing national science. One of his major accomplishments was his participation as an editorial board member and co-author of the History of the Kazakh SSR in five volumes. This monumental work became the foundation for educational programs on the history of the Kazakh SSR and was highly demanded by society.

The scholar's other works were devoted to the elimination of illiteracy among the population, public education, and issues of cultural transformation. By the 1980s, he had written more than 100 books, articles, and reviews. This figure constitutes about one-third of Ramazan Bimashuly's total scientific legacy. Among them, the monograph "From the History of Kazakhstan in the 18th Century" (1988) holds a special place. This work reveals the dynamics and essence of Ablai Khan's internal and external policies. When the monograph was published, the great Kazakh leader of the 18th century had not yet been integrated into the CPSU's political and ideological narrative. The attitude of the Soviet center toward Ablai Khan fluctuated – sometimes negative, sometimes coldly neutral.

Secondly, the topic and fate of Ablai Khan had last been studied in domestic historiography by Shokan Ualikhanov. On this matter, Ramazan Bimashuly himself wrote: "Aside from Sh. Ualikhanov's brief essay 'Ablai,' published in the early 1960s, until now there has not been a single scientific work devoted to Ablai Khan that analyzes his internal and external policy." Thus, R.B. Suleimenov was the first to correct the distortions surrounding Ablai Khan's role in Kazakh history.

In addition, the first attempts to reveal the truth about the party-state policy in forming the Soviet intelligentsia, the place and role of the creative intelligentsia in the socio-political history of the republic, their participation in such significant early 20th-century organizations as the Alash and Ush Zhuz parties, and in Islamic (Muslim) and *ulema* (scholars) unions – as well as the unjust repression of the intelligentsia who made an enormous contribution to the development of Kazakh culture – were initiated under the leadership of Ramazan Suleimenov.

Ramazan Bimashuly thoroughly analyzed the Soviet policy on cultural reconstruction among the population. He evaluated the results achieved during the first, second, and third Five-Year Plans, presenting his findings with substantial statistical data. Among his notable works are "Lenin's Ideas on the Cultural Revolution and Their Implementation in Kazakhstan" and the collective monograph "Essays on the History of Socialist Construction in Kazakhstan (1933-1940)."

His writings on universal primary education, secondary and specialized education, and higher education allowed for a deeper understanding of the history of schooling. The specific statistical indicators and comparative figures he presented provided a solid basis for evaluating the implementation and outcomes of cultural reconstruction policies during that period.

In his candidate dissertation, as well as in works devoted to the elimination of illiteracy, Ramazan Bimashuly conducted a detailed analysis of the measures taken by the government to raise the educational level of the population during the first and second Five-Year Plans. He examined the achievements and results, the documentary evidence, the challenges encountered in achieving set goals, and ways to overcome them. These studies made a significant contribution to the development of scholarship and historiography on the topic. His works occupy a notable place in the historiography of literacy campaigns in Kazakhstan and have served as a foundation for many historians, researchers, and cultural scholars. The factual and statistical material presented by Ramazan Bimashuly remains an invaluable source.

In R.B. Suleimenov's studies, the history of education in Kazakhstan was analyzed in inseparable connection with social, economic, and political transformations. The empirical base of his research was particularly rich. His analysis of historical experience and lessons generally leads to truth, although in certain issues his conclusions bear traces of political and ideological influence – which only reaffirms the notion that every scholar is a child of his time.

Conclusion.

It should be noted that all of Suleimenov Ramazan's works were written in Russian. Among his enduringly relevant works, those dedicated to prominent figures such as Ablai Khan, S. Asfendiyarov, and K. Satpayev deserve particular attention. Translating these studies into Kazakh and publishing them as a collected volume would be a highly valuable contribution, as passing on authentic historical information about such figures to future generations is of great importance.

The oppressive policies of the former Soviet regime once prevented the recognition of great national personalities. After gaining independence, the names of Kazakhstan's intellectual elite were revived – among them, Ramazan Bimashuly Suleimenov. His intellectual breadth, analytical depth, responsibility, and erudition fully characterize this remarkable figure. Today, despite the passage of time and changes in society, his extensive scholarly heritage and original works have not lost their significance. On the contrary, they have become an integral part of our historical and spiritual wealth – a timeless and invaluable legacy.

References:

1. *Ramazan Bimashovich Suleimenov: Materials for the Bio-Bibliography of Scholars of Kazakhstan.* Almaty: Gylym, 1991. 75 p.
2. Abzhanov Kh. *A Devotee of Science: On the 75th Anniversary of the Birth of Ramazan Suleimenov.* *Mysl'*, 2006, No. 2, pp. 65-70.
3. Abzhanov Kh., Isabek B. *Academician Ramazan Süleimenov.* Almaty, 2007. 252 p.
4. Abzhanov Kh. *Academician R. B. Suleimenov – Historian of Culture, Orientalist, Organizer of Science.* Chokan Valikhanov Institute of History and Ethnology. Available at: iie.kz/?p=794 (accessed 25.11.2024).
5. Abubakirov S. "He Was a Great Scholar and a Noble Person." *Oñtüstik Qazaqstan newspaper.* Shymkent, 21 April 1992.
6. Isabek B. *Dissertation: "Academician R. B. Süleimenov: His Contribution to the Study of the History of Kazakhstan and His Scientific Organizational Activity."* Almaty, 1999.
7. Bisenov Kh. I. *Towards the Heights of Culture.* *Kazakhstanskaya Pravda, Alma-Ata*, 12 June 1973, No. 28, pp. 6-7.
8. Baltabaeva K.N. "The 60th Anniversary of Academician R. Suleimenov." *Vestnik*, 1992, No. 2, pp. 91-92.
9. Myrzabayeva B. "R.B. Süleimenov – Cultural Scholar." *Jaiyq Uni newspaper*, May 2015. - 15 p.

10. Suleimenov R. B. The Socialist Path of Cultural Progress of Backward Peoples. In: History of the Construction of Soviet Culture in Kazakhstan, 1917-1965. Alma-Ata, 1967. 1-8 б.
11. Central State Archive of Kazakhstan (CSA RK), Fund 81, Inventory 3, File 837, Sheet 82.
12. Geology, Mining, Metallurgy. Moscow: Metallurgizdat, 1954, pp. 13-6.
13. Archive of the President of Kazakhstan (AP RK), Fund 141, Inventory 7, File 5857, Sheets 70-78.
14. CSA RK, Fund 1137, Inventory 3, File 743, Sheet 45.
15. Kazakhstan over 40 Years. Statistical Collection. Alma-Ata, 1940, p. 460.
16. Kazakhstanskaya Pravda, 28 September 1935.
17. Akhundov M. D., Bazhenov L. B. At the Origins of Ideologized Science. Priroda, 1989, Issue 2, pp. 90-99.
18. "Let Us Cleanse Russia for a Long Time": On the History of the Expulsion of the Intelligentsia in 1922. Otechestvennye Arkhivy, No. 1, 2003.
19. Suleimenov R. B. From the History of the Development of Science in Kazakhstan (1933-1940). Proceedings of the Institute of History, Archaeology and Ethnography of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, 1961, Vol. 10.
20. Nurmukhamedov S. B., Savosko V. K., Suleimenov R. B. Essays on the History of Socialist Construction in Kazakhstan (1933-1940). Alma-Ata, 1966.
21. History of Kazakhstan (from Ancient Times to the Present). In 5 volumes. Vol. 4. Almaty: Atamura, 2010. 751 p.
22. Academician R. B. Süleimenov: His Fate and Legacy. Available at: shygystanu.kz/rus/wp-content/uploads/2021/12 (accessed 12.10.2021).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Рамазан Бимашевич Сулейменов: материалы к биобиблиографии ученых Казахстана. - Алматы: Ғылым, 1991. - 75 с.
2. Абжанов Х. Подвижник науки: к 75-летию со дня рождения Рамазана Сулейменова / Х.Абжанов // Мысль. - 2006. №2. - С. 65-70
3. Әбжанов Х., Исабек Б. Академик Рамазан Сүлейменов. Алматы. 2007. - 252 б.
4. Абжанов Х. Академик Р.Б. Сулейменов–историк культуры, востоковед, организатор науки // Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова // <https://iie.kz/?p=794> (қаралған күні 25.11.2024)
5. Әбубәкіров С. «Ғұлама ғалым, жайсаң азамат еді» // Оңтүстік Қазақстан. - Шымкент, 21 сәуір, 1992. - бб.
6. Исабек Б. диссертация «Академик Р.Б. Сүлейменов: Қазақстан тарихын зерттеудегі үлесі және ғылыми ұйымдастырушылық қызметі» Алматы, 1999.
7. Бисенов Х.И. К высотам культуры // Казахстанская правда, Алма-Ата қаласы, 12 июня 1973. №28, - 6-7 сс.
8. Балтабаева К.Н. «60-летие Академика Р.Сулейменова» Вестник 1992,№2 91-92 б.
9. Мырзабаева Б., «Р. Б. Сүлейменов - мәдениеттанушы - ғалым», Жайық үні газеті, 2015 ж., мамыр. 15 б.
10. Сулейменов Р.Б. Социалистический путь культурного прогресса отсталых народов // История строительства советской культуры Казахстана, 1917-1965. – Алма-Ата, 1967 – 1-8 б.
11. ҚР ОМА , қ. 81, оп.3, іс. 837, л. 82;
12. Геология, горное дело, металлургия». М., Металлург-издат, 1954, 13-6.
13. ҚРПА, Ф. 141, ОП. 7, ед.хр. 5857, ЛЛ. 70-78
14. ҚР ОМА, қ. 1137, оп.3, іс. 743, л. 45
15. Казахстан за 40 лет». Стат. сб. Алма-Ата, 1940, стр. 460
16. «Казахстанская правда», 1935, 28 сентября

17. Ахундов М.Д., Баженов Л.Б. У истоков идеологизированной науки // Природа: журнал. – 1989. – Вып. 2. – С. 90-99
18. «Очистим Россию надолго». К истории высылки интеллигенции в 1922 г. // Отечественные архивы. – №1. – 2003
19. Сулейменов Р.Б. Из истории развития науки в Казахстане (1933-1940 гг.) // Труды ИИАиЭ АН КазССР, 1961. - Т. 10.
20. Нурмухамедов С.Б., Савосько В.К., Сулейменов Р.Б. Очерки истории социалистического строительства в Казахстане (1933-1940 гг.) – Алма-Ата, 1966
21. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). 5 томдық. - 4 том. - Алматы: Атамұра, 2010. - 751 б.
22. Академик Р.Б. Сүлейменов: тағдыры мен мұрасы // <https://shygystanu.kz/rus/wp-content/uploads/2021/12> (қаралған күні 12.10.2021)

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 02.04.03

ӘӨЖ /УДК/ UDC 93(5)

6017.2025.87.4.026

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2025.87.4.026>

Өскембай Ә.А.¹, Шуршитбай Б.²

¹С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан, Өскемен қаласы
E-mail: azaera@mail.ru

²С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан, Өскемен қаласы
E-mail: ms.beybitgul@mail.ru

С.АМАНЖОЛОВТЫҢ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫНА АРНАЛҒАН ЕҢБЕКТЕРІ

Андатпа

Мақалада С.Аманжоловтың түркі халықтарының шығу тарихына арналған еңбектеріне талдау жасалады. С.Аманжоловтың түркі тайпаларының пайда болу, даму тарихына арналған салмақты ойларына баға беріледі. Сонымен қатар, ғалымның қазақ халқының этногенезіне арнаған еңбектеріне зерттеу жасалған. С. Аманжоловтың өзіне дейін түркі халықтарының тарихын зерттеген ғалымдардың еңбектеріне талдау жасаған объективті ойлары мақалада жан-жақты жазылған. Сонымен қатар, С.Аманжоловтың Ұлы Отан соғысы кезінде саяси жетекші болып жұмыс істеп, түркі тілдес халықтардан келген әскерлерге аударма мәселесімен көмектескені жазылған. С.Аманжолов мұрасының айтарлықтай бір бөлігі тіл саласымен қатар қазақ халқының этногенезінің өзекті мәселелеріне арналған. Зерттеу кезінде ғалым тарихи деректерді, өзіне дейін зерттеген ғалымдар еңбегімен, халықтың ауызекі тарихнамасымен, шежіре мәліметтермен салыстыра, ыңғайластыра зерттеп жазғаны туралы мәліметтер келтірілген. Мақалада ғалымның қазақ халқының, оны құрайтын үш жүздің рулық-тайпалық құрылымын зерттеп, оларға тән ортақ белгілер мен жекеленген Қазақ халқының этникалық және ру-тайпалық құрамын зерттеуі жан-жақты баяндалады. Сонымен қатар, Қазақ халқының ежелгі ең ірі тайпалық құрамы үйсіндер, дулаттар, алшындар, керейлер, наймандар, арғындар, меркіттер, қоңыраттар, жалайырлар және қыпшақтардың этникалық құрамына талдау жасалады. С.Аманжоловтың кейбір ежелгі тайпалардың тілін зерттей отырып, Қазақтың үш жүзінің құрылуы және тайпалық одақтардың пайда болуы туралы зерттеулеріне салмақты баға берілген. Мақалада ғалымның IV-VIII ғасырларда Орхон-Енисей нұсқаларындағы көне жазуды зерттей келіп, бұл жазулардың біразы дулаттардікі болуы мүмкін деген пікіріне тарихи талдау жасалған. Сонымен қатар, С.Аманжоловтың қаңлы, қыпшақ, қоңырат, алшын, найман,

ошақты, шеркеш, есентемір, жүй, жағалбайлы, мансыз, бағаналы, бекболат, шапрашты, сіргелі, шөмекей, жалайыр, таракты, саржомарт, шанышқылы, дулат, арғын, балталы, қаракерей, уақ, сарыүйсін, адай, матай, қаракесек, керейлерді зерттеген еңбектері талданған. Мақалада ғалымның қазақтың ру-таңбаларын зерттеуі, оның тіл мен тарихқа байланыстылығын шебер үйлестіре көрсетуі бағаланып көрсетілген. Сонымен қатар, ғалымның «Қазақ халқы мен тілінің пайда болуы», «Жазу және тамға», «Өтеген столбасы», «Қазақстандағы Ғағауыздар», «Ежелгі түрік жазуының ескерткіштері және оның қазіргі түрік тіліне қатынасы» еңбектеріне талдау жасалынып, алғаш рет ғылыми айналымға енгізіліп отыр.

Түйін сөздер: этногенез, диалектология, антропология, ру, тайпа, жүз, таңба, шежіре, тамға, палеонтология, фратрия, тұқым, жанұя, ұрпақ.

Өскембай Ә.А.¹, Шуршитбай Б.²

¹*Ассоциированный профессор Восточно-Казахстанского университета имени С.Аманжолова, кандидат исторических наук. Казахстан, г. Усть-Каменогорск. E-mail: azaera@mail.ru*

²*Ассоциированный профессор Восточно-Казахстанского университета имени С.Аманжолова, кандидат исторических наук. Казахстан, г. Усть-Каменогорск. E-mail: ms.beybitgul@mail.ru*

РАБОТЫ С. АМАНЖОЛОВА, ПОСВЯЩЕННЫЕ ИСТОРИИ ПРОИСХОЖДЕНИЯ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ

Аннотация

В статье будет проведен анализ работ С.Аманжолова, посвященных истории происхождения тюркских народов. Дана оценка весомым мыслям С.Аманжолова, посвященным истории возникновения, развития тюркских племен. Кроме того, было проведено исследование работ ученого, посвященных этногенезу казахского народа. Объективные мысли С.Аманжолова, проанализировавшего до него труды ученых, изучавших историю тюркских народов, подробно изложены в статье. Также отмечается, что С.Аманжолов во время Великой Отечественной войны работал политическим руководителем, помогал войскам из тюркоязычных народов с вопросами перевода. Значительная часть наследия С.Аманжолова, наряду с языковой сферой, посвящена актуальным вопросам этногенеза казахского народа. В исследовании приводились сведения о том, что ученый исследовал исторические данные в сопоставлении с трудами ученых, изучавших до него, устной историографией населения, генеалогическими данными. В статье подробно излагается изучение ученым племенной структуры казахского народа, трех составляющих его жузов, изучение общих черт и этнического и племенного состава отдельного казахского народа. Кроме того, будет проведен анализ этнического состава уйсынов, Дулатов, алшынов, кереев, найманов, аргынов, меркитов, коныратов, джалаиров и кыпчаков, древнейшего племенного состава казахского народа. Дается весомая оценка исследованиям С.Аманжолова об образовании трех сотен казахов и образовании племенных союзов с изучением языка некоторых древних племен. В статье сделан исторический анализ мнения ученого о том, что некоторые из этих надписей могли быть дулатскими, исследуя древнюю письменность в орхоно-Енсейском варианте в IV-VIII веках. Кроме того, С.Аманжолова канлы, кыпчак, конырат, алшын, найман, ошақты, шеркеш, есентемір, жүй, жагабайлы, мансыз, бағаналы, бекболат, шапрашты, сырғелы, шөмекей, жалайыр, таракты, саржомарт, шанышқылы, дулат, арғын, балталы, қаракерей, уақ, сарыуысын, адай, матай, қаракесек, керейлер анализируются изученные труды. В статье оценивалось изучение казахскими символами, умелое сочетание их принадлежности к языку и истории. Кроме того, проведен анализ работ ученого «происхождение казахского народа и языка», «письменность и тамга», «Столб Отеген»,

«Гагаузы в Казахстане», «памятники древнетюркской письменности и ее отношение к современному турецкому языку», которые впервые введены в научный оборот.

Ключевые слова: этногенез, диалектология, антропология, род, племя, жуз, символ, генеалогия, тамга, палеонтология, фратрия, семья, потомство.

Oskembay A.A.¹, Shurshitbay B.²

¹ Associate professor of Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Candidate of Historical Sciences Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan. E-mail: azaera@mail.ru

² Associate professor of Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Candidate of Historical Sciences Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan. E-mail: ms.beybitgul@mail.ru

S.AMANZHOLOV'S WORKS ON THE HISTORY OF THE ORIGIN OF THE TURKIC PEOPLES

Annotation

The article analyzes the works of S. Amanzholov on the history of the origin of the Turkic peoples. S.Amanzholov's serious thoughts on the history of the emergence and development of Turkic tribes are evaluated. In addition, a study of the scientist's works dedicated to the ethnogenesis of the Kazakh people was conducted. The objective thoughts of S. Amanzholov, who analyzed the works of scientists who studied the history of the Turkic peoples before him, are detailed in the article. In addition, it is noted that S. Amanzholov worked as a political leader during the Great Patriotic War and helped the troops from the Turkic-speaking peoples with translation issues. A significant part of the heritage of S. Amanzholov is devoted to topical issues of ethnogenesis of the Kazakh people, as well as the language sphere. During the study, information is given that the scientist studied historical data, compared it with the work of scientists who studied it before him, oral historiography of the people, genealogical data. The article describes in detail the study of the tribal structure of the Kazakh people, its constituent three zhuzs, their characteristic common features and the study of the ethnic and tribal composition of the individual Kazakh people. In addition, the analysis of the ethnic composition of the most ancient tribal composition of the Kazakh people is carried out: uysyns, dulats, alchyns, kereys, naimans, argyns, merkits, konyrats, jalayirs and kipchaks. S. Amanzholov's research on the formation of the three zhuzs of Kazakhs and the emergence of tribal unions, studying the language of some ancient tribes, is given a weighty assessment. The article provides a historical analysis of the scientist's opinion that in the IV-VIII centuries, having studied ancient writing in the Orkhon-Yenisei versions, some of these inscriptions may belong to dulats.

In addition, C.The works of amanzholov, who studied kanly, kipchak, konyrat, alshyn, naiman, oshakty, sherkesh, esentemir, zhyi, zhagalbaily, mansuz, bagaly, bekbolat, shaprashty, sirgeli, shomekey, zhalair, tarakty, sarjomart, shanyshkyly, dulat, argyn, baltaly, karakerey, uak, saryuysin, adai, matai, karakesek, kereyler were analyzed. The article evaluated the scientist's study of the Kazakh language and symbols, skillfully combining their connection with the language and history. In addition, the scientist's works "the origin of the Kazakh people and language", "writing and Tamga", "Otegen stolbasy", "Gagayuzdar in Kazakhstan", "monuments of ancient Turkish writing and its relationship to modern Turkish" were analyzed and put into scientific circulation for the first time.

Keywords: ethnogenesis, dialectology, anthropology, tribe, zhuz, symbol, genealogy, tamga, paleontology, fratriy, genus, family, generation.

Кіріспе

Еліміз егемендік алғаннан кейін әлемнің көптеген мемлекеттерімен саяси, экономикалық, мәдени және ғылыми бағыттарда жан-жақты байланыстар орнатылып, Қазақстанның тәуелсіздігі халықаралық деңгейде мойындалды. Мемлекеттің ішкі және сыртқы саяси бағыты

айқындалып, ұлттық құндылықтар мен тарихи мұраларды жаңғыртуға кең мүмкіндіктер ашылды. Туысқан, түбі бір халықтардың арасындағы қарым-қатынасқа да жаңа серпін беріліп, олардың рухани жақындасуына қолайлы жағдайлар қалыптасты.

Әсіресе түркі тілдес халықтардың арасындағы мәдени, ғылыми және рухани байланыстар нығая түсті. Тіл, тарих, әдебиет және өнер салаларындағы ынтымақтастық түркі халықтарының ортақ тамырларын, тарихи сабақтастығын, мәдени мұраларының ұқсастықтарын қайта жаңғыртуға мүмкіндік берді. Түркі дүниесінің ортақ мүддесіне қызмет ететін халықаралық ұйымдар құрылып, түркітану ғылымы жаңа деңгейге көтерілді.

Бұрынғы түрлі тарихи оқиғалар мен саяси жағдайлар түбі бір түркі халықтарының арасын алшақтатып, олардың тұрмыс-тіршілігі мен әдет-ғұрпына, тілі мен мәдениетіне әрқилы ықпал еткені белгілі. Дегенмен, егемендік жылдары бұл байланыстар қайта жанданып, тарихи тамырластық пен рухани туыстық жаңа мазмұнмен толықты.

Қазіргі таңда түркі халықтарының шығу тегі, этногенезі, тілі мен мәдениеті кең көлемде зерттеліп келеді. Бұл бағытта отандық ғалымдардың да еңбегі зор. Солардың ішінде қазақ тіл білімін қазақ халқының этникалық тарихымен тығыз байланыста қарастырған көрнекті ғалым – Сәрсен Аманжолов. Ол түркі халықтарының тарихи тамыры мен қазақ халқының қалыптасу процесін терең зерделеп, тіл мен тарихтың өзара байланысын ғылыми тұрғыдан дәлелдеген.

С.Аманжоловтың еңбектері тек тіл саласында ғана емес, сонымен бірге қазақ халқының этногенезі, ру-тайпалық құрылымы, көне түркі жазба мұралары мен олардың қазіргі түркі тілдеріне қатысы мәселелерін қамтиды. Ғалымның бұл бағыттағы зерттеулері түркі халықтарының ортақ тарихын тануда ерекше маңызға ие болып, түркітану ғылымының дамуына зор үлес қосты.

Материалдар

С.Аманжолов түркі халықтарының шығу тарихын зерттеуде нақты ғылыми деректерге сүйеніп жаза білді. С.Аманжолов Т.Бектасов пен Н.Наушабаевтың келтірген дәлелдерінің бір-біріне қарама-қайшылығын салыстыра отырып, зерттей білді. Ол Әбілғазы Бахадурдың түріктердің шығуы туралы деректерін мұрағаттардан тауып оқып, оған ұтымды талдау жасады. Бірақ қорытындыны аңызға емес қытай деректеріне сүйеніп жазылған тарихтан алып көрсеткен ғалым, үйсіндердің ежелде 120 000 киіз үйден тұрғанын, 630 000 жан болып, әскер саны 188 80 адам болғанын келтіреді [1].

Әдістер

Мақалада қойылған мәселелерді ғылыми тұрғыдан ашып көрсету үшін Тарихи-салыстырмалы әдіс. С.Аманжоловтың еңбектерін талдау барысында ғалымның тарихи деректерді, бұрынғы зерттеушілердің еңбектерін және халық ауыз әдебиетін салыстыра отырып пайдаланғаны көрсетілген. Түркі тайпаларының шығу тегі мен даму жолын салыстыра зерттеу арқылы этногенез мәселесін ашуға ұмтылған. Талдау (анализ) әдісі. С.Аманжоловтың еңбектері жеке-жеке қарастырылып, олардың мазмұнына, ғылыми жаңалығына, тарихи маңызына талдау жасалған. Түркі және қазақ ру-тайпаларының этникалық құрамына жасалған зерттеулер талданып, жүйеленген. Жүйелеу және жинақтау (синтез) әдісі. Ғалымның түрлі бағыттағы (тілтану, этнология, тарих) зерттеулері біртұтас түрде қарастырылып, оның жалпы ғылыми көзқарасы жинақталған. Әр түрлі еңбектердегі ортақ идеялар мен тұжырымдар біріктірілген. Деректік талдау әдісі. Тарихи жазбалар, Орхон-Енисей ескерткіштері, шежіре материалдары, ру таңбалары сияқты нақты деректер негізінде зерттеу жүргізілген. Мақалада С.Аманжоловтың осы деректерге сүйене отырып жасаған қорытындылары талданған. Салыстырмалы-тарихи-лингвистикалық әдіс. Түркі тілдерінің тарихи дамуын, көне жазбалардың қазіргі түркі тілдеріне қатысын анықтау үшін қолданылған. Орхон-Енисей жазулары мен қазақ тілі арасындағы байланыс салыстырылған. Бағалау және сипаттау әдісі. Ғалымның еңбектеріне ғылыми және тарихи тұрғыдан баға берілген. Оның түркітану мен этногенез саласына қосқан үлесі сипатталған.

Талқылау.

Қыпшақтар, қырғыздар, қаңлылармен қатар бұдан үйсіндердің де түрік тайпаларының ішінен шыққан ірі тайпалар қатарына жатқызуға болатынын дәлелдеді. Б.э.д. IV-II ғасырда олар қаңлылар мен қыпшақтармен бірге белгілі болып, олармен қытайлар санасып отырған. Б.э. I ғасырда олар ғұндармен соғысып, ғұндар оларды жеңеді. Соған қарамастан үйсіндер сол кездің өзінде 120 000 жанұяны құрап, өздерінің этникалық құрамын сақтап қалған. Сонымен қатар, ғалым Дулаттар, Арғындар, Алшындар, Жалайырлар, Керейлер, Наймандар мен Қарақытайлар, Қоңыраттар, Меркіттер, Қаңлылар туралы деректерді Рашид-Эд-Дин, Бартольд, Радлов, Әбілғазы, Грум-Гржимайло, Халитов, Поливанов, Руденко, Жданко, Наушабаев, Левшин, Гродеков, Аристов, Васильев, Харузин еңбектеріне сүйеніп, оларды бір-бірімен салыстыра отырып зерттеп, қорытынды ойды өз еңбектерінде ұтымды дәлелдеп көрсеткен [2].

С.Аманжолов қазақ тарихын зерттеуде тау-тастарға жазылған көне жазуларға сүйеніп, нақты дәлелдер іздеген. С.Аманжоловтың «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» атты еңбегі қазақ диалектологиясы мен қазақ халқының шығу тарихына және қазақ тілінің тарихына арналған. Бұл саланы ғалым 15 жыл бойы зерттеп, үлкен еңбек қалдырды. Өзінің ғылым жолындағы еңбектеріндегі ең күрделі зерттеуі осы «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» атты еңбегі болды. Мұнда ғалым қазақ тілін тарихын, диалектологиясын ғана зерттеп қоймай, қазақ халқының шығу тегін, ру, тайпалардың құрылу тарихын, ертедегі таңбалардың тарихын, заттық мұралардың тіл тарихына байланысты заңдылықтарын ашып көрсетті. Сонымен қатар, ғалым қазақ тіліндегі әртүрлі диалектика ерекшеліктеріне тоқталып, олардың тарихи-қоғамдық себептерін ашып дәлелдеді. С.Аманжолов бұл еңбегін жазғанда еңбекті тек қана Қазақстан көлемінде ғана емес, одақтық ғалымдардың арасында үлкен талқыға түсті.

Еңбекті қуаттаған адамдардан гөрі қарсы шығушылардың саны көп болды. Сонда ғалым, олардың сұрақтарына дәлелді ойларымен ашық түрде жауап беріп, өз еңбегінің құндылығын сақтап қалуға тырысты. Төңкеріске дейін бұл мәселе жетік қарастырылмаған еді. Сол кезде осы саланы зерттеу мәселесі артта қалып келді. Өз еңбегіндегі диалектология мәселесін ғалым этногенезбен, яғни ру-тайпа, халық тарихымен байланыстыра қарастырған. Оны жазбастан бұрын ғалым алдына бірнеше мәселе қойды. Олардың қатарында: қазақ этногенезі, қазақтың басты тайпа және тайпалық одақтары және ежелгі қазақтарда қолданылаған диалектілер туралы материалдар жинау болды. Осыны басшылыққа ала отырып, қазақтың алғашқы қолданған тілімен қатар олардың шығу тарихына талдау жасады. Бұл мәселені зерттеу үшін ғылыми-зерттеу экспедицияларын ұйымдастырды. Сонымен қатар, халықтың бай ауыз әдебиетіндегі деректерге сүйене отырып, көптеген дәлеледеулер келтірді. Негізінде қазақта кездесетін басты үш диалектіні табады. Олар: солтүстік-шығыс, оңтүстік және батыс болып бөлініп талданған. Осылардың ішіндегі қазіргі қазақ әдеби тілінің негізі болып солтүстік-шығыс диалектикасы болып табылады. Бұл зертеулерде қиындық туғызатын мәселелерді ғалым төмендегідей топтарға бөледі:

1. Қазақ этногенезіне байланысты сұрақтар жеткілікті зерттелмеген.

2. Қазақ халқының және соның құрамына кіретін тайпаларға байланысты ежелгі жазба ескерткіштердің көптеп сақталмауы.

3. Бұл мәселені зерттеуге біржақты көзқараспен шектелген кейбір шығыстанушылардың қарсы шығуы және Н.Я.Маррдың палеонтологиялық әдісі.

Ғалым осы үш бағытты басшылыққа ала отырып, зерттеуді мына мәселелерге бөліп, толық қарастырып шығады:

1. Қазақ халқының этникалық және ру-тайпалық құрамына тоқталу;

2. Қазақ халқының ежелгі ең ірі тайпалық құрамы (үйсіндер, дулаттар, алшындар, керейлер, наймандар, арғындар, меркіттер, қоңыраттар, жалайырлар және қыпшақтар) этникалық құрамына тоқталу;

3. Кейбір ежелгі тайпалардың тілін зерттеу;

4. Қазақтың үш жүзінің құрылуы және тайпалық одақтардың пайда болуын зерттеу;
5. Қазақ тілі мен ұлт тарихының шығу тарихын тереңнен зерттеу.

Бұдан шығатын қорытынды, ғалымның қазақ халқының ежелгі тарихын зерттеудегі шебер үйлестірушілік, нағыз тарихи талдаулық, салыстырмалық әдістерді жетік меңгергенін байқаймыз. Белгілі бір қазақ халқының тайпалық одағын зерттегенде зерттеуші әр рудың және тайпаның этногенезін жеке-жеке қарастыруы қажет. Бұл мәселені қарастырмай тарихшы белгілі бір халықтың шыққан тегін зерттей алмайды. Кезінде ғалым бұл мәселеге ерекше көңіл бөліп, ұлт тарихын тереңнен жеке-жеке талдап қарастырған[3].

IV-VIII ғасырларда Орхон-Енисей нұсқаларындағы көне жазуды зерттей келіп, бұл жазулардың біразы дулаттардікі болуы мүмкін деген пікір айтып, оны сол жазба деректер арқылы дәлелдейді. Ғалым үлкен зерттеу еңбегі үстінде жүріп, Күрті өзені бойындағы тастарға қашалған ескі жазуларды ерінбей зерттеді. Қорытындылай келе «Өтеген діңгегіндегі ескі таңбалар» атты мақала жариялады [4].

С.Аманжолов мұрасының айтарлықтай бөлігі тіл саласымен қатар қазақ халқының этногенезінің (шығу тегін) өзекті мәселелеріне арналған. Зерттеу кезінде ғалым тарихи деректерді, өзіне дейін зерттеген ғалымдар еңбегімен, халықтың ауызекі тарихнамасымен, шежіре мәліметтермен салыстыра, ыңғайластыра зерттеп жазған. Халықтың, оны құрайтын үш жүздің рулық-тайпалық құрылымын зерттеп, оларға тән ортақ белгілер мен жекеленген ерекшеліктеріне дұрыс баға бере білді. С.Аманжолов өз ескертулерінде «туыстық» деген сөздің «Тұқым» (жанұя, ұрпақ) немесе ата (әке – патриарх, ру басы), ал «фратрия» сөзі ру сөзімен байланысты, «тайпа» - ел деген сөзбен байланысты екенін жазған.

Қазақта әр 30-ға толған адам өзінің шежіресін жақсы білсе, ру басы, ақсақалдар бүкіл тайпа шежіресін жақсы меңгере білген. Кеңес дәуірі кезінде өз шежіресін оқып үйрену ескілік рушылдықтың қалдығы деп есептелген. Ал, біз қазіргі кезде бұл мәселені керісінше ұлттық ой-санамыздың сауығуы, тарихымыздың тағылымы бабалар рухын көтеріп жалғастыру деп түсінуіміз керек. Өйткені, өзіміздің шығу тегіміз бен нәсілімізді, руымыз бен тарихымызды танып, тарататын қазақ шежіресін білуді әрбір саналы азамат өзінің ұлттық намысы, перзенттік парызы деп санағаны жөн. Түріктер айтқандай, қазақ болып туғанымызға бізде мақтануымыз керек.

Қазақ халқы екі жүзден аса рудан құралған. Сол рулардың әрқайсысының өз шежірелері бар.

Өркениетті елдерде әр халықтың шежіресі ерте заманнан зерттелген. Соның нәтижесінде ежелгі грек-рим, парсы-араб, қытай-монғол, түрік-қазақ, кейінгі үйсін-дулат, қыпшақ-арғын, сиқым-жаныс тағы басқалардың жеке-жеке ру-тайпа шежірелері жасалған. С.Аманжолов біздің тарихшыларымыз бен этнографтарымыздың бұл мәселелерді тереңірек зерттемегеніне өз кезінде қатты өкінген.

С. Аманжолов тіл тарихын қазақтың халық болып қалыптасуы тарихымен сәйкестендіріп зерттейді. Өзінің «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» еңбегінде қазақтардың этникалық құрамы, қазақ тайпалық одақтары туралы кеңірек жазған. Ең алғаш «қыпшақ» сөзіне түсініктеме жазып, оның бір тайпа атынан шыққанын және түрік қағанаты құрылғанға дейін нығайып, мұндағы тайпалардың «түрік-қыпшақтар» деп аталғанын дәлелдеді. Ғалымның зерттеулерін Рашид-Эддин, Абылғазы деректерімен салыстырсақ, ұқсас қорытындыларды көреміз. Қазақтар арасында Орта Ордадағы қыпшақ тайпалары XIX – ғасырда 13 500 жанұя, жалпы Орта Азияда 30 000 жанұя болған. Ал арғындар 68 мың жанұя, наймандар – 60 000 жанұя, керейлер 13 000 жанұя (мұнда Батыс Қытай мен Моңғолиядағы көптеген керейлер мен абақ-керейлер есептелмеді) болды [5].

Сонымен қатар ғалым қаңлылар, меркіттер, қидандар, туралы Аристовтың еңбектеріне сүйеніп, зерттеп дәлелді талдау жасады. С.Аманжоловтың айтуынша, қазақ халқы көптеген негізгі тайпалардан құрылған. Олардың қатарында: қаңлы, қыпшақ, қоңырат, алшын, найман, ошақты, шеркеш, есентемір, жүй, жағалбайлы, мансыз, бағаналы, бекболат, шапрашты, сіргелі, шөмекей, жалайыр, тарақты, саржомарт, шанышқылы, дулат, арғын, балталы, қаракерей, уақ, сарыүйсін, адай, матай, қаракесек, керей.

С.Аманжоловтың рулық таңбалар негізінде жасалған сүйенсек, күрделі тарихи даму барысында көшпелі қазақ рулары тайпалық одақтағы орындарын ауыстырып отыруға мәжбүр болған. Осы жағдайға байланысты ру-тайпалар өзара араласып, этникалық, тілдік, антропологиялық тұрғыдан бір-бірімен жақындаса түскен. Нәтижесінде қазақ халқы этникалық тұрғыдан біртұтас ұлт болып қалыптасады.

Сонымен қатар, ғалым қырғыз халқының шығу тарихының тереңнен зерттеп, А.Бернштам мен В.В.Бартольдтардың еңбектеріне сыни тұрғыдан талдау жасаған. Онда, қырғыз халқы енисей остяктардың ұрпағы емес, қайта олар қытай деректері бойынша ұйғырлар мен түріктерден шыққанын дәлелдейді. Ғалымның зерттеуінше қырғыздар түріктер басып алғанға дейін түрік тілінде сөйлейтін тайпалар болған. С.Аманжоловтың қырғыздар туралы зерттеуі жаңаша тарихи ойларды дүниеге әкелді.

Ғалым қазақ тілінің тарихын зерттей отырып, «Қазақ тілінің диалектикасы туралы», және ежелгі тайпалар туралы «Некоторые сведения о древних племенных диалектах казахского языка», «Қазіргі қазақ тілінің құрылу диалектологиясы» туралы бірнеше мақалалар жазды [6].

Сонымен қатар, тарих және диалектология жайлы үлкен монография жазып аяқтады. Қазақ тарихын зерттеуге үлес қосқан С.Аманжолов «Қазақ ССР тарихы» еңбегіне асқан білімді де, салмақты пікір жазды.

1956 жылы тамызда Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданында «Қазақ халқы мен тілінің пайда болуы» деген тақырыпта баяндама жасады.

1957 жылы «Жазу және тамға», «Өтеген столбасы», «Қазақстандағы Ғағауыздар» еңбектерін жазып, ел тарихын зерттеуге үлес қосты. Шығыстанушылардың бүкілодақтық конференциясында ғалым «Ежелгі түрік жазуының ескерткіштері және оның қазіргі түрік тіліне қатынасы» деген мақаласымен шығып, көптеген баға жетпес мәліметтерді қарастырды. Орта ғасырдағы қазақ даласында тудағы таңбалар көптеп кездеседі. Оның басты түсінігі түркі тектес халықтардың туды ру-тайпалық одақтардың дәнекері, жорықта рух беруші деп санауында. Ғалым осы таңбаларға ерекше мән беріп, зерттеп оны халық этногенезімен сәйкестендіре қарастырған [7].

Ғалым наймандарды зерттей келе, Халитовтың зерттеулеріне сүйеніп, бірнеше деректер келтіреді. Сонымен қатар қытай деректеріне сүйене отырып, наймандар VIII ғасырда тарих саханасына шығып, олардың Байкал өзенінің маңайын мекендегенін айтты.

Наймандар 850 жылы Орхон өзенінің жоғарғы ағысы мен Тарым және Қара Ертіс өзеніне дейінгі жерді мекендегенін дәлелдеп жазды. Кейіннен моңғолдар қолына өтеді. Зерттеуші ғалым үйсін, қаңлы, қоңырат, керей, қыпшақ, жалайыр, алшын, арғын, дулат, тайпаларының шығу тегіне жекелей зерттеулер келтіре отырып, қазақ халқының халық болып қалыптасуы алғашқы кезде пайда болған тайпалардың тарихымен байланысты екендігін көрсетеді. Еңбегінде арнайы сызбалар арқылы салыстырып көрсетті. Сонымен үш жүзге қай елдер жататынын нағыз факторлармен дәлелдеп жазды.

Қазақ халқының шығу тегінің білгірі С.Аманжоловтың көзқарастары мен еңбектері жалпы қазақтың, оның тілі мен мәдениеті тарихының дамуына елеулі үлес қосады. С.Аманжолов қазақ халқының эволюциялық даму барысындағы түп негізі тереңде және біртұтас екендігін дәлелдеп, қазақ халқының шығу тегін арыдан бастап, тарих қойнауының шынайы деректерін бірнеше жылдар көлемінде жинақтап көрсетуге тырысқан белгілі ғалым.

Түрік тілдес тайпалар жайында 1946-1947 жылдары Мәскеуде докторлық диссертация қорғау кезінде жазған «Қазақ диалектологиясының, басты мәселелері» еңбегінде тереңірек зерттеулер жүргізіп жазған.

Қазақ диалектологиясы тіл білімінің басқа салаларымен салыстырғанда кейін пайда болған, ірге тасы кейінірек қаланған сала. Қазақ диалектологиясының міндеті қазақ тіліндегі говорлар мен диалектілерді зерттеу болып табылады.

Қазіргі кездегі диалектілер бұл күнге дейін өте күрделі үрдістерді басынан өткізіп келген. Олар бір кездегі негізгі ру-тайпалық сипатта болып, келе-келе жергілікті сипатқа ие болған. Тілдегі қазіргі говарлардың қалыптасуына туыстас ру-тайпалық тілдердің де, жергілікті халық

өміріндегі тарихи-әлеуметтік кейінгі жағдайлардың да, көрші тілдердің де әсері тиген. Бірақ, бұлардың әрқайсысы жеке-жеке құбылыс емес, жаңа сападағы біртұтас жүйе ретінде белгілі бір территориядағы тұрғындарға тән болып қалыптасқан.

Диалектологияның жеке саласы ретінде қалыптасуына орыс ғалымдары біршама ат салысты. Ал, қазақ диалектологиясының жеке ғылым ретінде қалыптасып дамуына алғаш болып үлес қосқан С.Аманжолов. Сонымен қатар, осы саланың дамуына үлес қосқандар: Ш.Сарыбаев, О.Нақысбеков, Ш.Бектуров, Ж.Болатов және тағы басқа ғалымдар болды.

1948 жылы қорғалған докторлық диссертацияның бірінші бөлімі қазақ халқының этникалық құрамына арналады. Сонымен қатар “Заметки о тюркском этногенезе” мақаласында қазіргі кездегі татарларды түрік тілдес тайпалар деп қарастырған. “Моңғол-татар” сөзі қатар қолданылуы дұрыс емес, бұл екі тайпаның бір-біріне ешқандай туыстық қатынасы жоқ дейді. Татарлар моңғол шапқыншылығы кезінде олардың қол астына өткен түрік тілдес тайпалар екенін дәлелдеп жазды. Оған дәлел ретінде XV ғ. Дешті-Қыпшақ жерінде ешкімнің моңғол тілінде сөйлемегенін, хан жарлықтары Орта Азиялық түрік әдеби тілімен жазылғанын, әр түрлі деректер арқылы көрсетеді. Түрік тайпаларының шығу тегін зерттеуде ғалым әсіресе Махмұд Қашғаридың еңбектерінің растығын дәлелдейді. Өйткені, Махмұд Қашқари тайпаларды зерттеуде сол тайпалардың ортасына барып, олардың шығу тегін, сал-дәстүрін, мәдениетін жан-жақты қарастырып, өз көзімен көріп қорытынды талдау жасаған. Сонымен қатар, С.Аманжолов өз еңбектерінде тоғыз-оғыздар энологиясына кең тұрғыда зерттеу жүргізген. Мұндада ғалым Махмұд Қашқаридың «ұйғыр» сөзін «оғыз» сөзінің синонимі екенін дәлелдеген пікірімен келісетінін айтқан.

Қазіргі кезге дейін этнографтар мен тарихшылар арасында қазақтардың 9-тайпасы: наймандар, керейлер, үйсіндер, арғындар, алшындар, қоңыраттар, жалайырлар, дулаттар, меркіттердің шығу тарихы туралы әр түрлі ойлар қарастырылады. Ал ғалым әр тайпаның шығу тегін зерттеу олардың тілдік ұқсастықтарына байланысты қарастырылуы керек екені жайлы ой тастай білген. Әсіресе 1943, 1949 жылы басылып шыққан Қазақ ССР тарихындағы Г.Санжеевтың Керейлер мен наймандарды моңғолдардан шығарған, Б.Я.Владимирцовтың моңғол тілін алғаш керейлер құрғаны жайлы ойларына өз дәлелдеулері арқылы қарсы шықты.

Conclusion. Y. Altynsarin became a key figure in the formation of an educational system that promotes the enlightenment and cultural development of the Kazakh people. His principles, based on respect for national traditions and the pursuit of modern knowledge, remain relevant in our time. The study of the legacy of Ybray Altynsarin not only highlights his achievements, but also opens up new horizons for further research in the field of pedagogy and education. Ybray Altynsarin remained in the memory of the people as an outstanding educator and talented teacher. In modern Kazakhstan, the National Academy of Education bears his name, scientific conferences are held in memory of the scientist, monuments have been opened in a number of cities, streets, a district in Kostanay region, a glacier in Zhetysu Alatau, libraries, educational institutions are named after him. In 2007, the Ministry of Education of the Republic of Kazakhstan established the badge "Ybray Altynsarin", which is awarded annually to the best teachers of the country. The formation of Altynsarin's views was influenced by both historical and cultural factors, traditions of the Kazakh people. His approaches to teaching and parenting have become the basis for many modern educational practices, which underscores his importance as a teacher and educator.

Thus, this article addresses the problem of the insufficiently studied continuity between Altynsarin's 19th-century enlightenment mission and the modern national educational system. By re-examining his pedagogical ideas through the prism of today's challenges, the study demonstrates that his legacy offers both conceptual and practical solutions for strengthening national identity, ensuring the quality of education, and modernizing the educational system of Kazakhstan.

Sources

RGIA - Russian State Historical Archives

(CSL) of the RSE "Gylym Ordasy" - Central Scientific Library (CSL) of the RSE "Gylym Ordasy".

References:

1. Altynsarin, 1975 - Altynsarin I. *Sobranie sochinenij. [Collected Works]. V trekh tomah. T. 1. Alma-Ata: Izd-vo «Nauka» Kazahskoi SSR, 1975. 359 p. (in Rus)*
2. Altynsarin, 1971 - Altynsarin I. *Sobranie sochinenyi. [Collected Works]. V trekh tomah. T. 3. – Alma-Ata: Izd-vo «Nauka» Kazahskoj SSR, 1978. 352 p. (in Rus)*
3. Altynsarin, 1971 - Altynsarin I. *Pol'za znaniya [The benefits of knowledge] // Rasskazy / Per. s kaz. N. Kal'menova. – Alma-Ata: Zhazushy, 1971. 56 p. (in Rus)*
4. Altynsarin, 1983 - Altynsarin I. *Davajte, deti, uchit'sya! [Come on, children, let's study!] // Antologiya kazahskoj detskoj poezii. Per. s kaz. / Sost. M. Alimbaev, K. Bayanbaev; vstup. st. S. Kirabaeva. Alma-Ata: Zhalyn, 1983. 335 p. (in Rus)*
5. Altynsarin, 1879 - Altynsarin I. *Kirgizskaya hrestomatiya. [Kyrgyz anthology] Kn. 1. – Orenburg: Tip. I. I. Evfimovskogo-Mirovickogo, 1879. 100 p. (in Rus)*
6. Altynsarin, 1879 - Altynsarin I. *Nachal'noe rukovodstvo k obucheniyu kirgizov russkomu yazyku. [A basic guide to teaching Russian to Kyrgyz people.] Orenburg: Tip. I. I. Evfimovskogo-Mirovickogo, 1879. 63 p. (in Rus)*
7. Bekmahanov, 2005 - Bekmahanov E. *Sochineniya. [Essays.] V semi tomah. T. 4. – Pavlodar: EKO, 2005. 415 p. (in Rus)*
8. Bekmahanov, 1992 - Bekmahanov E. *«Kazakhstan v 20-40-e gody XIX veka» [Kazakhstan in the 20-40s of the XIX century]: Uchebnik. - Alma-Ata: «Qazaq universiteti», 1992 g. 400 p. (in Rus)*
9. Beysembiev, 1957 - Beysembiev K.B. *Iz istorii obshchestvennoj mysli Kazakhstana vtoroj poloviny XIX veka. [From the history of social thought in Kazakhstan in the second half of the 19th century] Alma-Ata: Nauka, 1957. 182 p. (in Rus)*
10. Vasil'ev, 1896 - Vasil'ev A.V. *Istoricheskij ocherk russkogo obrazovaniya v Turgajskoj oblasti i sovremennoe ego sostoyanie. [Historical essay on Russian education in the Turgai region and its current state.] Orenburg. 1896. 314 p. (in Rus)*

11. Dzhumagulov, 1975 - Dzhumagulov K. Ibrai Altynsarin. [Ibrai Altynsarin] Tashkent: Izdatel'stvo literatury i iskusstva imeni Gafura Gulyama, 1975. 158 p. (in Rus)
12. Il'minskij, 1891 - Il'minskij N. I. Vospominaniya ob I. A. Altynsarine. [Memories of I. A. Altynsarin.] Kazan'. 1891. 396 p. (in Rus)
13. Istoriya Kazahstana v russkikh istochnikah, 2006 - Istoriya Kazahstana v russkikh istochnikah XVI–XX vekov. [History of Kazakhstan in Russian sources XVI–XX centuries] T. VIII. Ch. 2. O pochetnejshih i vliyatel'nejshih ordyncah. – Almaty: Dajk-Press, 2006. 962 p. (in Rus)
14. Margulan, 2001 - Margulan A.H. Soch. 14 tomah. Almaty. 2001. 127 p. (in Rus)
15. Sitdikov, 1949 - Sitdykov A. S. Pedagogicheskie idei i prosvetitel'skaya deyatel'nost' I. Altynsarina. [Pedagogical ideas and educational activities of I. Altynsarin.]. Alma-Ata: Uchpedgiz Kaz SSR, 1949. 198 p. (in Rus)
16. Suleymenov, 1987 - Suleymenov R.B. Velikij Oktyabr' i kul'turnye preobrazovaniya v Kazahstane. [The Great October and Cultural Transformations in Kazakhstan] - Alma-Ata: Nauka, 1987. - 88 p.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин, 1975 – Алтынсарин И. Шығармалар жинағы. Үш томдық. 1-т. Алматы: Қазақ КСР «Ғылым» баспасы, 1975. 359 б.
2. Алтынсарин, 1978 – Алтынсарин И. Шығармалар жинағы. Үш томдық. 3-т. Алматы: Қазақ КСР «Ғылым» баспасы, 1978. 352 б.
3. Алтынсарин, 1971 – Алтынсарин И. Білімнің пайдасы // Әңгімелер. Қазақ тілінен ауд. Н.Кальменов. Алматы: Жазушы, 1971. 56 б.
4. Алтынсарин, 1983 – Алтынсарин И. Кел, балалар, оқылық! // Қазақ балалар поэзиясының антологиясы. Қазақ тілінен ауд.; құраст. М.Әлімбаев, Қ.Баянбаев; кіріспе мақала С. Қирабаевтікі. Алматы: Жалын, 1983. 335 б.
5. Алтынсарин, 1879 – Алтынсарин И. Қырғыз хрестоматиясы. 1-кітап. Орынбор: И.И.Евфимовский-Мировицкий баспаханасы, 1879. 100 б.
6. Алтынсарин, 1879 – Алтынсарин И. Қырғыздарды орыс тіліне оқытудың бастауыш құралы. Орынбор: И.И. Евфимовский-Мировицкий баспаханасы, 1879. 63 б.
7. Бекмаханов, 2005 – Бекмаханов Е. Шығармалар. Жеті томдық. 4-т. Павлодар: ЭКО, 2005. 415 б.
8. Бекмаханов, 1992 – Бекмаханов Е. XIX ғасырдың 20-40-жылдарындағы Қазақстан: оқулық. Алматы: «Қазақ университеті», 1992. 400 б.
9. Бейсембиев, 1957 – Бейсембиев К.Б. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы қоғамдық ой тарихынан. Алматы: Ғылым, 1957. 182 б.
10. Васильев, 1896 – Васильев А.В. Торғай облысындағы орыс білім беру ісінің тарихи очеркі және оның қазіргі жағдайы. Орынбор, 1896. 314 б. (орыс тілінде)
11. Жұмағұлов, 1975 – Жұмағұлов Қ. Ыбырай Алтынсарин. Ташкент: Ғафур Ғұлам атындағы әдебиет және өнер баспасы, 1975. 158 б.
12. Ильминский, 1891 – Ильминский Н.И. И.А. Алтынсарин туралы естеліктер. Қазан, 1891. 396 б.
13. Қазақстан тарихы орыс деректерінде, 2006 – XVI–XX ғасырлардағы Қазақстан тарихы орыс деректерінде. VIII-т., 2-бөлім. Ең құрметті және ықпалды ордалықтар туралы. Алматы: Дайк-Пресс, 2006. 962 б.
14. Марғұлан, 2001 – Марғұлан Ә.Х. Шығармалар жинағы. 14 томдық. Алматы, 2001. 127 б. (орыс тілінде)
15. Ситдыков, 1949 – Ситдыков А.С. Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. Алматы: 1949. 198 б.
16. Сүлейменов, 1987 – Сүлейменов Р.Б. Ұлы Қазан және Қазақстандағы мәдени қайта құрулар. Алматы: Ғылым, 1987. 88 б. (орыс тілінде)

**ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ
ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ
RESEARCH OF YOUNG SCIENTISTS**

ҒТАХР/ МРНТИ / IRSTI: 03.91

ӘӨЖ/УДК/ UDC 930.9

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2025.87.4.028>

М.Б. Әуелбеков *¹

¹*тарих ғылымдарының магистрі, Астана халықаралық университеті,,
Қазақстан, Астана.*

e-mail: nevermore08032000@mail.ru

**ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРА ЕСКЕРТКІШТЕРІН САҚТАУДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҰЙЫМДАРДЫҢ РӨЛІ**

Аңдатпа

Мәдени мұраны сақтау процестеріне халықаралық қоғамдастықтың белсенді қатысу процесі, әдетте, XX ғасырдың ортасынан бастау алды. Мәдени мұра деп біз мәдени дәстүрлерді, мінез-құлықтың тұрақты стандарттарын, адамгершілік нормалары, ойлау стереотиптері, саяси, құқықтық және философиялық идеялар, эстетикалық ұғымдар сияқты рухани құндылықтарды түсінеміз. Дәл осы дәстүрлер халықтың қазіргі өмірінің тарихи тамырларын құрайды және оның мәнін көрсетеді. Тарихи-мәдени мұраларды қорғау тек қана Қазақстан аумағында ғана емес бүкіл мемлекеттердің алдындағы міндет болғандықтан, дүниежүзілік шаралар қолданылған. Соның бірі, ЮНЕСКО ұйымының дүниежүзі халықтары арасында беделі зор. Мәдени мұраны қорғау мақсатында зерттеу рухани мәдениетті нығайтады. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері* – Мәдени мұра нысандарын сақтауда халықаралық ұйымдардың маңызын зерттеу; осы бағдарлама бойынша жетекші ұйымдардың жұмысын қазіргі даму тенденциялары бойынша сараптау; тарихи-мәдени мұралардың мемлекет тарапында ғана емес дүниежүзіндегі маңызын айқындау. *Нәтижелер.* Мақалада әлем бойынша ортақ құндылық саналатын тарихи-мәдени мұраны қорғау мәселелерін халықаралық дәрежеде көтеретін ұйымдардың маңызы қарастырылады, бұл тақырыпқа талдау жасау қазіргі ғылымның талабы болып табылады. Бұл зерттеу рухани, әлеуметтік, саяси және идеологиялық факторлармен анықталады. *Қорытынды.* Қазіргі кезеңде мәдени мұраны сақтау жүйесінде маңызды рөлді ЮНЕСКО ұйымымен қатар, көрнекті жерлерді қорғау тәжірибесінде мәдени және кәсіби стандарттарды анықтайтын халықаралық үкіметтік емес ұйымдарда зор үлес қосып жатыр.

Кілт сөздер: мәдени мұраны сақтау, ЮНЕСКО, қоғамдық ұйым, халықаралық ұйым, қоғам, заңнама.

Ауелбеков М.Б. *¹

¹*магистр исторических наук, Международный университет Астана,,
Казахстан, Астана.*

**РОЛЬ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ В СОХРАНЕНИИ ПАМЯТНИКОВ
ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ**

Аннотация

Процесс активного участия международного сообщества в процессах сохранения культурного наследия, как правило, берет свое начало в середине двадцатого века. Под культурным наследием мы понимаем культурные традиции, устойчивые стандарты

поведения, духовные ценности, такие как нравственные нормы, стереотипы мышления, политические, правовые и философские идеи, эстетические концепции. Именно эти традиции составляют исторические корни современной жизни народа и отражают его сущность. Поскольку охрана историко-культурного наследия является задачей не только на территории Казахстана, но и перед всеми государствами, были приняты Всемирные меры. Одна из них, организация ЮНЕСКО, пользуется большим авторитетом среди народов мира. В целях защиты культурного наследия исследования укрепляют духовную культуру. *Цель и задачи исследования* – изучить значение международных организаций в сохранении объектов культурного наследия; проанализировать работу ведущих организаций по данной программе по современным тенденциям развития; определить значение историко-культурного наследия не только на стороне государства, но и во всем мире. *Результаты.* В статье рассматривается значение организаций, которые на международном уровне поднимают вопросы охраны историко-культурного наследия, являющегося общей ценностью во всем мире, анализ этой темы является требованием современной науки. Это исследование определяется духовными, социальными, политическими и идеологическими факторами. *Выводы.* Важную роль в системе сохранения культурного наследия на современном этапе наряду с организацией ЮНЕСКО вносит большой вклад в практику охраны достопримечательностей в международных неправительственных организациях, определяющих культурные и профессиональные стандарты.

Ключевые слова: сохранение культурного наследия, ЮНЕСКО, общественная организация, Международная организация, Общество, законодательство.

M.B. Auelbekov *¹

¹*Master of History, Astana International University,
Kazakhstan, Astana.*

e-mail: nevermore08032000@mail.ru

THE ROLE OF INTERNATIONAL ORGANIZATIONS IN THE PRESERVATION OF MONUMENTS OF HISTORICAL AND CULTURAL HERITAGE

Abstract

The process of active participation of the international community in the processes of preserving cultural heritage, as a rule, dates back to the middle of the twentieth century. By cultural heritage we mean such spiritual values as cultural traditions, stable standards of behavior, moral norms, stereotypes of thinking, political, legal and philosophical ideas, aesthetic concepts. It is these traditions that form the historical roots of the modern life of the people and reflect its essence. Since the protection of historical and cultural heritage is a task not only on the territory of Kazakhstan, but also to all states, worldwide measures have been taken. One of them is the great authority of the UNESCO organization among the peoples of the world. In order to protect cultural heritage, research strengthens spiritual culture. *The purpose and objectives of the study* are to study the importance of international organizations in the preservation of cultural heritage objects; to analyze the work of leading organizations under this program on current development trends; to determine the importance of historical and cultural heritage not only on the state side, but also in the world. *Results.* The article discusses the importance of organizations that raise the issues of protection of historical and cultural heritage, which is a common value around the world, the analysis of this topic is a requirement of modern science. This study is determined by spiritual, social, political and ideological factors. *Conclusion.* At the present stage, an important role in the system of preservation of cultural heritage is played by the organization of UNESCO, as well as international non-governmental organizations that determine cultural and professional standards in the practice of protecting attractions.

Keywords: preservation of cultural heritage, UNESCO, public organization, International Organization, Society, legislation.

Кіріспе. Халықаралық қатынастар мен геосаяси процестердің жедел өзгеруі «мәдени мұра» ұғымына бұрынғыдан өзгеше көзқарасты талап етті. Бұл ұғым енді тек ұлттық деңгейдегі тарихи құндылықтар жиынтығы ретінде емес, жаһандық маңызы бар, көпқырлы әрі динамикалық жүйе ретінде қарастырылады. Мұндай тәсіл мәдени мұраны сақтау әрекетін өткенді жай ғана қорғау шарасы емес, бүкіл адамзаттың ортақ болашаққа бағытталған үйлесімді қозғалысы ретінде түсінуге жол ашады.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап мәдени мұраны қорғау мәселесі тек ұлттық шеңберде шешілетін міндет емес, бүкіл адамзаттың ортақ жауапкершілігіне айнала бастады. Бұл бағытта мемлекетаралық өзара іс-қимыл күшейіп, ұлттық заңнамадан тыс, халықаралық деңгейдегі келісімдер мен міндеттемелер алдыңғы қатарға шықты. 1999-2009 жылдары ЮНЕСКО Бас директоры Коитиро Мацура мәдени және табиғи мұраны сақтау мәселесін бірнеше рет көтеріп, оны бүкіл әлем халықтары үшін ортақ құндылық ретінде танудың маңызын атап өтті.

Халықаралық ұйымдардың дамуы барысында қалыптасқан «жұмсақ құқық» (soft law) тетіктері мәдени мұраны қорғауда елеулі рөл атқарды. Бұл құрылымдар халықаралық деңгейде міндеттемелік сипаты күшті болмаса да, ықпал ету тұрғысынан жоғары тиімділік көрсетті. Сонымен қатар, XX ғасырдың ортасынан бастап мәдени мұраға қатысты құқықтық нормалар халықаралық құқық жүйесіне енгізіліп, оның ресми құқықтық мәртебесі бекітілді. Бұл жағдай мұраны заңды түрде қорғауға мүмкіндік жасап, оны халықаралық жауапкершілік нысанына айналдырды [1, 12].

Мәдени мұраны сақтау үдерісінде халықаралық өзара қатынастардың ықпалын бағалауда кем дегенде екі маңызды өлшемді бөліп көрсету қажет. Біріншіден, бұл – мәдени мұраны қорғауға қатысты іс-қимылдардың мақсаттары мен құралдарын, кезеңдері мен рәсімдерін жүйелеу. Екіншіден, бұл – халықаралық ұйымдар мен ұлттық билік құрылымдарының өзара әрекеттесу механизмдерін жетілдіре отырып, мәдениетті сақтауға бағытталған алдын алу стратегияларын іске асыру. Бұл бағыттағы басты міндет – адамзаттың ортақ қазынасы болып саналатын мәдени нысандарды тиімді пайдалану мен оларды сақтау кепілдігін қамтамасыз ету.

Материалдар мен әдістер. Бұл зерттеу мәдени мұраны сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастық институттары мен ұйымдарының қызметін талдау мақсатында жүргізілді. Зерттеу материалы ретінде ЮНЕСКО, Еуропа Кеңесі, ЕҚЫҰ, Орталық Еуропалық бастама (ЦЕИ), сондай-ақ үкіметтік емес халықаралық ұйымдар (OWHC, ICOMOS, ICOM, ICCROM) қызметі мен олардың мәдени мұраны қорғау саласындағы тәжірибелері қарастырылды [2, 136]. Сонымен қатар, ТМД елдерінің мәдени мұраны сақтау бойынша халықаралық ынтымақтастық тәжірибесі де зерттеу аясында талданып, салыстырмалы түрде бағаланды.

Әдіс-тәсіл ретінде салыстырмалы талдау, құжаттық-сараптамалық зерттеу және жүйелеу әдістері қолданылды. Салыстырмалы талдау мәдени мұраны қорғау саласындағы әртүрлі халықаралық ұйымдардың рөлі мен функцияларын салыстыра отырып, олардың өзара әрекеттестігі мен үйлесімділігін анықтауға мүмкіндік берді. Құжаттық-сараптамалық әдіс аясында ұйымдардың ресми жарғылары, стратегиялық құжаттары, бағдарламалары мен халықаралық келісімшарттар зерттелді. Жүйелеу әдісі арқылы алынған мәліметтер топтастырылып, халықаралық ынтымақтастықтың құрылымдық және функционалдық ерекшеліктері ашылды.

Зерттеу барысында мәдени мұраны қорғау мәселелерінің халықаралық деңгейде шешілуінде мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдардың рөлін кешенді бағалау мақсатында, олардың қызметінің құқықтық, ұйымдастырушылық және қаржылық аспектілері де қарастырылды.

Талқылау. Аталған екі бағытты ескере отырып, ЮНЕСКО-ның мәдени және табиғи мұраны қорғау саласындағы қызметі халықаралық ынтымақтастықтың құрылымдық және ұйымдастырушылық тұрғыдағы нақты көрінісі екенін байқауға болады. Бұл ұйым тек бастамашы ғана емес, сонымен қатар мәдени үдерістерге ықпал ететін тиімді бастама ретінде танылып отыр. Осыған байланысты ЮНЕСКО-ның мәдени саладағы орны мен рөлін, оның

басқару құрылымын және жаһандық мәдени ықпалының деңгейін тереңірек зерттеу қажеттігі туындайды [3, 37].

Халықаралық қауымдастықтың мәдени мұраны қорғау ісіне белсенді араласуы ресми түрде XX ғасырдың ортасынан бастау алғанымен (әсіресе Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңмен байланысты), бұл бағыттағы алғашқы алғышарттар әлдеқайда ертерек қалыптаса бастады. Айта кету керек, Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталған соң, Еуропа өз мәдени мұрасының айтарлықтай зардап шеккенін мойындады. Осыған байланысты халықаралық деңгейде мәдени мұраны сақтау мен біріктіруге арналған алғашқы құрылымдардың бірі ретінде құрылған ұйым – Ұлттар Лигасы – өзінің міндетін халықтар арасындағы мәдени және рухани ынтымақтастықты нығайту арқылы жаһандық бейбітшілікті қамтамасыз ету деп жариялады.

Француз ғалымы К.Коллиардтың пайымдауынша, Ұлттар Лигасы бірнеше қырынан танылды: ол үкіметаралық одақ, халықаралық ұйым, сондай-ақ бүкіләлемдік қауымдастықты басқарудың жаңа тәсілі ретінде әрекет етті. 1925 жылы осы Лиганың аясында материалдық емес мәдени мұраны қорғауға бағытталған, әлемдік музейлер мен олардың мамандары арасындағы ынтымақтастықты дамытуға ниет білдірген ІМО (Международная музейная организация) құрылған болатын.

Келесі тарихи кезең – 1945 жылдың 16 қарашасы – ерекше мәнге ие болды: дәл осы күні ЮНЕСКО Жарғысына қол қойылып, ұйымның құрылуына ресми түрде бастама берілді. Отырысқа қатысқан 44 мемлекеттің ішінен 37-сі Жарғыны қолдап, оның 20-сынан ратификация алынып, құжат 1946 жылдың 4 қарашасында толық күшіне енді [4, 103].

ЮНЕСКО-ның құрылуы мәдени және табиғи мұра нысандарын қорғау бойынша халықаралық құқықтық және институционалдық негіздерді қалыптастырудың басты қадамына айналды. Бұл ұйымның қызметі тек жекелеген мемлекеттердің мәдени саясатын үйлестірумен шектелмей, жаһандық деңгейде мәдени әртүрлілікті сақтау мен қорғауға бағытталған жаңа құқықтық механизмдерді енгізуге ықпал етті.

Келесі онжылдықтарда ЮНЕСКО-ның бастамасымен көптеген халықаралық конвенциялар қабылданып, олар мәдени мұраның әртүрлі түрлерін (архитектуралық ескерткіштер, археологиялық нысандар, тілдер, дәстүрлер және т.б.) қорғаудың нақты ережелерін бекітті. 1972 жылғы «Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы конвенция» осы саладағы ең іргелі құжаттардың бірі болып саналады және қазіргі уақытта да өзектілігін жоғалтпаған [5, 34].

Сонымен қатар, ЮНЕСКО аясында мәдени мұраны қорғауға арналған тізімдер мен арнайы мәртебелер енгізіліп, бұл жүйе мұра объектілерінің құндылығын жаһандық деңгейде мойындауға мүмкіндік берді. Қазіргі таңда бұл тізім халықаралық ынтымақтастықтың құралына айналып, мәдениетті сақтау саласындағы саяси және құқықтық ықпалдастықты арттырып отыр.

ЮНЕСКО-ның құрылу кезеңінен бастап халықаралық қоғамдастық мәдени мұраны қорғау мәселесіне айрықша көңіл бөлді. XX ғасырдың соңына таман қабылданған бірқатар маңызды халықаралық құжаттар мәдени мұраны қорғау аясын кеңейтіп, оның құрамына материалдық және материалдық емес құндылықтарды енгізді. Атап айтқанда, 1972 жылы бекітілген «Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау» конвенциясы елдердің өз аумағындағы маңызды мәдени және табиғи ескерткіштерді қорғауға заң жүзінде жауапкершілік жүктеді. Бұл құжат сондай-ақ Дүниежүзілік мұралар тізімін қалыптастырып, мұра объектілерінің халықаралық деңгейде мойындалуына мүмкіндік берді және бұл саласындағы ынтымақтастықты нығайтты.

XXI ғасырда мәдени мұраға қатысты көзқарастар өзгеріп, кеңейе түсті. 2003 және 2005 жылдары қабылданған конвенциялар мәдени мұраның материалдық емес түрлерін, яғни дәстүрлер, салт-дәстүрлер, тілдік мұра сияқты элементтерді қорғау қажеттігін мойындады. Бұл кадам мәдени мұраны тек тарихи құндылық ретінде емес, қазіргі қоғамның өмір сүру ерекшеліктерін көрсететін маңызды ресурс ретінде бағалауға жол ашты [6, 10].

Қазіргі таңда ЮНЕСКО мәдени мұраны қорғау бағытындағы қызметін одан әрі дамытып, әлемдік деңгейде мәдениеттер арасындағы диалогты қолдап, мәдени әртүрлілікті сақтау және қолдау үшін жаңа бағдарламалар мен бастамаларды жүзеге асыруда. Сонымен қатар, ұлттық деңгейдегі заңнамалар мен халықаралық келісімдер аясында мәдени мұраны сақтау ісі тұрақты түрде жетілдіріліп келеді.

Әлемдік тарихтың дамуы мен XX және XXI ғасырлар басындағы халықаралық ынтымақтастық тәжірибесі көрсеткендей, ЮНЕСКО-ның құрылуы – адамзаттың бейбітшілікте өмір сүруге және бірлесе әрекет етуге деген табиғи қажеттілігінен туындаған заңды қадам болды. Мәдени мұраны қорғау мен сақтауда маңызды рөл атқаратын бұл ұйымның басты міндеттері мен қызмет бағыттары оның Жарғысында айқын көрсетілген. Онда ЮНЕСКО білім, ғылым және мәдениет салаларында халықтар арасындағы өзара түсіністік пен әріптестікті дамыту арқылы бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуға, сондай-ақ адам құқықтары мен заң үстемдігін қамтамасыз етуге ықпал етуді көздейтіні жазылған [7, 257].

ЮНЕСКО-ның мәдениет саласындағы қызметі бірқатар маңызды бағыттарды қамтиды. Олардың қатарында материалдық және материалдық емес мәдени мұраны қорғау мен қайта жандандыру, өнер саласын қолдау, қазіргі заман мәдениеттерін таныту, тарихи-мәдени құндылықтарды шыққан елдеріне қайтаруға ықпал ету секілді іс-шаралар бар. Сонымен қатар ұйым кітап шығару ісін жетілдіру арқылы оқу мәдениетін дамытуға, мәдени индустрия мен мәдени саясатты өркендетуге, авторлық және сабақтас құқықтарды қорғауға да ерекше назар аударады. ЮНЕСКО мәдениетті қоғам дамуының маңызды факторы ретінде қарастырып, мәдениет пен даму арасындағы өзара байланысты зерттеуге көңіл бөледі, сондай-ақ мәдени әртүрлілікті және мәдениетаралық сұхбатты қолдауға бағытталған жобаларды жүзеге асырады. Уақыт өте келе бұл ұйым мәдени мұра мен құндылықтарды сақтау бойынша жетекші халықаралық институт ретінде ғана емес, сонымен бірге қазіргі әлемдік мәдени процестердегі маңызды рөл атқаратын ұйымға айналды. Қазақстан аумағындағы бірқатар бірегей ескерткіштер – Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Тамғалы тас суреттері мен Ұлы Жібек жолының тармақтары ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген.

ЮНЕСКО өз миссиясын жүзеге асыру барысында бес негізгі бағытты басшылыққа алады. Бұл бағыттар адамзат дамуының маңызды салаларын қамтып, жаһандық ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған.

1. Білім және болашақ дамуы: ЮНЕСКО-ның білім беру саласындағы стратегиялық мақсаттары – заман талабына сай бастауыш, орта және жоғары білім жүйесін жетілдіру, педагог кадрлар мен басқарушы мамандарды даярлау, сондай-ақ білім беру инфрақұрылымын дамытуға қолдау көрсету. Ұйым мектептердің материалдық-техникалық базасын жақсартуға да ерекше назар аударады [8, 198].

2. Ғылым саласындағы халықаралық әріптестік: Ғылыми ынтымақтастық аясында ЮНЕСКО бірнеше ірі халықаралық бағдарламаларды жүзеге асыруда. Олардың қатарында «Адам және биосфера», «Үкіметаралық океанографиялық комиссия», «Халықаралық гидрологиялық бағдарлама» және «Халықаралық геологиялық корреляция бағдарламасы» бар. Бұл жобалар жаһандық экологиялық, гидрологиялық және геологиялық мәселелерді шешуге бағытталған.

3. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар: Аталған салада ЮНЕСКО адам құқықтарын сақтау, демократиялық қағидаттарды ілгерілету, кез келген кемсітушілікке қарсы тұру, әйелдердің құқықтарын кеңейту және жастар арасындағы ЖИТС індетінің алдын алу сияқты бағыттарға баса көңіл бөледі. Осы мақсатта ұйым кәсіби кадрларды даярлау және ақпараттық-ағартушылық шаралар ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуде.

4. Мәдениет: ЮНЕСКО-ның мәдениет саласындағы қызметі мәдени мұра объектілерін сақтау және оларды келесі ұрпаққа жеткізу мәселелеріне негізделеді. Ұйымның қамқорлығымен жасалған Дүниежүзілік мұра тізіміне қазіргі уақытта 100-ден астам мемлекеттегі 400-ден артық мәдени және табиғи ескерткіштер енгізілген. Бұл бағыттағы жұмыс мәдени әртүрлілікті қолдауға және жаһандық мәдени диалогты нығайтуға ықпал етеді.

5. Байланыс, ақпарат және цифрлық технологиялар: Бұл салада ЮНЕСКО дамушы елдерге ақпараттық инфрақұрылымды дамытуда, соның ішінде медиа ресурстардың қолжетімділігін арттыру мен баспасөз еркіндігін қамтамасыз етуге қолдау көрсетеді. Сонымен қатар ұйым бұқаралық ақпарат құралдарындағы плюрализм мен пікір алуандығы қағидаттарын ілгерілетуді көздейді [9, 228].

Зерттеу нәтижелері

Мәдени мұраны сақтау, мәдени әріптестікті кеңейту және мәдениетті дамыту ісінде ЮНЕСКО-ның рөлі айрықша болғанымен, қазіргі таңда бұл бағытта белсенді жұмыс жүргізіп отырған басқа да бірқатар халықаралық құрылымдарды атап өту орынды. Солардың ішінде маңызды орын алатын – Еуропа Кеңесі. Ұйымның жарғысында оның басты мақсаттарының бірі ретінде еуропалық мәдени бірегейлікті сақтау және мәдени әртүрлілік ұстанымдарын алға жылжыту қарастырылған. Бұл ретте Еуропа Кеңесі мәдениет саласындағы саясатты үйлестіру мен мәдени диалогты дамытуға ерекше көңіл бөледі. Сонымен қатар, мәдениет саласындағы халықаралық ынтымақтастықты ілгерілетуде Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымының (ЕҚЫҰ) да үлесі бар. Бұл ұйым 1995 жылға дейін Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық жөніндегі Кеңес (СБСЕ) ретінде белгілі болған. ЕҚЫҰ өзінің қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған қызметінде мәдениаралық өзара түсіністікті нығайтудың маңызын мойындайды және осы мақсатта түрлі мәдени-білім беру жобаларын жүзеге асырып келеді [10, 8].

Соңғы жылдары мәдениетке қатысты мәселелерді қарастыратын тағы бір аймақтық құрылым – Орталық Еуропалық Бастама (ЦЕИ) өзінің белсенділігімен ерекшеленуде. Бұл ұйым Орталық және Шығыс Еуропа елдерін біріктіретін көпжақты ынтымақтастық платформасы болып табылады. ОЕБ-дің басты міндеттеріне саяси, экономикалық, ғылыми және мәдени салаларда өңірлік деңгейде өзара әрекеттестікті арттыру, сол арқылы аймақтық тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту жатады. Атап өтерлігі, ОЕБ аясында қазіргі таңда мәдениет мәселелерімен айналысатын арнайы жұмыс тобы құрылып, жүйелі түрде қызмет атқаруда.

Осы ұйымдардың барлығы мәдениет саласындағы халықаралық ықпалдастықтың нығаюына, мәдени мұраларды сақтау ісіне және мәдени әртүрліліктің сақталуына елеулі үлес қосуда. Бұл ұйымдардың қызметі мәдениет саласындағы жаһандық даму тенденцияларын айқындауға мүмкіндік береді және халықаралық мәдени саясаттың қалыптасуына әсер етеді.

Халықаралық деңгейде мәдени мұраны қорғау саласында тек үкіметтік ұйымдар ғана емес, сонымен қатар үкіметтік емес құрылымдар да айтарлықтай белсенділік танытып отыр. Соңғы жылдары мұндай қоғамдық ұйымдардың мәдениет саласындағы ықпалы едәуір артып келе жатқанын атап өткен жөн. Атап айтқанда, қазіргі кезеңде бұл ұйымдар мәдени мұраны сақтау мен басқару саласында кәсіби және этикалық стандарттарды қалыптастыруда маңызды рөл атқаруда.

1. Дүниежүзілік мұра қалалары ұйымы (OWHC) 1993 жылы құрылған бұл ұйымның басты мақсаты – мәдени маңызы бар қалалар арасында білім мен тәжірибе алмасуды қамтамасыз ету, сондай-ақ тарихи нысандарды қорғау ісінде өзара материалдық және ұйымдастырушылық қолдау көрсету болып табылады. OWHC мүшелері – Дүниежүзілік мұра тізіміне енген қалалардың жергілікті басқару органдары.

2. Ескерткіштер мен тарихи орындар жөніндегі Халықаралық кеңес (ICOMOS) 1965 жылы құрылған бұл ұйым мәдени мұра объектілерін қорғау жөніндегі ғылыми және кәсіби қағидаттарды алға жылжыту мақсатында жұмыс істейді. ICOMOS дүниежүзілік мұра нысандарына үміткер объектілерді бағалау, техникалық сараптама жүргізу және мерзімді есептерді дайындау бойынша маңызды функцияларды орындайды [11, 47].

3. Халықаралық музейлер кеңесі (ICOM) 1946 жылы құрылған ICOM – мұражай ісін халықаралық деңгейде дамыту мен қолдауға бағытталған кәсіби қауымдастық. Ұйым музей қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру, мұражайлар арасында ынтымақтастық орнату және мәдени игіліктерді сақтау мәселелерінде маңызды рөлге ие.

4. Мәдени мұраны сақтау және қалпына келтіру жөніндегі халықаралық зерттеу орталығы (ICCROM) Бұл ұйым мәдени мұраны консервациялау және қалпына келтіру саласында халықаралық оқыту бағдарламаларын ұйымдастырумен, ғылыми-зерттеу жобаларын жүргізумен және сараптамалық қолдау көрсетумен айналысады [12, 107]. ICCROM әртүрлі елдердің мамандарын біріктіре отырып, реставрация саласындағы озық тәжірибелерді таратуды көздейді.

Аталған үкіметтік емес ұйымдардың барлығы мәдени мұраны сақтау ісінде жаһандық деңгейде ұзақ мерзімді тәжірибеге және кең географиялық өкілдікке ие. Олардың қызметі мәдени нысандардың сақталуын қамтамасыз ету, мамандар даярлау және халықаралық стандарттарды енгізу тұрғысынан аса маңызды болып табылады.

Халықаралық (үкіметтік және үкіметтік емес) ұйымдардың мәдени мұраны қорғау саласындағы қызметін қарастыру барысында бұл әрекетті тек мемлекетаралық ынтымақтастық пен бағдарламалар жиынтығы ретінде бағалау жеткіліксіз екенін атап өткен жөн. Іс жүзінде, мұндай ұйымдардың ықпалы тек халықаралық деңгеймен шектелмей, әрбір жеке мемлекеттің ішкі мәдени саясатына да тікелей әсер етеді [13, 9].

Халықаралық ұйымдар, әсіресе ЮНЕСКО, мәдениет саласындағы ынтымақтастықты ұйымдастырумен қатар, осы бағытта нормативтік-құқықтық негіз қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл ұйымдардың қызметі тек декларативті сипатпен шектелмей, мәдени құндылықтарды сақтау, білім беру және мәдени даму салаларында нақты ақпараттық, ұйымдастырушылық және қаржылық тетіктерді іске асыру арқылы ерекшеленеді.

Сонымен қатар, ұлттық деңгейде мәдени ортаны сақтау мен дамыту процестеріне халықаралық құрылымдардың қатысуы да маңызды фактор болып табылады. Мұндай ынтымақтастықтың жарқын мысалы ретінде мәдени мұраны қалпына келтіру жобаларын атауға болады. Бұл жобалар тек материалдық көмекпен шектелмей, әдістемелік қолдау көрсету, мамандар даярлау, ғылыми зерттеулер жүргізу секілді жан-жақты қамтылған шараларды жүзеге асыруды көздейді.

Демек, халықаралық ұйымдардың мәдениет саласындағы рөлі – көп деңгейлі және стратегиялық маңызды құбылыс. Олар тек халықаралық құқықтық нормаларды ілгерілетіп қана қоймай, мәдениеттердің өміршеңдігі мен әртүрлілігін сақтау ісінде де нақты әрекеттер арқылы ықпал етіп отыр.

Мәдени мұраны қорғау саласындағы халықаралық ұйымдар мен институттардың қызметі мен эволюциясы бұл бағыттағы ынтымақтастықтың маңыздылығы мен өзектілігі жылдан-жылға артып келе жатқанын нақты айғақтайды. Бұл үрдістің қалыптасуы мен нығаюы, негізінен, екі негізгі фактормен түсіндіріледі.

Біріншіден, мәдени мұраны сақтау мен қорғау саласы – көптеген елдердің бірлескен және үйлестірілген іс-әрекетін талап ететін, трансұлттық сипатқа ие қызмет түрі. Мәдени мұра нысандары тек жекелеген мемлекеттер немесе ұлттар үшін ғана емес, бүкіл адамзат үшін ортақ мәдени-тарихи құндылықтар ретінде қарастырылады. Бұл құндылықтарды сақтау жалпы халықаралық қоғамдастықтың ортақ міндетіне айналып отыр.

Екіншіден, мәдени мұраны сақтау барысында туындайтын көптеген мәселелер тек ұлттық деңгейде шешіле бермейді. Көп жағдайда, бұл мәселелерді еңсеру бірнеше мемлекеттің тікелей қатысуын, өзара әрекеттесуін және бірлескен шаралар қабылдауын қажет етеді. Сондықтан мәдени қорғау қызметінің халықаралық аясын тарылту немесе жою мүмкін емес.

Халықаралық ынтымақтастықтың осы саладағы екі негізгі формасын бөліп көрсетуге болады: біріншісі – үкіметаралық (интернационалдық) ұйымдардың қызметі, ал екіншісі – үкіметтік емес (қоғамдық) құрылымдардың белсенділігі. Бұл екі бағыт бір-біріне балама емес, керісінше, бірін-бірі толықтыратын кешенді тетік ретінде жұмыс істейді. Әсіресе, ТМД елдері шеңберінде жүргізіліп жатқан мәдени мұраны қорғау тәжірибесі осы пікірді нақтылай түседі [14, 438].

Қазіргі кезеңде халықаралық ұйымдар арасындағы өзара әрекеттестікті жетілдіру мен үйлестіруді тереңдету – мәдени мұраны тиімді сақтау мен қорғаудың басты жолдарының бірі

болып табылады. Бұл қазіргі заманның объективті қажеттіліктеріне сай туындаған стратегиялық бағыт болып қалыптасып отыр.

Қорытынды. Жүргізілген талдау нәтижелері көрсеткендей, мәдени мұраны сақтау мен қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық қазіргі әлемдік мәдени саясаттың ажырамас бөлігіне айналды. Бұл бағытта ЮНЕСКО-ның рөлі айрықша, себебі ол білім, ғылым және мәдениет салаларында бейбітшілік пен өзара түсіністікті нығайтуға бағытталған жаһандық институт ретінде мәдени мұраны қорғаудың құқықтық және институционалдық негізін қалыптастырады. Сонымен қатар, ЮНЕСКО-ның қызметі халықаралық деңгейде мәдениетаралық диалогты дамытуға, тарихи-мәдени ескерткіштерді сақтау мен оларды қайта жаңғыртуға нақты ықпал етеді.

Бұған қоса, мәдени мұраны қорғау ісінде үкіметтік емес ұйымдардың үлесі де елеулі. Олар кәсіби сараптама, ғылыми зерттеулер, кадрлар даярлау, халықаралық стандарттарды әзірлеу және әдістемелік қолдау көрсету арқылы бұл саладағы процестердің тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады. OWHC, ICOMOS, ICOM және ICCROM секілді құрылымдардың белсенді қызметі халықаралық мәдени кеңістіктегі сапалы кооперацияның мысалы бола алады.

Сонымен қатар, мәдени мұраны сақтау бойынша халықаралық ынтымақтастықтың институционалдық құрылымы біртіндеп дамып, мемлекетаралық және қоғамдық ұйымдардың күш-жігерін үйлестіру бағытында жаңа деңгейге көтерілуде. Бұл үрдіс қазіргі таңда мәдениет саласындағы жаһандық қауіп-қатерлерге тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді.

Осылайша, мәдени мұраны қорғау саласындағы халықаралық ұйымдардың қызметі – тек тарихи ескерткіштер мен өнер туындыларын сақтау ғана емес, сонымен қатар ұлттар арасындағы өзара түсіністік пен тұрақты даму негізінде жаңа мәдениеттерді өркендетуге бағытталған көпқырлы үдеріс екенін айқын дәлелдейді. Халықаралық ынтымақтастықтың бұл форматы мәдени әртүрлілікті сақтап қалудың және ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етудің сенімді тетігі ретінде қарастырылуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Барчукова Н.С. История создания международных организаций / Н.С. Барчукова // *Международные организации* / Под ред. И.П. Блищенко. – М.: Изд-во РУДН, 1994. – С. 8-19.
2. Белекова А.Т. Проблемы и перспективы деятельности ЮНЕСКО в контексте современных международных отношений: дис. ... канд. полит. наук. – М., 2008. – 157.
3. *Cultural Heritage Protection in the OSCE Region* / Organization for Security and Co-operation in Europe. – Vienna, 2020. – 48 p.
4. Galland P., Lisitzin K., Oudaille-Diethardt A., Young C. *World Heritage in Europe Today*. – Paris: UNESCO, 2016. – 120 p.
5. *Guidance for the Preservation of Historic Monuments* / International Council on Monuments and Sites (ICOMOS). – Paris, 2019. – 64 p.
6. Капустин А.Я. *Международные организации в глобализующемся мире: Монография* / А.Я. Капустин. – М.: РУДН, 2010. – С. 10-11.
7. Кольяр К. *Международные организации и учреждения* / К.Кольяр. – М.: Прогресс, 1972. – С. 253-265.
8. Коваленко И.И. *Сотрудничество неправительственных и межправительственных организаций* / И.И. Коваленко // *Общественность и проблемы войны и мира*. – М.: *Международные отношения*, 1978. – С. 448.
9. Kertész Á. *International Cooperation in Cultural Heritage Protection: Challenges and Perspectives* / Á. Kertész // *Journal of Cultural Heritage Management and Sustainable Development*. – 2017. – Vol. 7, No. 3. – P. 221-235.
10. Мацуура К. *ЮНЕСКО – навстречу новым вызовам: Избранные речи и выступления 2005 – 2008 гг.* / К.Мацуура. – М.: ЮНЕСКО, ИТАР ТАСС, 2009. – С. 15.

11. Морозов Г.И. *Международные организации. Некоторые вопросы теории* / Г.И. Морозов. – М.: Мысль, 1969. – С. 44-51.
12. Скачков А.С. *Культурная политика ЮНЕСКО в эпоху глобализации*. – М.: Канон; РООИ «Реабилитация», 2015. – 162 с.
13. Черкес М.Е. *Международное право: Учеб. пособие* / М.Е. Черкес. – О.: Астропринт, 1998. – С. 20.
14. Юренева Т.Ю. *Музей в мировой культуре* / Т.Ю. Юренева. – М.: Русское слово, 2003. – С. 438-439.

References:

1. Barcukova N.S. *Istoriya sozdaniya mezhdunarodnykh organizatsiy* / N.S. Barcukova // *Mezhdunarodnye organizatsii* / Pod red. I. P. Blishenko. – M.: Izd-vo RUDN, 1994. – S. 8-19.
2. Belekova A. T. *Problemy i perspektivy deyatel'nosti UNESCO v kontekste sovremennykh mezhdunarodnykh otnosheniy: dis. ... kand. polit. nauk.* – M., 2008. – 157 s.
3. *Cultural Heritage Protection in the OSCE Region* / Organization for Security and Cooperation in Europe. – Vienna, 2020. – 48 p.
4. Galland P., Lisitzin K., Oudaille-Diethardt A., Youn C. *World Heritage in Europe Today*. – Paris: UNESCO, 2016. – 120 p.
5. *Guidance for the Preservation of Historic Monuments* / International Council on Monuments and Sites (ICOMOS). – Paris, 2019. – 64 p.
6. Kapustin A.Ya. *Mezhdunarodnye organizatsii v globalizuyushchemsya mire: Monografiya* / A.Ya. Kapustin. – M.: RUDN, 2010. – S. 10-11.
7. Kolyar K. *Mezhdunarodnye organizatsii i uchrezhdeniya* / K. Kolyar. – M.: Progress, 1972. – S. 253-265.
8. Kovalenko I.I. *Sotrudnichestvo nepravitel'stvennykh i mezhpripravitel'stvennykh organizatsiy* / I. I. Kovalenko // *Obshchestvennost' i problemy voyny i mira*. – M.: Mezhdunarodnye otnosheniya, 1978. – S. 448.
9. Kertész Á. *International Cooperation in Cultural Heritage Protection: Challenges and Perspectives* / Á. Kertész // *Journal of Cultural Heritage Management and Sustainable Development*. – 2017. – Vol. 7, No. 3. – P. 221-235.
10. Matsuura K. *UNESCO – navstrechu novym vyzovam: Izbrannye rechi i vystupleniya 2005 – 2008 gg.* / K. Matsuura. – M.: UNESCO, ITAR TASS, 2009. – S. 15.
11. Morozov G.I. *Mezhdunarodnye organizatsii. Nekotorye voprosy teorii* / G.I. Morozov. – M.: Mysl', 1969. – S. 44-51.
12. Skachkov A. S. *Kul'turnaya politika UNESCO v epokhu globalizatsii*. – M.: Kanon; ROOI «Reabilitatsiya», 2015. – 162 s.
13. Cherkes M.E. *Mezhdunarodnoe pravo: Ucheb. posobie* / M. E. Cherkes. – O.: Astroprint, 1998. – S. 20.
14. Yureneva T.Yu. *Muзей v mirovoy kulture* / T.Yu. Yureneva. – M.: Russkoe slovo, 2003. – S. 438-439.

FTAXP/ MPHTI / IRSTI: 03.81.31

ӘӨЖ/УДК/ UDC 930.24

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2025.87.4.029>

T.S. Janysbai  *1

¹ PhD student at Abai Kazakh National Pedagogical University,
Kazakhstan, Almaty

e-mail: zhanyusbaitalgat@gmail.com

THE PEOPLE'S COMMISSARIAT OF EDUCATION OF THE KAZAKH ASSR IN 1930-1936: HISTORIOGRAPHICAL AND BIBLIOGRAPHICAL ANALYSIS

Abstract

The history of the People's Commissariat for Education of the Kazakh ASSR (1920-1936) occupies a special place in the study of social, cultural, and educational policies of early Soviet Kazakhstan. This period was marked by intense transformations when the system of public education, language policy, and cultural initiatives shaped a new Soviet identity and laid the foundation for societal modernization. Despite the significance of the People's Commissariat for Education as an institution responsible for the cultural and educational development of the republic, the historiographical base of its study remains fragmented and insufficiently systematized. This study aims to fill this gap by conducting a comprehensive bibliographic analysis of scholarly publications dedicated to the activities of Narkompros of the Kazakh ASSR, its personnel structure, and institutional dynamics. The objective of the research is to identify the main directions of historiographical studies on Narkompros, to systematize the existing scholarly heritage, and to determine the degree of representation of the commissariat's key figures in contemporary academic literature. To achieve this goal, an interdisciplinary approach was applied, which included bibliographic analysis, content analysis, elements of prosopography, and data visualization using digital tools such as VOSviewer. Following the PRISMA methodology, 33 scholarly publications were selected for analysis and historiographical interpretation. The results of the study revealed that the core of historiography is concentrated around topics related to the institutional development of Narkompros, its role in the eradication of illiteracy, cultural policy, and national educational initiatives. A significant concentration of studies is dedicated to the biographies of individual commissars, such as Akhmet Baitursynov and Temirbek Zhurgenov; however, a personalized analysis of the majority of the commissariat's members remains underdeveloped. The analysis of keyword thematic clusters identified four leading trends: the archival turn, interdisciplinarity, chronological deepening, and a lack of biographical research. These observations form the basis for further exploration of Narkompros as an institution reflecting the complex processes of cultural modernization, national policy, and social transformation in Kazakhstan during the 1920s and 1930s.

Keywords: Narkompros of the Kazakh ASSR, historiography, bibliographic analysis, cultural modernization, personalized approach, archival research.

Т.С. Жанысбай  *1

¹ Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты,
Қазақстан, Алматы

e-mail: zhanyusbaitalgat@gmail.com

1930–1936 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗ АССР ОҚУ-АҒARTУ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫ: ТАРИХНАМАЛЫҚ ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариатының тарихы (1920-1936 жж.) ерте Кеңестік Қазақстанның әлеуметтік, мәдени және білім беру саясатын зерттеуде ерекше орын алады. Бұл

кезең халықтық білім беру жүйесі, тіл саясаты және мәдени бастамалар жаңа кенестік бірегейлікті қалыптастырып, қоғамды модернизациялауға негіз болған қарқынды трансформация кезеңі болды. Наркомпростың республиканың мәдени-білім беру дамуын қамтамасыз ететін институт ретіндегі маңыздылығына қарамастан, оны зерттеудің тарихнамалық базасы фрагментті және жеткілікті жүйеленбеген күйінде қалып отыр. Осы зерттеу ҚазАКСР Халық Комиссариатының қызметіне, оның кадрлық құрамына және институционалдық динамикасына арналған ғылыми жарияланымдарға кешенді библиографиялық талдау жүргізу арқылы осы олқылықтың орнын толтыруға бағытталған. Зерттеудің мақсаты-халық комиссариатын тарихнамалық зерттеудің негізгі бағыттарын анықтау, бар ғылыми мұраны жүйелеу және қазіргі ғылыми әдебиеттердегі комиссариат қызметкерлерінің өкілдік дәрежесін анықтау. Осы мақсатқа жету үшін Библиографиялық талдауды, мазмұнды талдауды, просопография элементтерін, сондай-ақ vosviewer сандық құралдарының көмегімен деректерді визуализациялауды қамтитын пәнаралық тәсіл қолданылды. Prisma әдіснамасы бойынша талдау және тарихнамалық түсіну үшін 33 ғылыми басылым таңдалды. Зерттеу нәтижелері тарихнаманың өзегі Наркомпростың институционалдық дамуына, оның сауатсыздықты жоюдағы, мәдени саясаттағы және ұлттық білім беру бастамаларындағы рөліне байланысты тақырыптар төңірегінде қалыптасатынын көрсетті. Ахмет Байтұрсынов пен Темірбек Жүргенов сияқты жекелеген комиссарлардың өмірбаянына арналған зерттеулердің жоғары шоғырлануы анықталды, алайда комиссариат мүшелерінің көпшілігінің дербестендірілген талдауы жеткіліксіз әзірленген күйінде қалып отыр. Кілт сөздердің тақырыптық кластерлерін талдау төрт жетекші тенденцияны анықтады: мұрағаттық бұрылыс, пәнаралық, хронологиялық тереңдету және өмірбаяндық зерттеулердің болмауы. Бақылаулар 1920-1930 жылдардағы Қазақстандағы мәдени жаңғыртудың, ұлттық саясаттың және әлеуметтік трансформацияның күрделі процестерін көрсететін институт ретінде халық комиссариатын одан әрі зерделеу үшін негіз қалыптастырады.

Түйінді сөздер: ҚазАКСР Наркомпросы, тарихнама, библиографиялық талдау, мәдени жаңғырту, дербестендірілген тәсіл, мұрағаттық зерттеулер.

Т.С. Жанысбай  *1

¹Докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая,
Казахстан, Алматы

E-mail: zhanysbaitalgat@gmail.com

НАРОДНЫЙ КОМИССАРИАТ ПРОСВЕЩЕНИЯ КАЗАХСКОЙ АССР В 1930–1936 ГГ.: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ И БИБЛИОГРАФИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Аннотация

История Народного комиссариата просвещения Казахской АССР (1920-1936 гг.) занимает особое место в изучении социальной, культурной и образовательной политики раннесоветского Казахстана. Период был временем интенсивной трансформации, когда система народного образования, языковая политика и культурные инициативы формировали новую советскую идентичность и создавали основу для модернизации общества. Несмотря на значимость Наркомпроса как института, обеспечивающего культурно-образовательное развитие республики, историографическая база его изучения остаётся фрагментарной и недостаточно систематизированной. Настоящее исследование направлено на восполнение этого пробела путём проведения комплексного библиографического анализа научных публикаций, посвящённых деятельности Наркомпроса КазАССР, его кадровому составу и институциональной динамике. Цель исследования заключается в выявлении основных направлений историографического изучения Наркомпроса, систематизации существующего научного наследия и определении степени репрезентативности персоналий комиссариата в современной научной литературе. Для достижения этой цели был применён

междисциплинарный подход, включающий библиографический анализ, контент-анализ, элементы просопографии, а также визуализацию данных при помощи цифровых инструментов VOSviewer. По методологии PRISMA было отобрано 33 научные публикации для анализа и историографического осмысления. Результаты исследования показали, что ядро историографии формируется вокруг тем, связанных с институциональным развитием Наркомпроса, его ролью в ликвидации неграмотности, культурной политике и национальных образовательных инициативах. Выявлена высокая концентрация исследований, посвящённых биографиям отдельных комиссаров, таких как Ахмет Байтурсынов и Темирбек Жургунов, однако персонализированный анализ большинства членов комиссариата остаётся недостаточно разработанным. Анализ тематических кластеров ключевых слов выявил четыре ведущие тенденции: архивный поворот, интердисциплинарность, хронологическое углубление и недостаток биографических исследований. Наблюдения формируют основу для дальнейшего изучения Наркомпроса как института, отражающего сложные процессы культурной модернизации, национальной политики и социальной трансформации в Казахстане 1920-1930-х годов.

Ключевые слова: Наркомпрос КазАССР, историография, библиографический анализ, культурная модернизация, персонализированный подход, архивные исследования.

Introduction

13. Аманжолова Д.А. «Женский вопрос» в 1920-1930-е гг. в советской национальной политике: некоторые проблемы изучения // *Северо-Восточный гуманитарный вестник*. – 2024. – №2(47). – С. 22-36.
14. Шашаев А.К., Курманалина Н.Н., Шашаева М.А. Оренбургский период деятельности Общества изучения Казахстана // *Тенденции развития науки и образования*. – 2022. – №8. – С. 119-121.
15. Абдрахманова Р.Л. Влияние Октябрьской революции 1917 года на развитие системы образования Казахстана // *Россия в условиях кризисов XIX–XX веков*. – 2017. – С. 5-9.
16. Исмаилов С. С., Кожирова С. Б. Вопросы формирования Казахско-Российской границы в 1920-1930-е годы // *Gumilyov Journal of History*. – 2022. – №4(141). – С. 50-66.
17. Zhanysbai T. Ағарту халық комиссариаты қызметінің «Еңбекші Қазақ» беттерінде баяндалуы // *Journal of History*. – 2023. – Т. 108. – №1.
18. Тилеукулов Г. Из истории становления казахского института просвещения в Ташкенте // *Qazaqtany*. – 2024. – №21. – С. 17-28.
19. Law R. D. *Progressive Educators and the Professionalization of Educational Research in the USSR, 1917-1927* // *Canadian-American Slavic Studies*. – 2013. – Т. 47. – №2. – С. 200-220.
20. Nethercott F. *The excursionism project and the study of literary places (1921-1924)* // *Revue des études slaves*. – 2017. – Т. 88. – № LXXXVIII 1-2. – С. 221-235.
21. Муканова Г.К. Вехи идентичности: диаспора и первый научный казахский съезд, 1924 г. (Архивные находки) // *Scientific E-journal «edu.e-history.kz»*. – 1924. – Т. 1.
22. Жанибай С. 1920-1940 жылдардағы Түркістандағы кеңестік білім беру жүйесінің қалыптасуы // *Asian Journal "Steppe Panorama"*. – 2019. – Т. 6. – №1. – С. 92-104.
23. Исмаилов С. С. Голод в Казахской АССР в 1921-1922 годах и деятельность благотворительных обществ // *ББК 63.3 (5Каз)*. – С. 98.
24. Мухатова О.О. Идеологическое значение Наркомпроса в 1930-е гг. // *Вестник ЕНУ*. – 2023. – №2. – С. 101-107.
25. Аманжолова Д.А. Документальное кино 1920-1930-х гг. о динамике социокультурного пространства Казахской АССР. (Примечание: отсутствуют выходные данные желательно уточнить источник публикации)

Рамазан Ә.Б.  *1

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, PhD-докторант
Алматы, Қазақстан Республикасы
e-mail: makeschima@gmail.com

РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ОТАРЛЫҚ ӘКІМШІЛІК РЕФОРМАЛАРЫНЫҢ БАТЫС СІБІР ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНЕ ӘСЕРІ

Аңдатпа

Мақалада Ресей империясының XIX ғасырдың I жартысында Батыс Сібір өңіріндегі қазақтарға қатысты жүргізген отарлық әкімшілік реформаларының дәстүрлі басқару жүйесіне тигізген әсері жан-жақты талданады. Зерттеу барысында 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы Жарғы» және оның негізінде жүзеге асқан округтік басқару жүйесінің қазақ қоғамындағы билік құрылымдарының трансформациялануындағы шешуші фактор ретінде қарастырылады. Империялық биліктің негізгі мақсаты – хандық билік институтын әлсірету, дәстүрлі саяси-құқықтық жүйені біртіндеп жою және қазақ даласын орталықтандырылған әкімшілік басқару кеңістігіне енгізу болды. Жаңа реформалар ауыл, болыс, округ деңгейлеріндегі басқару лауазымдарын қайта құрылымдап, сұлтандар мен аға сұлтандарды империялық бюрократиялық иерархияға бейімделген жаңа элита ретінде қалыптастырды. Мақалада реформалардың мазмұны мен олардың саяси мақсаттары салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы талданып, қазақ қоғамының ішкі билік қатынастарына, әлеуметтік құрылымына және дәстүрлі институттардың қызметтік рөліне тигізген ықпалы зерделенеді. Сонымен қатар, Ресей әкімшілігінің басқарушы орган ретінде Батыс Сібір Бас басқармасы арқылы жүргізген бақылау жүйесі, оның қазақ даласындағы отарлық саясатты іске асырудағы тарихи рөлі айқындалады. Зерттеу нәтижесінде 1822 жылғы Жарғының қазақ қоғамында жаңа әкімшілік жүйенің орнығуына, дәстүрлі көшпелі басқару үлгілерінің әлсіреуіне және империялық басқару формаларының күшеюіне ықпал еткені анықталады. Реформалардың ұзақ мерзімді салдары ретінде қазақ даласында әлеуметтік-саяси элитаның жаңа типінің қалыптасуы және өлкеде империялық биліктің орнығуы көрсетіледі.

Кілт сөздер: Батыс Сібір әкімшілігі, Орта жүз, реформа, саясат, округ, аға сұлтан, империялық басқару, хандық билік, басқару жүйесі, әкімшілік-аумақтық бөлініс.

Рамазан Ә.Б.  *1

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
докторант PhD Алматы, Республика Казахстан
e-mail: makeschima@gmail.com

ВЛИЯНИЕ КОЛОНИАЛЬНЫХ АДМИНИСТРАТИВНЫХ РЕФОРМ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ НА ТРАДИЦИОННУЮ СИСТЕМУ УПРАВЛЕНИЯ КАЗАХОВ ЗАПАДНОЙ СИБИРИ

Аннотация

В статье всесторонне анализируется влияние колониальных административных реформ, проведенных Российской империей в первой половине XIX века в отношении казахов Западно-Сибирского региона, на традиционную систему управления. В ходе исследования рассматривается «Устав о сибирских киргизах» 1822 года и внедрённая на его основе окружная система управления как решающий фактор трансформации властных структур казахского общества. Основная цель имперской власти заключалась в ослаблении института

ханской власти, постепенной ликвидации традиционной политико-правовой системы и включении казахской степи в пространство централизованного административного управления. Новые реформы перестроили управленческие должности на уровнях аула, волости и округа, формируя из султанов и старших султанов новую элиту, адаптированную к имперской бюрократической иерархии. В статье посредством сравнительно-исторического метода анализируется содержание реформ и их политические цели, а также изучается их влияние на внутренние властные отношения, социальную структуру и функциональную роль традиционных институтов казахского общества. Кроме того, раскрывается деятельность Западно-Сибирского главного управления как органа, осуществлявшего контроль и реализовывавшего колониальную политику в степи. По итогам исследования установлено, что Устав 1822 года способствовал утверждению новой административной системы, ослаблению традиционных кочевых форм управления и усилению имперских моделей власти. Долгосрочными последствиями реформ явились формирование нового типа социально-политической элиты и укрепление имперского господства в регионе.

Ключевые слова: Ключевые слова: Западносибирская администрация, Средний жуз, реформа, политика, округ, старший султан, имперское управление, ханская власть, система управления, административно-территориальное деление.

Ramazan A.B. *1

*¹Abai Kazakh National Pedagogical University, PhD student
Almaty, Republic of Kazakhstan
e-mail: makeschima@gmail.com*

THE IMPACT OF THE RUSSIAN EMPIRE'S COLONIAL ADMINISTRATIVE REFORMS ON THE TRADITIONAL GOVERNANCE SYSTEM OF THE KAZAKHS OF WESTERN SIBERIA

Annotation

The article provides a comprehensive analysis of the impact of the Russian Empire's colonial administrative reforms carried out in the first half of the 19th century on the traditional governance system of the Kazakhs of the West Siberian region. The study examines the "Statute on the Siberian Kirghiz" of 1822 and the district-based administrative system established under it as a decisive factor in the transformation of political power structures within Kazakh society. The primary objective of the imperial administration was to weaken the institution of the khanate, gradually dismantle the traditional political and legal system, and integrate the Kazakh steppe into a centralized administrative framework. The new reforms restructured administrative positions at the aul, volost, and district levels, shaping sultans and senior sultans into a new elite adapted to the imperial bureaucratic hierarchy. Using the comparative-historical method, the article analyzes the content and political goals of the reforms and explores their influence on internal power relations, social structure, and the functional role of traditional institutions within Kazakh society. In addition, it highlights the role of the West Siberian Main Administration as the governing body that exercised imperial oversight and implemented colonial policies in the steppe. The findings demonstrate that the 1822 Statute facilitated the establishment of a new administrative order, weakened traditional nomadic governance models, and strengthened imperial forms of authority. The long-term consequences of these reforms included the emergence of a new type of socio-political elite and the consolidation of imperial domination in the region.

Keywords: West Siberian administration, Middle Zhuz, reform, policy, district, senior sultan, imperial governance, khanate authority, administrative system, administrative-territorial division.

Кіріспе. XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың II жартысына дейінгі аралығында Ресей империясының Орта Азия хандықтарына қатысты жүргізген саяси бағыты елеулі өзгерістерге ұшырады. Бұл кезеңде империя қазақ даласында мемлекеттік-саяси үстемдігін орнатуға ұмтылып, әкімшілік басқару жүйесіне бірқатар реформаларды енгізу арқылы дәстүрлі басқару құрылымдарын трансформациялауға кірісті.

Ресей әкімшілігі дәстүрлі қазақ қоғамының саяси-құқықтық негіздеріне жалпыресейлік заңдар мен жарғыларды енгізу арқылы қазақ хандарының билігіне бақылау орнатуға тырысты. Осы мақсатта олар хан сайлау институтына тікелей араласа бастады. Бұл реформалық өзгерістерді жүзеге асыруда Батыс Сібір және Орынбор әкімшіліктері шешуші рөл атқарды.

Батыс Сібірдің Бас басқармасы (1822-1882) «Сібір губернияларын басқару туралы Ереже» негізінде құрылды. Бұл аймақтағы жоғарғы әкімшілік орган болып саналды және генерал-губернатор мен кеңестен тұрды. Бас басқарма жергілікті әкімшілік органдарының қызметіне жалпы қадағалау жүргізді. Кеңес құрамына үш министрліктің (ішкі істер, қаржы және әділет) өкілдері және үш кеңесші-іс жүргізуші кірді. Бұл кеңесшілер басқарма бөлімдерін басқарып отырды [1, 4-б.].

Қазақ даласын отарлауды тереңдету және оны тікелей басқаруға көшу үшін Ресей әкімшілігі «хандық институттың» ықпалын әлсіретуге ұмтылды. Бұл бағыттағы саясаттың негізгі мақсаты – империяға адал, бағынышты жаңа басқарушы элитаны қалыптастыру болды.

XIX ғасырдың 20-жылдары қазақ қоғамындағы билік институттары елеулі өзгерістерге ұшыраған кезең болды. Бұл өзгерістер, ең алдымен, Ресей империясының Қазақстан аумағын өз құрамына толықтай қосу мақсатында жүргізген әкімшілік-территориялық реформаларымен тығыз байланысты. Империялық билік қазақ даласындағы хан-сұлтандарды әкімшілік басқару жүйесіне тарту арқылы жергілікті басқаруға ықпал етуді көздеді және реформалар енгізілген аймақтарға бақылау орнатуға ұмтылды.

1822 жылы Орта жүзде басталған алғашқы әкімшілік реформалар 1824 жылы Кіші жүзде жалғасын тапты. Бұл үдеріс барысында Орта жүз аумағында жаңа билік институттары қалыптасып, дәстүрлі басқару құрылымдары түбегейлі өзгеріске ұшырады.

Әкімшілік тұрғыдан омбылық қазақтар ауылдарға, болыстарға және округтерге (шекаралық және ішкі) бөлінді. Олар, негізінен, бір рудың болыстарынан құралуы тиіс болды. Мұндай әкімшілік-аумақтық бөлініс принципінің жүзеге асырылуы нақты саяси жағдайға байланысты мемлекетке бағынышты көшпелі халықты басқаруды жеңілдетуді, яғни қазақтардың дәстүрлі әкімшілік байланыстары мен институттарын пайдалануды көздеді. Басқару жүйесі ауылдарда – старшындардан, болыстарда – сұлтандардан, ал округ деңгейінде – аға сұлтандардан тұруы тиіс болды. Аға сұлтандар округтік басқару органдары болып табылатын округтік приказдарға төрағалық етті. Бұл алқалық әкімшілік органдар полиция және сот өкілеттіктеріне ие болды. Округтік приказ құрамына облыстық бастықтың тағайындауы бойынша екі орыс заседатель және құрметті қазақтардан сайланатын екі өкіл кірді [2, 11-б.].

Округтік приказ өз әкімшілік функцияларын канцелярия, аудармашылар және шептік казактардан құралған ішкі стража арқылы жүзеге асырды. Приказдағы іс жүргізу орыс және татар тілдерінде жүргізілді.

Заң қазақ шенеуніктерін сайлау тәртібін де айқындады. Ауыл старшындары үш жыл сайын ашық дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен сайланып, қызметке округтік приказ арқылы бекітілетін. Егер округтік приказ сайлау нәтижелерімен келіспесе, дау облыстық басқарма қарауына жіберілді. Сұлтандарға бұл атақты мұрагерлікпен беру құқығы сақталды, бірақ тек тікелей төменгі ұрпақ бойынша және бірінші туған ер балаға берілу тәртібі бекітілді. Сұлтандар дене жазаларынан босатылды. Сонымен бірге, Жарғы жергілікті әдет-ғұрыпқа сай болыс сұлтанын қоғам тарапынан сайлауды талап етті, ал сайлау нәтижелері облыстық басқармада бекітілуі тиіс болды [3, 74-б.].

Аға сұлтанды тек сұлтандардың өздері үш жыл мерзімге сайлады, ал округтік приказдың қазақ заседательдері билер мен старшындар тарапынан екі жылға сайланды. Сайлау

нәтижелері облыстық бастықтың бекітуіне ұсынылды. Заң аталған лауазымдарды қатарынан екі мерзімнен артық атқаруға тыйым салды. Көпшілік дауыс жинаған кандидат сайланған болып есептелді. Сайлау нәтижелері жария түрде мәлімделді. Осылайша, «Сібір қырғыздары туралы жарғы» (1822 ж.) қазақтардың көшпелі қоғамында жаңа басқару жүйесін орнықтырды. Бұл жүйе белгілі бір деңгейде жергілікті дәстүрлер мен басқару тәжірибесін ескеріп, Ресей империясының құрамына енген жаңа аймақ тұрғындарына ішкі Ресейдің салық төлеуші халқына қарағанда бірқатар жеңілдіктер беруді көздеді. Реформаның басты мақсаты – жаңа аумақтарды империяның саяси, экономикалық және әкімшілік кеңістігіне біртіндеп енгізу арқылы отарлық билікті орнату үдерісін саяси және материалдық шығындарды барынша азайтып, бейбіт тәсілмен жүзеге асыру болды.

Жаңа басқару жүйесі қызметтік иерархия мен лауазымдық жауапкершілікті нақтылауға бағытталды, бұл өз кезегінде дала аймақтарын тиімді әрі жүйелі түрде басқаруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, аталған әкімшілік құрылымның ішкі Ресейдегі мемлекеттік басқару моделіне ұқсастығы империяның әкімшілік ассимиляция саясатының айқын көрінісі болып табылады. Осылайша, 1822 жылғы реформалар қазақ даласында Ресей империясының отарлық билік жүйесін орнықтырудың маңызды кезеңіне айналып, дәстүрлі көшпелі басқару құрылымдарының біртіндеп ыдырауына және империялық әкімшілік жүйемен ұштасқан жаңа билік үлгісінің қалыптасуына жол ашты.

1822 жылғы Жарғының жүзеге асырылуы қазақ даласында жаңа әлеуметтік-саяси элитаның империялық әкімшілік құрылымға бейімделген сұлтандар мен шенеуніктер тобының қалыптасуына алып келді. Олар империялық басқару аппараты мен жергілікті қазақ қоғамы арасындағы дәнекер рөлін атқарып, отарлық биліктің саяси мүдделерін іске асыруда маңызды қызмет атқарды. Осы орайда, Ресей әкімшілігі тарапынан тағайындалған шенеуніктердің империялық басқару аппараты мен жергілікті қазақ қоғамы арасындағы дәнекер ретіндегі рөлі, олардың ықпал деңгейі, сондай-ақ Ресей саяси жүйесіне адалдығы мәселелері де зерттеуді қажет ететін өзекті сұрақтардың қатарында. Бұл бағытта 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғы» реформасынан кейінгі Орта жүздің билік құрылымында қызмет атқарған тұлғалардың әлеуметтік-саяси портретін архивтік деректер, тарихи құжаттар мен жарияланған материалдар негізінде зерделеу – қазақ қоғамындағы билік эволюциясын терең түсінуге мүмкіндік береді және тарихнамалық тұрғыдан маңызға ие деп есептейміз. Бұл мәселені зерттеу арқылы XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Орта жүз аумағындағы билеушілердің жаңа саяси басқару жүйесін қалыптастыру үдерісін, сондай-ақ жергілікті сұлтандар мен аға сұлтандардың жаңа әкімшілік иерархиядағы орнын айқындауға мүмкіндік туады. Жалпы, қазақ мемлекеттілігінің эволюциясы барысында айрықша маңызға ие болған аға сұлтандар институтының қызметі мен тарихи рөлін анықтау үшін оның құрылымдық және функционалдық ерекшеліктерін жан-жақты талдау өзекті болып табылады.

Аталған мәселенің өзектілігі қазіргі таңда қазақ мемлекеттілігінің эволюциясын, отарлық кезеңдегі билік жүйесінің трансформациясын және дәстүрлі басқару институттарының өзгеру сипатын тарихи тұрғыдан қайта зерделеу қажеттілігімен айқындалады. Ресей империясы енгізген отарлық реформалардың мазмұны мен салдарын талдау – Батыс Сібір қазақтарының саяси, әлеуметтік және мәдени өмірінде орын алған терең құрылымдық өзгерістердің мәнін ашуға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу барысында отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалып, Ресей империясының отарлық әкімшілік реформаларының Батыс Сібір қазақтарының дәстүрлі басқару жүйесіне әсері және мазмұнын талдау жан-жақты қарастырылды. Зерттеу жалпы тарихи талдаудың ғылыми әдістері мен методологиялық ұстанымдарына сүйенеді. Негізгі әдіс – салыстырмалы-тарихи әдіс. Аталған реформалардың саяси мақсаттары дәстүрлі билікті шектеу, орталықтандырылған басқаруды күшейту, шекаралық аймақтарды империя құрамына толық интеграциялау сияқты бағыттармен салыстырыла отырып анықталады. Бұл талдау реформалардың идеологиялық және империялық мүдделермен қаншалықты үйлескенін көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен

қатар, жүргізілген салыстырмалы талдау негізінде реформалардың Батыс Сібір қазақтарының әлеуметтік-саяси өміріндегі ұзақ мерзімді тарихи нәтижелері бағаланады. Мұнда дәстүрлі басқару институттарының әлсіреуі, империялық бюрократиялық жүйенің орнығуы және бұл үдерістердің қазақ қоғамының кейінгі тарихи дамуына ықпалы салыстырмалы-тарихи контексте қарастырылады.

Тарихилық принципіне сәйкес, зерттеу материалы оқиғалардың уақыттық ретімен беріледі, тарихи деректер мен оқиғалар нақты тарихи жағдайлармен үйлесімді түрде өзара байланыста талданады. Зерттеудің объективтілігі әртүрлі дереккөздерді кеңінен тарту, зерттеу нысанына қатысты материалдарды жан-жақты қарастыру арқылы қамтамасыз етіледі.

XVIII-XIX ғасырдың бас кезеңіндегі қазақ даласындағы саяси-экономикалық өзгерістер мен Ресей империясы жүзеге асырған әкімшілік реформалар сол кезеңдегі зерттеушілердің, жиһанкездердің, сондай-ақ патша үкіметінің шенеуніктерінің мемуарлық еңбектерінде көрініс тапқан. Әсіресе, XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Орта жүздің Ресей империясының құрамына қосылу үдерісі, орыс-қазақ қатынастары және 1822 жылғы әкімшілік реформа ережелеріне қатысты мәселелер төңкеріске дейінгі зерттеушілердің еңбектерінде өзіндік көзқарас тұрғысынан талданған. Бұл еңбектерде 1822 жылғы Орта жүз реформаның біртұтас отарлық әкімшілік саясаттың кезеңдері ретінде қарастырды.

Аталған кезеңді зерттеген авторлардың қатарында А.И. Левшин [4], И.Крафт [5], А.И.Добросмыслов [6] сынды зерттеушілердің еңбектері ерекше маңызға ие. Бұл авторлардың еңбектері Ресей империясының қазақ даласындағы жүргізген саясатына тікелей қатысқан немесе сол саясаттың салдарын зерттеген тұлғалар ретінде құнды дереккөз болып табылады. Олардың зерттеулері этнографиялық, әкімшілік және тарихи сипаттағы мәліметтермен ерекшеленіп, аймақтың сол кезеңдегі әлеуметтік-саяси ахуалын сипаттауда маңызды ғылыми негіз қалайды.

Қазақ даласында жүргізілген әкімшілік реформаларды зерттеу тұрғысынан Н.Г. Аполлова еңбектері айрықша мәнге ие. Империялық саясаттың ұлттық шет аймақтардағы әртүрлі бағыттары бойынша бай фактілік материалға сүйене отырып, зерттеуші қалыптасқан стереотиптердің басым бөлігін теріске шығарды. Ол көптеген нақты деректерді келтіре отырып, ресейлік үкіметтің мақсатты және кезең-кезеңмен әрекет еткенін, қазақ даласын империя құрамына біртіндеп интеграциялау саясатын жүргізгенін дәлелдеді. Бұл саясат қалаларды құру, отырықшылықты ынталандыру, азаматтық құқықтар, сауда және салық салу салаларында әртүрлі бостандықтарды беру арқылы жүзеге асырылды [7].

Зерттеуші Л.М. Дамешек 1822 жылғы реформаларды империяның шет аймақтарына қатысты алғашқы кешенді өңірлік заңнама тәжірибесі деп қарастырады. Бұл реформалар этникалық және географиялық ерекшеліктерді ескере отырып, орталық билік пен аймақ арасындағы мүдделерді үйлестіруді мақсат еткен. Мұндай көзқарас аталмыш реформаларды тек әкімшілік жүйені қайта құру емес, сонымен қатар қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси құрылымын ескере отырып, империялық кеңістікке бейімдеу әрекеті ретінде бағалауға мүмкіндік береді. Оның негізгі көзқарасында Орта жүздегі реформа: «... қазақ даласындағы дәстүрлі билік институттарын, соның ішінде хандық билікті әлсіретуге бағытталған империялық саясаттың құрамдас бөлігі» ретінде қарастырады. Бұл саясат арқылы Ресей билігі Орта жүзді империялық әкімшілік жүйеге тереңірек енгізуді көздеген [8].

Зерттеуші А.В. Ремнёв 1822 жылғы реформалардың Ресей империясының империялық кеңістікті орталықтандыру саясатының бір бөлігі ретінде түсіндіреді. Жарғының негізгі мақсаты – қазақ даласын әскери-әкімшілік құрылымға енгізу, сыртқы шептердегі басқаруды қатаң иерархияға түсіру, шекаралық қауіпсіздікті нығайту. Жарғы қазақ қоғамының басқару жүйесін империялық азаматтық-әкімшілік нормаларға бейімдеуге бағытталған модернизациялық акт ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, А.В. Ремнёв Орта жүздегі хандық биліктің Жарғы негізінде кезең-кезеңмен және құқықтық жолмен жойылғанын атап өтеді [1].

Д.В. Васильев 1822 жылғы Жарғының әкімшілік жүйесін егжей-тегжейлі талдай келе: бұл процесті орталық биліктің шекаралық кеңістікті біртіндеп бағындыру стратегиясы ретінде қарастырады. Жарғы енгізілгеннен кейін қазақ қоғамының дәстүрлі саяси институттарын ыдырату арқылы империялық басқару вертикалын қалыптастырғанын көрсетеді [2].

Отандық зерттеуші Т.Т. Далаева XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік өзгерістерді жан-жақты талдаған бірнеше көлемді еңбектер жазды. Автор соның ішінде тақырыпқа қатысты мақаласында қазақ қоғамындағы әлеуметтік құрылым мен әкімшілік билік жүйесіндегі күрделі өзгерістерді түсіндіреді. Әсіресе, жаңа билік өкілдерінің лауазымдық міндеттері, қызмет барысында қолданған басқару әдістері және Ресей империясына қызмет ету тәсілдері жүйелі түрде қарастырылады [9].

XIX ғасырдың соңынан XX ғасырдың басына дейінгі кезеңде Сібір әкімшілігінің қазақ жеріндегі басқару құрылымын, жергілікті халықтың әлеуметтік-саяси жағдайын, жекелеген реформалар мен аймақаралық қарым-қатынастар тұрғысынан зерттеген Ж.А. Ермекбай болды. Ол әкімшілік реформалардың (округ, болыс, ауыл) қазақтардың дәстүрлі құрылымына өзгеріс енгізіп, хандық институттың жойылу процесін зерттейді [10].

Зерттеу барысында отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері жан-жақты қарастырылды. Мәтін тарихи деректерге және ғылыми көзқарастарға сүйене отырып, Ресей империясының Батыс Сібір қазақтарына қатысты отарлық әкімшілік реформаларының тарихи, әлеуметтік және саяси мәнін жан-жақты ашып береді. Зерттеу салыстырмалы-тарихи әдісті қолдану арқылы реформалардың идеологиялық, империялық және әлеуметтік әсерін анықтауға мүмкіндік береді.

Ресей империясының XIX ғасырдағы отарлық әкімшілік реформаларының Батыс Сібір аймағындағы қазақтардың дәстүрлі басқару жүйесіне тигізген ықпалын талдау, реформалардың мазмұны мен мәнін анықтау және олардың жергілікті әлеуметтік-саяси құрылымға, билік институттарына, қоғамдық қатынастарға әсерін ғылыми тұрғыда бағалау. Осы мақсатқа жету үшін келесідей міндеттерге жету көзделеді:

- Батыс Сібір қазақтарының дәстүрлі басқару жүйесінің тарихи негіздерін сипаттау;
- Ресей империясының Батыс Сібір өңірінде жүргізген әкімшілік реформаларының мазмұнын талдау;
- Аталған реформалардың дәстүрлі билік құрылымын өзгертуге бағытталған саяси мақсаттарын анықтау;
- Округтік басқару енгізілуінің қазақ қоғамындағы билік қатынастарына әсерін көрсету;
- Отарлық реформалардың әлеуметтік-экономикалық салдарын зерттеу;
- Реформалардың Батыс Сібір қазақтарының әлеуметтік-саяси өмірінде ұзақ мерзімді тарихи нәтижелерін бағалау.

Талқылау. Әлемдік тарихта әртүрлі халықтарды, діндер мен мәдениеттерді біртұтас мемлекет шеңберінде бейбіт және өзара тиімді біріктіру мүмкіндігі мәселесі әрдайым өзекті болып табылады. Ресейдің көрнекті мемлекет қайраткері, Сібірдің генерал-губернаторы граф М.М. Сперанский 1819-1822 жылдары Сібірді басқару жүйесіне көлемді реформа жүргізіп, оны Батыс және Шығыс генерал-губернаторлықтарына бөлді. Батыс Сібірдің әкімшілік орталығы бастапқыда Тобылда, ал 1839 жылдан бастап Омбыда орналасып, оның құрамына Тобыл, Том және Омбы облыстары, сондай-ақ Орта жүз бен Ұлы жүздің бір бөлігін қамтитын қазақ жерлері енгізілді. Бұл өңір ресми түрде «Сібір қырғыздары облысы» деп аталды [7, 85-б.].

Ертіс өзенінен тыс дала аумағында Сібір қазақтарының облысын ішкі және сыртқы округтерге бөлу ұсынылды: 1823 жылы шекаралық аймақта 4 ішкі округ ашылды, ал 1822 жылғы Жарғыға сәйкес 8 сыртқы округ ұйымдастырылуы тиіс болды. Бұған орай, сол жерлерге ресейлік шенеуніктерді тағайындау және жергілікті қазақ аристократиясының өкілдерін жергілікті басқаруға тарту қажет болды. Сыртқы округтердің басқару орталығы ретінде округтік приказ белгіленді, оған қазақтар үшін аға сұлтан және екі заседателі лауазымдары бекітілді [9, 72-б.].

XIX ғасырдың басына қарай Жетісу және Орта жүздегі хандық билік әлсірей бастады [11, 60-б.]. С.Б. Броневскийдің пікірінше, хандар мен сұлтандар арасындағы бәсекелестік хандық биліктің әлсіреуіне себеп болды. Хандардың өздері мен олардың төлеңгіттері қатысқан ішкі қақтығыстар даладағы олардың беделін төмендеткен. Сонымен қатар, мықты сұлтандар мен билердің бағынбаушылығы да билікке кері әсерін тигізген. Осыған орай, хандар «күшті Ресейдің қорғауына жүгінуге және оның кеңпейілділігінде қорғау іздеуге» мәжбүр болды [12, 80-б.]. С.Б. Броневскийдің тұжырымы қазақ даласындағы хандық биліктің әлсіреуін тек сыртқы отарлық саясатпен ғана емес, сонымен қатар ішкі саяси қайшылықтармен және билік құрылымының эволюциялық дағдарысымен байланыстыра қарастырудың ғылыми негізділігін дәлелдейді.

Жаңа қосылған аумақтарды тиімді басқару мақсатында Батыс Сібір генерал-губернаторлығы құрамында Омбы облысы құрылды. Батыс Сібір генерал-губернаторлығының қарауына өткен қазақтың көшпелі қауымдарын басқару үшін М.М.Сперанский арнайы «Сібір қырғыздары туралы Жарғыны» әзірледі, ол 1822 жылы бекітілді. Аталған Жарғыға сәйкес қазақ даласының аумағы округтерге, округтер болыстарға, ал болыстар ауылдарға бөлінді. Әр округке шамамен 15-20 болыс, әр болысқа 10-12 ауыл, ал бір ауылға 50-70 түтін кірді [4, 400-б.]. Округтерді қалыптастыру барысында қазақтың қыстаулары негізгі өлшем ретінде алынғаны белгілі.

Округтер әкімшілік-аумақтық принцип бойынша ұйымдастырылғанымен, қазақтардың дәстүрлі ру-тайпалық жүйесі, олардың көш маршруттары белгілі бір дәрежеде ескерілгені байқалады. Алайда жаңа округтер қазақ руларының тарихи көші-қон ареалынан тысқары да орналаса бастады, бұл империялық әкімшілік жүйенің үстемдігін күшейтуге бағытталған қадам болды.

Округтік басқару немесе округтік приказ құрамына аға сұлтан және төрт заседатель (екі орыс, екі қазақ өкілі) енді. Заседательдер жергілікті халық арасынан сайланып, облыстық билік тарапынан бекітілетін. Бұл құрылым империяның жергілікті элитаны отарлық басқару жүйесіне тарту арқылы билікті нығайтудың тиімді тетігі болғанын көрсетеді.

Сыртқы округтік приказы құрамындағы қазақ заседательдерінің лауазымдық қызметі туралы Т.Далаеваның зерттеу мақаласында жан-жақты қарастырылған. Автор 2012-2014 жылдары жүргізілген «Казахское чиновничество в XIX–XX вв.: формирование, структура, персоналии» жобасын жүзеге асыру аясында дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік өзгерістерді талдау арқылы 1822-1868 жылдары Батыс Сібір генерал-губернаторлығының сыртқы округтік приказдарында қызмет еткен қазақ шенеуніктерінің мәртебесіне ғылыми сипаттама береді [9, 72-б.]. Мақалада Сыртқы округтік приказы құрамындағы қазақ заседательдерінің қызметі іс жүзінде 1824 жылдың сәуір айынан бастап 1868 жылдың 31 желтоқсанына дейін қызмет еткен. Қазақ заседательдері Ресей империясының әкімшілік қызметкері мәртебесін алды: 1822 жылғы Жарғыда оларға шенеуніктерге тән барлық атрибуттарды беру көзделді. Атап айтқанда, заседатель лауазымын белгілі бір сынып дәрежесіне теңестіру, қазақ заседательдерін штаттық бірлікке енгізу, оларға жалақы тағайындау, сондай-ақ ресми марапаттарға ие болу мүмкіндігін қарастыру қарастырылған. Жарлықтағы заседатель лауазымы IX классқа сәйкес болған. 1824 жылы олардың жалақысы жылына 200 рубльді құрады. Кейінгі кезеңдерде лауазымдық еңбекақы мөлшері қысқарған: мысалы, 1846 жылы ол жылына шамамен 57 күміс рубль болды. Сол шамадағы жалақы 1854 жылдың мамырынан бастап Семей ішкі округтік приказының қазақ заседательдеріне де белгіленді. Ол жылына 58 күміс рубль, лауазым дәрежесі IX класс ретінде сақталды.

1822 жылғы Жарғының 20-параграфында заседатель лауазымын алу тәртібі мен оған үміткер бола алатын қазақ қоғамының әлеуметтік тобы анықталды: «Приказда... құрметті қырғыздар (қазақтар – Р.Ә.) арасынан сайланатын екі заседатель қатысады». Ал сайлау тәртібі мен сайлаушылар құрамы Жарғының 36-40 баптарында белгіленген [9, 73-б.].

Округтердің басында округтік приказы тұрды, ал округті басқару құқығы шыңғыс ұрпақтарынан үш жыл мерзімге сайланатын аға сұлтанға жүктелді. «1822 жылғы Жарғының»

51-параграфында: «Аға сұлтан Ресей қызметіндегі майор шенінде барлық жерде мойындалуға және құрметтелуге тиіс...» деп көрсетілсе, 52-параграфта: «Мерзімді қызметін аяқтаған соң да аға сұлтан құрметті сұлтандар санатына енгізіледі және үш мерзім бойы қызмет еткен жағдайда Ресей империясы дворяндығына кандидатурасын ұсынуға құқық алады...» деп жазылған [4, 400-б.].

Болыстарды болыс сұлтандары басқарды және олар округтік приказға бағынды. Ауылдарды үш жылға сайланатын, тұрғындар тарапынан бекітіліп, округтік приказ арқылы рәсімделетін ауыл старшындары басқарды. Ауыл старшындары болыс сұлтанына тікелей бағынышты болды.

1822 жылғы реформаның ең маңызды салдары – хандық биліктің жойылуы еді. Сібір зерттеушілерінің пікірінше, «1822 жылы Сперанский бастамасымен құрылған Сібір қырғыздары облысының түпкі мақсаты – Ресейдің Дала өңіріндегі әскери-стратегиялық ықпалын күшейту болды» [8, 86-б.]. Шын мәнінде, жаңа басқару құрылымын енгізуге 1817 жылы Бөкей ханның, ал 1819 жылы Орта жүз ханы Уәлидің қайтыс болуы тарихи алғышарт жасады. Осы жағдайды тиімді пайдаланған Ресей билігі хандық билікті мүлде жоюды және енді жаңа хан тағайындамауды мақсатты түрде шешті. Мұның өзі қазақтың көшпелі аймақтарын империяның ішкі әкімшілік-аумақтық басқару жүйесіне барынша жақындатуға бағытталған саяси қадам болатын.

Орта жүздегі барлық билеушілер Патшалық үкіметтің талаптарын орындаған жоқ, олардың ішінде Ғубайдулла, Уәли хан, Саржан Қасымов және Қамбар Шах Ниязов. Мәселен, Ғубайдулла Орта жүзде хандық билікті жоюға және оны Көкшетау округінің аға сұлтаны ретінде тағайындауға қарсы шықты. 1824 жылы қытайлар оның әрекетінен хабар алып, Баянауылға экспедиция жіберді. Ғубайдулла ұсталып, заң бойынша іс жүргізу үшін казак әскерімен Омбыға жеткізілді [12, 77-б.].

Жарғыға сәйкес, 1823 жылы төрт ішкі (шекаралық) және сегіз сыртқы округ құрылды. Округтік приказда сыртқы округтерді басқару мақсатында аға сұлтан және екі заседатель лауазымы белгіленді.

1838 жылы «Сібір қазақтарын басқару шекаралық басқармасы» бөлінді, ал 1854 жылы сыртқы округтер құрамынан Семей облысы және Сібір қазақтары облысы құрылды. Яғни, 1854 жылға дейін олардың өз басқармасы болмады. Сондай-ақ, 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы Жарғы» да, 1838 жылғы «Ережелер» қазақтардың құқықтық мәртебесін нақты реттеуге құқықтық негіз бермеді.

«Сібір қырғыздары туралы Жарғының» мазмұны Орта жүздегі хандық биліктің толық жойылуын және қазақ жерлерінің Ресей империясының құрамына біржола енгізілгенін айғақтайды. 1822 жылы жаңа әкімшілік жүйе енгізілгеннен кейін бұл өңір 1917 жылға дейін Батыс Сібір, кейіннен Далалық генерал-губернаторлықтың құрамында болды.

Қазақ даласын басқару, мемлекет меншігі деп жарияланған жерлер арқылы сыртқы округтер желісі арқылы жүзеге асырылды. 1824 жылы алғашқы Қарқаралы және Көкшетау округтік приказы құрылды, ал 1832 жылы Ақмола округі ұйымдастырылды. Бұл округтік приказы жаңа аймақтарды отарлау мен бақылауды күшейтуге арналған тірек пункттеріне айналды.

1836 жылы Омбы облысында жеті сыртқы округ болды: Көкшетау, Қарқаралы, Аягөз, Ақмола, Баян-Ауыл, Үшбұлақ, Аманқарағай округтері. Ұлттық құрамы айқын айырмашылық көрсетті: ішкі округтерде – орыс халқы 89,84%, қазақтар 9,7%, ал сыртқы округтерде қазақтар 99,41%, орыс халқы 0,58% ғана болды [6, 12-б.]. Бұл басқару жүйесінің этникалық бөлу принципі бойынша құрылғанын дәлелдейді.

Патша әкімшілігі қазақ даласында жалпыимпериялық заңдарға негізделген жаңа сот жүйесін енгізді. Дегенмен, ауылдық деңгейде би соты сақталып, оның қарауына кішігірім азаматтық даулар берілді. Алайда тонау, билікке қарсы әрекет, мемлекеттік опасыздық сияқты қылмыстар империялық заңдар негізінде қаралды [13, 416-б.].

Қорыта келе, 1822 жылы қабылданған Жарғы Қазақ даласын Ресей империясының әкімшілік, құқықтық және әлеуметтік кеңістігіне біртіндеп енгізуге бағытталған кешенді нормативтік құжат болды. Петербург зерттеушісі И.И. Верняевтің пікірінше, бұл Жарғы «бір мезетте екі міндетті іске асырды: бір жағынан – империялық кеңістікке интеграциялау, екінші жағынан – жергілікті халықтың салыстырмалы автономиясын және дәстүрлі өмір салтын сақтауға мүмкіндік беру» [14, 161-б.].

Зерттеу нәтижесі. XIX ғасырдың бірінші онжылдығынан бастап Ресей империясының отарлық саясаты қазақ даласын кешенді түрде отарлау бағытында жүргізілді. Бұл отарлау жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жойып, жергілікті халықтың салт-дәстүрі мен тұрмысын елемей, өңірде саяси билікті басқару жаңа әдістерін енгізуді көздеді. 1822-1868 жылдар аралығында Сібір қырғыздарының (қазіргі қазақтар – Р.Ә.) Омбы шекаралық басқармасы қорындағы тарихи құжаттардың кіріспесінде бұл туралы нақты әрі жан-жақты айтылады. Ол зерттеуші О.Қуанбайдың ғылыми мақаласында келесі мәтін түрінде ұсынылған: «XIX ғасырдың 20-жылдарынан бастап патшалық үкімет Қазақстандағы шексіз билігін сақтауға тырысты. Осы мақсатта хан билігін жоюды бастап, өңірді басқарудың жаңа жүйесін енгізді. 1822 жылы «Сібір қырғыздарына (қазіргі қазақтар – Р.Ә.) арналған Жарғы шығарылды. Сол жарлыққа сәйкес, Орта жүз ханының билігі шектелді және Орта жүз территориясы әкімшілік тұрғыдан жоғарғы сұлтан басқарған округтерге бөлінді. Бұл басқару топтарына феодалдар мен патша әкімшілігінің өкілдері кірді» [15, 69-б.].

1822 жылғы қабылданған реформа қазақтың көшпелі ортасында жергілікті дәстүрлерді едәуір дәрежеде ескеретін жаңа басқару жүйесін қалыптастырды. Бұл құжаттар империя құрамына жаңадан қабылданған халықтарға Ресейдің ішкі аймақтарындағы салықтық міндеткерлігі бар тұрғындармен салыстырғанда бірқатар елеулі жеңілдіктер берді, сондай-ақ қазақтарды империялық кеңістікке кіріктіруде күш қолданбайтын, біртіндеп бейімдеу тәсілін көздеді.

Аталған шаралардың негізгі мақсаты – жаңа аумақтарды мемлекеттік құрылымның қалыпты тіршілігіне кезең-кезеңімен қосу, сонымен бірге саяси және материалдық шығындарды барынша азайту болды. Жаңа әкімшілік жүйе қызметтік иерархияны нақтылап, лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін күшейтті. Бұл өз кезегінде Дала аймағын бақылауға және басқаруға қолайлы аумаққа айналдыруды көздеді.

Жаңадан енгізілген басқару құрылымының Ресейдің ішкі губернияларындағы әкімшілік модельмен үндес болуы империяның далалық өңірді әкімшілік ассимиляциялау бағытын ұстанғанын айқын көрсетеді. 1822 жылы М.М. Сперанский жүргізген реформаға сәйкес, уездтік деңгейден бастап ұлттық элита өкілдері басқаруға тартылды. Хан институты жойылғаннан кейін жоғары лауазымды қазақтарды басқаруға қосу Ресей империясына бағыну фактын жұмсартуға бағытталған маңызды шара болды.

Отарлаудың негізгі құралдарының бірі – көшпелі халықтың әл-ауқатын әлсірету, олардың материалдық құндылығын азайту және қазақтарға әлеуметтік-экономикалық қысым жасау үшін отарлық заңдарды, мысалы, үй салығы мен мал салығын қолдану болды. Әрбір үйдің әлеуметтік жағдайы әлсіреген сайын, олар жергілікті әкімшілік пен отарлық басқаруға бағынуға мәжбүр болды. Сонымен қатар, әкімшілік жіктеу, қоныстандыруды қайта ұйымдастыру, мал шаруашылығының тіркелуі және қысқы жайылымдардың рәсімделуі, сондай-ақ малға салық салудың заңдастырылуы отарлаудың күшейтілген саясатының көрінісі болды.

1868 жылға дейін жаңа басқару жүйесі негізінде қызмет еткен қазақ лауазымды тұлғалардың құрамы қалыптасқан деп айтуға болады. Бір жағынан, олар ресейлік басқару тәжірибесінің жеткізушілері болды, екінші жағынан – өздеріне бағынатын қазақтардың мүдделерін әртүрлі даулы жағдайларда қорғауға бағытталған шешімдер ұсынды. Мұндай жағдайлар 1822-1868 жылдар аралығында заңнамалық нормаларды жүзеге асыру барысында төтенше түрде орын алған.

Жоғарыда қарастырылған деректер, жекелеген зерттеушілердің еңбектеріне жасалған қорытынды бойынша 3 негізгі нәтижені ұсынамыз:

Дәстүрлі билік институттарының әлсіреуі. 1822 жылғы Жарғы дәстүрлі хандық биліктің құқықтары мен беделін шектеу арқылы Орта жүздегі басқару құрылымын өзгертті. Хандық билік жүйесі айтарлықтай әкімшілік функцияларын жоғалтты, бұл қазақ қоғамындағы дәстүрлі басқару институттарының әлсіреуіне әкелді.

Империялық әкімшілік жүйеге интеграциялау. Жарғы Орта жүз аумағын Ресей империясының әскери-әкімшілік құрылымына енгізу, округтік және болыстық басқару бірліктерін қалыптастыру арқылы орталықтандырылған әкімшіліктің негізін қалады. Бұл реформалар қазақ жерлерінің империялық бақылауға өтуін қамтамасыз етіп, Ресей бюрократиялық жүйесінің кеңеюіне ықпал етті.

Әлеуметтік-саяси құрылымның трансформациясы. Жарғының енгізілуі қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастарға әсер етіп, бай және ықпалды ру басыларын жергілікті әкімшілікке тарту арқылы биліктің жаңа иерархиясын қалыптастырды. Сонымен қатар, халыққа салынған жаңа салықтар қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті күшейтті.

Қазақтарды империялық қызметке тартуға байланысты қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер ресейлік кеңістікке бейімделу тәжірибесінің әрі қарай дамуына негіз болды, сондай-ақ қазақ көшпелі қоғамы үшін жаңа болып саналатын XIX-XX ғасырдың басындағы Ресей империясының экономикалық, саяси және мәдени нормаларын қабылдауға дайындық жағдайын қалыптастырды.

Қорытынды. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ даласына қатысты Ресей заңнамасына жасалған зерттеулер бұл кезеңде, әсіресе Сібір ведомствосына қараған Орта жүз аумағында, ресейлік басқарудың дербес әрі біртіндеп қалыптасқан жүйенің болғанын көрсетеді. Бұл өңірдегі әкімшілік жүйе жалпыимпериялық әкімшілік-аумақтық қағидаттарға сүйене отырып құрылды. Мемлекеттік басқаруды тиімді ұйымдастыру мақсатында жергілікті дәстүрлерді ресми әкімшілік талаптарына бейімдеу кезең-кезеңімен жүргізілді. Сонымен қатар, көршілес Ұлы жүз аймағында әртүрлі саяси, геосаяси және ішкі әлеуметтік себептерге байланысты басқарудың барлық деңгейлерін толық қамтитын біртұтас әкімшілік жүйе дәл осы кезеңде қалыптаса қоймады. Бұл айырмашылықтар империяның аймақтардағы саяси стратегиясының біркелкі еместігін және жергілікті жағдайға қарай бейімделгенін аңғартады. Жүргізілген зерттеу нәтижелері Ресей империясының Қазақ даласындағы саясаты оптималды әкімшілік модельді іздестіру, басқару тетіктерін сынақтан өткізу және оларды одан әрі бүкіл өңірге қолдану бағытымен сипатталған деген ғылыми гипотезаны ұсынуға мүмкіндік береді. Мұндағы түпкі мақсат – аймақты империялық мемлекеттік жүйенің ажырамас бөлігіне айналдыру, сонымен қатар жергілікті ішкі саяси ахуалды, халықаралық жағдайды және көшпелі қоғамның құрылымдық ерекшеліктерін ескеру болды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазақ даласындағы хандық билік, ру ақсақалдары мен билер институттары ғасырлар бойы қалыптасқан ішкі өзін-өзі басқару тәжірибесіне сүйеніп, қоғамның саяси тұрақтылығын қамтамасыз еткен маңызды құрылым болған. Бұл жүйе Ресей империясының әкімшілік реформаларына дейін қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастарды реттеудің негізгі тетігі қызметін атқарды. Бұл реформалардың мазмұнын салыстырмалы түрде талдау олардың түпкі мақсаты – өңірді тікелей орталықтандырылған басқаруға көшіру және отарлық бақылауды күшейту болғанын айғақтайды.

Округтік басқарудың енгізілуі қазақ қоғамындағы билік қатынастарына елеулі өзгерістер әкелді. Хандық биліктің жойылуы, аға сұлтандық жүйенің енгізілуі және сайлау тәртібінің өзгеруі дәстүрлі билік иелерінің ықпалын әлсіретіп, жаңа әлеуметтік-саяси элитаның қалыптасуына жол ашты. Сонымен қатар, империялық шенеуніктерге тәуелді басқару тетіктері қазақтардың автономды шешім қабылдау мүмкіндігін шектеп, биліктің иерархиялық сипатын күшейтті.

Отарлық реформалардың әлеуметтік-экономикалық салдары да айқын байқалды: жер қатынастарының өзгеруі, көшпелі шаруашылыққа қойылған әкімшілік шектеулер, алым-

салықтың жаңа түрлерінің енгізілуі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымына ұзақ мерзімді ықпал етті. Бұл өзгерістер көшпелілердің дәстүрлі шаруашылық үлгісіне қайшы келіп, отарлық тәуелділіктің тереңдеуіне әкелді.

Жалпы алғанда, аталған реформалардың тарихи нәтижелері Батыс Сібір қазақтарының әлеуметтік-саяси өмірінде ұзақ мерзімді трансформациялық үдерістерді туындатты. Дәстүрлі басқару жүйесінің ыдырауы, жаңа әкімшілік құрылымдардың орнығуы және отарлық басқарудың күшеюі өңірдің қоғамдық дамуына тікелей әсер етті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ремнёв А.В. *Самодержавие и Сибирь. Административная политика в первой половине XIX в.* – Омск: Изд-во Ом. ун-та, 1995. – 236 с.
2. Васильев Д.В. *Реформы управления казахами Западносибирского ведомства в первой половине XIX в.* // *Вестник Омского университета. Серия «Исторические науки».* – 2015. – №3(7). – С. 10-15.
3. Васильев Д.В. *Россия и Казахская степь: административная политика и статус окраины. XVIII – первая половина XIX века.* – М: Политическая энциклопедия, 2014. – 471 с.
4. Левшин А.И. *Описание киргиз-казацких, или киргиз-кайсацких орд и степей.* – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.
5. Крафт И. *Принятие киргизами русского подданства.* – Оренбург, 1897. – С. 38-47.
6. Добросмыслов А.И. *Тургайская область. Исторический очерк* // *Известия ОИРГО.* – Тверь, Т. 1. Вып. 2. 1902. – 524 с.
7. Аполлова Н.Г. *Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII – начале XIX в.* / *Акад. наук СССР. Ин-т истории.* – М.: Изд-во Акад. наук СССР, 1960. – 456 с.
8. Дамешек Л.М. *Сибирские реформы М.М. Сперанского: опыт административного регулирования интересов центра и региона.* – Иркутск: Изд-во ИГУ, 2017. – 339 с.
9. Далаева Т.Т. *Казахские заседатели внешних окружных приказов Западной сибир (1822-1868 гг.)* // *Уральский исторический Вестник.* – 2019. – №2(63). – С. 71-78.
10. Ермекбай Ж.А. *Сибирская администрация и казахи (20-е гг. XIX в. – 20-е гг. XX в.)* // *Известия Иркутского государственного университета. Серия «История».* – 2017. – Т. 21. – С. 37-43.
11. Мартин В. *Закон и обычай в степи: Казахи Среднего жуза и российский колониализм в XIX веке.* – Алматы: ЦОП КазАТиСО. – 282 с.
12. Броневский С.Б. *О пришествии Китайцев к горам Баян-Аул / Записки Генерал-Майора Броневского. О Киргиз-Кайсаках средней Орды* // *Отечественные записки. Август, 1830.* – Ч. XLI. Кн. CXX. – СПб.: 1830. – С. 75-89.
13. Ремнев А.В. *История образования Омской области // Степной край: зона взаимодействия русского и казахского народов (XVIII-XX вв.): тез. докл. и сообщений Междунар. науч. конф., посвящ. 175-летию образования Омск. обл.* – Омск: Омск. гос. ун-т, 1998. – С. 6-14.
14. Верняев И.И. *Бурятское общество и сибирский генерал-губернатор Михаил Сперанский* // *Вестник Санкт-Петербургского университета. История.* – 2017. – Т. 62. Вып. 1. – С. 148-163.
15. Қуанбай О.Б. *Колониальная политика Российской империй в отношении казахов Западно-сибирского генерал-губернаторства в архивных документах (II половина XIX в.)* // *Отан тарихы.* – 2021. – №3(95). – С. 67-74.

References:

1. Remnyov A.V. *Samoderzhavie i Sibir'. Administrativnaya politika v pervoi polovine XIX v.* [Autocracy and Siberia. Administrative policy in the first half of the 19th century]. Omsk, 1995. 236 s. [in Russian]
2. Vasil'ev D.V. *Reformy upravleniya kazahami Zapadnosibirskogo vedomstva v pervoi polovine XIX v.* [Reforms in the management of Kazakhs of the West Siberian Department in the first half of the 19th century] // *Vestnik Omskogo universiteta. Seriya «Istoricheskie nauki»*. 2015. №3(7). S. 10-15. [in Russian]
3. Vasil'ev D.V. *Rossiya i Kazahskaya step': administrativnaya politika i status okrainy. XVIII – pervaya polovina XIX veka* [Russia and the Kazakh Steppe: administrative policy and the status of the outskirts. XVIII – the first half of the XIX century]. M., 2014. 471 s. [in Russian]
4. Levshin A.I. *Opisanie kirgiz-kazach'ih, ili kirgiz-kajsackih ord i stepei* [Description of the Kirghiz-Cossack or Kirghiz-Kaisak hordes and steppes]. Almaty: Sanat, 1996. 656 s. [in Russian]
5. Kraft I. *Prinyatie kirgizami russkogo poddanstva* [The adoption of Russian citizenship by the Kyrgyz]. Orenburg, 1897. S. 38-47. [in Russian]
6. Dobrosmyslov A.I. *Turgaiskaya oblast'. Istoricheskii ocherk* [Turgai region. Historical sketch] // *Izvestiya OIRGO. Tver', T. 1. Vyp. 2. 1902*. 524 s. [in Russian]
7. Apollonova N.G. *Ekonomicheskie i politicheskie svyazi Kazakhstana s Rossiei v XVIII – nachale XIX v.* [Economic and political relations of Kazakhstan with Russia in the XVIII – early XIX century.] // *Akad. nauk SSSR. In-t istorii*. M., 1960. 456 s. [in Russian]
8. Dameshek L.M. *Sibirskie reformy M.M. Speranskogo: opyt administrativnogo regulirovaniya interesov centra i regiona* [M.M. Speransky's Siberian reforms: the experience of administrative regulation of the interests of the center and the region]. Irkutsk, 2017. 339 s. [in Russian]
9. Dalaeva T.T. *Kazahskie zasedateli vnesnih okružnyh prikazov Zapadnoi Sibiri (1822-1868 gg.)* [Kazakh assessors of the outer district orders of Western Siberia (1822-1868)] // *Ural'ski istoricheskii Vestnik*. 2019. №2(63). S. 71-78. [in Russian]
10. Ermekbai Zh.A. *Sibirskaya administraciya i kazahi (20-e gg. XIX v. – 20-e gg. XX v.)* [The Siberian administration and the Kazakhs (the 1920s of the XIX century – the 20s of the XX century)] // *Izvestiya Irkutskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya «Istoriya»*. 2017. S. 37-43. [in Russian]
11. Martin V. *Zakon i obychai v stepi: Kazahi Srednego zhuza i rossiskii kolonializm v XIX veke* [Law and Custom in the Steppe: Kazakhs of the Middle Zhuz and Russian Colonialism in the 19th Century]. Almaty. 282 s. [in Russian]
12. Bronevskii S.B. *O prishestvii Kitaicev k goram Bayan-Aul* [About the coming of the Chinese to the Bayan-Aul Mountains] / *Zapiski General-Maiora Bronevskago. O Kirgiz-Kaisakah srednei Ordy* // *Otechestvennye zapiski*. Avgust, 1830. 1830. S. 75-89. [in Russian]
13. Remnev A.V. *Istoriya obrazovaniya Omskoi oblasti // Stepnoi krai: zona vzaimodeistviya russkogo i kazhskogo narodov (XVIII-XX vv.)* [The history of education of the Omsk region // Steppe region: a zone of interaction between the Russian and Kazakh peoples (XVIII-XX centuries)]: tez. dokl. i soobshchenii Mezhdunar. nauch. konf., posvyashch. 175-letiyu obrazovaniya Omsk. obl. Omsk: Omsk. gos. un-t, 1998. S. 6-14. [in Russian]
14. Vernyaev I.I. *Buryatskoe obshchestvo i sibirskii general-gubernator Mihail Speranskii* [The Buryat Society and the Siberian Governor-General Mikhail Speransky] // *Vestnik Sankt-Peterburgskogo universiteta. Istoriya*. 2017. T. 62. S. 148-163. [in Russian]
15. Kuanbai O.B. *Kolonial'naya politika Rossiiskoi imperii v otnoshenii kazahov Zapadno sibirskogo general-gubernatorstva v arhivnykh dokumentakh (II polovina XIX v.)* [Colonial policy of the Russian Empire in relation to the Kazakhs of the Western Siberian general government in archival documents (II half of the XIX century)] // *Otan tarihy*. 2021. №3(95). S. 67-74. [in Russian].

Отыншиева Г.Т. *¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты,
Алматы қ., Қазақстан
E-mail: gauhar_798@mail.ru*

КЕҢЕС БИЛІГІ ҮШІН КҮМӘНДІ БОЛҒАН МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада Кеңестік Социалистік Республикалар Одағында 1917-1953 жылдары адам еңбегін жазалау және қанау үшін қолданылған әртүрлі әдістеріне тоқталып, Мұхтар Әуезов пен Қайым Мұхамедханұлына қарсы ұйымдастырылған қуғын-сүргіннің себебі қарастырылған. Бұл жылдар халықтың, әсіресе, зиялы қауымның ғылымдағы, әдебиет пен өнердегі шығармашылығы «космополитизммен», «идеясыздықпен» ұштастырылып, онымен күресуде репрессиялық шаралардың жаңа толқыны пайда болды. Әрбір заманның жақсылығымен қатар ауырпашылығы да қатар жүреді десек, қазақ жазушылары Мұхтар Әуезов пен Қайым Мұхамедханұлы қазақ тарихын әдебиетпен ұштастыра зерттегені үшін қуғын-сүргіннен тартқан тауқыметі олардың кейінгі өмірін азапқа салды. Сталиннің қайтыс болғанына дейін (1953) қазақ ғылымы мен әдебиеті саяси идеологияның ызғарына ұшырады. Соның салдарынан еліміз қаншама ұлтжанды азаматтарынан айырылғаны тарих беттерінен мәлім.

Мақаланың мақсаты – Мұхтар Әуезов және Қайым Мұхамедханұлының заңсыз қуғындалуын зерттеу арқылы ХХ ғасырдағы кеңес билігінің адамзатқа қарсы бағытталған сталиндік қуғын-сүргін кезеңі туралы жазылған зерттеулерге жаңа өлшем қосуға болатынын көрсету. Мақалада қазақ жазушыларының тарих пен салт-дәстүрді өрнектеген шығармаларына тағылған айыптаулар мен оларды жоюдың түрлі жолдары қарастырылып, өткені мен бүгіні салыстырылды.

Кілт сөздер: КСРО, космополитизм, ұлтжандылық, әдебиет, пьеса, спектакль, роман, фольклор, драматургия, мәдени мұра.

Алғыс: Мақала Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жас зерттеушілерінің ғылыми жобаларын іске асыруға арналған 2025 жылғы «03» 04 №05-04/250 бұйрық негізінде қаржыландырған «ХХ ғасырдың 30-50 жж. қуғындалған жазушылар (М.Әуезов пен Қ.Мұхамедханұлы және т.б. мысалында)» жобасы аясында дайындалды

Отыншиева Г.Т. *¹

*¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан
E-mail: gauhar_798@mail.ru*

ТВОРЧЕСТВО МУХТАРА АУЕЗОВА И КАЙИМА МУХАМЕДХАНУЛЫ, СКЕПТИЧЕСКИ ОТНОСИВШИХСЯ К СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ

Аннотация

В данной статье рассматриваются различные методы наказания и эксплуатации человеческого труда в Союзе Советских Социалистических Республик в 1917-1953 годах, а также причины организованных репрессий против Мухтара Ауэзова и Кайыма Мухамедханулы. Эти годы ознаменовались сочетанием творческого потенциала народа, особенно интеллигенции, в науке, литературе и искусстве с «космополитизмом» и «идеологией», и для борьбы с этим началась новая волна репрессий. Если говорить о том, что

у каждой эпохи есть свои положительные и отрицательные стороны, то лишения, которые претерпели казахские писатели Мухтар Ауэзов и Кайым Мухамедханулы от репрессий за изучение казахской истории в сочетании с литературой, сделали их дальнейшую жизнь невыносимой. Вплоть до смерти Сталина (1953) казахская наука и литература находились под гнетом политической идеологии. В результате, как известно из страниц истории, наша страна потеряла многих патриотически настроенных граждан.

Цель статьи - показать, что изучение незаконного преследования Мухтара Ауэзова и Кайыма Мухамедханулы позволяет придать новое измерение исследованиям сталинских репрессий, направленных против человечества советским режимом в XX веке. В статье рассматриваются обвинения, выдвинутые против произведений казахских писателей, отражающих историю и традиции, и различные способы их искоренения, а также проводится сравнение прошлого и настоящего.

Ключевые слова: СССР, космополитизм, национализм, литература, пьеса, спектакль, роман, фольклор, драматургия, культурное наследие.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках проекта «Репрессированные писатели 30-50-х гг. XX века (на примере М.Ауэзова, К.Мухамедханулы и др.)», реализуемого и финансируемого на основании приказа №05-04/250 от «03» апреля 2025 года о поддержке научных проектов молодых исследователей Казахского национального педагогического университета имени Абая.

Otynshieva G.T. *

¹Master's Degree, Senior Lecturer, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan

E-mail: gauhartas7@mail.ru

THE WORKS OF MUKHTAR AUEZOV AND KAYYIM MUKHAMETKHANULY, WHO WERE SKEPTICISTS OF SOVIET POWER

Abstract

This article examines the various methods of punishment and exploitation of human labor in the Union of Soviet Socialist Republics from 1917 to 1953, as well as the reasons for the organized repressions against Mukhtar Aueзов and Kaiym Mukhamedkhanuly. These years were marked by the combination of the people's creative potential, particularly the intelligentsia, in science, literature, and art with "cosmopolitanism" and "ideology," and a new wave of repression was launched to combat this. While every era has its positive and negative aspects, the hardships suffered by Kazakh writers Mukhtar Aueзов and Kaiym Mukhamedkhanuly from repression for their study of Kazakh history and literature made their subsequent lives unbearable. Until Stalin's death in 1953, Kazakh science and literature remained under the oppression of political ideology. As a result, as history tells us, our country lost many patriotic citizens.

The purpose of this article is to demonstrate that studying the unlawful persecution of Mukhtar Aueзов and Kaiym Mukhamedkhanuly adds a new dimension to research into the Stalinist repressions perpetrated against humanity by the Soviet regime in the 20th century. The article examines the accusations leveled against the works of Kazakh writers that reflect history and traditions, as well as the various methods used to eradicate them, and compares the past and present.

Keywords: USSR, cosmopolitanism, nationalism, literature, play, performance, novel, folklore, drama, cultural heritage.

Acknowledgements. This article was prepared within the framework of the project "Repressed Writers of the 1930s-1950s of the 20th Century (on the Example of M.Aueзов, K.Mukhamedkhanuly, and Others)", implemented and funded pursuant to Order No. 05-04/250 dated April 3, 2025, on the support of research projects of young scholars at Abai Kazakh National Pedagogical University.

Кіріспе. 1940-шы жылдары «Дүние жүзіндегі ең озық әдебиет – кеңес әдебиетінің күші – ол халық мүддесін, мемлекет мүддесін көздейді, оның одан басқа мүддесі жоқ және болуы мүмкін емес» деген мазмұндағы кеңес билігімен қабылданған қаулылар жазушылар мен зерттеушілерге нені жазу керектігін айқындап, оны орындаудың мерзімдерін нақты көрсетті. Жаппай қуғын-сүргінге назар аудара отырып, біз сталиндік дәуірде халыққа қарсы жүргізілген жазалау шараларының нәтижесінде орын алған өзгерістерді, сондай-ақ оның Мұхтар Әуезов пен Қайым Мұхамедханұлының өмірінде орын алғанын кеңірек қарастырамыз. Нәтижесінде кеңестер билігі бұрынғысынша алып елдің билігін сақтап қалуға ғана емес, сонымен бірге әрбір жеке тұлғаға, оның ерік-жігеріне, мүдделеріне, «заман талабына» нақты жауап іздеуге, өмірін өзгертуге, өз болашағын құруға деген талпыныстарына үстемдік етуге ұмтылғандығы анықталды. Зерттеу барысында Мұхтар Әуезов және Қайым Мұхамедханұлының шығармашылығы кеңес билігі үшін күмәнді болғандығы жазушылар туралы еңбектерде бірер сөзбен ғана сипатталғанын көруге болады.

Бүгінгі таңда Мұхтар Әуезов пен Қайым Мұхамедханұлының мұрасын қайта қарау, жаңаша зерделеу ұлттық әдебиеттану ғылымын зерттеуде өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Қай кезеңде де ұлтжанды азаматтарды таныту, оны мойындау мен мойындату оңай болмаған. 1989 жылы архивтер ішінара ашылғаннан кейін бұл мәселе бойынша пікірталас аяқталуы керек еді, бірақ бітпеді. Тарихшылардың жаңа ұрпағының басым көпшілігі қуғын-сүргіннің кеңістігіне ғана жүгінеді, ал бүгінгі таңда тарих оның жаңа әдістемелерін қарастыруды қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда Мұхтар Әуезов пен Қайым Мұхамедханұлының әдеби мұрасын зерттеудің маңыздылығы жоғары. Сондай-ақ, зерттеу жұмысы қазақ халқының тарихы мен дәстүріне байланысты жазылған тарихи, ғылыми, әдеби туындылардың авторларын қуғындау шараларының жүзеге асырылу кезінде орын алған қайшылықтарды жаңа көзқарас тұрғысынан талдауды қажет ететін тақырыптардың бірі.

Материалдар мен әдістері.

Материалдар. Сталиндік жазалау жүйенің үшінші кезеңі КСРО көлемінде әртүрлі жолмен жүзеге асырылды. Қуғын-сүргінге ұшыраған халықтардың зиялы қауымы қуғын-сүргіннің ең ауыр түрлерін өткерді. Кеңес Одағында және бүгінде Қазақстанда адамдардың қалай жазаланғаны туралы көптеген жалпы болжамдарда, мысалы, қылмыскерлер әрқашан «Сібірге жіберілді» деген түсінік көп тараған. Шын мәнінде, Кеңес Одағындағы жазалау мен қуғын-сүргін үлгілері өте ауқымды және күрделі болғандықтан, нақтырақ айтсақ, КСРО құрамындағы республикалардың мәдениет қайраткерлері сол елден шығарылмады. Көпшілігі жазасын өз елінде өтеген. Бұл Джудит Паллот және Софья Гаврилованың «Сталиндік жаппай қуғын-сүргін пейзаждарын картаға түсіру» атты зерттеуінде үш кеңістіктік шкала бойынша қарастырылған [1]. Онда КСРО-дағы қуғын-сүргін кезеңіндегі жазалау шараларының қай уақытта қалай жүзеге асырылғанының ерекше үлгілері көрсетілген. Ал деМериттің тұжырымдауы бойынша: КСРО-да Ұлы Отан соғысынан кейін жүргізілген қуғын-сүргінде мемлекеттің өз азаматтарына қарсы күш қолдануы, олардың құқықтарын бұзуы әскери, экономикалық немесе саяси мақсаттарға жету үшін пайдаланылған [2]. Сол сияқты Л.Ханидің пікірі бойынша: «КСРО-да болған қуғын-сүргін кезіндегі «ұлтшылдық» мәселесін зерттеу кеңестік коммунизмнің мұрасын дұрыс түсіну үшін, оның қараңғы жағын ашуды көрсетеді. Тарихшылар үшін мұрағаттардан жиналған деректерді визуализациялау ұлтшылдыққа байланысты жасалған қуғын-сүргінді зерттеудің жаңа мүмкіндіктерін ашады» [3].

Француз ғалымы Жюльетта Кадियोның «Соғыс уақытындағы және соғыстан кейінгі сталинизмдегі құқық пен әділдік» атты еңбегінде Кеңес Одағында соғыс кезінде және соғыстан кейінгі кезеңде жаппай болған кеңестік азаматтардың соттары бүгінгі күнге дейін сирек зерттеу нысаны болғандығының себептері қарастырылған [4]. Онда автор, әскери қылмыскерлер мен азаматтарды қудалау көп жағынан Сталиннің басшылығы үшін маңызды болды және оның бұрын жаулап алынған Батыс аумақтарында ғана емес, бүкіл Кеңес Одағында, соның ішінде Орталық Азия республикаларында соғыстан кейінгі жылдары маңызды бөлігі болғандығы туралы ой қорытады. Екінші дүниежүзілік соғыс Сталиннің

үкіметі мен қоғамына қатты әсер етті және көп жағынан кеңестік тарих үшін де, сталиндік кезеңдегі тарих үшін де бетбұрыс болды. «Сталиндік диктатураның соңғы жылдарындағы қуғын-сүргін 1930 жылдардағы оқиғалармен көп жағынан байланысты, бірақ соған қарамастан өз алдына бір кезең болды. Автор: «Соғыс кезіндегі және соғыстан кейінгі кеңестік әділет жүйесінің дамуы барлық қуғын-сүргін кезеңдері өзара байланысты болды», - деген тұжырым жасайды.

Е.Н. Евсеева мен Т.Ю. Красовицкаяның зерттеуінде, 1946 жылы Бүкілодақтық коммунистік (большевиктер) Орталық Комитетінің әдеби-көркем журналдар, кинематография және театр шығармашылығы туралы жарық көрген қаулыларының мазмұны талданған [5]. Онда сталиндік режим мәдениеттің рухани өмірде кеңінен қолданылатын салаларының қызмет ету жолына айқындық әкелгісі келгендігіне байланысты мәселелер көтерілген. Аталған авторлардың зерттеуінде, кеңес жазушыларының баспасөз беттерінде елеулі де сәтті шығармаларымен қатар билік үшін идеясыз, идеялық жағынан зиянды шығармалар деп танылған әдеби туындылардың авторларын қуғындау шаралары қарастырылған.

Әдістері. Мақалада берілген мәліметтердің нені көрсететініне қатысты түсінбеушілік КСРО кезінде, кеңестік тарих, кеңестік БАҚ және цензура жүйесі саналы жалған ақпарат таратқан кездерін жүйелі түрде талдауды қажет етеді. Автор жүйелеу әдісі арқылы мақалада кеңестік қуғын-сүргіннің күрделілігін қарастыра отырып, осы оқиғаларды басынан өткерген Мұхтар Әуезов және Қайым Мұхамедханұлының өмір тәжірибесіне оның әсері мен олардың бүгінгі күні қалай есте қалғаны туралы деректерді бір жүйеге келтіреді. Бұл мақалада біз Сталин дәуіріндегі қазақ жазушыларына қарсы ұйымдастырылған зорлық-зомбылықты, жыртықшылық пен аяусыз жазалауды материалдық факт, өмір тәжірибесі және резонансты естелік ретінде талдаймыз.

Мұхтар Әуезов және Қайым Мұхамедханұлы туралы жазылған материалдарды ғылыми тұрғыда талдауда салыстырмалы әдіс қолданылды. Бұл зерттеудің жаңа мүмкіндіктерін ашады. Бұл арқылы мақалада қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ жазушыларының қазақ халқының әдебиетіндегі ұлттық дәстүрлер мен ерекшеліктеріне арналған әдеби шығармаларының сынға алынуының себептері отандық және шетелдік авторлардың зерттеулері негізінде анықталды. Биліктің жазалау шараларының ауқымы және оның адамдар мен әлеуметтік топтарға қарсы қолданылған күрделілігі кеңестік репрессия кезіндегі мәдениет қайраткерлерінің қуғын-сүргінге ұшырау себебінің тарихын жазуды қиындатады.

Нәтиже және талқылау

Кеңестік кезеңде Сталиннің бесжылдық жоспарлары жаңа құрылыстарды, зауыттарды, қалаларды, теміржолдарды, орасан зор әскери-өнеркәсіп кешенін құруды, шаруа қожалығын алып астық зауыттарымен алмастыруды және оны Сталиндік жоспармен өзгертуді (1948 ж.) қамтыды. Бұл қайта құрулар орасан зор адам шығынымен жүзеге асырылды. Ол Кеңес өкіметінің алғашқы екі онжылдығында құрылған және одан кейін жалғасқан ерекше қылмыстық монолиттің күрделі, өзара байланысты мекемелерінің ықпалында болды [1, 9 б.]. Бүкілодақтық коммунистік (большевиктер) Орталық Комитеті 1946 жылы 26 тамызда «Драмалық театрлардың репертуары және оны жақсарту шаралары туралы» қаулы қабылдайды. Онда: «Театрларда буржуазиялық эстетиканың соңғы ұрпақтарының партияға қарсы тобы қалыптасқан. Бұл сыншылар кеңес халқы алдындағы жауапкершілігін жоғалтты, олар бұл істерімен қоғамда жиіркенішті және дұшпандық тудыратын буржуазиялық космополитизмнің тасымалдаушылары. Олар кеңестік әдебиеттің дамуына кедергі келтіруде. Оларды біз, Отан мен халқына деген салауатты сүйіспеншілік сезімінен айырылған, жан дүниесінде арам пиғыл мен өркениеттіліктен айырылған осынау эстетикалық беймәлімділіктерді біржолата тоқтатуымыз керек», - деп жазылған [5, 3 б.].

«Космополитизм» сөзіне Совет энциклопедиялық сөздігінде: патриоттық дәстүрлерді, тәуелсіздік пен ұлттық мәдениетті жоққа шығару туралы реакциялық уағыз, - деген түсініктеме берілген [5, 9 б.]. Кеңестік әдебиетті қадағалауға алған биліктің Мұхтар Әуезов пен Қайым Мұхамедханұлын күмәнді жазушылар санатына енгізуі кезінде орын алған заңсыз

жала жабу, соттау және т.б. жазалау әрекеттерін зерттеу репрессияның қоғамға кері әсерінің мазмұнын ашады.

Кеңестер билігімен қабылданған партиялық шешімдердің барлығы жалпыхалықтық талқылауға шығарылып, оны ұйымдастыруда билік бірнеше мақсатты көздеді. Алдымен зиялы қауымға «Өнер халықтікі» екені ескертілді. Зиялы қауым – бұл қызметінің негізгі мақсаты «халыққа қызмет ету» болып табылатын білімді адамдар санаты. Ал егер «халық» түсінбесе, кеңес жазушыларымен ұсынылған шығарманы «керек етпесе», мәдениет қайраткерлеріне қойылатын басты талап – кеңес адамдарына түсінікті туындылар жасауды бағындыруы керек. Билік «жалпыхалықтық талқылауды» кеңестік қоғамды ойлайтын және күмәнділердің шығармашылығына әсер ету құралы ретінде пайдаланды.

Бұл туралы Ресей ғалымдары Е.Н. Евсеева мен Т.Ю. Красовицкая: партия органдары халыққа билікке қарамай, дауыстап сөйлеуге мүмкіндік бере отырып, сол арқылы адамдардағы жағымсыз сезімдерден арылуға, соғыстан кейінгі кезеңнің ақталмаған үміттері мен орындалмаған армандарына сыннан арылуға ықпал етті. Бұл арқылы қарапайым кеңес азаматы өзінің үлкен саясатқа, жоғарғы биліктің шешім қабылдау процесіне «араласуы» туралы жалған түсінікке ие болды, - деген пікір айтады [5, 5 б.]. Сондай-ақ авторлар, осы оқиғалардың астарында Сталиннің тұлғасы айқын көрінгенін айтады: «И.Сталин кеңес әдебиеті мен киносындағы соңғы жаңалықтарды мұқият қадағалады. Ол үшін Кремльде фильмдерді көруге арналған арнайы зал жабдықталған. Қуғын-сүргін кезінде И.Сталин қашықтықты сақтай білді. Олардың бастамасымен басшы әділдікті қорғаушы болып көрінді» [5, 5 б.].

Осы кеңестік кезеңде қазақ жазушылары Мұхтар Әуезов пен Қайым Мұхамедханұлы ғылыми зерттеулерін қазақ әдебиеті тарихына арнаған. Олар әдебиеттану мен фольклордың теориялық-проблемалық мәселелері туралы еңбектер жазды. Қазақ ақыны, жазушы Абай Құнанбаевтың шығармалары Мұхтар Әуезов пен Қайым Мұхамедханұлының ғылыми зерттеуіне арқау болды. Жазушылардың тарих сырына үңіліп, туған қазағының салт-дәстүрін суреттеп, ұлтжанды ойларын толғап, ұлттық сананы оятуға бағытталған ғылыми еңбектері кеңестер билігімен «ұлтшылдық пиғылдағы шығармалар» деп бағаланды.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдарда ғылым орасан зор шығынға ұшырады. Көптеген ғылым мен ғылыми-зерттеу салаларында партия органдарының араласуы орын алды. Күдікке ілінген жазушылардың еңбектері зиянды және антимаркстік деп танылды [5, 7 б.]. Осы кезде қазақ жазушылары Мұхтар Әуезов пен Қайым Мұхамедханұлының еңбектері күмәнді шығармалар қатарына енгізілді.

Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы әлемге танымал. Оның 30-дан астам драмалық шығармалары және жекелеген пьесалары 50-ден асады. Мұхтар Әуезовтың алғашқы туындыларының бірі «Еңлік-Кебек» шығармасы 1922 жылы Орынбор қаласында басылып шығарылған. Бұл пьесаны Мұхтар Әуезов өңдеп 1943 жылы қайта жазады. «Еңлік-Кебек» пьесасын арқылы Мұхтар Әуезов екі жастың махаббатын үлгі ете отырып, қазақ халқын дамуға, өркениетке шақырады. Мұхтар Әуезовтың «Түнгі сарын» шығармасында таптық тартыс адам тағдырлары арқылы бейнеленген. Бұл қазақ драматургиясында жағымды кейіпкерлер проблемасын шешкен шығармалардың бірі. Сонымен қатар оның «Октябрь үшін», «Тартыс» пьесаларын реалистік драма десек, «Хан Кене» трагедиясы азаттық идеясы негізінде жазылған. Мұхтар Әуезовтың «Қарагөз» туындысы жазушылар тарапынан: ескі көшпелі өмірді мадақтады, - деген сынға ұшырайды [6, 1 б.].

Голощекин: «Мұхтар Әуезов алашшыл, оңшыл, қазақ ұлтының астыртын ұйымына қатысып Қазақстандағы кеңестер науқанының мазмұнын бұрмалау мақсатын көздеді. Ол Орталық Азия басшыларының қозғалысына жетекшілік жасап, сондай қозғалысты Қазақстанда да ұйымдастыруға әрекет жасады. Ол Кеңес үкіметін құлатуды алдына мақсат етіп қойған», - деген жалған пікір айтты [7, 1 б.]. Мұхтар Әуезовтың драматургиясындағы басты ерекшелік қазақ халқының әлеуметтік өміріндегі өзара қақтығыстан туындаған тартыстарды көрсету еді.

Мұхтар Әуезов Алаш қозғалысының көсемдерімен бірге 1930 жылы 16 қыркүйекте тұтқындалды. Оның қағаздары тәркіленді. Екі жыл абақтыға тоғытылып, өзінің билікке кінәсін мойындап жазған «Ашық хаты» үшін жазасы жеңілдетілген. Еркіндіктің құны үшін Мұхтар Әуезов өз хатында Абай туралы зерттеулерімен қоса, басқа да шығармаларынан бас тартады. Сол үшін ол абақтыдан босатылып, ағартушылық саласында қызмет етуге рұқсат алған [7, 1 б.].

Мұхтар Әуезовтың ұлы Мұрат Әуезов өзінің сұқбатында: «Бұл хаттар шын мәнісінде ешқандай да мойындаулар емес еді. Бұл батыл адамның озбыр саясатқа қарсы туындаған ойы, ғажап, мағыналы хаттар», деген баға берген.

«...Әкем 1937 жылдардағы қуғын-сүргіннің легінен аман қалды, бірақ жұрт одан теріс айналды. Оның пьесалары театр репертуарларынан алынып тасталды және өзі жұмыстан қуылды. Алайда әкеме берілген Сталин сыйлығы оны 1952-53 жылдардағы қуғын-сүргіннен аман алып қала алмады», - дейді ұлы Мұрат Әуезов. Осыдан кейін Мұхтар Әуезов Мәскеуге кетуге мәжбүр болған [7, 1 б.].

Кейіннен кеңестік жазушылармен Мұхтар Әуезовтің «Қаракөз» пьесасы мен «Қилы заман» повесінде буржуазиялық ұлтшылдық көрінісі болғанымен ол өзінің айыптауларын мойындап, кеңес әдебиетінің озық идеялары оның шығармашылығының өрісін ашады деген сипатта ақтаулар айтылды [8, 15 б.]. Дегенменде, «Қазақ әдебиетінің» 1937 жылғы 20 қазандағы санында жарияланған мақалада: Мұхтар Әуезов өз қателігін мойындап кеңес әдебиеті бағытында жұмыс жасауға берген уәдесі жалған, - деп сыналады. 1932 жылы Мұхтар Әуезовтың «Түнгі сарын» пьесасы негізінде «Қилы заман» пьесасы жазылған, ол ұлтшылдық пен байшылдықты жақтап жазған деген айыптаулар қайта өршиді. Сонымен қатар мақалада оның «Алма бағында», «Тастүлек» пьесалары кеңес жастарының ұстанымына қарама-қайшы деп айыпталған [9, 1 б.]. Мұхтар Әуезовтың Л.Мирзоянға ақталып хат жолдауына себеп болған осы мақала болатын.

Бұл шығармалары үшін Мұхтар Әуезовке таңылған «ұлтшылдық пен ескіні көксеу» деген жала, құр сылтау ғана болды. Осы кездегі әдеби шығармаларды тексеру мақсатында жүргізілген жиындардан соң, жазушылардың оған көніп, жол беруден басқа амалдары болмады. Осы қуғын-сүргіннен аман қалған Мұхтар Әуезов сияқты жазушылар кеңестер билігін мойындау емес, ұлт үшін күрестің жаңа жолына ауысты.

Б. Жүнісбеков өзінің Мұхтар Әуезов туралы естелігінде: Кеңестер қоғамында әдебиет пен ғылымды қатаң қадағалауға алған большевиктер партиясы әділетті қоғам құру туралы жалған ұрандармен қазақ зиялыларының көпшілігін, ерікті немесе еріксіз түрде өз саясатының насихаттаушыларына айналдырды, - деген тұжырым айтады [9, 1 б.].

Мұхтар Әуезов өзінің Сәбит Мұқановқа жазған хатында: «Өткеніме үңіліп, ойлануға, өткенге сын көзбен қарауға шақырамын. Мен Алашорданың ешқайсысында болмадым, Кеңес өкіметіне қарсы жазбадым, менің жаңадан бастаған кеңес қызметкері ретіндегі шығармашылығым оңаша жол болды» деп жазған [10, 58 б.]. Бірақ сонда да Сәбит Мұқанов Мұхтар Әуезов туралы: «ондаған жылдар бойы кеңестік жүйеге қарсы жұмыс істеген ол, кеңестік қоғамдағы өзгерістерді білмейді» - деген тұжырым айтады [10, 59 б.].

Мұхтар Әуезов Сәбит Мұқановқа жауап ретінде былай деп жазған: «Кеңес елін сыйлаған адам оның азаматын да, заңын да сыйлауы керек, ал сенімсіздік танытқан, жөнсіздік қылған адам заң алдында жауап беруі тиіс» [10, 60 б.]. Бұдан Мұхтар Әуезовтың өмір бойы әдеби шығармашылықпен тәуелсіз, еркін айналыса алмағандығын көруге болады және оған таңылған жалған айыптаулар оның соңғы өміріне дейін жалғасқанын көрсетеді.

Мұхтар Әуезовтың мәдени мұрасы туралы Қ.Жүсіп: Тағдыр жазушының болмысында үш тұлпарды қатар табиғаттандырған. Жазушыға ғалымдық қасиет берілген. Ол өмірге ғылыми зерттеушілікпен қарайды, өз шығармасымен де, ғылымымен де ұстаздық, ғалымдық, ғұламалық, кемеңгерлік, даналық арқылы халықты тәрбиелейді, - деп жазды [11, 18 б.].

Мұхтар Әуезов 1954 жылы Мәскеуден елге оралған соң «Абай жолы» роман-эпопеясын түпкілікті аяқтайды, оған Сталиннің билік басынан кетуі себеп болғаны анық. Мұрат Әуезов

әкесі Мұхтар Әуезовтың Мәскеуге кетуі туралы былай дейді: «Әкем, 1952 жылы қырғыз халқының ұлы эпосы «Манасты» сақтап қалуға оның қауіпті екенін білсе де, саналы түрде жұмыс атқарды. Осы ісі үшін оны қолға түсіреміз деген ордер жазылған екен, сондықтан оның достары оған Мәскеуге кетуге көмектескен. Мен әкемнің бұл ісін мақтаныш деп білемін» [12, 1 б.]. Биліктің космополитизмге қарсы күресі 1940 жылдардың аяғында елдің рухани өміріне, мәдениеті мен ғылымының дамуына елеулі зиянын тигізді. КСРО-ның әлемдік қоғамдық пікірдегі беделіне ұзақ уақыт нұқсан келтірді [5, 9 б.].

Осыған байланысты Стивен Уиткрофт өзінің «Кеңес репрессиясының статистикалық көрсеткіштері және оның бізге не айтатынын түсінуге қарай» атты еңбегінде бірнеше тұжырымдар жасайды. Онда: «репрессияны зерттей отырып, біз жеке адамдардың өмірі қалай күшпен тежелгенін және бұл қуғын-сүргін әрекеттерінің халықтың және болашақ ұрпақтарына қандай әсер еткенін көреміз. Соңғысы адамдардан аман қалуды және осы әрекеттерден хабардар болуды талап етеді. Жасырын жаппай қырып-жоюлар халықты Кеңес өкіметіне бітіспес дұшпандық деп есептеген барлық азаматтарды жоюға бағытталған ірі репрессиялық әрекеттер болды. Біз бұл қуғын-сүргіннің абсолютті ауқымын өлшей аламыз: Қанша адам толығымен қуғын-сүргінге ұшырады (атуылды), қаншасы уақытша қуғын-сүргінге ұшырады (әр түрлі мерзімге әртүрлі түзеу мекемелерінде түрмеде болды). Бірақ бұл террорлық әсердің қандай болғанын көрсетпейді» [13, 188 б.]. Мұхтар Әуезов пен Қайым Мұхамедханұлының қуғын-сүргіннен жәбірленуі, қорқыныш сезімін сезінуі, олардың қуғындалуы отбасыларына да әсер еткендігі автордың пікірін растайды. Бұл зорлық-зомбылық пен террордың анық емес шарттарында оңай жоғалып кететін өмірлік маңызды айырмашылықтар.

Абай шығармашылығын зерттеген қазақ жазушысы Қайым Мұхамедханұлы Семей қаласы мен облысындағы мәдени-ағартушылық қоғамдық жұмыстар атқарған. Ол 1940 жылы құрылған Абай музейін ұйымдастыруға тікелей атсалысқан. Бұл музей ашылғаннан бастап Қайым Мұхамедханұлы онда аға ғылыми қызметкер болып жұмыс істеген. Оның алғашқы басылымдары 1936 жылдан басталады. 1938-1939 жылдары жергілікті газетте «Семей облысының жас ақындарының шығармашылығы туралы», М.Әуезовтің «Шекарада», Ғ.Мүсірепов, «Қыз-Жібек» пьесаларының театр қойылымдары туралы, Ш.Хұсайыновтың «Боран», Қ.Сағировтың «Ер-Тарғын», қазақтың тұңғыш фильмі «Амангелді», М.Горький туралы, Н.Островский туралы сегіз әдеби-сын мақалалары жарияланған. Ал 1933 жылы республикалық «Әдебиет және өнер» журналының №9 санында «Абай атындағы Семей театрының шығармашылығы туралы» мақаласы жарияланды [14, 7 п.]. Жазушының бұл мақалаларында кеңестік билікке наразылық мүлдем жоқ. Дегенменде оның қазақ тарихын әдебиетпен байланыстыра зерттеуі кеңес билігінің жаңадан ойлап тапқан идеологиясын бұрмалауға кедергі келтірді. Себебі, кеңес билігі Ресей империясының тарихын түбегейлі жоққа шығаруды көздеді. Сол себепті алдағы уақытта жазушылардың мұндай мазмұнда зерттеу жұмыстарын жүргізуіне тосқауыл қойды.

Қайым Мұхамедханұлы 1940 жылы студенттік жылдарының аяғында Абайдың ақындық шәкірттерінің шығармашылығы туралы Ақылбай Ибраһимұлы Құнанбаевтың «Дағыстан» және «Зудус» поэмалары, Мағауия Ибраһимұлы Құнанбаевтың «Медғат-Қасым» және «Еңлік-Кебек», «Ақын-сатирик Әубәкір Абаев» «Абайдың әдеби мектебі» деген жалпы атаумен «Ариға Тәңірбергеновтың өмірі мен шығармашылығы» және т.б. баспаға шығарған. Сөйтіп, студенттік жылдары ғылыми және ғылыми-көпшілік сипаттағы отыз мақаласы жарық көрген. 1937-1940-шы жылдары 20 өлеңі мен екі поэмасы жарыққа шыққан. Осы жылдары әйгілі эзирбайжан композиторы Узеир Гаджибековтің «Аршин мал алан» атты танымал музыкалық комедиясын қазақ тіліне аударған. Бұл пьесаны Семей облыстық қазақ театры мен Абай атындағы республикалық опера және балет театрында қойылған [14, 2 п.]. Қайым Мұхамедханұлымен атқарылған жұмыстар қазақ әдебиеті мен драмалық театрлардың репертуарларын дамытуға бағытталған.

Ұлы Отан соғысынан кейін кеңестер билігі қабылдаған қаулыларда, драматургтер мен театрларда пьесалар мен спектакльдердің мазмұны кеңес қоғамының өмірін, оның үздіксіз алға жылжуын көрсетуге, Ұлы Отан соғысы жылдарында ашылған кеңес азаматтары мінезінің ең жақсы жақтарын одан әрі дамытуға барлық жағынан ықпал етуі тиіс еді. Сонымен қатар бұл қаулылар арқылы билік театрларды жыл сайын Орталық Комитеттің идеологиялық-көркемдік тұрғысында кемінде екі-үш қойылым қоюға міндеттеді [5, 5 б.].

Қайым Мұхамедханұлы 1942-1947 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының Семей облысы бойынша уәкілетті өкілі қызметін атқарды. 1947 жылдан бастап Абай музейі Ғылым академиясына берілгеннен кейін Қазақ КСР Ғылым академиясы Абайдың мемлекеттік әдеби музейінің директоры қызметін атқарды. Ол осы қызметтерді ұстаздықпен ұштастырып, бірнеше жыл Бүкілодақтық саяси және ғылыми білім тарату қоғамының Семей бөлімшесінде қызмет етті. Абай музейі мен тарихи-өлкетану музейі кеңесінің және Абай атындағы облыстық музыкалық-драма театры көркемдік кеңесінің мүшесі болды [15, 2 п.].

1951 жылы Абайтанушы Қайым Мұхамедханұлы өзінің зерттеулері үшін Кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық әрекеттегі жазушы ретінде тұтқындалып, қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Тергеу барысында, Қайым Мұхамедханұлы кеңес үкіметіне қарсы ұлтшылдық үгіт-насихат жүргізіп, қазақ әдебиеті саласында ұлтшылдық бағытта қазақтың ұлы ақыны Абай және оның ақындық мұрасы туралы тарихи деректерді бұрмалаған деген жала жабылған болатын [15, 1 п.].

Қайым Мұхамедханұлы 1951 – ші жылы тұтқындалғаннан кейін 1955 жылы ақталып, бостандыққа шығады. Осы 1955 жылдан 1959 жылға дейін оның Абайтану бойынша он бір мақаласы жарық көрді. Ол екі монография шығарды: «Мағауя Ибрагимұлы Құнанбаев. Өмірі мен шығармашылығы» және «Абай шығармаларының текстологиясы» [15, 4 п.]. Тұтқындалуының алдында Қайым Мұхамедханұлы Қазмемәдебаспасында «Абай шеңбері ақындарының шығармалар жинағын» (М.О. Әуезовтің алғысөзі, жинақ, өмірбаяндары мен түсіндірмесі Қ.Мұхамедханұлы) басып шығарды, ол кейін библиографиялық сирекке айналды [15, 3 п.]. Бұл кездері Қайым Мұхамедханұлы өзінің шығармашылығын кеңестік емес қазақ халқының ұлттық тарихымен байланыстырды. Сол үшін жазушының шығармашылығы күдікке ілінді. Осы кезеңде халықтың қуғын-сүргін жүйесіне іліккен бөлігі шынымен де шарасыз күйде болды. Қуғын-сүргін кезінде абсолютті көпшіліктің артықшылығын азшылық аяусыз басып тастады десек, артық айтқандық болмас, тек осы азшылықтың көптеген өкілдері де кейіннен террорға ұшырады.

Қорытынды. Ұлы Отан соғысынан кейінгі алғашқы жылдардағы КСРО-дағы рухани өмірдің мазмұны мен мәдени үдерістердің бағытын жоғарғы биліктің оны ырықтандыру бағытын ұстанбағанын көрсетеді. Оны өзгерту ниеті болған жоқ. Зиялы қауымның үміті бекер болды. Ешқандай ырықтандыру туралы әңгіме болуы мүмкін емес еді, өйткені бұрынғы идеологиялық доктрина – сталиндік үлгідегі марксизм-ленинизм – партияның жалғыз билігінің бірден-бір негізі ретінде сақталды. Нәтижесінде кеңестік ғылым мен мәдениет ондаған жылдарға артқа тасталынып, кеңес әдебиеті бұрмаланған идеология негізінде дамыды. Кеңес билігі үшін күмәнді болған Мұхтар Әуезов пен Қайым Мұхамедханұлының шығармашылығы халық тарихымен, тағдырымен байланысты. Жазушылардың өмірлерінің соңына дейін қоғамда өз зерттеулерін ақтауы, қуғындалуы 1940-шы жылдардан кейін халықтың әртүрлі бөліктері бастан өткерген қуғын-сүргіннің табиғаты туралы деректер береді. Олар Сталин билігінің соңғы жылдарындағы репрессияның ең жоғары деңгейін бастан кешірді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Judith Pallot, Sofya Gavrilova. Mapping the landscapes of the Stalinist mass repressions. Open Res Eur. 2022. doi: 10.12688/openreseurope.14410.1. <https://pmc.ncbi.nlm.nih.gov/articles/PMC10446028/>
2. deMeritt JHR: The strategic use of state repression and political violence. In: Oxford Research Encyclopedia of Politics. Oxford, 2016. 10.1093 /acrefore/ 9780190228637.013.32 [DOI] [Google Scholar]
3. Haney L. Prisons of the past: Penal nationalism and the politics of punishment in Central Europe. Punishment & Society. 2016, 18(3): P. 346-368. 10.1177/1462474516645686 [DOI] [Google Scholar]
4. Juliette Cadio. Law and Justice in Wartime and Post-War Stalinism. Paris / Tanya Penter, Hamburg. https://archiv.ub.uni-heidelberg.de/volltextserver/18041/1/Penter_Law_and_justice_in_wartime_and_postwar_stalinism.pdf
5. Евсеева Е.Н., Красовицкая Т.Ю. СССР В 1945 – 1953 г.: духовная жизнь. С. 1-18. sssr-v-1945-1953-gg-duhovnaya-zhizn.pdf
6. Әуезов М.О. https://kk.wikipedia.org/wiki/Мұхтар_Әуезов
7. «Кінәсін мойындаған» Әуезов: жазушы туралы қызықты деректер. <https://sputnik.kz/20191208/Muhtar-Auezov-omirbaian-12234439.html>
8. Неизвестное в наследии Мухтара Ауезова. Архивные документы, изд. дом «Библиотека Олжаса», - А., 2013, Б. 15.
9. Жүнісбеков Б. Әуезов көрген шырғалаң. <https://abaialemi.kz/kz/post/view?id=1939>
10. Рахымжан К. Мұхтар Әуезовтің С.Мұқановқа жазған хаты. XIV Әуезов оқулары: ХІҮ халықар. ғыл.-практ. конф. материалдары. – Алматы, «Әдебиет Әлемі» 2016. – Б. 56-61.
11. Жүсіп Қ. Кемеңгер. ХІҮ Әуезов оқулары: ХІҮ халықар. ғыл.-практ. конф. материалдары. – Алматы, «Әдебиет Әлемі» 2016. – Б. 18-21.
12. Әуезов М. Әкемнің соңғы хаты туған жеріне жазылды. 06.06.2011. <https://abai.kz/post/8875>
13. Stephen G. Wheatcroft. Towards a more critical understanding of the statistical indicators of Soviet repression and what they tell us, Cahiers du monde russe [Online], 63/1 | 2022, Online since 02 January 2025, connection on 09 January, 2025. – P. 186-204. URL: <http://journals.openedition.org/monderusse/> 13124; DOI: <https://doi.org/10.4000/monderusse.13124>
14. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві. Қор 2196, тізбе 1, іс 44, парақ 1-7
15. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві. Қор 2196, тізбе 1, іс 44, парақ 1-6

References:

1. Judith Pallot, Sofya Gavrilova. Mapping the landscapes of the Stalinist mass repressions. Open Res Eur. 2022. doi: 10.12688/openreseurope.14410.1. <https://pmc.ncbi.nlm.nih.gov/articles/PMC10446028/>
2. deMeritt JHR: The strategic use of state repression and political violence. In: Oxford Research Encyclopedia of Politics. Oxford, 2016. 10.1093 /acrefore/ 9780190228637.013.32 [DOI] [Google Scholar]
3. Haney L. Prisons of the past: Penal nationalism and the politics of punishment in Central Europe. Punishment & Society. 2016, 18(3): P. 346-368. 10.1177/1462474516645686 [DOI] [Google Scholar]
4. Juliette Cadio. Law and Justice in Wartime and Post-War Stalinism. Paris / Tanya Penter, Hamburg. https://archiv.ub.uni-heidelberg.de/volltextserver/18041/1/Penter_Law_and_justice_in_wartime_and_postwar_stalinism.pdf

5. Evseeva E.N., Krasovitskaya T.Yu. USSR In 1945 - 1953: spiritual life. pp. 1-18. [sssr-v-1945-1953-gg-duhovnaya-zhizn.pdf](#)
6. Auezov M.O. https://kk.wikipedia.org/wiki/Mukhtar_Auezov
7. Auezov, who "confessed his guilt": interesting facts about the writer. <https://sputnik.kz/20191208/Mukhtar-Auezov-omirbaian-12234439.html>
8. Unknown in the heritage of Mukhtar Auezov. Archive documents, izd. house "Biblioteka Oljasa", A., 2013, P. 15.
9. Zhunisbekov B. Auezov saw the fir tree. <https://abaialemi.kz/kz/post/view?id=1939>
10. Rakhimzhan K. Mukhtar Auezov's letter to S. Mukanov. XIB Auezov's readings: XIB international. scientific-practical conf. materials. – Almaty, "Adebiet Alemi" 2016. – P. 56-61.
11. Zhusip K. Kemenger. XIB Auezov's readings: XIB international. scientific-practical conf. materials. – Almaty, "Adebiet Alemi" 2016. – P. 18-21.
12. Auezov M. My father's last letter was written to his homeland. 06.06.2011. <https://abai.kz/post/8875>
13. Stephen G. Wheatcroft. Towards a more critical understanding of the statistical indicators of Soviet repression and what they tell us, *Cahiers du monde russe* [Online], 63/1 | 2022, Online since 02 January 2025, connection on 09 January, 2025. – P. 186-204. URL: <http://journals.openedition.org/monderusse/> 13124; DOI: <https://doi.org/10.4000/monderusse.13124>
14. Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. Fund 2196, list 1, file 44, pages 1-7
15. Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. Fund 2196, list 1, file 44, pages 1-6

МРНТИ/ГТАХР/IRSTI 03.20

УДК/ӘӨЖ /UDC 974 (57)

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2025.87.4.032>

Д.Қ. Құндызбай *¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: diana.krmu@mail.ru

1928-1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖАППАЙ ШЕТЕЛГЕ БОСУЫ, БОСҚЫНДАРДЫҢ ТАҒДЫРЫ КУӘГЕРЛЕР КӨЗІМЕН

Аңдатпа

1928-1933 жылдардағы қазақтардың жаппай шетелге көшуі мен босқындардың тағдырлары қарастырылады. Жұмыс тарихи деректерге және куәгерлер естеліктеріне негізделген. Мақаланың мақсаты – сол кезеңдегі оқиғаларды толық көрсету және халықтың көші-қонын, босқындық трагедиясын тарихи тұрғыдан талдау.

Қазақтардың жаппай шетелге босуы мен босқындар тағдырының тарихи алғышарттары (1928-1933 жж.) негізінде қазақтардың жаппай көшуіне әсер еткен тарихи, әлеуметтік және экономикалық факторлар қарастырылады. Мұнда ашаршылық, саяси қысым және жер мәселесі сияқты негізгі себептер талданады. Мақалада 1928-1933 жылдары орын алған қазақтардың жаппай шетелге босу үдерісі, оның тарихи алғышарттары мен әлеуметтік-экономикалық себептері жан-жақты қарастырылады. Ұжымдастыру, бай-құлақ шаруашылықтарын тәркілеу, күшпен отырықшыландыру саясаты, қолдан жасалған ашаршылық сияқты кеңестік әкімшілік-әміршіл жүйенің ауыр шаралары халықты туған жерін тастап, шекара асуға мәжбүр етті. Мақалада босқындардың Қытай, Моңғолия, Ауғанстан және Иран бағыттарына қарай көшу маршруттары, жол-жөнекей көрген қасіреті, жаңа ортаға бейімделуіндегі қиындықтары нақты фактілер мен деректер негізінде талданады. Мақаланың маңызды бөлігі – сол кезеңді көзімен көрген куәгерлердің естеліктеріне сүйене отырып, босқындардың тағдырын ашып көрсету. Ауызша тарих материалдары арқылы босқындардың

күнделікті тұрмысындағы қиындықтар, аштық, ауру-сырқау, шекара күзеті тарапынан жасалған қысым мен қауіп-қатер, сондай-ақ жаңа мекенге орналасу барысындағы әлеуметтік-мәдени сынақтар айқындалады. Мақала нәтижесінде 1930 жылдардағы босқыншылық құбылысы қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымына, демографиялық дамуына және тарихи жадына елеулі ықпал еткен трагедиялық кезең ретінде бағаланады. Мақала архивтік құжаттар, мерзімді басылым материалдары және куәгерлердің естеліктері негізінде дайындалған.

Қазақтардың 1928-1933 жылдардағы жаппай шетелге көшуі тарихи тұрғыдан үлкен маңызы бар оқиға болып табылады. Босқындардың тағдыры куәгерлер деректері арқылы нақты көрініс табады. Мақала тарихи деректер мен куәгерліктерді біріктіру арқылы оқиғаның жан-жақты суретін жасауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: қазақ босқындары; 1928-1933 жылдар; ұжымдастыру; күштеп отырықшыландыру; тәркілеу; ашаршылық; шекара асып босу; Қытайға босу; Моңғолияға босу; Ауғанстан мен Иранға көшу; босқыншылық тағдыры; куәгерлер естеліктері; ауызша тарих; демографиялық шығын; кеңестік репрессиялық саясат.

Д.К. Кундызбай *1

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,

Алматы, Казахстан

E-mail: diana.krmu@mail.ru

МАССОВОЕ БЕГСТВО КАЗАХОВ ЗА ГРАНИЦУ В 1928-1933 ГОДЫ И СУДЬБА БЕГЛЕЦОВ ГЛАЗАМИ ОЧЕВИДЦЕВ

Аннотация

В статье рассматриваются массовый исход казахов за пределы страны в 1928-1933 годах и судьбы беженцев. Исследование основано на исторических источниках и воспоминаниях очевидцев. Цель работы – всесторонне осветить события данного периода и провести исторический анализ миграционных процессов и трагедии бегства.

В разделе, посвящённом историческим предпосылкам массовой эмиграции казахов (1928-1933 гг.), анализируются исторические, социальные и экономические факторы, повлиявшие на вынужденное переселение населения. Особое внимание уделено таким ключевым причинам, как голод, политическое давление и земельный вопрос. Подробно раскрыты влияние коллективизации, конфискации хозяйств баев и кулаков, насильственной оседлости и искусственно вызванного голода – мер советской административно-командной системы, которые вынудили значительную часть населения покинуть родные земли и искать спасения за пределами СССР.

На основе архивных материалов и документальных свидетельств в работе анализируются маршруты бегства в направлении Китая, Монголии, Афганистана и Ирана, трагические события, сопровождавшие путь беженцев, а также сложности их адаптации в новых условиях. Важной частью исследования является рассмотрение судеб беглецов через призму воспоминаний очевидцев. Материалы устной истории позволяют выявить повседневные трудности, с которыми столкнулись беженцы: голод, болезни, угрозы со стороны пограничной охраны, социально-культурные препятствия при обустройстве на новом месте.

Сделан вывод о том, что массовое бегство 1930-х годов стало трагическим этапом в истории казахского общества, значительно повлиявшим на его социальную структуру, демографическое развитие и коллективную историческую память. Статья подготовлена на основе архивных документов, материалов периодической печати и свидетельств очевидцев.

Массовое переселение казахов за рубеж в 1928-1933 годы является событием значительной исторической важности. Судьба беженцев, раскрытая через свидетельства очевидцев, позволяет воссоздать многогранную картину пережитых трагедий и испытаний.

Ключевые слова: казахские беженцы; 1928-1933 годы; коллективизация; насильственная оседлость; конфискация; голод; бегство через границу; исход в Китай; исход в Монголию; переселение в Афганистан и Иран; судьбы беженцев; воспоминания очевидцев; устная история; демографические потери; репрессивная политика советской власти.

D.K. Kundyzbay *1

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: diana.krmu@mail.ru

THE MASS EXODUS OF KAZAKHS TO FOREIGN COUNTRIES IN 1928-1933 AND THE FATE OF REFUGEES THROUGH THE TESTIMONY OF EYEWITNESSES

Abstract

This article examines the mass exodus of Kazakhs abroad in 1928-1933 and the fate of the refugees. The study is based on historical sources and eyewitness testimonies. The aim of the article is to provide a comprehensive account of the events of this period and to conduct a historical analysis of the population's migration and the tragedy of displacement.

The section devoted to the historical prerequisites of the mass flight of Kazakhs abroad (1928-1933) investigates the historical, social, and economic factors that contributed to this large-scale migration. Key causes such as famine, political pressure, and land-related issues are analyzed. The article provides an in-depth examination of the process of mass exodus, its historical background, and socio-economic determinants. Harsh measures implemented by the Soviet administrative-command system – collectivization, confiscation of wealthy households, forced sedentarization, and the artificially induced famine – compelled large segments of the population to abandon their native lands and seek refuge abroad.

Drawing on concrete facts and documentary evidence, the study analyzes the main escape routes to China, Mongolia, Afghanistan, and Iran, the hardships endured along the way, and the challenges of adaptation in a new environment. A significant part of the article focuses on the destinies of the refugees as revealed through eyewitness accounts. Oral history materials illustrate the daily hardships experienced by the displaced population, including hunger, disease, threats from border guards, and socio-cultural difficulties encountered in the process of resettlement.

The study concludes that the exodus of the 1930s was a tragic period that significantly influenced the social structure, demographic development, and historical memory of Kazakh society. The article is based on archival documents, periodical press materials, and eyewitness testimonies.

The mass migration of Kazakhs abroad in 1928-1933 is an event of great historical significance. The fate of the refugees, revealed through eyewitness accounts, allows for the reconstruction of a multifaceted picture of the tragedies and trials they endured.

Keywords: Kazakh refugees; 1928-1933; collectivization; forced sedentarization; confiscation; famine; border escape; flight to China; flight to Mongolia; migration to Afghanistan and Iran; refugee destinies; eyewitness testimonies; oral history; demographic losses; Soviet repressive policy.

Кіріспе. XX ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстан ұжымдастыру, тәркілеу, күштеп отырықшыландыру, ашаршылық пен саяси қуғын-сүргінге байланысты ауыр әлеуметтік-саяси күйзелістерді бастан өткерді. 1927-1933 жылдардағы «Кіші Қазан» саясаты дәстүрлі шаруашылықты жойып, қазақ халқын жаппай босқындыққа итермеледі. Соның салдарынан жүздеген мың адам Қытай, Моңғолия, Ауғанстан, Иран, кейін Түркия мен Еуропаға қоныс аударды. Бұл кезең халық санының кемуімен қатар, мыңдаған отбасының тағдырына түскен зор қасірет ретінде тарихта қалды.

Зерттеу деректері бойынша, 1930 жылдың көктемі мен 1931 жылдың тамызы аралығында Қазақстанның 27 ауданынан 15 960 шаруашылық Орта Азия елдеріне көшіп кеткен. Қытаймен

шекаралас аймақтардан басталған бұл қозғалыс уақыт өте жаппай сипат алып, жүздеген мың адамның өмір жолын өзгертті. Босқындардың бір бөлігі барған елдеріне біржола орнығып, бүгінде әлемнің 40-тан астам мемлекетінде өмір сүріп жатқан қазақ диаспорасының қалыптасуына негіз болды.

Қазіргі таңда шетелдерде 5 миллионнан астам этникалық қазақ өмір сүреді, бұл XX ғасырдағы ауыр тарихи кезеңдерден бастау алған көші-қон үдерісінің ұзақ мерзімді салдарын көрсетеді. Осыған байланысты қазақтардың тарихи отанынан мәжбүрлі көшуіне ықпал еткен саяси шешімдерді, босқындардың әлеуметтік-мәдени ахуалын және олардың естелік деректері мен тағдырын мақала бүгінгі тарих ғылымы үшін аса өзекті болып табылады.

1928-1933 жылдардағы ұжымдастыру мен ашаршылық салдарынан қалыптасқан қазақ босқындары мәселесін зерттеу ұлттық демографиялық шығындарды, мәдени сабақтастықты және диаспораның қалыптасу тарихын түсіну үшін аса маңызды. Бұл тақырып архивтік деректер мен куәгерлердің ауызша естеліктері арқылы тарихи шындықты қалпына келтіруге, ұжымдастыру саясатының нақты салдарын бағалауға және ұлттық тарихи сананы қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, шетелдегі қазақтардың мәдени құндылықтарды сақтауы мен тәуелсіздік кезеңіндегі атамекенге оралу үдерісін зерделеу қазіргі Қазақстан тарихы ғылымының өзекті бағыттарының бірі болып табылады.

Материалдар мен әдістер. 1988 жылы алғаш рет академик М.Қ. Қозыбаевтың бастамасымен «Қазақстан мен Орта Азия республикаларындағы Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру: тәжірибелер мен проблемалар» атты Бүкілодақтық ғылыми конференция өткізілді. Сонымен қатар, аталған конференция негізінде 1993 жылғы 14 сәуірде қазіргі уақытта қолданыстағы «жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Мерзімді баспасөз деректері – XX ғасырдың соңғы онжылдықтарында, атап айтқанда 1990-2000 жылдары жарық көрген баспасөз материалдары. Бұл топқа «Университет Хабаршылар», «Қазақ тарихы» сияқты республикалық журналдар мен газеттер жатады, олар зерттеу мәселелерін жүйелі түрде қарастыруға мүмкіндік береді. Естелік және жеке жинақталған деректер – ғалымдар мен мемлекет қайраткерлерінің баяндамалары, зерттеушілердің жеке естеліктері, куәгерлік хаттамалар. Бұл деректер қарапайым халықтың тұрмыс-тіршілігі мен тарихи өзгерістерді жан-жақты көрсетуге мүмкіндік береді. Аталған материалдар облыстық мемлекеттік архив қорларында да сақталған және Халықтық кеңестің қаулыларына негізделген. Жалпы, осы төрт топқа жататын деректер шетелге кеткен қазақ босқындарының тағдырын куәгерлер көзімен зерттеуге, тарихи үрдістерді кешенді талдауға және ғылыми негізде сипаттауға мол мүмкіндік береді [1].

Әдістері. Тақырыптың жан-жақты зерттелуі жаңа методологиялық ұстанымдарды қалыптастыратыны сөзсіз. Оның үстіне соңғы уақыттарда тарихи зерттеулер жүргізуде ғылым мен техниканың жаңа технологиялық жетістіктері пайдаланылуда.

Мақалада тарихи оқиғалар мен оларды зерттеудегі бағалауда өркениетті көзқарас пен ұлттық мүдде негізге алынды.

Сондықтан, мақала тарихи типологиялық, тарихи жүйелік, салыстырмалық, қоғамдық ғылымдар аясында көпшілік сүйенетін - сыни және функциялық тарихи принциптер негізге алынып отыр.

